

A 2005  
2618K

Jim Kerkorian







Жим Рехидайлов

ҚАЗАҚ КЛАССИКАСЫ

# ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ

ОН ЕКІ ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

**3**  
ТОМ

Алматы

ӘКЕ баспасы

1999

ББК 84 (5 Каз)

К 28

**Кекілбайұлы Ә.**

К 28 Он екі томдық шығармалар жинағы.— Алматы:  
«Өлке» баспасы.— Т. 3.—1999.— 400 бет.

К 4702250101

ББК 84 (5 Каз.)

ISBN 5-7667-7799-X

© «Өлке» баспасы, 1999 ж.  
(Құрастыру. Алғы сөз, көркемдеу)

# АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ

РОМАН





## *Бірінші бөлім*

### **ҚЫЗЫЛ АЛМА**

#### 1

Ат тұяғынан құм сауырын ойып түскен дөңгелек шұңқыр лезде қайта толады. Алдындағы оқ бойы озық өңшең құла ат мінген күзет сарбаздарынан тау-тау шағылдың беткейінде шашырап қалып жатқан көп із көзді ашып-жұмғанша-ақ ғайып болады. Сусыма құм баянсыздықтың тылсым құдіретін танытқысы келгендей, құп-қу жүзіне жолап кеткен сәл таңбаны жалмап жұтып жатыр.

Әмірші ұлы шөлге келгелі бері оппа құмның осы бір обыр мінезінен назарын қанша алып қашса да, құтыла алмай-ақ қойды. Сары ала күйменің ішінде сусылдақ құмаққа шашасын қаптырып, малтыға жорғалап келе жатқан көп аттың тұншыға шыққан жапа-тармағай дүсірін тыңдай-тыңдай мезі боп кетіп, тұсындағы селдір пердені ысырып, сыртқа қарады-ақ – көзіне ылғи сол түседі.

Шаңылтақ көктем. Қыста қар көріп жарымаған жабырқанқы шөл көзіңді қажытады. Жүзген мен сексеуіл әлі бүр жармапты, сояу қалпы. Төңірек түгел мүлгіп тұр. Дөңкиген шағылдар да, тырбық құм бұталары да ғұмыры қыбыр-қимыл көрмегендей, жер тістеп жатып алыпты.

Тасбақаның дауылы басылғаны таяуда ғана емес педі. Бес күн бойы қарсы алдынан тандырдың деміндей бет шарпыған қызыл жел ұрған да тұрған. Әлдеқандай долы дүлей қара жерді тас-талқанын шығарып, күл қып уатып, сосын бір алапат табаққа салып ап, елеп, кебегін желпіп ұшырып жатқандай, жер мен көк түгел шаңға ай-

налып кеткен-ді. Қара құрым қалың қол бірін-бірі көре алмай, кеуделерінен төмпештей ұрғылап кері итеріп баққан қызыл желді бетке ұстап ілбіген де отырған. Күллі дүние түлен тигендей тулап шыға келген-ді. Аспан қайда, жер қайда – ешкім ажырата алмастай... Құлақ сарсытып ұлып тұрған жел... Күллі кеңістікті бір өзі иемденіп, асыр салып ойнақтап жүрген шаң-тозаң... Енді дүние қайта орнына келместей... Сол бір шаң-тозаңға айналған қалпы біржола күлі көкке ұшатындай. Әумесер жел бұл мініп келе жатқан сары күймені де жер бетінен жұлып ап, төбесінде бедірейіп жатып алған сұп-сұр кеңістіктің әлдебір тұңғиығына жітіріп жібергісі келгендей, екілене жұлқылайды.

Аттар әбден титықтап болдырды; жұрт көздеріне құм құйылып, желге қарай жүре алмай, ит зықылары шықты. Сонда да шеруді кідіртпеген-ді. Тоқтағанда да, қара құрым қалың қол тырдай жалаңаш тұлдыр шөлде ықтасын таба ала ма?

Қайта тентек жел күймелер мен жүктерді құла түзге бет-бетіне қуып әкетуі де мүмкін. Шөлдің есірік дауылы талай-талай керуендерді құм астына көміп те кеткен.

Бұрын тасбақаның дауылы мен қазанның кірісінде жолға шықпаушы еді. Осы жолы елге қалайда көктем басында оралам деп амалсыз ұрынып отыр.

Бірақ әлдекімнің қарсылығын көрсе, бұрынғысынан бетер қарысып бағатын әдетіне басып, әбден тістеніп алды. Дүниені көктемде бір дүрліктіретін жел күшті ме, жоқ, қаласа жарық жалғанның астын үстіне келтіретін бұл күшті ме?

Дегенмен, найзаңа ілікпейтін, қылышың кеспейтін мына жел деген пәленің осынша жын ойнағына зығырданы қайнап та келеді. Сонда да, тоқтаймыз ба, қайтеміз дегендей, сары күймені айналсоқтап, қайта-қайта келе берген қол басыларына еш шырай танытпаған-ды.

Сырттағы ышқына ұлып тұрған желді көрмеген-естімеген кісіше сұп-сұр боп қатқан да қалған.

Бесқонақтың бес күні өткен соң, дүние жынынан айрылған бақсыдай жым-жырт бола қалды. Жер беті айғыз-айғыз жарылып кетіпті. Жарықтың арасынан шықса керек, мына жерде де, ана жерде де, теңкиіп-теңкиіп тасбақалар жатыр. Кейбіреулерін жел аударып тастапты, төрт аяғы көктен кеп үйелеп қапты.

Дауыл басылған күні бесін ауа құмға іліккен-ді. Астынан әлдекім алып дәулердің сүйегін қазып алғандай,

шағылдардың бүйірлері опырайып-опырайып көрінеді. Сусылдақ сұп-сұр құмға малтығумен келе жатқандарына да әлденеше күн өтті. Кеше желден шаршаса, енді, міне, мелшиген меңіреу тыныштық қажытып келеді. Мынау қимыл-қыбырсыз, сыбыс-сыбдырсыз кеңістікте мен де тоқтап қалармын деп қорыққандай кеуде тұсында жұдырықтай бірдеңе еміс-еміс бұлқынады.

Жолдарына дөңкиіп-дөңкиіп кес-кестей құлаған жал-жал шағылдардың қай-қайсысына да жеткенше асыққанмен, қара қатқақтың сынайы әлі білінбейді. Көз жетер жердің бәрі – әжім-әжім құм.

Жаяу борасыннан сақина-сақина боп шимайланып қалған ұлпа құмақтағы әлдебір сиқыр жазып кеткен жұмбақ дұғалықтай көп шиыр, қанша телміргеніңмен, ой сергітердей нышан танытпайды. Қайта көңіліңе тіршілік дегенің өзі де құм бетіндегі осы бір мән-мағынасыз құр шимайдай мынау ұлан-асыр сұрқай кеңістіктегі бүгін бар, ертең жоғалып кететін өткінші бедер ғана емес пе екен деген күдік қашырғандай. Күні кеше ғана асырды салып-салып, ақырында мысы құрып, өз-өзінен тыныш тапқан көктеменің әумесер дауылындай о да қанша аласұрып баққанмен, уақыт дейтін сусыма құм бәрібір із-түзін қалдыртпай, түп-түгел өшіріп жіберетіндей.

Төрт жыл бойы жорықта жүрді. Жүз мың аттың тұяғының баспаған жері жоқ. Сонда күндердің күнінде соның бәрін де дәл мынандай қып, жел үйіріп, құм жұтып қоя ма? Адам деген неменің ғұмыры ұйтқып-ұйтқып басыла қалатын қырдың желіндей құр әншейін өткінші нәрсе ғана болса, тұсында соның әрбір ұсақ-түйегін жіпке тізіп тіркеп бағатын адамның жады да мынау сусыма құмдай тұрлаусыз бірдеңе екен ғой. Сонда анау аспанмен мынау жердің арасында баянсыздықтан басқа ештеңенің болмағаны да. Басқасының бәрі – өткінші, тек баянсыздық қана мәңгілік пе?

Кім біліпті солай болса солай да шығар. Баяғыда өзінің көрмеген қорлығы бар ма еді... Тіпті осы ұлан-асыр тұздің өзінде қатын-баласын жетектеп, қашып-пысып жүрмеп пе еді... Міне, сары ала күйменің ішінде отырып, көз салғанының өзінде жанарын пышақтай кескілеп келе жатқан кесір құм мұның талай борбайын осқылап, табанын күйдірмеп пе еді. Ең болмаса, түбінен қолымен тырмалап, сыз шығаратын бұта екеш бұта да табылмай еріні кезергенде, көнін қуырып, қаталатып бара жатқан қаскөй шөлден өмір-бақи құтыл-

майтындай, қасық қара су таңдайын шылайтын күн енді айналып келмейтіндей көрінуші еді ғой. Ал қазір соны кім біледі? Тіпті өзі екеш өзі де осындай ілуде бір қайыптан тайып ойына түспесе, есіне алып жарымайды емес пе? Баяғы қорлықты бүгінгі мәртебе, баяғы азапты бүгінгі бақыт ұмыттырмады ма! Сонда кешегідей бүгінде ұмытыла ма? Ендеше, жұрттың ертең деп көкіп жүргендерінің не болғаны? Жолындағының бәрін жапырып, бәрін құрдымға жіберер әулекі құртушы ма, әлде әлемдегі ар атаулының баршасының мұңкір-нәңкірі – баянсыздықтың қолындағы аяу білмес алмас қылыш па? Не?

Ертең қылыш болса, төбесінен аузын арандай ашып тажал төніп тұрған бүгіннің не қажеті бар? Бірақ бүгін мәңгілік болса, ажалсыз болса, кешегілер қайда? Кеше бұнымен теке тіресіп арыстандай арпалысып жүргендердің көздеріне қалай құм құйылды? Оларды омақастырған тек бұның аяу білмес алмас қылышы ғана ма? Жоқ. Ең алдымен, өздері, өздерінің әлсіздігі. Кеше деген әлсіздіктің екінші аты. Бүгін әлсірей-әлсірей кешеге айналады. Ал бет қаратпас алапат күш бүгін түгілі ертеңнің өзімен белдеседі. Күштіліктің шын аты – Мәңгілік... Мәңгілікпен сол бет қаратпас алапат күш қана тіл табыса алады. Әлжуаздың ажалы бүгіннен, екі ортадағы дүрегейдің сазайы – ертеңнен, ал атасын танымас алып күштің Мәңгіліктің дәл өзіндей ажалы жоқ.

Бүгін деген – қорқыныш пен үміттің екі ұдай аралығы. Пенде біткеннің қалтылдақ қайық мінгендей қалтырап күн кешетін бар аясы – тек сол ғана. Олар тек сонда ғана мықтылардың ұстап тұтынғанына көнеді. Ал мықты тегеурінсіз өңшең әлжуаз түк те бітіре алмайды. Бір қолына қорқынышты, екінші қолына үмітті мықтап ұстап, қалғандарды екі ортада әрі-сәрі қылып қоя алатын тегеурін ғана әлжуаз әлсіздікті күшке айналдыра алады; оның қолына түскен бүгіннің өзі – ертеңмен егесетін қару...

Оның қай сардарының да құлағына құйып бағатыны – «басыңа қандай қиын іс түссе де, айла таптырмас тығырықтан қаш; әйтеуір түбі бір сытылып шығар амалды алдын ала қарастырып қой... «Әлсіздік те – тығырық... Одан да қашып құтылар айла-амалыңның көп болғаны дұрыс».

Шариғаттың өзінде де бар емес пе?

Баяғыда сұңғыла Сүлейменге бір күні құмырсқа кеп: «Саған жаратқан ием желді неге бағындырып бергенін

білесің бе?» – деп сұрапты. Сүлеймен қапелімде жауап таба алмай мүдіріп қалыпты. «Ол сенің патшалығыңның ақыр түбі желге ұшатынына меңзегені», – депті құмырсқа. Сүлейменнің бұны естігенде өңі ауып кетіпті. Әлгі құмырсқа: «Алланың әмірін ұлыларға кішілердің сөзі жеткізеді деген осы болады», – деп тайып тұрыпты. Сүлейменнің де басынан ауған бақ кімнің басынан аумайды дейсің. Бірақ Сүлейменнің басынан бақ ауғанмен, даңқ ауды ма? Соған қарап-ақ, бақ – аз ғана күн тіршіліктің ырызығы да, ал даңқ – ұлан-асыр мәңгіліктің несібесі екенін біле беруге болмай ма?

Бағзы Сүлейменнің даңқын қазірге жеткізген де әлгі жарлы дихан мен құрдым құмырсқа емес пе? Ұлыларға алланың пиғылын жеткізетін кішілер олардың атын да тым алысқа шығандатып шығармай ма? Үлкендер істеген үлкен іс – кішкентайлардың кішкене көзіне тым алапат боп көрінбей ме? Ал шын ересен іс істесең, олар сені құдіреттің өзінен кем көре ме?

Даңқтың астындағы дүлдүлі – дақпырт. Парасаттының аузындағы керенау ақиқат қашан үзеңгіге аяғын салғанша, дарақының аузындағы далаңбай дақпырт екі етек боп елден бұрын жетпей ме?

Дақпырт тарататын дарақы тек дабырайғанды көреді. Дабыралап іс қылмаған даңқтың жылы-жұмсағынан дәметіп, құр бекерге тамағын ісірмесе де болады.

Кішкентай көздерді не істесең де ірі істеп таңғалтасың. Таңғалған кісінің жақсы мен жаманды таразылап жатар шамасы қайсы? Мінекей, алдында күн батыстың талай елінің қазынасында жатқан алтын мен асылды теңдеп ап, тау-тау шағылдардың жып-жылмағай көбесін омыра опырып, балп-балп басып бара жатқан пілді алғаш көрген адам, «бұл жақсы хайуан ба, жаман хайуан ба» деп бас қатырып жата ма? Оның ересен үлкен денесіне де, орынсыз шұбалып жатқан оғаш тұмсығына да түк шошынбай да, жиренбей де, бірден таңғала қарап, таңдайын қақпай ма?

Кішкентай көздерге жақсылық істе мейлің, жамандық істе мейлің, жанарының шарасына сыймайтындай алапат қып істе. Әйтпесе, аз жақсылығыңа бәрібір місе тұтпайды, ал сәл ғана жамандығыңды көрсе – жерден алып, жерге салып жазғыра жөнеледі. Біреудің тұмсығын қанатсаң, бар пәлені басыңа үйіп-төгіп бағатын немелер кең әлемді белшеден қанға малып қойсаң: «Бұл не

істегенің?» деп нәлет айтпайды. – «Апырай, қалай істедің?» деп қайран қалады.

Тек тіріңде маңайыңдағылардың бәрін таңғалтумен өт. Өле өлгенше таңғалып өткенде саған өлген соң да таңғалады. Олардың аузындағы лақапты естіп, сені көрмегендер де таңғалады. Тек оларға әлгі өзгеден естіген естіміштеріне «е, бәсе» деп қойғызатындай қып, әр жер-әр жерге өз құдіретіңнен жұрнақ қалдырып отырсаң болғаны.

Ол кез келген пенденің қолынан келмегенмен, бар қазынаны астыңа басып, бар қаруды маңайыңа иіріп ұстап отырған сенің қолыңнан келеді. Тек қажып қалма... Тоқмейілсіп қалма... Өйтсең болды, күйеуінің көзіне шөп салмай жүре алмайтын жады қатынның қойнынан өрген бөтен еркектей мына опасыз дүниенің тағы бір пұшпағынан өзіңнен гөрі мықтырақ басқа біреудің сыпаң етіпшыға келуі оп-оңай... Өзің де осынша құдіретке жұрттың қапысын тауып жетпеп пе ең, ендеше өзің де жұртқа қапыңды таптыртпа... Қапыңды құдай таппаса, адам таппасын...

Құдай таппаса... Иә, бұл бұрын ол жорықтан жеңіспен оралғанда дәл осы жолғыдай қайдағы-жайдағының бәрін ойлап, миын ашытушы ма еді. Бұның бәрі ту сонау жүрегінің түбінде жасырулы жататын еді ғой. Жұртқа көрсетпек түгілі, қайта-қайта қолына алып қарай берсе, көлденең көзге қолды қылып алармын деп, қорқып, әйтеуір, сенімді жерде тұрғанын біліп, іштей тоқ боп, өзі де көп сұқтана бермейтін қымбат бұйымындай осы бір ұры түйіншек түп ниетін тіпті өз ойынан да бірер қабат қалтарыс ұстаушы еді ғой... Енді неге бүгін кеп, өз жынын өзі қайта шайнап, күйіс қайтарған қоспақ түйедей әлдеқашан бүге-шігесіне дейін ойлап, әбден кесіп-пішіп қойған, тіріде ешкімге аузынан шықпайтын сырларын қайыра толғап, қайта ойлап отырғаны несі? Іш есепті де тұтынғасын, алмас қарудай берік тұтынған жөн. Орынсыз шошаңдата берсең, о да қолыңнан шығып кетеді, жауға бұйырса, өз қаруындай, о да өз мойныңды қырқады.

Сондықтан ол өзі бір тұтынған шешімді қырық қайтара кесіп-пішіп жатпайтын-ды. Бүгінгісіне түсіне алмай келеді. Бұрынғы жорықтарында қанша шаршаса да тапмынандай ойы ойран болмайтын. Әлде, бір апта бойы ұлы құмның ішінде қыс пен көктемнің өліарасы – Бесқонақтың дауылына тап боп, әбден титықтап қажығанынан ба... Әйтпесе, бұ жолы да бағындырған елі, қиратқан

тағы аз емес. Жол-жөнекейгі ұсақ патшалықтарды былай қойғанда, өзімен көптен ұстасып, сырттай теке тіресіп жүрген екі бәсекелесінің көзін құртып келе жатыр.

Бұрын аяғының астына домалап түскен бөтен тәжді көрген сайын, бір айдынданып қалушы еді, бұл жолы селт етпей қойды. Әлде, бұл қанша бел бермеуге тырысқанмен іргеңе қонып алып, әрлі-берлі жүріп тұрғаныңның бәріне де итін қосып жатқан қаскөй көрші кәріліктен бе екен? Ол немені қалың қол ертіп барып шауып алуға да болмайды, айла-тәсілмен алдын орап қайтарып жіберетін аңғал жау да емес. Самсаған сары қолмен көк желкеңе келіп шатыр тігіп жатып алған ата дұшпандай бірден қол салмаса да, күн өткен сайын төбе-құйқанды шымырлатып, сеніміңді сетінете түседі.

Енді, міне, жылдап-жылдап жүріп қайтатын алыс жорықтардың да, бұдан былай ауырға түсетінін мықтап сездіріп келеді.

Соны ойлағанда жүрегінің басын аяз қарып алғандай, шым ете қалды.

Тақ бұйырып, тәж киіп, өзін басынған жауды бір-бірлеп алдына жыға бастағанда-ақ, өмірінің алтын тақтың үстінде емес, ат үстінде өтетінін анық аңғарған-ды.

Сол бетімен әлі келеді. Талай елді бағындырды. Ат тұяғы жетер жерде бұның қол астына қарамаған жалғыз-ақ ел бар. Қара құмырсқадай қаптаған немелер көптігіне сене ме, өзгелердей айбына қоймайды. Тіпті ауық-ауық бұған жіберіп тұратын селдір сақал, қысық көз елшілерінің өзі бірде елпілдеп аяғына жығылып, бірде кілгіре қарап, манаурай тіл қатып, мардамси қалады.

Тісін көптен қайрап жүргенмен, оларға кезек енді келген сияқты. Қалған үш тарапты аузына қаратып, қайта тұрмастай етіп тізесіне басты. Енді басқа алаңдары да жоқ.

Қазір талай жаудың жүрегін шайлықтырған әскері де нағыз «сен шап, мен атайын» боп бабында тұр. Оның ойы – әскерінің осындай тас түйін қалпын жоғалтып алмай, бірер ай ғана тыныс қып, алыс жорыққа аттанып кетпек. Соған бола, осы жорығында ертең тағы бас көтеріп, қарудың күшімен ұстап тұрмас үшін қай елді алғанда да, әскерлерінен жұрнақ қалдырмай түгел қырғызды.

Жол-жөнекей бұрын көнген аймақтардан да қол қосып алып келеді. Мың сан тұяқ құм шағылды қарш-қарш асап, мың-мың көк найза күнге шағылысып, шағыл-шағылдың ара-арасынан шұбырып шығып жатқан соңындағы қара құрым қол алыс жорықтан еліне қайтып келе жатқан әскерден гөрі елінен жорыққа енді аттанып бара жатқан әскерге көбірек ұқсайды. Жауынгерлері қыз қойнынан өргендей құп-қунақ. Тулар мен көзге түскен онбасы, жүзбасылардың қыл құйрық нысана найзалары да шашақтарын желге сылап желк-желк етеді.

Жорықтан қайтып келе жатқандарын сездіретін қазына артқан керуендер мен қолдарына кісен салулы көп құл, көп күң ғана. Ол не болса да Байтақ шаһарының өзіне осы сары масадай самсаған қалың қолымен кірмек. Үш тарапты табанына таптап келе жатқан әміршілерін халық өз көзімен көріп, бір айбынып қалсын...

Кенет, Әмірші алдындағы ақ шағылдың үстіне шаншылып шыға келген бір жіңішке сырықты көзі шалды. Көктемгі шайдай ашық көк ніл аспанның өзінен де көкпеңбек сол тіп-тік сырық құм тасасынан сәл-пәл мұнартып көрінетін көкжиекке инедей қадалып тұрып апты.

Бұны әлденеге аян берген нышан ба деп, қасына сейіттерінің бірін шақырып сұрағысы келді де, оның барған сайын тым қара көктеніп, айқындала түскенін байқап, әліптің артын бақты.

Ұлы шағылдар таусылып майса құмақтар басталды. Көп ұзамай қатқыл жолығатын сыңай танылды. Әуелі тыр жалаңаш құмның әр жер-әр жерінен қылаңытып қана көрінген бұта басқан бұйрат шағылдардың барған сайын қатарлары жиілей түсті.

Шағылдардан асқасын, бұрынғы аяғының астына кеп жатып қалған көкжиек те бауырын көтеріп ту-ту алысқа жылыстай бастады.

Мынау қара құрым қалың қолдардан сескенгендей алыс-алыс бұйраттарға қарай мысық табандап шегіне түскен көктемгі күлтілдек көкжиекпен бірге әлгі бір сиқыр сырық та алыстай берді.

Бұлар жүзген, сексеуіл, шағыр ұйлыға өскен ойдым-ойдым түлейлерді орағытып өтіп, құмақ жалдарға көтерілді. Көп ұзамай қатқақ қара жонға да шықты. Сонау ту-ту алыстан сағым көтерген ала теңбіл таулар бұлаңытты.

Тағы да біраз жүріңкірегінде, алабас таулардан көп беріректе сағым шалып жатқан кең қойнауға көп қарай-



ғандар көрінді. Әлгі бір елден ерек серейіп көрінген көк сырық та бірте-бірте селдір мұнарға сіңе түсті.

Көк қойнауудағы көп қарайған айқындала бастады. Қарсы алдарынан қара құрым қалың қол кес-кестеп тұра қалғандай зәулім мұнаралары көк мұнарда қалқып, байтақ шаһар шыға келді. Қақ төрде әлгі бір аспанмен бой таласқан көк сырық, енді байқады – мұнара. Оны бұрын бұл шаһардан көрмеген сияқты еді. Көк масаты көйлек киген әлдебір арудың алыстан арып-ашып келе жатқан жарына сағына қол бұлғап, көкке көтерген білегіндей жұп-жұмыр, сымбатты мұнара жақындаған сайын жалт-жұлт ойнап жарқырай түсті.

Қалың қол жылмиған жазық кең қойнауға түскенде, жер реңі кенет қызғылт тартты. Әр жер-әр жерде жыбыр-жыбыр қыбырлап, кішкене-кішкене қарайғандар жүр. Көктем шаһарды шырқ айнала қоршап жатқан кең ойпаттың астын үстіне шығарыпты. Атқа жеккен, өгізге жеккен, жаяу сүйреткен көп соқа енді-енді бозқылшықтана бастаған тақтай тегістіктің сауырын таспадай тіліп, жеңіспен оралған сапардың салтанатты шеруіне тұрды. Қақ алдында адырналарын шірене тартып садақшылар, одан кейін сұп-суық көк алмастарын көкке көтерген қылышкерлер мен найзагерлер тұрды. Олардың өкшесін баса, кісендеулі құлдар мен олжалар артылған ұзын-шұбақ керуен жүреді. Керуеннің артын ала – әр қилы халықтан таңдап алынған тұтқын қыздар өтеді.

Солардан соң барып, он мың нөкердің ортасында күмбірлеп хан отырған шатыр көрінеді.

Қос қанаттағы жер қайысқан қалың қол мен тосқауыл әскер сансыздың соңынан шаһар қақпасына дейін бірге барады.

Жолдың екі бетіндегі жүзімдікке, қауын-қарбыз егетін бақшалыққа, мақтаға айдалған аңыз жер біраздан соң бау-бақшаға ұласты. Жеміс ағаштары енді-енді бүрлей бастапты. Төңірек көк ала шыт көйлек кигендей. Сол селдір көк шабдар алаптың астынан шым дуалдар қоршаған аула-ауланың арасымен көшелер басталды. Көшенің екі бетіндегі кең жаймаларда қытайы жібек, күнге шағылысқан әр алуан асыл тас, алтын, күміс, былғары мен шұға, аң терілері, шартараптың саудагерлері әкелген ірілі-ұсақ бұйымдар ыбырсып жатыр, жылы самсаның, кепкен мейіздің, буы бұрқыраған ыссы палаудың, сексеуілдің шоғына шыжғырған кәуаптың ию-қию иісі мұрын жарады.

Көк желек жамылған бау-бақша кілт азайып, ығы-жығы адам мен иін тірескен қоңырқай дуалдар көбейе түсті. Лай шалшыққа бір бүйірден келіп қосылған ақ түтек ағындай боп, шерудің алды шаһарға ене беріп еді, шаһардың қақ ортасындағы биік дөңестегі шырқ айнала су толы тоғандармен қоршалған биік қорғанның іші кернейлетіп қоя берді. Сол-ақ екен шашақты найза мен қыл жалаулары жалбыраған қалың қолдың да бар керней, бар дауылпазы дабылдата жөнелді. Мың-сан тұяқтың саздауыт жерді шегелеп басқан қуатты дүсірі мен даңғырлаған дабылдан Байтақ шаһардың барша көк күмбездері мен көк мұнаралары да байлаудағы тұлпардай арқасы қозып жер тарпып тұрғандай, күллі дүние тітіреп кетті.

Шаһар тұрғындары қапелімде өндері қату көк найзалардан қорқып кеткендей дуалға асылып, саңылаулардан сығалап, шерулетіп өтіп бара жатқан көп әскерден көз алмай қарап қалыпты.

Алмас ханның бар назары шаһар үстіндегі шалқар аспанға асқақтай бой көтерген жаңа мұнарада...

## II

Әмірші жорықтың жеңіспен аяқталғанына той өткізді.

Той екі айға созылды. Ол өткен ашық алаң тағы да қаңырап бос қалды. Екі ай бойы той тойлаған байтақ шаһар қайтадан үйреншікті тіршілігіне көшті. Әбден қапысыз сайрандап, құмарларынан шыққан жұрттың бәрі қунақ.

Тек Әміршінің ғана шаршағаны тараман. Ол той өткен күннің ертеңіне шаһардың шыға беріс сыртындағы оңаша сарайға көшіп алған-ды. Ол ішіне күн түспейтін қалың бақтың қақ ортасындағы биік төбенің басында-ды. Салтанаты өзге сарайлардың ешқайсысынан кем болмаса да, онда ешкімді қабылдамайтын. Сарай тұрған төбенің жан-жағындағы бақ та тау қойнауларындағы табиғи тоғайдай өз бетімен өскен-ді. Оның ішіндегі еліктер мен тотылар да, өзге бақтардағыдай қолға үйретілмеген, жабайы; адам көрінсе анадайдан қаша жөнеледі.

Мұнда келгенде Әмірші өзге сарайлардағыдай қақырайып тақта отырмайды. Көбіне-көп сарайды шырқ айнала қоршаған тоған судан көпірмен өтіп, күні бойы бақ ішін аралайды. Қасына жолдас та ертпейді. Бұл баққа үй ішінен басқа сарай адамдарынан ешкім жіберілмейді.

Бірақ олар да мұнда тек өз рұқсатымен ғана аттайды. Ол көбіне-көп кішкене немерелерін осында шақырып ап, күні бойы бірге қыдыратын да, кешқұрым күймеге отырғызып, бәйбішесіне қайыратын-ды.

Бұл жолы мұнда немерелерін де алдыртпады. Жолығатын шаруа бар еді деп, бәйбішесі адам жіберген екен, кейінірек сөйлесерміз деп қабылдамай қойды. Ұзақ жорық, одан кейінгі той-томалақтың ырду-дырдуы әбден қалжыратқан. Қазір ешкімді көргісі келмейді.

Сая бақтың оңаша түкпіріне барып, сылдырап ағып жатқан бұлақ басындағы қойтастарға отырады да қояды. Мынау жарық жалғанда тек осы бір аядай тұма бұлақтың басында ғана ол өзін билеуші сезінбейді. Сылдыр-сылдыр ағып жатқан мөлдір бұлаққа да, жасыл-желек арасында мігірсіз шықылықтаған сансыз құстарға да, су үстінен шыр айналып шықпай қойған көк қанат инелікке де оның ешқандай әмірі жүрмейді. Бұл арада одан ештеңе ықпайды. Тек қалың нудың ішінен шыға кеп, бұны көргенде дүркіреп кейін қарай зыта жөнелетін үркек еліктер ғана сескенеді. Бірақ олар да бұдан атақты билеуші екен деп емес, көп екі аяқтылардың бірі екен деп қорқады.

Ол бұлаққа беттегенде төңіректегі сақшылар мен сарай қызметкерлері де көзге көрінбей жымып береді.

Әмірші оңаша тұма бұлақ басында ұзақ отырады. Талай-талай алыс жорықтарға тәуекелді осы арада буғанды. Талай-талай тәж кигендердің тағдыры да осы бір пейіштей рақат маужыраған оңаша алаңқайда сылқ-сылқ күлген сылқым бұлақ басында шешілген-ді.

Мұнда келгенде көкірегінде де әрдайым мынау жер қойнынан жылымшылап шығып жатқан тұнба судай таусылмас, тартылмас ойлар қоздайтын. Бірақ бұлақ суы бір қалыпты шыға береді, бір арнамен аға береді.

Ал Әміршінің көңілінде енді түлеп жатқан түртіншек ойлар қайта-қайта арнасынан адасып, әр саққа бір жүгіріп кетеді.

Міне, бүгін де ол көп ұзамай тағы да атқа қонатын келесі жорығы туралы ойланғалы келіп еді, есіне қайдағы бір алма сап ете қалды.

Сол бір білінер-білінбес жіп-жіңішке пышақ дағы түскен нарт қызыл алма кеше бұның алдынан қайтқан-ды, жаңа тамақ үстінде қызметші әйел алтын табаққа салып тағы әкеліпті.

Ол өзге алмалар жетпегендей, тап соны ұстай апты. Арасын ашып қарап еді, бұлаңдап құрт шықты. Қызметшілерінің алдында мінез шақырып жатпайтын; байқамаған боп табаққа қоя салды.

Қызметші әйел қайта алып кетті. Ол қатуланып отырса да, қызметшінің бұл ағаттығын кешірген болды, лықсып келе қалған ашуын жасырған болды.

Бірақ мұның қиырдан шалып отыратын қырағы көзі қызметші әйелдің жұқа ернін жымқыра тістеп алғанынан басқа, жүзінен не жүріс-тұрысынан ешқандай қысылған-қымтырылған мінез байқамады. Қызметші әйелдердің иба сақтаған боп, еріндерін тістеп, жымия күліп жүретіндері қашанғы әдеттері емес пе! Сонда қызметші әйел Әміршінің алдында әлгіндей ыңғайсыз жағдайға ұшырағанына түк қысылмағаны ма? Әлде дастарқан үстіне өзге тағамдар мен ыдыс-аяқтарды қойып, күйбеңдеп жүріп, көрмей қалды ма екен? Қызметші түгілі уәзірлер де, қол басылары да, тіпті өз балалары да алдына келгенде бауырларын жаза алмай, бүгежектеп тұрмай ма? Ендеше, бейшара әйелге не жорық; ол тіпті әміршінің жүзіне қарауға, не істеп не қойғанын аңдып отыруға жүрегі дауалайды дейсің бе; әлгіндей-әлгіндейді тіпті байқамайтын да болар.

Әміршінің кейде қарауындағылардың оп-оңай нәрсеге қайтіп ақылдары жетпейтініне қайран қалатыны бар. Артынан өзі байыптап ойлап-ойлап, онысының бекер екеніне көзі жетеді. Өзі болса, біреуге жаға ма, жақпай қала ма деп қипақтамайды, ал қарауындағылар мұның қас-қабағын бағып қипақтап тұрғанда, шатаспастан шатасып кетуі әбден ықтимал.

Ол бағыныштылармен оңаша сырласқанда мәжілістесін ұзақ сөйлетіп, өзі үн-түнсіз тыңдайды да отырады. Әбден айтатынын айтып болғанша сөзін бөлмейді. Ұстаз алдындағы бала шәкірттей қыбыр етпей, аузына қарап қатады да қалады. Тіпті «иә, дұрыс, айта бер» деп мақұлдап басын да иземейді. Өйтсе де, кейбіреулердің «тап осы бағытымнан ауып кетсем, жақпай қалармын» деп ыңғайға аунап, көп сырын ішке бүгіп қалуы мүмкін ғой. Оған өз бағыныштысының ішіне құлта сақтамағаны, не ойлап, не қойғанын түк қалдырмай түгел айтып бергені керек. Өйткені бұның әмірінің астындағы елде ішіне сыр бүгіп, құлта сақтауға тек оның өзінің ғана хақысы бар. Ал былайғы жұрт бұның жолынан жаны мен қанын аямағанда, сырын аяп қайтеді... Бұл өзіне бағынышты жердегі әр

пенденің не ойлап, не қоятынын түгел біліп отыруға тиісті. Әсіресе өз төңірегіндегілердің көкірегіндегісін әбден ақи-тақи бәрін біліп алмай тұрып, көңілі көншімейді. Адамның сырын білмейтін атқа мінбейтіні сияқты, не ойлап, не қоятынын, өресінің қайда жетіп, қай жерден сүрінетінін білмейтін кісілерді де маңайына жолатпағаны жөн. Оның үстіне әр адамның сыры көкейінде жатқанда ғана өзінің қаруы да, аузынан шығып кеткен соң естіген кісінің қаруы емес пе? Бұл өз маңайындағыларға ішіне құлта сақтатпауға тырысады. Қайқайсысының да бар сырын біліп ап, өз сөзімен өзін матап қояды.

Сондықтан да бағыныштыларын ештеңеден секем алдырмай, еркін сөйлетіп бағады. Біреуді тыңдап отырып, сөзін түзеткенді ит етінен жек көреді. Қайта білетін нәрсесін білмеген боп, өп-өтірік аңғал сұрақтар қояды.

Сонда жер түбіндегіні біледі дейтін сұңғыла Әміршінің қайдағы бір қарапайым нәрселерден де бейхабар екенін көрген мәжілістесінің манағыдан бері көмейіне іркіп, ашып айтпай, маңайлап қайтып жүрген тілдегі тиегі өз-өзінен ағытылып қоя береді.

Сөйтіп, әуелі бағыныштысына ішіндегі қырындысына дейін айтқыздырып алады да, өзінің анау ойлап отырғандай аңқау еместігін артынан барып аңғартады, ар жақ-бер жағыңды айтқызбай біліп отырған көріпкел кісінің қалпын танытады. Сонда әлгі саулап отырған «сабазың» бірден жым болады. Бұдан кейін ол да бір, мұрындығы тесілген тайлақ та бір – айтқаныңа жүріп, айдауыңа көнбеске амалы қайсы...

Әмірші атаулының былайғы жұрттан биік тұратын жері де – өзі кімнің сырын білгісі келсе де, сұрап біліп ап, өзге ешкімге сыр айтпайтындығында емес пе? Арғы-бергіде Әміршіден сыр сұрауға жүрегі дауалаған адам бар ма, тәйірі...

Әмірші аузына қандай берік болса, құлағын да әркімнің аузына төсеп отыра алмайды, оған біреудің өсегін тыңдағаннан гөрі басындағы алтын тәжді жұлып ап, сасық ауыз өсекшінің алдына түкіргіш қып қойғаны әлдеқайда дұрыс.

Ол біреу туралы шағым айтып келген кісіні ит етінен жек көреді. Ал өзі туралы өзгелер не айтып жатқанын өсек қып жеткізгендерді бір-екі рет дар астынан қайтарғаны да бар. Содан бері бұған ешкім әлгіндей бұралқы әңгімемен маңайламайтын болды. Уәзірлері мен балалары өзі тапсырма бермесе, ешкім жөнінде ештеңе айтпай-

ды. Бұл білуге тиісті төтенше оқиғаларды ханның үй ішіне сарайдың аса жоғары дәрежелі ұлықтары бұл бал аштыратын сейіттерге айтады. Олар бұған өздері естіген жайсыз хабарды нысаналап білдіреді. Бұл олардың әлгіндей нысаналарының әр жағында не жатқанын ақи-тақи білгісі келсе ғана шақырып ап, әлгі өзі байқаған нысананы жорытады. Сонда сейіттер оған өздері естіген қолайсыз лақапты ашып айтпай, әлгі нысананың жоруы қып тұспалдап жеткізеді, оны қалай түсіну бұның өз еркінде. Әлгі тұспал әңгімеге қарап, қандай қорытынды шығарарын, жазықтыға қандай жаза қолданарын тек өзі ғана біледі. Әрбір құлағы естіген ұнамсыз жағдайды әшкерелеп отыру, жазалап отыру падишаның өзіне де оңай тимейді. Ал біреуден әлгіндей қылмыстың анық-қанығын естіп біліп отырып, оған лайықты жаза қолданбаса, о да халық алдындағы асқар таудай абыройына дақ салар еді.

«Қайда да айла таппас тығырықтан қаш», деген өз қағидасын берік тұтынатын ол бұл мәселеде де өз қолына өзі бөгеу салғысы келмейді. Оның үстіне шағым мен өсек жекелеген кісілер үстінен айтылады. Қара нөпір әскерді қан қасап қып қырып тастауға бар Әмірші әрбір жеке пенденің іс-әрекетін бағалағанда, әсіресе жазалағанда, қиянат, әділетсіздік жіберуге қатты қаймығады. Өйткені соғыста жазықсыз жауынгерлерді, әркімнің әлпештеп өсірген өрімдей ұлдарын қанша көп қырсаң, соншалықты атағың асса, жай өмірде жай әншейін көкірегінде жаны бар жалба тонды қайыршыға істеген сәл әділетсіздігің абыройыңды айрандай төгеді. Ал Әмірші басыңмен қарапайым біреуге қайырым жасасаң, қаншама боздақты қырған қан ішер атағың жойылып, қарашыға қайырымдылық жасаған, қара қылды қақ жарған әділетті атағың жайылады.

Оған да баяғыда күнгей жорығының тұсында әбден көзі жеткен.

Пәлен ай бойы үдере тартып келе жатқан ауыр қол ақыры жау астанасына да жақындады. Алдарынан арқырай мөңкіген тау өзені жолықты. Арғы бетте өкшелері жалтыраған қара сирақ диқандар маң-маң басып дән сеуіп жүр. Кең қойнауды шырқ айнала қоршаған таға таудың баурайының бәрі бұйра-бұйра ну жыныс, үлпілдек ақ жолақ, ақшыл жолақ, сарғыш жолақ, қызғылт жолақ, жасыл жолақ – теңбіл-теңбіл. Ертеңгі пісетін шырын жемістердің дәмін сездіретіндей бір түрлі күмілжі тәтті иіс кісіні еліттіріп, басқа шабатындай.

Сол бір пейіштей көркем қойнауға быжынап көп шатыр қонды. Барлық кернейлер тартылып, барлық дауылпаз дабыл қақты. Әлгі тұнып тұрған тыныш қойнау мен манаурап жатқан марғау тауларға жан біткендей, жан-жақтан дүбір мен дүсір көбейе бастады. Бұйра жыныстардың арасындағы бұғылар мен еліктер сытылып шығып, өзеннің арғы бетіндегі ұлан-асыр кең жазыққа қарай лап қойды. Жан-жақтан тартылған сұр жебе онсыз да жүректері ұшып безіп бара жатқан жүйрік хайуандардың соңынан суылдап қуып берді. Талайы омақаса құлап, опат тапты. Қалың қолға оңай ет табылды.

Өзеннің арғы бетіндегі қара сирақ диқандар да, қара жолақ айғыз-айғыз аңыз басына қолдарындағы соқалары мен кетпендерін, тұқым толы дорбаларын тастай-тастай қаша жөнелді. Бірақ олардың соңынан оқ жауған жоқ.

Тау баурайындағы сыбдыр күшеймесе басылар емес. Олар, шамасы, қалың-қалыңның арасымен арғы қауіпсіз баурайға жылысып бара жатқан жымысқы жыртқыш аңдардың дүсірі болса керек.

Жауынгерлер ағаш кесіп, шоқы-шоқының басына отын үйді. Кешқұрым кеңінен орағытып жатқан тағы таулардың басынан қатар-қатар тізіле жағылған көп алау лаулап қоя берді. Жазғы аспанның быжынаған көп жұлдызы жер бетіне көшіп қонғандай. Түнгі көкжиек түп-түгел өрт құшағында.

Ертеңіне де ол тырп етпей сол көк қойнауға жатып алды. Тағы да кеш түсті. Тағы да жер мен көкті отқа тоғытты.

Астана төңірегіндегі қалың елдің мынадай жұлдыздан да көп әскерге дәт қылып жатар шыдамдары екі-ақ күнге жетті. Үшінші күні таңертең жан-жақтан бұларға еркімен мойын ұсынған босқындар лек-лек ағыла бастады.

Ол босқындарды әскер жайғасқан алқапқа жолатпай бір жағы – ақар-шақар тау, екінші жағы – доғаша иіліп, орағытып ағып жатқан жойқын өзеннің ортасындағы тығырық тар түбекке иіріп қамай тұруға әмір берді. Осынау жер қайысқан жау нәсілді ертең піл үстінен от жаудырып шығатын жау әскерінің алдынан салмақшы.

Түс ауа босқындарды барып көріп кел деп үлкен ұлын жұмсап еді, көп ұзамай қайтып келді. Өңі сұп-сұр.

Қалың кірпіктері жаппай көтеріліп, бадырақ ала көзіндегі бар үрейді жарқыратып жайып салыпты.

Есіктен аттамай жатып:

– Босқындардың саны жүз мыңға жетті, – деді.

– Бесінге дейін біздің әскердің санынан асып кетуі мүмкін, – деді әмірлердің бірі.

Бұны естігенде сары ала шатырдың екі жақ іргесін толтырып, қаз қатар тізіліп отырған әскер басылар бір-біріне қарасты. Олардың көңіліне ойда жоқтан қонақтай қалған қобалжуды бұл айтқызбай-ақ танып отыр.

Бұның оң жағында сыртын тай жарғақпен қаптаған қалың құранды, қарсы алдындағы күміс тағанның үстіне қойып, таспиық тартып отырған ақ сұр хазірет әңгімеге араласты.

– Уа, тақсыр, қара шыбындай быжынап, мынау жарық жалғанды қайдағы бір ыбылыс-ластыққа жайлатып бара жатқан кәпір тұқымды қалай қырсаңыз да, қанша қырсаңыз да сауап. Мен өзім ол найсаптардың онын өз қолыммен бауыздауға әзірмін. Оларды осы қазір қылыштың астына алмасаңыз, алдымызды түнге айналдырсақ, қапы қалуымыз ықтимал, – деді.

– Хазірет жөн айтты.

– Иә, қапы қалуымыз мүмкін.

Үлкен ұлы мен бас уәзір оның сөзін қосарлана қосты.

Бесін ауа қалың әскер босқындар иірілулі тұрған түбекке беттеді. Олар әуелі бұлардың не мақсатпен келе жатқанына түсінбей, айқайлап қуанды.

Көктің жүзін көшіп келе жатқан шегірткедей жебе қаптап кеткенін көргенде барып, жан дауыстары шығып бақыра бастады.

Жүз мың адамның өкірген, бақырған, шыңғырған әжептарқы даусының жаңғырығынан жан-жақтағы шоқы-шоқылар ел көшкен жұртта қалған бұралқы иттердей жапатармағай ұлып қоя берді. Жойқын өзеннің сары ала суы бұрынғысынан бетер жөңкіле ағып жатқандай.

Садақшылар жаудырған көп жебеден босқындар бірінің үстіне бірі құлап, жайрап қалды. Қалғандары қаптап келе жатқан қалың әскерден, қастарында сұлап-сұлап жатқан өліктерді бірінің үстіне бірін қалап, төбе-төбе қалқа жасап, жандәрмен қорғанып бақты.

Енді іске найзагерлер кірісті. Көк сүңгіге ілінгендер ақырғы рет аспанды бір көріп қалайыншы дегендей, басын әнтек шошаң еткізіп, шалқая бір қарайды да, сосын



мойындары сылқ құлап, найза ұшында қан сасып жатқан қара жерге тесіле қарап тұрып қалады.

Өліктерден қалаған тосқауыл опыр-топыр құлағанда қылыштар көкке ойнап шыға келді. Өмірінде қой да бауыздап көрмеген хазіреттің өзі қолына қылыш алды.

Босқындар қарусыз болса да, арыстандай арпалысты. Қолына түскен жауынгердің кеңірдегін орып, құлағын шайнап жатқаны қайсы, оқ тиіп жерде құлап жатып, өтіп бара жатқан жауынгердің аяғына жабысып, тілерсегін қырқып, қадалып айырылмай жатқаны қайсы – маңағы өкірген, бақырғанның бәрін қойып айқасып бақты. Қарш-қарш тіс шықыры мен дүрс-дүрс тиген жұдырық дыбысы қылыш суылына, ақырғы рет ышқынған жан тәсілімге араласып, ию-қию; суға атылып бас сауғаламақ болған босқындар қызыл түтек ағын мен садақ оғына жем болды.

Күн екіндіге таянғанда тығырық түбекте жауынгерлер жұлықтарынан қан кешіп өліктерді төбе-төбе қып үйіп жатты.

Қара шыбындай көп деп айбынып келген жұртты оп-оңай жусатып тастағандарына әбден еліріп алды. Ол күні түні бойы аспанды шырақтай маздатып өлік өртеген алаулардың айыр тілі шарпып шықты. Түнгі аспан күңірсік өліктердің май-май күйесіне батып қалған тажал қазанының түбіндей қап-қара боп, бауырын алауға аймалатып, тас төбеден төңкеріліп төнді де тұрды.

Ертеңіне таң намазын оқып болған соң, хазіретке құран аштырды. Ақ сұр молда қалың құранды алдына алып жая салды да, ашылған беттегі сүрені күңіреніп оқи жөнелді: «Шынына келсек, мұндағы өмір неге ұқсайды? Ол аспаннан жер бетіне адам мен барша жан-жануар атаулы азық қылатын алуан түрлі өсімдік өнсін деп жауатын нұрдың суына ұқсайды. Жердің беті қызыл-жасыл құлпырып, гүл-гүл жайнап шыға келгенде, пенделер оны бұндай көз тойдырар көрікке бөлеп жүрген өзіміз ғой деп ойлайды, ал сол араға бір күні не бір түні мына біздің төтенше әміріміз тап болса, ол өмірі ешқашан әлгіндей гүлдеп, құлпырып көрмегендей, түк атаулы тып-типыл боп түгел жайпалып, құлазып шыға келер еді».

Ақ сұр хазірет құранды қайта жапты. Сосын жай әуенге көшсе, құран оқыған мақамын ұмытып қалатын кісіше ыңыранып сөйлей бастады:

– Тақсыр, әлгі ашылған сүре мынау көк найзаңыздың астына кеп, ажалын тосып тұрған көп кәпірдің басына

көрінетін болжал. Іншалла, бүгін олар да орылған қау-дай жайпалып қалады екен. Енді алла тағала сіздің өзіңіздің бүгінгі ғазауат ұрысыңызға қандай нышан білдірер екен, соны көрейік, – деп тізесінде жатқан құранды қолына қайта алды.

Бұ жолы: «Алла сізді ештеңеге билігі жүрмейтін құлақ кесті құнсыз құл менен оны құрбандыққа шалмай тұра алмайтын асыл қасиет, абзал сипат беріп өз тәнімізден әдейі жаратқан сүйікті ұлымызбен салыстырып көруге меңзейді» деген сүре шықты.

Хазірет оны: «Бұл жерде жаратқан ием кәпір мен мұсылман жайлы мисалды айтып отыр. Біреуі – алтынға сатылатын құлақ кесті құл, қор; екіншісі – өз ырзығын алланың шарапатынан алған, не істеп, не қоям десе деркі бар азат адам; ол екеуі ешқашан бір-бірімен тең болмайды деп, сіздей сайыпқыранның қылышынан өлгендердің сұраусыз екендігіне мегзейді», – деп түсіндірді. Сосын басталғалы тұрған ұрыстың кәпірстанды пайғамбардың ақ туының астына жығуын тілеп бата қылды.

Ол әскерін алдарындағы асау арнаның арғы бетіне шығарды. Өзі атына мініп, әскердің оң қанаты мен сол қанатын, маңдайы мен ортасын, тосқауылды сапқа тұрғызып, орын-орындарына жайғастырды. Оң қанатқа үлкен ұлы мен кенже ұлын және төрт әмірді, сол қанатқа екі ортаншы ұлы мен төрт әмірді, алдыңғы шепке бас қолбасшыны, бір ұлын және төрт әмірді қойды. Ортадағы әскерді өзі басқаратын болды.

Жау жағында жиырма мың атты әскер, отыз мың жаяу әскер, жүз жиырма піл ұрысқа кірісуге сақадай сай тұр. Жүз жиырма пілді бір-біріне тұмсықтарынан тіркеп қойыпты. Арқаларына ұзын-шуақ ашамай ерттеліп, оған әрқайсысына алты-алтыдан садақ ататын мергендер отырыпты, пілдердің ара-арасында алма кезектестіріп тас атқыштар мен ауыздарынан от шашатын зеңбіректер қойылыпты.

Мынау дөңкиген-дөңкиген тау-тау пілдердің қасында мұның атқа мінген әскері жаяу адамдай тым жұпыны, тым жатаған көрінді. Оны анау дәу мінгендер қазір-ақ жайпап өтердей. Кеше құр қол босқындарды қыруға екіленіп кіріскендер бұ жолы сасайын деді. Әсіресе молдалар, жұлдыз қарайтын сәуегейлер, қазына ұстайтындарда өң қалмады.

Бұл: «Соғыс тұсында сендер қайда боласындар?» – деп сұрап еді, олар: «Біз анау қатын-балалар қорқар, со-

лардың қасында қара боп тұрсақ қайтеді?» – деп шу ете қалды.

Әмірші күліп жіберді.

Алқаптың екі бетінен жер қайысқан қалың қол маң-маң басып, бір-біріне жақындап келеді. Екі жақтың қақ алдарындағы шолғыншы әскерлері енді-енді маңдай түйістірерде, ол өз әскерінің қақ ортасындағы үйік обаның басына шығып, жайнамазын жайып, құбылаға қарап, намазға жығылды.

Намаз оқып отырып майдан даласына көзі түсіп еді, алдыңғы шеп – ауыр пілдер мен қарша бораған қара тасқа қайрат қыла алмай, мысық табандап шегініп келеді екен.

Ол жайнамазын шұғыл жиып, ортадағы әскерден екі қанатқа қосымша әскер жіберді. Сол-ақ екен жау әскері бұларды маңдайдан тықсыртып, ішке біраз еніп кеткен кезде, екі қанаттың тосқауыл әскері қос бүйірден қаптағайлап дүрсе қоя берді. Барлық күштерін маңдайға салған жау әскері қапталдарынан мұндай тосын килігісті күтпеп еді, қапелімде сасқалақтап қалды. Соны сезген мұның ту сыртындағы тосқауыл әскер де қақ айрылып қос қанатқа қарай ұмтылды. Бұлардың маңдай алды күштері жаудың пілдерін өз соңдарына салып, тереңге шегіне берді.

Қос қанаттан тап берген мол әскерден тоқтай қап қорғанған жау әскері пілдерінен қара үзіп алыстап қалды. Соны пайдаланған бұлардың алдыңғы шебі, жүз жиырма пілді арттарынан орағытып қоршауға алды.

Екі сақинаның ортасында бір-бірінен ажырап қалған жау қанша жанталаса ұрысса да, бірте-бірте әлсірей берді.

Ашамай үстіндегі мергендерді бұлардың жан-жақтан жауған жебесі баудай жайпады. Көп ұзамай ер жүрек жігіттер қылыштарын жалаңдатып пілге қарсы шапты. Бір-біріне тұмсығынан байлаулы хайуандар бүйірлерінен кірш-кірш кірген қылыш пен найзаға қайрат қыла алмай біріне-бірі соқтығып, ұйлығып қалды.

Алпамса хайуандарға да жан керек екенін біліп алған сарбаздар онан сайын екілене түсті.

Пілдердің ара-арасындағы тас атқыштарды қолға түсіріп ап, алып хайуандарға қақ маңдайларына ат басындай ауыр тастарды қарша боратты. Көп ұзамай жол үстіне теңкиіп-теңкиіп құлап жатқан пілдер көбейді. Олар да қара қанға малшынды.

Әлгінде ғана кейбіреулердің үрейін ұшырған дәу хайуандар бірте-бірте сирей берді.

Бір уақытта бұның он төрт жасар немересі бір пілді қолға түсіріп, алдына алып келді. Ол ойына: «Дәуітке Сүлейменді беріп ек, ол оған қандай тамаша қызметші бола білді» деген сүре оралып, ер жүрек немересінің маңдайынан иіскеді.

Сол екі арада екінші сақинаның ортасына түскен жау әскерінің де күл-талқаны шықты.

Кең алқаптың бойында жайрап жатқан өлікке ат сүрініп жүре алмады.

Сол күні бесін намаз тұсында ол астанаға келіп кірді. Туы жығылған елдің қалған ақсүйектері қаланың қақпасын өздері ашып, алдынан шығып бастарын иді.

Қалың әскер бөтен елдің бай астанасының аңырайып ашық-тесік жатқан қақпаларынан түс-тұстан лап қойды.

Ол қолбасшыларымен жеңілген елдің патша сарайында думандатып отырғанда, оның жер қайысқан сарбаздары қала ішінде сайрандап жүрді.

Шаһарды сыртынан төрт жағынан төрт түменге күзеттіріп қойды да, қалғандарына жау астанасында құмарларынан шыққанша ойран салуларына, құшақтары талғанша құшып, қоржындары толғанша тонауларына ерік берді.

Бұл ойран екі аптаға созылды. Әркімнің қос-қостан мініп шыққан аттарының тұла бойы қоржыннан көрінбейді.

Бірақ жұрттың ындыны жаман ашылыпты. Әрқайсысы жүз-жүзден күл мен күң ертіп шыққан жауынгерлер де болды.

Бәрінен де бір сығыр көз, жылтыр қараның қорлығы өтті. Бұл жеңілген елдің бір топ ақсүйектерін ертіп, нөкерімен қала ортасындағы алаңда келе жатып, тапа-тал түсте көшеде алысып жүрген екі еркекті көрді. Анадай жерде бір-біріне қосақтаулы екі ат, оның қасында қолдарынан қыл шылбырмен байлап, бір-біріне тіркеп қойған он шақты әйел, еркек тұр.

Алысып жатқан екеудің қастарына хан келгенімен де шаруалары жоқ. Екі көзі бірдей соқыр, еңгезердей едірең мұрт, мосқал біреу мойнына қос қолдап жабысып қалған сығыр көз, сыптығыр қараны шекеден де, тұмсықтан да періп жүр. Шарапқа аямай тойып алған сыптығыр қараның ұзын мойны, едірең мұрттының зіл жұдырығына төтеп бере алмай, көк есектің мойнына таққан қонырау-

дай әрлі-берлі бұлғандай береді. Бірақ дүниеқоңыз сыптығыр қараның қос қолы, еңгезердей соқырдың алқымынан айрылар емес.

Ол мына масқараға шыдай алмады. Көптен бері істеп көрмеген әдетіне басып, екі көзіне қан толып, күймеден секіріп түсіп, төбелесіп жатқандардың қасына жетіп барды да, сыптығыр қараны оң иықтан қылышпен тартып қалып еді, аяғын құшақтап құлап түсті.

Еңгезердей соқыр енді мұның етегіне жармасып, жібермей қойды:

– «О, қайырымды адам, кім боласыз... Анамнан қалған жалғыз көз – ақық алқа еді. Мына бір көрсеқызар сүмелек жабысып алып бермей тұрған еді. Тәңір жарылқағыр, атыңды айтшы! Өмір бақи аузымнан тастамайын», – дейді.

– «Ой, пақыр, менің аты-жөнімді біліп қайтесің, – деді Әмірші. – Шіркін, еліңнің барлық еркек кіндігі сендей болсайшы!»

Содан бұл қайтар жолда қай қалаға соқса да, алдынан ғаріпті қорғаған қайырымды билеуші туралы аңыз шықты да отырды.

Елге келген соң, ол өзі жоқтағы оқиғаларды айтқан бір топ ғайбатшыны той үстінде дарға асты.

Енді ешкім оған арыз айтып келмейтін болды. Алда-жалда ол білмеуге болмайтын сұрқия хабарды шайқылар мен сейіттер ғана тұспалдап сездіреді. Манағы алма да солардың ісі болмасын! Сонда бұл ненің нышаны? Өз ел, өз топырағында оған қандай қатер төнбек? Жақын жерде бұған жүрегі барып шаба қоятын жау да жоқ. Машырық елшісіне көп ұзамай найзамен өзі баратынын сездіріп, бұның халқы мен ер жүрек әскерінің көңіл күйі қандай екенін көрсін, білсін, айтып барсын деп екі ай бойы тойда ұстады да, той біткен соң, кеше ғана, еліне қайтарды. Ол барып жеткенше, бұ да атқа қонады.

Кеше тойдан кейін ел-елге дәруіш, диуана қып жіберген жансыздарымен сөйлесіп көріп еді, төніп тұрған ешқандай қауіп жоқ, төңірек тыныш деген.

Шалғай аймақтар мен керуен жолдарының бойына, шекараға таяу маңайларға дәруіш, саудагер, бақташы қып ұстап жүрген мың түйелі, мың атты құпия әскері де ешқайдан бүлік бар деп хабар айтқан емес.

Елден салық жинайтын уәзірлер мен жер-жердегі әміршінің сыртынан қойған аңдушы сақ құлақтарынан да кісі сескенердей хабар түскен жоқ.

Бірақ ондай алыс аймақтағы сорақылықтарды бұлай құпиялап қайтеді... Әлде бұл алыс жорықта жүргенде сарайда бірдеңе болды ма екен?

Бұл өз төңірегіндегілердің ішіндегі күмәнданатын адамдарын, қайда жүрсе де, көзінен таса қылмай, өзімен бірге ала жүретін-ді. Бұ жолы жорық ұзаққа созылатын болғандықтан, сарайға бас уәзірін тастаған-ды. Егер ол қазынаға қол салса, оның жарасы жеңіл. Ол үшін ешкім бұлай тұспалдап жатпайды. Әр жорықтың алдында бір, соңында бір қазынаны өзі тексереді. Олай болса, көп ұзамай, ол ұрлық өзінен-өзі ашылады. Бірақ бас уәзір ақыл мен айланы, сабыр мен ашуды бірінен-бірін асырмай ұстайтын орнықты кісі еді. Оның қазынаға қол сұғардай сұғанақтыққа баруы еш мүмкін емес. Оның үстінен айтылатын әңгімелерге бұл көп құлақ аса да бермейді. Ондай кісіге жау көп, жала көп болатынын өзі де біледі.

Сонда бұл нышан нені білдірмек... Өз ошағының басы аман. Кешегі тойда бәрінің де бастары түгел-ді. Содан бері бүкіл дүние асты-үстіне шығардай боп, бүлініп шыға келуі еш мүмкін емес. Әлгі қызметші әйелдің жіберген ағаттығы ғана...

Бірақ аршып, ішіндегі құртты көріп тұрып, ол алманы, кім болса да, лақтырып тастамай ма? Бұның табағына салғандары қалай? Жоқ, не де болса, әлдекім әдейі істеп отыр? Сонда оның не ойлағаны?

Әлде қазір адам жіберіп, сейіттерінің бірін шақырса ма екен. Піріне де жорықтан кейін асығыс кіріп шығып еді. Бұрынғыдай ұзақ сұхбаттасып отыра алмаған-ды.

Әмірші ешқашан түсін, не басқадай көрген нышанын әуелі іштей болжалдап алмай тұрып, ешкімге жорытпайтын. Сонда өзегінен құрт шыққан алма... Ол қастандыққа емес, сатқындыққа, опасыздыққа меңзеуге тиісті ғой. Ол не қылған опасыздық!

Заманының мынандай тынышында бұған сатқындық жасап, басына пәлені қаралай өзі шақырып алатындай ол кім?

Қолбасыларының бәрін санап шықты. Ешқайсысының дәл осы сәтте бұған қарсы қол көтерердей сылтау-себебі жоқ сияқты. Үлкен жеңістен соң, әсіресе алыс жорықтардың алдында қолбасыларының басына алтынды жаңбырша жаудыратын мұның қашанғы әдеті. Күнгедейдегі бай елді шапқандағы мол байлықты да, кешегі мағрұп елдерінен түскен мол олжаны да ол қолбасылары мен ер жүрек жауынгерлеріне аямай-ақ үлестіріп

баққан-ды. Әскер төңірегіндегі адамдарды өзінің сіңірген еңбегінен он есе артық бағалаған жөн. Сонда олар қандай қанды қасапқа айдасаң да құлшынып тұрады.

Осыдан он жыл бұрын күнгей еліне жорыққа аттарда диуанда пікір екі жарылды. Бұның үлкен ұлы: «Ол елдің мол алтынына ие болсақ, күллі әлемді біз билейміз», – деп құлшынса, әмірлері: «Қара шыбындай қаптаған көп халықты бағындырып ап, билеп-төстер болсақ, көп ұзамай олар өзімізді жұтып қояды. Ұрпақтарымыз ана тілін де ұмытып қалады», – деп тартыншақтаған-ды.

Сонда ол құран аштырып еді: «Пайғамбар, заң білмес, жөн білмес бұзақыларға қарсы соғыс аш», – деген сүренің үстінен шықты.

Күнгей елінің алтыны кейбір әмірлерінің қисайған ауыздарын қайта түзеткен-ді. Қара шыбындай қаптаған елді де жеңуге болатынына сол жорықта көздері жетіп қайтқанды. Ал машырықтың алтыны күнгейдің алтынынан көп болмаса, аз емес. Оны тиыннан тиын балалата-тын мұның елі жақсы біледі.

Ендеше, дәл қазір жаңа жорыққа шығардай кім табыла қояды. Кім?

Ол мынау тығырыққа кеп тіреліп қалды. Тұма бұлақ сылдыр-сылдыр ағып жатыр. Қашан келсең де, мынау тылсым кеңістің әлдебір жерінен жапырақ козғар леп тауып тұратын биік ағаштар басындағы судыр-судыр да сол қалпы. Бәрі де бұған: «Ойлан, ойлан», – дейтіндей.

Бой сергітем деп келгенінде, қайдағы-жайдағының бәрін есіне түсіретін осы бір қалтарыс оңашаға, ондағы өсекшінің аузындай ылғи сыпсындап тұратын осы бір жапырақ сыбдыры мен су сылдырына ыза боп кеткендей, орнынан тұрып, жалғыз аяқ соқпаққа түсті. Суман соқпақ енді оны қайтадан сарайға бастады.

Манағы маужырап тұрған тып-тыныш дүниені әлдебір түлен түрткендей. Маңайының бәрі ың-жың дыбыс. Жұдырықтай ақ тамақ торғайлар қыт-қыттап ағаштан ағашқа қонады. О да бұған бірдеңе айтайын деп оқталғандай, тамағының асты бүлк-бүлк етеді.

Таң атқалы бұны ағаш арасынан аңдып жүргендей кенет жол қапталынан киік қашты. Бұдан үркіп қашып бара жатпағандай, таңын жарқылдатып мазақтап бара жатқандай.

Сумаң соқпақ өрік ағашының астынан өтті. Уақтылы жиылып алынбаған жеміс өз-өзінен үзіліп түсіп, жерде шашылып жатыр. Көбі иістеніп бұзылып кетіпті. Қанаттары күнге шағылысып, жарқ-жұрқ еткен бармақтай-бармақтай көк шыбындар шашылып жатқан өріктің бірінен соң біріне қонып, кекең-кекең етеді.

Шіріген жемістен жексұрын нәрсе бар ма? Кеше ғана аппақ боп үлпілдеп тұрған гүл-ау бұл. Одан түйнек салды. Көк жапырақты жөргек қып, мынау жатаған ағаштар жан-тәнін салып әлдилеген кішкене түйнек жер қойнауынан нәр еміп, аспан төсінен нұр еміп өсе берді. Сары алтындай құлпырып, көзге түскенше асықты. Болды-толды... Болғаны-толғаны осы, сирақтары салтақ-салтақ мына бір малғұндарға жем болды. Миуаның қадірі, шіркін, көзіңе от боп басылып биікте тұрғанда ғой... Биіктен бір құлаған соң, мынау өріктердей аяқ астыланып қор боласың... Жұрт аймақ түгілі тыжырынып жиіркенеді... Кешегі бал шырынға толып балбыраған тәтті мәуе екеніңді не қылсын.

Бұтаққа біткен жеміске бұлай өз бәсін өзі түсіріп, биіктен құламасқа құдай тағала ақыл бермеген... Ал тырмыса-тырмыса биікке шыққан адамның өзі құлағаны – өлгені... Оны өзгенің сұқты көзі одан гөрі де жоғарырақ өрмелете түспекші.

Сумаң соқпақ сарайды шыр айнала қоршаған тоған судың үстінен көпірге кеп тірелді.

Ол табан астында бойын жиып, манадан бері ой манаратып бара жатқан ала көзін қайтадан суытып алды.

Сол сұп-сұр күйінде сарайға кірді. Сол сұп-сұр күйінде өз бөлмесіне өтті.

Қызметші тағам ап кіргенде де, ол кең жайдың қақ ортасындағы шытыра хауыздың жанындағы жолбарыс терісін жапқан жатаған тақтада сол сұп-сұр қалпы отырған-ды.

Қызметші әйел егде еркектің төсегіне алғаш жатқалы келе жатқан бала қыздай, ернін жымқыра тістеп, бұның дәл алдына кеп тоқтады. Қолындағы табақшасын дөңгелек дастарқанның үстіне әкеп қойды. Ернін қанша тістегенмен, ұялғанын білдіріп бетіне шапшыған бір тамшы қан жоқ. Опаны аямай жаққан ат жақты сопақша жүзі ақ шағылтақтанып тұр. Сүрмелі көздің сояу кірпіктері қыдығы кеткен бетте өз-өзінен мен мұндалап тұратын қақсақалдыққа тән қайсарлықты астына бүгіп, өп-өтірік көлгірген болады.



Бұрын қызметшілеріне назарын тіктемеуші еді, бұ жолы тінте қарады. Тайсала қоятын қызметші әйел көрінбейді.

Сонда қалай, мына әйел манағы құрт шыққан алманы әліге дейін көрмеген, білмеген болғаны ма? Көрсек бұдан нағып қысылмайды?

Қызметші әйел беті бүлк етер емес, дастарқанды реттеп болды да, басын иіп, тағзым еткен күйі жұп-жұмыр бөксесіне сарғыш шытыра көйлектің етегін бүлк-бүлк тепкілетіп, тек әйел ғана ойлап таба алатын бір әдемі әзәзіл жүріспен есікке жылысты.

Есік жабылған соң барып, дастарқанға қарады. Көзі қақ алдында жатқан манағы нарт қызыл алмаға түсті. Бұл жолы пышақпен кесілген сызығы ақсиып айқын көрінеді. Өзін өзге тағамдардан бөлектеп оқшау қойыпты.

Әлгі әйел бәрін біледі екен!

Жастығының қасында тұрған қоңырауға қолының қалай тиіп кеткенін білмей де қалды.

Есіктен басын иіп, тағзым етіп, қызметші әйел қайта көрінді.

Бұл өне бойын зіркілдетіп алып бара жатқан ашуды жасыруға бар күшін салып бақты. Қапелімде босағада мүләйімсіп тұрған әйелге не дерін де білмей қалды.

– Мына алманы осындағы бақтан үздіңдер ме?

– Жоқ, тақсыр ием, сізге әдейі Ұлы ханым жіберіпті.

– Бара бер!

Қызметші әйел жалт бұрыла бергенде, жымқыра тістеген езуінен жымыған күлкі қылаң берді...

Қызметші әйелдің езуіндегі сол бір жымысқы күлкі әдетте мөлтең-мөлтең ағып жататын момақан бұлақтың бетіне де көшіп қонғандай. Сонау қара жер көкірегінен имене шыққан шым-шым су сәлден кейін болар-болмас толқын мезіретке көшіп, жымың қағады, тіпті үнінде де бір аяр сылқымдық бардай – сылдыр-сылдыр, сыңғыр-сыңғыр...

Бұрын дүниенің барша сұғанақ көзінен қалқалайтын қалтарыс деп келетін осы бір оймақтай оңашасын да кейінгі күндері әзәзіл жайлап алғандай. Тіпті астындағы тастың өзі бұл неме сілейіп қашанғы отыра бермекші деп, дөңбекшіп жатқан тәрізді.

Тіпті сонау ағаш басындағы ойнақтаған жапырақтар да, бір-біріне бұның біле алмай жүрген әлгі бір құпиясы жайлы сыпсыңдасып тұрғаннан сау ма?

Бұрын осында келгенде құрыс-тырысының бәрі жазылып, көңілін пысыннатқан кермек ойлар да өз-өзінен қоздап қоя беруші еді. Бұ жолы селкеуі көбейіп кетті.

«... Ұлы ханым жіберді».

Бұл осы соңғы жорығына немерелерінің үлкендерін ертіп бәйбішесін де ала шыққан-ды. Ылғи көші-қондымен жүрген балалар елді қатты сағынған соң, осыдан екі жылдай бұрын оны немерелерімен бірге кейін қайырған-ды.

Анада, көктемде жорықтан қайтып келе жатқанында әдейі бұның алдынан хабаршы шаптырғанда, ол мұндай оқшау хабар айтпап еді ғой.

Келген соң ол тойға дейін ай жарым уақыт Байтақ шаһардан сәскелік жердегі Ұлы ханым мен немерелері тұратын сарайда дем алып жатқан-ды; бәйбіше онда мұндай шәлкем-шалыс ештеңе сездірмеп еді.

Той үстінде де ол тарапынан ешқандай реніш аңғарған емес. Енді аяқ астынан жасаған мынау ишарасына қалай түсінуге болады? Не де болса, тойдан кейін душар болған жағдай. Егер одан бұрынғы нәрсе болса, баяғыдан бері байқатпай келіп, бүгін айтуы ақылға еш қонбайды.

Шешелерінің сарайына балалары көп барушы еді. Өйтетіндері бұдан гөрі шешелерін жақын тұтқандары емес, көбіне-көп әжелерімен бірге тұратын кішкентайларын көруге баратын-ды.

Әлде солардан оғаш мінез байқады ма екен? Бірақ баларының қылығына бола бұған шағынатындай не жөні бар? Олар анасының айтқанын екі етпеуші еді ғой.

Балаларынан қандай мінез шығуы мүмкін... Жаман айтпай жақсы жоқ деп, көзі жұмыла қалса, орнына кім болатынын әлдеқашан өз аузынан айтып қойған-ды. Мұрагерінен әзір сұрқия ой шыға қоюы мүмкін емес. Әлде оған өзге бауырлары көз аларта бастады ма екен? Бірақ оның да қисыны келмейтін тәрізді. Бәрі де бір анадан туған, кіндіктестер. Өзге анадан туған ең үлкен ұлы алыста, күнгей елінде, билеуші боп қалды. Мұндағы үшеуі әлі билік дәмін сезе қоймаған жас. Апыр-ау, сонда не болғаны... Әлде мынау ертең-бүгін жолға шығамыз деп отырған алыс жорықтың алдында бұның балаларының басын айналдыратын әзәзілдер табылды ма? Жеті жыл бойы жорықта жүріп, қатын-баласына жаңа қауышып жатқан жұрттың қапелімде үзеңгіге қайтадан аяқ салуға зауықтары соға қоймайтыны да рас. Бұл соны біліп, өткен жорықта көзге түскендердің бәрінің басынан алтын жаудырып баққан-ды. Әлде сонысы қате болды ма екен?

Бірден жарылқай салмай, әлі де емексіте тұрғаны дұрыс па еді?

Баяғыда өзінің бір әміршіге айтқан ақылы бар-ды: «Түріктердің көздері қандай қысыңқы болса, көңілдері де сондай тартыңқы келеді. Оларды адал қызмет еткізудің жаңғыз жолы көзін қазынаға, көңілін мақтанға тойғызу. Өзгеден тартып ал, өзіңдікін сатып ал».

Ол да сол талай елді шарлап жүріп, тартып алған алтын мен асылды өз қарауындағыларды сатып алуға жұмсап жатқан жоқ па? Әйтпесе қатындарының бауырындағы байсымақтарды жылы төсектен алтыннан басқа не тұрғыза алушы еді.

Кеше ғана осы мінез шығарады-ау дегендердің дүние-қоңыздарына қазына таратып, бақ құмарларына дәреже үлестіріп, ындындарын тесіп жатқан қызыл құрттың басын қайтарғандай болып еді ғой.

Сол екі ортада не шыға қалды екен.

Машырықтан келген елшіні әмірлер мен қолбасыларға, тіпті өзінің балаларына да жуыттырмай қойған-ды.

Ол неме сонда бұл құрған қыл тұзақтан да құмырсқа боп өтер жол тапқаны ма?

Не де болса алып-жұлып бара жатқан оқшау хабар болды. Әйтпесе бәйбішесі анада, айтатын сөзім бар еді деп арнайы кісі жібергенде, кейін сөйлесерміз деп, кідіртіп қоймап па еді. Енді, міне, бұдан әрі күтуге шыдамы жетпегендей, мынау ишара алманы жіберіп отыр. Осы қазір балаларын жиып алса ма екен? Бірақ жаман айтпай, жақсы жоқ, олардың біреу-міреуін таққұмарлықтың әзәзілі арбап жүрсе, бұның аяқ астынан балаларын шақыртқаны, ондай қара ниет шаруаны тым шұғылдатып жіберуі де мүмкін ғой. Жоқ, оларды дәл қазір шақыртуға болмайды. Басқа бір шаруа шығар. Алда-жалда балаларының көңілі өйтіп қараға аунаса, бәйбішесінің тап бұлай елдің алдымен елпеңдеп, өз қолымен әкеп сала қоюы екіталай.

Ұлы ханымның алалайтыны бұның өлген әйелінен қалған үлкен ұлы еді. Оны сонау көз көрмес алысқа, жау аймаққа, билеуші етіп жіберткізген де сол болатын.

Пірдің аузын алып, тақтың мұрагерлігіне қояр да қоймай жүріп өзінен туған үлкен ұлын белгілетті.

Бұл үлкен баласының көңіліне қарап, біраз созбақтап көріп еді, бірақ баласы өзге бауырларының ала көзінен қаймықты ма, әлде әкесін екі оттың ортасына

салғысы келмеді ме, мұрагерліктен өзі бас тартып, алыс Күнге еліне билеуші қып жіберуді сұрады.

Тұла бойы тұңғышының сол қылығы есіне түскенде бұның асқар таудай көңілі күрт жығылып, бір түрлі шөжіп қалады. Әлгі бір жан-жақтан дікендеп қоя берген көп оспадар сауалдар да табан астында жым болып, әлдеқайда жым-жылас жоғалып кеткендей. Ойына сонау бір сергелден жылдар түсті.

Бұның тұқымы жеті атасынан бермен қарай әскер басыды. Арғы бабасы Ұлы ханның үлкен ұлының әскерін басқарыпты. Сол үрдіс атадан атаға көше келе, бұған да жетті. Ол осы өлкеде аты шыққан бір кәрі билеушіде әскер басы – әмір еді. Кәрі билеуші бұны өз балаларынан бетер жақсы көрді. Қызына үйлендірді. Қайын атасы дұшпандарының қастандығынан қаза тапқанда, тағына бұл отырды.

Ол кезде бұл Қосөзен елі қырық бөлік-тін. Бәрі де сонау жер түбіндегі Ұлы хан тұқымына тәуелді еді. Бұл таққа отырған бойында ұсақ хандықтардың басын біріктіргісі келді. Ол үшін бас-басына хан боп қалған немелердің әрқайсысына жеке-жеке: «Қалғандарды қуып шығып, елді екеуміз билейік», – деп хат жазды.

Билік дегенде көмекейі бүлкілдеп тұратын әмірсымақтар бұған жеке-жеке хат жолдап, ризашылықтарын айтты.

Онсыз да ала бүлік ұсақ хандықтардың арасына от түсті. Алыстан қай жеңгенің менікі деп өңшең баққұмар немелерді сүзістіріп қойып бұл отырды.

Сол екі арада ауыр қолмен алыстағы Ұлы ханның өзі іргеге кеп тоқтады. Әмірші қалған әмірлердің алдын орап, Ұлы ханды қол қусырып қарсы алды. Ондағы ойы – өзге ұсақ хандықтар арасында өз беделін нығайтып алмақ еді. Бірақ Ұлы хан тұқымы бұған сенбеді, тақтан алып, қайтадан қолбасылыққа түсірді. Тіпті көп ұзамай оны Ұлы хан тұқымына қастандық жасағалы жүр деп астыртын өлтірмекке ниеттері ауды. Құдай көмектесіп, әлгіндей бұйрық бұның өз қолына тиді. Ол елден қашып кетті.

Күні кеше ғана, жорықтан қайтып келе жатқанда, өткен ұлан-асыр құмның ішінде әлденеше жыл қашып-пысып жүруге тура келді. Әйелін жетектеп талай-талай шағыл кешті. Талай-талай құмақ жонда жалаң аяқ ізі қалды. Қазір құс мамықтан басқа тимейтін табанына қалмаған шөңге жоқ. Құмға түскен жалаң аяқ ізді жел

өшірді. Шөңге тескен жараларды уақыт жазды. Сол бір күндерді бүгінде үлкен ұлын көргенде ғана есіне алатын. Ол өз бауырынан шыққан барлық перзенттерінің ішінде бөлекше ыстық көрінетін. Өйткені, ол болмаса, бұның бұл күн, бұл дәрежеге жете қоюы да неғайбыл еді.

Ұлы шағылдарды кезіп, тентіреп жүргенде, құм елінің бір бегі қолға түсірді. Әйелі екеуін қырық құлаш құдық зынданға әкеп салды. Сыз құрдымға күндіз күннің сәулесі, түнде айдың нұры түспейді. Өлім аузындағы оларды мазақтағандай сонау ту-ту төбеде өлмеші бозамық сәуле ғана жылтырайды. Ара-арасында жүні жалбыраған дудар бөрік құдық аузындағы әлгіндей әлжуаз жарықты да көлегейлеп, түнекте жатқан екеудің тас төбесінен түн боп төнеді.

Сүйегіне шым-шым батып шымылдатып бара жатқан сыздан шыдай алмай, аунақшыған келіншегінің қолындағы темір кісен ғана оқтын-оқтын құлынның кісінегеніндей оқыс үн шығарады.

Ерлі-зайыпты екеуі онсыз да көңілдерін қыжылдатып жатқан өкініш пен ызаның қан шапшыған жарасын қасығылары келмей, бір-біріне тіл қатпайды. Ауық-ауық күрсініп қана қояды.

Солай қырық тоғыз күн өтті. Елуінші күнгі түн сүттей жарық болды. Оны бұлар зынданның аузындағы күміс табақ төңкеріп қойғандай дөңгеленіп жатып алған оқшау нұрдан сезіп жатты.

Қара көрдей қапас түбінде қасарысып, сыр бермей жатқан келіншегі кенет жанын қоярға жер таппай, бебеулей бастады. Тұла бойы өртеніп барады. Маңдайынан тер ағып қоя берді. Қолы кісендеулі. Иығымен демеген болады. Келіншегі бебеулегенін қояр емес. Тұла бойын түгел дірдек қаққызып, сүйек-сүйегін қан қақсатып қақырата бастаған, бұрын-соңды басынан кешіп көрмеген бейтаныс азапқа қылар қайран таба алмай, сыз жарға қайта-қайта басын ұрады. Бұл оған иығын тосады. Әйелдің тастай ауыр басы бұның бұғана сүйектерін қиратып жіберердей екілене түйгіштейді. Әлдебір сәтте әйелі үн-түнсіз сұлқ талып түсті. Сол екі арада бұл өмір бойы естімеген әуелі әлденеге тұншығып, артынша-ақ құлақ жарардай бажылдай жөнелген ащы дауыс шықты.

Сол-ақ екен құдықтың аузындағы дөңгелек нұр оқыс гайып болды да, артынша қайта жарқырады.

Әуелі омырауына болар-болмай бірден құлағандай болды.

Ол омырауындағы нәрсені иегімен іздеп жүріп, тауып алды. Кілт екен. Тісімен тістеп тұрып, сұлқ жатқан әйелінің қолындағы кісенді ашты.

Әйелі әлгі бір шарылдаған дауыстан оянып кеткендей, кеудесіне жан кіріп, қозғала бастады. Сәлден соң есін жинап, қайтадан бебеулей жөнелді.

— Бол, мына кілтпен менің қолымдағы кісенді ағыт, — деп ақырды бұл.

Әйел қараңғы қапаста сипалап жүріп қолын әзер тапты. Сосын кілтті таба алмай, біраз азаптанды.

— Бол, бол! — дейді бұл дызығып.

Әлгі бір ащы бажыл басылар емес.

Бір уақытта кісен де ағытылды. Бұл жалма-жан ащы айқай шығып жатқан жерге ұмтылды, қолына жып-жылы бірдеңе ілікті. Кішкене сәби кіндігі үзілмей шыңғырып жатыр. Ащы даусы бірте-бірте тарғылданып барады.

Ол жас нәрестенің бауырына бас қойды да, шұбатылып тұрған жып-жылы ішекті тісімен қырқып үзіп жіберді. Әйелінің шашын күрт-күрт жұлып ап, тас қып байлап тастады.

Бауырындағы жып-жылы жұдырықтай ет сонда ғана жаны жай тауып, омырауына кіре түсті. Пәлен айдан бері ширығып жүрген жүйке-жүйкесінің бәрі түбіттей түтіліп, сүйек-сүйегі борша үгіліп қоя берді.

Ол арқанды әуелі әйеліне кигізді. Кішкене нәрестесін құшақтап өзі сосын шықты.

Зынданның аузында тұрған дудар бөрік қара сақалдыға әйелінің мойнындағы жақұт алқаны үзіп ап, ұстата салды да, қолындағы қылышын жұлып ап, бек жатқан ордаға қарай беттеді.

Зындан басындағы абыр-сабырды естіп қап, жан-жақтан жүгіре шыққан қарулы сарбаз бір қолында жас нәресте, бір қолында ақ алмас, ордаға қарай ұмтылып келе жатқан жалаң аяқ, жалаң бас, жүзі суық адамға қапелімде не істейтіндерін білмей, аңтарылып тұрып қалды.

Ордаға кірер жерде тоқтатпақшы боп, екі сарбаз шалғайына ұмтылып еді, қабаған итті қамшысымен тартып-тартып жібергендей, оң қолындағы ақ алмас айға қарап екі-ақ рет жарқ етті, екі босағаны қан жуып қоя берді.

Ол әйелін жетектеп бектің үстіне кіріп барды.

Есік жақтағылар тұра ұмтылған-ды, бек оларға иегін қағып ишарат білдірді. Көтерілген қарулар қынабына қайта түсті.

Бектің ойына не түскенін кім білген, бұларды балалары қырқынан шыққанша оңаша отауға жасырып бақты да, балалары қырқынан шыққан соң, екеуін екі атқа мінгізіп қашырып қоя берді.

Кейін бұл дегеніне жетіп, кеше белінен басып қорланғандарды енді өзі бірінен соң бірін аяғына жаныштап, бүкіл осы елге бір өзі дербес билеуші болып алған соң, сол құм арасындағы елге қалың қолмен бағыт түзеп еді, бір апта жол қалғанда ұлы дарияның жағасында аттарынан түсіп, найзаларын құмға шаншып тізіліп тұрған дудар бөрік көп жасақты көрді.

Бұлар жақындай бергенде, орталарынан үш кісі бөлініп шығып, бұған қарсы жүрді. Әмірші ортадағы үшкіл сақалдыны таныды – баяғы өзін қашырған бек екен.

Ол бұған бес адымдай жер қалғанда:

– Мынау – құран, мынау – қылыш. Бізге сенсең құран ұстап анттасамыз. Ал сенбесең, мә қылыш, бәрімізді шауып таста, біз қару жұмсамаймыз, – деді.

Бек өле-өлгенше бұның қадірлі әмірлерінің бірі болды.

Алғашқы әйелі отыз тоғыз жасында дүние салған-ды. Ол ханым боп қызықты дәурен сүрмей, бұған жар боп қана өткен, қиын-қыстауды бірге өткерген, алғаш рет әке атандырып, дұшпанның сөзі мен ғайбатынан сарсаң кесек боп қатып қалған суық жүрегіне тұңғыш рет жылу дарытқан қадірлі зайыбына арнап мешіт тұрғызды.

Үлкен баласы көрген сайын көзіне оттай басылады. Есіне сонау жастық шағы, аяулы жары түседі. Оны бөтен елге де қимай аттандырған-ды. Осы күнге дейін баласының дұшпан елдің оқ боп атылар мың сан көзінің сұғында жүргенін ойлағанында, тұла бойы дүр тітіркеніп, жон арқасын мұз қарып өткендей болады. Үлкен ұлы кеткелі жер қайысқан қалың қолдың арасында жүрсін мейлі, айғыр жиын ду-дудың ортасында отырсын мейлі, төрт жағында төрт ұлы, қаптаған немерелері қоршап тұрсын мейлі, өзін-өзі бір түрлі жалғыз сезінеді. Мынау көл-дария аспанның астында кімнің болмасын мәңгі серігі құлазыған жалғыздық екенін де енді ғана ұққан сияқты.

Анасы марқұм өлерінде, арса-арса сүйегін зорға көтеріп жатып:

– Балам, сен арманыңа жеттің. Ал мен арманда кетіп барам. Жапан түздегі оқшау әулиенің ағашындай жалғыз қалпыңда тастап барам. Астыңдағы тақты кебісіңнен мықты көрме – одан да сыз өтеді. Үстіңдегі ақ ордаңды сауытыңнан мықты көрме – оған да көз өтеді. Жан-жағыңдағы әр қатыннан тараған торпағыңды айбар тұтпа – оларға да сөз өтеді. Қаптаған қалың әскеріңді қалқаныңнан мықты көрме – оған да көз өтеді. Қайбір ыстық-суығыңды бір көріп, бір көрпеден өретін әйелің бар. Әр көрпенің астыңдағы әйел де бір – үйірдегі бие де бір. Сауырыңдағы сенен гөрі бауырыңдағы құлыны жақын. Жылқы баласының еркегі, тісі қатайған соң, үйірден алдымен атасын шайнайтын. Содан сақ бол. Көп ұлды кім тауып көріпті. Қартайған шағында апанын бөлтіріктеріне алдырып, желдің өтінде қалған кәрі бөрідей әрі-сәрі күнге ұшырамайын десең, көп баланың бірін баулы. Көп қатынның бәрінің көңілін табам деп шөре-шөре болмай, қадіріңді өткізіп, бірін тұтын. Сенің әкең, ұлы жалғыз өзің болған соң, ертерек аттан түсіп, билікті саған берді. Ал сенің балаң көп, өз күшіктеріңді өз көзіңше қырылыстырып қоймай, өле-өлгенше ешқайсысына тағыңды берме. Тұғырдан түскен соң, балалы қатыныңды сағалама – балаларына арқа сүйеп, басыңның қадірін кетіреді; баласыз әйелді сағала – балалы әйелдеріңнің алдында баласыздығынан қорғалақтап, өзіңді пана тұтып, өле-өлгенше сыйлап өтеді, – деген.

Өзге жұрт есітпесін, өзі мықтап ұғып алсын дегендей, қолынан тас қып қысып ап, сыбырлап, қадалып айтқан осы сөздерді естігенде, бұның сай-сүйегі шымырлап қоя берген-ді. Айтарын айтып болған соң, әл кеткен қаймыжық еріндер қайтадан табысып, манадан бері бұның жүзіне қадалып алған сұрғылт көздер өз-өзінен бірте-бірте алыстап бара жатқандай көрінді. Ауру қаусатқан кәрінің қалтылдақ қолы құс мамық төсекке сұлық құлап түскенде, қаһарынан күллі жаһан ыққан әмірші басымен анасының бауырынан көзі ашылмай тұрып ажыраған бала күшіктей абдырап қалған-ды.

Содан бері алыс жорықтардан елге оралғанда есіне анасының осы бір сөзі түседі.

Сөйтіп, қазіргі Ұлы ханым шынында, бәйбішенің орнына түскен пара бәйбіше еді. Ұлы тұқым ұрпағының бірінің қызы-ды. Бұл бүкіл елді біріктіріп жұлдызы оңы-



нан туып тұрғанда, ата-тегінде ешкім таққа отырып көрмеген ақсүйек те емес, қара сүйек те емес, ала сүйек деп көз аларта беретін жуан тұқымның өзін кіндіктен матап, өз қолында ұстап отыру үшін әдейі үйленген-ді.

Шетінен бақ құмар келетін айтулы тұқымның қызы бұның қылышының астына бір тудан соң бір ту жапырыла құлап жатқанын көріп, өсіп-өнген өз жұртынан гөрі бұған бауыр басыңқырап кетті. Төркіндерінің кейбір пыш-пышына құлақ та аспайтын болды. Қыздарының қыңырайғанын көре-көре, төркін жағының да көңілі суйын деді. Бірте-бірте қыздарын емес, бұны жағалап келетінді шығарды. Өйткені батпан көкірек шонжар әулеттің таусылып бітпейтін шетсіз-шексіз көп қолқасын қыздарынан гөрі бұл оңайырақ орындап жіберетін-ді. Қазір мұның найзасынан аспандағы ай мен күннің өзі айбынатындай болған тұста, олар бір кездегі жуан тұқымның ұрпақтары екенін айтып, тұмсықтарын шүйіруді біржола ұмытқан-ды.

Олар келе-келе бабаларын ауызға алуды атымен қойып, енді оңды-солды бұны айтып мақтанатын болды. Кейінгі кезде бұның ұлдары ер жетіп, өзімен бірге жорыққа аттанып, ерлік көрсетіп көзге түсе бастағанда, кер ауыз тұқым бұның өзін де қоя қойып, «біздің анау пәленше жиен баяғы пәленшекеме тартқан, көрерсің де, білерсің, ол әкесінен де озады» деп жиендерін мақтайтынды шығарып жүр.

Бауырынан өрбігеннің бәрі ұл болып туып, бәрі де аман-есен ер жетіп келе жатқаннан бері Ұлы ханым да бұрынғыдай асты-үстіне түспейтін болды. Тіпті кейінгі кезде балаларынан туған немерелерінің бәрін өз қолына жиып ап, тек жорықтан қайтқан уақытта болмаса басқа уақытта: «Келсе, өзі келсін», – деп, сарайында жатып алатынды шығарды.

Ана бір жылы анасының сөзі есіне түсіп, нағашы жұртынан кіші әйелін алды. Он алтыға енді шыққан бала қыздың мінезі баяғы алғашқы әйелін есіне түсірді. Тарпаң-тұрпаңсыз, биязы. Биліктің әзәзіл дәміне әлі құныға қоймаған уыз жас. Кейінгі жорығына бұрынғы әдетімен Ұлы ханымды алып, оны осында тастап кеткен-ді. Ал Кіші ханым жорықтағы жарының құрметіне мұнара салыпты. Қазір байтақ шаһардағы мұнараларының бәрінен бойын асырып тұрған – сол.

Алмас хан осы оңаша сарайды Кіші ханымға берген-ді. Енді алыс жорық алдындағы аз тынысын осында

өткізбек. Егдерген шағында бұрынғыдай сарайдан-сарайға көшіп жүргенді қойып, осында біржолата тұрақтамақ.

Бәлкім, бәйбішесінің соған іші тарылып жүрген шығар. Баяғыдан бері осыған да ақылың жетпей отыр ма дегендей, дәл тұмсығының астынан ара ұшып өтті. Төбесіндегі жапырақтар да жамыраса сыбдыр қақты.

Ол мынау ойына оқыс түскен ақылға қайран қалды. Жастық шақта ой екеш ойың да бірден шалатын жас тазыдай бүйтіп басын қатырып із шарлап кетпейтін еді.

Әрине, бұрын қасынан шығармайтын өркөкірек бәйбіше жас әйелімен оңаша кеткеніне риза емес. Тірі ол түгілі өлген әйеліне мешіт салған жылы да Ұлы ханымның ұзақ уақыт қабағынан кірбің кетпеді. Бұрын мешіт шымбайына батып жүргенде, енді, міне, жаңа мұнара тағы қосылды.

Кәрі әйел күйеуіне жұрттың үстінен сөз тасып жағынбаса, басқа несімен жағады? Әлгі нарт қызыл алма да – бәйбішесінің сондай іші тарлығынан шығып жатқан ишара. Ендеше бұған бола бас қатырудың қажеті жоқ. Бүгін күні бойы жанын тызылдата жеп жатқан жегі құрттың ындыны бітелгендей, арқасы жайылып қоя берді.

Әмірші сол күні күндегісіндей емес, жайлы ұйықтады, жай тұрды. Таңғы астан соң күйме жеккізді.

Сарай қақпасынан жарқырап шыға келген сары ала күйме соңына желкілдетіп нөкер ертіп, жаңа біткен оқшау мұнараға қарай тартты.

Үш тарапты табанына таптаған Әмірші өзі басып алған елдерде алтын тәж бен тақытқа қандай өш болса, сәнді сарайлар мен мұнараларға да сондай өш-ті.

Ол өзінің жаһандағы билеуші атаулының бәрінен озғаны секілді астанасын да бар шаһардың бәрінен оздырмақ. Кешегі жорығынан да мыңнан астам шеберді көзінен тізіп айдап келді.

Әр жорықтан оралған сайын, астанасын бір аралап шығады. Қазір Байтақ шаһар мұның өзі көрген шаһарлардың қай-қайсысынан да ажар асыра бастады.

Әсіресе өткен жолы қатты риза болды. Кіші ханым бұның көңіліндегісін көрмей біліп, алдынан көкпен таласқан көк мұнара салғызып қойыпты.

Өзінің салынған жері де сәтті табылыпты; анадайдан мен мұнда лап тұрады екен. Айналасы ашық. Ажар салыстырардай өзге мұнаралардың бәрі алыста.

Әнекей, көк мұнара күлімдеп шыға келді. Көзің түскенде-ақ, бірден көңілің жадырап қоя береді. Әншейінде әрі кетіп өңсізденіп тұратын шілде аспанына да көк ніл қайта оралғандай, әсіресе мұнара төбесіндегі аспан, ала бөтен мөлдіреп көрінеді.

Мұнара, бұлар жақындаған сайын, биіктей берді. Күлім қағып тұрған өңі бірте-бірте сұстана түсті. Дәл іргесіне келгенде, зеңгір көкті төбесімен тіреп шалқалап жатып алды.

Әміршінің көкірегіндегі бір-бірімен итжығыс түсіп, арбасып жатқан әр ұдай сезімдердің бәрі де жым болды. Көз алдында көк тіреп тұрып алған тәкаппар мұнара көңіліндегі көп түйткілді қуып шықты. Осындай асқақ мұнараның басқа еш шаһарда жоқ, тек өз астанасында тұрғанына қатты риза болды. Басқа шаһарда тұрса, соныңдағы самсаған сан нөкер әлдеқашан қолдарына балта алып, әміршілеріне аспандай қараған тас құбыжықты талқандай бастаған болар еді. Бұл жолы бәрі ауыздарын ашып қапты.

Бұдан былай бұл мұнара оның аспандата көтеретін көк туындай күллі әлемнің тас төбесінен қарап тұратын болады.

Ұлы Әміршінің өзі секілді жер түбінен мен мұндалап, өзіне шақырып тұрады да, қасына келгенде, айбынтып шыға келеді.

Көк мұнара көзіңді жіберер емес. Әмірші тәкаппар сұлудың асқақ жүзіне телміре қараған бозбаладай тамсанып әлі тұр.

Ол мынау көк мұнараға, оның ажарына ажар қосқысы келгендей, төбесінен төңкеріліп жатып алған мөлдір аспанға, жеті жыл бойы осынау заңғар биікке мысқалдап өрмелеп, осындай мұнара тұрғызған шеберге, алыс жорықтан шаршап қайтқанда, қалжыраған көңіліңді тас-түлек қырандай самғатып аспаннан бір шығаратын көз қуаныш әзірлеген зайыбына – мұның абыройын асырып, атағын жайып жатқан мынау жарық дүниенің бәріне аса разы болды.

Көк мұнара, алыстасаң болды, қайтадан бұрынғы жылы өңіне ауысады. Жаңа ғана қасына барғанда, состиып-состиып сұс көрсетіп тұрып алған көк тастар қайтадан күліп қоя береді. Алыстаған сайын, көзіңе шоқтай басылады. Жаңа ғана аспандай қарап, көз қиығын салмай тұрған асқақ сұлу, қасынан ұзай бергенде күлім қа-

ғып, қайтадан өзіне шақырғандай. Шырқ айналып шыққың келмейді.

Мына мұнарада еркекке тән ерлік пен тәкаппарлық емес, әйелге тән паңдық пен мейірім қоса қабаттасқан ерекше бір сүйкімді көрік көбірек.

Ол сан-сапат жорықтарында талай мұнаралар мен сарайларды көре-жүре, тап мынадай сиқыр сұлулықты бұрын-соңды ешқайдан жолықтырған емес. Бірақ көзін жібермей, көңілін тұзақтап тұсап-матап тастаған өзгеше көріктің сиқырына түсіне де алмай келеді.

Жанына жақындағанның ешқайсысына мейір танытпай, ту-ту алыстағы аяулысына күлімдей қарап, келе гөр, келе гөр деп жалбарынған аяулы ару, асыл жардай асқақ мұнара...

Мұнараны салған шебер жас ханымның алыс жорықтағы жарына деген сағынышты махаббатын қалай дәл бейнелеген...

Жаңа ғана жарқ-жұрқ етіп дәл жанында тұрған асқақ мұнара алыстаған сайын әлдебір көкшіл кіреуке жамылып, жүрегінді шымылдатар мұңлы мұнараға орана түсті.

Енді «апыр-ай, тастап кеткенің бе?.. Кетпе... Кете көрме...» деп жалынып тұрғандай.

«Тоқта! Қайт кейін!»

Табан астында былайғы ойдың бәрін белден омырып, көңіліне ұялай қалған осы бір оқыс бұйрық көмейіне кептеліп тұрып қалғандай. Әмірші шалқалап жатқан жұмсақ арқалықтан басын жұлып алды, бірақ үндемеді...

Енді сарайға қайтып оралғанша, мұнара жаққа қарамауға тырысты. Оның бұл мінезін қасындағы нөкерінің ертең қандай саққа жүгіртерін біле алмай, жұмсақ арқалыққа қайтадан шалқалап, көзін жұмып ап жатты да қойды.

Түскі тамақта әлденеге жүрегі өртеніп, ештеңеге тәбеті тартпады. Балға малып мұздатқан бір тілім қауынан басқа аузына ас алмады. Салқын қауын өз-өзінен лоблып тұрған жүрегін басқандай болды. Бұл жолы алма әкелінбепті. Қызметші әйел де жұп-жұқа селдір желеңнің ар жағында көзін төмен салып, үлбірей қалыпты... Кешегідей бұны сынай қараған сынай танытпады...

Қызметші әйел кеткен соң, кең бөлменің қақ ортасындағы күңгірт күрең, көк мәрмәр шаршылардан қиюластырып жасаған хауызда бүлк-бүлк шығып жатқан

мөлтең суға қарап біраз отырды... Сол бір көз жасындай, көріне түсіп жоғалып жатқан мөлт-мөлт тамшыларға қараған сайын, көңілі әлденеге жібектей жұмсарып барды. Көктемнің майда самалындай әлдебір майса сезімнен мұның жанында пәлен жылдан бері тапжылмай жатып алған қаттылық пен қатыгездіктің меңіреу тоңы біртіндеп мүжіле түскендей, қараптан-қарап отырып әлденеге елегізіп, бір түрлі жалғызсырағандай болды. Көкірегінде ойда жоқтан аяныш оянды. Мынау еміс-еміс көрініп ап, бойын жазып шапши алмай қайтадан құрдымға жоғалып жатқан мөлдір суды ма, жоқ әлгі кіреуке көк мұнарға оранып ап, мөлдіреп қала берген көк мұнараны ма – нені аяп отырғанын өзі де білмейді... Мынау мөлдір судай мап-майда үлбірек сезім ойына тағы да ханымды түсірді. Ол әлгі көк мұнарада бұған алыстан қол бұлғаған сағынышы мен асыға күткен ынтызарын, өзгеден ала бөтен өліп-өшкен ықыласын ғана емес, жалғыздығын, басқалардың көптігін істеп басынғанын көріп, қамырыққан қам көңілін, «кел, мұңымды тыңда, ұқ, қорға» деп шағынған жалбарыныш сезімін түгел бейнелегендей. Асқақтық пен нәзіктік, шаттық пен мұң, ерлік пен аяныш, сағыныш пен құштарлық – бәрі қосылғанда махабаттан басқа не болушы еді.

Оның қандай екенін басқа білмесе де, бұл біледі. Марқұм қайтыс болған бәйбішесі пәлен күн шағыл кезген қуғын-сүргін жүріске шыдай алмай, мұның бауырына кіруге именіп, жасқаншақтап қасына жабысып: «Әбден болдырып барам, сәл демеп жіберші», – деп қиналғанда, қажыған жанарынан тап осындай біріне-бірі тіркесіп көрінген көп сезімді көруші еді.

Анада үлкен ұлы оңаша кеп қоштасып кеткенде де, оның қалың қабақтың астына тереңірек жасыруға тырысып баққан жанарынан баяғыда анасының көзінен аңғарған сол бір кіреукелі күйді көргендей болған-ды.

Мана көк мұнарадан алыстай түскендегі көзіне іліккен көріністен де сол бір өзіне өзге жұрттан ерекше ыстық екі адамның жанарынан байқаған тілмен айтып жеткізе алмастай тылсым сезімді көрген екен ғой. Сиқыр мұнарадағы ала-бөтен көріктің сырына енді түсінгендей болды. Ол Кіші ханымды осы қазір көргісі, оның жау-тандаған жанарына осы қазір үңілгісі келді.

Көкірек тұсы әлденеге оқыс бұлқынғандай секілді. Ол тап бүгінгідей албырт сезімді көптен басынан кешіп көрмеген тәрізді еді. Аяқ астынан мұндай күйге ұшыра-

ғанына ма, жоқ пәлен жылдан бері мұндай сезімсіз сіресіп қалай өмір сүріп келгеніне ме – қайсысына қайран қаларын біле алмады. Не де болса, ханымды тап осы қазір көргісі келді. Оның жанарының да қандай екенін ұмытып қалыпты. Көп оңаша жолығып жарымаған-ды, жұрт ішінде әйелінің жүзіне сұқтанып қарап отыра алмасы сірә белгілі... Шамасы, ашаң жүзін ашусыз сынық көрсететін мөлтілдеген мойыл қара көзді, сұлу қыр мұрынды, ыстық ықылас сыйғыза алмастай тым қаймыжық жұқа да, сезімсіз дөрекі көнтек те емес, етті, ұлпа ерінді, жұмыр иек болса керек. Өлтіріп-өшіріп, күйдіріп-жандыратын шоғынан гөрі шуағы, естен тандырар сиқыр күлкісінен гөрі кісі қиып кете алмастай жұмсақ мұңы, нұры мол, ұялшақ, биязы, махаббатқа адал әйелдердің түр-түсі әдетте солай келеді деседі.

Манағы көрген көк мұнарада бейнеленген махаббат – тап әлгіндей әйелге тән махаббат. Адамзат жүрегіне баратын төте жолды әйел жүрегінен бастаған Сүлеймен пайғамбардың өзі сұлу-сұлудың қанша бір түрімен пейілдес бола тұра, адамды әлгіндей қаяусыз сезімімен жіпсіз матап алатын ибалы аруларды періште тұтқан көрінеді.

Сүлеймен пайғамбар шырын шарапты тәтті ләззатынан айрылып қалам деп, тілінің ұшын ғана тигізіп, тек дәміне тамсанып отырыпты-мыс деседі. Ал бұл ат үстіндегі сарт-сұрт сарбаздығына басып, тап олай сырбазсып көрген емес-ті.

Бақса, осы уақытқа дейін маңдайына біткен бақтың рахатын қызықтап көрмепті. Оның ерте суынған жүрегі аяғының астына кеп құлаған әр алуан тулар мен домалап жатқан көп тәждан басқадан ләззат іздемепті.

Қит етсе, басындағы тәж бен астындағы тақыт аяғын байлап келіпті. Қырық пышақ елдің тәжін киіп, тағына мінген адамның олай болмасқа амалы да жоқ еді. Енді, міне, екеуі бір сарайда отырып, қасына Кіші ханымды шақыра алмай, дал боп отыр, Өзгелер тарапынан тізені көп көріп, әбден қаттылыққа үйреніп, үй ішін де маңына көп жолата бермейтін Әмірші ханымдар бөлмесіне де тек түнде ғана бас сұғатын. Елші қабылдаған, жұртпен кеңескен, не үй іші боп, бала-шағамен түгел бас қосқан ошақ басы мәжілістер болмаса, әйелдерімен күндіз оңаша жолығу салтында жоқ-ты.

Енді, міне, қанша алағызса да, Кіші ханымды қасына шақыруға, не өзі барып жолығуға төңірегіндегілерге өзі

үйреткен салт аяғына тұсау боп отыр. Тапа-тал түсте әсіресе бәйбішесі әлгіндей жорамал жолдап, әр қызметшісі бұл не істеп, не қояр екен деп, әр адымын аңдып отырған тұста күндіз Кіші ханыммен жолығысса, төңірегіндегі жұрттың неге жорырын кім білсін...

Кешті асыға күтті. Бұған дейін зулап өткен уақыт енді аяғына тұсау түскендей, баспай қойды. Күн көзі де ұлы бесінге барды да, бір орында тапжылмай тұрып алды.

Оңаша бөлмеде сарылып отыра беруге дегбірі жетпеген Әмірші қайтадан бақ кезді. Күндізгідей бұлақ басына барып ойға шомып отырғысы келіп еді, іріген айрандай ойының басы қосылмай, орнынан тұрып кетті. Ауық-ауық күн көзіне қарап қояды.

Жаудан қайтпаған жүрегі әйел төсегіне жақындауға қаймығатындай болған кезінде, жаңа үйленген бозбала жігіттей, күннің тезірек батқанын, тезірек ымырт орнағанын тыпырши тосты.

Көлеңке ұзарды. Ағаш-ағаштың көлеңкелері бір-бірімен ұштаса бастады. Бақ іші күңгірттене Әмірші сарайына қайтты. Манадан бері сарыла тосқаннан саз тартқан жүрегіне тағы бір күптілік кірді. Кешке абажадай кең бөлмеде самсай маздаған самала шырақтар жарығында өзінің мынау ұлан асыр жарық жалғанда жалғыз екенін ойлап елегізіді. Көк найзалар арасында тұрса, қасқая шапқан қалың жаудан да қорықпас еді. Жалаңдаған жас жігіт шағы болса, ойланбастан ханым бөлмесіне қойып кетер еді. Алағызған албырт махаббат айдап апаратын жастан кетті. Сырласып, құса таратуға кіретін сырды бәйбішесі емес, уыздай жап-жас бейтаныс бойжеткен. Атын да білмей, асығыс ұшырасып, айрылысып кеткен көп кәнизактың біріндей Кіші ханым осы кезге дейін өзіне бір тіл қатып көрген емес. Әмірші, міне, отыз жылдан асыпты, ешкіммен сырласып көрмепті. Қазір барып Кіші ханымға не дейді? Абажа бөлмеде атымен жат бір әйел, бір еркек не бітірмек, не сөйлеспек? Үлбіреген бала қыздың өзінің әйелі екені шын. Ол түгілі бүкіл байтақ шаһар, ондағы әр үй, әр адам Әмірші дегенде тік тұрады. Бүкіл ел тік тұрады. Жарты әлем аузына қарайды. Бірақ жарты әлем толы жанның ешқайсысымен іш ашысып сырласа алмайды. Кіші ханым да – сол жарты әлемді жайлаған жұмыр басты пенделердің бірі. Мынау оңаша сарайға екеуден-екеу қамалғандарына әлденеше күн өтті. Бірақ батылы жетіп күйеуінің қасына келе ал-

мады. Неткен тамұқ дүние... Ашса – алақанындағы, жұмса – жұдырығындағы жарты әлемдегі жан біткеннің жаны да, тәні де – бәрі өзінікі, бірақ бәрі жат... Бәрі де бұдан тек бұйрық қана күтеді. Бұрын ол өзінен басқалардың бәрі де өкіметтің өктемдігі деп аталатын көзге көрінбес қыл тұзақпен шандулы, тырп етерге дәрмен жоқ тозақ торда екенін жақсы білетін. Бірақ ондай тордан өзін азатпын деп ойлайтын. Бүгін кеп байқаса, сол өзгелерді матап келген қыл тұзақ, енді, міне, өзінің де аяқ-қолын шырмай бастапты. Жұрт бұрын әміршінің көзі мен сөзінен қорқатын болса, енді, міне, Әмірші де жұрттың көзі мен сөзінен қорқатынды шығарыпты...

Міне, ол мысық табандап өзі жататын бөлмеден шықты. Түн ортасы ауғанша тырп еткізбей матап қойған сиқыр тұзақ біржолата ағытылып қалып қоймай, әлі де сирағына жабысып шұбатылып келеді.

Қақ төбедегі мәрмәр шытыралар да, қос қапталдағы безерген мылқау қабырғалар да, тас бағандардың тасасына тығылған ұры көлеңкелер де, аяғының астындағы масаты кілемнің жапырыла құлап жатқан майса түктері де, тіпті қолындағы шырағдан да – әр адымын көз жазбай бағатындай; сарай ішінде әлдебір қалтарыстардан енді қайтер екен, енді қайтер екен, деп тағаттары таусылып аңдып тұрған мыңдаған тіміскі көздер мен қазір қаймығып, дымдары ішінде боп, жұмулы тұрған талай-талай жымысқы еріндер, ол қазір Кіші ханым жатқан бөлменің табалдырығынан аттауы-ақ мұң, бәрі бірдей жабыла табалай жөнелгелі тұрғандай.

Мыңдаған жанның басы бұныкі болғанмен, ойы бұныкі емес, тілі бұныкі болғанмен көңілі бұныкі емес. Бұл бір өзі мыңды аңдып тұра алмайды, мың бәрі жабылып бұны аңдиды. Мың қол, мың аяқтың әр аттағаны, әр қимылы бұның көзінен таса, ал бұның әр қимыл, әр аттағаны мыңның көзінде.

Олар мынау оңаша сарайдың ішінде түн ортасы ауғанша кірпік ілмей аңдып отыр.

Әне сақал-шашы ағарған, көзі қып-қызыл екі кәрі азбан құл қол қусырып босағадан жылыстай берді. Тірі өліктей боп мөлиіп, кірпіктерімен жер шұқып тәлімсіп тұрғандарымен, кәзір тұстарынан өте бере-ақ, бір-біріне ым қағады.

Әмірші әлдекім ту сыртынан қанжар сұғып алғандай, жалт қарап еді, айтқанындай-ақ екі құл бастарын енді көтергелі жатыр екен, оның сұп-суық жанарына оқыс



шарпылып, қайтадан мойындары салбырап жерге қарап кетті.

Серпе ашылған ауыр есік те қайта жабылғанда, емен жақтауға әлденеңе деп міңгір еткендей болды.

Әмірші самала шырақтар самсаған тағы бір кең бөлмеге өтті. Бір жақ бұрышта үйіріле қалған қара қоңыр көлеңкеден әлдене қылаңытады. Ол – созалаңдап орнынан тұрып жатқан қызметші кемпір... Кіші ханымның күтушісі. Әміршінің барлық әйеліне жас кезінде, хан ордаға алғаш аттаған шағында сол күтуші болады. Падиша төсегінің маңынан жүріп көрмеген осы бір қартаң әйел ханымдарға әмірші әйелі болғанның қалай болатынын үйретеді. Сарайдағы басқа қызметшілердей емес паң. Маңғаз басып, маңғаз сөйлейді. Әнеки, өзге қызметшілердей елпең ете қалмай, қалт-құлт тізесін нығыз ұстауға тырысып, керіле басып келеді. Елдің бар асылын ұстайтын қазына бастығы да тап мынандай кердеңдей алмас. Күтуші кемпір өзге сарай адамдарына ғана емес, Әмірші мен ханымның өзіне де аспандай қарайды. Құдды сол болмаса, олар бір-біріне жол таба алмастай. Әсіресе бұл алыс жорықтан оралғанда, басқанынан жер ойылатындай боп батпансып қалады. Міне, әдейі тоса тұрсын дегендей ұзын шұбақ бөлменің бір шетінен аяғын санап басып ілбіп келеді.

Күлгін атлас көйлектің үстіндегі алақандай сұрғылт беті бірте-бірте айқындала түсті. Ең алдымен, екі жерде едірейіп-едірейіп бурыл шалған қос жүндес қабағы көрінді. Қаймыжық еріндерге шабына төнген орақ мұрны сосын барып аңғарылды. Бір түскен жеріне желімше жабысып, қадала кететін екі меңіреу жанары танымай қалғандай біраз тесіліп тұрды да, Әмірші қабағын шытқанда барып, аударып әкетті.

Шұбатылған жеңі тұтқаға оратылып, асығып-үсігіп есік ашты.

Әмірші ту сыртына желімше жабыса қалған күтуші әйелдің өлімсіреген күңгірт жанарынан қашып құтылғанша асығып, ханым жатқан бөлмеге озды.

Бөлме іші бозамық. Ханымның төсегі қай тұста екенін, біраздан кейін барып аңғарды. Оң жақ бұрыштағы жермен-жексен жайпақ тақтаның үстінде томпиып жатқан соның төсегі. Солай қарай беттеп еді, көрпе мен жастық екі жерге екі төбе боп үйіліп қалған мыж-мыж төсектің әлдебір жерінен екі бірдеңе оқыс шоршып кетті.

Әмірші селт ете түсті. Екі үйік көрпе жастықтың арасы қайтадан тынши қалды. Баяғыдай емес, шоғы қайтқан солғын жанары күңгірт бөлменің бір түкпірінде еміс-еміс қылаңытқан төсекке қараған сайын, бұлдырай берді. Әлгінде ғана екі жерде екі үйік болып жатқан екі төмпек бір түрлі қозғалатын сияқты, біресе дөңкиіп биіктей түседі де, біресе, жым-жылас төсекпен төсек боп жоғалып кетеді. Әмірші бірер қадым ілгері аттады. Көрпенің астынан ешқандай тіршілік белгісі білінбейді. Кіші ханым әлдеқайда жым-жылас жоғалып кеткендей.

Төсектің төңірегі бөлменің басқа жеріндей емес, бір түрлі бұлыңғырлау. Сұлу әйелдің жас тәні мен әр алуан гүлдердің шырынынан жасалған жұпардың иісі ию-қию араласып, көнілдің әлдебір зымыран шыңырауына тұншыққан түсініксіз сезімді түрткілеп жатқандай. Әміршінің жаңа ғана темір серіппедей шиыршық атып кірген жүйке-жүйкесі буға ұсталған қайыстай жібіп, жұмсарып барады. Аяғын аттаса, құлап түсердей абдырап тұрып қалды.

Оның буалдырланып тұрған жанары тағы да ағараңдап оқыс шоршып түскен екі әлденені шалып қалды. Тұла бойын түгел еріте жөнелген бусаң сезім кілт кідірді, жүрегiнiң басы бүлк ете қалғандай болды. Дөңкиіп үюлі жатқан көрпенің тасасынан қос ақ білек қайта-қайта алақан жайып көкке көтерілді; кенет оқ тигендей, ұйпа-тұйпа үйіліп қалған көрпенің үстіне сылқ құлады да, екі қол айқаса, кетті. Сүйрік саусақтар бірінің арасына бірі сығымдала кіріп, біраздан соң құшағындағы мамық көрпені мытып ап, бауырына қыса түсті. Манадан бері қауқиып тұрған мамық көрпе әлдеқандай сиқыр құштарлық билеп алған темір тегеурін жас құшақтың мытып қысқанына шыдай алмай, еріген қардай боп, шөжіп барады. Көрпе тасасындағы бал-бұл жанған ал қызыл жүз енді көрінді. Мамық жастық дөңкиіп төсек басында қалыпты. Ханымның мойны бір жағына әнтек қисайып, жастықтан аунап кетіпті. Ұйпа-тұйпасы шыққан қолаң шаш жазық маңдайын жартылай көміп алған. Қос көз тарс жұмық. Қатты қызудан ауа жетпей ауырып жатқан кісіше, аузы әнтек ашылып қапты. Албыраған екі ерін өз-өзінен ісініп, бір-бірімен жымдаспай, екеуі екі жаққа шегінісіп кеткен. Ханым өз тісін өзі күл қып үгіп жібергісі келгендей, тістеніп апты. Бір-біріне қадалып қалған ақшыл тістердің ар жағынан әлдебір аласұрған қомағай құштарлық сес бергендей. Кіші ханымның ұйықтап жатып, әлденеге

өліп-өшіп, ендіге шыққан демі Әміршінің құлағын шаянша шағып алды. Осы бір тұңғыққа біржола батып бара жатқан кісінің жаны қарқараға келгендегі су астындағы былдырындай тұншыққан дыбысты ол алғаш рет он бес жасар бала кезінде естіп еді. Жастайынан балаларға қосылмай оқшау ойнайтын ол бір күні атына мініп ап, тау баурайын тіле құлаған сайдың бір жақпарында бөктергінің ұясына тұзақ құрып отырған-ды, сайдың табанындағы кішкене қыстақ жақтан бұл отырған жақпардың астындағы тұма бұлақтан су алуға келе жатқан әйел көрінді. Құмырасын иығына қойып, төгілтіп пәрәнжа жапқан әйелдің тұма бұлақ қайнап шығып жатқан қалтарыс кеуекке кіруі-ақ мұң екен, жақпарды орағыта құлайтын жалғыз аяқ жолда шақпақ тастарды шақыр-шұқыр құлатып түсіп келе жатқан, жалы тілерсегіне төгілген қара ат мінген қаба сақал біреуді көрді. Жал құйрығы шұбалған көшелі қара ат аяғын санап басып, төменге құлады да, тасаға түсіп, көзден ғайып болды.

Бала аңшы оның ешқайсысына мән берген жоқ, аңғардың ар жағында әлденеге шырқ айнала шүйіп жүрген бөктергіден көзін айырмай отыра берді, кенет сай бойынан шыңғырған әжептарқы дауыс шықты. Әйел даусы. Орнынан атып тұрды. Әйел бажылдап үсті-үстіне шыңғырды. Бала қолына садағын алып, тастан тасқа қарғып, асыға-үсіге манағы әйел су алуға кіріп кеткен кеуекке қарай жүгірді. Бір-екі жерде сүрініп кетіп, алақанын тасқа сыдыртып алды. Оған да қараған жоқ. Бұл кеуекке жақындаған сайын, әлгі шыңғырған дауыс әлсірей түсті. Бұл онан сайын зәре-құты қалмай, жанталаса ұмтылды. Ақырында, тұма бұлақ шығып жатқан қалтарыс кеуектің жар қабақ ернегіне де жетті. Енді болмағанда биіктігі құлаш жарым ернектен кеуекке бір-ақ ырғығалы тұр еді, құлағына көмекке шақырып шыңғырған да, шағынып жылаған да емес, бұрын-соңды бұл естімеген бір түрлі ерсілеу дыбыс естілді. Ауру батқан азаптың емес, иіген саулықтың мекіренгеніндей әлденеге байыз тауып рақаттанған мекер дыбыс. Бала аяғының астындағы кесекті теуіп жіберіп, кеуектің астын бір тасыр-тұсыр еткізді де, қайтадан орнына беттеді.

Біраздан соң жалды қара атына мініп, сай табанындағы ағын суды кесіп өтіп, арғы өр бауырға тырмыса көтеріліп бара жатқан бейсаубат жолаушыны көрді.

Көп ұзамай әйел де кеуектен шығып, сай-табанында ақсиып жатқан жалғыз аяқ жолдың бойында су толы құмыраны бір иығына қондырып ап, бөксесі бұлт-бұлт ойнап, бұрала басып бара жатты.

Қаннен-қаперсіз кішкене қыстақтан жаздыкүнгі шытырмақ аспанға көрінер-көрінбес боп селдір түтін ұшады.

Бекерден-бекерге жарадар болған баланың қос алақаны шымырлап барады. Тас кеуек пен өзі ғана куә болған әлгі оқиға ойына түскенде, баланың көкірек терісі жалбырап, қан шапшып тұрған ұлпа алақанынан гөрі де удай ашып тызылдай түседі.

Әмірші енді аңғарды. Қазір де көкірегін тап сол жолғыдай әлдене тызылдатып алып барады.

Өз-өзінен дөңбекшіп жатқан ұйпа-тұйпа төсектен құдды бір құбыжықтан қашқандай безіне шегіншектеді.

Есіктен қалай шыққанын да білмей қалды. Соза-лаңдап орнынан тұрып жатқан күтуші кемпірді де байқамады, азбан құлдар да көзіне түспеді. Кіші ханым иемденген бөлмелер біржола артта қалғанда барып, қызметшілері бұл неге тез шықты екен деп таң қалатын болды-ау деген ұры ой қосарлана кетті. Онсыз да тызылдап келе жатқан көкірегі онан сайын ит жыртқандай болды. Өз бөлмесі биылдыққа жеткізбес жердің түбі боп көрінді.

Әмірші өз төсегіне болдыртып жетті. Айдалада кең бөлменің қуыс-қуысынан бұның көзіне түспейтін әлдебір тіміскі көздер бұл не істер екен деп, табалап қарап тұрғандай, ол жатарын да, тұрарын да білмей, абдырап қалды. Бөлменің қақ ортасындағы жыланша шапшыған кішкене хауыздың еміс-еміс сылдырынан басқа дыбыс та жоқ. Айналасы ат шаптырым жер алып жатқан кең сарайдың еш жерінен ешқандай сыбыс шықпайды. Кең бөлмедегі ауа бір-бірімен ұстасып, ұйып қалғандай. Тынысы тарылып барады. Хауыздың қасына келіп еді, мөлт-мөлт жылап тұрған мөліме суға қараса, көкірек тұсын темір сауыттай сірестіре қысып тұрған ашу үгітіліп күйреп кетердей, ілбіп басып бақша жаққа қараған терезенің алдына келді. Шыр айнала қоршап жатқан хан сарайдың қақ ортасында хауыз бен гүлзар. Бұл терезенің алдына келгенде, батуға айналған айдың солғын нұры астынан әр жер-әр жерден бозараңдап әлденелер көтерілді де, бұрыш-бұрышқа үнсіз жылыса берді. Олар – сақшы сарбаздар, бұның көзін ала беріп, бәрі бірігіп әлденені ермек қып отырды да, енді бейуақта терезе алдынан хан көрін-

ген соң, көлеңке-көлеңкені сағалап орын-орындарына безіп барады.

Ай әлдеқашан еңкейіп кеткен. Оның бозамық нұры ауланың қақ ортасындағы хауыз төңірегі мен қарсы беттегі терезелерге ғана түсіп тұр. Бұл жатқан бөлме жақты қазанның түп күйесіндей қап-қара түнеріңкі түнек қоршап апты.

Жым-жырт. Көзді де, құлақты да бірдей байлап тастайтын жымысқы түн. Күндізгі абыр-сабырдың, қимыл қозғалыстың бәріне у беріп, талдырып тастаған тыныштық пен қараңғының қайраттарына мінген шағы. Ұры ойлар, ұры қылықтар, ұры сезімдер шағы. Күллі әлем түп-түгел күңірсік төсекке сүңгіп кеткендей әзәзіл шақ... Жұрттың күні бойы көңілге алуға да қысылып-қымтырылып жүретін сайқал нәпсінің аяғындағы тұсаудың ағытылатын шағы. Кім-кімнің де көңілін шайтан иектейтін шақ. Жарық күн мен ояу жанарлар көзден таса қалтарыс-қалтарысқа қуып тыққан ыбылыс ластықтың мың-мың құрты қайтадан бас көтеріп, қараңғыны жамылып, қаптап өріп шыға келетін шақ. Адамдар – тек күндіз ғана адам, ал түнде олардың өзге жануарлардан ешқандай айырмасы жоқ, пыр-пыр ұйықтайды, қасында әйел жатса, барша жануарлардың қай-қайсысындай о да шырпынып аласұрады. Ертең қайтадан күн шығып, қайтадан жұрттың көздері тірілген шақта, әлгі жануарлардың бәрі өледі де, олардың орнына жарық күннен қысылатын, өзге өзі тектестердің көзі мен сөзінен қорқатын пенделер қайта тіріледі. Былайғы пенденің күндізгі қысылып-қымтырылып, өз аяқ-қолын өзі матаған сіреспе тіршіліктен бір сәт босап, арқасы жазылатын түндері бар, түнде ол жұрттың көзін де көрмейді, сөзін де естімейді, ың-шыңсыз оңашаға көшеді. Бұның ондай түні де жоқ. Бұл түнде де тас қараңғыда алау оттың жарығында жападан-жалғыз отырғандай. Түнек қараңғының түкпір-түкпіріндегі жымысқы көздердің бәрі бұны көреді, ал бұл төңірегін тас қып қымтап алған тас қараңғының тасасында не болып, не қойып жатқанынан атымен бейхабар. Ол адамдық тіршіліктің күндізгі бейнетін бір кісідей-ақ тартқанмен, түнгі ләззатынан біржола мақұрым...

Мынандай тас қараңғы түнде, төңірегінде күйек сасып теңкиіп жатқан өңшең жануарлар ортасында, қапаста қапырық жұтып отырғаннан асқан азап бар дейсің бе? Бұның қасында төңірегі шұлғау сасыған жортуыл түн-

дер не деген пейіш, ертең оққа ұшатынынан, не тірі қалатынынан атымен бейхабар, ерін жастанып, найзасын құшақтап, қор-қор ұйықтап жататын жауынгерлер неткен періште, сондай түнде сәл мызғыған не ертеңгі шабуылдың жай-жапсарын ойлап көрер таңды көзімен атқызған неткен рақат! Өліп-өшіп елге оралғанда, осы жұрттың төбесіне шығар мүйізі қайсы?

Әміршінің арықты жарып шығып, беталды құла түзге ақтарыла жөнелген қашпа судай, ойда жоқта қоздай бастаған оғаш ойлары осы арада жар қабақ жағаға кеп соқтыққандай тоқырап қалды. Есіне әлгінде ғана өзі барып шыққан бөлме, ұйықтап жатып шайтансыраған әйелінің ыңыранған оғаш дыбысы түсті. Сол-ақ екен жаңа ғана көз алдына елестеген, мынау қара түнде қаптап өріп келе жатқан құрт-құмырсқа енді бұның да балағынан еніп, кеудесіне қарай жабыла жорғалай бастағандай, тұла бойы түршігіп кетті.

Жалма-жан терезе алдынан кетіп, хауызға беттеді. Бір түрлі өзінің ояу екенін, әлде ұйқысырап жатқанын анықтап білгісі келген кісідей, бөлменің ішінен түк қалдырмай тінте қарады. Төрде бос жатқан төсегін көрді. Бет алдын хауыздағы судың мұздай лебі жалап өткендей болды. Алтын жалатқан жіңішке түтіктің аузына қолын апарып еді, әлдеқандай, ту тереңнен жыланша ире-леңдеп шығып жатқан мөлдір сұйық саусағын шағып алды.

Ол бойын жиып ала қойды.

– Апыр-ай, сонда әлгі қызыл алма...

Аузынан оқыс шығып кеткен осы сөздерді біреу естіп қалды-ау дегендей, пышақ кескендей тыйыла қалды. Үркек ой арғыға барғысы келмей, қанша тайсақтағанмен, айнала анталай шыққан көп күдік, көп сауал, жан-жақтан жабылып, қамшының астына алды. Бейшара ой тұяқкетті тұғырдай көп сауал кес-кестеген шытырман жолды жасқаншақтай басып, көп күмәннің көк ала тұман қойнауына қойды да кетті.

Сонда бәйбішенің жорамалы Кіші ханымға бағышталған болды. Күндес қатындар... Үйреншікті соқпаққа түсіп, текіректтей жөнелгісі келген көнбіс ұғымды тағы бір тосын тосқауыл сауал тізгінінен тартып, тұқыртып тастады... «Әрине, солай... Әлгінде ғана төсегінде әлдекімге құшағын жайып, бауырын тосып жатқанын өз көзіммен көрмедім бе? Перзент сүйіп көрмеген жас әйел еркектен басқа кімге еміренуші еді...»

Сонда оның осыншама өліп-өшкен еркегінің кім болғаны? Бәлкім, өзі шығар. Жоқ, жоқ, қисынға келмейді. Бұл жас әйелмен тап ондай аңсарға айналардай төсек сіңісті бола қойған жоқ-ты. Бір-екі рет бірге түнеп шыққан Кіші ханым тым ұялшақтық танытқан-ды, ондай әсіре құштарлық, ашқарақтық көрсете қоймаған-ды. Ендеше, ұйықтап жатып, түсінде ынтық болған еркегі өзге біреу. Жүрегі бір түрлі шым ете қалды. Өзінің мынау жарық жалғанда атымен өгей екені есіне түскенде, көкірегіне тас боп қатқан сіреспе мұз еріп, өксігендей болды. Кенет осы мен кімге өкпелеп отырмын деген ой оралды да, енді-енді сетіней бастаған тымырсық ашу қайтадан сіресе қалды.

Сонда мұның аруағын аттап, басынып жүрген, киелі төсегіне килігіп жүрген кім болғаны? Ол білетін жарық жалғанда өзін басынардай жан бар ма еді? Жорыққа аттанғанда елдің бетке шығар еркегінің бәрі соңында жүрмеуші ме еді. Апырау, ханымның көзі түсердей адам қалып па еді?

Қызылға талпынған аш бүркіттей, адуын ойды тежеп, әлгі сауалға жауапты байыппен іздей бастады.

Күйеуі жорықтағы жас әйел кімді кезіктіруі мүмкін. Сарайда қалғандардың бәрі жас жағынан мұның ізін қуып жүргендер. Жап-жас әйелді тап әлгіндей таңдай қақтыра қоятындай ешқайсысы жоқ сияқты. Ол сарайда қалғандарды жеке-жеке есіне түсіріп көрді. Әрқайсысын таразыға қанша салып, салмақтаса да, ешқайсысының бойынан тап сонша, ханымның көңілі кетердей қасиет таба алмады.

Сонда, кіші әйелінің көкірегіне жол тауып, күндіз есінен, түнде түсінен шықпастай боп жайлап алған жымысқы еркек кім болғаны?

Дал болған ой бір қауым жерді шарлап-шарлап шығып, баяғы бір тығырыққа тағы келіп тірелді. Әр шығанға алып қашқан ойлардан басы қатып кеткен бе, екі шекесі шыңылдап қоя берді. Көз алдына әлдекім тікен тіреп қойғандай, жұмыла жаздап, жұмыла жаздап тұрған кірпіктері қайта ажырап кетеді. Өне бойын бірте-бірте ауырлата түскен мең-зең хал қаңғыма ойдың соңына түсе беруге қажығандай... Шынында да, осы Кіші ханымның әлгі бір көрер көзге ерсілеу ұйқысырағанында осынша дал болатындай не тұр? Мүмкін түсіне өзі кірсе, кірген де шығар. Пәлен жыл жорықта жүргенде, күйеуін сарыла сағынып, төсекте бір жататын жұп түндерді аңса-

ған шығар. Пәлен күннен бері бір сарайда тұрып, бірін-бірі көрмей, әне келеді, міне келеді деп күте-күте әбден титықтаған соң қалжырап ұйықтап кеткен шығар. Пәлен күннен бері бір өзін ойлап, әуре-сарсаңға түскен сана түсінде де іздеп сандырақтаған шығар...

Егер сонша сарылып сағынбаса, мана күндіз, өз көзімен көріп, тамсанып қайтқандай тамаша мұнара салдырып қояр ма еді? Аспандай қараған асқақ мұнараның өне бойы толы махаббат табы емес пе еді... Махаббат...

Жаңа бір жол тауып ап, адымы енді жазыла бастаған ойы кенет ұшпа құзға қайта кеп тірелгендей, әлгі бір «махаббат» деген сөзге ілініп тұрды да қалды.

Иә, көк мұнараның өне бойынан өліп-өшкен махаббатты тану қиын емес. Бірден көзге ұрып тұр. Бірақ сол кімнің кімге махаббаты? Көк мұнара алыс жорықтағы еріне ынтыға қол созған сағынышты жар ма, жоқ алыстан қол созған ғашық жүректі мен мұндалап қасына шақырған сиқыр сұлу ма, қайсысы? Мана бұл қасынан көзі қиып кете алмай көп қараған жоқ па еді, сонда сиқыр мұнара өзіне тартып тұрмап па еді? Сонда оны салған шебер нені бейнелеген болды? Алыстағы жарын күткен сағынышты бейнелесе, қасына барғанда, асқақтап аспанға қарап жатып алатыны несі, сәл алыстасаң болды, қайтадан өзіне баурап, қараған көздің шырқ айналып шыға алмайтыны қалай? Жоқ, жоқ, шебер мұнараны салдырған ханымның алыс жорықтағы жарына деген пейілін емес, өзінің ханымға деген көңілін бейнелеген... Өліп-өшкен махаббатын бейнелеген... Иә, солай. Көк мұнараның сиқырына ол енді түсінді.

Әмірші ойда жоқта тауып алған мынандай оқыс жаңалығына, манадан бері жанын жегідей жеп отырған әлеке сауалдың ындыны тап бұлай оңай бітелгеніне қуанарын да, қынжыларын да біле алмады. Әлгінде ғана көз алдын тіреп тұрған көзге көрінбес көп бақан құлап-құлап кеткендей. Өне бойына енді-енді дари бастаған мең-зең зіл жым-жылас жоғалды.

Әлгі бір көзбен көріп, қолмен ұстатқандай, ұрымтал ойды жаңылып қалармын дегендей, іштей қайта-қайта ойлап, әбден жаттап отыр. Иә, бәйбішесі жіберген өзегіне құрт түскен қызыл алманың жауабы енді табылды.

Енді бұған қолмен ұстатқандай даусыз айғақ керек. Айғақкерді табу да оп-оңай. Жай-жапсарды бәйбішесінен сұраса, о да айтып береді. Бағанағы күтуші әйелден сұраса, о да айтып береді. Тіпті азбан құлдардың білуі де



әбден мүмкін. Ал бірден-бірі білетін кісі – бас шебер. Бұлардың қайсысын шақырып сұрағаны дұрыс. Ендігі гәп сонда?

Әмірші тағы да маңдайын ұстап, ойланып қалды. Бірақ бұ жолы ойы манағыдай керенау емес, әбден балағын түріп, жел аяқтанып алған. Мұндайда әбден кесіп-пішіп ойлап алмаса, өзінің абыройына да оңай тимейін деп тұрған күпті күмәннің бетпердесін қалай ашса дұрыс болатынын да көп бас қатырмай, бірден тапты. Мұндай ұрымталын өзі біліп тұрған күмәнды дабыра қып ешкімнен сұрамау керек. Бірден күмәндінің өзіне жабысқаны жөн. Ал әлгіндей түбі шикі әңгімені білетіндер бұл сұрамаса, өздері батып ешкімге ештеңе айта алмайды. Ауыздарына құм құйылып жүре берсін. Бұл мұнара салған шебердің өзін шақырып, өзімен сөйлеседі. Көкірегіне өзі кеп ұялаған әлгі күдіктің анық-танығын соның өзінен біледі. Тек таң атсын, оған жаушы жібереді. Әлде оны шақыртуға бас шебердің өзін жіберсе ме екен. Иә, сол дұрыс... Бұл әңгіменің арты немен тынарын кім біліпті. Сонда бас шебердің де керегі болар...

Әмірші орнынан тұрды. Енді аңғарды – таң алакеуім-деп қалса керек, терезеден көгілдір сәуле төгіліп тұр. Бөлменің ішін түп-түгел көк ала тозаң жайлап алыпты. Қарсы алдындағы хауыз да, оңдағы шып-шып шығып жатқан су да, сол күйінде қатып-қатып қалған көгіс тозаң, ошақ орнындағы үйінді күл сияқты. Жолап кетсең, күйреп үгітіліп түсердей.

Әмірші сол орнында мелшиіп тұрды да қалды.

## *Екінші бөлім*

### МҰНАРА

#### I

Бәрі де мұның сол жөткірініп қалғанынан болды. Әйтпесе айналасын алыстан шолып келе жатқан қалың нөкер мұның қасына тоқтамайтын еді. Не шайтан түрткенін өзі де білмейді, аяқ астынан тамағының жыбырлап қоя бергені.

Қайдағы аяқ астынан болсын... «Әмірші бүгін намазға келеді» деген хабарды естігенде-ақ, бұның екі тізесі дірілдеп ала жөнелген-ді. Қорыққан баладай бірден сыр алдырып алғанына қысылып, қасындағыларға қарап еді, біразы қобалжып тұрса керек, әдетте түнеріңкі жүретін қабақтары жұмсарып, өңдеріне күлкі де емес, қорқыныш та емес, бір бейжай сезімнің табы қонақтапты. Іштеріндегі мосқалдары ғана сыр берген жоқ. «Келсе келгені жақсы» дегендей, мұрттарын ширатып қояды, көздерінде бір қуақы ұшқын ояныпты. Мұндайда қуану керек екенін, қорқу керек екенін анық білмейтін жастау жағы жүздері қуқыл тартып, абыржыған қалып танытты. Бұрын анадайдағы медресе үйіне әр таң сайын сары ала күйме кеп кіргенде ол осылай абдырап сала беретін-ді. Ондайда сонау етектен төбеге дейінгі шым-шытырық, ағаш тордың ішіндегі жүздеген адам бәрі бірден сайрап қоя берген тордағы құстардай: «Әне, өзі келді», – деп сыпсың ете қалатын-ды.

Жүздеген кісінің аузынан бір сәтте, бірдей шыққан үш сөз таңғы ауаны тесіп өтіп, күймеден түсіп жатқан Ұлы Әміршінің құлағына жетіп барғандай көрінетін оған. Күні бойы медресе жақтан көз алмайтын. «Әнекей, өзі қарап отыр...» Сонау көк домалақ күмбездің төбесінде

жыбырлап жүрген кішкене ноқаттардың аузынан шыққан осы сөз, мұнараның ұшар басында тұрған мұның құлағына ап-анық естіледі. Әлдекім Әмірші туралы бірдеңе айта қалса, тура көк желкесінен кеп жебе қадала кеткендей, тұла бойы дүр түршігіп, қара шашақты найзаларын көкке шаншып, сақшылар қоршап тұрған медресе жаққа жалт қарайтын. Бірақ самсап тұрған қарулы сақшылардың ешқайсысы елең етпегенін көріп, жүрегі орнына түсетін. Бірақ қашан күн еңкейіп сары ала күйме, қара ат мінген қалың нөкерді соңынан ертіп сарайға қайтқанша, медресе жаққа елегізіп қайта-қайта қараумен болатын.

Рамазан айының төртінші күні дәл осы арада Әмірші мешіттің ірге тасының қалай қаланып жатқанын өз көзімен көріп тұрды. Бірақ бұның анадайда көп нөкердің ішінде тұрған Әміршіге бұрылып қарап алуға жігері жетпеді. Екі кісі алма-кезек алып беріп тұрған қыш кірпішті тұқшындап қалай берді. Олардың қиюының қалай келіп жатқанына да жөнді зер салған жоқ...

Содан бері төрт ай өтті. Бес жүз кісі тауда тас шығарып жатты. Екі жүз кісі оны сол арадан жылтыратып өңдеді. Арба жеккен тоқсан бес піл тасып тұрды... Төрт ай бойы таңертең күн көтеріле сары күйме медресе ауласына келіп кіреді де, күн бата ат мінген қалың нөкердің ортасында сарай жаққа қайтып бара жатады. Төрт ай бойы естігені: «Әне, анда өзі қарап отыр!»

Мешіттің біткеніне үш күн болды. Ішінде әрқайсысының биіктігі жеті құлаштан асатын тастан қашалған төрт жүз сексен баған бар. Әміршінің денсаулығына дұға оқып, жорықтарына бата беретін бұл мешітте бәрі алтын, бәрі мәрмәр.

Мешіттің көк күмбезі тіпті сонау зеңгір аспанның өзіне көгілдір сәуле шашқандай, әншейінде шыжыған шілдедегі аптап ыстықтан отқа ұсталғандай өңі тайып, ақ айранданып тұратын ол бүгін қайтадан ніл жүгіріп, мөлдірей қалыпты.

Үш күннен бері жұма намазды күтіп тұрған муәзіннен бүгін ғана байтақ шаһарды түгел жаңғырықтырып азаншының айқайы шыққан-ды. Жұма намазды осында кеп оқыған Әмірші мешіттен шыққан соң, оның сырт ажарын қызықтады. Мешітті шырқ айналдыра төрт мұнара салынғанды, соларды барып көрді. Бір мұнараның түбінде о да тұрған-ды.

Әмірші өзіне жақындаған сайын құты қашты. Ту сыртындағы көк сида мұнара қақ төбесінен шаншыла құлап келе жатқандай, басын көтермейді. Тамағы құрғап, кеуіп қалды, демі жетпей, тынысы тарылып барады. Дымы ішінде боп, тыныш тұруға тырысқан ол бәріне де шыдап бақпақшы болды. Бірақ көмейі әлденеге қыж-қыж жыбырлап, тамағы қышып қоя берді. «Қап, қайдағы пәле қайдан тап болды», – деп ойлауы-ақ мұң екен, алқымға толып, қылғындырып тұрған пәлекет босанатын жер іздеп, абайсыз жөткірініп қалды... Ол аз дегендей, тағы жөткірінді... Екі беті ду қызарып кетті.

Сол-ақ екен, мұның деңгейіне жетіп қалған сары ала нөкер кілт тоқтады. Тамағын буып тұрған жөтел де жым болды. Бұның жасаурап кеткен көзі қақ ортадағы аласа адамның басын әнтек шалқайтып мұнарға қарағанын шалып қалды. Әміршінің сол екенін іші бірден сезді. Бірақ тіктеп қарауға батылы жетпей, көзін төмен салып тұра берді.

– Бұны салған қай шебер? – деп сұрады болмашы естілетін бәсең дауыс.

– Ортөбелік шебер, – деді бас ұстаның орнықты қоныр даусы.

Сары ала нөкердің ылдырмақ-шылдырмағы біраз ұзаңқыраған соң, бұ да назарын тіктеп еді, хан нөкерінің көбінің көзі арттарына бұрылып, мұнараға емес, мұның өзіне қарап бара жатыр екен.

Ертеңіне таңертең маңдайына асыл тастардан шатыра салған абажа қақпаның алдына кеп тоқтаған алпыс еркектің ішінде ортөбелік шебер Жаппар да тұрды.

Хош иіс аңқып қоя берді. Әлдебір тұстан лып етіп самсап тұрған ай балталы сақшылар көрінді.

Самал леп көтерілгендей. Ол бақ ішіндегі сансыз хауыздарда шапшып жатқан салқын судың лебі-ді. Жолға төселген қызыл қиыршық та жаңа ғана жаңбыр жауып өткендей су-су.

Екі бетте ағаш сайын жеке-жеке қонақтаған әр алуан тауыстардың күнге шағылысып қырық құлпырған жалтырақ қанаттарында да меруерт төгіп қойғандай мөлдір тамшылар жылтырайды.

Арқаларына, екі жағына екі ту байлаған алабажақ шатыр орнатып, қызғылт шәйіден малынтып жабу жапқан алты піл үйретушілерінің әміріне бірде түсініп, бірде түсінбей қап, бірі ілгері, бірі кейін, әрқайсысы әр уақытта тізе бүгеді де, орындарынан да үздік-создық кешігіп

көтеріледі. Басына дағарадай қып сәлде орап, бір ұшын тас төбесіне шиыра түйіп, ал екінші ұшын тізесіне жеткенше салбыратып қоя берген алты едірек мұрт сыптығыр қара, астарындағы алпамса жануарларға көздері шатынап, қолдарындағы жіп-жіңішке темір шыбықтарын үсті-үстіне сермелеп кіжініп қояды. Еңгезердей хайуандар құдды бір солардың әлгіндей әлдеқандай боп едірейгендерінен қаймығып, ерсі мол денелерін еркіне көндіре алмай, майда құмаққа әлденеше омақасып, орындарынан әзер тұрып кетеді.

Соның бәріне анадайдағы ағаш арасынан қызықтай қарап тұрған орғылт еліктер, жол бойында саудырап көп адам көрінгенде бет-беттеріне бытырап қаша жөнелді.

Олар әуелі бақ ішінде үлкен тұт ағашының түбіндегі парсының масаты кілемі төселген көлеңке бастырманың астында монтиып-монтиып отырған үш кішкене баланың алдарына барып, тізелерін бүгіп тағзым етті. Үш бала орындарынан тұрып, ту түпте, сарайдың алдындағы саяжайда зер төгіп тіккен шаршы бөстекте қос құс жастықты шынтақтап, қарсы алдындағы ішінде қан күрең қызыл алмалар жүзіп жүрген, жан-жағын тарғыл мәрмәрмен көмкерген хауыздан көкке шапшып шығып, орта жолда қайтадан омырыла құлап түсіп жатқан ақ түтек суға қарап, үн-түнсіз ойға шомып отырған Әміршіге бастады. Таққа жиырма адымдай жер қалғанда олар кілт кідіріп, жер тізерлеп, қол қусырып, қайта-қайта иіліп тағзым етті.

Үстіне мол пішілген өрнексіз желең шапан жамыла салған Әмірші шұбатылған мол жеңінен қолын зорға қылтитып, анадай жерде бір қапталда қырын орналасқан жеті уәзіріне әлдене деп белгі берді.

Төр жақтарында отырған бас уәзір екі қолын көкірегіне апарып, тағзым етіп, орнынан тұрды да, ту сырттарындағы көлеңке бастырманың тасасына қарай кетіп қалды.

Көп ұзамай қайта көрінді. Соңында – қолына жерге шұбатылған жібек сүлгінің үстіне салып кішкене табақша көтерген бір топ жігіт.

Бас уәзір жер тізерлеп отырғандардың алдарына келіп бірдеңе деді. Оны соңғы қатарда жан-жағына алақтай қарап отырған мойыл көз қара жігіт Жаппар естіген де жоқ, түсінген де жоқ.

Қолдарына табақша көтерген жігіттер бұлардың әрқайсысының қасына бір-бірден кеп тұра қалды да, бастарына алтын-күмісі аралас бір уыс теңгені саудыратып

төге салды. Сосын иіліп алақандарындағы табақшадан аузын жібек шашақпен буған жұдырықтай кішкене қалтаны ұсынды.

Жер тізерлеп отырғандар бастарын жерге жеткенше үсті-үстіне иіп, тағзым етті.

Әмірші олардың тағзымын қабыл алғанын білдіріп, иек қаққандай болып еді, басындағы қардай аппақ шошақ бөркінің маңдайындағы бармақтай оқшау лағыл бір түрлі аса суық ұшқын шашып, оқыс жалт ете қалды.

Бас уәзір ым қақты. Жер тізерлеп отырған, Әмірші алыс жорықта жүргенде елде елеулі қызметі сіңген бір топ еркек орындарынан көтерілді. Олар төменірек шегініп, жолдың бір қапталындағы айлапат тұт ағашының көлеңкесіне барып тұрды. Әмірші енді шет елдерден келген елшілерді қабылдайтын болды. Олар да әуелі үш балаға, ханның үш сүйікті немересіне кеп, тағзым етті. Сосын үш бала елшілердің қолындағы шиыршықтаулы қағазды алып, аталарына беттеді. Оған үш адымдай қалғанда үш рет тізелерін бүгіп тағзым етті де, қолдарындағы қатырма қағазды ұсынды. Сосын тағы да үш рет тағзым етіп, орындарына оралды.

Әр елшіні екі жағынан екі сарай төресі қолтықтап Әміршіге қарай алып жүрді. Олардың соңынан елшілер әкелген сыйлықтарды көтеріп келе жатқан сарай қызметшілерінің ұзын-шұбақ тізбегі көрінді.

Елшілер Әміршіге он шақты адым қалғанда оң тізелерін бүгіп, қол қусырып, бастарын иіп тағзым етті. Оларды қолтықтап келген төрелер сол арада тұрып қалды да, қапталда отырған уәзірлер орындарынан тұрып, шет елдік меймандарды қолтықтарынан демеп, ханға беттеді, төрт-бес аттаған соң, тағы да кідіріп тағзым етті. Әмірші жақынырақ келіндер дегендей ишарат білдірді.

Елшілер енді екі-үш аттады да, бастарын иіп, қол қусырған күйлері, салмақтарын екі өкшелеріне салып, жер тізерлеп отыра-отыра кетті.

Сосын олар Әмірші қойған сұрақтарға жауап берді. Ол әңгіменің мән-жайын алысырақта, тұт ағашының түбінде тұрған бір топ адам естіген жоқ. Көбі мына баққа алғаш рет аттап отырған-ды. Көз алдарында болып жатқан мынау қызылды-жасыл қимыл-қыбырдың бірін де қалт жібермей, қадағалай қарап тұр.

Елшілер жолдың екінші бетіне, уәзірлер отырған сәкіге қарама-қарсы қойылған биік сәкіге барып жайғасты.

Енді қызметшілер үшеу-төртеулеп қолдасып сыртын алтынның буымен шайған төрт құлақ талыс табақтарды

лықа толтырып ет әкелді. Әміршіге жиырма қадамдай қалғанда жерге қойды да, қолдарын қусырып, тағзым еткен күйлері алқадан шығып алыстай берді. Оларды алдарына былғары жапқыш байлаған басқа жігіттер алмастырды. Қындарынан бір-бір сапы суырып ап, қолдарына көз ілеспей ет турай жөнелді.

Әр алуан гүлдің хош иісі мен хауыздағы судың лебі ғана сезіліп тұрған салқын бақ ішіне жас қойдың жылы-жұмсағы мен сүр қазы, жал-жаяның тәбет қытықтар тәтті иісі аңқып қоя берді. Тай терісінен жасалған он шақты талыс ет ә дегенше туралып та бітті. Ет тураған жігіттер туралған етті қастарында иін тіресе тізіліп тұрған алтын, күміс, қыш табақтарға бөліп-бөліп салды да, тағзым етіп шығып кетті.

Қолдарына сырлы ағаш тегене ұстаған бір топ жігіт шықты. Олар әуелі сорпа толы тегенелерін жерге қойып, оған дәрі-дәрмек қосып тұздық әзірледі. Сосын оны сырлы ожаумен табақтарға құйды да, әрқайсысының үстіне ортасынан төрт бүктеп, жұп-жұқа шелпек салды.

Табақ әбден әзірленіп болғанда, олар да орындарын босатты. Сарай әкімдері әр табақты екеулеп көтеріп, Әміршінің, елшілердің, уәзірлердің алдарына апарып қойды. Төменгі жақтағыларға табақты жай қызметші жігіттер тартты.

Еттен кейін жеміс берілді. Ең соңында бал қосып ашытылған тәтті қымыз ішілді. Қонақасы біткен соң манадан бері есік жақта тұрып қалған сыйлық көтергендер шеруі ортаға озды. Елшілер әкелген меруерт балдақ алмас қылыштар, зер төгіп тіккен құндыз тондар, ираны кілемдер, жеке-жеке табақтарға салып көтерген бас алтын, інжумаржан, лағыл тастар, қымбат аң терілерін жұрт қапысыз көріп алсын дегендей-ақ, аяқтарын маң-маң басып, Әміршінің алдына жақындады, тізе бүгіп, тағзым еткен мезірет жасады. Сәл кідірді, Әмірші сыйлықты қабыл алғанын білдіріп, елшілер жаққа басын изеді. Елшілер тағы да әлденеше рет бастарын иіп тағзым етті.

Сыйлық көтергендер шеруі орындарынан қайтадан қозғалып, қымбат бұйымдарды сарайға қарай алып жүрді. Әмірші орнынан тұрды. Былайғы жұрт та дүркірей көтерілді.

Қабылдаудан қайтып келе жатқандарға алпамса алты піл құлаш тұмсықтарын жерге төсеп, тізелерін бүгіп тағзым етті.

Қақпа алдындағы сақшылар да найзаларын төмен түсіріп, бастарын иді. Көп ұзамай хан жаңа мешіттің құрметіне үлкен той өткізетін болды.

Әмірші бағының ту сыртында қысы-жазы тусырап бос жататын ашық алаңға жұрт түн ішінде алаулатып от жағып, шатыр тікті. Ұлы тойдың бәрі де осы арада өтіп жүргендіктен қала тұрғындары кәсібіне, дәреже, дәулетіне қарай көше-көшеге бөлініп қойылған-ды. Әр көшенің екі бетінде сылдырап арық ағып жататын-ды. Әркім өз шатырын қай көшеге тігетінін алдын ала білетін.

Ертеңіне таңертең құлазып бос жатқан тегістік қатар-қатар тігілген қызылды-жасылды көп шатырға толды. Ең шетте – етікші, тігінші, ұсақ кәсіпқорлардың шағын шатырлары; ортаға қарай озған сайын шатырлардың көлемі де, көркі де өсе түседі. Әсіресе дәулеттілер мен дәрежелілердің бәсекемен тіккен шатырларының сәні мен салтанаты бірінен-бірі асады.

Тойға тігілген шатырлар алыстан қарағанда, бірте-бірте сатылап биіктей түскен, аспан астын бір өзі толтырардай алабажақ алып орда секілді.

Сол орданың күмбез шаңырағындай боп, қақ ортаға жан-жағын биіктігі кісі бойы қол созым шымқай көк жібек шымылдықпен, қоршалған кең ауланың ішіне әр қабырғасы ат шаптырардай ұзын төрт бұрышты Әмірші шатыры орнапты. Оның тас төбесіне жиырма кісі бойы он екі сырыққа тіреліп зәулім күмбез көтерілген. Он екі сырықтың басына шұбалтып қызылды-жасылды жібек байланған, олар он екі жерге өріп тастаған гүл алқадай жерге жеткенше күлтеленіп төгіліп тұр. Осындай абажа шатырдың әр бұрышынан қақ ортаға созылған, әрқайсысының басында айдың суреті салынған төрт ұзын бақан бір-бірімен айқұшақ қауып байласыпты да, соларды тіреу қып үстіне шағын мұнара орнатылыпты.

Шатырдың ішкі жағына шыр айналдыра зер төккен қызыл мауыты ұсталыпты. Күмбез басталатын жердегі төрт керегенің төрт бұрышына қанатын қомдап ұшқалы отырған қыран бейнеленіпті. Әмірші шатырының қасына он бір ханымның отаулары тігіліпті. Олардың әрқайсысы бөлек-бөлек жібек қоршаумен қоршалыпты. Ортадағы бұл он екі қоршаудың ара-арасынан бір-біріне қатысып тұратын жол қалдырылған. Тақ иесі мен ханымдар түскен он екі шатырдың сыртынан шырқ айналдыра ортақ қоршау ұсталған: оның сыртынан жағалай шарап құйылған емен күбілер тізіліп тұр.



Атты жасақ он екі орданы күні-түні міз бақпай күзетеді. Оларға бас уәзірдің рұқсатынсыз ешкім жіберілмейді. Қадірлі қонақтардың алдында сақшылар күнге жалтылдап лыпылдап тұрған суық найзаларын төмен түсіріп, тағзым етеді.

Сол қыл шашағы топыраққа былғанып, жер сүзіп жатқан сұсты найзалардың арасынан Жаппар да ішке өтті. Әмірші оны да тойдың алғашқы күні өз шатырына шақырып шараппен сыйламақ.

Зәулім шатырдың қақ ортасында алтын тақ қойылып, одан әрі Әмірші әулетіне саты-саты биік сәкі орнатылыпты.

Сырттан келетін қонақтар орын-орнына жайғасып болған соң, есіктен ылдырмақ-шылдырмақ арқалаған сайқымазақтар атып-атып кірді. Олар дәл хан тақыт алдына барып Ұлы Әмірші соңғы жорығында жеңіп қайтқан падишаларды әжуалайтын ойын көрсетті.

Шатырдағы қонақтар сайқымазақтардың ыржалаңына қосыла күлуге Әміршіден айбынды, Әмірші жұртқа сыр алдырғысы келмей, күле алмады, сайқымазақтардың өздері ғана мәз-мейрам боп жүрді.

Ойын біткенде қазына бастығы сайқымазақтардың бастығына табақшаға салып зер қалта ұсынды.

Сайқымазақтар бастарын жерге жеткізе иіп тағзым еткен қалыптары есікке қарай жылыстай берді.

Олардың опыр-топыр есіктен шыға беруі-ақ мұң екен, көрші қоршаудан бәйбіше көрінді. Ол үстіне түгел көміп тұратын зер шайып, кестелеген қызыл көйлек киіпті. Оның сүйретілген ұзын етегін он бес әйел көтеріп келеді.

Ханымның әбден қапысыз опалап-сүрмеленген беті қағаздай аппақ. Оның үстіне, бет-аузын төгілген ақ селдір пердемен қымтап алыпты.

Басына өне бойына асыл тасты аямай төккен мұнара іспетті биік сәукеле киіпті. Оның салпыншақ қызыл мауыты етегі екі иығын жауып тұр. Мойнына әр жер-әр жеріне лағыл мен меруертті алма-кезектестіріп, көз қадаған алтын алқа тағыпты.

Сәукеленің өзге салтанаты аз болғандай, оның қақ ұшар басына Әмірші тәжінің төбесіндей алтын төбелдірік орнатылыпты. Оның қақ ортасында баданадай-баданадай үш лағыл қызыл шоқ боп жанып жатыр.

Төбелдіріктің төбесіне үкі қондырылған. Оның ұзын майса қауырсындары ханымның екі құлағына жеткенше екі айырылып төгіліп тұр.

Ханым әр аттаған сайын басындағы ауыр сәукеле бұлғаландап, әр бағытқа ауып-ауып түседі. Жан-жағынан бірнеше әйел қолымен демеп келеді.

Бәйбішенің мөлт қара шашы екі иығынан төгіле құлапты.

Ханымға жүз әйел нөкер еріпті.

Осынша ұзын-шұбақ шеруді хан әйелдерін күзететін бір топ азбан құл бастапты. Олар адымдарынан жер ойылатындай-ақ, маң-маң басып, маңғаздана қалыпты, ханымға құрмет көрсетіп, тағзым етіп, бастарын иіп тұрған қалың қауымға танауларын көтеріп кісімсіне қарайды.

Ханым Әміршіден сәл кейінірек барып отырды.

Бәйбіше енді жайғасып бола бергенде, екінші жақ қоршаудан жүз әйел нөкерімен Кіші ханым көрінді. Оның да салтанаты бәйбішенің салтанатынан бір кем емес. Ол бәйбішеден сәл төменірек жайғасты. Екеуінен кейін Әміршінің жеті келіні кеп қастарынан орын алды.

Әмірші отырған жақ үкілері бұлғандаған аруларға толып, құдды бір пейіштің төріндей елден ерек көрікке бөленді.

Жаппар арулардың ақ жүзі, лағыл, меруерт, алтын, зер атлас, жібек ию-қию араласып, сан алуан бояу аймаласқан сол бір тұстан көзін ала алмады.

Ханымдар әбден жайғасып болған соң, шарап пен қымыз әкелінді. Қолына ұзын ақ шәйі сүлгі ұстаған ханзадалар шықты, оларға ілесе кішкене алтын тостағандар салынған алтын табақша көтеріп, қызметші жігіттер көрінді. Жолдың қақ ортасына жеткенде ханзадалар оң тізелерін бүгіп тағзым етті. Сосын қызметшілер ұсынған табақшадағы тостағанды қолдарындағы шәйі сүлгімен қусыра ұстап, ханымдардың алдына барып тағы да жер тізерлеп тағзым етіп, сусын ұсынды. Ханымдар тостағанды қолдарына алған бойда, ханзадалар бір адым кейін шегініп, сусын ішіліп болғанша, жер тізерлеген қалыптары міз бақпай күтіп отырды. Ханымдар сусын ішіп болған соң, бос тостағандарды сүлгімен алып, тағы да тізелерін бүгіп тағзым етеді де, сыртын бермей, шегіншектеген қалыптары шатырдан шығып кетеді.

Алпыс шебер орналасқан босаға тұстағы меймандарға екеу-екеуіне бір-бір қызметшіден шарап құйып тұрды. Әмірші сарқытын сарқып ішпеуге ешкімнің де қақысы

жоқ. Күн бата қонақтар падиша шатыры тұрған жібек қоршаудан көздері бұлдырап әзер шығып, ойын-сауық қызып жатқан өз көшелеріне беттеді.

Жұлдыздары жымындап жаз түні орнап келеді. Күндізгі қапырық су сепкендей басылған. Салқын кеште самсаған шатырлардың арасында тойға жиылған жұрт жаққан алау оттар жарқырайды. От төңірегі ығы-жығы адам. Сырықтай ұзын кернейлердің кешкі тымық ауаны дал-дал жыртқан өткір де өжет даусына дамылсыз соғылған дабыл мен тамашашы қара нөпір халықтың шарап ішкен шат-шадыман көңіл күйін шерткен дутардың, сарнаған қыл қобыздың, күңіренген сырнайдың, сызылған сыбызғының сан алуан үні қосылыпты. Біресе бастарында тақия, көк ала жібек шапанның белін сарғыш түрме белбеумен қынай буған қыпша бел жігіттер сау-сақтарын сытырлатып, ойнақы да отты би билесе, енді бірде торғын жібектің үстінде тарам-тарам сансыз бұрымдары төгіліп, ақ білегін ақ сазандай ойнақтатып сұлу қыздар бұраң қағады.

Бүйірлі жез шайқазанды ортаға алып, бір-бір ақ құманды дербес иемденген топ-топ еркектер бірінің сөзін бірі іліп ала жөнеліп, қарқ-қарқ күліп қағытпа сөзге қарық боп жатыр.

Астына отты аямай өртеген дәу-дәу тай қазандардың қақпағы ашылғанда қапысыз бұқтырылған күріш палаудың иісі кешкі аспанның астын бір өзі жайлап, аңқып қоя береді. Жеңін шынтағынан асыра түріп тастаған өңшен бір мұрты жылтыраған аспаз еркектердің қолында ойнақ салған тал-тал қауаптан астында жайнап жатқан қып-қызыл сексеуіл шоғына шып-шып май тамады... Жастың да, кәрінің де мұрттарынан шарап тамшылайды.

Әсем саз құлағына майдай жағып, мұрныңды өңшен бір тәтті иіс қытықтайды.

Ашық аспан астында мыңдаған саржалқын алау асыр салып билеп жүр.

Ду-ду күлкі... Думан әбден қызып алған.

Жұрттың бәрі мәз-мейрам...

Әмірші тойының тұсында адамдардың бір-біріне қоқандап қыр көрсетуіне тыйым салынған. Той тұсында бола беретін анау-мынау күнә-кемшіннің бәрі кешірімді. Тек шеннен шықпаса болғаны. Ал шеннен шыққандардың шаруасы бізбен болсын деп, шатырлардан былайыраққа, оқшау төбенің басына қатар-қатар құрылған дар ағаштар әлекедей жаланып тұр.

Той өткен соң Әмірші жаңа мешітке барып, намазға жығылып, бата алды да, батыс жаққа жорыққа аттанды.

Ол жорыққа аттанған бойда Жаппардың жатқан үйінің қожасы – Ахмет бай қызын ұзатты.

Кеш болса көшедегі арықтың сылдырынан басқа ештеңе естімейтін тыныш көшедегі Ахмет байдың шағын ауласының абыр-сабыр болғанына екі аптадан асып барады. Елдің ең алдымен күбінгені де Ахмет байдың өзі-ді.

Тамаша десе ішкен асын жерге қоятын саудагер тойға бір апта қалғанда-ақ сандықтың түбінде жатқан тойға киетін киімнің бәрін алдырды. Сосын айнаның алдына барып ұлы сәскеге дейін отырады да қояды. Әуелі басына сәлде орайды. Былай орайды, айнаға қарайды – келмей тұрған тәрізді, олай орайды, айнаға қарайды – келмей тұрған тәрізді.

– Қатын, бері келіп кетші...

Әйелі я бақша суарып жатады, я тандыр жауып жатады, күйеуінің шақырғанын қапелімде естімей қалады.

– Қатын, керең болып қалғансың ба?..

Ауланың әлдебір түбінен жер астынан шыққандай тұншыққан әлсіз дауыс естіледі.

– О, не боп қалды, байеке?

Ахмет бай күйіп-піседі.

– Ау, бері кел, бері...

Әйел қолын етегіне сүртіп, күйеуі отырған бөлмеге беттейді.

– Маған қарашы.

– Иә.

– Не «иә, иә» дей бересің. Көрмеймісің?..

– Көріп тұрмын, байекесі...

– Нені көріп тұрсың?

– Сізді көріп тұрмын, байекесі.

Ахмет байдың бұдан арғыға шыдамы жетпейді, күйеуінің неге ашуланғанына түсіне алмай аң-таң боп тұрған әйелін, басындағы дағардай сәлдесін шешіп алады да, құлаштап тұрып бір тартып, үйден қуып шығады.

Шебер жігіт есік алдындағы саяжайда бұның бәрін естіп, ішінен мырс-мырс күліп отырады.

Ахмет байдың даусы біраз уақытқа тынып қалады. Бір уақыттарда барып өзі көрінеді. Басында – дағара сәлде, үстінде – қырмызы шапан, аяқта – көксауыр кебіс. Дегене қарынды ені бір қарыс деңмент белбеумен буып

салған. Шапанының ойық омырауынан аппақ шәйі көйлегі жарқырайды.

Мейманнан:

– Ұста-Үкә, қалай? – деп сұрайды.

– Келісіп тұр, байеке.

Ахмет бай саяжайдан шалқақтай басып төмен түседі, ауланың әлдебір түпкірінде жүрген әйеліне:

– Қатын, дүкен бүгін ашылмайды, – деп бір айқайлайды да, қолын құлаштай сермеп, бірақ біреу екі аяғын тұсап қойғандай, адымын жазбай тыпыр-тыпыр басып, дарбазаға беттейді. Содан ымырт түсе бір-ақ оралады. Дарбазадан аттамай жатып:

– Қатын, құманыңда су бар ма? – деп айқайлайды.

Жез легендегі ыстық суға аяғын малып отырып, су құйып тұрған әйеліне, үй қожасының алдынан шыққан Жаппарға, тандырдың қасында тамақ пісіріп жүрген қызына ауланың түбіндегі шошалада сабан қажап тұрған есегіне, одан бері дөңкиіп-дөңкиіп көрінген қос доңғалақ арбаға, көптен бері қол тигізілмеген мыжық-мыжық дуалға, бозғылт аспанда енді-енді жымыңдап көріне бастаған бірен-саран жұлдыздарға, арықта суы сылдырап ағып жатқан тыныш көшеге, көрші-қолаңға, он сан сарайлары мен хан бағына, күллі шаһарға, тіпті күллі дүниеге түгел естілсін, Ахмет байдың бүгін базардан не бітіріп қайтқанын бәрі де түгел білсін дегендей даусы санқылдап, қай саудагердің дүкеніне кіріп, киімін көрсеткенін, кіммен балағаттасып, кіммен тәжікелескенін, кімге тіл тигізгенін, шайханада неше құман шай ішкенін, әскияда кімнің шамына тигенін, кімнің бөденесіне бәс тіккенін – бәрін-бәрін түк қалдырмай тәптіштеп түгел айтып береді. Сосын сәлдесін, шапанын, шалбарын, ең соңында көксауыр кебісін әйелінің қарына бір-бірлеп арта береді, киімге иегіне дейін көміліп, үйге бұрыла берген әйелін әлденесі ұмыт қалғандай кілт кідірттіп:

– Айтпақшы, көрпең қанша болды? – деп оқыс сауал қояды.

Әйелі көрпенің саны қаншаға жеткенін айтады.

– Той деген болып қалды, байқа... – деп бір сұс көрсетіп қойып, шақшасынан насыбай ап иіскейді.

Ауланы басына көтеріп, бақырып-шақырып бір түшкіргенде көкірегіннің басына қонақтап тұрған барша зілмен бірге көңіліндегі барша сөз де сыртқа біржола атып кеткендей, Ахмет бай содан қайтып үндемейді.

Тамақтанып алған соң, еркектер бөлмесіне Жаппардың қасына салынған төсегіне жантаяды да, басы жастыққа тиер-тиместен қорылдап ала жөнеледі.

Ышқынып-ышқынып барып бір басылып, қайтадан қоздайтын Ахмет байдың «түнгі хикаясын» тыңдап жатқан жас жігіттің қапелімде ұйқысы келмейді.

Ұлы Әміршінің Байтақ шаһары тып-тыныш. Кесек дарбазалардың ішіндегі сықсима оттардың бәрі өшкен.

Жұрттың бәрі ұйқыда. Тек Жаппар ғана ояу. Солай әрі төңбекшіп, бері төңбекшіп жатады-жатады да, бір уақыттарда қалжырап ұйықтап кетеді.

Кенет бөлменің іші құлаққа ұрған танадай тым-тырыс бола қалады. Жаппар оқыс тыныштықтан оянып кетеді. Ахмет байдың төсегі бос жатыр. Аң-таң боп айналаға қарайды. Қарсыдағы әйелдер бөлмесі есігінің болмашы сықырын естігенде барып, ұйқылы-ояу жымылып қойып, бір аунап түседі...

Елден ала бөтен Ахмет байдың өзі асығып күткен той да келді. Ауланың ішіне үш-төрт жерге тай қазан асылып, палау басылды: әлдене жерге шоқ өртеліп, кәуап пісірілді. Тандырдан от кеткен жоқ...

Аулада – дәм иісі, еркектер бөлмесінде – шарап пен тер иісі, әйелдер бөлмесінде – миуа мен әтір иісі.

Күні бойы ішу-жеу... Арасында – дутар мен дабылдаусы. Еркектер бөлмесінде шырқ айнала отырған алқа топтың қақ ортасында саусақтарын сыртылдатып он бір-он екі жасар бала билейді, қалғандары дабылдың ырғағына қосылып, тершіген жүндес омырауларын жұдырықтарымен сарт-сарт сабалайды, әйелдер бөлмесінде – буындары былқылдап қыз билейді, серіктері алақандары ауырғанша аямай қол соғып қошаметтеп бағады.

Күннің қызылы семе еркектер бөлмесінде тойға арнайы шақырылған қазі қолындағы ішіне күміс сақина салған тостағанға неке суын құйып, қасына күйеу мен қалыңдықтың куәгерін шақырды. Ақ некенің дұғасы оқылғасын қазі қолындағы судан күйеуге бір ұрттатып, куәгер мен жігіттің жолдастарын ертіп, бөлек үйде шымылдық ішінде отырған қалыңдыққа беріп жіберді. Көп ұзамай тостаған қазидың қолына қайтып оралды. Ол екі әке мен күйеудің, куәгердің алдында дұға оқып, ақ некеге бата берді.

Дастарқан қайта жайылды. Ойын-сауық қайта жалғасты. Түн ортасынан ауды. Күйеу жігіт қалыңдығын көруге баратынын айтып әйелдер бөлмесіне хабар салды.

Әйелдер бөлмесіндегі әбігер көбейді. Бәрі қолдарына бір-бір шырақ жағып ұстады, күйеудің алдынан шықты. Бөлмеде шымылдықтың ар жағындағы қалыңдықтан басқа ешкім қалған жоқ.

Соңына дуылдаған бір топ жас жігіттерді ерткен күйеу, әйелдер отырған бөлмеге беттеді. Олардың есікті ашып қалуы-ақ мұң екен – опыр-топыр басталды да кетті. Әйелдер жас жігіттерге дүрсе қоя беріп, күйеу тартпаққа көшті. Бажылдаған әйел даусы. Күйген шүберек иісі. Кейбір жігіттердің сақалына от тиіп, шапанының етегімен ұрғыштап, сөндіре алмай жүр. Ақыры, әйелдер күйеуді жігіттерден тартып алды. Біреуі оның басын қолтығына қысып ап, төрдегі шымылдыққа қарай сүйрелей жөнеліп еді, бір топ әйел жапа-тармағай соңдарынан жүгірді.

Күйеуден айрылып қалған жігіттер өз бөлмелеріне оралып, дастарқан басына қайта отырды.

Әйелдер бөлмесіндегі күйеу жігіт дастарқан басында отырғандардың әрқайсысына қыз көрсетер сыйлық тартты. Ал қыз-келіншектер ән салып, би билеп күйеу жігіттің көңілін көтерді.

Соның бәрінде жас келін шымылдықтың ар жағында отыз-қырық көрпені бірінің үстіне бірін қабаттай берген, ертең күйеуінің үйіне өзімен бірге алып баратын жасау төсегінде жападан-жалғыз сарылып отырды да қойды. Күйеу жігіт шымылдық ішіне келіншегінің құрбыларын әбден риза қылған соң барып кірді. Екеуіне бір табақ палау мен жеміс әкеліп қойылды.

Шымылдық сыртында дастарқан басында дуылдасып өзге қыз-келіншектер отыр.

Түннің бір уағы болды. Қатар-қатар жүк жиналған керме жіптерге қалыңдықтың киімдері жарқыратып жайып қойылған, жерде қалыңдықтың етіктері, кебіс-мәсілері тізіліп тұрған әлем-жәлем бөлмеде қыз бен жігіт жалғыз қалды. Қу келіншектер кетерінде шамды сөндіре кеткен...

Жас келін мен күйеуді оңаша қалдырып шығып кеткен сақа келіншектер есік, терезеден тың тыңдайды. Әуелі дымдары ішінде боп үн-түнсіз тұратын олар әлдебір уақытта бір-біріне сыпсыңдай жөнеледі, енді біраздан соң сылқ-сылқ күле бастайды. «Неге күлгенімізді жұрт біліп қалмасын, жайырақ күлсейші» – деп, бірінің бірі мықынынан үзіп-үзіп алады. Сосын іштегі дыбыс басылған кезде, олар да күлкілерін пышақ кескендей тез тыя

қояды. Қапелімде не болып, не қойғанын біле алмай аңтарылып тұрып қалады да, сәлден кейін бір-бірімен сыбырласып кеңес құрады. Сосын іштерінен біреуіне жас жұбайлардың есігін қағуды тапсырады.

Есік қаққанда, ар жағынан күйеу кеп есік ашады, әлгі әйел онымен бірге сып етіп бөлмеге еніп кетеді. Көп ұзамай қолына күйеу мен қалыңдық берген сыйлық ұстап қайта шығады. Әйелдерге әлдене деп сыбырлайды. Сол-ақ екен, таң атқалы ол не айтып келер екен деп сабырлары сарқылып тұрған әйелдер ду күліп жібереді. Бәрі жапа-тармағай сыртқа қалыңдық пен күйеудің шешесі қос құдағиға жүгіріп, екеуінен шүйінші алады.

Ертеңіне күн шыға күйеу жігіттер отырған бөлмеге бойдақ достарымен ақырғы рет думан құруға қайтып келді. Бұдан былай ол үй иесі, бойдақтармен бірге жүріп-тұра алмайды.

Бөлме ішіндегілер күйеу жігітті ортаға алып дуылдасып жатқанда, Жаппар сыртқа шығып кетті.

Кешеден бергі ың-жыңнан басы зеңгіріп, дарбаза алдындағы жалғыз тұттың көлеңкесіне зорға жетті. Сол түні түс қайта той тарқады, күйеу жігіт үйіне кетті, қалыңдық әке-шешесінің үйінде қала берді. Ахмет бай тойға киген сәнді шапанын шешкісі келмегендей, үйіне бір кіріп, бір шығып, көлбеңдеп жүр. Қалыңдық шымылдық құрулы үйде. Көрші-қолаңның төрт-бес қатыны ауыздары жалпылдап, әлденелерді сыпсың-сыпсың әңгімелеп, ыдыс-аяқ жинасып жүр.

Жаппар сең соғып кеткендей мең-зең. Көз алдында күйбеңдеп жүрген адамдарға таңырқай қарайды.

Сол күні бөлме іші күндегіден ала бөтен қапырық боп кеткендей, түнде де тыпыршып жата алмады. Жалаң аяғына кебіс сұғып, сыртқа шығып еді – ай сүттей жарық екен. Шым дуал біреу кеп әктеп кеткендей тым бозарып кетіпті. Ауланың түкпірінде сабан қажап тұрған есектің бір сарынды тысыр-тысырынан басқа дыбыс та жоқ. Ол есік алдындағы бастырмада тіреу жөке ағашқа арқасын сүйеп, түнгі самалға омырауын тосып тұра қалды. Кенет әлдене дүк ете түскендей болды. Ол қақпа жаққа қарап еді, көзіне ештеңе түспеді. Әлгі «дүк» еткен дыбыс жерге сіңіп кеткендей, артынан ешқандай сыбыс шықпады. Бұл аң-таң. Құлағын түріп тыңдайды-ақ. Сол баяғы шошаладағы есектің тысыр-тысыр сабан қажағаны ғана естіледі. Қапелімде әлгі дүсірдің қай жақтан шыққанын да аңғармай қалды, қайтадан дыбыс шықпаған соң аяғын еппен



басып бастырмадан шықты. Жалаң аяқ сұға салған кебісі өкшесіне шылп-шылп соғады. Әлдекім үйдің көлеңке жақ сыртына сып бергендей болды. Ол кілт кідірді. Ілгері басарын не кейін қайтарын біле алмай біраз аңырды. Жүрегі дүрс-дүрс етеді. Не де болса, тәуекелге бел буып, тез-тез басып, көлеңкеге беттеді. Сол-ақ екен үй сыртынан біреу жұлдыздай атылып шықты да, шым дуалға қарай жүгіре жөнелді. Бұ да кебісін сылпылдатып, соңынан қуып берді. Қашқын дуалға жете беріп жалт бұрылды да, қалт тоқтап қалды. Шым дуалға асыла берген қолы сылқ төмен түсті. Сосын қашан бұл қасына барғанша тырп етпей тосып тұрды. Қол созымдай жер қалғанда барып тіл қатты.

– Е, Ахмет ағай екен десем, сен екенсің ғой.

Даусынан тани кетті – кешегі күйеу жігіт. Жүндес қабағын түгел тікірейтіп, бұған жек көріп, не мүсіркеп тұрғаны белгісіз, езуіне күлкі үйіріп, шаншыла қарап алды да, жайбарақат үйге беттеді. Құрық сүйреткендей ай астында ерсі ербеңдеген ұзын көлеңкесін соңына ертіп кетіп барады. Жаңа ғана қашып-пысып жүргенін ұмытып кеткендей, талтаң-талтаң. Ұзын-тұра көлеңке үйдің бұрышынан айнала бере ұры иттің құйрығындай бір бұлаң етті де, ғайып болды.

Жаппар көзіне қос көрінген кісіше ай нұрынан ақ шаңылтақ боп жатқан аула ішіне аңыра қарап тұрып қалды.

Содан бір апта бойы түн ортасы ауа бере-ақ бұл жатқан бөлменің терезесінің түбіне әлдене дік ете қалады да, артынша қалыңдық жататын бөлменің есігі сықырлап ашылады.

Күйеу жігіт қалыңдығын бір жыл бойы қайын-жұртында қалдырып, түн баласы қайын-атасы мен қайын енесінің көзіне түспей, ұрланып барып түнеп тұратын әдетті ақыр аяғына дейін ұстануға, әлденеден тәуекелі жетпеді білем, той өткесін бір аптадан соң-ақ келіншегін өз үйіне алып кетті.

Енді Жаппар әр кеш сайын жұмыстан қайтқанда аула ішіне бұрынғыдай емес, бір түрлі тосырқап қарайтын болды. Әр жері кетік-кетік кісі бойы шым дуалдың бұрынғы қалпы. Бір бұрышқа сүйей салған шаңырақтай-шаңырақтай қос даңғалақ арба да бәз-баяғы орнында тырп етпей тұр. Түпкірдегі сабан салулы шошаладағы көк есек те бұрынғысынша күтір-күтір күйсегенінен танбайды. Бірақ аула іші бұрынғысындай емес,

қанырап тұрған сияқты. Ахмет бай бұрынғысынша қарнын сипап кіріп, сипап шығып жүргенімен қауқылдай жөнелмейді. Туғалы бітпеген сабырды енді тапқандай. Кемпірде де дыбыс жоқ. Қап-қара пәрәнжә мен толарсаққа дейін шұбалта жабылған қоңыр шапанның ар жағындағы бүлк-бүлк қыбыр ғана, оның кеудесінде жан барынан хабар бергендей.

Анада той тұсында қалыңдыққа шымылдық ұсталған бөлме енді Жаппарға тиді. Жас келіншектің алғашқы ақ неке түндері өткен бөлменін әтір, опа-далап, сүрме иісі әлі біржола өшіп үлгере қоймаған. Ол күн сайын қақ төрге салулы төсегіне жата бере-ақ, бөтен, бірақ бұған етене таныс, етене жақын әлдеқандай сүйкімді иіс аңқып қоя бергендей болады да, алабұртып жата алмайды. Көзін жұмды-ақ тар бөлменің бұрыш-бұрышынан селдір перде жамылған қолаң шашы төгілген әлдебір ару бұнын төсегіне қарай аяғын санап басып, жақындап келе жатқандай болады: көзін ашып алса – әйнектен емескі түскен айдың тозамық нұрынан басқа ештеңе жоқ. Солай біразға дейін көзін бір ашып, бір жұмып жатады, жатады да қос кірпіктің астына шойын құйып қойғандай боп, көз аңғары зіл тартқанда барып, амалсыз қалжырап ұйықтайды. Түсінде де әлгі бір елес бұнын қасына қол созымдай жерге төсек салып жүреді. Ақ мамық төсекке бір сүңгиді де, тырп етпей жатып алады. Бұл өз-өзінен тағаты таусылып тыныш та жата алмай, тұрып та кете алмай, арпалысумен болады. Тұрайын десе, әлдебір сиқыр ту сыртынан желім құйып қойғандай, тұла бойын қозғай алмайды. Басын біреу майса құмаққа көміп тастағандай, әлгі бір жұмбақ ару жатқан жаққа аударылып қарайын десе, зіл боп жабысып жібермейді. Тек бір уақыттарда ғана ұйып қалған қолына жан бітеді, жанындағы төсекке қарай жайлап соза түседі, құс мамық жастыққа жете бергенде созулы білегі тастай бірдеңеге тақ ете қалады. Жаппар ұйқысынан шошып оянады.

Осылай өз-өзінен елегізіп, төңбекшумен өткен мазасыз түндерден соң жұмыс басында да өне бойы зіл тартады да жүреді. Ахмет бай қызын ұзатқан соң, ол бір түрлі көлденең көзге ашылмай, тас түйін боп, өз-өзінен тығылып, тұйықталып алған.

Хан жорыққа аттанарында байтақ шаһарда жұрттын бақ ішінде, ашық алаңдарда сауда жасап, әлемдегі ең үлкен астананың көшелерін айқай-ұйқайға толтырып, ат пен есектің тұяғынан ұшқан шаң-тозаңға бөктіріп қоюға

тыйым салып, қаланың бір шетінен екінші шетіне шыққанша созылатын жабық көше салуды бұйырған-ды; сол жабық көшенің екі бетіне саудагер бұйымдарын сататын дүкендер ашып ортаға күні-түні су шапшып тұратын хауыздар орнатуды тапсырған-ды.

Содан бері түн баласы тасыр-күсір, қорғандағы құлдар кеп, болашақ көше өтетін жердегі үйлер мен дуалдарды қиратады; таң атқанша қираған үйдің орнын айнадай қып тазалап қояды; ал бұлар таңертең тазартылған жерге жабық базардың дүкендерін салады.

Жабық базар шаһардың орта тұсынан енді-енді ғана асып барады. Қыс айларында жерге тоң қатып қап, құрылыс маңдымай қойды. Күні бойы жүздеген шебердің қатар отырып ап тас қалағаны, құрылыс басының абыр-жабыры қажыта ма, жоқ көңілі біржола торықты ма, Жаппар енді түн баласы аласұрып шығатын мінезді тыйып келеді. Бұрын көз алдында үлбіреп тұрып алатын Зухра бейнесі де бірте-бірте көмескі тартқандай. Бұрын бір үйде тұрып, күнде көріп жүретін таныс жүз бір жылдан бері мынау шым-шытырық дуалдарға толы шаһардың әлдебір жеріндегі бөтен үйге барып тығылып ап, енді қайтып көзге түспей қойған соң көкірегінде сайрап тұрған күлімкөз елес те бірте-бірте солғын мұнар ортасына шегіне түскендей. Алайда қайыптан-тайып ойына түсіп кеткенде, жап-жалаңаш омырауын аяз сүйіп алғандай, жүрек тұсы мұздап қоя береді. Торығу мен қимастықтың екі ұдай сезімі қанша итжығыс түсіп келсе де, енді-енді бір-біріне бел алдыра бастапты.

Жаппар бұрынғыдай емес, әлденеге тас түйін боп, бойын жиып алыпты. Жүріс-тұрысынан да, қас-қабақ, көз тастасынан да торыққандық байқалады. Енді алдындағы қатар-қатар қаланып жатқан тастан басқа ештеңеге алаңдамауға белін бекем буғандай.

Бір-біріне тізбектеле түсіп жатқан қыш тастар бұнын буалдыр мұң, бұлыңғыр үміт, қапырық уайымнан аршылған ойларындай сараланып, сайрап жатыр. Жабық көше ұзара түсті. Әмірші жорыққа аттанып кеткелі де екі жылдың жүзі боп қалды. Хан қайтып келгенде өз бұйрығының орындалғанын көрсін деп, бас шебер де қатты асығып жүр. Күнде ертемен елдің алдымен кеп, шеберлердің жұмысын көріп кетеді. Қазір де әне жеңіл күймесін есік алдына доғарып, тас қаланып жатқан жабық бастырманың астына кірді. Күндегідей жолындағы тас қалаушылардың қасына тоқтап, тіл қатыспастан

бірден түпке қарай аяңдады. Әлде тағы да бір шұғыл шаруа шықты ма екен? Кімге беттеп келеді? Алдын кес-кестеп әрлі-берлі тас тасып жүргендерге назар салған жоқ. Тартып келеді. Қайда жетіп тоқтар екен? Міне, мұның қасына таяп қалды. Тоқтамай өте шығатын шығар. Жоқ, бұрылды... Иә, түп-тура өзіне беттеді. Қасына келді. Үюлі жатқан қыш тастардың үстіне аяғын салып, тіл қатты.

– Жаппар, таста...

Бұл не дегені? Жаппар оның бетіне қарады.

– Жүр, сарайға барамыз. Сені бас уәзір шақыртып жатыр.

Бас шебердің солқылдақ жеңіл арбасы бас уәзір отырған ақ сарайдың қақпасының алдына кеп тоқтады. Есік ашқан сақшылардың ара-арасымен, алдына түсіп ап, асыға аяңдап бара жатқан бас шебердің соңынан ере берді. Сарайдың сап-салқын, саңғыраған әлденеше бөлмелерінен өтіп, ақыры бір самаладай көкшіл бөлмеде қақ ортадағы дөңгелек хауыздың төр жағында ағаш сәкіде отырған бас уәзірдің де алдына жетті. Ол тағзым еткен сәлемін қабыл алды да, бұның бас-аяғына ұзақ тесіле қарап отырды: бір қауым уақыт өткен соң не де болса айттайын деп тәуекелге бел буғандай, аузын аша беріп, тағы да сүзіле қарап қойды. Сосын бас шебер жаққа бұрылып:

– Неге шақыртқанымды айтып па едің? – деп сұрады.

– Жоқ, тақсыр, – деп бас шебер тағы да тағзым етті.

– Ендеше, Жаппар ұста, Кіші ханым жорықтағы Ұлы Әмірші елге оралғанда көз қуансын деп мұнара тұрғызбақшы. Соны сізге салдырмақпыз, – деді де бас уәзір тостағандай көзін бір төңкеріп қойды. Кімге болса да, басын төмен салып жіберіп, иегінің астынан жоғары қарай бажайлап бір шолып шығатын бас уәзірдің әдеті болса керек.

Оның тесіле қалған бадырақ көзіне тік қарауға қаймыққандай Жаппар ұста иіліп тағзым етті.

Бас уәзір ішіп-жеп бара жатқан бадырақ көзін тағы да бір рет шыр көбелек айналдырып алды да, назарын енді Жаппардың екі иығынан асыра есік жаққа қарап:

– Ұқтыңыз ғой, – дей салды.

Даусы бір түрлі салғырт шыққандай болды.

Жаппар бұған не деу керек дегендей бас шеберге көз тастап еді, ол уәзірдің не дегенін атымен естімеген кісіше, меңірейіп тұра берді.

Жаппар бас шебердің бейтарап жүзіне аңтарыла қарап біраз тұрды да, бас уәзірдің өзінен жауап тосып отырғаны ойына түсіп, асыға-үсіге:

– Ұқтым, – дей салды.

Содан Жаппар қазықты қайда қағарын білмей бір ай жүрді. Байтақ шаһардың ішінде бармаған, біресе жердің топырағына, біресе маңайдағы үйерге жалтақ-жалтақ қарап, басын сипап тұрмаған жері қалмады.

Ақыры ол мінген арба Кіші ханым тұратын бақтың түстік жағындағы оңашалау алаңқайдан келіп бір-ақ шықты.

Ескілікті обаның орны қаланың былайғы табанынан біршама биік сияқты. Топырағы да не кебірттік, не майда ұлпа емес, қатқақтау. Ертеңгі күні мұнараны шөгер-шөгер еңсесін түсіріп тастамайтындай. Тым бір қиын бұру шет те, бықынажай орталық та емес. Жан-жағы ашық. Шаһардағы аты шулы мешіт-медреселер мен хан сарайлары да бұл арадан біраз жер. Төңірегінде көрушінің көзі мен көңілін бұрып әкететіндей ештеңе жоқ, оңаша. Терістік қапталында Кіші ханымның сарайы ғана бар. О да көк мәуеден көрінбейді.

Не де болса тәуекел деп қазықты сол араға қақты.

Әр жер-әр жерінен ін қазып, тышқан тесіп тастаған ескі үйік обаның төңірегіне жан-жақтан шаңдатып арбалар келе бастады. Жал-жал қызыл кірпіштер үйілді. Белуарына дейін тыр жалаңаш шешініп алған тұтқын құлдар қара қайыс арқалары қақ төбеден шақырая қараған шілде күнінің астында жарқ-жұрқ етіп жер қаза бастады. Темір күректермен бірге олар да жер қойнына сіңе түсті. Күннен-күнге қомақтана түскен жал-жал топырақ биіктеген сайын терге малшынған қара күрең иықтар көзден бір-бір ұшып жер астына біржола еніп, жоқ болды. Жаппарда тыным жоқ, болашақ мұнара тұратын обалықты біресе ана жағынан қарап, біресе мына жағынан қарап шапқылады да жүрді.

Бір күндері қырық құл жер бетіне қайта шықты, олар қазған шұңқырға енді Жаппар түсті. Шыжыған шілде күнінде жер асты қанша рақат көрінгенмен бір-екі күннен кейін одан да жалықты. Жарыққа, жер бетіне құлшынды. Сонау төбеде көк ніл аспан жылтырап жатқан жарық дүниеге тез-тез жетіп алмаса, әлдебір тажал күш жер астына байлап тастайтындай, жоғарыдан тері зембілге сап жіберіп тұрған қыш кірпіштерді асыға қалады.

Ақыры құлдар қазған құдықты толтырып жердің бетіне шықты. Қара жердің қойнынан қақ жарып шығып келе жатқан тас бәйтерекке өткен-кеткеннің көзі түсе бастады. Сонда балаң шебердің балғын көңілі көлденең көздің көп қарағанына бір түрлі масаттанып қалатынды шығарды. Осынау ескі обаның басында қыбырлап жүрген қарайған адамның ішінде тек бір бұған ғана көз алмай тесіле қарап тұрғандарды байқаса болды, бұлшық етін қадала сорып, қалжыратып бара жатқан дамылсыз қозғалыс әлгі бір сарын, бір ырғақ пәтуасыздығынан айрылып, табан астында айрықша бір мән тауып сала береді. Ондайда шаршағанын да білмей қалады.

Күн санап сатылап биіктей түскен мұнарамен бірге о да жер бетінен, кірпіш тасып, балшық илеп күйбеңдеп жүрген көп құлдан алыстай берді. Енді құлдар кірпіш пен тасты мұнараның іш жағындағы саты баспалдақтармен зембілдеп таситын болды. Екі кісі зорға айналып тұрардай тап-тар мұнарада жапа-жалғыз. Жаңа салынып жатқан мұнараны, кірпіштен кірпішке биіктеп, көкке өрмелеп бара жатқан шеберді алыстан тұрып қызықтайтындардың тобыры да сирей түсті. Енді олардың да мәні жоқ. Сонау жердің бетінде күйкентайдай боп тәлтиіп-тәлтиіп тұрғандардың бұған айтқан сөздері де, құмарта қараған көздері де жетпейді. Кірпіштер қайтадан ауыр тарта бастады. Тұсаулы аттың китің-китің жүрісіндей құрылысшының кірпіш санаған күйкі қимыл-қыбыры мезі қып барады. Енді оның асыға күтетіні тас таситындардың келіп тас түсіріп кеткені. Олардың ту сонау мұнара түбінен әуелі дүңгірлеп шығып, бірте-бірте тақ-тақ қатқылдана түсетін аяқтарының дыбысына құлағын тосады да тұрады. Құлдардың көбі шеттен келген. Олар бұның, бұл олардың сөзіне түсінбейді. Бірақ қасынан ақ тер, көк терге түскен еркектердің әншейінде тым ерсі, тіпті жиіркенішті көрінетін бір түрлі құдірет – күш беретіндей күңірсік иісі мұңкіп қоя бергенде, ол қалтарыс бір түкпірде қара аңсап тұрған тұсаулы аттың өзге жылқы көргенде оқыранбай не кісінемей қалмайтынындай, әлдене деп бір сөйлеп қалады. Құлдар бұның не айтып тұрғанына түсінбесе де, тістерін ақситып күліп қояды.

Енді мұнара шаһардың таяу жердегі үйлерінен бой асыра бастады. Жақын махаллалардың тап-тар көшелері мен аядай аулаларындағы қимыл-қыбырдың бәрі көз алдында. Жатаған үйлердің ара-арасындағы әрлі-берлі шұбап жатқан қара ноқаттар – есек мінген, не жаяу кетіп

бара жатқан көшедегі жұрт мың сан сүрлеуге түсіп ап, әрлі-берлі жөңкіліп жатқан әлдеқандай кішкене мақұлқаттар секілді. Олардың көзге әзер шалынатын құрдым қарасы да, ерсілі-қарсылы сеңдей сапырылысқан мәнсіз қозғалыстары да кісі күлерліктей. Әсіресе базар маңы құмырсқаның илеуінен бір аумайды. Әншейінде арасында жүргенде қызығатын қызылды-жасыл дүниелер де мынадай зеңгір биіктен қарағанда құнсыз, қызықсыз, тіпті көзге де ілікпейді.

Осы бір ұсақтықты, мәнсіз абыр-сабырды адамдар өздеріне-өздері қасақана ойлап шығарғандай. Мынау ұлан-асыр шалқар болмыста әрқайсысы алды алдына шалқайып жүруге жер жетпегендей бір-біріне соқтыға-қақтыға жөңкілетін әне біреу сүрлеулерді, кеңістікті кеңірдегінен алып қылғындыратын жолбарыстай көріп, төрт жағынан төрт тас жақтаумен қоршап, қыспаққа алып тұратын әне бір тас табыттарды тауып алыпты, сондай бірінен-бірі аумайтын тас қорапшалар арасында, сұрықсыз сұрқай илеуде біріне-бірі соқтығып, құмырсқаша құжынап жүріп бір-бірімен атақ таластырып әлек болады. Осынау мәнсіз илеу біріне-бірі соқтыққан құмырсқаларын да мәңгіртіп жібергендей. Әйтпесе, мынау ұлан-асыр кеңістікте бет-бетіне бытырап жүрмес пе еді, сонда олардың әрқайсысын жеке-жеке қуып жүріп өлтіретін кім бар дейсің? Ал мынандай быжынап жатқан илеуді бір жайпап кетуге қай жау қызықпайды. Өзге илеулерді аямай таптап жүрген атақты билеуші өз илеуін жылдан-жылға құжыната түсуде. Тап осы салып жатқан мұнарасының қажеті қанша... Көлденең көк аттының көзіне түртіп, екі аяқтылардың тағы бір илеуі бар деп жау шақыруға ма... Әлде, мынандай қапас илеуге жуымаңдар, маң түзден айрылмаңдар деп ел үркітерге ме... Неге керек?... Не үшін керек?... Оны өзі де білмейді. Былтыр бадырақ көз бас уәзірден тапсырма алды да, кірісіп кетті. Сонау мәуе бақтың ішінде, әлдебір түкпірде бұған қарап отырған Кіші ханымға керек болды дейді. Оның мынандай тас үйікке неге сонша құмар бола қалғанын ит біліп пе? Осылай шәлкес ойлар ойқастағанда ол мынау шым-шытырық шаһардан да, сол шаһардың дәл өзіндей шым-шытырық сергелден ойдан да сергітетіндей бостан кеңістікке құлшынады. Мынау сұп-сұрғылт шым үйіктер тасасында сағым шалып жатқан ұлы даланы көргісі келеді. Бірақ күн жеп қуарып кеткен жер өңдес шым дуалдар мен шым қабырғалар, бір-біріне астасып

араласып кеткен күзді күнгі лайсаң шалшықтай мына бір еш бедер-белгісі жоқ сиықсыз сұп-сұр перде, қайда қараса да көлкештеп көз алдында тұрып алады. Ол сол бықпырт лайсаңға тұншығып қалмайын деп, тырбынып, тас мұнараға иек асып, көкке қарай тырмыса түседі.

Жаппар мұнаралардың неге керек екеніне енді түсінді. Сөйтсе, ол адамдардың мынандай төрт тарапты түгел байлаған тығырықтан көз бостандық алар кеңістікке, көк есектің құйрығының деңгейінен бой асыра алмайтын аяқ асты аласалықтан көңіліңді сергітер зеңгір биіктікке, қол басындайды ірі, құрық бойындайды биік көріп, қайдағы-жайдағының бәрін қазына, қалай-солайдың бәрін қасиет санап, күйбең-күйбеңмен күн өткізетін күйкіліктен бір кездегі ұлан-асыр болмысты барша ерен ұлылығымен көре алатын ірілікке, илеудегі қыбыр-жыбыр тіршілік иесінен аспан астын түгел шолып, түгел барлай алатын қырағы жанар, ұшқыр қиял, биік арман иесі адамдыққа ұмтылған өр дәменің құлшынысы екен. Тышқан екеш тышқан да ауық-ауық топырақ сасыған тар інін тастап, жонын шуаққа тосып, сығырайған кішкене көзін ұлан-байтақ болмысқа құныға қадап, жарық дүниенің өз індігешіндей емес көл-көсір кеңдігіне, жер бетінде тек күйкілік қана емес ұлылық та бар екеніне көзі біржола жетіп, көңілі бітіп, масаттана әндетпеуші ме еді.

Бәлкім, жер кіндігін тесіп шыққан мына мұнара, адамдардың әлгіндей асқақ дәмесі ғана емес, анау аяғының астындағы былқ етпес көнбіс қара жердің сонау тас төбеден еміне төнген көк аспанға емірене созған білегі шығар. Қолындағы қыш кірпіш күні кеше сонау төменде көк есектің тұяғына жаншылып жатқан көк тиындық құны жоқ топырақ емес пе еді тәйірі... Енді, міне, ол бұның білегінен әлдебір сиқыр қақтай сорып шығарып жатқан күшпен қосылып, жайдауыт бедерсіздіктен көлденең көзді өзіне алаңдатпай қоймайтын биік нысанаға, ешкім ескермейтін мағынасыз ұнтақтан назарыңды көкке сүйрер маңғаз мұнараға айналмады ма?

Былтыр алғаш қазық қаққанда, ол ескі обаның төбесіндегі көк ніл әуеге қанша телміріп қарағанмен, көз алдынан қазір-ақ бір-бір ұшып жоғалатын алдамшы елестен басқа ештеңе көре алмаған-ды. Әлгінде ғана алдында аспанмен таласып тұрып алған сиқыр мұнара көзін уқалап ап, енді бір қарағанда, жер жұтқандай жым-жылас жоғалып кеткен-ді. Бірақ бүйірін тышқан тесіп тастаған бұжыр төмпектің төбесінде көз алдында көлбеңдеп



тұрып алған, қазір ғайып болатын сол бір алдамшы елесті шындыққа, көргеннің көз жауын алатын көрікті көк мұнараға айналдыруға болатынын ол баяғыда-ақ білген-ді.

Одан бері де сегіз жылдың жүзі ауыпты.

Екі ала қоржынды теңдеп ап, тау-тау шағылға итіне тырмысқан көк есектің соңында әкесі екеуі келе жатты. Жарты ай бойы сол бір митың жүріс. Құм арасында араға екі-үш күн салып жолығатын бетіне сексеуіл төсеп, шағырмен жапқан көмбе құдықтың басында аяқ суытып алады.

Алда келе жатқан әкесі үндемейді, ауық-ауық кілт тоқтап, ылғи өрге қарай емпеңдей беріп, пысытқан киіздей қап-қатты боп ұйып қалған белін жазып, екі бүйірін таянып біраз тұрып алады да, бір күрсініп қойып қайта жүреді.

Тек көк есектің ғана іші пыспайды. Серек құлағын қалқитып жығып ап, басын көтермей жорғалай береді. Екі аяқтылардың еркіндегі хайуан өзіне бәрі бір тыным болмайтынын әбден біліп болған. Мынау ақ сұрқай кеңістіктің тағы бір жерінен су ішіп от шалатынын іші сезіп келеді. Екі аяқтылар бұны аяп емес, өздері үшін тыныс қылады. Соның бәрін көкірегіне жаттап алған көк есек ештеңеге алаңдамайды, мимырттап тартып барады.

Ал анадай жерде артта келе жатқан өндіріс қара жігіт, он жеті жасар Жаппардың осы сапардан әлдеқашан іші пысқан-ды.

Қыс бойы төсек тартып жатқан әкесі наурызда басын көтерді. Аяқ астынан қайрат біткендей, көздей жерін жыртты, тырмалады, дән септі. Жермешел шым үйдің жанындағы өлі қаңқадай ербиіп-ербиіп тұрған аз ғана жеміс ағаштарының түбін қопсытып бұтағын қырықты.

Соның бәрін үнсіз істеп, үнсіз бітірді де балаларын жиып, Жаппардан басқаларының қайсысы қандай шаруа істейтінін айтты.

Араға көп уақыт салмай, Жаппарды ертіп жолға шықты. Айдаладағы шағын қыстақтың тұрғындары есіктерінің алдына шығып, бұлардың соңынан аңтарыла қарап қалды.

Көк есекке өңі кеткен тықыр қоржынды теңдеп ап, ауладан шығып бара жатқанда, көрші әйелдер анасынан:

– Құмырашы қайда базар шығып барады? – деп сұрады.

Өзі аң-таң, анасы иығын қақты.

Қайда келе жатқандарын Жаппар әлі білген емес. Қыстақта әкесі жайлы алып-қашпа әңгіме көп. Оның қайсысының шын, қайсысының өтірік екенінен балалары да бейхабар.

Құмырашының қайдан келгені де жұмбақ. Бір суық күзде бейсаубат керуенге ілесіп келді де, қалып қойды. Ешкімге дін ашпайтын дәу қара кісі саз балшыққа жан бітіретін шебер екен. Көп ұзамай өз күнін өзі көріп кетті. Бір жетім қызды алды. Үйлі-баранды болды. Баласының ішінде жанына ертіп, жақын тартқаны да осы Жаппар. Неге назары түссе де, тесіле қарайтын әдетімен өз баурынан шыққан балаларының да әр қадамын қалт жібермей қапысыз бағып отыратын әкесі тек осыған ғана көзінің аласын азайтып, мейіріммен қарайды. Мейірімі де аса тапшы. Арқасынан қағып, маңдайынан иіскеп көрген емес. Алайда әкесінің өзге балаларының қақ жауырындарына шаншудай қадалатын суық көзқарасы Жаппарға дегенде тайқып кетеді. Әкесінің өзіне неге көңілі бітіп жүргенін Жаппар да білмейді. Әйтеуір әкесі бірдеңеге жұмсаса, ту сыртынан әлдекім садақ ататындай жалтақтаған бұрынғы бүгежек қимылдан бір-екі жылдан бері құтылды.

Әкесі ауық-ауық саз қарайтын-ды. Үлкен дарияға барып құятыны, әлде үлкен дариядан қашып шыққаны белгісіз кішкене өзек бойындағы оңаша қыстақтан ертеңгілік көк есегін жетектеп шығатын да, күні бойы айдалада маңып-маңып кешқұрым қос қоржынын толтырып үйге қайтатынды. Сондай бір сапарына бұдан екі жыл бұрын жазғытұрым бұны ертіп шықты. Қыстақтан алысқа ұзап шықпаған бала әуелі көк есекке мініп ап, алдында анадай жерде әлдеқайда аяңдап тартып бара жатқан әкесінің соңынан емпеңдеп ере берді. Әуелі қыстақтың шетіндегі қозы-лақ жайылып жүрген кішкене қолаттан асып, кебірттік жалдың басына шықты. Сонау ойда, айнала қырпық-қырпық кейбір жоталар қоршаған ұзын-шуақ тайпақ қолатта, жарлының дастарқанына шашып тастаған бір уыс жүгерідей бытырай шашылып қыстақ жатыр; кемірейген саз балшық дуалдармен қоршалған шөкім-шөкім танаптық жерлер шытыраның көзіндей, ию-қию. Үйді-үйдің төбесінен шүйкедей түтіліп көк түтін ұшады. Бұрын өзіне шетіне шығып болмастай көрінетін мекені алыстан қарағанда тіпті қораш екен; кішкене нәрсені көргенде жаны ашып, елжіреп жүре беретін балапан

жүрегі ту сонау қолат ойдағы қара қожалақ қыстағын мүсіркегендей, аяқ астынан шымырлап қоя берді.

Бала көк есегін тебініп, анадай жерге ұзаңқырап кеткен әкесінің соңынан салды. Бірте-бірте кебір азайып, бұлар тақтайдай тегіс қара жонға шықты. Қыстақта жүргенде құрдым көрінетін аядай көкжиек жонға шыққан соң далиып сала берді. Бұрын етегімен жер сызып тұратын аласа аспан да зымырап биікке бір-ақ шырқап шыға келгендей.

Әкесі сонау бұлдыраған көкжиекке жетпей тынбай-тындай кеңірейіп тартып барады. Ал Жаппарға сол бұлдыраған көкжиек биылдыққа жеткізбейтіндей көрінеді. Жылмиған тұлдыр жон басқан адымыңды мандытар емес, көл-көсір көсіліп жатыр.

Әкесі түс ауғанша сазарған қалпы жүре берді, жүре берді. Түс ауа айдаладан бір домалақ төбе көрінді. Әуелі әжептәуір биік көрінген төбе жақындаған сайын астынан әлдебір жемір кеміріп жатқандай, бірте-бірте аласарып, тіпті жақындағанда жылмағай жазықтан басын көтермей жатып алды.

Әкесі төбенің басына шығып, алыс көкжиекке қарап ұзақ тұрды. Саз барлап шыққанмен, төбеге жеткенше жер реңіне бір рет те зер салған жоқ. Жеткесін де, аяғының астындағы топыраққа емес, алыс көкжиекке көзі боталап көп қарады. Ар жағындағысын оның сұқты жанарынан жасырғысы келгендей, көкжиек те көз талдыра бұлдырап, мұнартып жатыр. Бала мынау шетсіз-шексіз кеңістіктен, оның сілтідей тынған жым-жырт тыныштығынан, тылсым сабырынан бір түрлі елегізетін тәрізді. Бұрын өңі түгілі түсінде көрмеген алып біреумен ойда жоқта бетпе-бет оңаша кездесіп қалғандай, жон арқасы мұздап қоя берді. Көк есек те көзі жасаурап, жыпылық-жыпылық кірпік қағады. Бала көз ұшында көлкіп тұрып алған көкжиектен де, көкжиекке телміре қараған сайын тұнжырай түскен әке жанарынан да ештеңе ұға алмады.

Бірақ бұдан соң ол кішкене қыстақты қусырып алған тар қолат өкпесін қысып бара жатқандай, кеңге қашатынды шығарды. Үй іргесіндегі алақандай бақшалықта тұқшыңдап жүруге құлқы шамалы; кішкене қыстақтың азғантай қозы-лағын айдап, өріске кетуге құмар. Тар қолаттан ұзаңқырап шығады да, қозы-лағын көкке жайып, шалқасынан түсіп аспанға қарап жатады да қояды. Қапелімде құлаққа ұрған танадай тып-тыныш тылсым

кеңістікке бағзыдан бері тек осының келуін күтіп жатқандай бірте-бірте жан кіре бастайды. Әуелі көлдария көк аспанның әлдебір жеріне қадалып ап сайраған торғай үні шығады; оған көктен, жерден көп шырыл қосылды; індігеш-індігеш аузынан жон арқасын шуаққа тосқан дала тышқандары өн бойларына шымырлап дари түскен күн нұрына масаттанып, шықылықтап береді. Көктемгі балауса көкті күрт-күрт орған қозы-лақтың тынымсыз тысыры да бала құлағына күйдей жағады. Құлағы тола үн, сыбдыр. Көз алдында көк аспан.

Ерен болмыс, жалпақ әлеммен жапа-жалғыз бет-пе-бет қалған бала шуақ сорған жылы топырақтың үстінде ұзақ маужырайды. Өзі тілімен түсіндіріп бере алмастай бір тұңғиық сырларға алғаш түйсігеді. Айналасындағы абыр-сабырды, асығып-үсігуді білмейтін бей-жай тіршілікке, парасатты тыныштыққа тәнті болады. Сонау төбеден төнген көк аспанға, соған дейінгі екі арадағы тұнық кеңістікке көзі құныға түседі. Көкжиектен мамырлап көтеріліп, баяу жылжып келе жатқан қаймыжық шарбы бұлт осынау ұлан-асыр дүние иесінің «жарық жалғанда не болып жатыр екен, барып біліп келші» – деп, жұмсап жіберген құпия шолғыншысындай астындағы көл-көсір алқапты көлеңкесімен тінткілеп жүр. Міне, сол қазбауыр мамық бұлттың жер бетін сипап келе жатқан майда алақаны – қоңыр салқын көлеңкесі бұған да жетті.

Бала әлдебір тылсым құдіретке түйсіккендей тұла бойы дүр шімірігеді. Артынан қайта күн шығады, шуақ молаяды, баланың балғын тәні қайтадан маужырай бастайды. Өмір ызғары қонақтамаған балапан көкірегі мынау көктемгі шуақтай тамыз нұрға толады, сан қилы қиялға шомады.

Әлдебір уақытта жамбасы ұйып, арқасы талғанда басын жерден көтереді. Төңіректе үн азайған. Күн көзі де баюға бет алыпты. Қиялшыл бала айдалада жалғыз қалып қояр дегендей көкжиекке иегін тіреп, сығалай қарап тұр. Оның орнынан тұрғанын, анадай жерде жатқан шыбыртқысын алып, козы-лағына беттегенін көрген соң ғана барып, көкжиектің тасасына сырғиды.

Ымырт түсе жан-жақтан жабыла боздап өрістен қайтқан сауын түйелермен бірге бұл айдаған аз ғана қозылақ та соңдарына қою қараңғыны ертіп, тар қолаттағы кішкене қыстаққа қайтып келе жатады.

Жаппардың үй-үйдің арасындағы күл-қобырдың үстінде асыр салып ойнап жүретін көп балаға қосылмай, ыңғай оңашалана беретіні әкесіне ұнаған тәрізді. Ұстаханасына ұрлық қылғандай бөгде жұртты кіргізе бермейтін әкесі бұны өзі ертіп апарды.

Кесек дуалдың бір бұрышына жапсыра салынған шеберханадан сыз бен күйген саздың иісі аралас шығады.

Әкесінің шарыққа аяғы тиюі-ақ мұң екен, тып-тыныш бөлменің іші құлағыңды тырнайтын ащы шарылға толады, түп-тұнық ауа дар-дар жыртылып, әкесінің алдында қара көк мөлдір шеңбер шыр көбелек айналады. Құмырашының жер түбінен есекке артып әкелген саз топырағы әуелі суға араласып, балшық болған-ды. Енді, міне, сол баттасқан балшық зырылдаған дамылсыз қозғалыстан қайтадан жым-жылас жоғалып, ауадағы шыр көбелек айналған қара көк шеңбер кейпіне түскен.

Жаппар көзбояушы көрсететін көп сиқырды көріп отырғандай әкесінің балағын тізесінен асыра түріп қойған жалаңаш балтырындағы бұлт-бұлт ойнаған бұлшық етке, қарсы алдында ауада зыр көбелек жүгірген жұмбақ шеңберге міз бақпай қадалған шебердің суық жанарына аңтарыла қарайды.

Бала жанары адам қимылының тап мынандай сиқыр күшіне алғаш рет қанығып отыр. Жусан мен бетегенің, изен мен бұйырғының арасында шашылып жатқан шаң топырақ, қолға ұстасаң тұрмайтын, қайдан шығып, қайда сіңіп жатқаны белгісіз пәтуасыз сылдыр сұйық су, қуарған сексеуіл шырпысынан шырт-шырт түлеп, түтін боп жоғалатын баянсыз от, қазір болса, қазір жоқ өткінші қимыл – өңшең бір тұрлаусыздықтан көрерге көз керек әп-әдемі бұйым шыққанына еріксіз қайран қалғандай.

Көп ұзамай әкесі шарыққа бұның өзін отырғызды. Көздің жауын алатын әдемі құмыра жасауға саз топырақ пен су, қара көрік лапылдата маздатқан сексеуіл шоғынан да басқа өн бойындағы бұлшық еттің бәрін солқылдата сорып шығатын қара күш, көз етіңді суырып алғанша міз бақпай қарайтын жіті жанар, тоқсан тарау жұлын-жүйкеңнің бәрін шүйкедей иіріп, түбіттей түтетін үміт пен күдік, ынта мен ыждаһат, соның бәріне ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын қатыгез қанағатсыздық пен көнтері көнбістік керек екенін бала сонда ұқты.

Бір кезде өзі отыратын бұрыштағы қоқыр-соқырдың арасында жатқан ескі ашамайдың үстіне енді әкесі жай-

ғасыпты. О да бір кездегі өзіндей бұнын әр кимылына мiз бақпай қадалып қапты. Оның жүзiнде бiр кездегi бұнын жүзiндегiдей таңырқау, тамсану жоқ. Әке көзiнiң өткiр сұғы бұнын өн бойына ине боп шаншылып жатқандай.

Кәрi шебер балапан көңiл баласының ұп-ұлпа жүйкесiн сол бiр шаншудай қадалатын сұсты жанарымен ширьқтырмақ. Әйтпесе, албырт жастың ыждаһаты да лақтың түбiтiндей, иiрiлуден гөрi түтiлуге оңтай тұрады.

Жаппар шын шебердi шыңдайтын өзгенiң көзi екенiн сол әкесiнiң ертеден қара кешке мiз бақпай қараған мiр жанарынан ұқты. Әкесiнiң шеберханаға бөгде жұртты неге кiргiзбейтiнiн де ендi түсiндi. Шебер де он екi мүшесiндегi ен сұлулықты шәйiмен қымтап, көлденең көздi оқыс жалт еткен ай дидарымен ынтық қып қоятын кермиық кербез сұлудай, кез келген тiмiскi көзге сыр шаша бермеске керек. Жұрт оның маңдайындағы шып-шып тердi, қалжыраған жүзiн, кiрбиген қабағын көрмеске керек, көрсе қолынан шыққан бұйымды көрсiн, таңдансын, қызықсын, бас исiн. Шын шеберге содан артық мұрат жоқ. Өзгенiң телмiре қараған сұсты жанарынан қысылып-қымтырылмаған, өзгенiң өз қолынан шыққан бұйымына тамсана қарағанына iштей масайрап мадиықтанып қалмайтын қанжылым мiнезден шебер шықпақшы емес. Әкесi Жаппардың қолынан шыққан бұйымнан гөрi сол көлденең көзге енжар қарамайтын сезiмталдығына сүйсiндi. Соны көрдi де, өзге балаларындай жабы түйсiк емес, әсершiл ұлы барына риза болды. Баласын өзiнiң кәсiбiне баулуға ынт-жынтымен кiрiстi.

Жаппар осы бiр жан-жағынан сыз аңқыған тар лашыққа таңертең кiрсе, кешке бiр-ақ шығады. Әуелде танауын жарып кете жаздайтын күйген саздың күнiрсiк иiсi қазiр байқалмайтын болды. Құмыра қырнайтын шарықтың зыр көбелек суылына да құлағы үйрендi.

Бала осынау шұқшима кәсiптен қанша шаршағанмен зерiккен жоқ. Күнiне бiр құпиясы шығып тұрады да, құныға түстi.

Әкесi баласын қиын кәсiптен ә дегенде зерiктiрiп алмайын дегендей, ауық-ауық дүкенiн апта бойы ашпай, бой жаздырып алады. Ондайда бала әрi-берiден соң қол бос жүрiстен iшi пысып, дүкенге, шарыққа асығады.

Көп ұзамай қыстаққа Жаппардың қолынан шыққан құмыралар да тарай бастады. Алғаш рет ол өз қолынан шыққан құмырамен суға бара жатқан қызды көргенде, дарияға жеткенше, анадайдан соңынан ердi де отырды.

Қыз талдырмаш денесі бұралаңдап, бұның қолынан шыққан қыш құмыраны суға толтырады да, май топырақты имене басып, қыстаққа қайта бет түзегенде, манадан бері қыр соңынан қалмай еріп келе жатқан бала шебер жақын тұрған дуалдың тасасына зып береді, қыз неге еріп келе жатқанымды біліп қоя ма деп қысылады...

Қазір қыстақта Жаппардың қолынан шыққан құмырасы жоқ үй кем де кем.

Енді, міне, әкесі аяқ астынан алыс жолға шығып, бұл білмейтін беймәлім бір жерге ертіп келеді.

Мынау құм басқан өлкеде бұл екеуінен басқа ешқандай тірі пенде жоқтай. Қажыған көзің қарайған іздесе, қасына келсең – не жүзген, не сексеуіл боп шығады.

Жазғытұрым жабырқау құм ішіндегі мимырт жүріс осы бір онсыз да беймәлім сапарды одан сайын мәнсіздендіре түскендей.

Жаппар тұқшыңдаған көк есек пен өрге қарай емпендеген әкесінің соңынан ере беруге жалыққандай бір ауық құм үстіне шалқасынан түсіп жата кетті. Төбеде де мелшиген үнсіз аспан. Мөлдір көкте бұлттан жұқана жоқ. Тек дөңкиген шағылдарға астасқан жері ғана сәл мұнартады. Биіктеген сайын түп-тұнық. Ол телмірген аспанға қарап жатты-жатты да, қайта тұрды. Сосын сусыма құмды борбайлап кешіп, көк есектің соңынан салды.

Күн еңкейе дөңбек шағылдар сиреп, олар құмақ жазыққа шықты. Сол-ақ екен, әкесі кілт тоқтап, айналаға көз салды.

Әжім-әжім құм... Әкесі жаяу борасыннан сақина-сақина боп шимайланып қалған майса құмақтан әлдебір сиқыр жазып кеткен дұға оқып тұрғандай, шүңірек көзін шүйілте төңкеріп, төңіректі ұзақ шолды, ұзақ ойланды. Сосын есегінің басын шығысқа бұрды.

Олар қызыл шағыл қара қатқақпен астасар жеріндегі шұңғыл түлейге кірді. Жаңа ғана жер табандап жатқан қызыл шағылдар көлеңке ұзарған сайын бірте-тірте биіктеп, ніл ыдырай бастаған кешкі аспаннан енді-енді көрінген кілегей бұлттарға араласып кеткендей.

Көк есек құдды құрдымға сіңіп бара жатқандай... Әуелі әншейін көлбеуіт басталған ойпат күрт тереңдей түсті. Әкесі қара түлейдің қақ ортасына кеуделеп енуге дәті бармай, көз ұшынан ернек көрініп тұратындай жерге барғасын, есегін сексеуілге байлады. Жаппарды жиырма қадамдай аулаққа алып шықты. Сосын ұйысқан сексеуілдің қалыңдау жеріне жетектеп апарып, бұталар-

дың арасындағы анадай жердегі кемер ернек еміс-еміс көрінетін оймақтай саңылаудан көзінді аударма деп тапсырды.

– Қашан өзім келгенше қыбыр етпе.

Әкесі кес-кестеп тұрып алған сексеуіл бұталарын қолымен көтеріп, басқа бір жаққа жылыстай берді. Сексеуіл бұталарының сытыры әлдебір уақытта барып басылды. Шамасы, әкесі де қойлайлы орын тапса керек...

Тоғай арасы сыз, салқын... Жаппардың танауын дымқыл жүзген мен сексеуілдің әлдебір көңірсік иісі жарып барады. Күннің қызғылт нұры ит тұмсығы өтпес қалың жыныстың ту төбесіне іркіліпті. Ағаш арасына қараңғылық ұйыса бастады. Көз алдындағы селдір саңылаудан құмақ ернек қана қылауытады. Жалғыз қалған Жаппар елегізіп, төңірекке құлағын қанша түрсе де, ештеңе естілмейді.

Бір уақытта мимырт жүрістен әбден қалжырап қалған өне бойы дел-сал тартып, кірпігі ілініп барады екен, жалма-жан көзін ашып ала қойды.

Дәл маңдай алдындағы селдір саңылаудан әлдене бұлаңытқандай болды. Жаппар көзін уқалап, қайта қарады. Түйелі адам. Басына дағарадай қып сәлде орап алған біреу бұлар тығылып жатқан түлейді алыстан орағыта шолып, астындағы сала мойын қызыл нарды борбайлатып, қызылға қарай желіп барады. Ашамайының басына ілулі томпиған әлдене бұлғаң-бұлғаң етеді. Шамасы – сусын болса керек. Жаппар таңдайы кеуіп қатты шөлдегенін енді байқады. Анау жолаушыны тоқтатып, сусын сұраса қайтеді. Кенет әкесінің «өзім келгенше қыбыр етпе» дегені есіне түсті. Басы зеңіп, ернекті жағалап бірте-бірте қашықтап бара жатқан бейсаубат жолаушының соңынан көзін алмай, қатты да қалды. Енді байқады – түйе үстіндегі сәлделі адамның оң қолында ылдырмақ-шылдырмақ тағылған ақ таяғы бар екен... Диуана... Алба-жұлба, осындай жандар оқтын-оқтын бұлардың қыстағына да соғып кетіп тұратын-ды.

Жаппарға анау диуана да дәл қазір бұлардың қыстағына кетіп бара жатқандай көрінді. Көңілі әлденеге құлазып сала берді. Жалғыз түйелі алыстай-алыстай ақыры көз ұшынан ғайып болды.

Жаппар басы зеңіп бара жатқан соң, маңдайына сексеуілдің түбінен мұздай сыз топырақ алып басты.



Шағылдардың тасасына барып күн батты. Жаппардың алдындағы селдір саңылау бұлыңғыр тартты. Көп ұзамай қара түлейді шыр айнала ымырт қоршады.

Кешкі ымырт қара түлейдің ішіне енуге дауаламай, ернек басына іркіліп тұрып қалғандай... Аспан боп-боз. Ернектегі ақ шағыл құмақ та кешкі ымырттың бозғылт сәулесінен күл өңденіп көрінеді. Жаппардың айнала-сындағы андап-андап тұрған сойдақ бұталардың да бірте-бірте жігі жымдасып, біртұтас қап-қара қараңғылыққа айнала бастады.

Ернек үстіндегі пышақтың жүзіндей жіп-жіңішке солғын сәуле әлсірей-әлсірей ақыры біржола ғайып болды. Аспанның әр жер-әр жерінен жұлдыздар жылтырады, әуелі тұңғық аспанның төріне барып іліне қалғанына қаймыққандай жыпылықтап тұрған сирек солғын жұлдыздар қатарлары көбейгесін нұры молайып, біраздан соң мынау елсіз шөлдегі қара түлейге тығылып отырған әкесі екеуін көздері шалып қалғандай, қақ төбелерінен жыпырлай төніп, жымың қағысты.

Шөл аймақтың жұлдызы быжынаған қап-қара түні орнады. Жаппардың әлгінде ғана бойын балбыратып бара жатқан дел-сал ұйқы су сепкендей серпіліп, сүлесоқ кірпіктері қайтадан дүр көтеріліп, тікірейіп алды.

Қайда қараса да, қара бурадай шабынып тұрған қою қараңғылық. Құлағын қанша түрсе де, сыбыс жоқ, меңіреу тылсым. Жан-жағынан қаумалай қоршап келе жатқан беймәлім қауіп сесін шығармай мысықтабандап үн-түнсіз жылжитындай. Бұл жүрегі атша тулап, сол бір қатерлі қауіп қанды шеңгелін қашан салар екен деп дегбірсіз тосады. Бірақ беймәлім қауіп үнсіз қабатын қара төбеттей, бұның әр қимыл, әр сыбдырын қалт жібермей анадайда аңдып жатады да қояды. Мұндай жүйкенді құртатын үрейлі тыныштықтан қазір қанжар салатынын айтып шабатын атойлы қатердің әлдеқайда артық екенін Жаппар алғаш рет сезіп отыр.

Түн ауып барады. Кенет түлей шетінен сыбдыр шықты. Әлдекім қалың сексеуіл мен жүзгенді омыраулап жарып келеді. Әлден соң тағы бір сыбдыр қосылды. Сосын өрт тигендей тоғай ішін сатыр-күтір жайлап кетті. Жаппар манадан бері құшақтап отырған сексеуілдің қу томары мынау ойда-жоқта опырып-жапырып келе жатқан көп дүсірден қорыққандай, бауырына тығыла түсті. Жаппар мұндай түлейлерде әр алуан хайуанның жүретінін жастайынан көп естіген. Ол тағыларға тән жат

иіс шығар ма екен деп, кешкі тымық ауаға тұмсығын тосып еді – ондай ештеңе байқалмады.

Бірақ дүсір күшейе түсті. Бір үйір аң қалың жынысты сарт-сұрт жапырып, жағаласып ойнақ салғандай.

Жаппардың тамағы кеуіп қалды. Қары талғасын құшағындағы қу томардан қолын ажыратайын десе, жаны кеткен саусақтары сіресіп қапты.

Дүсір кеуделеп біраз жерге дейін келді де, кейін қайтты. Бұның сірескен саусақтары сонда барып жазылды, бойын түзеп алған сексеуіл бұтасы өзге бұталарға соқтығып, болмашы сыбдыр етті. Бірақ Жаппарға соның өзі таудан тас құлағандай үрейлі естілді. Оған жыныс шетіндегі көп дүсір әлгі сыбдырды құлақтары шалып қап, сұлық тына қалғандай көрінді. Жаппардың екі қолы алдына сыймады, жүрелеп отыра кетті де, дірілдеп бебеу қағып бара жатқан қос қолымен екі тізесін тас қып құшақтап алды. Әлгі тоғай шетіндегі сатыр-сұтыр жым-жылас жоғалды. Бұл құлағын қанша түрсе де, қайта естілмеді.

Кенет дәл маңдай тұсынан от жарқ ете қалды. Бұл өз көзіне өзі сенбей, көзін тарс жұмып ап, біраздан соң, қайта ашты. Әлгі от маздап жанып жатыр. Үп-ұзын қызыл тілі сумаңдаған түнгі алау тас төбесіндегі жымыңдаған көп жұлдызды өшіріп тастағандай, жан-жағына алқызыл шұғыла шашып жалаң-жалаң етеді. От қасында серең-серең етіп бір топ адам жүр. Біреулер қою қараңғылықтың қойнынан әлденені құшақтап шығады да, отқа тастайды. Сол-ақ екен онсыз да көк шарпып жатқан түнгі алау тіпті аспандап кетеді. Отты шыр айнала ербеңдеп жүрген адамдардың не істеп, не қойып жүргеніне бұл түсіне алмай отыр. Бірінің көлеңкесі біріне қосылып, ернеуден түлейге қарай әлденеше қара сырық көлеңке жарыса құлапты. Бұл біраздан соң жарық пен қараңғылықтың астасқан жерінен қаз қатар қаңтарулы тұрған көп атты көзі шалды. Отқа жақын жердегі аттардың ерінің басына ілулі қынаптар түнгі алаудың шұғыласы түскенде жарқ-жүрқ ете қалады.

Жаппар олардың не қылған адамдар екенін біле алмай аң-таң. Елсіз түзде түн ішінде бейсаубат қару асынып жүргеніне қарағанда қорқынышты адамдар. Бағана әкесі, бәлкім, осылардан қорықты ма екен? Керуен тонайтын қарақшылар болады деуші еді – әлде солар ма? Олардан сонда немді тартып алады деп қорқады?

Жаппар ернек басында қаннен-қаперсіз лапылдағын от жағып отырған көп адамға үрейлене қарады. Бірақ олар түлей жақпен жұмысы жоқ. Отқа иіріле қапты. Бір-біріне бастарын изеп, қолдарын сермеп қояды.

Жаппар олардың түнгі алаудың жарығынан серейіп-серейіп көрінетін ұзынтұра көлеңкелеріне, дағарадай бөріктеріне, белдеріне салбыратып асып жүрген қылыштарына қарап көп отырды. Ол осы бір жүзі суық адамдардан сескенуін сескенгенмен, манағы ымырттағы мелшиген үнсіз тоғайдан қорыққанындай емес, бір түрлі арқасы жазылып қалғандай. Әлгінде ғана ту сыртынан тісін қайрап тұрғандай көрінген көп жыртқыш та кейін серпілгендей. Ернек басындағы бейсаубат түнгі жолаушыларды қара тұтты ма, бағанағы бойын балбыратқан тәтті ұйқы қайта меңдете бастады. От қасында сенделіп жүргендерге мүлги қарап отырып, ұйықтап кетіпті.

Бір уақта әлдекім иығынан тартқылады. Оянып кетсе – әкесі. Ол мұны ымдап: «Соңымнан ер», – деді. Екеуі бағана сексеуілге арқандап кеткен есегіне келді. Сосын әкесі есегін жетектеп, мана өздері құлаған өкпе тұстағы ернекке тартты.

Түлейден шыға бере-ақ таң бозарды. Бұл ернекке шыққан соң, түнде әлдекімдер от жаққан тұсқа қарап еді. Қарайып оттың орны жатыр. Қасында жан жоқ.

Жаппар аң-таң. Осы бір ұйқылы-ояу қалпы құмнан қашан шыққандарын да байқай алмай қапты. Әлдебір уақытта борпылдақ май топырақты айдау жолдың бойында келе жатқанын бір-ақ көрді. Алдынан сонадай көкжиекпен астасып жатқан ала теңбіл тау көрінді. Одан көп беріде көкшіл мұнарға қалқып тұрған көп қарайғанды көзі шалды. Қапталда ат шаптырым жерде сол көп қарайғанға қарай бұрын-соңды бұл көрмеген қызылды-жасыл ұзын-шұбақ керуен кетіп бара жатты. Керуеннің алдында бір топ нөкер омыраулап, құйысқандап, кілем жапқан, үстіне сарғыш шатыр орнатқан пілді шырқ айнала қоршап апты. Керуеннің екі бетінде атты нөкер. Сол ұзын шұбақ шерудің соңын алып көк найзалы бір топ қол тағы келеді. Сары ала шеру көк мұнарға бөгіп, көлкіп тұрған кең қойнауға ене түсті. Бұлар көш соңындағы жүздері сұп-суық көк найзалы сақшылардан айбынғандай, қалып та қоймай, қуып та жетпей, алыстан ғана қараларына ілесіп ілбіп келеді. Түнде түлей ішінде от жаққан да солар болып шықты. Әкесінің Ұлы Құмнан шығатын жол-соқпақтардың қай-қайсысында да бейсау-

бат жолаушыларды тергеп-тексеріп, торып жүретін қарулы сақшылардың қаһарына ұшырап қалмас үшін, қалың түлей ішіне әдейі түнегеніне Жаппар енді түсінді. Бірақ ол осыншама қалың қол анау салтанатты сары ала көш жыра-жықпылы, ұры-қарысы көп түлей маңынан қауіпсіз өтсін деп, алдарынан әдейі жіберілгенін, ал әлгі сары ала шатыр ішінде Әміршінің жас әйелі Кіші ханым кетіп бара жатқанын онда білген жоқ-ты.

Бұның бәрін ол әкесі Байтақ шаһардың әр жер-әр жерінен төбеге салған қисық-қисық жиде ағаштарының тұқылынан басқа ештеңе көзге түспейтін, сарғыш саз топырақпен жымпитып майлап тастаған тәпене үйер мен кесек дуалдар қоршаған тап-тар ирек көшені шарлай-шарлай жүріп, әзер тауып түскен үйінің сөзуар иесінің аузынан шай үстінде естіген-ді.

Ол осы күнгі жатқан үйінің қожасы Ахмет бай болатын. Ахмет әулі бұның әкесін тани алмай біраз тұрды. Есік ашып қарсы алған жуан қара кісінің майға бөгіп жылтырап көрінетін қысыңқы көзі көпке дейін сығырайып ашылмай қойды.

Әкесі:

– Ахмет саудагер, ұмытып қалғансыз ба? Мен Ортөбедегі құмырашымын ғой. Сауда жасап барғаныңызда, біздің үйге талай қонып едіңіз. Байтақ шаһарға келсең, біздікіне түс деп өзіңіз айтқан соң, әдейі іздеп келіп тұрмын, – деп жөнін айтты.

Қожайын мейманның өңін енді шырамытқандай, екі қолын қусырып, омырауына апарды. Қақпасын ашты.

Ол қонақтарын өзі бастап алып жүрді. Алдарына түсіп ап емпеңдеп келеді. Оңаша бөлмеде үш еркек боп шай ішті. Саудагер шай үстінде ескі танысы – бұның әкесіне естіп білген бар хабарын жайып салды.

– Мен мына баламды әкелдім. Көзімнің тірісінде сіздің қолыңызға жеткізейін дедім. Аанада біздің қыстаққа соғып, кеткен бір дәруіштен хан шаһарда жаңа мешіт салдырам деп, жан-жақтан шебер жинап жатыр деп естігем. Баламды соған іліктіріп, – деді әкесі.

Ахмет шаһарда хан орданың адамдарынан басқанын бәрін танитын болып шықты. Базардағы күйкентайдың күркесіндей тар дүкенде өткен-кеткенге бақырып-шақырып отырған төрт-бес саудагермен көк шай үстінде сөйлесіп көріп еді, бас-аяғы бір аптаның ішінде ортөбелік әкелі-балалы қос құмырашы жаңа мешітті салып жатқан көп құрылысшының санатына қосылып шыға келді. Жа-

на мешіт енді-енді бой көтере бастағанда, әкесі үйреншікті сырқаты ұстап жатып қалды.

Әкесімен екі ай бірге істеген бала шебер көгілдір мешіттің күншығыс жағындағы көк мұнараға алғаш рет бір өзі шығарда қатты қобалжыды. Күннен-күнге биіктей түскен мұнараның басында жетім торғайдай жан-жағына алақтап отырған бала шебер көлденең біреудің көзі түссе, именіп бұғып қалады. Тас төбеден тесірейіп тұрып ап, ілбіп, жылжып болмайтын бедірейген күн көзі тұсау бойы көтерілгеннен қашан ұясына барып қонақтағанша жас шебер жан-жағына алақтаумен болады. Жүрегі лүпілдеген үрегей жас адамның сырғанақтап көше беретін кезбе көзі біресе күнді аңдиды, біресе көк мешіттің қабырғасында жыбыр-жыбыр қозғалып жүрген өзге шеберлерді шолады, Әмірші бұлардың әр қимылынан көз жазбай бақылап отырған көрші медресе жаққа да жалтақ-жалтақ қарап қояды.

Күні бойы шоқ басқандай тыпыршумен болатын Жаппар бір күні кешке жұмыстан қайтса, әкесі әл үстінде жатыр екен. Есіктен бұл көрінгенде, қолын созып қасына шақырды. Екі көзі жасқа толып, қиналып жатқан әкесінің жүзін де дұрыстап көре алмады. Бөлме іші су түбіне айналғандай, төңірегіндегінің бәрі алашабырланып, бұлдырап көрінеді; еміс-еміс бозартқан бірдеңелер әрлі-берлі тербеліп жүр, тек қарсы алдындағы әнтек ағарып көрінетін біреу ғана су түбіне шөгіп, жабысып қалған бір парақ қағаздай, қыбырсыз. Сырылдаңқырап шыққан көмескі дауыс енді-енді еміс-еміс естіле бере, өшіп қалды. Манадан бері бұның қолынан тас қып жабысып алған қатқыл қол кенет сылқ түсіп кетті.

Әкесін жерлеген соң, мынау бейтаныс шаһарда жападан-жалғыз қалды. Әкесінің өлер алдында не дегенін де дұрыстап ұға алмады. Басы жоқ, аяғы жоқ «кетпе» деген бір ауыз сөзі ғана құлағында. Енді жаңа салынып жатқан көк мешіттің шығыс бетіндегі мұнараның тас төбесіне қонып ап, бір тас қаланған сайын мойнын созып, қарсы алдына бір қарап алады да, басқа ештеңеге алаңдамайды. Бірақ қанша қарағанмен, жер өңдес сарғыш шым үйлермен әр жер-әр жерде оқшау-оқшау сорайған бозаң шынарлардан басқа ештеңе көзге түспейді. Көкшіл аспан мынау құжынажай шаһардың үстінде аунап алғысы келгендей, шалқасынан түсе сұлапты. Көкжиекті, бұл баяғыда әкесі екеуі келген сар даланы, көзіне бір іліктірмей, ол мұнара да біткен-ді.

Енді, міне, тағы да сол баяғысынша әр тасты қалаған сайын, айналасына бір қарап қояды. Бір-біріне ұласып кеткен жермен-жексен шым үйлер төңірегіне көлкештеп күлгін перде тұтып қойғандай арман болған көкжиек көзіне шалына қоймайды. Кеше ғана көз алдында теке тіресіп тұрып алатын биік медреселер, мешіттер, мұнаралар бүгінде төменде қап, ию-қию сары лайсаңға біржола сіңіп, аяқ астыланып барады. Көз ұшында шоқ-шоқ қарайғандар көрінді. Қала шетінде бау-бақша.

Жаппар мынау қолға ұстар дәнеңесі жоқ мөп-мөлдір, шетіне-шегіне жетіп болмайтын тұлдыр көкке қарай тырмысып келеді... Әр кірпіш қалаған сайын, құрдым шыңырау түбінен жарық дүниеге ұмтылған кісідей жаныға өрмелейді.

Күн санап көз ұшындағы қарайғандар да төбелерінен әлдекім жапырып жатқандай, аласара-аласара, ақырында әлгі сары лайсаңның шетін көмкерген жай әншейін көк теңбіл жолаққа айналды. Енді сол көк теңбіл жолақтан бірден ірге ажыратып кете алмай, бұта басына қонақтаған көк шұлан жабағыдай боп, ұйысып жатып алған солғын көкжиек те сәт санап бауыр көтере түскендей. Әлгі көк теңбіл жолақтың үстіндегі солғын мұнар арылып, мөлдіреп ніл тұна бастапты.

Түс ауып, ауа буалдырдан арылған кез еді. Көкжиекке іркіліп, мөлдіреп тұна қалған көк нілдің арасынан әлдеқандай сарғыш бірдеңе қылаң берді. Жаппар өз көзіне өзі сенбей, қолындағы май қалағын тастың үстіне тастай салып, тершіп тұрған көзін білегіне бір сүйкеп, қайта қарады. Тұнық астынан алашабырланып көрінген көл түбіндей боп, әлгі бір көз ұшындағы көк нілдің ар жағынан, көлбеп созылып жақан сарғыш кеңістік көзіне айқын шалынды.

Жаппар мойынын созып ентелей түсті. Көптен көргісі кеп аңсағаны – осы. Көптен көз алдын көлкештеп келген көкжиектің көгілдір пердесі де бұның ішіп-жеп бара жатқан қомағай жанарынан қаймығып, жолында тұрмайын дегендей, ту-ту әріге сырғып бара жатқандай. Жаңа ғана буалдыр кіреукенің тасасында бұғып жатқан сарғыш, сұрғылт кеңістік кенет бас көтеріп, мынау төңірегін жасыл жолақ көмкерген түйе қотырдай оқшау ойдым алқапқа жан-жағынан ентелей төніп келеді.

Бұл бір кірпіш биіктеген сайын, сол бір жағалай қоршап, жапыра қамап келе жатқан жойқын қол бірте-бірте жақындай түсті, жолындағы ербиген-ербиген тал мен

желекті, сонадайдан сойқансып сорайып-сорайып тұрған мұнаралар мен көк күмбез мешіттерді, шымнан соққан шымқай сұр үйлерді таптап өтетіндей, жан-жағынан төніп-төніп келіп қапты; сол бір бірте-бірте далия түскен құба сұр кеңістік мынау көп кесектің қоршауындағы бұны, жапан түзінен айрылып, жалқы жүрген бейбақты, құтқарып алуға құлшына ұмтылып келе жатқандай...

Қашан күн батып, көз байланғанша мұнара басынан түскен жоқ. Ертеңіне таңертең де мұнараға жеткенше асықты. Содан бір апта бойы алып ұшты да жүрді. Мұнараға жеткенше, Байтақ шаһардың сыртында шалқып жатқан шалқар кеңістікті қайта көргенше, дызығып жаны қалмайды. Бірақ ұлан-асыр кеңістік сол баяғы керілген күйі жатып алады. Жаппар күні бойы көкжиекте қырық құбылып жөңкіліп жүрген көк сағымның арылғанын күтеді; бесін ауа сағым қайтып, көкжиек аршылғанда, сол баяғы бері де келмей, әрі де кетпей, сұлық көлбеп жатқан шөлді көреді де, көңілі құлазиды. Ол да мынау безер шаһардай мұның шарқ ұрған қиялын жіпсіз тұсап-матап, бұның көргісі келген, көңілін құрт боп жеген таныс аймақты әлдебір қалтарысына тығып ап, түк білмеген, түк көрмегенсіп бедірейе қалыпты.

Енді оған бір аптадан бері ұшпаққа шығарғандай қып қуантып жүрген мұнара басы да көңілін құлазытып, жерінде бастады. Бұрын мұнара оның мынау жан-жағынан қоршап ап, өкпесін сығып бара жатқан құрдым қапастан көл-көсір бостанға қашып құтылатын жалғыз жолы сияқты еді. Енді, міне, шаһардың күңірсік қапасынан алып шыққанмен, сонау бедерсіз кеңістіктің тылсым самарқаулығынан, тас бауыр селқостығынан арылта алар қайран онда да жоқ екен. Баяғыдан бергі бір елі биіктесе де, тау басына шыққандай мәз-мейрам боп, тынымсыз тырбанғанының бәрі әншейін зая бейнет боп шықты.

Бүгінде ол өзін есек дәмемен айдын судан тас тастап өтем деп, бір қауым жерге дейін өткел салып келуін келгенмен, ұлан-асыр көк телегейден бәрібір өте алмайтынына көзі кеш жетіп, кері де кете алмай, ілгері де баса алмай, су ортасы құрдымда қалған қайрансыз жандай сезінеді. Жаппар енді таңертең жұмысқа келе жатып, алдында жер бетінен сорайып шыққанымен, зеңгір аспанға жете алмай, орта жолда қалған опырық мұнараға аңтарыла қарайтын болды.

Мұнараның басына өкпесі өшіп, шаршап шығады. Аж-таған сайын жіліншігі жеміріліп бара жатады.

Жұмысы да өніп жарымайды, ұмай қызықты қолына керенау алады. Күн көзі аяғына жем түскендей, жылжымай тұрып алыпты. Шаһар сыртында манаурай керіліп ақ сұр шөл жатыр. Шаһар іші тырп етпей орын-орнында қатқан да қалған. Көше-көшеде де қыбырлап жүрген ешкім жоқ. Ауаның өзі мынау қыбырсыз-қимылсыз дүниеден қарап тұрып ұйыған қатықтай боп қоймалжындана түскендей. Осыншама биік мұнараның ұшар басында да лып еткен леп сезілмейді.

Шілде аспаны шыжыңқыраған сайын сонау көз ұшындағы ақ сұр шөл де, одан бергі, әдетте қаралтым көрінетін бақша-жай көк жолақ алқап та, шаһар үсті де күзді күнгі адыраспанның күліндей боп күлгін тартып барады. Әлдебір тажал білегін сыбанып ап, аспан асты дүниені айлапат тай қазанға айналдырып, бүкіл жер бетін күл қып өртеп соған салып жіберіп ертеден кешке дейін сілті қайнатып жатқандай. Сонау қаныпезер күн көзі сол айлапат қазанның астында лапылдап жанған алауға тамызық беріп тұрған тажал шоғы тәрізді.

Жаппар осы бір қоймалжың дүниенің ортасында малтығып жүргендей қимылы ауырлап, өне бойы зіл тартып барады. Істеп жатқан ісіне, төңірегіне қанша зер салып қарағысы келсе де, зейіні быт-шыт шашырап, ештеңеге тұрақтамайды. Жаппар әлдеқашан ұмытқан қайдағы бір елес көлеңдеп көз алдында тұрып алды. Мынау бозамық аспан бір сәт баяғы бала кездегі өзі өскен сұрқай қолатқа айналып кетеді... Сұрқай қолатта тығылып отырған кішкене қыстағы көз алдына сайрап келе қалады. Тіпті, эне, қолат бойынан соңына таспа шаң ертіп бұл баққан бір шөкім қозы-лақ шұбырып өріске шығып барады... Соңдарындағы жалғыз өрім селдір тозаң қойыла-қойыла кенет әлденеше өрімге айналады. Арқасына он-сан бұрым төгілген талдырмаш қыз толқи басып өзенге беттеді. Иығында – бұның қолынан шыққан құмыра.

Дәл осы тұста ұйығандай боп жан кетіп қалған денесін әлдекім шымшып алғандай, тыз ете қалады. Сол-ақ екен мынау аспан мен жерді түгел көміп алған күлгін күлдің арасында бозарып сөніп бара жатқан қос жанары оқыс тіріліп жан-жағына қарайды. Талма түс. Тас мұнара. Аяғының астында тырп етпестен талып жатқан өлі шаһар. Төбесінде етпеттеп төніп келе жатқан күл-күл күлгін аспан.



Жаппардың ойына жаңа ғана көз алдына елестеп кеткен қыстағы түседі. Баяғысынша құмыра жасап сатып неге жүре бермеді екен? Мына жарық жалғанда қой баққан мен сауда жасағанның, құмыра күйдірген мен мұнара салғанның арасындағы айырма қайсы? Бәрі де – жанбағыстың далбасасы. Қайсысының рақаты көп екенін кім біліп жатыр? Қайта мынау аспан мен жердің арасында күдік пен үміттің тайталасына түсіп, жалғыздықтың тар қапасында жапа шеккенінен сонау қара жерден табаныңды бір елі көтермей, күнкөрісті күйттеген күйкі тірлігі дұрыс емес пе еді... Онда мынау құжынаған көп адамның қақ ортасында жалғыздықтың жапасын шегетін ішқұста тірліктен бейхабар оңаша қыстақта күнін көре бермес пе еді. Марқұм әкесі қартайған шағында осы бір құмырсқаның илеуіне неге ділгәр бола қалды екен? Соншама өліп-өшкенде не қызық көрді? Жарты жылға жетпей жатып көз жұмды. Қатын-баласының бір уыс топырағы да бұйырмай, жат жерде қалды: сөйте тұра, ажал аузында жатып бұған «кетпе» дейді. Онысы несі? Кетпегенде көрер рақаты мынау ма? Есірік дәме мен күл етек күдіктің құшағына кезек жығылған пұшайман тірлік пе?

Әкесі байғұс мұның шебер болғанына сонша неге құмартты екен? Қары талғанша жұмыс істеп, қарны тойғанша тамақ ішіп, ажалды сағатына дейін арман да құмай, уайым да жемей күн кешетін өзге бір қарапайым кәсіпке неге баулымады екен... Баяғыда саз қарай шыққанда, жапан-түзде жападан-жалғыз тұрып әлдебір жаққа көзі боталап көп қараушы еді. Сондағы көрсем-ау деп көкейін тескені осы ма, мынау аяғының астында талма түсте күлден шыққандай боп, өң мен түстен айрылып қалған өлі шаһар ма?!

Енді, міне, бұл да әкесі армандаған қолмен ұстарға жоқ тұлдыр ауадан тиянақ-таяу іздеп, сонау зеңгір көкке жетпей қоймайтындай боп, өлімін сатып, күніне бір елі болса да, биікке тырмысқан осы бір жанқаста кәсіптің соңына түсті. Тұрлаусыздан тұрақ, тұлдырдан тірек таппақ есірік дәме.

... Талма түстің ыстығынан ба, жоқ өз-өзінен зығырданын қайнатып, өне бойын у боп жайлап бара жатқан ызадан ба, әйтеуір көз алды қарауытып төңірегі бұлдырап қоя берді. Мынау шырқау биіктен ұшып кетем бе деп сескенгендей бір-екі саты төмен түсіп тұрды. Көз алдындағы бұлыңғыр тұтаса түскендей, әлгінде ғана шыр айна-

ла өзі қалаған, әлі сылақ жүгірмеген қотыр-қотыр қыш кірпіштер де бірте-бірте қызғылтым өңінен айрылып, бір түрлі түссіз, сондықтан да түсініксіз жұмбақ мұнараға сіңіп бара жатқандай. Бұл – аспан мен жердің арасында қалықтап тұрғандай. Тек дәл аяғының астындағы мұнараның басына көтерілетін оймақтың аузындай қара қуысты ғана әлгі бір жан-жағын түгел обып келе жатқан озбыр бұлыңғыр әлі жалмап үлгере қоймапты. Кенет аяғының астында қарауытып жатқан қара қуыс оқыс жарқ ете қалды; артынша-ақ маңайына ойда жоқтан сарғыш сәуле шашырағандай болды; сол бір ақшыл, сарғыш ұлпа сәулелер өсе-өрши түсті. Ұлғая-ұлғая әлдебір тұлғаға айналды: қозғалатын, қыбырлайтын тәрізді. Бұған қарай жылжып келе жатқандай. Деңгейлескендей. Міне, мұның дәл қасына, қарсы алдына кеп тоқтады. О да мынау көгілдір аспан мен сонау аяқ астындағы түссіз, тұлдыр зымыранның арасында қалқып тұрып алды. Егер бірін-бірі абайсыз қағып кетсе, екеуі де сонау құрдымға құлап, быт-шыт болардай... Қарсы алдына кеп тоқтаған елес қайта қозғалды. Бұған қарай жақындап келеді... Тұла бойы дүр түршігіп, оқыс селк ете қалды. Көз алдын көлкештеп тұрған түссіз мұнар жым-жылас ыдырап, төңірегіндегі үйреншікті дүние үйреншікті қалпымен құлазып қоя берді. Сылақ жүгірмеген қотыр-қотыр қыш тастар аяғының астында төбе-төбе боп үйіліп жатыр. Мұнараның ернеуіне тастай салған балшық-балшық май қалақ құлап кетпей шаққа тұр. Әлгібір бастығырылыққан кісінің түсіндей бұлыңғыр, буалдыр дүние күн қыза көтерілетін күзгі мизамдай әлдеқайда ғайып бопты. Бірақ ол жаңағы дел-сал бұлыңғыр сәт пен дүние қаз қалпында көз алдында сайрап тұрған мына сәттің қайсысының өңі, қайсысының түсі екенін айыруға ақылы жетпей, аңтарылып қалды. Егер әлгі дүние түгел селдір мұнараға бөккен буалдыр елес өңі болса, көзді ашып-жұмғанша неге ғайып болған?

Ал егер бар нәрсе бадырайып өз кейпінде құлазып тұрған мына сәт өңі болса, қарсы алдында алтын қамқаға малынып мөлдіреп тұрған мына бір әйел қайдан шыққан? Балшық-балшық мұнараның басында ол не бітіріп жүр? Мынау ми қайнатқан шілде ыстығының бейшара тас қалаушыға тап қылған тағы бір тәлкегі де, тәйірі...

Әр жер-әр жерінен алтын жүгірткен селдір перденің ар жағынан мойылдай мөлдіреп қос жанар бұған қадала қапты. Сол қап-қара екі жанар мен екі керме қас болма-

са, мынау зымыран мұнараның басына жел көтеріп әкелген әлдекімнің селдір пердесі екен деп қалатындайсың. Қарсы алдына кеп қадала қалған әлгі бір жұмбақ әйел басынан аяғына дейін мөлдіреген селдір ақ шәйіге көміліп апты.

Жаппар алдындағы әйелдің адам екенін, жоқ қос боп көрінген әншейін елес екенін анықтап білгісі келгендей, назарын тіктеп тінте қарады.

Оның шеберге тән қырағы көзі селдір пердені өртеп кетердей боп шоқша жайнап тұрған әдемі екі жанарды алдымен шалды.

Әйел мұның өз көзіне өзі сенбей тұрғанын аңғарып қалғандай селдір жамылғының ар жағынан күнге шағылысып жарқырап көрінетін қамқа көйлегінің етегін сүйріктей әдемі саусақтарымен бүре көтеріп, кенереге жақынырақ барып, төменге көз салды да, биік сәукелесін түсіріп алмайын деген кісіше, дереу бойын тіктеп, кері бұрылып еді, маңдай тұсынан бармақтай лағыл жарқ ете қалды. Сосын бұған әлдене айтқалы оқталды да, не айтарын білмей қысылып, қымсына күлімсіреді.

Сол бір оқыс қызарып, қымсына жымиғаны манадан бері от шаша қараған қос тана көздің астында қыбырсыз жатқан бұйығы ақша жүзін түгел нұрландырып жібергендей болды. Жаппар осы бір әдемі күлкіні танитын сияқты. Алдында тұрған әйелден өзіне өте-мөте қанық, көптен белгілі бір сымбатты шырамытатындай.

Әйел етегін сәл қымсына көтерген қалпы төменге түсетін баспалдаққа беттеді. Көлеңдеген жұқа қамқа көйлектің етегінен балапан қаздың балақ жүніндей балтырымен балтыр қып әлденеше қатарып тастаған ақ атлас шалбары көзге шалынып қалды.

Үлбіреген аппақ перде жер жұтып бара жатқандай қараңғы қуысқа сіңе түсті.

Жаппар әлі аң-таң. Аппақ перде қараңғы қуысқа сіңіп жоғалғанмен, әлгі бір қымсына жымиған шиі ерінмен жаудыраған екі көз мұнара басындағы бұлыңғыр ауаға мәңгі орнап қалғандай, көз алдынан кетер емес. Ол жер жұтқандай әп-сәтте жоғалған сиқыр елестің өне бойын балбыратып бара жатқан әдемі әсерінен айрылып қалам ба деп қорыққандай, қарсы алдындағы құлазыған кеңістікке есеңгіреп қарап, біраз мелшиіп тұрды-тұрды да, ернектегі май қалағына қол созды.

Апыр-ау, әлгі бір бал-бұл жанған шиі еріндермен нұр жайнаған қос жанарды бұл осы қайдан көріп еді.

Етене жақсы білетін тіпті таныс бір адамға ұқсайтын тәрізді. Кім еді сол... Тіпті жүріс екеш жүрісі де, күнде көріп жүргендей боп, көзіне оттай басыла кетті ғой. Бұның тас таситын құлдар мен бас шеберден, жатқан үйінің иелерінен басқа күнде көріп жүрген ешкімі жоқ-ты. Ендеше, бұның көзіне оттай басыла қалатын ол қайдағы таныс... Айтпақшы, әлгі әйел Зухра емес пе? Оны да алғаш рет дәл осылай ойда жоқ жерде көріп еді ғой. Бетінен шарқаты түспей, малынған жібек көйлектің ар жағынан құрақтай майысқан талдырмаш денесін бұлт-бұлт ойнатып, қыбыр-қыбыр қимылдайтын да жүретін бала қыздың, күн сайын бір үйден өргенмен, ешқашан жүзін көрген емес-ті. Қыз еркектер отыратын бөлмеге, сірә да, бас сұқпайды. Оқтың оқтың аула ішінде ғана көріп қалады.

Бір күні ол үйге келсе, саудагер мен әйелі жоқ екен. Аула ішінде біреу ыңылдайды. Бұл кім болды екен деп, саяжайға шығып қарап еді, өрік ағашынан жеміс үзіп жатқан Зухраны көрді. Биік ағаштың басына лақша қарғып, жеміс қағып жүрген бала қыздың бетіндегі шарқаты сусып иығына түсіп кетіпті. Бұның қарап тұрғанын сезіп қап, жалт бұрылып еді, жайнандаған қос жанар көкірегін шоқша қарып өтті, өкпелегені де, еркелегені де белгісіз, керме қасын оқыс серпіп, жәудірей қарады да, шарқатын түзеді. Аппақ жазық маңдайы мен қыр мұрынын, албыраған шиі еріндерін алғаш рет сонда көзі шалған-ды. Зухра бұдан қымсынып үйге қарай тайып тұрды. Бұл оның бұлт-бұлт ойнап бара жатқан шәйі көйлегінен көзін ала алмай, ұзақ қарап тұрып қалған-ды.

Содан былай ол үйге келгенде көзімен Зухраны іздейтін болды. Шешесінің қасында жыбыр-жыбыр қимылдап жүретін қыз көйлегінің естілер-естілмес болмашы сусылына ылғи құлағын тосады да отырады. Зухра да әкесі үйде жоқта, мұның көзіне түскісі келгендей, аула ішінде күйбеңдеп жүрген шешесіне қолғабыс жасаған боп, үйге бір кіріп, бір шығып тыным таппайды. Оның бұлт-бұлт ойнаған көйлегі мен дәйім жел ұшырып әктердей боп желбіреп жүретін желең шарқаты мұның көңіліне көктем еккендей, өн бойына жұмбақ сезім жүгіретін.

Бірақ ол көкірегін шым-шым шымырлатып жатқан сол бір ұялшақ сезімнің қаншалықты қатерлі өртке айналғанын Зухра қыздың шәйі көйлегінің сусылы Ахмет байдың үйінен атымен жоғалғанда барып бір-ақ аңғар-

ды. Өз жүрегінің іңкәрінен көрер көзге айрылып қалған жігерсіздігіне осы кезге дейін іші өртенеді. Бүгінде ол дәмесінің келмеске кеткеніне әбден көндігіп, торығып болған-ды. Сөйткен Зухра мынау ұшпа мұнараның басына қалай шығып жүр? Әлгі жүн қабақ күйеуі оны мұндай жерге қалай жібере қойды екен? Бәрінен бұрын жаңа оны көріп тұрып, бір ауыз тілге келмей, үн-түнсіз қала бергені қалай болды? Ол баяғы балалығын кешіргенмен, дәл осы жолғы ынжықтығын еш кешірмейді. Енді ол мұны бір кеудесінде қыжыл жоқ тірі өлексеге балап кетті. Күні бүгінге дейін жүрегінде өшпей келген ыстық ықылас бұдан былай жеккөрініштің жиренішті ызғарына айналатын шығар. Ол жалма-жан ернекке ұмтылды.

Сонда барып көрді – мұнара түбінде үш-төрт күйме тұр екен. Әлгі аппақ перде ыстықтан әбден күл өңденіп кеткен саз топырақта жел көтеріп, ұшып бара жатқан құстың мамығындай боп ағараңдап қаз қатар тізіле қалған күймелерге қарай беттеді. Соңында бір шоғыр адам. Солардың бірі топтан бөлініп жүгіріп барып, қақ ортадағы көк жібек перде тіккен күйменің есігін ашты. Екі сарғыш перде жамылған әйел әлгі әйелдің екі қолтығынан демеп күймеге отырғызды. Қызметші әйелдер қолтығынан демегенде, ақ желең перде бір-ақ желп ете қалды да, астындағы жарық жалғаннан түгел жасырын жанды әлдекімнің әзәзіл жанары көріп қалмасын дегендей, қайта қымтай қойды. Тыпыршып тұрған жарау аттар ағызып ала жөнелді. Күйменің терезесіндегі көк жібек перде желмен ойнап бара жатты.

Шебер соңына селдір тозаң ертіп зулап бара жатқан күймелерден көз айырмай қадалды да қалды. Күймелі керуен анадай жердегі Кіші ханым тұратын сарайдың баққа көмілген биік қорғанына кіріп, жоқ болды. Жаңа қасында болған әйелдің кім екенін ол енді барып аңғарды.

Дүние күндегі байырғы кейпінен айрылып, қайдағы бір бұлдыр елеске айналып кеткендей. Төңірегіндегінің бәрін буалдыр мұнарға көміп, ымырт орнап келе жатты. Ол мұнара басынан сүлесоқ түсті. Төменге кеп жуынды. Құлдарды әлдеқашан қамалға айдап әкетіпті. Мұнара қасында мұны жатқан үйіне апарып сап, әкеліп сап тұратын қоңыр күймеден басқа ештеңе қалмапты. Ертеңіне таңертең күймеден түсіп жатып, мұнараға көз тастап еді, оның әлі әшекей жүгірмеген қотыр-қотыр қабырғалары мынау мөлдіреген таңғы ауада, тұнық көк аспан астында

тым сиықсыз көрінді. Қара жердің қабырғасын қаусатып жіберетіндей боп, жер табандап жатып алған тап мынандай зілман үйікті қалай қалап шыққанына бүгін өзі қайран қап тұр. Оның дәл мынандай оспадар сиқын да бүгін аңғарды. Шамасы мынау ығы-жығы кесек дуалдардан қашан бой асырам, сонау шаһар сыртындағы бостан түз көзіме қашан көрінеді деп бір тастың үстіне бір тасты өре бергеніне мәз болса керек. Түні бойы түсінде де кешегі бір мизам сағымындай ақ селдір перде мен күйме қапталында желмен ойнап желбіреп бара жатқан көк шәйі көз алдынан кетпей қойды. Енді, міне, күз білініп қалған майда самал, таңғы ауа, ашық аспан аясында осыншама ойнақы да үлбірек дүниені езіп, жаншып тұрған мынау шомбал тас үйіктің бар салмағы өз жотасына түсіп тұрғандай, бір түрлі көңілі құлазып, ойсырап қалды.

Әр тасты қалаған сайын анадай жердегі биік тас дуал қоршаған Кіші ханым бағына жалтақ-жалтақ қарап қояды. Оған сол бір жым-жырт бақтың ішіндегі оңаша сарайдың әлдебір терезесінен Кіші ханымның өзі қарап отырғандай көрінді. Сонда мынау сойқан үйік оның да жанарын жәбірлеп, кешегі ақ селдір пердедей үлбірек арманын тапап-жаншып тұратын шығар.

Жаппар қолына көтере берген қып-қызыл шық тасты жерге қайта қойды.

Төңірегі дауылдан кейінгі көл бетіндей туырылып тұнып тұрған мөлдір ауа.

Ол не істерін білмеді... Пәлен ай бойы тыным таппай тырбынған тіршілігі табан астында мәнсізденіп шыға келді. Төңірегінде төбе-төбе боп үйіліп қалған кірпіштерді көтеріп алып, кенереге апарып қалай беру керек екенін біліп-ақ тұр. Бірақ қолы көтерілер емес... Төңірегін тас қып қымтап ап, көрсетпей қойған күл өңдес кесек дуалдардың қоршауынан құтылып, кең болмыс кенересінен асып-төгіліп жатқан көл-көсір көкжиекті көрсем-ау деген дәмесіне әлдеқашан жетті. Енді сол өліп-өшіп аңсаған көкжиегі де кең дүниенің көз алдына күлтілдеп тұра қалған ісіктей боп, бұған бір табан жақындай түсудің орнына күннен-күнге әрі ығысып, қашқақтап барады. Бұрын әлдебір алыптың күңірсіген саз қабырғалардан тынысы тарылып, тұншығып бара жатқанда, жұлып ап, зеңгір көкке, зымыран биікке бір-ақ шығаратын әлеуетті қолындай асқақ сезілетін мұнара енді бұған төңірегінде көлкіп жатқан бостан дүниеге емін-еркін шарқ ұрғызбай, көзін бақырайтып матап қой-

ған, жер қойнынан емес, көк қойнынан ойып қазған меңіреу зындан сияқты боп көрінді. Жерге де түсе алмайды, көкке де жете алмайды, пұшайман тіршілік... Қайта мынандай азаптан қапас зынданның өзі-ақ дұрыс шығар. Онда да аяқ-қолың матаулы бейшара хал кешкенмен, көлденеңнің көзінен аулақсың ғой. Ал мында маңайдан өткен адам бір қарамай, бір сөйлемей өтпейді! Көлденеңнің көзі мен сөзінен артық қорқынышты не бар? Ту сыртыңнан қадалса, садақтың оғындай, қарсы алдыңнан сұқталса, көкірегінді кірш еткізіп өте шығар көк найзаның ұшындай көлденеңнің сұқты жанарынан қаймықпайтын жан болмайды. Әсіресе өзің жайында не айтып, не қойғандарын біле алмайтындай, алыстан қадалған жұрт көзі мен құлағына анық жетпейтін күңк-күңк жұрт сөзінен өткен азап бар дейсіз бе? Ондайда ішінде арыстан жатқан апан үңгірдің аузында тұрғандай, қашан арандалып қаларың белгісіз екіталай хал кешесің. Сонда да пенде пақыр жұрт көзіне түсуге құмар. Жұрт көзінен сәл таса қалса болды, қапас зынданның қақ түбінде жатқандай аласұрып бағады.

Қайта нағыз тамұқ қара нөпір қалың көптің ылғи көз алдында тұратын жария өмір емес пе? Қапас зынданда жамбасыңа тас батып, жон арқаннан сыз өтсе де, жан-жағыңнан анталай қоршаған қорқау қараңғыға қарсы сілтейтіндей қайран таба алмай, тырп етпес тымырсық күн кешсең де, әйтеуір қайда екенің белгілі тұрлаулы тіршілік қой. Ал айдай жарықта, айдай елдің алдында жалаңаш келе жатқандай қарсы жолыққан жанардың бәрінен қымсынып, біреу жымия қараса, бұл неге жымияды деп, біреу алара қараса, бұл неге көз алартты деп, елдің қас-қабағын бағып, қылп-қылп күн кешкен қиямет қайым еркіндігінде не мән, не пәтуа тұр? Сонда да жұрт көзге түскісі келеді. Міне, мұны да шиге шаншыған құмалақтай қып күллі шаһардың төбесіне шығарып, әрі өткен, бері өткеннің көзін бір жалт еткізіп, аузын бір жалп еткізіп, іш құста күн кештіріп қойған да – сол ел көзіне түссем деген дәме... Бұл енді түсініп отыр, байғұс көксау әкесін де жапан түздің бір қалтарысындағы қарапайым қыстақта жұртқа құмыра жасап беріп, сауаптарына қалып, ақысына келген азғантай тарыталқанды талшық қып, өз төр, өлең төсегінде күрк-күрк жөтеліп, жайына жатқыздырмай, жер түбінен Байтақ шаһарға сүйреп әкеп, жат біреудің оң жағында көз жұмдырған да – сол. Енді, міне, талай-талай жел көкірек не-

мені әуелі желкесіне мінгізіп, көкке көтеріп, сосын аяғының астына бір-ақ алып ұратын сол бір арман деген ала бүлік неменің ағаш атына бұ да қонжиды.

Міне, ол мынау әлі күн қыза қоймаған, ауадан көгіс ыдырай қоймаған айна таза таңда аяғының астында үйіліп жатқан қыш тастарды көтеріп ап, күндегі үйреншікті тіршілігіне қайта кірісіп кетуге түрткі болардай ілік іздеп алақтап тұр.

Шаһар сол баяғы шаһар. Саз балшық үйлер жұпыны дастарқандағы сілекейленіп қалған азғантай науат пен шекердей қалай болса солай бет-бетіне шашырап жатыр. Аспанның да еш қылаусыз ап-ашық жатқанымен, ештеңеден рай танытпайтын тымсырайған қалпы. Жаппардың жер мен көктің арасынан ештеңе тастамай, тіміскілеп жүрген жанары ақырында тағы да Кіші ханымның бағына түсті.

Бүгін байқады, күнде жасыл желек астында көміліп, көрінбей тұратын ханым сарайының ауласы көз алдында дәл алақанындағы нәрседей ап-анық сайрап жатыр. Сөйтсе, бұл салған мұнара шаһардың төбесіндегі зеңгір аспанды бір өзі дербес иемденіп, шырқау биікке шығып апты. Енді, міне, жан-жағынан адам аттатпай, айбалталы күзетшілер қоршап тұрған, ұшқан құс болмаса тірі пенденің көзіне түсірмей, құпия сақталатын ханым сарайы аяғының астында қапты. Бақ арасындағы ақсиган жолдарды, оймақтай-оймақтай көгал алаңдарды, бір-екі жерде айнадай жалтырап жатқан мөп-мөлдір айдындарды ап-анық көріп тұр.

Ойда жоқтан асығыс оянған әлдебір ашқарақ сезім манадан бері жан-жағында тау-тау боп үйіліп жатқан қыш кірпіштерге қолын қайта создырды. Мұнараны бұдан гөрі де биіктете түспек. Сонау жұмбақ сарайды қалтарыс қалдырмай, түгел көріп отыратындай қып биіктетпек. Қабағынан қан шашырайтын қаһарлы патша қалтарысқа тығып баққан сұлу ханым сарайын тас төбесінен тамашалап отыратын аспан астындағы жалпақ дүниеде жалғыз осы ғана, тіпті үш тараптың туын түгел дерлік аяғына жыққан Әміршінің өзі де ханым сарайын тап бұл секілді алақанындағы нәрседей тұтас көріп, тұтас шола алмақ емес.

Аяғының астындағы тау-тау үйінді азайып барады. Жаппар ұста ол күні қалай қас қарайғанын да байқай алмай қалды. Ертеңіне таңертең қолына май қалақты алып жатып, тағы да ханым бағына қарады. Бәлкім, сонау көп



терезелердің бірінде Кіші ханым бұның әр қимылын көз жазбай бағып отырған шығар. Ол енді мұнараны ханым бағының қай түкпірінен қарасаң да, төбеңнен төніп тұратындай қып бітірмек.

Күндегі бір тас қалап, бір шай ішім ойланып тұратынын қойды. Жұмысы өніп барады. Мына қарқынымен енді бір аптада мұнара деген жерінен шығады. Енді тек оны көрген жанның көзінің жауын алатындай қып безендіруі керек. Мынау сұп-сұр топырақтың төсіне қонжита қойған мылқау тас үйікке көк пен жерді астастырып тұратын айырықша ажар таппақшы. Ол үшін мұнараның ұшын бір деңгейде бір тегіс қып бітірмегені жөн, онда мұнара қанша биік болса да, пышақпен қырыққандай келте боп көрінеді; ал найзаның сүңгісіндей тым сүйірлеп жіберуге тағы болмайды, шаншып қойған әлденедей о да ерсі. Ендеше мұнараның ұшы қай жерден қайтатынын байқатпайтындай ғып, аспанмен аймаласып жататын көгілдір күмбезден көмкергені дұрыс. Сонда мұнараның көктен жерге құлап келе жатқаны, не жерден көкке самғап көтеріліп бара жатқаны көрген көзге жұмбақ боп тұрады. Оған керегі де сол.

Мұнараның анадайдан айбар шашып айбындап тұрғанын да, не көрген адам қолтығына қысып кеткісі келгеніндей қып, құр әншейін қуыршақ болып жұтынып тұрғанын да қаламайды. Көрген жан тамсанып қана қоймай, тәңірдің әлдебір жұмбағының шешуін табуын тапса да, есіне дәл анық түсіре алмай, айран-асыр қалып арманда аттанатындай қып әшекейлегісі келеді. Көз алдына әнеугүні күйменің терезесінен желмен ойнап бара жатқан желбірек шәйі көлең ете қалды.

Жаппар көктен іздегені жерден табылғандай қуанып кетті. Бұл мұнара да тап сондай жеп-жеңіл, тап сондай ойнақы болуға тиісті. Мұнараны көрген жан қапелімде әлдебір арудың сонау зеңгір аспандағы ақ періштелердің біріне ұмсына созған ақ білегі екен, деп қаласың. Тіпті ертең Әмірші алыс жорығынан қажып оралғанда да, алдынан әлдекім білегін көтеріп күтіп тұрғандай көрінсін.

«Дереу дермене іздетіп, қаңбақ өртетіп, ніл бояу жасайтын күл әзірлетуім керек» – деп түйді шебер.

Мұнараның қалған жерін көп ұзатпай қалап бітіргісі, көңіліне аяқ астында ұялай қалған арманын жүзеге асыруға тезірек кірісіп кеткісі келді. Енді кідірсе көз алдында, мынау мөп-мөлдір, түп-тұнық көк ніл ауаға ойда

жоқта орнай қойған әлгі бір ғажайып суреттен біржола айырылып қалатындай... Көңліне сондай күдік ора-луы-ақ мұң екен, көз алдына сайрап тұра қалған әлгі ғажайып суретті әлдебір әзәзілдің оспадар қолы сыпырып сүрте бастағандай көрініп кетті. Жаппар әлгі таңғажайып көріністен шынында да айрылғаным ба деп, көз алдына тесіле қарап еді, көкпеңбек мөлдір ауа ғана көлкіп тұрып алды.

Төменде – сол баяғы хан бағы. Қақ ортадағы ашық алаңқайда жайылысқа шыққан аппақ қаздардай боп, мамырлай басып бір топ әйел жүр. Бұл олардың қайдан сап ете түскенін қапелімде байқай да алмай қалды. Көк алаңқайдың құбыла шетінде жылтырап жатқан оңаша айдынға қарай беттеп келеді. Айдынның екі жағында мұнара секілді биік екі тұғырға ақ шытыра перде жабылыпты. Айдынның жағасында үюлі қызыл шоғырлар көрінеді. Әйелдер айдын тоғанның жиегіне іліге бере тоқтай қалды. Қаз қатар тұра қап шешіне бастады. Жап-жасыл шөп үстінде теңгедей-теңгедей дөңгеленіп ақ шытыра көйлектер қалды.

Құс мамығындай үлбіреген аппақ желеңдер астынан әлі қайратына міне қоймаған күннің нұрында бір түрлі алқызылданып албырап көрінетін ақ сүйрік тәндер атып-атып шығып, көлкіп жатқан көкпеңбек суға қойды да кетті.

Төрт бұрышты көкпеңбек тоған төбесінен моншақ жауғандай ақ айранданып шыға келді.

Келіншектердің аппақ білегі айдын бетін сабалап, бір-біріне су шашады. Арасынан екі-үшеуі үзіліп шығып, айдын жиегіндегі мая-мая боп үюлі тұрған қызыл шоғырға бас салды да, күп-күрең алмаларды тоған бетіне лақтыра бастады, судағы әйелдер топ-топ жауып жатқан алмаларды су бетіне қарғи көтеріліп қағып алады. Күп-күрең алмалар көкпеңбек айдын үстінде бұршақша жауып тұр. Келіншектер бірінің қолын бірі қағып, күрең алмаларға жапа-тармағай жармасып жатыр. Асыр салған ақшыл тәндерге қызыққандай ақ жал су да шалп-шалп секіріп, ерке-тотай келіншектердің едірейе көтерілген омырауларынан сүйіп-сүйіп алады. Көздің жауын алатын сұлу, сымбатты қомағай толқындардан қорғаштағандай, қос иықтан дудырап бос төгілген тып-тыныш тоған ойда жоқта бір үйір ақ сазан түсіп кеткендей астан-кестен боп, жиегін шылп-шылп сабап бұлқынып жатыр. Бірінен-бірі өткен ақ сүйрік сұлу денелер жанап өткен сайын қыты-

ғына тиіп кеткендей, көк айдын көкке шоршып-шоршып қояды. Жаппардың көз алдында өңшен бір ақ толқындар асыр салып билеп жүр. Сонау оңаша көл бетіндегі көп діріл мұның көңіліне көшіп қонғандай.

Тулап жатқан айдын беті бір уақтарда барып тыншыды. Қырық сұлу тоған жиегіне аяқтарын суға малып отырып ап қыздырынды, біраздан соң шаштарын тарады, бірінің бірі бұрымдарын өре бастады.

Сосын орындарынан бәрі бір уақытта дүр көтерілді де, анадай жерде ағарып жатқан киімдеріне барды. Қырық бірдей қызғылтым сұлу тән ақ мамық желеңнің астына кіріп жоқ болды. Сосын мамырлап басып сарайға қарай беттеді.

Олар сарай алдындағы қалың көк желектің астына кірер-кірместе, манағыдан бері қайда тығылып тұрғандарын кім білсін, бақтың түкпір-түкпірінен он шақты еркек жүгіріп шығып, айдын бетінде жыпырлап жүзіп жүрген күрең алмаларды қолдарындағы ұзын сырықтың басына байлаған тор көз ауларымен сүзіп ала бастады.

Енді шебер бұдан бір сүйем биіктеп кетсе әлгіндей әдемі көріністен біржола айрылып қалатындай кібіртіктеп жұмысы өнбеді. Баяғыдан бері сумаңдап көкке шапшып келе жатқан мұнара тап осы араға келгенде аяғына жем түскендей, бір елі жылжымай қойды.

Ханым мен нөкері суға шомылған сайын, салынып жатқан мұнара жаққа қарар ма екен деп, көзін тігіп бағады-ақ. Бірақ айдын бетінде асыр салып боп жиекте байыздап отырған қырық әйелдің ешқайсысы төбелерінен төніп тұрған мұнара жаққа мойнын бұрып қарамайды. Бұл олар қашан киімдерін киіп болғанша көзін алмайды. Бірақ қырық әйел әдейі уәделесіп қойғандай бұл жаққа бір де бір рет көз салмастан қайтадан сарайға беттейді.

Жаңа ғана мамырлап басып, қыдырып жүрген қырық әйел көзден таса болғанда, хан бағы көрер көзге әдеткі ажарынан айрылып жүдеп қалады. Мөп-мөлдір күміс айдын әлдекім күл шашып жібергендей, аяқ астынан әлем-тапырықтанып шыға келеді. Ираны кілемдей қырық құлпырып тұрған гүлзарлар да күйе түскендей солғын тартып кетеді.

Ханым бағымен қоса мұның да көңілі құлазып қоя береді. Жаппар көзі боталап, әлгінде ғана Кіші ханым нөкерін ертіп жүріп өткен, ту-ту төменде әзер-әзер көзге

түсіп, ақсиып жатқан жіңішке соқпаққа телміре қарайды. Бірақ жас ханымның өзі түгілі ізін де жым-жылас жұтып қойған сылқым сүрлеу мұны мазақтағандай ақсия күліп жата береді. Бала жігіттің көңілі сол бір жасыл желек астына сүңгіп жоғалатын сумаң соқпаққа түсіп ап, көзден бір-бір ұшқан қырық сұлудың соңынан салып береді. Бірақ жас ханымды, оның қырық нөкерін күнде-күнде мұның көзін қызықтыратын ғажайып көрікті көлегейлеп тұрған көк бұйра желектің ішіне енуге батылы бармай, тентіреп-тентіреп кері қайтады.

Жаппардың күндегісі осы. Кіші ханым тағы да сейілге шығар ма екен деген есек дәмемен күннің батпағанын тілейді. Бірақ ханым сәскелік серуеннен кейін бақ ішіне аттап шықпайды. Жігіттің жүзі солған гүлдей сарғайып сала береді. Сол-ақ екен әлгінде ғана алып ұшқан асау арман қайтадан тұқшаңдаған тұғырға айналып, үйреншікті тіршіліктің ирелең соқпағына түсіп ап, беки жөнеледі. Бұғанасы бекігелі бері қолынан балшық кетпеген құлақ кесті қара құл басымен көңілінің ханымды ойлап елегізгенінің күпірлік екенін де енді ұқты. Жаңағы бір көкірегін алай-түлей еткен әзәзіл сезімді біреу-міреу байқап қалған жоқ па дегендей жан-жағына алақ-жұлақ қарап қояды. Бірақ бір қабат аспанның арасында тұрған оның алабұртқанын кім көруші еді. Ол да бір, зәулім шынардың басына қонған жұлма-жұлма торғай да бір, ханым мен нөкерінің одан айылдарын жимай аппақ айдында шомылып ап, сарайға тып беріп тайып отыратындарының себебі де сол.

Тәкаппар ханымның аспаннан басқа ештеңеге түспейтін асқақ жанарын өзіне аударудың жалғыз жолы – мына мұнараны бұрын-соңды бұл Қос өзен елінде ешкім көрмеген ғажайып көрікке бөлеу. Баяғыда өзі Байтақ шаһарға мұнара салдыртам деп бел бұғанда көңіліне оралған көрікті елестен де өткізіп әшекейлесе, ханым қайтып қарамас екен! Қасындағы қырық нөкер әйел мақтап, ауыздарының суы құрып, сусылдай жөнелгенде ханым осынша сиқыр көрікті өз қолынан жаратқан бұған да қайран қалатын шығар!

Әлгінде ғана сабыр тапқан тентек жүрегі қайтадан лүпілдей жөнелді. Мұнараны жаңағы өзі ойлағандай жас ханым мен нөкерін еріксіз өзіне қарататындай қып безендіруге бел буды. Мұнараның қасынан әрқайсысы алты қанат ордадай он шақты тандырды қатар жағып, дермене мен жапақты тау-тау қып үйіп, әуелі бояу әзір-

лейтін күл өртеді, сосын таңғы аспандай көкпенбек, күнге шағылысқанда қырық құбылып, жылтырап тұратын шытыра тас күйдірді. Бір айдан соң он шақты шеберді қатар өрмелетіп, мұнара сыртын шытырамен жаптыра бастады. Өзі көгілдір торқаға орана түскен мұнараны біресе ана жағынан, біресе мына жағынан шығып қарайды да жүреді. Кейде тіпті шаһардан бір көш жерге ұзап шығып, айдалада жападан-жалғыз көк мұнараға міз бақпай қарап тұрады. Тұнық судай көкпенбек ауадан әзер байқалатын жер түбіндегі қаралтым сырық жаңа мұнара оған әлдене деп ым қағатындай.

Жаппар өз қолынан шыққан сол бір тілсіз перзентінің не дейтінін түсіне алмай дал болғандай, көз айырмай көп телміреді. Күймеде отырып та қырық сығалайды. Түсіп алып та қарайды. Бір уақ қолын маңдайына апарып, көк аспанда күлімдей жүзген күн көзін ұзақ бағады. Құдды бір тұңғиық аспанның өзінен әлдекім бұған аян беріп, ақыл айтатындай жым-жырт айналаға құлағын тосып тың тыңдайды.

Әлгі жерден су шыққандай жалма-жан күймесіне отырып ап, тағы да бір жаққа құйғыта жөнеледі. Ол арада да мынау мөлдірей тұнып жатқан тылсым ауаның әлдебір жерінен тек өзінің ғана көзіне көрінетін әлдекіммен үнсіз арбасқандай қалшиып қатады да қалады. Біресе көңіліне қонбайтын ерсі бірдеңені көзі шалып қалғандай, басын шайқап, өз-өзінен таусылып, жан-жағына түкірініп бітеді. Кейде тіпті екі қолымен бетін басып, тұрған жерінде шөкелеп отыра кетеді. Мынау жарық дүниені енді қайтып көргісі келмегендей, екі көзін тас қып жұмып алады. Жаңа ғана көз алдында сайрап жатқан күйкі дүниені көңілінен аластап қуып, жым-жылас ұмытқысы келгендей, жағы әбден қарысып қалғанша тістеніп бағады. Көзінің алды қарауытып, қайдағы-жайдағы алабажыр елестер тым-тырақай қалқып жүрген бұлыңғыр қоймалжың бірте-бірте қойыла түседі. Төңірегі қап-қара түнге айналғандай. Әлгіде ғана жынына тиген нәрсенің бәрі зым-қайым жоғалып кеткендей. Көзін қайта ашып алды. Өткір жарықтан жасаурап кетіп еді, жеңімен кірпігін бір сипап өтті. Кенет көз ұшында еміс-еміс бұлдырап тұрған жаңа мұнарадан бұрын-соңды ойына түспеген, енді сәл кідірсе қайтадан жоғалтып алатындай әлденені көзі шалып қалғандай орнынан атып тұрады. Қуқыл бетіне қан жүгіріп қуанып кетеді.

Күймеге отыра сап мұнараға қарай қайта шабады. Құйындатып шауып келеді де, жалма-жан жоғары шығатын баспалдаққа өрмелейді. Мұнараны шыр айнала қоршап қойған тор-тор ағаштың арасында қыбырлап жүрген шеберлерге барып, әлденелерді айтып жөндесіп жатады. Қолын қайта-қайта сермелеп, көңіліне әлгінде ғана қона кеткен жаңа ойын түсіндіріп бағады. Сосын төмен түсіп, үюлі шытыра тастарды дәл осы қазір көріп тұрғандай, ұзақ үңіледі. Біраздан соң қос уысын шытыра тасқа толтырып ап, тандыр жағып жатқандарға қарай аяңдайды.

Соңғы айлардың ішінде әбден имиіп арып кетіпті. Өңі сұп-сұр. Терісінің бәрі сүйегімен сүйек боп қатып қалған. Тек екі көзі ғана тыным таппайды, неге түссе де, іші-бауырынан өткізіп ішіп-жеп қарайды. Ине жұтып қойғандай байыз таба алмай, аласұрып жүр.

Күні кеше қара жерді ойып жіберетіндей тырп етпей табандап алған зілман, мұнара күннен-күнге ажарланып барады. Анадайда міз бақпай қарап тұрған жұрт жаңа мұнараның шаһардағы басқа мұнараларға атымен ұқсаймайтын ерекше бір сипатын көрер көзге көріп тұрып, бірақ оның сыры неде екенін біле алмай, пұшайман болады.

Көк мұнара күн орынан ауған сайын әр алуан кейіпке көшіп құбылады да тұрады. Қараған жан соның бәріне қайран қалады. Бірақ оның сиқыры неде екенін біле алмайды.

Шебер мұнараның ұшар басының әшекейін өз қолынан өткерді, бұл аймақтың суық түсіп жарымайтын тағы бір келте қысы өтіп, май тоңғысыз шуақ орнады. Ханым бағындағы ағаштар шетінен бүршік жарып, айлапат қорғанның ішіне көк көбелек қаптап кеткендей, көк селдір перде тұтылды. Көп ұзамай көк бүршіктердің бәрі ақшыл, қызғылт гүл ашып үлбіреп шыға келді.

Ханымның күнбе-күн сәскеде нөкерін ертіп серуендейтін кезі де жақындап келеді. Жаппар сол күнді асыға күтті. Ақыры оған да жетті. Қызыл ала шәйі ұстағандай ұлпа желек астынан үлбіреген көйлек киген бір топ әйел шыға келді. Шыға келді де, аяқтарына жем түскендей, тоқтап қалды. Сосын мамырлап басатын үйреншікті жүрістерінен жаңылып, мөлдіреп жатқан тоғанға қарай суыт аяңдасты. Тоған қасына жеткен соң да, баяғыдай желең көйлектерін сыпырып-сыпырып тастай салып, суға күмп-күмп қойып кеткен жоқ. Көк мұнарадан көздерін алмай, аңыра қарап тұрып қалды. Қап, бәлем,

солай ма екен!.. Жаппар өз-өзінен масаттанып, мырс ете қалды. Көмейіне қайтқан өштің бе, әлде көкірегіне сыймай бара жатқан көл-көсір қуаныштың ба, бір толқынылықсып, көзінің алды мұнартып кетті. Көк мұнара күннен-күнге өсе түсті. Бірақ сарай жақ шеті кетіп тұр. Жаппар сол кетіктен хан бағына қарап телміреді де отырады. Ертең-ақ көзінен бір-бір ұшатын әсем көріністі қимағандай, әлгі кетікті бітегісі келмейді. Оны бітесе, хан бағында хор қыздарынша асыр салып ойнаған қырық сұлу да біржолата ғайып болады.

Жасыл алаңқайда мамырлап басып қырық сұлу сейілге шығады. Ортасындағы басына жарқ-жұрқ еткізіп елден ерек сәукеле киген ханым. Олардың айдын жиегіне кеп иіріле қап жаңа мұнара жаққа қарап тұрғанын көргенде, Жаппар өзін пейіштің тас төбесінен қарап отырған жаратқан иенің өзі екенмін деп қалатындай. Талай рет жігерін құм қылған тас мұнара оған қайтадан шарықтатып шырқау көкке шығаратын шапағат қанатына айналды. Бірақ сол бақытының өтпелі екенін, енді бірер күннен соң қолынан мүлдем шығып кететінін ойлағанда ішін ит жыртқандай болады.

Ол бір тәуекелге бел буды. Қашан жендет ай балтасымен келіп айдап әкеткенше мұнарадан түспейді де, мына кетікті бітемейді де.

Біраздан соң Жаппардың көңіліне не қашқанын түсініп қалғандай бас шебер мұнараның басына өзі шықты. Әміршінің ұлы жорықтан қайтып келе жатқан хабарын айтты. Оған дейін мұнараны бітіріп, айналасын айнадай қып тазартып қоюы керек. Жүргіншілердің айтуы бойынша, бұл салған мұнара сонау Ұлы Құмнан шыға бере-ақ көзге түсетін көрінеді. Әмірші ертең жеңіспен оралған тойында жорықта көзге түскен баһадүрларымен бірге бұған да асыл тарту тартатын шығар; бұдан кейін бұл салған мұнараның лақабы аспан астына түгел тарайды.

Жаппар бас шебердің не айтып тұрғанын естімеген жанша меңірейіп тұра берді. Сөзінің зая кетіп жатқанын сезген шебер әңгімесін кілт доғарып, әріптесінің жүзіне қарап еді, талайдың қас-қабағын аңдып қалған әккі көзі жас жігіттің өзгенің бәрін ұмыттыратын бір аңсар сезімнің құшағында тұрғанын біле қойды. Ол Жаппардың ой атаулыдан атымен ада, тұнжыр жанары тесіле қарап қалған жаққа көз тастап еді, ту-ту төменде, өз ба-

ғындағы жасыл алаңқайда нөкерін ертіп мұнараға қарап тұрған ханымды көрді.

Бас шебер ләм-мим деместен төмен түсіп кетті.

Әміршінің елге оралып келе жатқан лақабы күннен-күнге күшейе түсті. Жаппар тұратын махалла халқының да, мұнара салысып жатқан мұның серіктерінің де аузындағы хабар – тек сол ғана. Бірақ Жаппар соның ешқайсысын да құлағына ілмегендей.

Күнде төсектерінен тұра сап, жаңа мұнарға бір қарап алып, дастарқанға отыратын Байтақ шаһардың тұрғындары баяғы сол бітелмеген кетікті көреді.

Бірақ жендет балтасының суық жүзін өңі түгілі түсінде де көргісі келмейтін пақырлар көңілдеріне қашқан сұрқия ойды отыз тістен сыртқа шығаруға батылдары бармай, іштерінен тынып жүр.

Оны сезбейтін тек Жаппар ғана болса керек, тіпті Ханым екеш Ханым да шаһар тұрғындарының көңілінде не жатқанын естімей-ақ білген түрі бар. Әмірші алдынан хабаршы аттанатын күні таңертеңгілік Ханым сарайынан екі күйме зулап шыға келді де, мұнараға беттеді.

Оны мұнара басында тұрған Жаппардың да көзі шалып қалған-ды. Әлден соң ту-ту алыстан, мынау өзі қолдан өріп шығарған зынданның түбінен тық-тық басқан аяқ дыбысы естілді. Екі адам қатар сыймайтын, тек жалғыз адам ғана көтерілетін тас сатымен әлдекім жоғары өрмелеп келеді. Жігіт өз жүрегінің дүрсілі сол тырс-тырс басқан жұмбақ аяқтың тырсылымен бір мезгілде жарыса шығып тұрғанын байқады. Ханым сарайына көз салып еді – жасыл алаңқай қаңырап бос жатыр. Түбіне шоғыр-шоғыр көлеңке алған ағаштар да томсырайып тұр. Күллі дүние мұнымен бірге сонау қап-қараңғы тас мұнараның ажал жасырғандай аждаһа қарнындағы тық-тық дыбысқа құлақ түріп қалғандай.

Жаппар ту сырты мұп-мұздай боп қоя берсе де, қобалжыған жоқ. Бірақ мұнараның басына асай-мұсайын асынып Мүңкір-Нәңкірдің өзі көтеріліп келе жатқандай өне бойын иненің ұшындай дызылдатып бара жатқан әрі өткір, әрі сұп-суық бір тосын сезім билеп алды. Бірақ ажалын абыржымай тосқан, өмірден үмітін біржолата үзген жандай, тырп етпей сабыр жиып, қасқая тосып тұр.

Аяғының астындағы қарауытып жатқан қараңғы үңгірден көзін алған жоқ. Аяқ дыбысы бірте-бірте күшейіп барады. Жаппардың өне бойы сіресе, қатая түсті. Тіпті бұлшық еттерінің өзі тас түйін боп, біржола



қатып қалғандай. Жүйке-жүйкесінің бәрі ширығып алған.

Аяғының астындағы қап-қара үңгірден әлдене жалт ете түседі. Әрине, жендеттің балтасы. Қатыгез Әміршінің алдынан кетік мұнара салып, қарсы алуға кімнің дәті шыдайды. Қазір айтқан тілді алмаған қыршаңқы бұның басын айбалтамен қағып тастап, мұнараның қалған шаруасын бас шеберге бітіртеді.

Жаппар аяғының астындағы аран қуыстан көзін көтере алар емес. Мұнараны тасырлата шыққан ащы тасыр енді аяғының астындағы үңгірден емес, мұның тас төбесін тақылдата жаншып шығып жатқандай. «Шыда, шыдап бақ».

Аласұрған санасының қарманып тапқан жалғыз медеті сол ғана. Тамағы құрғап барады. Көмекейіне әлдене кептеліп тұрып алғандай. «Қайта осынысы жақсы болды, – деп ойлады ол. – Қазір жендет балтасын көтергенде даусы да шықпай, бірден осы тұншыққан күйім мүрдем кетсем жақсы болар еді. Жанымның қалай қарқараға келгенін ешкім естімей-ақ қойсын».

Аяқ дыбысы таяп қалды. Сіресіп тұрған мойны кенет хан бағына қарай кілт бұрылды. «Жендетін жіберсе де өзі көзіме бір көрінсе екен». Жасыл алаңқай бұрынғысынша құлазып жатыр... Күн сәскеден мана асты. Айдын қасында ешкім жоқ... «Бүгін шомылуға да шықпағаны ғой. Құлағын жарып бара жатқан әлгі бір тасыр қайда?»

Әлдене сұп-суық боп жарқ ете қалды. Бірақ жендеттің балтасының жарқылы сияқты емес. Бет алдын әлдене ағараңдап желпіп өтті де, әлгінде ғана мұның жанарын жарқылымен мұз боп қарыған меруерт жүзікті ілезде көлештеп тастады. «Иә, өзі келді... Рас, өзі...»

Қарсы алдында, дәл баяғы алғашқы көргендегісіндей боп, ханымның өзі тұр. Сол баяғы ақ желең көйлегі, басында да сол баяғы ақ селдір перде... Жоғарырақ көтерілсе, жел ұшырып әкетердей, сатының ақырғы басқышына жете бере тоқтай қапты. Сол баяғы қымсына күлімдеген нәркес жанары. Шиедей албыраған етті екі ерін... Бұл таң атқалы өне бойын сірестіре сығып тұрған темір құрсау асяқ астында омырылып түскендей, тұра ұмтылды.

Ханым бұның ұрт қимылынан шошып қалғандай кері ыршып кетті.

Шебер әлгі қимылынан ұялып қап кілт кідірді. Өзіне мөлдірей қараған сұлу әйелге байыптап қарап еді – үлбіреп тұрған уыз жас... Бұдан әрі үрке, әрі әлденеге қымсынып, бір түрлі қиыла қарайтын сияқты. Баяғыда Зухра да дәл осылай бір түрлі үркесоқтап, бірақ кері де серіппей жәудірей қарап еді ғой... Мынау да тап солай. Қақ маңдайдағы бармақтай нарт лағылы мен үстіндегі желеңі ғана өзге. Дәл осы қазір көкейіндегіні ашып айтпаса, бұ да Зухра құсап, ендігәрі бұған жоқ. Қазір-ақ көзінен бір-бір ұшады... Сосын жүрегiнiң дәл тұсына әлдекiм ине шаншып қойғандай мәңгі-бақи қадалатын да жүретін тымырсық өкiнiштен құтыла алмайды.

Жаппар әлдене дегісі кеп тамағын кенеп еді, бәрібір даусы шықпады. Ханым телміре қарап тұр. Жаппар қолын созып еді, ханым бұлқынған жоқ. Ол жұп-жұмсақ, ып-ыстық елестің бауырына қалай кіріп бара жатқанын байқамады. Өмірінде жалғыз-ақ рет тап болатын қас қығым ғана бақытты сәті осы екенін сезді. Қолынан шығарып алса, енді қайтып оралмайтынын да біліп тұр. Еріп бара жатқан денені бауырына қыса түсті, оттай ыстық обыр ерін оның өзін де ерітіп бара жатқанын бір-ақ байқады...

Мұнара уәделі уақытта бітті. Алыс жорықтан оралған Әміршінің алдынан күнге шағылысып күлімдеп тұрды.

Жаппар мұнараны Әміршінің әдейі арнап келіп көргенін, таңырқап ұзақ тұрғанын, қатты сүйсініп аттанғанын түгел естіген. Бірақ сарайдан хабар болмаған.

Бір күні талма сәскеде әдейі шабарман кеп, сарайға жүр дегенде, Жаппар алдында сый-сияпат күтіп тұрмағанын бірден біле қойған-ды. Ол қара көлеңкелеу хан сарайдың қақ ортасында хауыздың қасында күшігендей боп, бүрісіп отырған қара сұр кісінің індете қараған шегір жанарынан ештеңе бүгіп қала алмады.

## *Үшінші бөлім*

### **МАХАББАТ**

Кіші ханым соңғы үш айдың ішінде әбден арып кетті. Әр қилы түске боялған шытыра терезеден түскен ала шабыр көлеңкеде отыра-отыра өңі сілтіге салған сүйектей бозарып барады. Бұрынғы сәл қыбыр етсе, дір-дір етіп тырсиып тұратын жұмыр мойны сылынып қапты; ұн-жұрға сүйегі сойдиып-сойдиып шығып кеткен. Жанарынан да нұр жоғалып, көзінің айналасын мынау бөлменің ішіндей қара көлеңке кіреуке жайлап алыпты.

Ханым күндес қатындай сәл міні болса бетіне басып тәлкек етіп тұрған шар айнадан теріс айналып кетті. Айлапат сарайдың қақ ортасындағы атқылап жатқан дөңгелек хауыздың сыпсың-сыпсың дыбысынан басқа құлақ селт еткізер ұн де жоқ. Күні-түні сол бір сыпсың-сыпсың. Кейде талма ұстағандай жүйкесі ширығып, әбден діңкесіне тигенде хауызды тапап тастайтындай боп, қасына жетіп барады. Бірақ моп-момақан боп мөлтең-мөлтең ағып жатқан суды көреді де, бойын кернеп келген ызаның орнын әлдеқандай бір мұң жайлап, хауыздың қасындағы үстіне қалы кілем жапқан мәрмәр сәкіге отыра кетеді... Солай дел-сал біраз отырады-отырады да, қайта тұрады.

Хауыздан сәл алыстауы-ақ мұң екен, әлгінде ғана жәутең-жәутең ағып жатқан періште тамшылар қайтадан көп әзәзілге айналып сыбырласып қоя береді. Ол кейде сол сыпсыңды естімес үшін қашан көзі ұйқыға кеткенше хауыздың қасында отырады да қояды. Мынау мәрмәр сәкіден бір қадам алыстаса болды – бүкіл дүние пыш-пыштасып қоя беретіндей.

Шымыр-шымыр қайнап шығып, сыздықтата атқылап тұрған мөлдір судың момақан сылдыры анау алтынмен

безеп тастаған жап-жалпақ емен есіктің ар жағындағы күтуші кемпірдің, азбан құлдардың одан әрі нөкер қыздардың жапа-тармағай сусылдасқан жабыр-жұбыр әңгімесіне ұласып, бір қадам алыстаған сайын күшейе түскендей.

Тіпті сарай бағындағы әр алуан ағаштардың мың-мың жапырақтары да мұны айтып сыпсыңдасып тұрғандай. Анда-санда жұрт көзінен тасалау шеткері оңашалау соқпақтарға түсіп, сейіл құрғанда, ағаш арасынан жылтың-жылтың сығалап бой көрсетіп қалатын еліктер мен тарғыл бұғылар да: «Ә, әлгі жұрттың бәрінің сыпсыңдасып жүрген ханымы осы екен ғой» деп, әдейі бұның әр адымын аңдып тұратындай боп көрінеді.

Кейінгі кезде бөлмеден аттап шығуды қойды. Әмірші ие де тым-тырыс жатып алды. Күнде ертемен киіндіруге келетін қызметшілерінің аузына жәудіреп қарағанмен, ешқайсысы ләм-мим демейді. Әлгінде ғана ауызғы бөлмеде не деп сыпсыңдасқандарын бұл естіп қойды ғой деп қымсынатындай, бәрі де именшектеп кіріп, именшектеп шығады.

Баяғыда бұл түскенде бәрі де жайрандап-жарқылдап жүруші еді. Тіпті жанарымен жер сүзіп жүретін бұқа мойын күтуші кемпірдің өзі аяқ астынан аспандай қарап ешкімге көзі түспейтін мінез шығарған-ды. Мереке-лердің алдында бәйбіше сарайынан сөз тартып, ханымы мен нөкерінің салтанатын бәйбішенің салтанатынан асырам деп әбден тыраштанып бағатын. Әмірші шатырына кіргенде екі күтушінің бірін-бірі көзімен атып, кекірейісіп тұрғандарын көргенде, бұның күлкісі келетін-ді.

Ол бұны құдды бір өз қызындай асты-үстіне түсіп аялап бақты.

Қалған күтушілері де, нөкер қыздары да бұл дегенде жандары басқа. Көбісі-ақ бұдан үлкен. Содан ба, бұны Әміршінің әйелі тұтып айбынғандарынан гөрі, туған сіңлілеріндей көріп аяп-аялағандары көбірек. Құдды бір өздерінің ет бауыр сіңлісі падишаға күйеуге шыққандай мәз-мейрам. Олар үшін бұл дүниеде бұны киіндіріп, шашын тарап, сыландырудан артық рақат жоқтай. Елең-алаңнан орындарынан тұрып, аяқтарының ұшынан басып, бұның ұйқыдан оянғанын тыпырши тосушы еді.

Көзін ашуы-ақ мұң, жан-жақтан атанақтай жүгірген қызметші қыздардан, бұл ұйықтайтын кең бөлме өңшен бір ақ қанат көбелекке толып кеткендей, құлпырып қоя беретін. Ханым жан-жағынан анталай қараған көп жа-

нардан қаймығып, қанша қымтанып бақса да, жан-жағынан жапатармағай созылған көп қол бәрібір өз ырықтарына көндіретін. Алабұртқан албырт тәні жұп-жұмсақ аялы қолдар тигенде бір түрлі байыз тауып қалатын.

Бір күні кешқұрым тамақтан соң күтуші кемпір нөкер қыздардың бәрін шығарып жіберді де, ханыммен екеуден-екеу оңаша қалды. Ханым қызметшінің аузына аңтарыла қарады. Кемпірдің екі көзі жалт-жұлт етеді. Орақ мұрынның астындағы қаймыжық жұқа ерінде бір сәт мүдіру жоқ, аузы аузына жұқпай әлденелерді айтып, сусылдай жөнелді.

Қызметші кемпір бір сиқыр дұға оқып отырғандай, ханым оның сүлікше қадалып алған екі көзінен жанарын аударып әкетуге жігері жетпей арбалды да қалды: тіпті бөлменің іші бір түрлі шыр айналып бара жатқандай көрінді.

Бір уақыттарда барып күтуші кемпір үсті-үстіне тағзым етіп, есікке қарай шегіншектей берді. Кемпір шығып кеткен соң да, бөлменің іші әлденеге бұлдырап тұрғандай көрінді. Самала шамдалдардың жарығы төменге түспей, сонау зәулім төбеге ұйып қалғандай. Әлгі кемпір айтқан түсініксіз әңгімені бөлме ішіндегі бұлыңғыр жарық онан сайын күнгірттендіре түскендей. Әлденеге басы мең-зең тартып, жүрегі лоблыған соң, хауызға қарай беттей беріп еді, есіктен кіріп келе жатқан Ұлы Әміршіні көрді. Бөлме ішін жайлап алған жаңағы түсініксіз буалдыр аяқ астынан ыдырап кетті. Бір түрлі тербеліп тұрғандай көрінген үйдің едені де Ұлы Әміршінің аяғы тигесін тырп етуге мұршасы келмей, тыныштала қалғандай.

Ханым өзіне қарай жақындай түскен Ұлы Әміршіден көзін алмай қалшыып қатты да қалды. Қол созымдай жерге келгенде барып, Әміршіге тағзым ету керек екендігі есіне түсіп, төмен иіле беріп еді, әлдекім қарынан демеп, жоғары көтерді. Сасқалақтап қалған ханым жалт қарағанда, Әміршінің мейірлі қос жанарын көрді.

Ертеңіне таңертең бұл құлқын сәріден тұрып, қызметшілерінің келуін абыржи тосты. Екі беті ду-ду жанып барады, не істеп, не қоярын білмей, мамық көрпеге көміле түсті.

Бір уақытта емен есік ашылды. Ең алдымен, ырғала басып күтуші кемпір аттады, соңынан жарыса-жармаса нөкері көрінді.

Бұл өзіне қарай арсалаңдап келе жатқан көп әйелдің беттеріне қарай алмай, ұятты жанарын жан дәрмен иығына дудырап түсіп кеткен қою шашының тасасына жасырып бақты.

Нөкері күндегіден де көңілді. Бәрі келген бетте-ақ, мұның маңдайынан сүйіп, мәз-мейрам болып дуылдасып жатыр.

Әмірші бұл жататын бөлмеге екі-үш рет аяқ ізін салған соң, нөкері бұрынғыдан бетер масаттанып кетті.

Әмірші елшілер қабылдаған бір салтанатта бәйбіше нөкерінің шеттерінен бұл отырған жаққа түйіле қарап тұрғандарын көріп, қызғаныштың ызғарын алғаш рет сезген-ді.

Бәйбіше отырған жаққа көзі түсіп кетіп еді, тәкаппар арудың жүзінде әлдеқандай бір зәрлі ашудың табы тұр екен, неге екеніне өзі де түсінген жоқ, манадан бері мұның әлденеге лобли соққан жүрегі аяқ астынан жай тауып, арқасы кеңіп сала берді.

Бақастықтың уындай көк зәр, бақастықтың балындай тәтті бал жоқ екенін ол көп кейін білді. Бірақ сол күннен бастап басқа түгілі, қызметші екеш қызметшілерінен қысылып-қымтырылатын именшектігін қойды. Сөйтсе, әншейінде төбесінен батпандай басып тұратын ханымның ауыр сәукелесі көлденең көздің қарап отырғанын көргенде өз-өзінен құстың мамығындай боп жеңілейіп жүре береді екен.

Енді күтуші кемпір мен қыздардың бәйбіше сарайының салтанаты жайында айтатын пыш-пыш әңгімесін бұрынғыдай емес зейін салып тыңдайтын болды.

Әмірші соңғы жорығына аттанарда шаһар ортасында бір өзі ғана тұратын оңаша сарайына ауған-ды. Оның не істеп, не қойып жатқанын сырттай еміс-еміс естіп отырды. Әміршінің болашақ жорыққа аттанатыны, диуанда қай бектің не дегені жұрт аузынан сан құбылып жетіп жатады. Соның көбісі-ақ кейін бекерге шықты. Бекерге шықпағаны тек Әміршінің бұл жорығына немерелері мен бәйбішесін ала кететіні болды. Бұған қарағанда, Әмірші бұл жорығына бір жыл, екі жыл емес ұзақ жүретіндігін байқатты. Соны естігенде Кіші ханым байыз таба алмады; әлденеше рет Әмірші отырған сарайға баруға да оқталды, бірақ батылы жетпеді. Әсіресе бәйбішесін бірге ала кетеді дегенді естігелі бұл нөкеріне, нөкері бұған тіктеп қарай алмады. Бәрі де қара

жамылғандай көңілсіз. Бақ ішіндегі бұрынғы шат-шадыман сейіл де тыйылып қалды.

Әлденеше ай бойы хабар салмай кеткен Әмірші бір күні кешқұрым өзі келді. Әміршінің күймеден түсіп жатқанын жеткізген күтушінің хабарын естігенде, сыртқа жүгіре жөнелмей шаққа шыдап тұрды. Бірақ Әмірші бірден бұның бөлмесіне кірмеді, өз бөлмесіне өтті. Одан соң да түн ортасы ауғанша ұзақ күттірді. Ханым кең сарайдың қай бұрышына барып байыз таба аларын біле алмай, сенделіп жүрді де қойды. Ең соңында, күдер үзгендей боп, қараңғы терезенің сұп-суық шынысына телміре қарап тұр еді, жайлап есік ашылғанын құлағы шалып қалды. Одан арғыға дегбірі жетіп тұра алмады, алғаш рет батылдық жасап, Әміршіге қарай апыл-ғұпыл асыға аяңдады.

Екеуден-екеу оңаша кеште баяғыдан бері жарылып кетердей боп, көкірегіне сыймай жүрген көп сөздің ешқайсысы аузына түспеді.

Бар батылы жетіп айта алғаны:

— Әміршім, бұл жорығыңыз ұзаққа созыла ма?— ғана болды. Әмірші бұның жүзіне ұзақ телміріп отырып:

— Оны алла біледі,— деп, бұның дір-дір етіп алып ұшып бара жатқан екі қолын алақанымен баяу сипап өтті.

Ертеңіне күллі шаһарды дауылпаз үні басына көтерді. Әмірші жорыққа аттанды.

Кіші ханым абажадай кең сарайда бір өзі қалғандай елегізіп жүрді. Мынау жарық жалғанмен байланыстырып тұрған жалғыз дәнекер — өзінен әлденеше жас үлкен, осы бір қарсы келгенді қарып алатындай сұп-суық шегір көзінің әлдебір түкпірінен бұған дегенде мейірім ұшқындап қоя беретін сұсты адам — Әмірші екенін сонда ұқты. Бұрын ол барда дүние тап мынандай құлазып тұрмаушы еді.

Бұның қабағына кірбің кірсе, қызметшілері де моп-монтаны бола қалады.

Он жетіден жаңа ғана асқан ханым дүниеде адам үшін жалғыздықтан асқан азап жоқ екенін сонда түсінді.

Оңаша бақты қанша кезсе де, көңілі сергімейді. Бабына келіп балбырап тұрған маужыр бақтың қай бұтағы да өмір қызығын тойлап жатыр. Бұтақтан бұтаққа ұшып қонған сан алуан бармақтай құстардың мазасыз шырылы да, гүлден гүлге қонып, әндете көтерілетін бал аралардың ызыңы да, күн астындағы тіршіліктің ләззаты мен

рахатын жырға қосқандай. Оқтын-оқтын ұрлана ескен майда лептен дүрліге билей жөнелетін майса жапырақтар өне бойларын қуаныш кернеп, асыр салып қоя береді.

Кіші ханым бұндай сейілдерден сергіп оралудың орнына жалғыздықтың, құмардан шығып қызығын көрмеген ыстық ынтықтың, өне бойын өртше жалап бара жатқан сағыныштың, әлденеге елегізген түсініксіз мұң мен қол-аяғын бірдей тұсап қойған амалсыздықтың, — мына дүниеге келгелі алғаш рет бастан кешіріп отырған, өне бойын білдіртпей кеміріп жатқан қырық сезімнің басы қырық жаққа тартқылаған әрі-сәрі хәлдің — соқталаңына түсіп әбден қалжырап қайтады да, қара көлеңке сарайдың ішінде екі қолы алдына сыймай отырады да қояды.

Оның көңілін көтереміз деп өнер көрсететін нөкер қыздар одан бетер қамықтырып алады. Ыңырана шығатын зарлы саз оның көкірегін шымырлатып жатқан өзіне де түсініксіз әлдебір ұлпа сезімге бірден шық ете қалады; нөкер қыздардың алма мойындарын әлденеше бұралтып билегені, сүрмелі қастардың астынан сүзіле қарайтын тана көздерін бұдан айырмай, қаладай аппақ тістерін жарқыратып жымия күлгендері, жас сәбиді уантқандай жасанды көрінеді; бұл үшін өздерін зорлап көңілдендіріп, зорлап күліп жүргендей сезілді.

Бұл ойын-сауыққа елігудің орнына нөкер қыздарын осынша әбігерге салғанына ыңғайсызданып қалады. Зауқым жоқ, басым ауырып отыр сияқты болмашы сылтауларды бұршақша жаудырып, ондай отырақтардан қашқақтап бағады.

Кіші ханымның жанын жайлап алған мұң серуен көңілді сауықтардан сейіле қоймайтынын аңғарған нөкері әлгіндей орынсыз ыржалаңнан табан астында тыйылып, сілтідей тына қалады. Сарай ішін ұнжырғаңнан зіл боп басатын қоңырқайлық қайта жайлап алады.

Күтуші кемпір де ханымды немен сергітерін білмей әбден басы қатса керек, біресе оны бақ ішіндегі мыңдаған гүлдерді аралатады, біресе ханымға төркінінен жасауға келген, Әмірші сыйлаған, әкімдер мен ұлықтар, уәзірлер мен қолбасылар, елшілер тартуға тартқан неше алуан сақиналар мен жүзіктерді, сырғалар мен белдіктерді, бірінен-бірі өтетін асыл тастарды көрсетеді, енді бір уақ шар тараптан алдырылған уәлат, махфис, рауия, шамсия, шәдда, машад, тафсила, гүлстан, мисрия, абиария, лулуиа, сабурия, мискалия, сафибар, кидн, атлас, қамқа



— асыл маталарды жайып салып, қайсысынан көйлек тігейік деп, мата таңдатады; хан қазынасында тау-тау боп үйіліп жатқан бұлғын, суыр, құндыз, барыс, ақ тиын, қызыл түлкі терісінен ішік таңдатады; ханым бірақ соның қай- қайсысына да құлық таныта қоймайды.

Күтуші кемпір мұны асыл жиһаздар көрсетіп қызықтыра алмасын білген соң, ханым өз бөлмесінде жападан-жалғыз отырғанда қасына кіріп келіп, қайдағы-жайдағыларды әңгіме қылатынды шығарды. Сарай маңының өсегі Кіші ханымның құлағына кіріп те шықпайтын тәрізді; кемпірдің сөзімен шаруасы болмай, меңірейген күйі отыра береді.

Әккі кемпір сүлесоқ ханымның көңілін сергітетін әңгімені ақыры тапты. Бір күні ол бәйбіше сарайына қатысқан қызметші әйел айтып келген Әмірші жаулап алған елдерде бәйбішеге қандай құрмет көрсетіліп жатқанын айта бастап еді, манадан бері томсырайып мең-зең отырған Кіші ханымның қабағы қимылдайдын деді. Кең сарайдың ту-ту алыс бұрышына қадала қалған қос жанарын бұған төңкере қарады. Кемпір қыбынды енді таптым ба дегендей, бәйбіше сарайында ұзақ жылдар бойы қызмет істегенде көрген-түйгендерін баяндай бастады. Лауазымды ханымның өзіне тіл тигізуге айбынып, оның күтушілері мен нөкерін жерден алып, жерге салып жамандай жөнелді.

Олардың Әмірші Кіші ханымның сарайына біржола көшіп алғаннан бері бұған атарға оғы жоқ көрінеді. Жан-жақтан ағылып келіп жататын, сый-сияпат өзіне бұрынғыдай дербес бұйырмайтын болғанына, бәйбішенің іші удай ашитын тәрізді; кейінгі кезде Әмірші басқа жұрттан келген тартудың асылы мен аруақтысын Кіші ханымға тартқылайды деген пыш-пыш әңгіме бәйбішенің өз аузынан да, келіндерінің аузынан да талай жерде шығып қалып жүр деседі.

Кемпір ауық-ауық ханымға бір қарап алады да, оның қас-қабағынан ашудың нышанын көрмеген соң, қайтадан сусылдай жөнелді. Орақ мұрнының астындағы шыр айнала мизамның сілеміндей жіңішке-жіңішке әжімдер шиырлап тастаған қаймыжық аузы өрмек тоқып тұрған өрмекшідей жыбыр-жыбыр; қашан ханымды торына түсіріп тынбай тоқтайтұғын түрі жоқ.

Бәйбіше сарайындағы бұл жөніндегі сыпсың әңгіменің бәрін жіпке тізіп айта бастады. Кіші ханымның жастығы болмаса, сұлулығы болмаса, ханымға лайық еш

қасиеті жоқ; ұлы тұқымның тіке өзінен тарاماған, бір бүйірлеу көп төрелердің біреуінің қызы; төркін жағы да жансыз-жақсыз; Әмірші шешесінің өлердегі аманатын бұза алмай ала салды, тақтан түспегенмен, тұғырдан түскелі отырған кәріге тиген бейбақтың енді етегі қанап, бала сүйе қоймағы да екіталай, жаман айтпай жақсы жоқ, Әмірші әлдеқалай болып кетсе, қу тізесін құшақтап жалғыз қалады...

Орақ мұрынның астына өрмек құрып орнығып алған ала құрт әуелі өрмегінің бір ұшын Кіші ханымға тартты да, артынша-ақ соны бойлап шым еткізіп шағып ап, оның табан астында боп-боз боп кеткен өңі мен жел үрген шоқтай лап ете қалған уытты жанарын көріп, аяғын тартып ала қойды.

Ханымның қай жағынан шығып қалдым дегендей, жаңа ғана өзі осып тырнап алған жараның аузын өзі сүртіп бақты. Табан астында тек әйелдердің ғана қолынан келетін мәймөңкелікке көшіп, өз айтқанын өзі жуып-шая бастады.

Қызғаныштың тілінде шоқ, ұртында мұз. Шоғымен бетінді, мұзымен жүрегіңді қарып сөйлемесе, қызғаныш бола ма! Әмірші иенің ықыласы мен салтанатын бір өзі иемденіп қалған шынжыр балақ, шұбар төс тұқымның қызы — бәйбішенің тәйтiк қызметшiлерi Кiшi ханымды аузынан әлi емшек табы кетпеген жас көрiп, басынып қалғылары келедi ғой. Бiрақ оларымен не бiтiрер дейсiң. Әлгiндей-әлгiндей күйдiргi әңгiмелердi күңсiткеннен арғыға жете қояр шамалары қайсы? Әмiршiнiң өзi асқар таудай боп, панасына алып отырғанда, бәйбiше сарайындағы көп сумақайдың сыпсыңы құр әншейiн желдiң суылы, шыбынның ызыңы боп қалады. Дегенмен, үлкен-үлкен деп басқа шығарып қоймай, қыбын тауып, бәйбiшенi де аяғын тарта сөйлеуге үйреткен жөн. Құдайға шүкiр, Ұлы Әмiршi алтын басымен кiрiп-шығып жүрген құттыхананы шауып ала қоймас...

Кемпiрдiң әңгiмесi қайтадан аруақтанып барады. Ендi жұқа танауы дiрiлдеп, көтерiле сөйледi. Орақ мұрнының астында ерсi қарауытып жатқан сұйқылт түктерi тiкiрейiп-тiкiрейiп кеткен...

Қызметшiсiнiң аяқ астынан арқаланып бара жатқанын байқап, ханым оның жүзiне таңырқай қарап едi, кемпiр қапелiмде артықтау әңгiме айтып қойдым ба дегендей, оқыс тыйыла қалды да, әлдебiр ұмыт шаруасы есiне түскенсiп, орнынан асығыс көтерiле бастады.

Қызметшінің әлгі әңгімесі, аяқ астынан жүрегін тызылдата бастаған оқыс бір сезім ханымның көп күннен бері көкірегін тымырсық боп жайлап алған түсініксіз қапырықты төтен соққан өкпек желдей сейілтіп жіберді. Өне бойын жайлап алған мең-зең зіл ыдырап кеткендей ханым өзін қунақ сезінді.

Бәйбіше сарайының әңгімесі пәлен күннен бері оның қол-аяғын матап алған енжарлықтың қыл арқанын күрт-күрт үзіп жатқандай. Тұтқиылға тіреліп дағдарып тұрған ой-сезімнің де қарсы алдынан қасқа жол ашылғандай...

Енді әлгі кемпір айтып кеткен әңгіменің егжей-тегжейін қайтадан бір бажайлап ойлап көруге бел буды. Көзге көрінбей бір қиянда жатып ап, мұның әлі ызғар шалып көрмеген балғын жүрегіне мыстан тырнағын аямай батырып, осып алған бәйбішенің озбыр шеңгелі оның бойына бір қайрат бітіргендей болды.

Жас ханым қақырайып сарайда отырғанымен, өзінің айбарсыз, дәрменсіз екенін, азулы бәйбіше бала көріп басына бастағанын байқады.

Ащы тырнақтың есесін ащы тырнақ қайтаратынына жас та болса, әйелдерге айрықша тән бір түп көрегендікпен түйсігіп отыр. Оның балғын жүзіне бір суық нұр жүгірді. Бұрын мойылдай боп мүләйім мөлдіреп тұратын көзіне қылыштың жүзінен ғана байқалатын сұп-суық қатыгез ұшқын орнапты. Жүріс-тұрысы да шып-ширақ.

Ханымдарының бойындағы мына өзгерісті нөкерінің қырағы көзі бірден байқап қалды. Бұрынғыдай жабыса-жармаса кетуге бір түрлі қаймыққанмен, ішінен риза боп, қайтадан мәз-мейрам күйге түсті.

Ханым кешке құлқы болмай, көріп тұрып, көзге ілмей кеткен асыл мата, қымбат тері, қызылды-жасылды жиһазды сарайына алдырып, қайтадан қарап шықты.

Күтуші кемпірге көңілі ауғандарын көрсетіп, не киіп, не тіктіретінін айтып әмір бере бастады. Ханшаның байыбына бара алмаған жерінде күтуші кемпір ретін тауып, ақыл қосып қояды. Ханым ондайда бұрынғыдай аузын ашып таңырқап қалмайды, «е, осы дұрыс екен» деп елпете де түспеді, қызметшісінің сөзін үн-түнсіз тыңдап, келісім бермес бұрын біраз ойланып алады.

Қақсал кемпір ханымның билік дәмін түсіне бастағанын аңғарып, ішінен қыбы қанып, бұрынғы-бұрынғы ма, енді ауыр денесін асықтай үйіріп, шұнаңдап кетті. Ханымның қазынасында не бар, не жоғын тексеріп, не

керек екенін, оның қай өлке, қандай уалаяттан табылатынын айтып, құлағына құйып бақты.

Ханым өзіне керекті заттарды айтып бас уәзірге күтушісін жұмсады.

Бас уәзір күтуші кемпірді қомсынса керек, мардымды ештеңе айта қоймапты. Қызметшісінің айтып келген хабарын естігенде, ханым сарайға қайтадан кісі жұмсап, уәзірді өзіне шақырды. Өз жауабына ханымның шамданып қалғанын іші сезіп келген кәрі уәзір есіктен құлдық ұрып аттап, кіре сала тапсырмасының бәрі де орындалатын болғанын, бұл сұраған қымбат тері, асыл мата, иіс май мен әтірлерді жіберуге тиісті уалаяттарға хат жазылғанын, арнайы адамдар жіберілетінін баяндады.

Әміршінің өзі сыйлайтын бас уәзірдің Кіші ханымның аяғына кеп бас игенін көргенде, күтуші бас ұлықты өз аяғына жыққаннан бетер айызы қанып тұрды.

Кіші ханым шаһардағы ең атақты шеберлерді шақырып, киім тіктіріп жатыр дегенді естігенде бәйбіше сарайындағылар тұлынын тұтып қалыпты.

Ханым өзі ойлап тапқан жаңа шаруаның соңына құнығып кірісті. Кіші ханымға тігіліп жатқан киімдер мен уалаят-уалаяттардан жиылған асыл дүниелер жайындағы алып қашпа әңгімелердің алды жорықта Әміршімен бірге жүрген Ұлы ханымның да құлағына тиіпті.

Ұлы ханымның аузынан шығыпты-мыс деген лақаптар бәйбіше сарайынан Кіші ханымның өзіне де жетіп жатты.

Ұлы ханымның шамына тигенін естіген соң, жас ханым бұрынғыдан бетер масаттанды, жүрегіне күндесінің бейпіл сөзінен түскен жарақат жазыла бастады. Қайтқан өштің сиқыр ләззаты жанына майдай жағып барады, бәйбіше сарайындағылардың ішін күйдіретін, айла амалдың бірінен соң бірін ойлап табады.

Бұрынғыдай емес, сейілді, серуенді көбейтті. Әсіресе күн қыза нөкер қыздарымен бірге хауызға шомылғанға, көк айдында алма лақтырысып ойнағанға құмар. Күнде ертемен қызметшілері ағаш басынан алма үзіп, хауыздың қасындағы жеңіл шатырдың астына тау-тау қып үйіп қояды. Күн қыза жаңа піскен алманың жұпар иісі аңқыған тұста ханым нөкерімен шомылуға шығады.

Қызыл алмалар қалқып жүрген мөлдір айдында жастықтың, алаңсыз бақыттың буына алмадан бетер балбырап піскен балғын тәндер өне бойларын шөпітіп сүйген

сұғанақ толқындардан әлдеқандай жұмбақ ләззат тауып, рақаттанып қалады.

Әдеттегі тәкаппар сырбаздығынан, асқақ мәртебесінен, асыл мен қымбатты аямай төгіп баққан шұбалған киімінен бір уақыт ада боп, ойнақтап шыққан балауса тән әлгіндей емін-еркін бостандыққа қапелімде құмары қана қоймайтын болса керек, ханым хауыз басына ұзақ айналады.

Судан шыққан соң хауыз қасындағы жеңіл шатырдың астына жатып ап, қызметшілеріне үстін сылатады; онсыз да жұпар шашып тұрған ханым бағының ішінде, дүниенің түкпір-түкпірінен алдырған хош иіс майлар мен әтір иісі аңқып қоя береді.

Ханым жас қыздардың сүйрік саусағына қыдығы келеді де, сылаушыға қызметші әйелдердің қолының қаруы барларын ғана таңдап алады.

Ханымның жасындағы әйелдің тәні не тілейтінін жақсы білетін сақа келіншектер одан қолдарының қуатын аямайды, ұзақ сылайды. Ханым ондайда жылтылынан айрылып, лайытып бара жатқан жанарын ұзын кірпіктердің астына жасырып, өткінші рақаттың ләззатына елітіп жатады да қояды. Сөйтіп жатып, кейде қиялға шомады. Ондайда мынау өзі жүрген бақ хиссалардағы пейішке ұқсап кетеді; қасындағы нөкерінің пейіш бағындағы хор қыздарынан несі кем? Бұдан артық рақат қайдан табылмақ? Осындай жұмсақ өз қолында, осындай рақат өз төрінде тұрғанда, Әміршінің қайдағы бір ит арқасы қиянға айлап-жылдап жорыққа кететіні ара-тұра оған миға сыймайтын, түкке қажеті жоқ, құр әншейін ессіздіктей көрінеді. Бірақ сол-ақ екен, Ұлы Әміршінің ойына келген шаруаны мансұқтау пенде біткенге кешірілмейтін күпіршілік екені есіне түсіп, тізгін үзіп бара жатқан тентірек ойын тежеп ала қояды. Ондайда ауызға енді іліге берген жемінен жұрт айырып жіберген шабытты тазыдай солығы басылмаған ойы Әміршіні тастай беріп, бірауық бәйбішенің соңына түсіп береді. Жорықтағы Әміршінің соңынан қалмай соған не азап екен...

...Әлгіндей ой келгенде жон арқасына ойнақ салған саусақтардың қимылынан да өткен, әлеңкедей жаланып тұрған әлдебір әзәзіл нәпсіні демде тояттатып кететін тосын рақатқа кенеледі. Құдды төбесінде, сонау шырқау аспанда шілде күні емес, көзі қанталап күндесінің өзі қарап отырғандай көрініп кетеді. Өзінде жоқ дәулетті көріп алсын, іші күйсе тұз жаласын дегендей, шалқасына

аунап түсіп, сылаушыларға омырауын тосады. Кәрі күндесінде мұнда бар мынандай көрік, мынандай балғын тән жоқ. Ендеше, ол мұның жастығын күндейді. Алтын басты Әміршіні қойнынан жұлып әкеткен сиқыршы күшті күндейді. Өзінің баламен бала боп, ошақ басында қалғанына күйінеді. Соның есесін күйеуінің соңынан қалмай, жарбаңдап, жағынып қайтармақ. Жағынғанда не бітіреді? Шұлғау жуып беруден басқа қолынан ештеңе келмейтін кәрі әйел Әміршінің көңілін немен тындырады... Жоқ, Әмірші енді оған бәрібір жоқ... Ол бәйбіше үйіне күңсіп көп ұрпағым отырған ошақ қой деп, күлін сағынып бармаса, неменеге ынтық боп барады. Ал бұның сарайына алыс жорықтар мен арпалыс соғыстардың тау-кіметінен соң, денім жайылатын, көңілім масаттанатын жұмағым, алтын бақты пейішім деп келеді... Рас... тап солай... тап солай... оған енді шүбәсі жоқ... Бірақ Әмірші алтын тәжді басымен бала жігіт құсап, күні-түні бұның қасынан шықпай қайдан отырсын. Дүниенің төрт бұрышы тықыршып хабарын тосқан атақты билеуші қаруындағыларға қатарынан екі-үш жыл тыныштық берсе, өңшең шуылдақ хан бұрынғы қаһарынан айрылған екен, қатынжанды боп төсек күзетіп отырып қалған екен деп масайрамай ма... Соны ойлағанда әлдекім жүрегіннің басына ине сұғып алғандай болады. Жоқ, ол асыл текті ханзада басымен Әміршіні сасық ауыз қара тобырдың әлгіндей табасына жем қылып қоя алмайды. Жаңа ғана Әміршінің алыс жорыққа шығатыны мән-мағынасы жоқ құр әншейін азап сияқты көрінген ойының күпірлік екеніне көзі енді шындап жеткендей болды.

Жоқ, ол Әміршісін жорық түгілі бейбіт кезде, Байтақ шаһарға оралған соң да, нақсүйері екенмін деп, қасынан шығармай, ұстап отыра алмайды. Өйткені мұндағы жұрттың да жатса-тұрса аңдитыны — алтын басты билеуші. Оның әр жүрісі, ең азы иегінің әр ишарасы — дүйім елдің көз алдында. Ендеше, Әміршінің бала сүйдірген бастас қосағым ғой деп анда-санда бәйбішенің ордасына барып тұруы да орынды. Келін бар, кепшік бар, әке тағына әлеңкедей жаланып жүрген ұлдары бар, соларға қыр қылып, бәйбішесімен сырласқан боп барады. Алыс жорыққа да сол үшін ала кетеді. Бәйбішемен оқтын-оқтын ақылдасқан да болады. Бірақ онысы көлденең көзге перде ғып тұтқан құр мезірет қана. Әйтпесе қызымен құрдас мұның әр адымын санап, тұлынын тұтып отыратын сол немеден қайбір ақыл шығып жары-

тады дейсің. Кіп-кішкентай қуыс көкірекке күндестік пен кейуаналық бірдей сияр ма? Дегенмен ол екеуі оңаша сөйлескенде бір-біріне не айтады екен?

Ханым ойынан мүдіріп, қаңтарылып қалады. Өне бойын балбыратып бара жатқан жаңағы рақат, жаңағы ләззат аяқ астынан сарқылып қалғандай, қапелімде, көзін ашып, басын жастықтан жұлып алғысы келсе де, сылаушыларға сыр алдырып алармын деп, көзін тарс жұмған күйі сұлық жатып, үзілген ойының ұшығын іздейді.

Қанша дегенмен, екі егде кісі әңгімелескеннен басқа не бітіреді дейсің? Бәйбіше Әміршіні көргенде бұл құсап көмейіндегі сөздің бәрі быт-шыт шашырап абдырап қалмайтын шығар.

Анада жорыққа аттанарда Әміршіге жалғыз қалған кездегі басына түсетін сартап сағыныш пен зіл батпан мұңды наз қылып айтып көрейін деп еді — айта алмады. Ертесіне қоштасарда қанша дегенмен ханыммын ғой деп, өзіне деген қимас сезімін білдіріп құшқысы келіп еді — батылы бармады. Өз бөлмесінен шығып бара жатқан Әміршінің артынан қарап, табалдырықтың алдында қалшыып ұзақ тұрды да қалды. Ту сыртынан телміре қарап тұрған мұны сезді ме, Әмірші орта жолға кілт кідіріп, артына бұрылып қарады, бұған қайтып оралғысы келген кісіше, не әлдене дегісі келгендей, ұмсына берді де, кенет қапталына көзі түсіп, қайтадан жөніне кете барды.

Ханым Әміршінің көзі түскен жаққа қарап еді — басын иіп, құлдық ұрып, қаз қатар тізіліп тұрған азбан құлдарды көрді.

Өзінің табалдырықтың алдында сілейіп тұрған мына тұрысының ерсі екені сонда барып есіне түсіп, есікті жауып алды. Бірақ Әміршінің кетіп бара жатып, кілт тоқтап, бұрылып қарағанынан өзіне деген өзгеше ықылас танығандай боп, жүрегі орнына түсейін деді.

Қатал Әміршінің суық жанарының түбінен тек өзінің ғана көзі шалып қалатын жұмсақ нұрдан да бұл қимастық сезінетін тәрізді.

Адам жүрегінің ең бір тұңғиығынан шымырлап шығатын сол бір қимастықтың, ыстық інкәрдің емін тапса махаббат қана табатын шығар. Сонда Әміршінің бұны сүйетіні ғой...

Ханымның көкірегінде әдемі қуыршақ көрген бала қыздың балапан жүрегіндегі әлдене ойнақшып шыға келді.

Ханым екі бетіне ду етіп екі шоқ тиіп кеткенін аңғарды. Әлгіндей аңтарылмай, маужыраған рақаттың саумал көліне қайта сүңгіп, үзілген ойын қайта жалғастырды.

Ал әлгі қимастықтың, бір-біріне деген өліп-өшкен ыстық інкәрдің сарқылған шағында екі адам арасындағы бұрынғы махаббат жайлаған салқар көңілді нендей сезім иемденеді екен, әлде ел көшкен жұрттай боп біржола құлазып қала береді ме екен?

Ақылы «иә солай» деп, осы бір тұспалды қаншама жөн көргенмен, сананың әлдебір терең қатпарына бұғып жатып алған ұры күмән қайта-қайта басын көтеріп, қаңғыма көңіліне байыз таптырмай тағы бір қиырға дедектетіп сүйрелей жөнелді.

Егер екі егде адамның арасында бұрынғы сезімнен ешқандай жұрнақ қалмайтын болса, бұрынғы қосақтардың өле-өлгенше бір-бірінен жұп жазбайтындары несі? Әлде өлімнің алдындағы, бейшара кәріліктің алдында жалғыз қалғысы келмеген қорқыныштан ба екен?

Ендеше, ондай үрейден бір ошақтың басынан өзгеге билігі жүрмейтін жай жұмыр басты пенделер қорықса қорқар. Бірақ шартарапты аузына қаратқан, өле-өлгенше қасынан кетпейтін жары, отан, өз әулеті, қарақұрым қолы мен қалың халқы бар Әмірші қорқар ма? Жоқ, ол бәйбішеге басқа бір сезіммен баратын болды. Ол сезімнің аты не?

Иә, егде адамдардың көкірегінде, ең болмаса кешегі күйіп-жанған алау махаббаттың орнында ып-ыстық қоламтасы — сыйластық қалмайды дейсің бе? Сол ыстық қоза біржола сөніп біткенше, адам пақыр да өліп бітетін шығар.

Манадан бері түбіне жете алмай қойған сауалдың жауабын оңай тапқанына әуелі елп етіп қуанды. Артынша-ақ әлгінде ғана лақтай ойнап шыға келген көкірегі мұздап қоя берді. Сонда Әмірші мен Ұлы ханымның арасында әлі де ыстық табы суып үлгермеген сыйластық жатқан болды ғой. Әлдебір оқыс шаншу көкірек тұсын бүріп алғандай болды. Әлгінде ғана қызметшілердің асыр салған саусақтарынан балбырап елітіп жатқан балғын денесі аяқ астынан солып, семіп бара жатқандай көрінді. Қазір тұрып кетпесе, жан-жақтан жабыла жұлмалап жатқан көп шеңгел оны жұлым-жұлым қып біржола түтіп тастардай. Ол орнынан асығыс көтерілді. Мап-майса жібек көйлек тұла бойын тікен боп шағып, етіне ерсі



суық тиді. Күтушілер шашын өріп болғанша зорға шыдады. Әлгінде ғана рақаттанып, жаны жай тапқан жерден әзірейіл көргендей кетуге асықты.

Ол қайтадан тұнжырап қалды. Өзінің жалғыз екенін, байлы, балалы, әлденеше орданы өз бауырынан таратып отырған бәйбішенің қасында қарасыз, қауқарсыз екенін алғаш түсініп, қатты налыды, ішіне шоқ түсіп кеткендей, өне бойын өрт жалап барады. Ол не де болса, сол бір өрт тезірек жанып бітсе екен, мұны түп-түгел күлге айналдырып, мына дауа таптырмас қасіреттен біржолата құтқарса екен деп тіледі. Сол қалпында енді бір сәтке шыдаса, көп ұзамай әлгі тілегі де орындалатындай боп көрінді.

Ол енді ештеңені ойлағысы келмеді. Шекесін шыңылдатып, бұл көңіл қойып, құлақ аспағасын, ызыңдай-ызыңдай шыбынға айналған көп ой көзінің алдында қара құрым боп шырқ үйіріліп ұшып жүрген секілді. Бұл сол бір ызыңдаған көп шыбынды, тиіп кеткен жерін тістей алатын жиіркенішті жәндіктерді көргісі келмей, денесі түршігіп, көзін тарс жұмып алды. Енді әлгі ызыңдап ұшып жүрген көп мақұлқат одан гөрі де ұсақтай-ұсақтай қара құрым масаға айналып бара жатты. Бұл олардан бұрынғыдан бетер шіміркеніп, безгек тигендей қалтырай бастады. Кенет әлдебір жеріндегі күре жүйкесі күрт үзіліп кеткендей, бүкіл денесі қалш-қалш етіп қоя берді. Онысынан өзі шошып кетті. Тарс жұмық кірпіктері бір-бірінен кілт ажырап, көңіліне: «Осы мен ауырып қалғаннан саумын ба?!»— деген ой сап ете түсті.

Жалма-жан отырған жерінен ұшып тұрып, төр алдындағы айнаға беттеді. Айна алдына келіп еді, өзінің әлгіндегі көңіл күйіне өзі қайран қалды. Күлге айналып бара жатқан ештеңесі жоқ, бұрынғы қалпы. Асығыс өрілген қолаң шашы жол-жөнекей босап, қобыраңқырап кетіпті. Қайта онысы өзіне бір түрлі сән қосқандай. Қызметшілері жаңа ғана иіс маймен сылаған мойны, омырауы, екі беті жылтырап тұр. Қорқыныш пен уайым алма-кезек арбасқаннан ба, сол жып-жылтыр екі бетінің ұшы алмадай албырап тұр да, жазық маңдайы бір түрлі көгіс сұрланып апты. Ұшы тым сүйірленіп кетпей, жұқа нәзік танауын жасырар-жасырмас боп жұмырланып біткен әдемі қыр мұрны мынау иіс майды аямай жаққан жылмағай беттегі орынсыз жылтырақты жақтырмағандай, бір түрлі бұйығы қалып танытады. Сол бұйығы

мұңды айқындай түскісі келгендей сүрмелі қастың астынан жасаураған екі көз мүләйім мөлдірейді.

Ханым айнадағы жәудірей қарап тұрған мүсәпір бала қыз өзі екендігіне сенгісі келмей, тесіле қарады. Мына түрімен жарық жалғанда қорықпай қайтып тірлік құрып жүр. Оны көрген адам өліп-тіріліп сүймейтін де, құрметтемейтін де, табынып таңғалмайтын да шығар, тек «байғұс балақан-ай» деп мүсіркейтін ғана болар. Ұлы әміршінің көзінен бұл көріп жүрген ұшқын да өзі ойлап жүргендей өртеніп бара жатқан махаббаттың емес, жай әншейін аяныштың нышаны шығар. Арыстандай ақырған асау бәйбіше мынандай мүскін немені табанына салып таптап кетпегеніне шүкір.

Мынандай бейшара балапанға жарық әлемді қалтыратқан қаһарлы ханның қылыш сілтесең де селт ептейтін қайсар жүрегі қайдан өліп-өше қойсын! Бұл оған сүйікті жары тұғырдан қалғанда төсек жылытуға алған жай әншейін жас иіс қана. Бұл бейбақ үлкен кісінің өзіне деген бір сәткі мейірімін махаббатқа жорып жүріпті ғой. Жоқ, жоқ, сен енді ханның бір сарайы мен санаулы түндерін иемденген жас иіс ұрғашы күңіңе қанағат қыл, тіліңді тобаға келтір... Бәйбішемен бесекелесу сенің не теңің? Жаһанды қалтыратқан Ұлы әміршінің жүрегіндегі қимастықты да, махаббатты да сол иемденген. Оның жолына тұрам деп босқа арамтер болма.

Дәл мынандай мүсәпір кейпіңмен бәйбіше құсап күллі дүниенің күңкілін құлағына ілмейтін Ұлы әміршінің назарын тоқтатар салиқалы ақылды қайдан табасың, салауатты сұхбатты қайтып құрасың? Алыс жорығына бірге ала кетіп, қиын кезде шақырып кеңес сұрайтындай кейуаналықты құдай сенің қай жеріңе қисын?!

Ханым мына бір аяқ астынан қайдағы-жайдағы ойына оралып, көңілін біржолата меңдеп алып бара жатқан күздің сылбыр жауынындай салыңқы сезімге қарсы тұрар қайран таба алмай өз-өзінен мүжіліп жүре берді.

Ту сыртына әлдекімнің демі тигендей болды. Жалаңаш отырғанда үстіне бөгде біреу кіріп келгендей, жалт бұрылып еді. Күрең қобдиша құшақтаған күтуші кемпір түр екен. Мұның шарасынан шығып кеткен қос жанарын көргенде, шырқ айнала әжім мен түбіт қылтанақ көмген екі езуін ыржитып, күліп жібергендей болды.

— Мынаны жаңа бас уәзір әкеп беріпті. Жорықта жүрген Әміршінің сізге арнайы жіберген сәлемдемесі көрінеді,— деп, қолындағы қобдишаны бұның алдынан

көлденеңдете берді. Өне бойын жидітіп ала жөнелген әлгі бір дел-сал халден әлі арылып бола қоймаған ханша кемпірдің сөзіне не жауап қатарын, не істеп, не қоятынын білмей абдырап қалды. Кемпір қобдишаны ханымның төсегінің үстіне апарып қойды. Ханымды солай қарай сүйреледі.

Ханым кемпірдің жетегінде енді-енді тәй-тәй тұрған жас сәбидей тәлтіректен еріп келеді.

Кемпір қобдишаны өзі ашуға батылы бармай, малынған жеңінің ұшынан жылтырап көрінген кішкене кілтті мұп-мұздай қып ханымның қолына ұстата берді.

Ханым абдырап қобдишаның алқасы қайда екенін таба алмады. Кемпір амалсыз өзі ашуға мәжбүр болды. Ашты да қобдиға қарарын, ханымға қарарын білмей, алақтап тұрып қалды.

Ханым көпке дейін көзі бұлдырап ештеңе көре алмады, Бір уақыттарда барып қобдишаның ішінде ағараңдап жатқан әлденелерді аңғарды. Назарын қайта жиып қарап еді, қобдишаның ішінде саудырап жатқан монтаны меруерт, жанарыңды еркелете сипайтын биязы өң, алуан түсті ақық, ойнақы маржан, көзіңді алмас қылыштай тіліп түсетін өткір, өңі суық яспис, ұяла жылтырайтын ақшыл-сарғыш жақұттар, күздің шайдай ашық аспанындай тап-таза, мұп-мұздай көкпеңбек сапфир, күлім көз зұбаржат, нарт қызыл лағыл, жан-жағындағы өзге тастардың өңіне орай құбылатын су тамшысындай мөлтен-мөлтен шамир, бұрын-соңды бұл көрмеген, атын білмейтін бірінен-бірі өткен тағы да талай асыл тастарды көрді. Солардың ең үстінде, осынау әр алуан, түске құбылған кішкене көлшіктің бетінде жүзіп келе жатқандай боп бір тал аппақ гүл жатыр.

Ханым әрінен, әдемі хош иісінен әлі арыла қоймаған нәзік аппақ гүлді қолына алып, бауырына басты. Жаңа ғана өне бойын буып тұрған темір арқан өз-өзінен тарқатылып жүре берді, таң атқалы мұңлы жанарына іркіліп тұрған ащы жас көктемнің жылы жаңбырындай боп төгіп берді. Зәбір мен сағыныштан қабына-қабына, кеуде сүйегіне жабысып қалғандай зіл тартқан жүрегі қайтадан ойнақтай жөнелді.

Ханым қасында қызметші әйел тұрғанын да, оның алдында бала қыз құсап, көзі бұлаудай боп жылап отырғанының ерсі екенін де елең етпеді; манадан бері сүлдері құрып, сүлікше сорып жатқан әзірейіл үрей бұның көңілінен мысық табандап жылыстай бастады. Хақ тағала,

Ұлы әмірші бұны әлгінде ғана билеп алған қапырық қасіретті, сүйек-сүйегін түгел ұнтап бара жатқан тұңғыық мұңды дер кезінде көріпті. Бұның жанын жан-жақтан жапа-тармағай талап жатқан сағыныш пен жалғыздықтың, күдік пен күмәнның, шамырыққан намыс пен наланың қорқау төбеттерінің ырылы оның да құлағына жетіпті. Жер түбінен ат шаптырып, адам жұмсап сый жіберіпті.

Ханым қолындағы аппақ гүлді шөп-шөп сүйіп алды.

Қызметші кемпір ханымның жан-күйін айтқызбай-ақ түсініп тұрса керек, оңаша қалдырып шығып кетті.

Ханым төсегіне жантайды. Қобдишадағы асыл тастарды қолына алып көре бастап еді, аппақ омырауының үстіне ақ, сары, көк — әр алуан көп тамшы саудырай төгіліп, дүниедегі тілмен айтып жеткізе алмас ең бір ғажайып көркем тамшылардың жаңбыры селдетіп қоя бергендей болды.

Ханымның көкірегіндегі әлгі бір қапырық қасірет жаңбырдан соңғы аспандай әбден ашылыпты. Енді оның орнын көл дария боп шалқып қоя берген бір жұмбақ нұрлы сезім билеп алғандай. Ол алыс жолдағы жарына жүрегінің ең тереңінен ағыл-тегіл ақтарылып жатқан алғысын айтар еді — ол бәрібір естімейді. Ибаны, именшектікті бәрін лақтырып тастап, мынау лапылдаған жас тәнін, жаңбыр сағынып, кенезесі кеуіп жатқан аптап алқаптай аппақ төсін айқара ашып, бауырына қысар еді, мынау абажадай кең сарайда оның жайылған құшағына түссіз ауа, тұлдыр кеңістіктен басқа ештеңе бәрібір ілікпейді.

Ұлы Әміршіге деген риясыз көңілін хатпен айтса ерсі, кісіден айтып жіберуге болмайды. Ол патшазадаға, асыл жарына, өз жүрегін, өз тәнін шымырлатып шыққан ықыласы мен шексіз махаббатын қалай білдіре алады? Ол жорықтан оралып, мына бөлмеге аттанғанша қашан? Құмарынан шыққанша құшып, қордаланып алған көл-көсір сезімді ақтара салар арманды күннің қай кезде туатынын кім біледі? Оған дейін ұлы патшаға деген ыстық ықыласы мен риясыз алғысын қайда жұмсайды? Мынау қайтадан қанын кептіре бастаған махаббат шөлін немен қандырады? Оның жолына құрбандыққа шалынуға әзір ниетін Әміршінің өзіне, анау қызғаншақ бәйбішеге, сарайдағы сыпсыңдасқан көп қызметшіге, шаһарға, мынау жарық жалғанның түгел бәріне қалай жариялай алады... Осы қазір, ең болмаса, ертең ел-жұрт соны естімесе, мұнша

шалқар мұхит қуаныштан жүрегі жарылып кетердей. Әмірші ие жорықтан оралғанша сарылып өтіп болмайтын сағыныш күндері мен ыстық іңкәрдін шоғына шарпылған тауқымет түндерін қалай өткізе алады? Өне бойын кеулеп алып бара жатқан мынау сезімге нені басу қылады? Бұған дейінгі бәйбішені қайтсем шамдандырам деп жүрген күйкі қаракеті мынандай алапат сезімге кенеу бола ма?

Қазір-ақ жолға шығып, жорықтағы жарының соңынан барар еді. Өйтсе, Әміршінің шамына тиеді, әрі мынау сасық ауыз көп шуылдақтың өсегіне ілінеді.

Ханым төсегінің үстінде шашылып жатқан асыл тастарды жинамаған күйі бір шетіне қисая кетіп, қиялға шомды. Ұлы әміршінің мынандай риясыз ықыласының есесін немен қайтармақшы? Ертең алыс жорықта қалжырап оралған оны немен қуанта алады. Шіркін, падишамен қосылғалы бері жар қызығын қызықтап та құмарынан шыға алмады. Әмірші жорыққа аттанбай тұрып құрсақ көтеріп қалса ғой, қазір мынау жіберген сыйлығының қарымтасын жақсылық хабармен қайтарар еді. Екі қабат әйелдің құрсағындағы жас нәрестенің әр қыбырын аңдып тықыршыған күндері, мынау айналасын түгел аңылжитқан сар тап сағынышты да байқатпас еді. Оның әр қимылын хатқа салып, Әміршімен үзбей хабарласып тұратын сылтау да табылар еді. Ертең ол келгенше аман-есен босанып, алдынан тал бесіктегі кішкене ханзаданы көтеріп шықса, күйеуінің көңілін біржолата бір өзі иемденер еді, балаларын алға тарта беретін бәйбішенің де аузына құм құйылар еді. Бірақ қолында дәл қазір ондай қайранның жоғы есіне түсіп, тағы да аңтарылып қалды.

Ол Ұлы Әміршінің өзіне деген қимас көңілінің есесін риясыз махаббатымен ғана қайтара алады. Одан басқа еш қайраны жоқ.

Ендеше, бұл өзінің шексіз махаббатына бір ғана хан ие емес, көрген жұрттың бәрінің де көзін жеткізетіндей ескерткіш ойлап табуы керек. Ертең хан ие жорықтан оралғанда, елден бұрын махаббатын, сана менен сағынышын, ыстық ықыласын көретін болсын.

Ол мынау асыл тастарды бәйбіше құсап, бауырына басып өзі иемденбейді, бәрін де ертең ұлы падишаның көзін елдің алдымен сүйсінетін әлгіндей әсем ескерткішке, махаббат мұнарасын салдыруға жұмсайды. Ол мынау Байтақ шаһардағы барлық мұнараның бәрінен де

бой асырып тұруы керек. Көрген жан мұның Ұлы Әміршіге деген шынайы махаббаты мен асқан ақылына қайран қалатын болсын.

Ол сол күні ың-шыңсыз рақаттанып ұйықтайды.

Ертеңіне тұра сала бас уәзірге хабаршы жіберді. Бұл өз ойын айта бастағанда, бас уәзір тостаған көзін бақырайтып, қадалып қатты да қалды; ханымның ойына таңғалғаны да, сүйсінгені де белгісіз; ат жақты бетінде қимыл-қыбыр жоқ; сұп-сұр. Ханым айтарын айтып болғанда барып, саусақтары сабаудай-сабаудай екі қолын кеудесіне қусырып тағзым етті.

«Құп болады, мәртебелі ханым!»

Арада екі апта өтер-өтпестен бас шебер кеп, мұнараны Ұлы Әміршінің Ұлы бәйбішесіне салғызған мешітті салуға қатысқан шеберлердің бірі салатын болғанын айтты.

Енді ханымға ермек табылды. Күн сайын бас уәзірге қызметшісін жұмсап мұнараның жайы қалай болып жатқанынан хабар алып отырады. Мұнараның өз сарайының маңынан салынатын болғанына қатты қуанды.

Бір күні таңертең ұйқыдан тұрып жатып әлдебір қызыл қожалақ нәрсенің бақтағы ағаштардан төбесін асырып, терезесінен төніп тұрғанын көзі шалды. Көрпесін серпіп тастап, терезе алдына келді. Өзі салдырып жатқан мұнара сол екені есіне енді түсті. Мұнараның ұшар басында сыртынан қарағанда құмырсқадан да әулетсіз әлдененің қыбыр-қыбыр қимылдағаны байқалады. Әмір бергеніне жылға жуық уақыт болып қалғанды. Енді, міне, мұнара сарай қорғанынан да, ондағы биік-биік ағаштардан да бойын асырыпты.

Содан былай сол бір сорайған қызыл қоңыр нәрсе терезесінен төнді де тұрды. Ол күн сайын терезе алдына келіп, мұнараның кешегіден қанша биіктегенін өлшейді. Бірақ мұнара оншалықты өсіп жарымайтын сияқты. Өз қиялының шындыққа айналып, Байтақ шаһарда жаңа бір мұнараның асқақтап аспанға бой көтеріп қалғанын көріп, алып ұшқан көңіліне ойда жоқтан тағы да қобалжу кірді. Мұнара басындағы құмырсқа ертеден қара кешке дейін қылтияды да тұрады; оның жыбыр-жыбыр қимылының өніп жатқаны шамалы; мына қалпымен мұнара шамалыда біте қоймастай, оның көкпен бой таластырып, көзді тартып тұрғанын бұл көзі тірісінде көре алмастай. Сонау тым сойқан елестейтін сиықсыз тас діңгек айнадай жалтырап жатқан көк шәйі аспанға абайсыз тиіп кеткен

лас дақтай боп мәңгі бақи осылай, көзге шыққан сүйелдей боп, қадалып тұрып алатындай. Ханым мұнараға өзі барғысы, көк қойнына бір шығып алып, сол арада қадалып тұрып қалған қаныпезер шебермен көзбе-көз жолығып, мұнараны тезірек бітіре гөр деп жалынғысы кеп кетті. Бірақ оның реті қалай болатынын біле алмай көп сандалды. Күтуші кемпірмен ақылдасып көріп еді, әншейінде бұның ә дегенін екі еткізбей алып ұшып тұратын неме әлденеге кібіртіктей береді. «Әуелі қызметшілерді жіберіп, құрылыстың қалай жүріп жатқанынан анық-қанық хабар біліп алсақ қайтеді»,— деп қипақтайды. Астыртын жіберген қызметшілері де: «Құрылыс жақсы жүріп жатыр, күніне пәлен жүз тас қаланды, мұнара қазірдің өзінде Байтақ шаһардағы биік-биік деген мұнаралардың біразынан бой асырды, мынандай зәулім мұнараның басына тас жеткізудің өзі бір күш; мұндай көкпен таласқан мұнараның бұдан шапшаң біте қоюы мүмкін емес»,— деп келеді.

Бірақ соның бәрі ханымға бұның көңілін жұбатайын дегендердің әншейін ойдан қиыстырған мүләйім әңгімесіндей көрінеді. Не де болса, мұнараны өзі барып көрмей, көңілі көншір емес. Күтуші кемпірдің бұдан арғы қипаңдағанына құлақ аспай, салынып жатқан мұнараны өзі барып көретінін айтып, бас уәзірге адам жіберуге әмір етті.

Уәделі күні уәзір мен бас шеберді, бір топ қызметшісін ертіп, өзі салдырып жатқан мұнараны көруге аттанды.

Қызылды-жасылды күймелі керуен сарай қақпасынан шыға бере-ақ, күнде бақтың тасасынан қылтиып қана көрінетін қызыл қоңыр мұнара ханымның көзіне оттай басылып аспандап шыға келді. Бұлар жақындай түскен сайын асқақ мұнара көкке өрмелей түскендей тым биіктеп барады. Түбіне келіп, күймеден түскенде қызыл-қоңыр қыш тастан қаланған тас бәйтерек ханымның таң-тамаша жанарынан жарық дүниені бір өзі қалқалап, шалқалап жатып алды. Ханымның тұла бойын бір діріл билеп, қол-аяғы жеңілейіп сала берді. Екі қолтығынан демеген қызметшілері болмаса, мына қазір мамықтай қалықтап зәулім мұнараның ту-ту ұшар басына бір-ақ шыға келердей. Мұнараға қарай апыл-құпыл асыға адымдайды. Бұл келеді деп айнадай жалтыратып тазалап қойған мұнараның айналасында құрақтай иіліп көп адам тізілісе қалыпты. Құлдар, қызметшілер, сарай адамдары.

Бірақ бұның оларға көз салып жатуға мұршасы болмады. Бас шебер мен күтуші кемпір бастаған бес-алты қызметшінің алдына түсіп, мұнараның ішіне енді. Тас баспаздақпен жоғары өрмелей жөнелді. Біраздан соң өкпесі өшейін деді. Соңында келе жатқан қызметші қыздың алқына шыққан тынысы құлағын жарып барады. Мұнара ішіндегі тас түнек қараңғы қойыла түсті, қызметші қыздың қолындағы жалпылдақ шырақ болмаса, аяқ алып жүре алмастай. Құрылысшылардың тас тасығанда аяқ астын көрмекке жаққан шырақтарының түтінімен екі жақ қабырға қара күйеленіп қалыпты. Ханым малынған көйлегінің екі етегін қымқыра көтеріп ап, өрмелеп келеді. Біраз жүрген соң мұнараның ішіндегі қара күйедей қою түнек бірте-бірте сейілейін деді. Ақырында, шаңқай түстегі шілде аспаны жарқ ете қалды. Ханым мұнараның басына шықты. Соңындағы қолына шырақ ұстаған қызметші жаңғыз кісі зорға сиятын қылдырықтай мұнараның ішінде, төменде қалды.

Қою қараңғыдан оқыс жарыққа шыққаннан ба, әлде мұнараның зәулім биіктігінен бе ханымның басы айналып кеткендей болды. Біраздан кейін бойын билеп, жан-жағына көз салып еді, Байтақ шаһар тым төменде быт-шыт шашырап жатыр. Жерде жүргенде аспанда көрінетін асқақ мұнаралар, мешіттер, әсем сарайлар мына жерде баланың ойыншығындай тым құрдым көрінеді.

Ханымның жүрегіне қайтадан қуаныш жүгірді. Ол бекер қобалжып жүр екен. Мына мұнара шынында да тамаша. Байтақ шаһардың аспанын қазірдің өзінде бір өзі иемденіп алыпты. Ханым жан-жағын қармай шолып жүрген ашқарақ жанарын бір сәт өз төңірегіне тоқтатып еді, мұнара жиегіне сүйеніп тұрған шеберді көрді. Өне бойы балшық-балшық. Сонысынан қаймығады ма, қорыққан баладай тұрған жерінде қатыпты да қалыпты. Ләм-мим үн де жоқ. Тырп етіп қозғалған да жоқ. Осындай зәулім мұнара қолынан шыққан шебердің қоянның көжегіндей қорғалақтап тұрған мына бір мүсәпір кескінін көріп, аяп кетті ме, әлде қызық көрді ме, ханым жүзіне қалай күлкі жүгіргенін өзі де байқай алмай қалды. Мынау зәулім мұнараның басында екеуінен басқа тірі жан болмаса да, өзінің бұл қылығын орынсыз көріп, ханым әлгі сыпайы күлкісін теп-тез тыйып ала қойды. Одан ары бұл арада тұра беруден бір түрлі ыңғайсыздық сезіп, екі етегін қолымен қымқыра көтеріп қызметшісі



күтіп тұрған тас баспалдаққа беттеді. Бұрыла беріп, қайта бір қарап еді, шебердің өрімдей жап-жас жігіт екенін сонда барып байқады. Ат жақты, қыр мұрынды, алақандай-алақандай екі көзі тұңғиық мөлдіреді...

Ханым тас қараңғы мұнараның әр баспалдағын санап басып, төменге түсті...

Күймеге мініп жатып, мұнараның басына тағы да қарады. Зәулім мұнараның басында бет-аузы анық байқалмай, еміс-еміс бұлдырап тұрған шеберді тағы да көзі шалды. Оның бұдан қысылып-қымтырылып жәудірей қараған жасқаншақ жанары есіне түскенде бір жымып қойды.

Содан кейін мұнараны көп уайымдамайтын болды. Көптен бері ұмытып бара жатқан баяғы күнде-күнде бақта қыдырып, нөкер қыздарымен бірге шомылатын әдетіне қайта оралды. Енді айдында шомылып болып, қызметшілерге денесін сылатқанда да, баяғыдай қайдағы-жайдағыны ойлап басын қатырмай, күннен күнге көкке өрмелей түскен зәулім мұнараға қарап жататын болды. Бір күні мұнара басында құмырсқадай қылтиып отыратын шебер әлдеқайда зым-қайым жоғалды да кетті. Бұл қызметшілерін жіберіп, хабар алдырып еді, шебер мұнараның әшекейіне кірісіп жатыр екен деп келді.

Жаз өтіп, күз түсті. Бұл аймақта болып жарымайтын қыстың аз ғана айлары да зырлап өте шықты. Кеше состиып тұратын қып-қызыл мұнара әуелі тор-тор ағаш сауыт жамылды. Біраздан соң бал арадай быжынап көрінетін жиі-жиі ағаш тор көздерінің ар жағынан көгілдір әшекей де қылаң берді.

Енді ханым нөкерін ертіп, күн ұзаққа бақты аралап, күннен-күнге өңі өзгеріп келе жатқан мұнараны қызықтайтын болды.

Мұнара әуелі көгіс тартты. Көкпеңбек мұнара көк аспанның өзімен астасып кеткендей. Анау тор-тор ағаш көздердің арасында қыбыр-қыбыр қимылдап жүрген құйттай адамдар тас мұнараға емес, аспанның өзіне әлдеқандай өрнек салып жатқандай; аспан мен мұнараның ара-жігін ажыратып алғысыз. Ханым соның өзіне қанша масаттанды десеңізші.

Сонау көк аспанның баурына жармасып қыбырлап жүрген кішкене адамдар бұл таңертең төсегінен тұра салып, терезенің алдына келген сайын тосын бір сиқыр ойлап табады.

Көк мұнара күн сайын қырық құбылады. Әуелі күні кеше қожырайып тұратын қып-қызыл тас діңгектің орнына аспанды тіреп тұрғандай жып-жылмағай, жіп-жі-нішке көк сырық шыға келіп еді, енді ол бірте-бірте сөзбен айтып жеткізе алмас, тек көз ғана түгел түйсіге алатын сиқыр көрікке ие бопты. Ханым оны өзіне етене таныс бір нәрсеге ұқсататын тәрізді. Бірақ дәл неге ұқсайтынын есіне түсіре алмады. Көп ұзамай мұнараның әлдекімнің аспандата көтерген әсем білегіне келетінін байқады; шебер бұның алыс жорықтағы хан иеге жер түбінен қол бұлғардай тағатсыз сағынышын тап басып, дәл бейнелегеніне қайран қалды.

Көк тіреп тұрған мұнара кейде оған жер төсінің ең бір шипалы сөлі мен нәрінен жаралып, көк бойлап өсіп келе жатқан майса құрақтай көктемнің сылап-сипап есетін майда самалына болар-болмас тербеліп тұрғандай көрінеді.

Ханым ондайда сонау көз ұшындағы көк діңгекті бір түрлі аяп кетеді. Бұл өлкенің көктем мен күзде екілене есетін аңызағы мен аспанынан от шашырған шыжғырма шілдесі осы бір нәп-нәзік сүйкімді өсімдікті ертең-ақ солдырып тастайтындай.

Мұнара күніне бір мінез шығарады. Бір күні жас майсадай үлбіреп, жас сәбидей мөлдіреп тұрса, ертеңіне-ақ жан-жағына ойнақы нұр таратып, жайнақтап шыға келеді. Бірде терезенің алдынан ет жүрегінді елжіретіп, үн-түнсіз телміріп тұрып алса, артынша-ақ төбесімен көк тіреп аспандап шыға келеді.

Ханым тас мұнараның көрген жанның көңілін қырық саққа жүгіртіп, қайран қалдыратындай не сиқыры бар екенін қанша қараса да, біле алмай-ақ қойды. Бәрінен бұрын шебердің көрер көзге бітіп тұрған мұнараның ұшар басында әлі күнге күйбеңдеп неге жүріп алғанына түсінбей дал болды. Шебер мұнараның ұшар басының баққа қарайтын жағын қалап бітірмей кетітіп қойыпты. Ханым бұрын сонау тас діңгектің ұшар басындағы қыбыр-қыбыр қимылдап жүретін кісіден түк айылын жимай, хауызға кеп шомылатын еді.

Енді зәулім мұнараның ұшар басындағы кішкене кетіктен сығалап тұрған кішкене құмырсқа мұның тұла бойынан ештеңе тастамай түгел көріп алатындай қымсынатын болды.

Күнде-күнде бақ ішіне сейілге шыққан сайын үйреншікті айдынның қасына келіп, көк мұнараға ұзақ

қарайды. Тас мұнара мұнымен әлдене деп арбасып тұрғандай. Қасындағылар түсініп қалмасын деп, бұның тек бір өзіне ғана әлдене деп ымдайтындай. Тіпті сол тас мұнара оны бір күн көрмесе сағынып қалатын тәрізді — сарайына кіріп кеткенде, терезенің мөлдір шынысының ар жағында мұндана мұнартып тұрады да, сейілге шыға келгенде, аяқ астынан жадырап жарқырап қоя береді.

Тас мұнара күннен-күнге жақындай түскен секілді. Сарай мен бақты шыр айнала қоршап тастаған тас дуалдың түбіне кеп, одан бері қарғып түсуге батылы жетпей, мұңая қарап тұрғандай.

Ханым енді тас мұнараға әлдекімнің бұған түсініксіз тілде жазылған сәлем хатындай ертелі-кеш тесіле қарап, онда жазылған құпия сырдың егжей-тегжейіне жете алмай ежіктеп отырған кісіше ұзақ сарылады.

Кейде анау тас мұнара мұның өзі сияқтанып кетеді; оның бойында да көрер көзге құлпырып тұрғанмен, әлдебір қаяулы мұң бар; бұның көңіліндегідей ғұмыры тарамайтын-тарқамайтын, өзге түгілі өзіне де түсініксіз, іштей кеміріп жататын бұйығы іңкәр, именшек құштарлық бар; батылсыз жандардың аузынан өмірі шықпай, жәудірей қараған жанарларында жартылай жас боп тұнып жататын тұп-тұнық, тұңғиық наз бар. Жоқ, мынау мұнара бұның өзі емес, әлдекімнің «апырай, ұқпағаның ба» деп жазғыра қараған жанары сияқты. Енді аңғарды — баяғыда мұнара басында көрген шебердің көзінен де тап осындай әрі аянышты, әрі сүйкімді бір жұп-жұмсақ нұр көргендей болып еді ғой. Шебер сол өз жанарында тұнып тұрған тұңғиық сезімді тас мұнараға айнытпай көшіріпті де қойыпты.

Сонда мынау ертеден қара кешке терезесінен телміре қарап тұратын сиқырлы жанар не дейді? Бұны не деп жазғырады? Тап бұлай жазғыратындай бұл соншама неден жазып қалып еді!

Бұның бетіне тіке қарауға да жігері жетпеген жас жігіттің тап мынандай қазымырлыққа бара қоюы мүмкін бе? Мүмкін емес. Шеберге өз өнерін жарық жалғанның алдында жарқыратып жайып салғаннан асқан бақыт бар дейсің бе? Бұның жазғаны — Байтақ шаһардың төбесінен қарайтындай көркем мұнара салдырғаны ма?

Ендеше бітіп тұрған мұнараның ұшар басын көзге шыққан сүйелдей қып кетітіп қойғаны несі?

Ханым тағы да күймесін жектіріп, мұнараны көруге аттанды. Бақ ішінен жәудіреп көрінетін момақан мұнара

жақындаған сайын асқақтай түсті. Дәл қасына келгенде, ешкімге көзі түспейтін тәкаппар сұлудай тіпті аспандап кетті. Ханым бұл жолы мұнара басына көтерілген жоқ. Бас шеберден мұнараның неге бітпей жатқанын сұрап еді; «шебердің бір ойы ойлағанындай боп шықпай жүр, соның жолын тапқан күні құрылысты аяқтаймыз»,— деп уәде қылды.

Ханым сарайға қайтып келе жатып та, күйменің терезесінен көзін алмады; тас мұнара алыстай түскен сайын әлгі бір сылқым тәкаппарлығынан айрылып, қайтадан мөлдіреп қоя берді.

Ханым өз бөлмесіне кіріп, терезеге қарап еді — күндегісінше жаудырай қарап тұрған монтаны көк мұнараны көрді.

Ханым енді бұның тегін еместігіне біржола ден қойды.

Шебер, әрине, бұның көкейіндегі жорықта жүрген Ұлы әміршіге деген өзінің қаяусыз махаббатын, тұңғиық сағынышын бейнелейтін мұнара тұрғызғысы келген ойын дәл түсінген. Алыстан аяныш шақыратындай қып мұнараны мұңға бөктіріп қойғаны да соның айғағы. Сонау жер түбінен қарағанда ол бәлкім «асыға гөр, тезірек жете гөр» деп жалынып-жалбарынып тұрғандай көрінетін шығар. Ал бірақ жақындаған сайын шалқақтай түсетіні несі? Шебер бұнысымен Әміршінің ашуына тиіп алмас па екен? Қаншама сағынып келген күнде де, өзіне арнап салдырған мұнараның әлгіндей шекелей қараған астамшылығы оған ұнай қояр ма? Оның үстіне бұл сарайдың ішінен қарағанда, ол неге осынша тұнжырап тұрады? Қайта мұннан қарағанда, көк мұнара сағынышын басып, жорықтан оралған Әміршімен аман-есен қауышқан ханымның қуанышты көңіліндей жадырап тұруға тиісті емес пе?

Көк тастан тамшылатып жас аққызбағаннан басқаның бәрі қолынан келген шебер мұны неғып аңғармаған? Әрине, шебердің мұнысында бір сыр бар. Шебердің сол бір бұқпантай сырын бұдан бұрын көлденең көз, былайғы жұрт біліп қойса, қайтпекші?

Ханым күтуші кемпірге айтып, базардағы жұрт жаңа бітіп тұрған мұнара жайында не айтып жатыр екен, біліп келсінші деп, астыртын адамдар жіберіп, тың тыңдатып еді, халық жорықтағы падишаның алдынан мынандай мұнара салдыртқан ханымның кемел ақылы мен салған

шебердің асқан өнеріне таңдайларын қаққаннан басқа әлі ештеңе аңғара қоймапты.

Ханым жансыздардың бұл хабарына көңілі біржола көншімегенмен де, қайдағы-жайдағыға мән беріп құр бекерге қуыстанғанына өз-өзінен ыңғайсызданып қалды.

Көлденең көзден қысылатындай ештеңе жоқ. Шаһардағы жұрт мұнарадан ханымның жорықтағы жарына деген кіршіксіз сезімін көреді. Әмірші әуелі жарының өзіне деген шексіз сағынышын аңғарса, мұнараға жақын келгенде ханым махаббатының жарық жалғанды қабағына қаратқан Әміршіден басқа ешкімді көзге ілмейтін асқақтығына көзі жетеді.

Жап-жас шебер бұның көңілін айтпай біліп, айнытпай бейнелеген; Ұлы Әмірші бұл салдырған мұнарадан еш мін таба алмайды. Тек тезірек келсе екен сол күн? Ол күні пейіштің ақ құсындай боп Әмірші иенің асқар ала көңілінің ең шырқау биігіне аспандап бір шығар еді. Күндесі де қызғаныштан басқа, айтар ештеңе таба алмайдымы құрыр еді. Ол неменің Әмірші иемен бірге пәлен жыл жол жүрдім, пәлен жер көрдім, пәлен піл, пәлен түйеге қазына артып, ырғап-жырғап келемін деп аспандаған көңілі қарсы алдынан мынандай өңі түгілі түсінде көрмеген көрікті мұнара көк тіреп шыға келгенде, аяқ астынан қанаты қырқылып, жер болып қалар еді. Падиша да қаншама бәйбіше деп дабырайтып, бастас санап, басын асырып жүрген Ұлы ханымның қанша жыл отасқанда, қанша жорықтан жеңіспен оралғанда онсыз да асқақ көңілін астанасына кіре бергенде дәл мынадай қып одан бетер аспандатып тастайтындай ақыл таба алмағаны сол арада бірден есіне түсер еді, оның қанша асыл текті болғанмен алтын санап, асыл жиғаннан басқа ештеңені білмейтін дүние қоңыз, етегіне тоңғақ жұқтырғыштығымен ғана бағы асып тұрған жай әншейін жабық құрсақ әйел екеніне біржолата көзі жетер еді.

Кісінің ішіндегісін айтқызбай біліп отыратын падиша бұның адал махаббаты, ақ пейілмен қоса жас та болса бас болуға жарап қалған кемел ақылына да риза болар еді. Бұ да «алдыңнан көрдің бе, қандай сый әзірлеп қойдым» деп кергімей-ақ баяғы сол бір үлбіреген балапан қалпы қарсы алар еді; пәлен жылдан бері шымырлап өніп, дәл қазір көкірегіне шып-шып толып, зорға сыйып тұрған көл-көсір іңкәрін, жұлын-жүйкесін, өне бойын түгел өртеп бара жатқан қомағай ынтығын да бірден селдетіп ақтара салмай сол баяғы алғашқы түндеріндегідей

именшектеп, қымсына қауышар еді; сөйткенмен де, оған өзіне асыл текті патшазаданың пейіл білдіргенінен асқан бақыт жоқ екенін сездіріп, жар қызығын бағалай білетін әйелдік парқын да қапысыз байқатып бағар еді.

Сол күн тезірек келсе екен тек, мынау аңылжыған үлкен сарайдың бұрыш-бұрышы бұның шат-шадыман қуанышының ағыл-тегіл ақ толқынына толар еді.

Сол арманына қолын мына көкшіл мұнара жеткізгелі тұр. Ханым арманындай әсем мұнараны салып жатқан шебердің әр саусағын сүйеге әзір. Тек мұнараны тезірек бітірсе екен. Тек анау көзге сүйелдей қадалып тұрған кетікті тезірек бітесе екен. Шебер мұнараның ұшар басына барып, бұнша неге телміріп тұрып алды? Айтпақшы, Әмірші көк мұнараға сарайдан көз салғанда оның мынандай бір түрлі жазғыра қараған тұнжыраңқы кейпінен тіксінбес пе екен? Мүмкін, мұның басы жетпей жүрген жұмбаққа ол түсінер. Әрине, солай... Әлемнің төрт бұрышын тізесінің астына басқан билеушінің бұл дүниеде түсінбейтіні болады дейсің бе? Сонда оның өзі жоқта ханымның терезесіне дәл мынандай боп жәудірей төніп тұрған сиқыр мұнараның сырын неге жоруы мүмкін. Әрине, анау тас мұнараға жан бітіруге аз-ақ қалған асқан шебердің өз аузынан айтса, тілі кесілетіндей бір тым құпия тылсым сырын өнерімен тұспалдап білдіргеніне жориды. Иә, оның әнеукүнгі мөлдіреген монтаны жанарындағы именшек наз махаббат екен ғой. Дәл солай. Оны Әміршінің қырағы көзі түгілі, енді, міне, пәлен күннен бері бас қатырып жүрген бұның өзі де түсініп отыр.

Ханым мынау ыңғайсызда үстінен сап етіп түсе қалған оспадарсыз біреудей оқыс тұжырымынан бір түрлі абдырап қалды.

Көк мұнара бұның терезесіне бұрынғысынан бетер төне түскендей: «Дәл таптың, солай еді. Апырай, ақыры түсіндің-ау, ал енді ұқтың ғой, не айтасың, жауабың қайсы?»— деп еміне түскендей. Бұдан әрі тұра берсе, мұнара құдды биік қорғаннан, мынау терезеден қарғып түсіп, бұл тұрған бөлмеге кіріп келетіндей, терезе алдынан алыстай береді. Мұнара көзден таса болғанда барып, көңілін бірледі.

Енді мынау ертеден қара кешке дейін терезесіне төніп, қиылып тұрған қиқарға не істерін білмеді.

Ең алдымен, ойына оралғаны, бітіп тұрған мұнараны қасақана бітірмей қойған қаскөй шеберді шақырып алып

жазалау; көңіліне шайтан қашқан бала жігітті, махаббат түгілі басымен қайғы болатындай қып қорқыту... Бұны ойлағанда әлгінде ғана аңтарылып қалған көңілін зіркілдеген ашу биледі. Көзін жерден көтеруге жігері зорға жетіп тұрған әлгі неменің дәмесін қара! Бәсе, мұнараның ұшар басынан түспей, қиқайып отырып алуында бір мән бар еді-ау. Жоқ, не де болса, оның тезірек көзін құрту керек екен. Байтақ шаһардың мыңдаған жымысқы ауызы пыш-пыштап жөнелмей тұрғанда аспандағы айға қол созған есірік немені көкесіне көрістірген жөн. Әйтпесе, алтын басты хан иенің ақ адал төсегінен қара табан құл кедей, қу шұнақ қара сүйек дәмеленді деген не сұмдық? Бұны біреулер біліп қалса, мынау жарық жалғанның алдында Ұлы Әміршінің абыройын асырам деп жүріп, бетіне мәңгі өшпейтін салықты өз қолымен салғаны ғой. Жоқ, бұл ханым басымен ондай есірік дәмеге жол беріп қоя алмайды. Қазір күтушісін шақырады, ол барып уәзірге айтады; уәзір оны бүгін осы таңнан қалдырмай тас зынданның түбінен бір-ақ шығарады. Айбалталы жендеттер мына сұрқияны ешкім естімей тұрғанда мойнын қырқады. Мынандай ғажайыпты орнатқан байғұс шебер өз нәпсісіне ие бола алмағанның қырсығынан айбалтаға жем болады. Өз обалы өзіне! Ол үшін бұл құдай алдында да, адам алдында да жазықты емес. Не де болса асығу керек. Әміршінің елге бет түзеді деген хабарын жақында алды. Қанқу оған жетпей тұрғанда, қиқар шебердің көзін құртып, мұнараның қалған жерін бас ұстаға бітірту керек. Бірақ ертең Ұлы әмірші мынау терезесінен телміріп тұрған әзәзіл мұнараны бәрібір көрмей ме? Ондағы сайрап тұрған қомағай құлқынға түсінбей ме?

Ханым қапаланғанынан ернін қыршып тістеп алды. Енді не істемек? Әлде қамалдағы құл-құтанның бәрін босатып, мынау сайқал мұнарадан жұрнақ қалдырмай таптатып тастаса ма екен? Бірақ онда әзірге бұның бәрінен бейхабар ел аузының не деп алып қашатынын кім біліп тұр. Ханымның өзі салдырған мұнараны өзі құртқызып жібергенін ел аузы бәрібір оңды нәрсеге жори қоймас. Бұл пәтуасының дұрыс екендігіне Ұлы Әміршіні де иландыра алмас.

Ханым терезенің алдына қайта келді. Мұнара сол бәз баяғы қалпы. Ұшар басындағы кетіктен әлдене қылтындайды. Енді не істеу керек? Мынау өз-өзінен сайрап тұрған мұнара мұның қымтап жасырып баққан құпиясын

ел алдына бәрібір жарқыратып жайып салмай ма? Оны жасыру ешкімнің қолынан келмейді. Келсе, тек мынандай сиқыр мұнара салған шебердің өзінің ғана қолынан келеді. Ол бірақ ынтыға күткен тілегіне жетпей тұрып, бұның қолқасын бәрібір істемейді. Мұның көз алдында баяғыда мұнара басында көрген именшек өндірі қараторы жігіт сайрап келе қалды. Мөлтендеген байғұс бала бұған шыннан ғашық боп қалған ғой. Албырт жас, қайда қол созғанын білді дейсің бе? Ханым енді түсінді — шебер мынау сиқыр мұнараға өзінің өліп-өшкен соқыр махаббатынан басқа ештеңе бейнелемепті. Ол өзінен бұның не талап ететінін әлдеқашан есінен шығарған, өз санасындағы қырық құбылып, ақыл мен ойға қыл тұзақты салып ап, білгенін істеген аңғал сезімнің айтқанынан шыға алмаған. Шебер мына мұнараға алыстаса қиып кете алмайтын, жақындағанмен бәрібір қолы жетпейтін үмітсіз махаббатын бейнелеген, өлімге де разы есірік дәмесін, ессіз құштарлығын бейнелеген, ол мынау кетік мұнараның басынан өздігінен түспейді. Барып, бұл дәмесінің ессіздік екендігіне көзін жеткізу керек, «өзіңді ажалға, мені масқараға ұрындырмай тұрып, мұнараны тез бітіре көр», — деп жалынуы керек. Егер бұны сүйетіні рас болса, айтқанын жерге тастай алмайды. Бейшара албырт жасты әзәзіл жолдан айбалтаның жүзімен кетіргенмен, бәрібір оның әлгіндей ессіз құштарлығы зәулім мұнараның басында мәңгі сайрап қалады; оны айламен ғана қайтару керек райдан; мынау терезесінен күні-түні жазғыра қараған жалбарынышты, үнсіз құштарлық пен тылсым іңкәрді бақыт аңсаған албырт көңілдің дегеніне жетіп, шын ғашықтың бірден тойынып, бірден қарық бола қалатын періште көңілі қуанышқа кенелген күні ғана жойдыруға болады; жанын жегідей жеген ғашықтық дертін дәл мынандай қып мөлдіретіп жеткізген шебер басына бір сәт қонған бақытты да айнытпай бейнелей алады; ендеше, оған сол басына қонған бақытты бейнелету керек; оны ұстаның әлгіндей асау дәмесінен атымен бейқам Әмірші де, былайғы жұрт та ертең күйеуімен аман-есен қауышқан ханымның риясыз қуанышының табы екен деп түсінеді. Ендеше, асау дәме, албырт көңіл байғұс шебер жетсін дегеніне...

Ханым манадан бері қырық саққа жүгіріп тұрған көңіл тізгінін тез жиып, әлденеге белін бекем бұған рай танытты.



Ертеңіне таңертең күтуші кемпірді шақырып алды. Қызметші әйелдердің ешбірін есіктен қаратпады. Ханымды киіндіретін, шашын тарайтын көп нөкер ішке кіре алмай, есік алдында топылып тұрды да қойды. Түске жақын іштен күтуші кемпір шықты. Ауызғы бөлмеде топырласа қалған нөкер қыздардың әрқайсысының жүзіне ішіп-жеп қоятындай ажырайып қарап тұрды да, біреуін алып қалды да, қалғандарын бөлмелеріне қайтарды. Ештеңеге түсіне алмаған нөкер қыздар иықтарын қиқандатып, бөлме-бөлмелеріне тарап кетті. Түс қайта хан сарайдан соңына нөкер ерген ханымның күймесі шыға келді де, салынып жатқан мұнараға беттеді.

Мұнараның қақ түбінде қатар-қатар тізіле қалған көп күйме қаңтарылып ұзақ тұрды. Біраздан соң ғана шаңдатып сарайға қайта беттеді.

Ертеңіне нөкер қыздарымен бақ ішіне сейілге шыққан ханым мұнара басындағы елден-ерек кемірейіп тұратын кетіктің көзді ашып-жұмғанша тез бітеліп бара жатқанын байқады.

Үш күннен соң мұнара біржолата бітті. Терезе алдына келген ханым күлің-күлің етіп құлпырып тұрған жаңа мұнараны көрді.

Әмірші ие жеңіспен оралғанына той жасағанда көк мұнараны салған бала жігітке шара табақ алтын динар сыйлады.

Шебер жігіт сыйлықты алып жатып, көзінің астымен Кіші ханым отырған жаққа бір қарап қойды; ол көзін тез аударып әкетіп, шебердің мына қылығын ешкім байқап қалмады ма екен дегендей, бәйбіше нөкері отырған жаққа көз жүгіртіп еді, ешкім ондай рай танытпады. Ханымның көп күннен бергі әлденеге өз-өзінен қуыстанып, лүпілдей соққан жүрегі орнына түскендей болды.

Той өткен соң, Әмірші өз сарайына кеп түскенде бұның қуанышы қойнына сыймады. Аспандағы күнді аңдиды. Жаздың күні бұған ерегіскендей батып болмады. Күн көзі қашан ұясына барып қонғанда, шыжғырған ыстықтан «уһ» деп демін алған бүкіл дүниемен қоса бұ да төбесінен жүк түскендей бір рақаттанып еді. Бұны пәлен жыл бойы өртеп баққан сағыныш шілдесінің басыларына да онша көп уақыт қалған жоқ-ты. Күні бойы күнді аңдыған көзі енді есік жаққа елеңдей бастады. Бірақ қанша қадалғанмен алтын шайған жалпақ есік қылп етпейді.

Солай есік жаққа елеңдеумен түн де өтті.

Ертеңіне таңертең бұны киіндіре келген қызметші әйелдер әлденеге қымсынып кірді; бірақ көздерінде «ештеңе етпес, жорықтан соңғы ырду-дырдудан шаршаған Әмірші сарайға келмей жатып, бұның табалдырығынан аттағанды ыңғайсыз көрген шығар»,— дегендей жұбату нышаны бар.

Ханым күні бойы екі қолы алдына сыймай тыпыр-шумен болды. Бірауық сыртқа шығып бой жазайын десе, Әміршінің бұлақ басында оңаша сейілдейтінін біліп, бақ ішінде кездесіп қаламыз ба деп қысылады.

Алғашқы күндері Әмірші, шыннан да, шаршап оралған шығар, біраз тынығып, есін жисыншы деп, іштей мүсіркеп жүрді.

Бірақ күндер өте берді. Есік жақтан шыққан әр дыбысқа құлағын тігеді. Әмірші аяқ ізін салмады. Енді ханым түн баласы төсегіне тікен шашып қойғандай төңбекшіп шығатын болды.

Күтуші кемпір мен қызметші әйелдердің қас-қабағын аңдиды. Олардың да жүздері сынық. Хабар айтудың орнына бұның өзінен жауап күткендей, жаутаң-жаутаң қарай береді. Бұл да сыр алдырғысы келмей, тырысып бағады. Бірақ бұның көңіліндегіні айтқызбай ұғып қалған қырағы қызметшілер қазіргі күйзелісін көрмей жүр дейсің бе?! Олар да бұрынғыдай самбырлап сөйлеп, жамырай күлмей, аяқтарының ұшынан басады.

Сыртқа шығудан қалған ханым оңаша отырып, ойға шома-шома басы зеңгіп кеткен тұстарда терезенің алдына келеді. Қаннен-қаперсіз көк мұнара мұны көзі шалып қалғандай күлің-күлің етеді. Ханым Әміршінің жылы қабақ танытпай, бүк түсіп жатып алғанына шағынғандай терезе алдында ұзақ тұрады.

Бірақ бұл қанша телміріп қарағанмен, жалтыраған асқақ мұнара сол баяғы аспандағы күн көзімен қас қағысып ойнаған күйі мәз-мейрам. Бұрынғыдай бұның терезесіне телміре қарамайды. Дегеніне жеткен кісідей тоқмейіл, шат-шадыман. Сан жылдар бойы әр кірпішін санағандай боп салдыртқан мұнарасының бұның жан дүниесіндегі алай-түлейден атымен бейхабар мынау сылқым сипаты оның көңілін мұз боп қарып алғандай болады. Жалт-жұлт мұнара бүгін кеп бұған қыр көрсетіп тұрғандай. Е, бәлем, бұрын өзің де кекірейіп, көз алдындағы жалынған, жалбарынған кісіге көз салмаушы едің ғой... Қанша жыл телміртіп едің. «Телмірген қалай болады екен, бәлем»,— деп үнсіз табалағандай. Ханымның

ойына мұнараны салған шебер түсті. Әнеу күні сыйлық алып жатқанда өңіне тағы да бір қарап, көңіліне түйіп алған-ды. Жазық маңдай, қыр мұрын, қара торы жігіт. Алақандай қос жанарына қандай сыр да сыйғандай. Ол қазір қайтып жүр екен? Шара табақ алтынға масаттанатындай дүниеқоңыз жанның сыңайы емес-ті. Оған да өзі салған мынау мұнара көзіне шоқтай басылатын болар. Әсіресе анадағы бір күн есіне түскенде іші әлем-жәлем болып кететін шығар.

Ханым есіне сол түскенде, көңіліне шөгіп жатқан зіл батпан жазғытұрымның селі жүріп, шайылып кеткендей, езуіне күлкі үйіріліп, үнсіз жымып қояды. Беті ашылмаған бала жігіттің аңғал қылығына күлкісі келеді. Сол есіне түскенде оны бір түрлі аяп, тіпті жақсы көріп кетеді. Бауырына басып, құшақтап: «Ешқайда жібермеймін, кетпеші, кете көрмеші»,— деп жалынады дейді. Дәмесін қара сабаздың! Өмір бойы ханым құшып өтпек қой...

Қызметші қыз осыны айтқанда бұл сылқылдап күліп жіберсе де, артынша-ақ тыйыла қалған-ды. Онысы қызметшісінің алдында ыңғайсыз күлгеніне қысылғаны емес-ті. Қарсы алдында монтиып отырған қызметші қыздың үлбірек еріндерінің арасынан әлгі бір сөз шыққанда, бұл күлуін күлгенмен, жүрегін әлдебір өткір қанжар тіліп түскендей болған. Ойда жоқта өзі сезген осы бір ауыр жарақатты жасырғысы кеп, үнсіз жымыған күйі қызметші қызды сұрақтың астына алған-ды. Мұнараның басында не болып, не қойғанын бажайлай түскен сайын, әлгі бір жарақат жан шыдатпастай сыздата бастады. Қызметші қыз айтып келген бала жігіттің әрбір қылығы ойлаған сайын бұның ет жүрегін от боп қарып, тызылдатып бара жатты.

Ол қарсы алдында отырған монтаны қыздың балбұл жанған екі бетіне, шоқтай жайнаған қос жанарына, әлденеден қысылып-қымтырылған етті еріндеріне, тал шыбықтай бұратылған сұлу сымбатына қызығып тұрғандай, көзін алмай қадала қарады. Оның бетінде нөкер қыздардың жай күндергі қақақу-күлкі шаттығына атымен ұқсамайтын өзгеше бір қуаныш табы тұр. Ханым басымен бұл әлі күнге бастан кешіп көрмеген ерекше қуаныш. Өзіңе өліп-өшіп ғашық болған жанның ағынан жарылып ағыл-тегіл пейіліне армансыз кенелген қай әйелдің басында да өмірінде болса бір-ақ рет болатын, болмаса атымен болмай өтетін аса сирек қуаныш. Ондай бақыт маңдайына жазылғандар да бар, жазылмағандар

да бар. Бұл өзі соның қайсысына жатады? Бұндай бақыт енді оған екі айналып келе ме, жоқ па... Жалпы ондай бақыттың екі айналып келуі мүмкін бе өзі... Міне, бұл өзіне еншіленген әлгіндей бақытты өз қолынан басқа әйелге беріп жіберді. Аанада шебер жігіттің дәмесін анық аңғарған күні күтуші кемпір екеуі әрі ақылдасып, бері ақылдасып, оны ренжітпеудің амалын тапқан-ды. Мұнара басына ханымның киіміндей киім киіндіріп, оған ұқсайтын нөкер қыздардың бірін жібермекші болған-ды. Сонда күтуші кемпірдің нөкер қыздардың ішінен таңдап әкелгені осы қыз-ды; енді, міне, ол өзгеге тиесілі махаббатты емес, өзіне еншіленген бақытты қызықтап келген адамша, ыстығы өне бойынан әлі аласталып бітпеген, жаңағы бір жас құшақтың буына балқып, бал-бұл жайнап алдында отыр.

Ханым ішін тырнап бара жатқан өкінішті әйел адамның қай-қайсысында да болады деп еститін орынсыз әлсіздікке жорып, сабырға тұншықтырып бақты. Күтуші кемпір мен екеуінен басқа ешкім білмейтін осы бір құпияны ойға алмауға, тез ұмытуға тырысты. Ертеңіне мұнара басындағы кетіктің бітелгенін көргенде өз жүрегіндегі құлазып тұрған әлдебір олқы жойылғандай сезінген-ді, кешегі өкініштің орнын шым-шымдап қуаныш толтыра бастағанын байқаған-ды. Хан келіп, мұнараны көріп, мақтапты дегенді естігенде сол бір өкінішті өкініш атымен естен шыққан-ды. Енді, міне, аяқ астынан қайтадан сап ете қалды. Бәрі де мынау Әміршінің аяқ ізін салмағанынан туған қаяу көңілден болар. Қаяу көңіл де бір, күл тіміскілеген бұралқы күшік те бір, қайдағы жоқты тауып алады. Әйтпесе, бұл алтын басты Әмірші құшағында жатып, әлдеқайдан ләззат іздейтін төмен кәнизак емес, асыл сүйек ханша емес пе!

Кінәмшіл көңіл осы бір ойдың тұсында тағы да тұсалып қалды. «Алтын басты Әміршінің құшағында жатып...» осы бір сөз ойына қайта оралғанда, езуіне кеке-сін жүгірді. Құшаққа жатып қарық боп жүр еді. Түн баласы табалдырығынан аттамаса да, құшағында жатқан болып телінеді. Өзін-өзі алдарқатқан бір дүние. Әйтпесе, міне, төсегі жамбасын шағып, дөңбекшумен өткеніне әлденеше түн болды. Бүйткен өмірде не қызық бар? Сан жылдар бойы сарылып күткендегі көрем дегені осы ма еді? Өліп-өшіп сүйгендегі тапқан шапағаты ма бұл? Бәйбіше құсап қазына жимай, қолындағысының бәрін шашып, көк мұнара салдырғандағы көңілін тапқаны осы

ма? Бәрі де әншейін алданыш қана... Мынау қу бас жалғыздықтың алдындағы қорқыныш тудырған бос сандырақ. Кез келген кеудесінде жаны бар мақұлқаттың бәріне тиесілі жұптық өмір бұған бұйырмағаны. Бұл тек өзін-өзі алдарқатумен жүр. Ақ некелі қосағының мүсіркегенін қимастыққа, махаббатқа жориды. Жарық жалғанның барша асылын жамбасына басқан Ұлы Әмірші сыйлаған бір қобдиша асыл таста не тұр дейсің! Ондайды Ұлы Әмірші сақилығы ұстағанда қайыршыға да ұстатып кетуі мүмкін ғой. Егер ол мұны өліп-өшіп жақсы көретін болса, бір сарайдың астында әлденеше түн өткізе тұрып, дәл осылай, бүк түсіп жатып алуға дәті қайтып шыдайды?!

Ханым күні кешегі Әмірші жорықтан оралғанда бастан кешем ғой деген бақыты жайлы арман-қиялы ойына түскенде өзінен өзі қызарып, соншама ессіз болғанына өзінен өзі ұялады. Соның бәрі көзінен бұл-бұл ұшқанына қатты қамығады. Қайта сол сартап сағыныш құшағындағы күндерін аңсайды. Ондайда әйтеуір дәме, үміт бар еді ғой. Өз қиялына өзі мәз боп жүруші еді ғой.

Қиял демекші, өзінің осы Әміршіні өліп-өшіп сүйемін деп жүрген сенімі де құр әншейін мәңгінің қиялы емес пе екен. Өзгенің тарапынан махаббат қызығын көрмеген әйелдің осынша ессіз құштарлыққа берілуі мүмкін бе өзі? Әй, қайдам... Бұл осы кезге дейін Ұлы Әмірші тарапынан ондай ерекше ниет байқап көрген жоқ-ты. Ендеше, бұл екеуінің арасында ондай махаббат қалай желі салып жүр? Ол да тек бұның махаббат аңсаған көңілі өзі ойдан шығарып, сонысына өзі сеніп жүрген жай әншейін сергелдең сезім шығар. Бұл да жас ұстаның албырт дәмесіндей алдамшы бірдеңе ғой.

Ханым бұл ойынан өзі шошып қалды. Құдіреттің өзіне тіл тигізгендей күпірлік сезініп, ішінен үш рет кәлимасын қайырды. Бірақ ойда жоқтан оп-оңай сап ете қалған әлгі бір ой көңілінен оп-оңай шығып кете қоймады.

Ол күні бұрынғысынан бетер бұқтығырылып зорға жүрді. Сүйек-сүйегінің бәрі сылынып бара жатқандай. Кешке сүлдері құрып әзер жетті. Әлденеше күннен бергі көз ілінбей ұйқысыз өткен түннен бе, жоқ күндізгі ащы ойлар көңілін торықтырды ма, басы жастыққа тиген бойда өне бойы мең-зең тартып жүре берді. Қалжыраған денесі ойда жоқта балбырап барады. Мынау құлазыған кең бөлменің төбесінен көзге көрінбей, тәнге тимей, ту сонау сүйекке барып бірден даритын рақат нөсері селдетіп қоя бергендей, сол нөсер қапырық көңілінен

пәлен күннен бергі шиыршық атып, ширықтырып жүрген мазасыз ойларды, үрейлі үрейді, тымырсық қапаны, ет жүрегін езгілеген өкініш, ашу, ызаны — бәрін-бәрін сүре қуып, «дем ал, тынық, ештеңені ойлама, ештеңені уайымдама» деп, шамырыққан жүйке-жүйкесінің бәрін шипалы қолымен сылап-сипап жатқандай, күні бойы екі шекелігін күйретіп жібергендей боп сырқырата сығып тұрған зіл батпан да жеңілейе түсті. Көз алдын көлегейлеп алған бір жұмбақ перде бірте-бірте жан-жағын түгел қоршап келеді. Енді көз алдында сол мөлдіреген селдір пердеден басқа ештеңе қалмады, ханым өзінің ояу жатқанын да, ұйықтап кеткенін де аңғара алмайды; әйтеуір көз алдында тұнық ауада ұйып қалған селдір сәуледей боп, әлдене ағараңдап тұрып алды.

Ханымның талықсыған денесінде әлі өшіп біте қоймаған әлсіз сана қарауыл қарағандай сол бір ұйып қалған ағараң сәуледен көзін алмайды... Ханымның ала-бұртқан жүрегі бірте-бірте тынышталайын деп, манадан бері оған бұқпантайлап жақындап келе жатқан арсыз ұйқы құшағына біржолата алып еді, ханымның қаннен-қаперсіз денесін көлденеңнің көзінен қарауылдап отырған әлсіз сана қайтадан мазасыздана бастады...

Ханым ұйықтайтын ұлан-асыр кең жайды барша жарық жалғаннан көлкештеп тұрған алтын шайған ауыр есік сықырсыз ашылып, аяғының ұшынан басып әлдекім ішке өткендей болды. Кірді де, одан арғыға батылы жетпегендей босағада тұрып қалды. Ханым қапелімде мынау бейтаныс мейманнан шошып кетіп, орнынан атып тұрғысы келіп еді, бүкіл ту сырты төсекке желімделіп қалғандай, қозғалтаремес. Екі қолын да әлдекім төсекке таңып байлап тастағандай. Есіктің қыр көзінде қыбырсыз тұрған адамның кім екенін білгісі-ақ келеді, бірақ қанша тесіліп қараса да, есік алдында ағараңдап тұрған адамның бет әлпетін ажыратуға жанарының қуаты жетпей, көз алдынан әлдебір мөлдіреген тұнық тұман көлкештей береді. Әлгі ағараңдаған неме де су астында қалқып жүрген нәрседей боп, бұлдырап көрінеді. Ол қозғалғандай болды. Бірте-бірте жақындап келеді. Бірақ бұл бет әлпетін бәрібір айыра алар емес. Бөлме ішін ақ селдір ағын жайлап алғандай. Әлгі ағараңдаған неме сол лайсаң селде қалқып келе жатқандай... Міне, тіптен жақын қалды... Апырай, кім болды екен. Ханым оны танитын сияқты. Әуелі шоқтай жайнаған дөңгелек қой

көзін шырамытты... Жанарындағы жастыққа тән батылдық шоғын әлдеқандай бір жұмбақ мұң тұмшалап тұр. Бұған бірдеңеге налығандай боп мөлдіреп қарайды. Кісі қия алмастай аяулы жанар. Өзіне әбден таныс біреудің қарағаны... Күнде-күнде қасында жүрген, күнде-күнде көріп жүрген біреуі тәрізді. Бірақ жыға тани алмады. Әлгі бір жәудірей қараған монтаны жанар бұның іші-бауырын елжіретіп барады. Мөлдірей қараған қос жанарындағы тұңғиық мұң бұның өз жүрегіндегі дәл осындай тылсым бір сезіммен үнсіз тіл табысқандай. Бірақ бұл тырп ете алар емес... Апырау, мынау сиқыр көзқарасты кімнен, қайдан көріп еді... Жоқ, бұған тап мынадай жан баласы жолап көрген емес. Бірақ мынау көкірегіне күн нұрындай дарып бара жатқан сиқыр сәулені күнде көріп жүрген сияқты. Кім бұған осылай қиыла қараушы еді... Күнде біреу дәл қасынан тап осылай телміре қарап тұрушы еді ғой. Кім еді ол... Апырау, неғып ұмытқан... Оны көрген сайын да ойы осылай ойран болушы еді ғой...

Ханымның тұла бойын маужыратып бара жатқан әлгі бір дел-сал бейжайлықтың орнын қайтадан мазасыздық жайлай бастады. Иә, алдында жәудірей қарап тұрған адамды енді таныды... Рас, мынандай мұңлы жанарды тек содан ғана көрген. Ол салған мұнара да өзінің тап мына көз қарасындай мөлдіреп, жәудіреп тұратын. Енді тек жанарын ғана емес, ат жақты сопақша жүзін де, сұлу қыр мұрнын да, етті, томпақ ернін де таныды. Иә, мынау мұнара салған жас шебер. Ол сырттан шыбын екеш шыбын ұшып кіре алмайтын хан сарайдың ішіне қалай өтіп жүр... Қаптап жүрген сақшылар мен қызметшілер қалай байқамаған... Ол анадағыдан соң бұдан торығар деп ойлап еді. Торықпағаны ғой. Қызметші қызды бекер жіберген екен. Одан қайта үмітін үздіріп, басымен садаға қып қоятындай амал ойлап таппаған екен. Енді, міне, сарайға еніпті. Қазір күтуші кемпір кіріп келсе қайтпекші... Мынасымен өзінің басын жұтып қана тынбай, мұның да абыройын айрандай төгеді ғой.

Ханым оспадарсыз жігітке әлдене деп зекіргісі, осы қазір қуып шыққысы келеді, бірақ әлдекім көмейін тығындап қойғандай үні шықпайды... Бірақ шебер бұның жүзінен ашу аңғарғандай, мұның төсегіне өңмендеп келіп қалған жерінен шегіншектеп, есікке қарай беттеді. Мөлдіреген жанары қорқып кеткен сәбидей шарасынан

шығып барады. Бұл оны аяп кетті. Есікке барып қалған жерінен: «Кетпе, кел»,— деп ымдады.

Бейсаубат қонақ бұның қай әміріне құлақ асарын білмей есік алдында абдырап тұрып қалды. Бұл оған қолын созып қайта шақырды. Ол сенер-сенбесін біле алмай, жасқаншақтай басып, қайта жақындап келеді. Бұл енді ол қашан қасына жақындап келгенше шыдамы жетпей тыпырши тосты. Жас жігіт жасқана басып, төсегінің қасына келді. Бұл оның таңырқай қараған жанарынан көзін айырмай күтіп жатыр. Жігіт жақындап келеді. Міне, төсегіне де жетті. Көрпесіне қолы тигендей болды. Бір-бірінен қысылғандай, екеуі де аңтарылып қалды. Кенет бұның көңіліне қорқыныш кірді. Дәл қазір, дәл осы бір сәтті өткізіп алса, мынау көз алдында мөлдіреп тұрған нәресте жанардан, батылсыз балғын бала жігіттен біржола айырылып қалатындай көрінді. Ол оған қымсына қол созды.

Бауыры от құшақтағандай өртеніп барады. Ол төсегіне батылсыз енген жас жігіттің мойнына оратыла кетті. Бұның баяғыдан бергі сарылып күткен ыстық іңкәрі басқа ешкім де, ештеңе де емес, тек осы ғана. Бауырына кіріп еріп бара жатқан осы бір өндірі бала жігіт қана... Енді бұларды ешкім де ажырата алмайды. Енді оны құшағынан өмір бақи шығармайды. Ол қасындағы бөгде денені темір құрсауындай сыға түсті, өзі де сығымдалып оның бауырына кіріп барады. Екеуінің бойындағы қан араласып, бірге ағып жатқандай; екі дене бір денеге, жаңа ғана бір-біріне үнсіз телмірген екі адам бір адамға айналып кеткендей. Екеуі де бұрынғы екі дара күнді атымен талақ етіп, енді ол күйге өмір бақи қайта оралғылары келмейтіндей.

Ханым өне бойын билеп алып бара жатқан, бұрын-соңды бастан кешіріп көрмеген бір алапат құштарлықтың ырқына біржола берілді. Оның болат серіппедей шиыршық атқан қос білегі, бауырындағы бала жігіттің балғын денесін біржолата ұн қылып үгіп жіберердей, сығымдай берді, сығымдай берді... Осы бір сәт тым ұзаққа, тіпті енді қалған ғұмырына түгел созылса екен... Кенет сүйек-сүйегінің бәрі түгел еріп бара жатты да, болат серіппедей ширыққан темір тегеуріннен айрылды да қалды...

Ханым талма соққандай әлденеге сүлдері құрып, ұзақ жатты. Жаңа ғана оттай жанып жатқан омырау тұсы бір түрлі мұздап барады. Көзін ашып алды. Бөлмесінің іші



ұяң жұмсақ жарыққа толы. Көзін сипап қайта қарап еді — маңайында ешкім жоқ... Түу алыста көз ұшында алтын шайған ауыр есік солғын жылтырайды.

Ханым әлденеге алабұртып, терезе жақты, қақ ортадағы хауыздың маңын, бұрыш-бұрышты қайта бір шолып шықты. Ешкім көрінбеді.

Ханым көкірегiнiң үстiндегi әбден мыж-мыжы шығып шиыршықталып қалған құс мамық көрпені енді аңғарды. Өз көзіне өзі сенбей жатты-жатты да құдды бір омырауында жорғалап келе жатқан жыланды көзі шалып қалғандай, оқыс ширғып, мыж-мыж көрпені аяғымен серпіп жіберді.

Өне бойын қайтадан темір құрсаудай сыға түскен ащы ыза ақырында көзінен жас боп ытқыды. Екі көзден ыршып-ыршып шыққан ыстық тамшылар омырауын малмандай суғып тастады. Бірақ көзін сүртпеді. Сол бір шоқ тамшылар неғұрлым көбірек шыққан сайын көкірегін өртеп бара жатқан тымырсық зіл де жеңілейе түскендей.

Ханым екі иығы селкілдеп, ұзақ жылады. Біраздан соң басы қаңғырып ауыра бастады. Енді көзін ілмеді. Көкірек тұсы тызылдап барады... Омырауына жиылып қалған ащы жас көкірегін у боп күйдіріп ойып түсірердей...

Таң атқанша көз ілмеді. Пәлен күннен бергі, тіпті пәлен жылдан бергі ойын ойран қылып жүрген жұмбақ құсаның сырына сол күні түсінді. Бақытсыздығын батылы жетіп сол күні ғана мойындады. Өзінің бағы ашылмағанына, күллі өмірі осынау қуыс кеуде құса тіршілікпен өтетініне, сол күні әлгі бір ойда жоқ түстен соң ғана әбден көзі жетті.

Ертеңіне таң атар-атпастан ауыр есікті айқара ашып, қызметші кемпір көрінді, оның ізін ала бере баяғыша мәз-мейрам көп қызметшілер кірді. Олар жүгіріп келіп, бұны қоршай алды. Бұл олардың мынандай қағанағы қарқ, сағанағы сарқ мәз-мейрам қалыптарына қайран қалды, ал олар өз ханымдарының көрден шығып тұрғандай ебіл-себіл дидарына өздері бұрын-соңды көріп көрмеген сұп-сұр, сұлық кейпіне, қос жанарын жайлап алған тұңғиық бақытсыздыққа, төңірегiнен мүсіркеуден басқа ештеңе күтпеген мүсәпір халіне айран-асыр. Күтуші кемпір қызметші қыздарды ымдап бөлмеден шығарып жіберді де, алдында құр сүлдері ғана тұрған бейшара әйелді бауырына басып, шашынан сипап:

— Апырай-ай, Ұлы Әміршім бірдене деді ме, өңіңіз қашып кетіпті ғой. Бәсе, ол түнде сіздің бөлмеңізден бір түрлі қату шығып еді... Сонша не боп қалды екен?— деп күбірледі.

Ханым оның жүзіне мынау не айтып тұр дегендей есеңгірей қарады...

— Әмірші ием дейсіз бе... Ол мұнда кіріп пе еді...

— Иә... Түнде келіп еді ғой... Бірақ көп кідірмей шығып кетті.

Ханым бұны естігенде төсегіне құлап түсті.— Шошып кеткен күтуші кемпір ханымның қан-сөлсіз жүзіне үңіліп, талып жатқанын аңғарды...

Содан ханым түсте барып есін жиды. Қасында отырған қызметші кемпірден енді қайтып ештеңе сұраған жоқ. Ол да бұған тіл қатуға батылы бармай жүзіне жаутаң-жаутаң қарай берді...

Иә, ол өмірінде өз күйеуінің алдында, Әміршінің алдында жаңғыз-ақ рет күнә істепті. Онда да өңінде емес, түсінде күйеуінің көзіне шөп салыпты. Бірақ сол жалғыз қылмысының өзін Әмірші иенің қырағы көзі қалт жібермей, үстінен шығыпты. Бұның бөлмесінде көп аялдамағаны — әйелінің түсінде шайтансырап жатқанын өз көзімен көргені ғой; ашулы шыққаны — бұның түсінде өзге еркектің құшағына кіріп, құштарлыққа берілгенін түсінгені ғой...

Енді ханымның көкірегіндегі шілденің тамырсыз талма түсіндей шөгіп жатып алған қапырық қасірет бұрынғыдан бетер батпандай түсті. Содан қайтып ешкімге тіс жарып, ештеңе айтқан емес. Көкірегіндегі жан баласына сездіргісі келмеген жарақатымды бөгде құлаққа хабарландырып алам ба дегендей, тіпті үһлемейді де.

Сүйегін сүйреткен ебіл-себіл бір хал. Енді ханымға бұл дүниеде, бұл тіршілікте ешқандай қызық қалмағандай. Дарға асса да, басын шапса да бәрібір, өз күнәсін, өз қылмысын мойындап болған. Иә, Ұлы Әміршінің алдында тек өзі ғана күнәлі. Жас шебердің тырнақтай да жазығы жоқ. Өліп-өшіп ғашық болғанмен, мұның маңына бір қадам жақындап көрген емес. Түсінде де бұл өзге құшақтың ырқына өз еркімен берілді. Бар күнә, бар айып өзінде... Алда-жалда әлгі бір оқиға түсінде емес, өңінде болса, ол осылай істер ме еді, жоқ па еді, ол арасын өзі де біле алмайды... Бірақ баяғыдан бергі есінен адастырардай боп, есіл-дертін аударып келген ыстық

іңкәрінің не екенін енді жақсы біледі. Хан иеге өліп-өшіп ғашықпын деп жүрген ыстық махаббатының да жай әншейін еркектің темір тегеуірінін аңсаған ұрғашылық екенін ұқты. Жас шебер ебін тауып, хан сарайдың ішіне еніп, бұның бөлмесіне кірер болса, кім біліпті, бұл түнде түсінде істегенін өңінде де істейтін шығар. Өңінде де балауса бала жігіттің ағыл-тегіл албырт сезіміне тайталасар, қарсы тұрар дәрмен таба алмай, нәпсінің еркіне берілер, қаншама хан торқаны киіндіріп қойса да, ұрғашы ұрғашылығын істемей қоя ма? Көңілін түсінде жеңген әзәзіл өңінде жеңбей ме... Ендеше, жар алдындағы, ақ неке алдындағы, алтынбасты тәж иесінің абыройы алдындағы төмен етек қылмысы үшін шегетін жазаның қайсысына да пейіл.

Егер дәл қазір ол өзі кіріп, бұның шашын бір талдап жұлса, қойдай қып сабаса, жонынан таспа тілсе, көкірегін жайлап алған әзәзілдің қызыл құртының көзіне су құятындай қып, аяғына салып таптап, күл-паршасын шығарып, сүйек-сүйегін ұн қып үгіп, әбден мылжа-мылжа қып, қайдағы бір қорқаулардың ортасына лақтырып тастаса, оған да ырза; мынау өз-өзінен дал болған пұшайман тіршіліктен соның өзі-ақ артық; бірақ құдай, ең болмаса, бұған күйеуінен таяқ жейтін бақытты да қимапты ғой. Дүниеде бұндай тірі аруақ, тұл бейбақ бар дейсің бе? Соны ойлағанда өз бетін өзі тырнағысы, өз шашын өзі жұлғысы, мынау түк білмегендей тымсырайып тұрған тас қабырғаға өз басын өзі ұрып, мылжа-мылжасын шығарғысы келеді.

Ел көзінен қалтарыста, оп-оңаша өтіп жатқан ыңшыңсыз күндер мен тым-тырыс түндерде мынау құр сүлдерін сүйретіп жүрген қаңқаның әлдебір жеріне қонақтап ап, өздігінен шықпай жүрген шыбын жанның көзіне қалай су құюға болатыны жайында сан-сапат айла, амал ойлап табады, соның қай-қайсысын да жүзеге асыруға батылы да жететін сияқты; бірақ жеме-жемге келгенде бірін де істемейді.

Онысы бірақ қанша дегенмен аз күндік жарықты қимаған қорқақтық емес-ті. Ол өзінің күнәкар денесін қандай жек көріп алса, мынау тіршіліктен де соншалықты жеріп біткен-ді. Ол анадағы түсінің өмірге деген, бақытқа деген соңғы құштарлығы, соңғы ықыласы екеніне әбден мойын ұсынып алған-ды. Ондай түс көргеніне енді бұрынғыдай емес, өкінбейтін де, ұялмайтын да болған, бірақ енді оған сол күнді, сол бір сәтті қайта

оралт деп тілеу қандай мәнсіз, қандай күпірлік болса, ондай тілек, ондай ықылассыз өмір сүру де соншалықты мәнсіз, соншалықты күпірлік сияқты көрінеді. Сондықтан оған енді қалған тірліктің құны бес тиын. Егер Ұлы Әмірші қазір өз кесімін айтып, бұны жазалар болса, соның ешқайсысына да қыңқ демей, пейіл болар еді. Ал өз басының мынау мәнсіз тіршілікке қол көтеруге ешқандай қақысы жоқ. Ханымның ондай қылығын елдің қандай саққа жүгіртіп, падишаның абыройына қандай нұқсан келтіретінін тайға таңба басқандай анық білмесе де, іші сезеді. Ақ некелі жарына ондай қиянат жасағысы келмейді.

Ал Әмірші болса сол баяғы тырп етпей жатып алған күйі. Бұл ертеден қара кешке дейін тырп етпей жалпақ есікке жалтақтаумен болады. Қанша қарағанмен есік қылп етпейді. Сонда мынау абажадай кең бөлме оған тар лахаттан өткен тозақ боп көрінеді. Жүгіріп барып мұны өзге жарық дүниенің бәрінен оқшаулап, мынау бөлмені қапас зынданға айналдырып тұрған ауыр есікті балталап шауып тастағысы келеді. Сонда жаңқаланып сынып жатқан есікпен қоса бұның көкірегін қысып, жүрегін езіп, талмаусырап бара жатқан, өне бойын зірк-зірк қалшылдатып, безгекше безілдетіп жүрген ашу-ызаны да лақ еткізіп бір-ақ ақтарып тастар еді.

Бір күні күтуші кемпірді шақырды. Нөкер қыздарын ертіп, сыртқа шықты. Жол-жөнекей көзіне түсіп қалған қызметшілер де, сарай маңындағы сақшылар да бұған бұрынғысынша иіліп-бүгіліп тағзым етіп жатыр. Бірақ өңдері бұрынғыдай айбынып тұрмағандай, бұған мүсіркей қарайтындай; бұ да оларға көз салып жарымайды. Алайда тұстарынан өткенде ту сыртынан әлдекім тілін шығарып мазақтап тұрғандай, көк желкесі дуылдап қоя берді. Тіпті қасындағы нөкер қыздары да мұны сынап-мінеп келе жатқандай. Бұл баяғыда Әмірші жоқта өздері емін-еркін асыр салған тоған маңына, көгал алаңға жоламай, бұрын көп бара бермейтін қалтарыс бұрыштарға бет түзеді. Бірақ онда да көп аялдай алмады. Мынау көлденеңнің көзі көп бақ ішінде ауа екеш ауа да оған инедей қадалып тұрғандай. Қайтадан сарайға асығады.

Енді оған мынау жарық дүниеден бұйырғаны — осы бір жұтып қоярдай боп құлазып тұрған кең бөлме мен бақтың бір үзігін қамтыған көлдей терезе ғана. Ойлай-ойлай ой да сарқылған.

Сағыздай созылған ұзақ күн өтіп болмайды. Төңбекшіген мазасыз түндер жан-жаққа елеңдеумен өтетін күннен де жаман. Өзіңді өзіңе мұңкір-нәңкір қылып, өзіңді өзіңе тергеткен жендет түндерде күндіз бажайлай ойлауға батылы бара бермейтін кейбір жайларды әбден түбіне жетіп адалап шығады. Қазір тек өзін ғана емес, өзге түгілі өзі де сезбеген бір ұрлығын жарқыратып жайып берген әлгі бір бозбала жігітті де, соған тап қылған анау көгілдір мұнараны да, сондай мұнара салдыруға ниетін құлатқан баяғы бір Ұлы Әміршіден сәлемдеме келетін күнді де, сол ойын жерден жеті қоян тапқандай қуана қостаған көп шуылдақ нөкер қыздары мен күтуші кемпірді де, соның бәріне түрткі болған бақ құмар Ұлы ханымды да — төңірегіндегінің бәрін түгел жек көріп бітті. Тіпті тап мынадай нағылет дүниеге мұны әкелген әкесі мен шешесіне де өкпесі қара қазандай.

Анау көлдей терезеден албастыдай боп төніп тұрған қап-қара түнге де, күні-түні ауыз жаппай сыпсың-сыпсың сылдырап тұрған кішкене хауызға да, жамбасын абжыландай шағып жатқан төсекке де, анау күні кеудесінен басып, ойда жоқта көңілінің тұңғиық түкпіріндегі тым құпия тілегін жарқыратып жайып салған мынау көрпеге де лағынет... Осынша тамұқтың бәрін көріп, бәрін біліп, төбесінен төңкеріле құламай тұрған көкке де лағынет... Осының бәріне шыдап, көтеріп жатқан көнтері жерге де лағынет, осынша сұмдықты ішіне бүгіп, талай-талай нәресте көңілдің маңдайын тасқа ұрғызған мынау тымырайған тымырсық қаныпезер дүниеге түгел лағынет...

Жер болған көңіл әбден ашынып, жарық жалғанның бәрін қарғағанда, тіпті алдамшы пәниді жаратқан хақ тәңірдің өзін нәлеттегенде, тек бір адамды ғана аузына алмайды. Ол — Ұлы Әмірші.

Ханым кейде өзінің сол мінезіне өзі қайран қалады. Шынында, мұның өмірін тамұқ қылып жүрген, ең алдымен, сол емес пе... Міне, сарайдан шыға алмай сарғайып отырғанына әлденеше күн болды. Ол соны білмей жатыр дейсің бе?.. Ендеше, мұның күнәкар көзін құртып неге тынбайды? Әлде өзі салған азап аз болғандай өкініш пен ызаға, өсек пен табаға, жанын жегі құрттай жеп жатқан қапырық қасіретке талатпақ па? Бұдан ызасын солай алғысы келген шығар.

Бірақ мұның осынша азап шеккенінен оның басына шығатын мүйіз қайсы, мұның жанын тырнайтын пыш-пыш оның жанын тырнамай ма? Ендеше, өзіне

жақсы болса азаптай берсін, өмір бақи естімеген не сұмдығын естіп алсын... Өзіне де сол керек. Мұның жас өмірін осылай күлді-көмеш қып, өксітіп қойған өзі ғой... Өз обалы өзіне...

Ханым мынау есірік ойдан шошып кетті. Не деп тантып барады? Тағы да баяғы төмен етек ұрғашылығына басты ма, алдияр тақсырға тіл тигізейін деді ме...

Алтын басты ханым екенін ұмытып, жайдақ етек қара күң құсап, бұнысы несі тағы?

Соны ойлағанда аза бойы қаза болды. Өзіне бұрынғыдан бетер жүрегі айнып кетті. Дереу кәлимасын қайырып, хақ тағаладан басқа күнәмді кешпесең де, Ұлы Әміршіге асыл сүйек басыммен тіл тигізген әлгі бір әзәзіл ойымды кеше гөр деп жалынды.

Енді ол құдайдан, әлгіндей боп алжаспай тұрғанда, асыл сүйегімді әзәзіл пиғылдарға аяқ асты қылмай тұрғанда, жасаған иенің жарақты сотының алдына, өз күнәмнің отына өзім өртенетін күнге тез жеткізе гөр деп шын пейілмен сарқыла тілек тіледі.

Сол бір адал ақ тілеу көкірегіне шым-шым дарыған сайын, екі көзінен шымырлап шыққан оттай ыстық мөлдір тамшылар қайтадан селдете жөнелді.

## *Төртінші бөлім*

### **АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ**

#### I

Дариядан өтерде ол күймеден шығып атқа мінді. Күймелер салға тиеліп жатқанда нөкерін ертіп өткелге беттеді. Шілденің іш тартқан кезі-ді. Таудан келетін жойқын су жаздағыдай арнаны керіп кетпей, жөнге түсіпті. Әдеткі қошқыл құла түсі сәл бозғылданып, лайытпай тұнық жөнкіледі.

Өткел тіп-тік жар арна кенет жайпауыт тартып, дарияның бала қыздың бұрымындай тарам-тарам боп, әлденеше жіңішке тармаққа бөлініп кететін таяздау тұсында еді. Бұл өткелден бұрын мағұрып пен машырықтың екі арасында әрлі-берлі тыным таппайтын керуендер болмаса, бүгінгідей жер қайысқан ауыр қол өтіп көрмеген-ді. Содан ба екен, арғы беттегі жанбауыр жағалаудың екі бетінде жүк артқан керуендер, жақын маңдағы қыстақтардың қауын-қарбыз жүзім, жеміс-жидек тиеген арбалары, салт атты есек мінген, қодас жетелеген базаршылар ығы-жығы ұйлығып қалыпты.

Қалың қолға жол ашып тұрған қарулы сақшылардан айбынған жұрт шерудің алдындағы көк найзалы көп нөкердің ортасында тек кекілі ғана мөлдей қара нысаналы ақбоз атқа мініп келе жатқан Ұлы Әміршіге ентелей қарайды.

Әмірші жан-жақтан көзін сатып тұрғандарға назар салған жоқ; қарсы алдында ұлан-асыр көсіліп жатқан құла түзден көз айырмаған қалпы ер үстінде шалқақ отыр. Күміс ердің қасы мен болат үзеңгі күн нұрына шағылысып, Әміршінің онсыз да суық жүзін одан бетер сұстандыра түседі.

Қарлы шындардың ұшпа биіктерінен басталған адуын арынынан әлі арыла қоймаған Жойқын дария жыбыр-жыбыр толқынға толы. Жымың-жымың кең арна ат тұяғы тигенде лезде күлкісінен айрылып, әлем-тапырықтанып шыға келді.

Әмірші соның ешқайсысына мән бермеген маңғаз қалпы. Таудың тастай суық суы тірсегін шағып, аяғын үрке басқан сала құлаш ақ боздың басын бостау ұстапты. Жылға-жылға көп тарамның бәрінен сыр білдірмей өтіп келе жатқан жануар өзеннің ұлы табанындағы соңғы арнаға жете бергенде сүрініп кетті. Бейқам отырған Ұлы Әміршінің шалқақ басы оқыс бұлғаң етіп, қамшы ұстаған қолындағы сұқ саусағынан әлдене сусып түсіп кеткендей болды. Жүрегі дір ете қалды. Қолына қарап еді — сұқ саусағындағы баяғыда үлкен қайынатасы ажал аузында жатып, бұны өз орнына әмір қып тағайындаттырғанда салған, қасына зұлыстар елінен ғана келетін аса сирек тарғыл-тарғыл мысық көз тас қондырған күміс жүзік жоқ боп шықты.

Ол сұқ саусағындағы жүзіктің орнындағы бозаң тапқа қадала қарады. Екі қапталынан екі нөкер жігіт емпеңдеп жетіп қалған екен; ол көзінен ызғар шаша, оқыс жалт бұрылды да, бойын тіктеп ала қойды. Тізгінін тарта ұстап, қайтадан маңғаз қалпына көшті. Әміршінің қас-қабағын аңдап үлгерген екі нөкер үн-түнсіз орындарына жылысты.

Әміршінің жүрегінің басын суық қармағандай жайсызданып қалды. Әлгіні неге жорырын білмей дал боп келеді. Ол оны саусағынан еш уақ тастап көрген емес-ті. Қуғын-сүргінде де, талай-талай алыс жорықтарда да қылп етпеген киелі жүзіктің бүгін кеп аяқ астынан өз-өзінен сусып түсіп қалғанын ішінен жақсылыққа жорыған жоқ. Мынандай алыс сапар алдында тап болған бұл тағы қай тұспал?

Ол енді манағысындай емес, әлденеге тіксіне бастады. Қол шаһардан шықпай тұрып, алдын ала жіберген шолғыншыларға ызаланып келеді. Өткел аузына құжылатып қарайған халықты иіріп қойыпты. Осы жолғы аттанысы бұрынғы жорыққа аттанғандағыларына мүлдем ұқсамайды. Бәлкім бәрі аяқ астынан қауырт шешілгендіктен бе екен, әлде Байтақ шаһардың тап іргесіндегі тоғыз жолдың торабы өткел басына жүргінші жолатпау қиын ба — қайткен күнде де, дәл мынандай ызы-қиқы қара нөпір оған ұнамай келеді. Әлденеден секем алғандай. Ол



әрдайым жорыққа аттанып бара жатқанда әскер өтетін, әсіресе өзі өтетін көшелер мен жол бойына көлденең көз жуытпайтын-ды. Қанша дегенмен, ит арқасы қиян алыс жорыққа, жарығы таусылмағандар болмаса, көбісі өлім құшатын жат жердегі шайқастарға жұрттың бәр-бәрінің түгел дерлік риза бола қоюы екіталай-ды. Көп ішінен не шықпайды, біреу-міреудің көңіліне қара қашып жүрсе, қапы қалмас үшін әскер өтетін көшелерге жан баласын аттатпайтын. Байтақ шаһарды басына көтеріп, керней шалып, дабыл қағып бара жатқан қарақұрым қолға қала халқы аулаларынан шықпай тесік-тесіктен сығалап қарайтын-ды. Содан екі түнемелік жерге дейін жол бойындағы жүргінші біткенді аулаққа қуып тастап отыратын. Бұл жолы бәрі аласапыран болды да кетті, ондай-ондай ұсақ-түйек, тіпті есіне де кірмепті. Бәрін өзің айтып, жөн сілтеп беріп отырмасаң көретін күнің қашан да осы. Сәл көзің тайса, аузың тынса болды, жұрттың бәрі бос белбеуленіп шыға келеді. Талай жорықтың басы-қасында жүрген шолғыншы мыңдықтың басшысының мына қылығына әбден қанына қарайып отырса да, сырт көзге сыр алдыртпай, тістеніп бақты. Осыдан ол неме тек көзіне түссін, бәлем...

Әмірші көзінің қиығын екі жаққа кезек тастап қояды. Ақбоз судан шықты. Екі қапталда — қаз қатар тізілген найзалы сақшылар. Бәрі сіресіп қалыпты. Көк сүңгілердің ара-арасынан сақшылардың ту сыртынан ентелеп тұрған жай халық шұбарытып көрінеді. Арбалардағы теңкиген-теңкиген қауын-қарбыздардың, қап толы мейіздер мен зембіл-зембіл жүзім, жеміс-жидектердің әр алуан иісі аңқиды. Сол бір мұрын қыдықтайтын бейбіт иіс мынау судан шығып жатқан қара құрым қалың қолдың айналаға айбат шеккен үрейлі сұсын мәнсіздендіріп тұрғандай. Осы бір шыр айнала мұңкіп қоя берген күлді-көмеш от басы тірліктің күңірсік иісі әлдебір аярлықтан, бей-берекет жерде қайдан кездесері жоқ көлденең қауіптен сес бергендей.

Әмірші шалқақ басын еңкейтпей, қос қапталынан шыққан әрбір сыбыс-сыбдырға жіті құлақ түріп келеді. Көзінің қиығына қарауытып-қарауытып көрінетін самсаған көк сүңгілерден басқа ештеңе шалынбады. Сол көп сүңгілердің арасынан иін тіресе сығалап тұрған қара тобырдың қатары да барған сайын сирей түсті. Енді олар бұның көзіне анық түсе бастады. Жеміс толы арбалар таусылып, қатар-қатар шөгерулі жатқан сала мойын

нарлар көбейді. Алыс елдердің әр қилы киінген саудагерлері тұстарынан өтіп бара жатқан Ұлы Әміршіге иіліп-бүгіліп тағзым етуде.

Бір уақыттарда шалғы түскен құрақтай жағалай жапырылып жатқан ала тақиялар, сенсең бөріктер, тығырық бөріктер, жалбағайлар, ақ сәлделер де таусылды. Оның осынау орылған шалғындай тып-типыл боп жылмиып жатқан жағада оқшау шошайған әлденеге көзі сүрінді.

Жан-жағының бәрі намазға жығылғандай, жаппай етпетінен түсіп жатқанда, әлдекім есек арбаның үстінде басын иместен қалшиып қатып қалыпты. Әмірші мынау елден ерекше қиқар немеге амалсыз назарын тіктеуге мәжбүр болды. Жермен-жексен аласа арбаның үстінде өңшене құмыралар ортасында қайыс қара біреу отыр. Терісі сүйегіне жабысып қалғандай. Басы кекшиіп кетіпті. Арбиған екі қолын алдына қусырыпты. Қаққан қазықтай тік отыр. Шекелігі шығыңқы жазық маңдайдың астында екі жерден әлдене қарауытады. Ол көздің орны... Мынау өне бойын арқанмен шандып тастағандай сіресе қалған қатпа қараның соқыр екенін Әмірші енді байқады. Иә, дәл сол. Торсық шекесінен таныды. Әбден арыған. Өндірішегі сораып шығып кетіпті.

Анада алдына келгенде өндірідей жігіт еді. Анау қазылып-қазылып кеткен екі білегінде бұлт-бұлт етіп бұлшық ет ойнап тұрған-ды. Жасөспірім жігіттің дөңгелене біткен жазық маңдайына сонда да, ең алдымен, көзі түсіп еді.

## II

Ол есіктен именшектей кіріп, тағзым еткен-ді. Әміршінің алдына келген кісінің қай-қайсысы секілді оның да жүзінде абыржу бар-ды. Бірақ бір үлкен шаруаны бітіріп едім ғой деп, аяқты алшаң тастап көстеңдей жөнелмей де, не қай ісіммен жазып қалдым деп екі бүктетіліп елпең де қақпай, зерделі жас адамға тән бір жарасымды әдемі ибамен алдына кеп, жер тізерлеп отыра кетті. Сосын бүгежектей бермей бойын тіктеп алды.

Осы бір мөлдіреген әдемі жігіттің жүріс-тұрысы, кісіні ішпей-жемей тойғызатын сүп-сүйкімді ізеті Әміршінің жүрегін мұз боп қарып алғандай болды. Қарсы алдында отырған балауса жігіттің адам жүрегін оп-оңай баурап алатын бір сиқыры бар екенін ол бірден аңғарды.

Бірақ қашан орнынан тұрып кеткенше оның дәл қандай сиқыр екенін біле алған жоқ. Жігіт өзінің неге шақырылғанын айтқызбай-ақ түсінген қалып танытты. Алайда ант-су ішіп ақталмады да, жалынып-жалбарынбады да, не салсаң де көндім дегендей, назарын төмен салып отыра берді.

Бұл оның жүзінен ұзақ уақыт көзін айырмай, үнсіз тергеді. Жігіт бәз-баяғы бір қалпынан міз бақпады. Әмірші біраздан соң босағада тізерлеп отырған бас шеберге ымдады. Жас жігіт қасына бас шебер кеп, иығынан тартқанда барып, басын көтерді. Бұл оның кереқарыс жазық маңдайының астында айналасына жұмсақ шұғыла шашып тұрған алақандай-алақандай екі нұрлы көзді сонда көрді. Сан қилы жұлдыздар жыпырлаған шілде аспанындай сан қилы сезімдердің сәулесін түгел жиған соң бір тұңғиық жанар бұның көкірегіне біржолата орнап қалды. Онда «апырай, аман-есен жібергеніңіз рас па» деген үнсіз таңқалыс та, лып етіп тұтана қалған қуаныш та, шексіз ризашылық та, бірақ өз күнәсін жасырмай түгел мойындап тұрған, ар жағына сыр бүкпейтін ақ көкірек адалдық та, монтаны мүләйімді білмейтін шынайылық та, тіпті осының бәрі өң бе, түс пе дегендей дұдамал үрей де — бәрі-бәрі түгел бар-ды. Жігіттің жанарында ап-айқын сайрап жатқан әлгі сезімдер бұның көңілінде ешқандай күдік-күмән қалдырмай, Ұлы ханым қызыл алма жіберіп, тұспалмен білдіріп жатқан, бұл жоқта болған оқиғаның шындық екеніне көзін біржолата жеткізгендей еді. Содан сол бір тостағандай-тостағандай қос жанар көп уақытқа дейін бұның көкірегін қызыл шоқша қыз-қыз қарып тұрып алған-ды.

Әмірші алдында отырған жас жігіттің анау ауыр есіктерден әрі асқан соң енді қайтып жарық дүниеге шықпайтынын, оған көр қараңғы тас зынданға жол түсіп тұрғанын біліп отырды. Бірақ осы бір іші-бауырына кіріп бара жатқан жаудыраған екі жанарды көре отыра, көңіліне ешқандай аяныш жүгірмеді. Жүрегіне сексеуілдің шоғындай боп қадала қалған әлгі екі от бұрынғыдан бетер тызылдатып барады.

Әрине, адамды бір көргенде арбап алады дейтін сиқыр көз әлгіндей-ақ болар. Жаудырай қараған әдемі қос жанар әуелі көңіліне аяныш орнатады, ет-жүрегіңді елжіретеді. Еркектің шыдамсызының басын жұтып, әйелдің шыдамсызының абыройын төгіп тынатын қандай қара пәленің де басы әрқашан сол бір елжіреуік сезімнен

басталатын-ды. Елжіреуік сезім де бір, ұстамайтын ышқыр да бір — екеуі де абыройыңды айрандай төгеді. Бұл ойлап тапқан жан баласы екі етіп көрген заң мен тәрдің басынан аттап өтпек, мына бассыздық та, шамасы, содан өрбіген. Бұл әлгі шарифатта көп айтылған ібіліс әзәзілдің қайда жүретінін ақи-тақи анық білмейді. Алайда бұған сол пәленің қай-қайсысының да жүрегін жаңғыз мекені адамның көңілі ғана сияқтанады да тұрады.

Көңіл итке көз бен сөзден өтімді не бар?! Соны ойлағанда Әмірші әлденеге өз-өзінен ауырлап сала берді. Көп уақытқа дейін жаңа ғана жас жігіт шығып кеткен тарс жабық есіктен көз айырмай қадалды да отырды. Ол өзі шығып кеткенмен нұр жайнаған екі көзін осында тастап кеткендей. Енді, міне, сол екі жанар көзге көрінбей екі босағадан бұл қайтер екен деп, әр қимылын міз бақпай аңдып тұрған секілді.

Ол айналасына көз жүгіртіп еді, назарына ештеңе ілікпейді. Әлгі бір жаудыраған монтаны екі көз ғайып болған есікке арқасын беруге бір түрлі батылы бармай, шегіншектеп, сылдыр-сылдыр су атып жатқан шытыра хауыздың қасына барып отырды. Көкірегіне темір тікен боп қадалып қалған екі мөлтең жанардан қайтып құтыларын білмеді. Сол бір желімше жабысып алған немелер енді өмір-бақи бұның қыр соңынан қалмайтындай. Одан қайткенде құтыла алады... Бәлкім, жас шеберді алғаш көргенде ханым да тап осылай сенделген шығар. О да өкшелеп қыр соңынан қалмаған жымысқы екі жанардан қалай құтыларын білмей аласұрған шығар. Бірақ әйел пақыр аласұрғанда не тындырады. Соңынан қалмағанды омақастырар қайрат онда жоқ. Ұрғашының қашанғы қайраны біреу-ақ. Еркек басын беріп құтылатын жерден әйел намысын тонатып құтылады...

Жарайды... Ал енді бұған қайтпек керек? Қарсы келгенді оңдырмайтын қаһарлы падиша мұндайда не істегені жөн?

Әміршінің қарап отырып тізгіннен айрылып, айдалаға лағып бара жатқан сергелдең ойы осы арада бір серпілді. Езуіне кекесін жүгірді. Әрине, құртып тынады. Ондай бөгденің қызылына сұғынған қомағай көзге құм құяды.

Әмірші көңілі бұл тұжырымын да кенеу тұтпай тұр. Сонда падиша басымен алдына жаутаңдап келген монтаны жанарға қайтып қылыш жұмсамақ! Айбат шегіп

келетін ата дұшпаннан айналып кетпессің бе?! Оқша атыла қараған ала көзді құртып тынбағанда қайтпексің! Өңменіңнен өте қараған өшпенді көз сені де қанына қарайтып, жүйке-жүйкенді су тиген қыл арқандай шырқытыра түспей ме? Шықшытыңа құм толтырып қойғандай тісің шықырлап, өн бойдағы өжет қан бірден шекеңе шапшып, шымырлап шыға келмей ме? Ол қашан өзгенің қаны судай аққанда барып, арнасына түспеуші ме еді! Ондайда өшпендінің кеңірдегінен шүмектеп аққан қара қан жүрегінді Қап тауындай айқара басып жатып алған қапырық сезімді бір-ақ серпіп, көзің шырадай жанып қоя береді. Ал именшек басқа қылышың тисе, атаңның аппақ сақалынан да қасиетті ақ алмаспен қотыр есектің құйрығын күзегендей масқара емес пе! Ондай пақырына біреудің төгілген қанын көргенде кездейсоқта көлбақа басып кеткендей тыжырынбассың ба? Әлгі неменің алақандай көзінен, ең болмаса бір мысқал өшпенділік көрсе не дейсің? Бұның жанына бәрінен де сол батады.

Қылыштың жүзіндей алмағайып қиын тағдыр кешіп келе жатқан Әмірші басымен бұрын-соңды дәл мынандайға кез боп көрмеген-ді. Көңілі ашудың да, ақылдың да ырқына көне алмай әрі-сәрі. Қанша бас қатырғанмен, еш тоқтамға келе алмады. Адасқан ойы қай тарапқа бұлтарса да, аш тазыдай сүмеңдеген ұры сауалға тап болды. Ол дәл осындай жаудырай қарайтын қос жанарды және біреуден көрген сияқты еді. Бірақ қашан кімнен көргенін қанша ойласа да, есіне түсіре алмады. Ол да осылай мүләйімсіп мөлдірей қарайтын. Кімнен көріп еді соны... О да осындай өкпелеген жас баланың көзіндей ет бауырыңды елжіретіп жүре беретін жазықсыз жанарды...

«Жазықсыз жанар...» Әміршінің қырағы көңілі енді-енді арна түзеп, саралана бастаған ойынан осы бір сөзге сүрініп қайтадан мүдіріп қалды. Қайдағы жазықсыз жанар?.. Ақ некелі төсегіңе көз алартса, одан артық атаңның басын шапқаны керек пе? Қосағыңның етегіне көзін сұқтағаны іргеңнен найза шошаңдатқаннан кем оспадарлық па? Алтын тәжді басын былай қойғанда, кез келген жұмыр басты еркекке одан асқан қорлық, одан асқан масқара бар ма? Басынып болғасын, бас ұрғаны не керек? Кез келген жалба тонды, жұлма тымақты қаратаяқтың кешірмейтінін бұл қайтіп кешіре алады?! Еркек үшін ата-мекеннің тыныштығы, ата-бабаның аруағы, ақ некенің беріктігінен артық намыс жыртатындай не бар?

Алтын басты азаматтың асқар таудай абыройын көбелек көңіл ұрғашының делен-делен етегіне тәуелді қылып қойған құдай шебер-ай! Жаратқан иенің еркек кіндікке жасаған жалғыз қысастығы болса — осы шығар.

Әмірші өз-өзінен күйініп, орнынан тұрып кетті. Әлгі бір жаутандаған монтаны жанар көзіне енді түссе, өз қолымен ойып алар еді. Ол аяғын ауырлап басып, терезенің алдына беттеді. Жете беріп, аң-таң тоқтап қалды. Жаңа ғана «енді көзіме түссе, бәлем» деп тістеніп тұрғаны жаутандап тағы алдынан шықты. Бақтың төбесінен бой асырып тұрған көк мұнара бұған дым көрмегендей мөлдірей қарайды. Жаңағы бір есіне түсіре алмай отырған монтаны қарасты ол баяғыда осы мұнараның бойынан көрген екен ғой. Ол үн-түнсіз жалбарынып тұрған мұнараның бұл сиқырына алғаш көргенде-ақ назар аударып еді. Бірақ оның мынандай сырына түсінген жоқ-ты. Бақса, бар гәп осында екен ғой. Мына мұнара ханымның терезесінен де күні бойы осылай жаудырап қарап тұрмайды дейсің бе? Ол да мұны алғаш көргенде қайран қалған шығар. О да мұнараның мынандай сиқырына кейін түсінген болар. Шебер өзі салған мұнараға көңілінде жүрген іңкәрін бейнелепті. Аузы жетіп айта алмайтынын мұнарамен білдіріпті. Күні-түні терезесінен телміре қарап тұратын мылқау мұнарадан ханым ойымды өзі-ақ түсінер десе керек. Монтаны жігіт, бақса, жер түбіндегіні ойлайтын жұлын құрттың өзі болып шықты.

Тәйірі, еркектің соры сөзінде, әйелдің соры көзінде емес пе? Еркек неме айтқаныма жетіп тынам деп тыраштанса, әйел неме көзіме көрінгенді иемденіп тынам деп әуре болмай ма? Сондықтан да, көңілі сөзден азатын еркек кіндікті көлденең сөзден сақтандырған ата-баба әйелді көлденең көзден қорғаштап баққан ғой. Ақ некелі қосағының құшағынан табылатын төсектен басқа жердің бәрінде де ұрғашының көзін қара түндей қара пердемен қымтап ұстаған ата-баба соның бәрін білмей істеді дейсің бе? Ол неменің көзін ашып қойғаннан гөрі етегін біржолата шашып қойғанның өзі дұрыс. Көзі көргенде құмартпай тұрар ұрғашы ма? Құмартса болды, ол пақырлар құмарына жетпей сірә, тынар ма?

Бұған енді бәрі де түсінікті болды. Ханым әуелі мынау күлімдеген көркем мұнараға қайран қалды. Сосын адамның ақылы жетпейтіндей сиқыр мұнара тұрғызған шеберді бір көруге құмартты. Көріп еді, жас жігіттің іші

бауырына кіріп жата жатқан әдемі жанарына арбалды да қалды...

Сонда оны әзәзіл жолдан ақ некелі қосақ еткен бұның абыройы, тәжі мен тағы, ата-ананың батасы, көлденең жұрттың көзі мен сөзі — ештеңе кідірте алмағаны ма? Ең болмағанда, ай астындағыларды түгел дерлік тітіркендіретін айбарының да бөгет бола алмағаны ма? Соның бәрі ашқарақ нәпсі мен адасқақ көңілді айқара бүркеп тұратын жылқының құйрығынан өрілген алақандай қыл перденің орнына жүре алмағаны ғой! Жарайды, сайтан иектегіш ұрғашының қомағай көрсе қызар нәпсісіне сенбей-ақ қоялық, бірақ сонда хан сарайына сырттан көлденең жігіт түгілі тірі шыбын кіргізуге тиісті емес сақшылар не бітірген? Ханымның соңынан бір қадам қалмауға тиіс нөкері мен оны көзінен бір елі таса қылмайтын күтуші кемпір қайда жүрген?

Әмірші сол түні төңбекшүмен шықты. Таң атқанын асыға күтті. Күтуші кемпірмен сөйлесіп көруге бел буды. Көңілін егеу құйрықтардай жабыла кеміріп жатқан көп күмәннің басын бір қайырса сол күтуші кемпірдің жауабы қайырады.

Ертеңіне таңертең даяшы әйелден күтуші кемпірді шақыртты. Күтушінің бәз-баяғы қалпы. Суда жүзіп келе жатқандай ұзын көйлегінің етегі дір-дір етіп, қалқи басады. Қашан қасына жетіп болғанша Әміршінің ішін пыстырды. Ақ төсегінің қырағы күзетшісі еңбегі өтіп кеткен жанша тым шалқалап қапты. Ұйқылы-ояу жүзінде қысылу-қымтырылудан атымен нышан жоқ. Әміршінің зығырданы қайнап отыр. Алдымен осы малғұнның көзін құрту керек екен. Жалпақ жаһан құрақ ұшқанда осы-ақ батпансиды да жүреді. Ұлы әміршінің тәжсіз баратын жерінде қызмет ететінін бұлдай ма, тіпті айылын жиса не дейсің! Бұрынғы мардамсығанын бір жөн дейік. Ал мына қазіргі кергуіне жол болсын! Бұл өзі жоқта не болып, не қойғанынан әлі бейхабар деп ойлайды ғой, шамасы.

Күтуші кемпір қасына келді. Кеудесін басып тағзым етті. Сосын манаураған маңғаз кейпі, не айтайын деп едіңіз, құлағым сізде деген кісіше бұған назарын тіктеді.

Әмірші мынау алдында түк болмағандай салғырт тұрған кемпірге қапелімде не дерін білмей қалды. Бірақ бүкіл сарайда оның алыстан орағытып жатпай, істің жөнін бірден сұрап, бұқпантайсыз әңгімелесетін адамы — қазына бастығы мен осы күтуші кемпір-ді. Бұл жолы да

зіркілдетіп алып бара жатқан ашуын зорға іркіп, жарықшақтау шығатын қоңыр даусымен бірден әңгіме бастады. Сөйлеп отырғанда тіке қарайтын шегір көзін кемпірдің жүзінен айырмады. Күтуші кемпір бұны әуелі үйреншікті әдетімен біразға дейін енжар тыңдады, сәлден соң барып, осыны шынымен айтып тұрма, әлде әмірші адамның бағыныштыларымен ойнайтын көп «мысық-тышқанының» бірі ме деген кісіше, селдір кірпігінің астына әзер жасырынған ала көзін оқыс тірілтіп, бұның жүзіне бажырайып бір қарап қойды. Бұдан айбынды ма, жоқ әңгіменің төркінін аңғарып қалды ма, ала көзін сабаудай-сабаудай сида кірпіктерінің астына қайтадан көміп алды. Бұның одан арғы әңгімесіне үнсіз құлақ тосты. Бір уақыттарда орақ мұрынның астында жығыңқы жатқан төрт-бес тал қылтанақ мұрты тікірейіп шыға келді. Бір шамаға дейін солай тікірейіп тұрды-тұрды да кенет қайта сұлады. Қан-сөлсізсұрғылт қаймыжық ерніне жымысқы күлкі жүгірді. Күтуші кемпірдің езуіндегі күлкіні көргенде, бұл сөзден тыйылып қалды. Кемпір Әміршінің неге тоқтағанын бірден түсініп, езуіндегі жымысқы күлкіні жым-жылас өшіре қойды. Иіліп тағы да тағзым етті. Бірақ Әмірші ендігі сөзді оның өзінен тосып, тым-тырыс телміре қапты.

Енді әңгімені күтуші кемпір бастады. Әміршінің аузынан шыққан әлгіндей сөздерден соң да ол бәз-баяғысынша нып-нығыз. Даусында да діріл жоқ. Аспай-саспай сөзіне кірісті. Оның мынау байсалды даусы, сабырлы жүзі, жалтармай тұрға қараған батыл жанары Әміршінің өзін аласарта түскендей. Әмірші сыр бермеуге тырысып, тырп етпестен тыңдап отыр. Қобалжыған көңілін талайды тергей, тыңдай үйреніп қалған сұсты жүзінің тасасына жасырып, күтуші кемпірден көзін айырған жоқ.

Күтуші кемпір айтарын айтып болғанда барып, иегімен «жүре бер» деп мегзеді. Қызметші иіліп сәлем етіп, манағысындай манаурамай аяғын ширағырақ басып шығып кетті.

Әмірші кемпірдің әлгі әңгімесін миына кірмейтін шым-шытырық шытырман бірдеңе тыңдағандай, басы мен аяғын таба алмай, дал болып отыр. Сонда кешегі шебердің құштым деп отырғаны ханым емес, басқа біреу болғаны ғой. Әміршінің қас-қабағынан қорқып қалған қалтырауық немелердің тапқан ақылдарының түрін-ай! Қиқар жігіттің басын қырқып тынатын жерде сау бастарына сақина тілеп алғандарын қарашы! Апырай, әлгі



неменің дәмесін қарай гөр! Падишаның ақ некелі төсегіне сұқтанған сұғанақ неменің көзін қалай құртса да, күнә емес. Оның үстіне ол қазір дегеніме жеттім, ханымның қыпша беліне қолым тиді деп жүр ғой. Кеше мұның алдына келгенде де, кешірілмес күнә жасап қойғанын әбден мойындап отырмады ма? Ендеше оның сол бір есірік ойын өзімен бірге құртып тыну керек. Шама-шарқын білмей, аспандағыдан дәметкен нысапсыз көзіне құм құю қажет. Енді мұның ішіне қатқан қанды сол күнәкар неменің дірдектеп аққан қор қаны ғана жуып-шая алады. Оның арам пиғылындағы мұның ақ некелі төсегіне түскен дақты ақымақ басын жалмаған ақ алмастың жүзіне жұққан қан ғана кетіре алады. Тек көлденең көз ештеңе байқамайтын, көлденең құлақ ештеңе естімейтіндей қып тып-тыныш жайғастыра алса болғаны.

Бірақ ел құлағы елу, олардың ештеңе естімеуі мүмкін бе? Тезірек жансыздарын базарға жіберіп, қара тобырдың не деп көкіп жүргенін білгені жөн.

Әмірші астамшылық ойлаған шебердің монтаны жанарын қалай құртудың қамына шындап кірісті. Бұрынғысындай емес, бір түрлі бойы сергіп қалғандай. Көңілі бықсық көп күмәннан арылды. Оның орнын енді өзегін өртше жалап бара жатқан өшпенділік жайлап алыпты.

Жансыздарды базардан не естіп келер екен деп тыпырши тосты. Көп ретте аузын бағып қарап жүре алмай, қайдағы жоқ қаңқу таратып жүретін қара тобыр бұған не істеу керек екендігін өздері айтып беріп отыратын-ды. Бұл жолы да ол әлгі жігіттің жазасын жұрт аузындағы лақапты естіп алып кесуге бел бұды.

Жас шебердің хан сарайға шақыртылғаны әлі ел құлағына тиіп үлгермесе керек, базарға әзір ешқандай алып қашты лақап тарай қоймапты. Ол енді жансыздарын шебер жігіт тұрған махаллаға жіберді. Махалла тұрғындарының айтуынша, шебер тұрған үйдің қожайыны Әмірші оны жаңа бір керемет мешіт салдырғалы шақыртыпты деп көкіп жүрген көрінеді. Әміршінің құлағына мынандай жай әншейін дарақы дақпырт тап онша жаға қоймады. Ол базарға жансыздарын араға біраз күн салып барып жіберуге бекінді. Сонда жұрт жас шебердің сарайдан осынша уақыт оралмай қалғанын қандай саққа жүгіртер екен?

Жаздың кербез әйелдің жүрісіндей мандымай қоятын мимырт күндері ұзақ сарылтып өтіп жатыр. Құлағына

елең еткізердей еш хабар тие қойған жоқ. Ұлы ханымның сарайынан да ешкім ат ізін салмай, тым-тырыс жатып алды. Әміршінің қызметшіден қызыл алманы кім жіберді деп сұрағанын естіген соң, енді қайтер екен, енді не болар екен деп, тың тыңдай қалыпты. Күллі дүние бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, сестерін шығармай, әлдеқандай бір көзге көрінбес мың сан сиқыр тесіктерден бұның әр қимылын қалт жібермей, жабыла аңдып, сығалап тұрғандай. Әмірші қапас зынданға кешегі шебер жігіт емес, өзі түскендей, ұзақты күнге тырп етпей отырады да қояды. Мынандай түбі шикі шаруаны алдымен ел аңғарын біліп алмай тұрып, жайғастыра салуға артынан тағы қандай қаңқудың өре түрегелетінін біле алмай дал болады. Қашан да тұтымындағы жұртты таң қалдырып үйреніп қалған басы өзі туралы ел арасына тарайтын ертеңгі лақаптың ұзын ырғасын алдын ала аңғарып алмай тұрып, ештеңе істемейтін-ді. Әншейінде сәл нәрсені өрт тиген қаудай лаулатып ала жөнелетін жұрттың аузына бұл жолы нендей тыйым бола қалғанына, қанша ойланса да, түсіне алмай қойды; Әмірші мықты болса, біздің лақабымызсыз өз бетімен іс тындырып көрсін деп, уәде байласып қойғандай, тырп етпей жатып алды.

Әмірші мынандай меңіреу тыныштықты ішінен сан саққа жорып бақты. Бірақ ешқайсысының қисыны келмейтін сияқты. Шаһар халқының арасында көздерінің жауын алып тұрған, көркем көгілдір мұнараны тұрғызған жасөспірім жігіттің аяқ астынан үн-түнсіз жоғалып кеткені жайында ешқандай қаңқу тарамауы миға кірмейді-ақ. Хан базардағы қарайған халықтың көзге ұрып тұрған көк мұнара жайында ауыздарына үн толтырып қойғандай, жақ ашпай қалғандары, сірә, тегіннен-тегін болмаса керек. Әлде бұл жуырда ғана білген сұмдықты олар баяғыда-ақ естіп біліп қойған ба? Әрине солай. Жұрт жаңа мұнараның соқырға таяқ ұстатқандай көзге бірден түсетін тосын сиқырын әлдеқашан-ақ талай саққа жүгіртіп үлгерген-ді. Бұл түсінгенді олар түсінбейді дейсің бе? Енді сол сұмдық масқара тістерінен шықса, бастары кететінін біліп, іштерінен тынып пұшайман боп жүрген шығар. Сонда осыншама халықтың арасынан бір көбік ауыз көкіменін табылмағаны ма? Әлгіндей сандырақ аузынан абайсыз шығып кететіндей есерсоқ ешкім болмағаны ма? Бұл қаншама қылышынан қан тамып, қатаң тәртіп орнатқан

күнде де ел аузына дәл осындай берік құлыптың салына қалуы мүмкін бе, сірә?!

Әмірші осы бір масадай жабылып жатқан мазасыз сұрақтардың ешқайсысына қисынды жауап таба алмады. Маңайы түп-түгел масасы мен сонасы қаптаған қара балшыққа айналып кеткендей. Аяғын аттаса болды, аранын ашып жатқан жұтпа ұйық бірден тұңғиығына тартып ала жөнелетіндей. Есік жаққа телміріп, тырп етпей отырады да қояды.

Алтын шайған абажа есік апталар бойы қылп етпей тұрып алды. Ақырында Әміршінің пәлен күннен бергі сарыла күткен шағы да келді. Абажа есік жайлап ашылып, ар жағынан жансыз көрінді. Бүгежектеп ішке озды. Бұның қарсы алдына жетіп тоқтады. Иіліп-бүгіліп тағзым етіп, бұның аузына қарап тұрып қалды.

— Иә, не естіп, не білдің?

Жансыз бұның жүзіне жалтақтай қарағыштап, әңгімесіне кірісті. Базардағы жұрт Әмірші енді мынандай мұнара өз астанасынан басқа ешқайда салынбасын деп, шебердің екі көзін ойып алып, қаңғыртып жіберіпті десіп жүрген көрінеді. Әмірші жансыздың жүзіне ұзақ тесіліп отырды да, бара бер деп есікті нұсқады. Жансыз жылысып шығып кетті.

Әмірші арқасынан ауыр жүк түскендей, орнынан атып тұрды. Шуылдақ тобырдың айтып жүргені, шынында да, миға қонады. Біресе күлімдеп жайнап шығатын, артынша-ақ өкпелеген жас баладай жәудірей қалып, қырық құбылып тұратын мынау сиқыр мұнараны тек аспан астындағы ең ауыр тәж бен ең биік тақты иемденген бұның ғана астанасында тұруға лайық екені де рас. Ондай әсем мұнараны басқа қалаларға да салып, бағасын түсірмеу керек дегендерінің де әбден жаны бар. Ендеше мынау жарық жалғанда енді мұндай мұнара салынбауға тиісті. Ондай аса сирек өнер қонған бір туар шеберлердің қашанғы киетін кебін әлгі жас жігіт те кисін. Қай-қай Әмірші де ондай шеберді өзінен басқа ешкімнің қолына түсіргісі келмейді. Ендеше сол көп шуылдақтың дегендері-ақ болсын! Дәл мынадай көрікті мұнара бәрібір аңыз таратпай тұра алмайды. Ендеше оған лайық аңыз табылды. Естіген құлақтың қай-қайсысына да бірден қона кететін әбден қисыны бар лақап.

Әмірші көптен бері өз бөлмесінен аттап шықпаған-ды. Сол күні бақ ішінде серуен құрды. Өзі жақсы көретін оңаша бұлақтың басына барып, ұзақ ойланып

отырды. Жер қойнынан сықылықтап күліп шығып жатқан мөлдір су баяғыдай ширыққан жүйке-жүйкесін түгел балбыратып, өне бойын бір бейжай сезімге бөледі. Әмірші екі шекесін қаусатып жіберердей сығып жатқан батпан зілден құтылып, омырауын ағаш-ағаштың арасынан ұрлана ескен майса самалға рақаттана тосты. Дүние балбырап тұр. Күлегеш бұлақ ауыз жаппай сықылық қағады. Ағаш басы сыбырласып, сусылдасып мәре-сәре. Асылы, пенде пақыр қайдағы жоқ азапты өзі ойлап табатын болса керек. Қайдағы жоқ қапырық сезімге беріліп, жоқтан өзгеге қамығып, зари қабатындай, соншама не бола қалып еді? Есірік дәмеге берілген есер неме тиісті жазасын тартады. Ол неме енді ешкімге сылқым мұнара да салмайды, ешкімнің басын әзәзіл боп арбай да алмайды; көрген жанның іші-бауырына кіріп бара жататын жаутаң-жаутаң қос жанарын жел қуық сәуіріктерді піштіретін қанды қол жендетіне өткір қанжармен ойғызып алдырып тастайды. Онымен ғана қоймайды, ханымды құштым деп ойлап жүрген пәтшағар ертең біреу-міреуге аузына келгенді көкіп қоймасын деп, тілін де қырықтырып тастайды. Сосын ол найсап бұл дүниеде үн-түнсіз күн көріп жатқан көп мақұлықтың бірі боп меңіреу тірлік кешеді...

Ол сол түні жайлы ұйықтап шықты. Ертеңіне таңертең зындан бастығын шақыртқалы отыр еді, кіріп келе жатқан Кіші ханымды көрді. Ханым есіктен аттай бере, иіліп тағзым етті де, мамырлап басып төрге озды. Бұның қасына жете беріп мүдіріп тұрып қалды. Қақ маңдайындағы күрең лағылға шағылысып жарқ-жұрқ ете қалған қос жанары бұрынғыдай емес, қазылыңқырап кетіпті. Өңі де құп-қу. Ханым сынық жүзін бұған тіктемей, бір қырын отырды. Әмірші оны мынандай ойда жоқта кіріп келер деп күтпеп еді. Қапелімде не дерін білмей, қысылып қалды. Сосын біраз уақыттан кейін барып, алдындағы өз-өзінен азып-тозған Кіші ханымды аяп кетті ме, қолын созып қасына шақырды. Мұның қолы тиюі-ақ мұң екен, бір қырын отырған ханымның ұзын кірпіктерінің ұшынан әлденеше мөлдір тамшы мөлт-мөлт тамып кетті. Кіші ханым Әміршінің қолына ернін басып, аяғының астына гүрс құлап түсті. Екі иығы селк-селк етіп, ағыл-тегіл жылап жатыр. Күні кеше ғана өзіне дүниедегі ең жексұрын адам боп көрінген, осы бір жас балаша өксігін баса алмай солқ-солқ жылап, аяғының астында жатқан әйелді қайтерін білмей, Әмірші абдырап

тұрып қалды. Осыдан аз ғана күн бұрын дәл осылай аяғына кеп жығылса, не істейтінін кім біліпті, бұл жолы ол қараптан-қарап жүдеп, иіні түсіп, азып-тозып кеткен ханымды мүсіркеп тұр. Төмен еңкейіп, қарынан тартып тұрғызып алды; сосын ығысып қасынан орын берді. Кіші ханымға ештеңе айтқызғысы келмегендей, оның өрттей лапылдаған жұп-жұпсақ екі алақанын қолымен басып, үнсіз қалды. Ханым әлі жылап отыр. Көптен бері көкірегінде тұрып қалған ащы жас, шамалыда таусылар емес. Әлден соң Әміршінің мына үнсіз аялағанын көңіліне медет қылды ма, жұбанайын деді. Омырауын өртеп бара жатқан ызаның ащы жасы сарқылған соң, ханым енді не істерін білмей, абыржып сала берді. Әмірші де ештеңе сұрамады. Екеуі үн-түнсіз әрі отырды, бері отырды. Біраздан соң ханым өзінің мына отырысына ыңғайсызданып, кетуге оқталды. Әміршіге тағзым етіп есікке қарай беттей бере, қайтадан кідірді. Сосын біраз уақыт әлденеге батылы бармай, мүдіріп тұрды да, төменшіктеп тіл қатты.

— Хан ием, сіз мұнараны салған шеберді қаматып қойып па едіңіз?

Әмірші ханымның мынау төбеден түскендей тосын сұрағына ішінен қайран қалып тұрса да, байсалды қалпы жауап берді.

— Иә.

Ханымның екі бету ду қызарып кетті. Әлгі сұрағын өзі орынсыз көріп қысылды ма, әлде бойын басқа бір сезім биледі ме, бұның аяғына қайтадан жығыла беріп еді, Әмірші шынтағынан сүйеп қалды.

— Оның ешқандай жазығы жоқ. Ештеңе де болған жоқ.

— Білем.

Ханым рас айтып тұр ма дегендей, көзін көтеріп, Әміршіге қарады. Оның жүзінен ашу көрмегеніне таңырқап, үн-түнсіз тұрды-тұрды да, есікке беттеді. Әмірші қашан шығып кеткенше, одан көзін айырған жоқ. Ханым есікке жете беріп, артына бұрылды. Әміршінің не ойлап тұрғанын аңғара алмаған кісіше, жаутаңдай бір қарады да, айран-асыр қалпы шығып кетті.

Ханымның мына келісіне Әмірші де қайран қап тұрған-ды. Бұрын-соңды ол Ұлы ханымның өзін үстіне сұраусыз бас сұқтырып көрген емес-ті. Кіші ханымның бұл қылығын қалай түсінуге болады? Әлде жорықтан оралғалы бас сұқпай жатып алған бұны көріп

сағынышын басқысы келді ме? О да мүмкін ғой. Оның үстіне Ұлы ханым жіберген қызыл алманың жайын о да естімеді дейсің бе? Өз-өзінен қапаға тұншығып, жарылып кетердей болған соң, не де болса барып, бет жүзін көріп қайтайын деп нартәуекелге бел буған ғой.

Әміршінің жүзінен ашу көрмеген соң, көңілін басып, өз бөлмесіне кеткен шығар. Бірақ бас жоқ, көз жоқ, бірден жас шеберді сұрағаны несі? Бет-моншағын белбеуіне түйіп келгендегі шаруасы жалғыз-ақ сол шебер жігіттің жайы ғана болғаны ма? «Оның ешқандай жазығы жоқ». Бұл не дегені? Әлде әлгі жас жігітті қанды жазаның құрығынан құтқарып қалғысы келді ме... Ендеше неге жалынбады, жалбарынбады. Мұның әлгі «білем» деген бір ауыз сөзін кешірімге жорыды ма екен? Иә, ол екеуінің арасында ештеңе болмағанын бұл біледі. Бірақ ажалдан да тайсалмай, аспандағы айға қол созған ессіз жігіттің алтын тәжді падишаның абыройына дақ түсіре жаздаған астамшылығын бәрібір кешірмейді. Әлгі көп шуылдақтың ештеңе естімей жатып, ауыздары қышып, көкіп жүргендерін тезірек шынға шығаруы қажет.

Әмірші өз көңіліндегі бір түйткілдің шешуін таба алмай-ақ қойды. Ханым жаңа есіктен шығып бара жатып, артына бұрылып неге қарады? Оның жаудыраған жанарынан бұл бір түрлі үрей сезгендей болды ғой. Ол мұның сыртқа сыр шашпайтын сұп-суық жүзін бүгін көріп тұрғандай, соншама неден сескенді? Әлде айтқан сөзінің бұған ешқандай әсер етпегенін көріп, тіксінді ме екен? Сонда бұл оның әлгі сөздері әсер еткенде не істеуі керек еді! Қапас зындандағы жас жігітті босатып жібер дейді ме? Ханым көңілінің қалауы не? Бұл оған жанға тиердей, шошытардай ештеңе айтқан жоқ. Ештеңені бетіне салық еткен жоқ. Ендеше ол осыншама неге үрейленеді? Әлде шебер жігіт жазаға ұшырап қалады деп қорқа ма? Абыройын аяқ асты қыла жаздаған ақымақ немені ханымның бүйтіп аяйтыны қалай? Қайта қара табан есерсоқтың әлгіндей оспадарсыздығын келіп өзі айтуы, қалың жұрттың алдында қара бет қып жазалауды талап етуі, сөйтіп күні ертең көп шуылдақтың сасық ауыздарында кеткелі тұрған абыройын ақтап алуы керек емес пе еді? Оның орнына бүгін кеп, ашып айтпағанмен, әлгі бұзақыға кешірім тілегендей рай танытты. Осының өзі әлгі немеге, шынында да, көңілі кетіп қалғаннан сау ма? Әйтпесе, бұның алдына қайдағы бір қу шұнақ құлға рақым тілеп келе ме? Жоқ-жоқ, бұнда бір гәп бар. Кісі

бетіне тіктеп қарауды білмейтін ұялшақ Кіші ханымның бұл келісі тегін келіс емес, ол не де болса, жанын шүберекке түйіп, нар тәуекелге бел буып келіп отыр. Басын өлімге тіккенге барабар қылық. Әлгі немеге жаны шындап ашымаса, ол мұндайға өлсе барар ма? Сонда... Сонда... Күтуші кемпірдің анадағы айтып жүргені не бопшықты? Әлгінде ханымның өзі де: «Арамызда ештеңе болған жоқ», — деп ант-су ішіп еді ғой. Соның бәрі жалған болғаны ма? Жоқ. Жоқ... Ханым мынау терезеден күні-түні телміре төніп тұрған әзәзіл мұнара тұспалдаған әлдеқандай жұмбақ аңсарға ханым тіпті де кет әрі болмаған. О баста-ақ, оспадарсыз жігітті аяп, оған нөкер қызын жібергенде де тек өзінің абыройын ғана емес, мұнара тұрғызған жас жігіттің басының амандығын да ойлап істеген. Ендеше оған көңілінің әуелден-ақ құлағаны. Бірақ алтын тақты хан сарайдың аруағын да аттап кете алмапты. Албырт жігіттің асау дәмесін жазғырмаған да, жазаламаған да...

Әміршінің ойы жылан арбаған торғайдай бір төңіректен шырқ айналып шыға алмай қойды. Бірақ мынау жер астынан жік шыққандай ойда жоқта сап ете қалған сұмпайы тұспалға көңілі әбден құлап тұр. Бәлкім, ханым өз құшағына ынтық болған асау дәмелі албырт жігітті тек мүсіркеп қана қоймай, өзі де алабұртып аңсаған шығар. Есіне анау жолғы түнде ханымның бөлмесіне барғаны сап ете қалды. Енді тапты... Ханымның сол жолғы түсінде құшқан еркегі басқа ешкім де емес — әнеу күнгі монтаны жігіт. Ханым онымен өңінде болмағанмен түсінде табысты. Ендеше ол сол бір жайнақ көз жас жігітпен өмірінде болмағанмен, көңілінде әлдеқашан қауышқан. Көңілінде ол ханымға бұдан гөрі әлдеқайда жақынырақ... Жаңа да соның жолына жанын құрбандыққа шалуға пейіл болып келді. Ал бұл болса шаршы ғаламды түгел тітіренткен Әмірші басымен түкке түсінбей, бала құсап, жылады екен деп мүсіркеді. Өмір бақи істеп көрмеген осалдығын жасады. Ұрғашының көзіндегі жас та бір, көзбояушының қолындағы алтын да бір — екеуінде де опа жоқ. Ханымның ақ неке төсегіне қаншалықты адал екенін әнеукүні түнде көзімен көрмеп пе еді? Ол өңінде аттай алмай жүргеннен түсінде аттап, өңінде істей алмай жүргенін түсінде істеп тынған жоқ па еді? Ендеше ханымның өңінде бұның алтын тәжді басының абыройын аттап кете алмай жүргені де қай ұрғашының да, қапелімде, тар төсекте алғаш табысқан бөгде еркекке аш беліне қол

апартпай, бір қауым уақыт қарсыласатынындай жай әншейін құр мезірет қана екен ғой.

Әміршінің ойына осы түскенде, өңменіне әлдекім пышақ сұғып алғандай болды. Оның талайды көрген жұмыр басына бұрын-соңды дәл мынандай жарақат түскенін көрмеп еді. Мынау ол бастан кешіріп көрген жәбір мен жапаның ешқайсысына да ұқсамайды. Ол тұрған жерінде күлге айналып бара жатқандай сүлесөк шөгіп, шөжіп отыра кетті.

### III

Әмірші бұл дүниеде ештеңеге құлқы болмай сұлқ жүр. Базардан күніне сан сапат шапқылап келіп жататын жансыздарды да енжар тыңдайды. Зындандағы шеберді жазалауға да асыға қоймады. Күні кеше ғана көкірегін зірк-зірк қайнатқан өшпенділік те жым-жылас жоғалған. Оңаша бөлмеде ертеден қара кешке миын жейтін ащы ішектей шұбатылған қым-қуыт ойлар әншейінде жүрек қыжылдатып, намысқа шабатын нәрселердің бәрін түп-түгел мәнсіздендіріп жібергендей. Әміршінің ештеңеге құлқы соқпайды, ештеңеге асықпайды. Тіпті бұған дейін бір сәт бастан кешіріп көрмеген мына ахуалының сырын түптеп білуге де зауқы болмады. Ебіл-себіл бір тіршілік. Бір бұйығы мұң өне бойын дел-салқып, әлсіретіп барады. Бұрлықтырып, белін жаздырмай, бүгежектетіп бара жатқан тымырсық жарақат. Ең болмаса жанымен қайғы қылатындай қып, қансыратып бебеулетпейді де.

Әмірші абайсызда басын жартасқа соққан асау шортандай әлденеге мәңгіріп қалыпты. Жер түбіндегіні ойлап, көріп-біліп отыратын сұңғыла басымен үш ұйықтаса түсіне кірмеген мынандай соққыға тап болды. Өзіне қиянат қылғандардың қай-қайсысы сияқты шебер жігіттің де көресіні көретінін іші біліп отыр. Бірақ оны қайтып азаптаса да, өші қайтатын емес сияқты. Оның күнәға ынтыққан арамза жүрегінен аққан қара қан бұның жанындағы жарақатты бәрібір жуып-шая алмайтындай. Қайта ол мұның өне бойын зіркілдетіп алып бара жатқан ашуды да, күні кеше ғана көкірегін ашмысықтай тырналап баққан ақи көз өшпенділікті де, тіпті алтын басты Әміршінің мынау жарық-жалғандағы ендігі тіршілігін түп-түгел пәтуасыздандырып жібергендей. Қаһарымнан Қап тауын ықтырам деп жүрген көкірегі



ашудан да, ызадан да, өшпенділіктен де түгел айрылып, ағысы қатты өзенге абайсыз түсіп кеткен қураған сабандай қаңғалақтап қалыпты. Пәлен күннен бергі бұрлықтырып еңсесін езіп жатқан тымырсық сезімнің аты алданыш та, жәбір де, жапа да емес, жай әншейін өкініш боп шықты. Зіркілдеген ашудан да, қанды қайнатқан намыстан да ада мұндай өлімсіреген бозымбай бейшара сезімнің өкініштен басқа аты болуы ешқандай мүмкін емес. Сонда шартарапқа тізесін басып отырған сайыпқыран Әмірші не деп өкінеді? Ай астындағыларды түгел дерлік қаққанда қанын, сыққанда сөлін шығарып жүріп, шынашақтай төмен етек ұрғашының жүрегін бір өзі дербес иемдене алмағанына өкінеді. Бір төсектегі екі пенде екеуінің көңілі екі қиян жаратылғанына өкінеді. Сонда оның мынау тымырсық өкінішінің ар жағында Кіші ханымға деген өкпе жатқаны ма? Сонда алтын басты падиша төмен етек ұрғашыға өкпелей ме? Әмірші осы бір қара шыбындай оңай балалап жатқан пендешілік ойлардан серпілгісі, енді ештеңені ойламағысы келеді-ақ. Бірақ мынау құлазыған жалғыздыққа қарсы қылар қайраны — қайдағы-жайдағыны ойланып бас қатыру ғана. Осы бір аңылжыған жалғыздық көптен бері арқасына аяздай батып жүр. Көзге шыққан сүйелдей боп, өзге көптен жеке тұратын дара тіршілік әбден жүйкесіне тиіп біткенді. Бауырындағы балаларын әке боп, қойнындағы қосағын жар боп қызықтамаққа да мұршасы болмапты. Бауырынан өрген ұрпақ бұл мейірім білдіруге үлгермей жатып, ат жалынан тартып мініп, алды-артына кетіпті. Ол сол баяғы үйде де, түзде де құдай жалғыз, бұл жалғыз қалпында келе жатыр. Дүниеде көз алартатын жауының көбінің көзіне құм құйып, арқасын енді кеңге саларда Кіші ханымды түсіріп еді. Қартайған тәннің бабын табатын жас иіс болсын деп емес, жалғыздықтан қажыған жаны медет тұтатын қара болсын деп түсіргенді. Кіші ханымның жастығына қарамастан орнықты, әйел басымен сабырлы мінезіне, ылғи бір арнадан аспайтын ибалы ізетіне көңілі бітіп жүр еді. Ана жолы алыс жорықтан оралғанда алдынан аспанмен тайталасқан көркем мұнара салып қойғанын көргенде, төбесі көкке жеткендей болып еді. Сол бір сүйек-сүйегінің бәрін еріткен көл-көсір қуаныштың енді, міне, күздің мизамындай көзінен бір-бір ұшқанына өкінеді. Тек Кіші ханымның көңілі ғана емес, күллі фәни тірлік түгелінен жалғаншылық екеніне көзі жетіп өкінеді. Дүниеге жұмыр басты дербес иеленіп

туатын пенде пақыр өзгені қаншама қара тұтсын мейлі, қашан көзі жұмылып, жер астына түскенше құраған қу бас жалғыздықтан бәрібір құтыла алмайтынына көзі жетіп өкінеді. Бірақ жұмыр басты пенде біткеннің бәрі солай ма? Маңдайларына біткен азғантай бақ пен ырысты үрім-бұтағымен бірге бөлісіп, бұйырғанды қанағат тұтып жатқандар өмірі, сірә, жалғызсырайды дейсіз бе? Пенделік бақыт деген де сол шығар. Адамға лайық аз ғана тіршіліктің де, бәлкім, бар мән, бар мағынасы тек сонда тұрған шығар. Одан арғыға қанша кереленіп құлаш ұрғаныңмен пендеге бәрібір қанағат та, бақыт та бітпейтін болар. Соның бәрін қаншама арман, мақсат, мұрат деп күпілдегенімізбен, түптеп келгенде, жай әншейін ашқарақтық, тойымсыз нәпсінің ындынын күйттеген күпірлік қана шығар. Күпірлік жүрген жерде рақат пен ләззат болмақ емес. Ай астын аяғына жыққан бұл бір күн тыныш ұйықтады ма, бір күн қаннен-қаперсіз боп отыра алды ма? Ендеше, жұмыр басты пендеге соншама көп нәрсе керек емес екен. Жұмыр басты пенденің кез келгеніне лайық күйбең тірліктің қарапайым рақатынсыз қонған бақ пен даңқтың қай-қайсысы да соқыр тиынға тұрмайды екен.

Кіші ханым да дәулетке де, дәрежеге де місе тұтпай, жұмыр басты пенденің қай-қайсысына да тиесілі кәдімгі пенделік бақытты, пенделік қызықты аңсағаны ғой. Жұмыр басты пенденің қыл-қыбыры аралас қарапайым қызығының жолында тәж бен тақты да құрбандыққа шалуға пейіл болғаны ғой. Алтын менен асылға толы сарайдан не керектің бәрін тапқанмен сол бақытты таба алмай, аласұрған болды ғой. Кіші ханым аңсаған әлгі пенделік бақыт мұның өзінде бар ма осы? Тақтың барын біледі, тәждің барын біледі, атақтың, даңқтың, дәулеттің, биліктің барын біледі. Бірақ бақытқа келгенде өзінің де тілі күрмеліп қалмай ма? Ызғындай ұрпақ, мол ырыстың ортасында отырып, айдалада жалғыз қалғандай, айналасы құлазып тұрса, мұның несі бақыт! Өзге түгілі өз үйінде астына ине шаншып қойғандай, жан-жағынан сезік аңдып, алақтап отыратын болса, несі бақыт? Өзге еркектер еркін кіріп, еркін шығатын өлең төсегіне жұрт көзінен ұрланып кіріп, ұрланып шығатын болса, ол не қылған бақыт? Елді аузыма қараттым деп жүргенде, ертең жұрт не дер екен деп жаны тырнағының ұшында тызығып отырса, ондай да бақыт болар ма? Пенде біткеннің бәрінен жоғары тұру жалғыз құдайға жарасқан дейді

ғой. Адамға біткен астам даңқ, астам күш, астам өкімет, астам дәулет, астам өнер, түптеп келгенде, бәрі де бақыт емес, сор шығар. Айдай әлемді аузына қаратқан бұл түгілі, мұнара салып, бір шаһардың халқының көзіне түскен әлгі шебер жігіттің көрген күні мынау емес пе?! Түптеп келгенде, бұл үшеуінің күні күн емес. Басқа жұрт, ең болмағанда, дау-далабасын, іштерін кернеп бара жатқан құсаларын айтып, шер тарқататын кісі табады ғой. Бұл үшеуінде о да жоқ.

Егер осындай хал өздерінің емес, басқа біреулердің басында болып, бұдан билік сұрап келсе, үшеуін де жазғырып, жазаға тарта алмас еді. Ал бұл жолы ол кесімін айта алмайды, ол кешірімін жасай алмайды. Өйткені, үшеуі де бейшара, үшеуі де бір-бірінің мейіріміне телмірген қайыршы. Өңшең бейшара бір-біріне не көмек көрсете алады, өңшең қайыршы бір-біріне қайыр беріп не қарқ қылады? Ендеше бұның жас шебер жайындағы ел айтып жүрген лақапты расқа айналдырып тынам деуі әбден дұрыс. Шындап келгенде алтын саусақ шебердің жеңдеті бұл емес, көрмей-білмей сырттан тон пішіп, қор көкіректерінен шыққан күңірсік өсектеріне өздері де сеніп, өзгелерді де сендіріп жүретін әлгі өңшең шуылдақ қара тобыр. Шебер де, ханым да, бұ да — солардың сілімтік көздері мен пыш-пыш сөздерінің құрбандары. Егер бұл бір-біріне іңкәр боп, өліп-өшіп жүрген екі мұңлықтың тілеулерін берсе, ең алдымен сол көп шуылдақ шулап шығар еді. Мұның атарға оғы жоқ дұшпандарының өздері мұны сол сасық ауыз көп шуылдақтың айтып жүргенін бетіне басып табалар еді. Қайдағы пәлені бастап жүретін де солар, бұған ең азы күнәкар шеберге кесілер үкімді де солар айтып беріп отырған жоқ па? Ендеше сол немелер дегендеріне жетіп тынсын. Сөйтіп өздерінің бауырынан шыққанды өздерінің аузынан шыққанға жем қыла берсін! Өз лақаптарына өздері адаса берсін! Әйтеуір мұның сүйегіне дақ түсіргелі тұрған масқараны білмесе, көрмесе болды. Ендеше сол көкіме тобыр әлгі қанқуларынан айнамай тұрғанда, тағы бір лақап таппай тұрғанда, жігіттің жазасын беру керек.

#### IV

Зындандағы тағы бір орын босады. Асылық ойлап, аспандағыға қол созған астам тілек шебердің нұр жайнаған қос жанары жеңдеттің қолындағы шоқ шашырап

тұрған істік темірден ағып түсті. Бейшара жігіт көзінен айрылып, бебеу қағып жатқанда, тілі қырқылды. Қанқан құр сүлдерді қыл арқанмен буып-буып, түн қараңғысында екі жендет дарияның ар жағындағы бір қыстаққа апарып тастады.

Талай жанның басын жұтқан Байтақ шаһардың көріп отырғаны бір бұл емес. Елден асқан өнер көрсеткен талай шебер осындай халге ұшыраған-ды. Бірен-саран жүрек жұтқандарының әлгіндей қатерлі жазадан қашып құтылғандары да болды. Жендеттің көмейін алтынға көміп, бастарына зауал төнген, Байтақ шаһардан ебін тауып, қашып кеткендер де бар. Олардың бір қатары өз өнерімен біржолата қоштасып, басқа кәсіпке көшсе, енді бір парасы ел асып, жер асып барып, басқа падишаларды паналайды. Ал азын-аулақ жүрек жұтқандары тақта отырған падишаның өлгенін күтіп, жаңа падишаның рақымына ұшырап, Байтақ шаһарға қайта оралады.

Сондайдың біразынан хабардар Әмірші жас шеберді көз бен тілден айрылған соң да өз көзімен бір көріп тексеріп шықты. Қапқа салынып шандулы жатқан құр сүлденің, өзі жазаға кескен шебер екеніне көзі әбден жеткен соң барып, айдаладағы қыстаққа апарып тастауға әмір етті.

Бірақ осынау жұлма-жұлмасы шыққан құр сүлдерді көргенде, бұрынғы ата дұшпандарын жазалағандағыдай айызы қанып, рақаттанбады. Ішінде шебер жатқан ала қапты көтеріп әкеліп көрсеткен екі жендет те бұған жай әншейін тауық ұрлап, тайынша ұрлап қашып жүрген сұғанақ, біреулердей көрінді. Олар осы бір ұрлық қапты сарайдан тезірек алып кетсе екен деп асықты.

Ертеңіне оған абажадай хан сарай бұрынғысынан бетер құлазып кеткен тәрізденді. Базар жаққа жіберген жансыздары да жарытулы ештеңе айтып келмеді. Қалтқұлт безбеннің екі басына кезек алақтап тұратын саудагер немелер көк тіреген көгілдір мұнараға қарап қоюға да мұршалары жоқтай. Шаңқ-шаңқ саудаласып, сарт-сұрт қол алысып, артық тиын-тебен жырғандарына мәз. Ол немелер тіпті дүниеде бұның, Ұлы Әміршінің бар екендігін де ұмытып кеткендей. Шаһар іші тым-тырыс. Әлде бәрінің де осылай бітерін әлдеқашан біліп қойған ба, бұл жіберген саудагер боп жүрген, дәруіш боп жүрген жансыздар қала халқынан да, шартараптан шұбырып жататын келімсек саудагерлерден де құлақ елендетер-

дей ештеңе ести алмай қайтады. Жансыздар енді Ұлы Әміршінің көзіне көрінуге беттерінен басатын болды. Жансыздың бастығы базардағы шуылдақтың мынау сілтідей тына қалғандарын ішінен жақсылыққа жори қоймады. Саудасымен болып жатқан дағара бас алыпсатарлардың жылтыраған сақал-мұрттарының әр қимылын аңдып, іштерінде қандай ит өліп жатқандарын біле алмай дал болды. Енді олар саудасы жүріңкіремей, дүкендеріне көп адам келіп-кететіндерді тек базар ішінде емес, үйлерінің маңынан да аңдитынды шығарды. Махалла-махаллаларда қаңғырма дәруіштер, қайдағы бір ақсақ-тоқсақ қайыршылар көбейіп кетті. Бір топ жансыз баяғыда үйіне мұнараны салған ортөбелік шебер жігіт тұрған судагерді айналдырып көріп еді, ол неме де хабарға жарытпады. Сол баяғысынша кімді әскияда жеңгенін, кімнің бөденесіне бәс тіккенін айтып лепіргеннен басқа оның аузынан да жартымды ештеңе шықпады. Тек бір рет: «Мұнараны салған шебердің әкесі де баяғыда дәл осылай қуғынға ұшырап, қашып кеткен-ді. Содан араға жиырма жыл салып, баласын Байтақ шаһарға әкеліп, мешіт салып жатқандардың арасына қызметке орналастырып, көксау аурудан өліп қалды. Көрерсіңдер, баласы да сөйтеді. Бұның үйінде тастап кеткен дүниесі бар, соған ақыр түбі бір келеді»,— деп мақтаныпты. Жансыздардың бастығы оның соңына енді мықтап түсті. Бір күні жансызын әскияға жіберіп, әлгі мылжыңмен айтыстырып көріп еді, қызып алған неме, талай-талай сандырақты көкігенмен, ханым мен шебердің арасына килігетіндей ештеңе айтпады.

Әміршіге шаһар халқының дәл мынандай ауыздарына сақ бола қалғандары ұнамады. Оның сырына түсіне алмай, талай таңды көзінен атырды. Өз тілдерін өздері жұтып қойғандай меңіреулене қалған көп шуылдақты қайтадан қайтып дуылдатарын біле алмай дал болды. Ертелі-кеш ерсілі-қарсылы сенделе-сенделе жіліншегі үзіліп кете жаздайды. Абажадай кең бөлмедегі әрбір тозаңды жатқа білетіндей болды. Енді оның ішінен қаңғыма ойына ілесіп айдалаға лағумен болатын кезбе жанарын бірауық тоқтататындай да ештеңе таба алмады. Қайта-қайта терезе алдына келеді. Терезе алдына келсе, ішіне шоқ түсіп кеткендей байыз таба алмай жүрген мұны үнсіз табалап тұрған көк мұнараны көреді. Көк мұнара басы қатқан падишаны әжуалағандай күлім-күлім етеді.

Кейде сол күлімдеп тұрған көк мұнараға көзі түсетін көп шуылдақтың бәрі де сыртынан бұған миықтарынан күліп тұрғандай көрініп кетеді. Мына күлімдеп тұрған әзәзіл мұнараны көрген есі дұрыс адамның ештеңе ұқпауы, ұқса, мұны әжуа қылмауы еш мүмкін емес. Ендеше мынау көк мұнараны құртып тынуы, сүйтіп жұрттың езуіндегі жымысқы күлкіні көмірге айналдыруы керек. Әйтпесе ол мынау жан алғыштай жалаңдап қыр соңынан қалмай қойған қиянқы мысқылдан құтыла алмайды. Әркімнің жүрегіне қонақтап алған әзәзіл табаны сүйтіп аластағаны жөн.

Енді жазыла бастаған жон арқасы кенет қайта құрысып қалады. Бұл ханым тұрғызған көк мұнараны өз қолымен қиратқызса, ел көңіліне қонақтаған әлгі бір сұмпайы лақапты өзі растап шықпай ма? Біреуден біреу естіп, анық-танығына көздері жетпеген соң, пұшайман болып жүрген күмәндарын біржола шындыққа айналдырып, басына төніп тұрған масқара бұлтын өз қолынан қоюлатып алмай ма?

Ол қайтадан амалы таусылып, кеміріліп бара жатқан екі шекесін қолымен мытып ұстап, шөгіп отыра кетеді. Солай ал-сал отырады да, бір уақыттарда қарғып тұрады. Жаңа ғана амалсыздықтан күлгін қоламтадай бозарып жатқан көмескі жанары кенет шоқтанып шыға келді. Мына томсырайған еріндердің ар жағынан бері шыға алмай жатқан пұшайман қаңқуды сол жатқан жерінде біржолата тұншықтыратын амалды ақыры тапты. Оның бұдан артық жолы болуы еш мүмкін емес. Көк мұнараға байланысты бар шындықты өз көзімен көріп, өз қолынан өткерген бір ғана адам бар. Ол — бас шебер. Ел арасына қаңқу тараса, тек содан ғана тарайды. Ендеше оның көзін құрту керек. Мынау іштерінен тынып жатқан ұры көз жұрттың назарын соған аударуы керек. Күлімдеген көк мұнараға бір жан қол көтерсе, тек сол ғана көтере алады. Бас шебердің өзінен бір мысқал асып кеткен кісіні әкесін өлтіргеннен бетер жек көретінін басқа білмесе де, бұл біледі. Көк мұнараның елге көрсетпей бір кірпішін алып таста десе, ол қуана-қуана істейді. Іші тар шебер сосын қылмыс жасап жатқан жерінде ұсталады. Ел арасына «Бас шебер көк мұнараны салған жас шеберді көре алмайды екен, ол салған мұнараны астыртын құлатып тастай жаздапты. Тіпті анада Әміршіге жас шебердің үстінен ғайбат айтып барып, жазалатқан да сол екен», —

деген қаңқу тарайды. Әмірші өз тұрғыласына қысастық қылған іші тар шеберді жұртқа естіртіп жазалайды. Көп шуылдақтың сосынғы әңгімесі екі шебердің арасындағы бақастық турасында боп кетеді де, ханым жайындағы қаңқу өз-өзінен жоққа шығады. Бұның астанасының көркі — көк мұнара да сол орнында тұра береді. Әміршінің айтқанын жансыздардың бастығы бас-аяғы екі күннің ішінде жайғастырып шықты.

Аяқ-қолына кісен салынып, айдалып әкелінген бас шеберді Әмірші тергеп-тексерген де жоқ. Сақал-шашы бір түнде ағарып кеткен бас шебердің жүзіне тесіле қарап отырды да, әлдене дегісі кеп, кемсеңдей бастағанда, қасындағы сақшыға дереу аузын байлатып:

— Ғайбатшыл неменің басын пәлеге душар қылған сасық тілін кесіңдер де, зынданға апарып қамандар. Сонда шіріп өлсін!— деп әмір етті.

Ол есіктен сүйретіліп шығып бара жатқан бас шеберге жиіркене қарап тұрды. Опасыздық пен зұлымдықтың қыл көпірінен талай өткен Әмірші іші тар, күншіл адамдарды жек көретін. Бірақ қарауындағыларға бастықты ылғи сондайлардан қоятын. Әсіресе шеберлерге, зергерлерге, ұсталарға әр қилы өнер адамдарына, ылғи да ішегіне қыл айналмайтын қарауларынан бастық қоятын. Өйткені, ол өз астанасының ажарын дүниедегі барлық астаналардан асырмақшы еді. Сол үшін де дүниедегі ең мықты деген шеберлерді өз қол астына жиып баққан-ды. Мұндайда кең пейіл кісінің мақтағандарын жинағаннан гөрі әлгіндей қызғаншақ, тар пейіл кісілердің жамандағандарын жинаған дұрыс. Өйткені, дүниедегі ең қырағы көз қызғаншаққа біткен. Ондай немелер өзінен сынық сүйем асатын біреуді көрсе болды, дереу байбалам сала бастайды. Дәл мынау есіктен сүйретіліп шығып бара жатқан көзі ылғи қысыңқы, құлағы ылғи түріңкі жүретін ылғи қатпа, жыламсақ неменің ғайбатының арқасында ол талай-талай бармағынан бал тамған шеберлерді тапқан-ды. Бірақ өзін бас шебер қойғанмен Байтақ шаһарда жұрттың көзіне түсетіндей ештеңе салдырмады; ол салған жалғыз нәрсе — хан сарайының астындағы тас зындан ғана. Тас зынданға түсер жерге Әмірші: «Барар жерің бәрібір жердің асты»— деген бір ауыз сөзді қашап жаздырған-ды. Ендеше, әлгі неме сол өз қолынан салынған тас зынданға өзі барып отырып көрсін.

Әмірші мынау сілімтік немені зынданға салғызғанына анадағы жас шеберді азаптағанынан гөрі әлдеқайда көбірек айызы қанып қалды.

## V

Бас шебердің зынданға түскені жайлы хабар шаһар ішін бір дүңк еткізді де, басыла қалды. Әбден ажалы жетіп тұрған құраған шөпке от тигендей тез тұтанды да, тез сөнді. Бір-екі күн бойы өлген әкелері тірілгендей екі езуі екі құлағында келетін жансыздардың қабағы қайта салбырады. Үлкен ханымның сарайы сол баяғысынша тым-тырыс. Әмірші есігінен аттаған адамның аузына телміреді, әр қимылын көзімен тінтіп сыр тартқысы келеді. Тіпті дастарқанға қойылған тамақтан да, салынатын төсектен де, қызметшілері күнде жаңартып әкелетін киімдерден де әлдеқандай тұспал іздейді. Бірақ ешқайсысынан да назар аударта қоятындай нышан байқамайды. Бәрі де тап-тұйнақтай. Енді оған қызметшілері бұның көңілінің қалтарыс түкпірінде жатқан ең бір тұңғық құпияны түгел біліп ап, бұның ойына күдік шаптырмаудың айла-амалын қарастырып жүргендей көрінеді. Тіпті күні бойы шаһарды шарлап қайтатын жансыздарының өзі бұның жанын жараламасқа естіген жайсыз хабарларын жасырып, әншейін көңіл алдарқатар бірдеңелерді әдейі айтып келетін секілді. Шынында да, мұның шамына тиетіндей сөлекет хабарды олар естісе де, тістерінен шығара ма? Өйтіп өле алмай жүр дейсің бе? Ендеше, елден естідік деп айтып келетіндері шетінен шып-шылғи өтірік.

Шаһардың халқы мынау жұмбақ мұнараны әлдеқашан-ақ сан саққа жүгіртіп қойған. Олар мұнараның күлімдейтінін де, жас шебердің жазаға қалай ұшырап жүргенін де, бас шебердің ойда жоқта зынданға қамалу себебін де жақсы біледі. Қажет десеңіз, Ұлы Әміршінің жорықтан қайтқалы Кіші ханымның сарайынан аттап шықпай қойғанының сырынан да хабардар. Әмірші жас иіс қызықтап, жар құшып алдарқанатын жастан кеткен. Ендеше ол осынша ұзақ уақыт нақ сүйерімен мауқын басып жатқан жоқ. Бетіне шіркеу бірдеңесі болған соң ел көзіне көріне алмай жатыр.

Әмірші осыны ойлағанда, әлдекімнің сұғанақ қолы шымбайына батыра шымшып алғандай ыршып кетеді. Орнынан атып тұрып бөлме ішінде сенделіп жүреді,



жүреді де, байыз таба алмай бақ кезеді. Өзінен басқа тірі жан аяқ баспайтын, оңаша бақта да мың сан көз оны тасадан бағып, көз жазбай аңдып тұрғандай көрінеді. Ол көп жүрмей бөлмесіне қайта оралады. Әлдекім желкелеп әкеп, осы бір төрт қабырғаның ортасына қамап кеткендей, ешқайда аттап шыға алмайды. Құлыпсыз түрме, кісенсіз тұтқын. Ол үшін ендігі тірлік түп-түгел түрмеге айналғандай. Оған ең азы, кез келген жұмыр басты пенденің көлденеңнің көзінен тасадағы азын-аулақ еркіндігі де бұйырмаған. Әр адымы санаулы, әр сөзі аңдулы. Былайғы пенденің бәріне тән қарапайым тілек, іңкәр атаулы оған жат. Өйткені ол жұрт таңғалмайтындай ештеңе істеуге тиісті емес. Жұрт секілді қарапайым іс істесе, жұрт секілді қарапайым сөз сөйлесе, көбік ауыз көп қара таяқтың табасына ұшырайды. Бұның ашса алақанында, жұмса жұдырығында жүріп қалған қара тобыр күні кеше тәңір тұтып, аузына қарап жүргендері өздері сияқты жай әншейін пенде болып шыққанын көрсе, тұлындарын түтеді. Баяғыдан бергі алданып келген ақымақтықтарының өшін табамен қайырады.

Олар дәл осы қазір де мұны жабыла жамандап, жабыла табалап жатпағанына кім кепіл? Талай-талай тәж бен тақытты жай түскендей домалатқан падиша еркектің темір тегеурінін аңсаған мекер ұрғашының қомағай қолқасын орындайтын қайран таба алмай қор болғанын айтып, ішек-сілелері қатпайды дейсің бе? Кез келген еркек кіндіктей өз көзіне шөп салған өзге еркектен кегін жария қайырмай, бұқпантайға салып жүргенін айтып мазақтамайды дейсің бе? Тәңірден соңғы зор деп жүргендері кісінің қоры боп шыққанына әбден айыздары қанып, бір жасап қалатын шығар. Шіркін, сол бір сыпсың-сыпсыңды өз құлағымен естір ме еді. Сандарын соғып, беттерін шымшып мәз-мейрам боп жатқандарды өз көзімен көрер ме еді... Мынау көкірегін көр тышқандай кеміріп жатқан меніреу күдік-күмәннан соның өзі дұрыс болар еді. Бұл ел аузына құм құям деп тыраштанған сайын сол сұмпайы лақап күшейе түсетін сияқты. Ендеше бұл несіне бұқпантайлайды. Ел көзіне неге көрінбейді.

Енді не де болса, мынау қаракөлеңке үңгірде кәрі аюдай қамалып жатып, абырой таба алмасы белгілі болды. Ел не десе о десін. Қайткен күнде де мынау байлаусыз тұтқыннан босанбай болмайды. Күмән мен күдіктің шірік арқанын үзіп, халықтың көзіне көрінуі керек. Сонда

жұрттың ауыздары барып айта алмай жүргендерін, ең болмаса, көздерінен аңғарады ғой.

Ой, шіркін, баяғыдағы бір замандар болса, дәл қазір қара тобырға қас қылғанда ұлан-асыр той жасар еді. Жұртты аузы-мұрынынан келтіріп, шарапқа қандырар еді. Сосын мас болғандардың не деп көкіп жүргендерін тыңдап көрер еді. Олай етудің енді, міне, еш қисыны келмей тұр. Байтақ шаһар түгілі төңірегіндегі өз әулеті мен әмірлерінің не ойлап, не қойып жүргенін біле алмай пұшайман. Олардың басын қайтып қосса екен... Шынында да мына мұнара оның бетіне шіркеу болған тәрізді. Бұның осы бұншама бүгежектеп қалғаны несі? Қанша дегенмен жалпақ жаһанды қалтыратқан қаһарлы хан аты бар емес пе? Сол немелерді жиып ап, бетпе-бет кездесіп, көздеріне неге үңіліп көрмейді. Оның үстіне мынау тас қамауда қашанғы қамалып отыра бермек. Басқаны былай қойғанда бауырынан шыққан шұбар жылан Кіші ханым мен әр адымын аңдып, тың тыңдап жатқан бәйбішесіне, солардың соңындағы көп шуылдақ нөкерге таба болмай, серпілмей ме бір... Өзі не істесе де, ауыздарын ашып, айран-асыр қылатын қор көкірек көп надан, бәлкім мұның бұл қылығына да жерден жеті қоян тапқандай таң қалар. Ең болмағанда, әйтеуір, өз төңірегіндегі көп шуылдақтың көңілдеріне не қашып жүргендерін аңғарып қайтады ғой.

Ертеңіне Әмірші бас уәзірді шақыртты. Бас уәзір есіктен бүгежектеп әрең аттады. Бір қараса ар жағындағыны түгел көріп қоятын бадырақ көзін жерден көтерген жоқ. Әмірші бұйрығын айтып бола бере, құлдық ұрып шығып кетті. Әміршіге кәрі түлкінің дәл мынадай қорғалақтап қалғаны ұнамады. Өз ойындағы күмән шын боп шығып жүрмесе қайтсін. Сарай маңындағылар Әміршінің кейінгі қылықтары неден өрбіп жатқанынан түгел хабардар емес пе өзі? Әлгі түлкі бірденеден сыр алдырып қалам ба деген кісіше кетуге асықты ғой. Өңінде бір үрей бар сияқты. Әлде бұдан өзі жоқта мынандай сұмпайы мұнараны неге салдырдың деп, бас шебердің кебін кигізіп жүре ме деп қорықты ма екен? Ол да мүмкін-ау! Қап, өзін жібермей ұзағырақ ұстай тұрмаған екен. Көп адам мұның үнсіз сотына шыдай алмай, қипақтап бітетін. Ол бос уәзірді тағы көргенше асықты. Одан басқа сарай адамдарын да, балалары мен әмірлерді де тезірек көргісі келді. Олар да әлгі бас уәзір құсап бүгежектер ме екен, жоқ па екен? Егер олар да жаңағы

құсап, бастарын іштеріне алып, қорғалақтай бастаса, бірдеңені білетін болғандары...

Төрт-бес күннен соң Ұлы Әмірші аңға аттанатын болды. Үйір-үйір аңшы иттер, тазылар, садақшылар, Әміршінің қара-құрым жеке нөкері, аспаздары мен қызметшілер, аң үркітетін кернейшілер мен дабылшылар — ұзын шуақ керуен астанадаң шығып, ту-ту көз ұшында еміс-еміс көгеріп жатқан зеңгір тауларға беттеді. Бір күншілік жол жүріп керуен тауға да жетті. Сарай адамдары, әкімдер, қол басылар, Әмірші әулеті ақар-шақар шыңдардың арасынан арсы-гүрсі құлайтын жойқын өзеннің бойындағы ну жынысты қойнауға шатырларын тікті. Тау арасы мен өзен бойындағы жыныстарды түгел сүзіп шығатын болды.

Қызылды-жасылды керуен, жүзіктің көзінен өткендей сүлік сәйгүліктер, бес қарулы беліндегі сәнді саптар бұның баяғы бір шарасына толып шалқып жүрген дәурендерін еске түсіргендей. Жазықта миыңды шағып тұрған шақар шілде тау қойнауына кірген соң, қайратынан айырылып қалыпты.

Тау бойына қонған күні Әмірші ағыл-тегіл дастарқан жайды. Шарап судай ақты. Жұрт қанша дуылдасқанмен, Әміршінің құлағы елең етердей ештеңе аңғарта қойған жоқ. Бәрі де сол ертең басталғалы тұрған аңшылықтың жайы. Ат мақтаған, ит мақтаған, құс мақтаған кеу-кеу. Мергендіктерін салыстырып қызарақтасқан мақтан әңгіме. Әмірші айналадағы абыр-жабырға құлағын тоса отыра ренжірін де, қуанарын да білмейді. Әлденеден алданып қалған адамдай, қабағын салбыратып, тұнжырай түсіпті.

Сол күні түнде де көз іліндіре алмады. Аңшылыққа қонған самсаған көп шатырда сес жоқ. Маңай тымтырыс. Сыртта маужыраған жазғы түн. Саф ауа, өн бойын ал-сал албыратып бара жатқан бал шарап. Ертеңіне ертемен басталғалы тұрған ду-ду сайран. Одан артық қандай рақат керек. Көрші шатырлардан қор-қордыбыс көбейді.

Әміршінің жақсы көретіні осындай түндер, осындай өмір. Сонау Байтақ шаһар мен қыстақтардың шым-шытырық махаллаларына тарап-тарап кеткеннен кейін соңындағы мынау көк найзалы қарақұрым қол түзеп жүрген көп еркек әрқайсысы бір-бір қатер, бір-бір үрейге, ең құрығанда бұл жайында аузына не келсе, соны оттап отыратын бір-бір көкімеге айналады. Ал қасында

жүрсе бәрі жіптіктей, бәрі момақан. Қасы мен қабағына қарайды. Кейде тіпті олар бұның шетсіз-шексіз көп үрім-бұтағы секілденіп кетеді. Әншейіндегі бейбіт өмірден бір елі аттап шыққан соң, бәрі бірдей бұны паналап, баурына кіре түскендей. Міне, айлы түнде, жан-жағынан анталаған ақар-шақар шындардың арасында, бабасының төсегін шыр айнала қоршап алып ұйықтайтын тентек немерелердей, қаннен-қаперсіз қорылдасып жатыр. Аңғар табанындағы ағын су солардың құдіретті қорылымен бәсекеге түскендей, түнгі тыныштықты басына көтере сарқырайды. Оның сергек құлағы жұп-жұқа жібек шатырдың ар жағындағы ұлан-асыр дүниедегі сәл сыбыс, сәл сыбдырды қалт жібермей қағып ала қояды. Жүйкеңді тікен боп шағар, кірпігіне тіреу боп қадалар бөгде дыбыс жоқ. Түнгі тыныштық тамылжып-ақ тұр. Бірақ көзіне ұйқы үйірілмейді. Айналадағы жыныс арасынан аң иісін сезе ме, оқшау қостағы тазылар қайта-қайта қыңсылай береді. Шатыр сыртында құлаққа естілер-естілмес қыбыр көп. Әлдебір жәндіктер жыбыр-жыбыр түнгі тіршілігіне кіріскен. Әлдеқайдан шілделік шырылдайды. Соншалықты қарапайым болса да, бәрібір ақылың жетпейтін шым-шытырық шытырман дүние. Пәлен күннен бері көкірегін көк түтіндей бықсытып келген көп тұман ыдыраған тәрізді, бірақ біржола сейіліп те кете қоймапты. Ұйқысы келмегенмен өне бойы құп-қунақ. Мынау маужыраған тыныштықтың қойнына біржолата сіңіп кеткісі келеді. Тақты, тәжді, төбесіндегі шатырды талақ етіп, жым-жырт түнгі мұнарға бөгіп манаурай жатқан маужыр табиғаттың құшағына бір-ақ сүңгіп жоғалғысы келеді. Сырттағы түн салқынын пайдаланып өз қарекеттеріне кіріскен кішкене мақұлықтардай не істеп жатқанын өзінен басқа ешкім білмейтін, бөгде көзге еш қызығы жоқ бір елеусіз тіршілікке көшкісі келеді. Ізін баққан көп көз бен көп сөзден құтылса, қайтадан ешкімнің ала көзіне ілікпейтін жай бір жұмыр басты пендеге, тіпті кез келгеннің, аяғының астында жататын елеусіз мақұлқатқа айналсын мейлі, әйтеуір мынау көзге шыққан сүйелдей көзтүрткі өмірден құтылса, еш арманы болмас еді. Қазір жібек шатырдан сытылып шығып, ну жыныстың арасына қойып кетсе ғой, шіркін. Ертең соңындағы қарақұрым нөкер не өзін, не сүйегін таба алмай, Байтақ шаһарға қайтар еді, ел аузында бұл жайында небір адам сенгісіз алып-қашты аңыздар тарар еді. Бұл соны естігенде миығынан күліп,

ақымақ тобырдың көк ми есуастығына әбден айызы қанар еді...

Әмірші мынау қасқыр қиялының ешқашан жүзеге аспайтынын білсе де, көңілі бір түрлі тыншу тапқандай болды. Шатырдың аузынан бастап, бүкіл қосты шыр айнала қоршап жатқан кілең сақшы бұдан тіріде көз жазар ма...

Өзі ойлап шығарған төр мен тәртіптің қыл тұзағы өз тірсегіне түскенін ойлағанда, Әміршінің көкірегі қайтадан кермек тартып қоя берді.

Бірақ Әмірші өне бойын балбыратып бара жатқан жым-жырт түннің жұмбақ рақатынан айрылғысы келмеді. Әлгінде ғана өзін пейіштің төріндей бір жайлы мекенге бастай жөнелген тентіреуік соқпақты қайтадан тауып алды. Ол оны мынау аңшылық алдында алаңсыз қорылға басқан қостан, күдік пен күмәнды кезек құшқан пұшайман тіршіліктен біржолата алыстатып, әлдеқайда жетелеп барады. Енді бұл өмір, бұл өңірге ешқашан оралтпастай.

Ол мынау қарғыс атқан қағынды өлкеден алыстаған сайын басындағы зіп-зілдей тәжден, үстіндегі оқалы киімнен арылып, тұла бойы жеңілейіп бара жатқандай көрінді. Бір уақытта тіпті иығындағы лыпа ихрамға<sup>1</sup> айналып кеткен екен дейді. Ақ майса топырақты жалаң аяқ борп-борп басып келеді. Көз алдында бұл бұрын көрмеген бейтаныс өлке. Күн мен жел мүжіп тастаған қоңыр таулардың ортасында шағын шаһар жатыр. Соған қарай ұзын-шуақ көп тобыр жөңкіліп барады. Соңдарында ілбіп бұ да келеді. Әлдебір сөздерді қырық қайтара қақсай бергендіктен тамағы құрғап, даусы қарлығып қалыпты. Қанша айқайласа да, үні шықпайды. Тек еріндері ғана жыбырлайды. Алдынан кесе-көлденен түсіп жатқан қара сұр жота көрінді. Жұрттың бәрі соған қарай емпеңдей жөнелді. Түс ауа олар әлгі жотаға да жетіпті. Жотаның басына үстіне кілем жапқан ашамайлы аппақ желмаяға мінген ақ сәлделі біреу көтерілді. Түйеден түспеген күйі, тізесінде жатқан кітапты ашып, күңірентіп оқи бастады. Күңіренген қою даусы оқтын-оқтын үзіліп кетеді. Сол кезде ихрамның етегін қолдарына ұстап, желпіп тұрған көп тобыр:

— Хақ тағала, қай қызметіңе де әзірміз,— деп шу ете қалады. Мұндай құлдық ұрған сөздерді өзгелерден

<sup>1</sup> Мекеге қажыға барғанда киетін киім.

естігенмен, өзі айтып көрмеген Әмірші қапелімде аузы илікпей, жамырасып жатқан жұртқа көптен соң барып қосылады. Қасындағылар ағыл-тегіл жылап тұр. Бұның көлденең көзге сыр алдыртпаймын деп, көн боп қатып қалған сұп-сұр бетінде бір тамшы жас көрінбейді. Кеңірейіп тұрғанын біреу-міреу аңдап қалмасын дегендей жұрт айтып жатқан ұзын сарынға қосылып, жерден басын көтермеген күйі ол да әлдене деп ернін жыбырлатады. Түйенің үстіндегі ақ сәлделі кісі алдында жатқан кітапты жауып, қолын жайып бата қылды. Жұрттың бәрі жер тізерлей кетті. Батадан соң қара сұр қыраннан ине шаншар жер қалдырмай жыбырлап тұрған көп халық етектегі қойнауға қарай лап қойды. Бір жерде бұ да келеді. Өкпесі өшіп барады. Бірақ жұрттан қалып қоймайын деп ақ тер, көк тер боп жүгіріп келеді. Бұлар жотадан түсе бере әлдеқайдан ызы-қиқы саздар сарнап қоя берді. Аспанда жарқ-жұрқ оттар атылды. Мана күндіз әлгі ақ сәлделі адам құран оқыған қара сұр қыраңға келе жатып, көзіне түскен кең қойнауға қаз қатар тізіліп тұрған ағаш мұнараларға әлдекім от берген бе, шырадай маздап лаулап жанып жатыр. Шошақ-шошақ төбешіктер арасындағы иір-иір қойнаулар быжынаған отқа толып кетті. Кең алқапқа самсай қонған шатырлар түнгі алаудан әр алуан шұғылаға малыныпты. Осынау мидай қайнаған алабажақ дүниенің ортасында о да таң атқанша сенделіп шықты.

Ертеңіне кешегі ақ түйелі адам тағы да дұға оқыды. Жұрт тағы да жапа-тармағай намазға ұйыды. Намаздан соң тағы да етекке қарай жөңкіле жөнелісті. Қойнауға кіре берістегі жол ортасындағы қаққан қазықтай қара тасқа әркім қалтасынан жүгерідей-жүгерідей жеті қара тас алып лақтырды. Алқаптың орта тұсына жете бергенде, тағы да тап әлгіндей қап-қара тас баған жолықты. Оған да жеті тас тастады. Ең соңында жұрт бұжыр-бұжыр қара тастардан қалай болса солай қалай салған тас қабырғаға тірелді. Оған да жеті тас тасталды. Олар енді дәу-дәу тай қазандар асылған жер ошақтарға беттеді. Қазанның маңында қолына сапы ұстаған қасапшылар жұрттың ишарға атаған малдарын жайғастырып, әлеңкідей жаланып жүр. Қазандықтардың арасында қайдан шыққандары белгісіз, қайдағы бір жұтынған жарлы-жақыбайлар, қол жайған қайыршылар қаптап кетіпті. Ихрам кигендер бір шетке шығып, қолдарына иір мойын жез құман ұстаған біреулерге шаштарын жібіт-

тіріп жатыр. Біреуінің алдына барып, жүрелеп бұ да отырды. Иір мойын жез құманның шүмегінен саулаған жылы судан көптен бері құрысып-тырысып жүрген төбе құйқасы бірден жазылып жүре берді. Шашын жібітіп тұрған қайыс қара қынынан сумаң еткізіп ұстара суырып алды. Қимылына көз ілеспейді. Бұның шашын әпсәтте-ақ сыпырып тастап, енді аяғы мен қолының тырнағын алуға кірісті. Сосын шашын бір бөлек, тырнағын бір бөлек түйді де, екі кішкене түйіншекті қосақтастыра байлап, жерге көмді.

Тай қазандар түсірілді. Иін тіресе жайғасқан қара-құрым халыққа табақ-табақ ет тартылды. Ертеңіне жұрт шатырларынан шықпай күн ұзаққа дем алды. Араға тағы бір күн салып барып ойпаңда жатқан шаһарға беттеді. Түске таман шаһарға жетті. Қарсы алдарынан мысырлықтар алып келген су жаңа қара перде жабылған қағба көрінді. Жұрт қағбаның дәл қасына кеп тоқтады. Әлдекім бірдеңені дар-дар айырып жұртқа үлестіріп беріп жатты. Ол тәбәрікке жыртылып жатқан қағбаның бұрынғы шымылдығы екен. Анадайда қади уағыз айтатын мәрмәр мінбар ағараңдайды. Зәмзәмнің құдығының үстіне шағын күмбез орнатылыпты. Ол да жапа-тармағай қол жайып жатқан жұртпен бірге дұға қылды. Сосын қағбаның қара тасының қасына барып тұрды. Қара тастың үстіңгі беті жұрттың ерні мен қолының табынан жып-жылмағай боп жылтырап қалыпты: ал астыңғы беті қаралтым, қызғылт дақтары мол, тарғыл-тарғыл. Өзгелер еріндерін апарғанда былқ етпестен жатқан қара тас бұл еңкейе бергенде, бір қапталға қарай жылысып кетті. Қолын ұмсынып көріп еді, о да жетпеді. Көк желкесінде итермелеп тұрған көп тобыр оны қара тастың қасынан ысырып, ығыстырып әкетті. Ол үрдіс бойынша екі иығын жоғары-төмен қиқақтатып, бүлкілдей жүгіріп, қағбаны үш рет айналып шықты. Әр айналып шыққан сайын қара тасқа еңкейеді, ол бұдан қашқақтап, әрмен жылысып кетеді. Енді жүрісін баяулатып, жай аяңмен қағбаны тағы да төрт рет айналып шықты. Әр айналып шыққан сайын қара тасқа иілгенмен, ол бәрібір маңайлатпай қойды. Өзге жұрт аузы жетпесе, қолдарын тигізіп жатыр. Бұл дегенде қара тас ойнақшып орнында тұрмайды.

Ол енді жұртпен бірге ауланың ішіндегі қағбаны салған Ыбырайым пайғамбардың қабіріне барып тағзым етті. Зәмзәмнің құдығынан су тартып ішті. Киелі құдық-

тың суы бір түрлі алғаулы екен. Ішкен сайын өңешін шоқ боп қарып жатқандай.

Жұрт қағбаның ауласынан шығып, анадай жерде бір-біріне қапталдаса сұлап жатқан егіз тау Саф пен Мәруға қарай бүлкілдей жөнелді. Бұ да еріп келеді. Көз алдынан маңына бұл жоласа болды, сырғанақтап бір орнында тұрмаған қара тас кетпей қойды. Иығына алғаш ихрам ораған күннен бастап, қажыға келген кісіге шартты кәденің бәрін істеді; Ғұсылын да, намазын да қаза жіберіп көрген жоқ; тырнағын бояттырып, өне бойын ібіліс ластықты қуып шығады дейтұғын киелі маймен сылаттырды; ұмраны уақтылы атқарып, ишарға ақ түйе атады. Қағбаның ауласына жерленген жүзден астам пайғамбардың қабірінің қай-қайсысын да атаусыз қалдырмай, бастарына садақа байлаған-ды. Иығында ихрам барда қан төккен, жеміс жеген, айнаға қараған, көңіліне қара не күнә қашқан жері жоқ; өңі түгіл түсінде жанына ұрғашы жолап көрген емес. Сөйте тұра қажы атанып, басына сәлде орайтын шақта киелі қара тас қақпайлап мұны маңына жолатпай қойды. Ол мынандай ауыр жазаға қай пиғылынан тап болғанын біле алмады. Қасиетті Меке топырағын аттап, ұмра мен хажының барша жол-жорасын түгел атқарған, қағбаның қара тасын сүйген мұсылманның қай күнәсі де кешіріледі дейтіндері қайда? Зәмзәмнің суы көкірегін сілтідей жидітіп бара жатқаны несі?

Ол алдында бұрқ-бұрқ шаң көтеріп бүлкілдеп бара жатқандардың соңынан қызыл танау боп салып ұрып келеді. Тамағы құрғап, тынысы бітіп қалды. Көз алдынан сол баяғы тарғыл-тарғыл киелі тас кетпей қойды. Ол мұның алдына түсіп ап, шарықтың тасындай шыр көбелек айналып, қашып бара жатыр екен дейді. Қанша қуғанмен жеткізер емес.

Шұбырған халықтың алды баяғыда Ыбырайым қағба салып жатқанда жалғыз ұлы Ысмайылға бір жұтым су таба алмай әйелі Агөрдің жеті рет айналып жүгіріп шыққан Саф пен Мәрудің арасындағы қойнауға жетті. Екі өкпесін қолына алып, бұл да келді. Жан даусы шығып: «Хақ тағала, қай қызметіңе де әзірмін»— деп айқай салып келеді. «Тек жұртқа жасаған мейірімінді маған да қия гөр»— деп екі етек боп жалбарынып келеді. Бірақ тірсегінен қағып өтіп, шыр көбелек үйіріліп, шыр айнала қашып жүрген қағбаның қасиетті тарғыл тасы бұған бәрібір жеткізер емес. Ол дауысым алланың



құлағына тимей жатыр-ау деген кісіше, құрғап қалған көмейін қаттырақ кенеп, бар күшін салып, айқайлады: «Ләббай...»

Әмірші әлдебір әжептарқы дауыстан оянып кетті. Жібек шатырдан жұқаланытып күн көрінеді. Шамасы таң әлдеқашан атса керек. Сырттағы жұрттың күбір-күбірі құлағына талықсып жетеді. Әмірші қасындағы кішкене қоңырауды сыңғыратып еді, есіктен қызметші кірді. Аң аулауға лайық ықшам киім әзірлепті. Ол киініп сыртқа шыққанда, күн тұсау бойы көтеріліп қалған екен. Аттың бәрі ерттеулі. Аңға қосатын тазылар, дүрегей төбеттер, бөрібасарлар мен аю алатын салпы ауыз арландар алақызып, жұлқынып қояды. Құсбегілердің қолындағы бүркіт, қаршыға, ителгі, лашындар таңғы тыныш ауаны бастарына көтеріп, жыртына шаңқылдасады. Мұнарсыз таңда қарлы шыңдар айнадай жарқырайды. Төңірек тып-тыныш. Тек төменнен, аңғар табанынан тау өзені күркіреді. Мынау бес қаруы белінде, құс ұстап, ит ерткен қаһарлы қалың дүбірден өздеріне ешқандай қауіп жоғын білетіндей, кішкене жыршы құстар жақ жаппай сайрайды. Олардан басқа аң мен құс әлдеқайда жымып кеткен. Әмірші анадай жерде қаз қатар тізілісе қалған игі жақсыларға көзі түсті. Олар қоғадай иіліп, тағзым етіп жатыр. Әмірші солғындау сәлем мезірет жасады да, екі нөкер жігіті ұстап тұрған атына қонды. Садағын асты. Шоғыр-шоғыр жұрт үзенгіге аяқ салысты. Кернейдің дөрекі үні қойнау үстінде көлкіп тұрған көк шәйідей көк ніл ауаны дар-дар жыртып, барқырай жөнелді.

Соңдарына кернейшілер мен дабылшылар ерткен аң қайырмалайтын шолғыншылар елдің ең алдымен аттанды. Олар топ-топ боп, аң жатар жыра-жықпылы мол, жынысы қалың ұрымтал тұстарға беттеді. Олар жол-жөнекей аң ұшырасса, игі жақсылар қапыда қалмайтын ашық алаңқайларға айдап шығады. Әмірші мен игі жақсылардың көк желкесінде көлденең қауіптен бас-көз болатын көп нөкер келеді.

Самсап шатырлар қонған салтанатты қосқа азын-аулақ қарулы сақшылар тасталды да, басқа жұрт аң қуатын қойнауға ағылды. Аң қайырмалайтындар ақ бас шыңдарға барып бір-ақ тірелетін сілем-сілем тар қолаттарды сүзіп кетті де, былайғы жұрт етектегі кең алқапқа бағыт түзеді. Тамақ пісіретін аспаздар таң атпай

жатып қатар-қатар жер ошақ қазып, жағалай тай қазан асып тастапты.

Әміршіде үн жоқ. Қасындағылар да тым-тырыс. Олардың қасы мен қабағына қарап, құрақтай құлап құлдық ұрып жататыны әншейінде Әміршіні масаттандырып тастайтын-ды, бұл жолы көңіліне көк тікен боп қадалып келеді. Осы бір өңшен мүләйім жанар бұны бір түрлі мүсіркеп келе жатқаннан сау ма? Әмірші үшін одан асқан қорлық бар ма? Дәл мынандай тымсырая қалғандарына қарағанда, бұл немелер мұның жанын жеп жатқан жегі құрттан хабардар сияқты. Әншейінде аңшылық десе, қай-қайсысысың да аяқ-қолы жерге тимей, делендеп кететін еді. Бұл жолы бәрі сап-салмақты бола қалыпты. Тіпті күні кеше ғана дастарқан басында қауқылдасып отырған-ды. Бүгін енді аяқ астынан бәрінің де аузына қақпақ орнап, сілтідей тына қапты. Әлде бұның манағы ұйқыдан шошып оянған әжептарқы даусын естіп қойды ма екен... Естісе, Әміршінің әлденеге қамырығып жүргенін, әрине, түсінеді. Ендеше, олар өз билеушілерінің түсінде ұйқысырап аллаға жалбарынғанын іштерінен неге жорып келеді екен. Хан көңілін бебеулеткен қасиретті әрқайсысы әр саққа жүгіртіп әуре-сарсаңға түсіп келе жатқаннан сау ма? Әлде олар ішінен бұрынғы еміс-еміс естіген лақабымыз дұрыс боп шықты ғой деп келе ме екен? Егер бұған дейін құлақтарына ештеңе тимесе, Әміршінің манағы оқшау қылығына айран-асыр қап, таңырқамас па еді? Бірақ бұның індете қарайтын қырағы көзі ешбірінің бетінен таңырқаған рай көрмей келеді. Тымсырайған немелердің тылсым жүздерінде қайтып кетеміз деген әсіре сақтық пен көлгірліктен басқа ештеңе байқалмайды. Кейбіреулері жыныс-жыныстан аң қуалап кеткендерге әлсін-әлсін құлақ түріп қояды.

Олар ойпаңға енді құлай бергенде тау жақтан дабыра қағылып, керней тартылды. Арсы-күрсі тау өзенінің жаңғырығымен жарысып, жапа-тармағай дүсір шықты. Сарт-сұрт сынған бұталар мен топ-топ тұяқ дүбірі, құлаған тастардың сылдыры ию-қию араласып кетті. Жұрт елеңдесе қалды. Әмірші тырп еткен жоқ. Иттердің даусы бірте-бірте жақындап келеді. Қасындағылар бұның ыңғайын бағып, ала қызба аттарының басымен үнсіз алысып қояды. Ол селт етпеді. Арна бойындағы қалың жыныстың тасыр-тұсыры тым көбейіп кеткен тұста барып, бас уәзірге иек қақты.

Жұрт одан біраз ұзаңқырап шыққан соң ғана, қойнауға қарай қиқу салып ағыза жөнелді. Әмірші ұлы дүрмекке қосылмай кейіндеп қалды. Сай бойынан бір үйір бұғы шыға келіп, етектегі ұлан жазыққа қарай құйғытып барады. Аңшылардың көбі солардың соңынан салды. Тағы бірнеше топ тау өзенінің екі бетіндегі кең қойнаудың әр тұсына сүңгіп-сүңгіп кетті. Жаңа ғана қасында тымсырайып-тымсырайып бұны бағып келе жатқан көлденең көздерден құтылған соң, ол аң қуып, ызы-қиқы боп жатқан ойпаңға құламай, ат басын бір қапталдан көлденең сұлаған, сай табанындағы ұлы арнаға барып қосылатын бір бүйен салаға бұрды. Сылдырап су ағып жатқан кішкене өзекті бойлай қалың қамыс өсіпті. Әмірші жылғаға жеткен соң аттан түсті. Нөкерлері де аттарын ұстап аңтарылып тұр. Қамыс арасындағы кішкене бұлаққа беттеген бұның соңынан ере жүруге батылдары бармай, орын-орындарында тұрып қалды. Ол қамыс арасына кіріп, бұлақтың жиегінде жатқан оңаша дөңбек тастың үстіне отырды. Таудың тап-таза суын алақанымен іліп алып, беті-қолын шайды. Сосын мойнындағы садағын ап, қасына қойды. Белбеуін босатып, тас үстіне жантайды. Көптен бері түзде жүріп, дәл бұлай оңаша кетіп көрмеген-ді. Бүгін таң атқалы ешкімді көргісі келмейді. Сол бір сасық ауыз көп тобыр сыртынан не десе, о десін, тек көзін сатып қасында отырмаса болғаны. Әйтпесе бұл олардың жүзіндегі әрбір болмашы қимыл-қыбырды аңдып, жүйкелеп бітеді.

Төңірегіннің бәрі көк майса. Құрақ басындағы түнгі шық әлі түгел кеуіп үлгермепті. Қалың құрақтан бойларын асырып, ентелей қарап тұрған ақар-шақар шыңдар да түнде біреу шомылдырып кеткендей тап-таза. Өзекті бойлап келте самал желпіп өтеді. Мұның көкірегіне орнап қалған бір тымырсық қапырық бәрібір айығар емес. Есіне таң алдында көрген түсі оралды. Анау қарлы шыңдар түсіндегі Арафе мен Мұздалифтің, Сафпен Мәрудың күйген бауырдай қоп-қоңыр шоқыларына, көп шуылдақ қиқу салып аң қуып жүрген көк жасыл қойнау аяғыңды бассан бұрқ-бұрқ шаң ұшқан Мин алқабына атымен ұқсамайды. Алайда түсінде көрген өңірдің шаң-тозаңы, ыстық жалап кеткен топырақтың күңірсік иісі көкірегіне біржола орнап қалғандай. Ғұмыры көрмеген алыс өлкенің көз алдына тап осынша анық сайрап келе қалғанына қайран қап отыр. Әлде қажыға сан рет барып қайтқан пірінің әңгімесінің әсері ме екен.

Кешелі-бүгін ойына да алмаған жер түбіндегі киелі өлке бұның түсіне неге кірді? Әлде ата-баба бұған басындағы мына дағдарыстан қалай шығудың жолын меңзеді ме... Шынында да, осы хажыға неге бармайды? Арғы-бергіде қартайған шағында қағбаның киелі тасын сүйіп, бастағы тәжді сәлдеге, қолдағы алтын балдақты асыға айыр-бастап пақырана дәруіш боп кеткен падишалар аз ба? Олардың да осындай пұшайман халге ұшырап, дүниеден баз кешіп кетпегеніне кім кепіл?.. Бірақ түсінде жер түбіне тәубе етіп барғанда қағбаның қара тасының оны маңайлатпай қойғаны несі? Әлде бұның күнәсі жер бетіндегі пенде біткеннің бәрінен көп, бәрінен кешірімсіз болғаны ма? Ендеше киелі кітапта тақ мініп, тәж кигендердің әлемге алла тіккен шатырдың алтын қазығына баланатыны қалай? Жаратқан ие өз шатырының тіреулеріне осыншама кешірімсіз бе еді? Әлде қарақұрым қара тобырдың ортасында бір бұны қақпайлағаны «жүрер жерің бұл емес, сенің жөнің басқа» дегені ме? Олай болса жаратқан ие бұны кез келген жұмыр басты пенденің басына лайық, ең болмаса, айтуға да аузың бармайтын күлді-көмеш тақсыретке тап қылғаны несі? Дүниеде ұрғашының мекерлігінен келетін кесапаттан асқан қор кесапат болушы ма еді? Талай қуғын, талай сүргінді көре жүре, талай жерде сілті ішкендей бола жүре, соның ешқайсысына тап осы жолғыдай апшымап еді. Олардың бәрі алмас ұстап, атқа қонар азаматтың шыбын жанын қиғанмен де, абыройына дақ түсірмейтін бұйрықты тауқыметтер-ді. Ол осынша масқараға ұшырайтындай жаратқанға неден жазып қалып еді. Жазғаны алла тағаланың өзі бұйыртқан тәж бен тақтың абыройын қорғағаны ма? Талай күпірді жазмышқа бағындырып, талай кәпірді пайғамбардың жасыл туының астына жыққаны ма? Не істесе де, сәл тойынса, тәңірін танымай кететін қара тобыр таңғалмаса, табалай алмайтындай қып істеуші еді ғой? Өмір бақи сол бір нәпсі құлдарының қор көкіректері оңай кесіп-піше салатын оңай атау, оңай өлшемдерден қашып бағушы еді ғой. Әлде сол жұрттың бәрі ойламағанды мен ойласам, бәрі істемегенді мен істесем деген дәмесі күпірлік болды ма? Мүмкін, күпірлік болса болар, бірақ нәпсі деген нәйіс сөз мұның әлгіндей асқақ дәмесіне атау бола алмайды. Жоға, тәйірі... Күпірліктің де арғы төркіні нәпсі болатұғын. Кісіні күпірлікке қашан да тойымсыз нәпсі бастайтын. Астам өкімет, артық қатыгездік түгілі орынсыз сахилықтың өзі

күпірлік. Барша күпірліктің ар жағында ындыны қанбас тойымсыз құштарлық жататын. Мақтан сүйгіштік, ләззат құмарлық, бақ құмарлық — бәрінің атасы бір. Ер жүрек бау кеспе ұрының төсегі құр тұрмас салдақыдан ешқандай артықшылығы жоқ болатын секілді, өз қолындағы өкіметті орынсыз қызықтайтын падишаның да сол борбайын бұлдаған арзымсыз ұрғашыдан айырмасы шамалы.

Ендеше бұның қолындағы шексіз билік, атақ-даңқ, абырой — бәрі-бәрі жел етек ұрғашының бетіндегі арзан шырайдай, дүние қоңыз саудагердің қолындағы сасық дәулеттей, баянсыз фәнидің аз кіндік алданышы ғана болып шықты.

Ал сонда түсінде күлді көмеш фәни тіршілікте күнәға талай батқан былайғы жұрттың ешқайсысына бүлк етпестен тып-тыныш жатқан қағбаның қасиетті қара тасының бұл жуып кетсе болды, маңайлатпай, сырғанақтап шыға келетіні несі? Әлде ар жағындағыны айтқызбай білетін жаратқан иенің қырағы көзі бұның көкірегіне мықтап орнығып алған өзі тектестерге менсінбей қарайтын астамшылық сезімді аңғарып қалды ма екен? Ендеше, қасиетті қара тастың әлгі қылығы бұны басыңа алтын тәж киіп, астыңа алтын тақ мінгеніңмен арғы түбің ұрғашының етегінен шыққан өзегі қуыс пенде екендігіңді мойындамайтының бар, пенделердің пендешілігі ғана кешірілетін жерге құлдық ұрып несіне келдің деп күстаналағаны болды ғой. Олай болса, қартайған шағында дүниеден баз кешіп, тақуалық құрып кеткен бағзы падишалар жалба-жұлба дәруіш тірліктен қандай жұбаныш тауып жүр. Бәлкім, олар әлгіндей пақырана күйге былайғы пенделердей істеген күнәмызға кешірім алар ма екенбіз деп емес, бойларынан күш, сөздерінен кие кеткен шақтарында қара тобырдың көз түрткісіне ұшырамайық деп түсетін шығар. Өйткені, пенде пақыр өзінен үстемге де, өзінен төменге де бірдей кешірімді ғой. Өзінен сәл жоғары тұрсаң, етегіңді сүйіп, аяғыңа жығылады, бірдеңе десең «ләббай тақсырлап» құлдық ұрады; ал енді өзінен гөрі халің мүшкілдеу бейшара болсаң, ет жүрегі елжірей жөнеледі, не десең де: «Қайтсін байғұс, оңай ғой деймісің» деп мүсіркеп қоя береді. Ол немемен тек тең бола көрме. Күнінде күркіреген падишалардың тұғырдан түсерлерінде жарлы дәруіштің жалба шапанына ынтық бола қалатындары да пенделердің әлгіндей мінезін біліп ап, кім көрінгенге күлкі болмайық деп

табадан қашқандары шығар. Шынында да, мынау жан-жағынан анталап, сынап-мінеп, сәл ойларынан шықпасаң, пыш-пыштай жөнелгелі отырған көп тобырдың тіміскі көздерінен құтылудың жаңғыз жолы — тәж бен тақты талақ етіп, қажыға барып, қалған ғұмырына қолына аса ұстап, мойнына дорба асынып, мүсәпірана күн кешу болар. Сонда бәлкім қара тобырдың көкірегінде күннен-күнге қордалана түскен әзәзіл таба аяқ астында аянышқа айналар. Сынай қараған сұқты көздер мүсіркей қарар. Сөйтіп, ол да ешкімнен аспайтын жалба тонды жақыбай атанар. Онда мынау қайдағы бір бозөкпенің көзіне шөп, сүйегіне дақ сала жаздағаны да шымбайын дәл қазіргідей тызылдатпас. Мұның көкірегінде қандай шаланың бықсып жатқанын білгісі кеп, ешкім өліп-өше де қоймас.

Әмірші сол ел қатарлы елеусіз тіршілікке шынында да қатты қызығып еді. Түнде көрген түсі де желеп-жебеп жүрген ата-бабаның әдейі аян бергені шығар. Есіне енді түсті, туатын ай — жұрт қажыға баратын зұлқадж екен.

Әмірші тезірек пірге жолығып, түнде көрген түсін жортқызып алғысы келді. Мынау ырду-дырдуды дереу тоқтатып, шаһарға оралуға асықты. Осы қазір өзек бойынан шыққан бетте-ақ дабылшыға дабыл бергізеді.

Ол астындағы қара тастың қабырғасына батып бара жатқанын енді ғана байқап, екінші бүйіріне аударыла беріп еді, қалың құрақты жапыра-мапыра жақындап келе жатқан жойқын сытыр естілді. Мұның қимылдағанын сезіп қойды ма, құрақ арасындағы дүсір пышақ кескендей басыла қалды. Ол бойын тіктеп түрегеп отырды. Көзіне жасыл құрақтың арасынан тарғыл-тарғыл бірдеңе шалынғандай болды. Сол-ақ екен, мұның көріп қойғанын сезіп, одан әрі бой тасалағысы келмегендей әлгі тарғыл неме жасыл құрақтан ытқып шықты. Жолбарыс... Мысықтабандап жақындап келеді. Мұның жон арқасын оқыс қармай қалған мұздай суық бірте-бірте тарай бастады. Тіпті шынтағының түбінде жатқан садағына да қолын созбады.

Кешегі түсіне енді түсінгендей болды. Кез келгенге шөп-шөп сүйгізіп жатқан қара тастың мұны маңайлатпай қойғаны мынандай тосын ажалға көрінген екен. Бәсе, елден ерек ғұмыр кешкен бұның ажалы да, кез келгеннің пешенесіне жазыла бермейтіндей өзгеше болса керек-ті.

Жолбарыс жақындап қалды. Ол алла тағаланың мынадай түпсіз тұңғиық құсаға тұншықтырып қоймай,

есіркеп жіберген ақ өлімін асыға тосты. Қазір ол көптен бері көкірегiнiң басына шөгiп бүк түсiп жатып алған зiл батпан қапырық қападан бiржола құтылады. Жан-жағынан жалаңдай қарап, әр адымын аңдып отырған сұқты көздердегi сұғанақ таба да жым-жылас жоғалады. Не бiр сұмдықтарды айтып сусылдай жөнелгелi отырған сумақай ауыздарға да құм құйылады. Бұның қит еткенiне аузын ашып, көзiн жұмып отыратын қара тобыр бұдан былай ала бөтен өлiмiн де ауыздан ауызға, елден елге, ғасырдан ғасырға көшкен сайын өсе, өркештене түсетiн күпiме аңызға айналдырады.

Жолбарыс құлағын жымып тақала түстi. Кенет жонын күдiрейтiп жата қалды. «Қазiр атылатын шығар»— деп ойлады Әмiршi. Анау топырақты мытып қысып алған пышақ тырнақтар қазiр мұның өңешiне жармасады. Анау үн-түнсiз ақсiған тiстер қазiр мұның шекесiнде ойнайды. Кенет жолбарыстың жон арқасы дiр ете қалды да, мұның оң жақ иығына мойнын бұрды.

Бақса, бұның нөкерiнiң бiрi жүлге бойына шыға кеп, жолбарысты көрiп абдырап тұрып қалыпты. Бiр уақыттарда барып есiн жиып, жалма-жан садағына жармасты. Әмiршi жанында жатқан садаққа сонда қол созды.

Қанды ажалға кезенiп тұрған нөкер жiгiт тарғыл тағының орнынан атыла бере, сылқ құлап түскенiн көрдi. Айран асыр қап қаруын төмен түсiрiп едi, аспай-саспай садағын асынып жатқан Әмiршiнi көзi шалды.

Әмiршi жайлап басып жайрап жатқан олжасының қасына келдi. Қақ жүректен оқ тиген жолбарыс атылуға мұршасы болмай, жер бауырлап жанталасып жатыр. Әмiршi тосыннан тап болған өз ажалының ойда жоқта мұлт кеткенiне өкiндi ме, әлде өз қанына өзi малшынып азап тартып жатқан аң сұлтанын аяды ма, күрсiнiп қойды. Артынша-ақ, неге екенiн өзi де аңғармай бiр мырсеттi. Шамасы, тарғыл тажалды нөкерiнен бұрын өзi атып түсiргенiне масаттанып тұрса керек, әйтпесе ол сығырың ертең Әмiршiнi ажалдан өзiм арашалап қалдым деп кеудесiн қағады ғой.

Әмiршi өзек бойынан шықты. Ат ұстап тұрғандар жалма-жан жүлге бойына жүгiрiп барып, Әмiршi атып алған жолбарыстың терiсiн сыпырып, қауқылдасып жатты.

Сол бiр кеу-кеу әңгiме, ұлы падиша туралы жаңа лақап, сол күнi аң қуа барғандардың аузынан түскен жоқ. Ертеңiне Әмiршiнiң тосын пәрменiмен Байтақ шаһарға қайтып келе жатқанда да айтқандары тек сол болды.

Әмірші жақ ашқан жоқ. Томсарған күйі ой үстінде келеді. Кештетіп шаһарға жетті. Әмірші сарайға оралған түні де таң атқанша төңбекшіп шықты. Аңшылықта жүріп көрген түсі мен қапияда тап болып оққа ұшқан жолбарыс онсыз да шытырманға айналып бара жатқан тіршілігін бұрынғыдан гөрі де түсініксіз, бұрынғыдан гөрі де жұмбақтандырып жіберген тәрізді.

Не де болса, бір шешімге бел буатын кез жетсе керек. Жаратқан иенің туралап жіберген ажалынан да өзі арашалап қалғанына қарағанда, бұдан бір түбегейлі шешім күтетін тәрізді. Бірақ ол қандай шешім болмақ... Түсінде көргеніндей — басындағы тәжді тастап, сәлде ора дей ме... Әйтеуір, мынау сарайдағы бұқпантай тірлік бұны мезі қып бітті. Не де болса, пірге жолығып, түсін жорытпай болмайды. Көптен бері ат ізін салмап еді. Өкпелеп те қалған шығар.

Ертеңіне күн қызбай тұрып, күймеге отырды. Байтақ шаһардың оңтүстік шығыс бетіндегі қаспақ-қаспақ қырандарға қарай беттеді. Мынау алқап та әлгі түсінде көрген өлкеге өте-мөте ұқсайды екен. Мұнда да күйген бауырдай қоңыр шоқылар. Мұнда да шілде сорып тастаған кебірдің күңірсік иісі аңқиды. Жағалай иін тіресе қалған қырпық-қырпық қотыр тастар мен қатпар-қатпар кебіртек жалдардың қақ ортасына жападан-жалғыз оқшау қонжиған қара шоқының басына қонып отырған алып самұрықтай қара жартастың құбыла бетінен үңірейіп үңгір көрінеді. Сол үңгірдің аузында әлдене еміс-еміс бозаңытады. Күйме жақындаған сайын әлгі бозарандаған нәрсе айқындала түсті. Жақпар-жақпар қара жартастың көлеңкесінде ақ сәлделі қария отыр. Етекке салдыратып шауып кеп, түсіп жатқан ылдырмақ-шылдырмақты салтанатты күймені көрсе көріп те отырған шығар, бірақ селк еткен жоқ. Сол құбылаға жүзін тосып телміріп отырған қалпынан қыбыр етпеді.

Әмірші қасындағы нөкерін етекке тастап, киелі үңгірдің аузында көлеңкелеп отырған кәрі піріне ылғи да тек бір өзі ғана көтерілетін. Бұл жолы да сол әдетімен биік шоқының басына жаяулатып шығып келеді. Қандай алыс сапарға аттансын мейлі, қандай падишаның тәжі мен тағына сұқтансын мейлі, ол қай жорығын да әуелі осы бір біраз жерге дейін құмақтатып барып, сосын бірдей тайғанақ саз шаппа биікке тіп-тіке өрмелейтін бұралаң соқпақтан бастаған-ды. Ол қай дұшпанымен



ұстасарда, ең алдымен сонау жақпар жартастың түбінде кәрі күшігендей шөміп отырған шынашақтай қара шалдың шоқша сақалын бір сипатып батасын алатын. Сосын Байтақ шаһардағы ең үлкен мешітке барып намазға жығылатын. Алыс жорыққа сосын аттанатын. Сол алыс сапар, қиын жорықтардың қай-қайсысында да жанына ауыртпалық түсіріп, қиналатын жер осы бір жаяуға жеткізіп болмайтын жандатпа бауыр-ды. Әркімдердің тақасы тиіп, жылмағайланып қалған саздақ соқпаққа өкшесі тұрмай тайғанақтай береді. Ол осы бір қара шоқының басына қашан да болдыртып шығатын. Бұл жолы ә дегеннен-ақ жіліншігі жеміріліп қоя берді. Әлсін-әлі тоқтап бел жазып алады. Бірақ екі бұғанасына қорғасын қаптап қойғандай, барған сайын бөксесі зіл тартып, аяғы ұйып барады. Тынысы да бітіп қалды. Сонау етекте қалғандар алтын тәжді падишаның үпірсең ұшып кететіндей қаңғалақтаған қара шалға бола осынша азаптанатынына қайран қалып тұратын шығар.

Ал алып қара жартастың астындағы құмандай қара шал биік жарға алқынып-аптығып шығып келе жатқан падишаны елең етпей, бетін құбыладан аудармай безеріп отыра береді. Шақшадай басына дағарадай ақ сәлде орап апты. Қушық кішкене бетіне сұс беретін бір уыс сұйқылт шоқша сақалы әуелеп қапты. Шүңірек қастың астында сығалап жататын күлгін көгіс жылтырақ көзін бұл жолы тарс жұмып алыпты. Падиша биік жардан шығып, ентігін басып, жөткірінгенде де тырп еткен жоқ. Күнге құрап қалған көнетоз бозғылт шапанының етегі жырым-жырым. Дәл сондай күн күйдірген ақ жем ұзын тіз киімнің жалба-жұлба балағынан жалаңаш тілерсегі көрінеді. Тілім-тілім боп жарылып кетіпті. Қолындағы аса таяқты мытып ұстап апты. Тарамыс қолындағы бар сіңір, бар тамыр бадырайып-бадырайып шығып тұр. Пір әлденеге ұйып қалған.

Падиша қашан қарсы алдына жер тізерлеп, қол қусырып, бас игенде барып, көзін сығырайтты. Сосын тым кекшіе қалған басын түзеп, тіктеліп отырды. Керенаулау тіл қатып, жөн сұрады. Әмірші жөнін айтты. Пір сол қаққан қазықтай қалпы. Сөзін салғырт тыңдады. Кеңсірігі әнтек ілгері шығып кеткен қоңқақ мұрынның астына көлденең сұлап түскен көгіс қаймыжық ерінге әлденеше рет мысқыл жүгіргендей болды. Әмірші соны байқап, сәл кідіріп қалса, әбден қой балшықтанып кеткен

қақтың суындай көгіс жылтырайтын кішкене көзін адырайтып ашып алады. Әмірші анау күнгі түсі мен тосыннан тап болып, бірақ шаппаған жолбарыс жайын айтып берді де, пірінен үнсіз жауап тосты.

Пірі сәлдей ойланған болды да, сығырақ көзінің бір қиығымен бұған қарап қойды. Сосын отырып-отырып барып:

— Жаратқан ие, ата-баба, желеп-жебеуші әулие-әмбие бар-бар уақытта пендесінен не дәмететінін ашып айтпайды. Ал мүсіркесе, ақыл қосса, ол тұспалдары соқырға таяқ ұстатқандай сайрап тұрады. Кие үркіткен, аруақ ренжіткен жерің бар шығар, балам, ойлан,— деді де тыйылып қалды.

Енді жақ ашпады. Қолындағы асасын топыраққа нұқи қадап, тарамыс мойнын ілгері созып, жүзін тағы да құбылаға тіктеді. Бұл «сөз бітті, ендігісін өзің біл» дегені екенін Әмірші аңғарып қалды. Бірақ қай уақытта да алды суық кәрияның бұған мына бүгінгідей әуелеп қараған астамшылығын бұрын ешқашан байқамаған-ды. Бүгінгі әр қимылы жүрегіне тікендей қадалып отыр. Бірақ сабыр қылып, сыр байқатпай, тағзым етіп орнынан тұрды. Жаңғыз аяқ соқпаққа беттеді. Пірі сол баяғы мелшиген қалпы қала берді. Ақыл да қоспады, бата да бермеді; бұрын бұны жасырақ кезінде мүсіркеп, маңдайынан сипайтын әдеті болушы еді; бұл жолы оның жүзінен аспандай қараған астамшылық пен қазымырлықтан басқа ештеңе байқамады.

Әмірші онсыз да қиын жолдан бұл жолы тіпті ауырлап түсті. Мынау жаппай тұнжырап тұрған әбеқоңыр алқаптан тезірек шығып кетуге асықты. Біраз жерге ұзаған соң, артына бұрылып еді, бұған желкесін беріп, бүк түсіп жатып алған қара шоқыны көрді. Әмірші содан сарайға жеткенше ешқайда көз салған жоқ.

Сарайға жеткен соң да көп уақытқа дейін әлдеқандай бір тымырсық ашуға булығып, өзіне-өзі келе алмады. Абажадай кең сарайға әрлі-берлі сенделіп жүруге манағы шоқыға шыққанда шаршап қалған аяқтары зіп-зілдей боп көтертпейді. Бір жерге тынығып отырайын десе, аяғының астындағы алабажақ кілем емес, өңшен быжырлата шаншып қойған тебен ине сияқты. «Құтылып шығар айла-амал табылмастай тығырықтан қаш». Ғұмыр бойы тұтынып келген осы қағидасы да күпір боп шықты. Енді, міне, шаршы әлемді астына басқан алтын тәжді

падиша басымен күйеуі үстінен шыққан опасыз әйелдей, қолға түскен ұрлықшыдай дымы құрып дағдарып тұрысы мынау. Ақыл қоспақ түгілі, іштегі құсасын айтып сырласатын да ешкімі жоқ. Дәл қазір мынау Байтақ шаһардың сыртындағы құладүздің әлдебір жерінде санаулы ғұмырының қалған күндерін итшілеп өткізіп жатқан соқыр жігіт те, тас зынданда зарығып отырған бас шебер де, төрт қабырғаның арасына қамалып, құса боп жүрген Кіші ханым да — бәрі де бұдан жақсы. Олар, ең болмаса бастарына түскен бақытсыздығы үшін реніш артар біреулері бар ғой. Бұл кімге ренжи алады? Басындағы Қап тауындай қасіретті кімнен көреді? Алтын тәжді падиша хақ тағалаға реніш жүре ме? Тәңірі түгілі киелі үңгірді баққан жаңағы шалдың өзі анау. Аспанды асасымен тіреп тұрғандай бетіне дұрыстап көзін де салмады. Кісіге ісің түскеннен артық қорлық бар ма? Өзі де сол дүниеде кіріптарлықтан асқан қорлық жоғын біліп, қаршадайынан билікке таласпап па еді? Құл болып бас игеннен, қуғында жүргеннің өзін көп артық көрмеп пе еді. Сол үшін талай ажалдың аузына барып қайтпап па еді. Оның ешқайсысын осы кезге дейін ұмытқан жоқ. Әлі күнге дейін сол есіне түскенде шор боп біткен әлдебір ескі жарасы сыздап, сүйек-сүйегінің бәрі түп-түгел сырқырап қоя береді. Бірақ кіріптарлықтан, құлдық ұрғаннан өз басы аза бойы қаза бола тұра, алдына келген қайсы монтаны бастың мүддесін түсініп көрген еді, қайсысына шындап көңілі құлап еді. Асқақтай кірген астам басты ашуына жем қылса, жер сүйіп, аяғын құшып келген қор басты жиіркене тұрып мүсіркемеуші ме еді. Онысын қай бір қайырымдылық қысқаннан істейді дейсің, падиша атағына дақ салдырғысы келмей істейді де. Жалба-жұлба қайыршыға жаны ашып емес, жарлық титықтатқан мүскіндердің көзің шайлығар қор кейпі мен мұрын тыжырынтар нас иісінен тезірек құтылғысы келген кәріп немелердің қайыр садақасындай әншейін көз алдартқан мезірет қой. Бәлкім, қиқар шал бұған кісіге кіріптар болғанның қандай екенін білсін деп, манағының бәрін әдейі істеген шығар. Көп асқанға бір тосқан дейтін күннің бұған да келгенін сездіргені болар. Бірақ соны дәл манағысындай кергімей-ақ, кейуана кейіппен де жеткізуге болмайтын ба еді. Бұрын қандай қарлы-қаратау қиын шаруамен барса да, кейуана қалпын бұзбай, кең отырып қабылдаушы еді ғой. Пәлен күннен бері ен

алдымен кімнің жүзінен көрер екем деп алаңдап жүрген сол бір жексұрын кекесінді, айызы қанған дұшпанның ғана жүзінде тұрар арсыз табаны елден бұрын құдайдан соңғы жаңғыз жанашырым деп жүрген өз пірінен көргені ме? Иә, былайғы мыстан тобыр, бұның қырағы көзінен мұқият жасырып баққан жымысқы табаны ешқандай күлбілтесіз жарқыратып жайып салды,— тіпті «аруақ ренжіткен жерің бар» деп өз аузынан айтып та тастады-ау? Аруақ ренжіткені — Кіші ханым жайлы айтылып жатқан әңгімеге құлақ аспаған қалып танытқаны ғой. Пірдің ойынша, әзәзіл арбаған ұрғашының күнәсін жасырғаны өз төсегіне жұққан ыбылыс ластықтың сатпақ дағын ойып алып тастаудың орнына, жұрт көзінен алақанымен басып көлегейлеп баққаны. Бұл сонда не істеу керек еді? Кіші ханымды талақ тастаса, арғы-бергіде ешбір падиша істемеген масқараны бұл істеген боп шығар еді, халық алдында қайдағы бір қаңғыма қара сүйек көзіме шөп салды деп өз аузынан мойындағаны болып шығар еді. Сонда манағы қиқар шал бұған ездің езі істемеген есуастықты істемедің деп өкпелей ме?

Онда хан күнәкар ханым мен оның ашынасын емес, өзін масқаралаған боп шықпай ма? Сонда пір күнәкарлардың жаза шеккеніне емес, бұның өзінің табаға ұшырағанына құштар болғаны ма? Ондайға Кіші ханымның жер болғанын қалайтын, соның жолында бұл масқараға ұшырап жатса, қайғыру орнына қуанатын Ұлы ханым барса барар, бірақ бұның өзі түгілі, әкесінің де көзін көрген пір қалай барады? Қолында аса, аузында алла отырып, күндестіктің желігінен көзіне ақ шел қаптаған ұрғашының соқыр ызасын ол қалай құптайды; қор көкірек ұрғашының көр соқырлығынан әулие басымен ол қалай аса алмайды. Әрине, пір Ұлы ханым сарайының айтқанынан шыға алмай жүр. Қажет десеңіз, оның жүзіндегі манағы мысқыл, манағы таба да солардан жұққан. Ұлы ханымның төңірегіндегі түйедейді түймедей қылатын мыстан сайқалдар әулие шалды да арбап алған ғой. Олардың пыш-пышының сиқыры тірі пайғамбардың көкірегіндегі киеден де құдіреттірек болғаны ғой.

Әміршінің жүзіне айыз қандырар ащы мысқыл жүгірді. Ол тіпті әулие басымен өңшен сайқал, өңшен мыстанға арбалып қалған киелі шалды аяп та кетті; өңіндегі жаңағы бір лып ете қалған кекесін аяқ астынан мүсіркеушілікке ауысты. Әулие шал әзәзіл пыш-пыштан

алжасса алжасқан да шығар. Аттасаң болды, ар-намысын саудаға түсіп шыға келетін мынандай қор дүниенің төбесінен қарамай, ортасында жүрсе, қайдағы бір қалт-құлт әулие шал түгілі жаратқан жалғыз иенің өзі де әлдеқашан-ақ өз жолынан өзі адасып мәңгүрт болып шыға келер еді. Күллі дүниені әйтеуір бірдеңеге өліп-өшіп жататын толып жатқан құштарлықтардан тұрғызса, қайтіп нәпсіге берілмессің, қайтіп күнәға батпассың. Құштарлықтан пайда болған пенде тіршілігі құштарлықтан опат тапса, таңданатұғын несі бар? Құштарлық атаулы нәпсі болса, нәпсі атаулы пенделік болса, әлгі әулие пірдің өзі де пенде боп шықпай ма? Ол да құдай жолына құлшылықты өзге пенделерді аузына қарату үшін жасайды емес пе?! Ол мына өмірде көп нәрсені талақ еткенмен, барлық нәрсені талақ етпепті. Жұртқа ықпалы жүргенді о да жек көріп жатқан жоқ. Елдің елбек қаққаны, аяғына жығылғаны оның да жанына майдай жағады. Басқа түгілі алтын тәжді падишаның өзі алдына кеп, аяғына жығылатынын жұртқа қыр қылады. Әрбір мақтан әсіре құштарлық. Әрбір әсіре нәрсе күпірлік. Әрбір күпірлік күнәға батырады. Ендеше пір екеуінің күнәсы біп-бірдей. Бұл өкімет құмар, өктем мінез болса, ол да солай. Бұдан бір мысқал кем емес. Тіпті алланың айрықша рақымындағы бұның өзіне астамдық көрсеткені оның да күпірліктің балдыр-батпағына әбден белшеден батып болғаны. Әзәзілге де сол пенделіктің көк тұманына түсіп, көзінен айырылған көрсоқырлар ғана ереді. Ендеше киелі шалдың Ұлы ханым сарайының айтқанынан шыға алмайтындай жөні жоқ еді. Кәрі әулиенің бұл пайғамбар жасынан асып, тұғырдан түсерде ертеңгі тақ иелерін өсіріп-өндірген бәйбішенің ыңғайына кеткені де сол пенделік. Бүгінгі ықпалын ғана емес, ертеңгі күнінің де қандай болатынын ойлағаны.

Ендеше, ол өз басындағы пенделікті көрмей, бұның басындағы пенделікті неге сонша жазғырады? Құранның өзінде жазылмап па еді: «Пенденің білмегі шарт: Алла — жалғыз; онда жора да жоқ, жолдас та жоқ; өзі ешкімнің перзенті емес, өзі де перзентсіз; оған ешкім тең келе алмайды; қасына серік, артына әулет ертпеген ол өз патшалығында қолындағы билікті ешкіммен бөле-жармайтын дара падиша. Ықылым орнамастан бұрын бар ол, ықылым түгел құрып кеткенде де құрымайды... Көктің билігі де, жердің билігі де бір сонда: көк пен жердегі,

құрғақ пен судағы жан-жануардың баршасына сол ие, оларға одан басқа билеуші де, қорғаушы да жоқ. Адам тағдырын да сол билейді: ауру жіберетін де, дару жіберетін де, өлтіретін де, өмір беретін де тек сол ғана. Бірақ ол жаратқан жан иелері періште болсын, пайғамбар болсын, тіпті басқа мақұлқат болсын — бәрібір, түгел дерлік бейшара. Күші асқан құдірет те өзі, білігі асқан сұңғыла да өзі».

Жаратқан иенің өзі кедір-бұдыр қып кемшін жаратқан дүниені бұл қалай бір тегіс қыла алады? Жаратқан жалғыз иенің өзі он сегіз мың ғалам өз билігімен шығып кетпесін деп, өз қолынан шыққан жан-жануардың әрқайсысына әр алуан кемшілік пен әлсіздік беріп, сол арқылы тұтымында ұстаса, өз қарауындағы жұмыр басты пенделерді бұл қалай солай ұстап, солай тұтпайды? Құдайдың өзінде бар кемшілікті адам қайталаса, неге күстаналайды? Өзі жаратқан жан иелерінің аласынан алланың өзі әлгіндей сескенгенде, бұл қайтіп сескенбейді? Әлде, алла тағаланың мұнысы, тегі мен заты белгісіз бір өзі ғана істейтін ерекше мен ересенге тегі мен заты ұрғашының етегінің астынан шыққан жұмыр бастылардың бой ұруына болмайды деген тиырымы ма екен? Сонда өзім ғана жасайтын кереметтерде шаруаларыңыз болмасын, асқан рақым мен асқар жаза тек менің қолымнан шығуға тиісті, менен басқа ешқайсының қақыларың жоқ дегені ме? Олай болса, күнә, қылмыс деген қорқынышты сөздердің шын мағынасы — құдіреті күшті тобаның өзім ғана істейтін істерді өзгелер істеп қоймасын, өзім ғана білетін нәрсені өзгелер түсініп қалмасын деген іштарлығы ғана болып шықты ғой?!

Шариғатта жаратқан ие әлгіндей өз мінезіне сыралғы боп қалған адам тұқымын аямайтынын айтып, ақыр заманды басына төндіріп, қорқытып бағады. Алла екеш алланың өзі әлсіздігін білдіріп алудан осынша тайсақтағанда, пенде басымен бұл қайтіп тайсақтамайды. Ендеше пірдің бұған күнәкарлық куәсы көк мұнараны құртып, басындағы масқара халді жарқыратып өзің жайып сал дегені адам түгіл құдайдың да құлағына ерсі естілетін есірік әңгіме.

Желеп-жебеуші қызырлардың өзі бұған ешқандай аян бере алмады. Аңға барғанда көрген түсі осы сергелдең халіне көрінгені шығар. Қағбаның қара тасының қарсы алдында тұрып маңына жолатпай қойғаны осы

ақыл таппай, тығырыққа қамалған пұшайман дағдарысы болар. Шынында да, бұл не істей алады? Егер құдіреті күшті құдая дәл қазір тосын апат жіберіп, оның күні бүгінге дейін көзінің қарашығындай көріп, қорғаштап баққан астанасын тып-типыл қып қиратып тастаса, бұл түк те ренжімес еді. Тіпті қуанар еді. Анау көзге күйік көк мұнарадан да құтылар еді. Опаттан шыбындай қырылып, жайрап қалатын жұмыр бастылардың көр көкіректеріндегі сасық лақап та біржола сап болар еді. Сол бір топалаң қырғында тоңқалаң асатын көппен бірге өзі де жоқ болса, оған да еш өкінбес еді. Әйтеуір әлгі насырына тиетін сұмырай өсек артында қалмай, өзімен бірге құрыса болғаны. Бірақ талай тілегін оп-оңай бере салған мырза құдай тап осы жолы кессе қан шықпайтын қас сараң бола қалыпты ғой.

Ол осы арада өмірінде алғаш рет жалпақ әлемді аузына түгел дерлік қаратқан ең құдіретті әмірші болғанына өкінді. Бақса, жақын маңайда сасық ауыз, сімсік көз өңшең найсап қаптаған мынау сайқал қаланы шауып алып, құртып жіберуге құдіреті жететіндей тегеурінді жауы да қалмапты. Бұған жеті қиян жер түбінде жатып, ылғи көз алартатын әлгі бір сығыр көздерге де қаны қайнап тұр. Тым-тырыс жатып алған немелерді, қас қылғанда осы, өзі барып шауып алса қайтеді.

Әмірші сол ойына бел буды. Көптен бері көңілінде жүрген жорыққа осы қазір аттануы керек. Қара тобырдың көкірегіне оқтың-оқтың толып кететін арам желді қуып шығудың бірден-бір емі қанды қасап қана. Құдай жібермеген, жауы жібермеген қанды қасапты өзі жасайды. Бұл бір-бірлеп құртып бітіре алмайтын әлгі бір сасық ауыз тобырды жаңа жорыққа бастап апарып, мың-мындап қырып қайтады. Тірі қалғандары өсек түгілі бастарымен қайғы боп оралады. Аман қайтқандарын құдайдан емес, бұдан көріп, бұрынғыдан бетер құлдық ұрады.

Әмірші дереу жорыққа аттануға бекінді.

## VI

Дария артта қалды. Әлгінде анталай қарап тұрған қара тобыр да алыстай берді. Құба шөл, құла түз басталды. Шөлдің қақаған қапырық ыстығы қайтадан

қайратына мінді. Қара құрым қалың қол толарсақтан құм кешіп жүріп келеді. Шақырайған талма түс салт аттылардың құрдым көлеңкесін де жалмап жұтып қойыпты; енді өздерін біржолата жоқ қып жібергісі келгендей өртеніп тұр.

Өкпек аптап бірте-бірте күшейе берді. Қайнаған ыстық бұл отырған күймеге де баса-көктей кіріп кепті. Барған сайын тынысы тарылып барады. Қабынған өкпесіне бір жұтым ауа іздегендей пердені ысырып, сыртқа көз салды. Сол баяғы құба шөл. Құла шағылдар шақырайған күн көзіне қарсы шығар қайрат таба алмай, қорғасын боп балқып жатқандай. Аттың бәрі малтығып келеді. Шөлден қашқақтаған бір кешкене тұз құсы шарықтап ұшып та кетпей, жер бетіне түсіп жорғаламай да, ұшып-қонып, күйменің құрдым көлеңкесіне тығылып секектеп еріп келеді.

Әмірші дүниеде осы бір шынашақтай құстан басқа ештеңе қалмағандай, шегір көзін соған қадап апты. Бармақтай құстың мына жанталасы қандай мағыналы. Тамағы бүлк-бүлк етеді. Жер апшысын қуырып бара жатқан қызыл жадын аптаптан жанын қоярға жер таппай шыр-шыр етеді. Бәлкім мына тірлікте одан басқа ешқандай мағына да жоқ шығар. Одан асқан әрекеттің бәрі мәнсіздене түсетін болар. Әрекет неғұрлым алапаттана түскен сайын бар мән, бар қасиетінен адалана түссе керек. Мынау алапат аптаптың арғы атасы — жібекше желпитін майса самал емес пе еді. Әуелде дүниені шаң-тозаңнан арылтсам деп ескен ұялшақ леп өз құдіретіне еліге-еліге, еліре-еліре жер бетіндегі түгел күйдіріп-күйрететін мұңкір-нәңкірге, демінен ажал шашыраған қызыл аптапқа айналмады ма... Әне, бейшара құстың табанын шоқ боп қарып, қанатын жалын боп шарпып, көрер көзге құртып жіберер түрі бар. Әмірші тажал тасқынына қылар қайраны болмай, жан ұшыра секектеген кішкене мақұлықтың ақтық азабын көргісі келмегендей, көзін тарс жұмып алды.

Дүниені құйқадай қуырып бара жатқан от леп оның да тұла бойын қари бастады. Мынау құтхана шатырын өңшең жендет басып алғандай, ол тырп етерге дәрмені болмай, сұлқ отыр. Тозақ отына шыжғырылғандай өн бойын өрт жайлап барады. Жан-жағынан жүздеген мұңкір-нәңкір жаныңды бер деп жалынып тұрғандай. Бәсе, манағы ойда жоқта қолынан сусып түсіп кеткен



сақинасы оның осы сапардан тірі қайтпасына көрінген екен ғой. Ұзақ жолға аттанарда алдынан сұханы сүймейтін кісінің қарсы жолыққаны да жақсы нышан болмаса керек-ті.

Әміршінің көз алдынан соқыр жігіт кетпей қойды. Ол есек арбасын дария жағасына тастап, өзі мұның күймесіне көшіп кеп, қарсы алдына қасқиып отырып алғандай. Нұр жайнаған жаутаң жанардан айрылған соң, жүзіндегі баяғы мейірім жым-жылас жоғалып кетіпті. Әдемі жас жігітке лайық ізет-ибадан да еш жұрнақ қалмапты. Үңірейген-үңірейген екі көздің түбіне тажал тығылып тұрғандай. Өндіршегі сорайып, танауы қусырылып, екі беті күлдей боп-боз боп кетіпті, өңінен кісі шошығандай. Міне, ол бұған қарай қозғалғандай болды, бірте-бірте жақындап келеді. Сүйекпен сүйек боп қалған сұп-сұр беті бүлк етпейді. Ол мұның соңындағы қара құрым қолдан да сескенбейтіндей. Шаршы әлемдегі әрбір тірі пенденің құлағына көк найзаның сүңгісіндей суық естілетін айбарлы Әмірші атағынан да тайсалатын түрі көрінбейді. Күс-күс қос шеңгел кеңірдегіне тақап қалыпты.

— Қорықпа,— деді әлдебір қырылдақ дауыс,— барар жерің бәрібір жердің асты...

Әмірші айран-асыр. Бұл қалай? Баяғыда тілін кестіріп тастамап па еді? Пышағы жалаңдаған жендеттің қан-қан бір кесек етті көзінше жерге лақтырып тастағаны қайда? Ендеше әлгі жексұрын дауыс қайдан шықты? Әлде оған құдірет қайтадан тіл бітірген бе? Әлде тілін кескеніңмен адамды мылқауға айналдыра алмайтын болғаның ба? Бәлкім, әлгі дауыс мына шебер жігіттің емес, өзінің — Әміршінің даусы шығар?

Әміршінің көзі шарасынан шығып барады. Қарсы алдындағы құбыжық соқырдың қан-сөлсіз қаймыжық ерніне бір жымысқы күлкі ілігіпті. Әмірші шегіншектеп шалқалай берді. Оны бір жұтпа батпақ астынан обып барады. Ол, ең болмаса, жан тәсілім алдында тұяқ серпетіндей дәрмен таба алмай тырбанып жатыр...

Әлдебір уақыттарда барып көзін ашып алды. Шілде күні шыжғыра күйдірген шатырдың іші ысып кетіпті. Құс мамық төсекке үйелеп қалған екен, ыстық мамық өне бойын жандырып барады. Бұл жан-дәрмен басын көтеріп, есік жаққа қарап еді, ешкім жоқ. Әлгі тықыр бас соқыр әлдеқайда ғайып бопты. Ол шыжыған шілде мен

пәлен күннен бергі бебеулеткен тымырсық ойлардан қайнап-қайнап, балдыр батпаққа айналған дәрменсіз мидан санасы тұмандана бастағанын, әлгінде ғана қарсы алдында жаланып отырған манағы өткел басында қалған соқыр да, мұның жанын алуға келген мұңкір-нәңкір де емес, жай әншейін қорыққанға қос көрінген сандырақ елес екендігін енді аңғарды. Бірақ көңіліне біржола орнығып алған осы бір озбыр күмәнның, бәрібір, мұңкір-нәңкірдей бұның басын жұтпай тынбайтынына да көзі біржола жеткендей болды.

Ол қайтадан есеңгіреп кетті. Енді жан-жағын шетсіз-шексіз құла түз жайлап алды. Білем-білем шағылдар да әлдеқандай шимай жазуларға толып кеткен сияқты. Бұл сөніп бара жатқан жанарының соңғы қуатын шым-шым сарқып, қадалып келіп оқиды-ақ. Әлдебір уақыттарда барып зорға-зорға ажыратқандай болды. Күллі дүниені: «Барар жерің бәрібір жердің асты» деген шимай жазу қаптап кетіпті.

Ол тағы да көзін ашты. Төбесінен қара қоңыр күңгірт бірдеңе төніп тұрды. Бірақ Әмірші бұл жолы өзінің, үйреншікті алтын күйме, атлас шатырында жатқанын, әлде баяғыда өзі салдырған тас зынданда жатқанын анық ажырата алмады.

**УРКЕР**

**ПОМАН**



## *Бірінші бөлім*

### **ТЫҒЫРЫҚ**

*Өткен өмір қу соқпақ  
Қыдырады талайды.*

Абай.

— Біссімиллә!

Көптен бері қару ұстамай балғын тартқан салалы саусақтар ақ шарқат қалтадан ақ жаймаға саудырап төгілген қырық бір құмалақты, қырық бір жиде тасын, әуелі үшке бөлді.

Сол жақтағы шоғырды төрт-төрттен санап, артылып қалған бір құмалақты сәл жоғарыраққа оқшау апарып тікті. Ортадағы шоғырды санап, артылып қалған бір құмалақты әуелгі біреудің оң жақ қатарына әкеп шаншыды. Үшінші шоғырды да әлгіндей қып санап шықты. Үш тас артылды. Оған оқшау тастың оң жақ қатарынан орын тиді.

Қалған құмалақтарды араластырып жіберіп қайта тартты. Бұл жолы сол жаққа — екі, ортаға — екі, оң қанатқа төрт құмалақ шықты. Олар алдыңғы қатардың астыңғы жағынан екінші қатар құрады. Үшінші қатарда сол жаққа бір, ортаға ортаға, оң жаққа үш тас түсті.

Дөң маңдайдың астындағы тостағандай томаға көз шашырап жатқан жиде тастарын сүп-суық ызғарымен шағып жіберетіндей шаншыла қарайды.

Мөлт қара сақал-мұрт қыбырсыз. Бозарыңқы дүрдік еріндер бір-біріне жабысып қалғандай.

Тіп-тіке қарайтын дөңгелек жүз, сыз қабақ, ақ сұр кісінің бет алды тұнған сабыр. Шығыңқы шықшыт сүйек

пен шытыныңқы қабақтар ғана іште жатқан шытырман ойдан нышан байқатқандай.

Назары алдындағы ақ жаймада. Түйіліп отырды, отырды да, бір бұрышын қайырып бүркей салды. Артындағы құс жастыққа шалқалай бере жамбасына бірдеңе батқандай лезде қайта тіктелді. Алдындағы ақ жайманың бүркеуін ашып еді, қолтиді боп майлақыланып қалған жиде тастары ию-қию араласып кетіпті.

Ала шарқат қалтаның ауызы қайта байланды.

Ат шаптырым ақ орданың сол жағында манадан бері үнсіз отырған сүйек басы күйеуіне келетін кең маңдай, қыр мұрын, жайнақ көз бәйбішенің ақ борық тамағына болмашы діріл жүгірді, бірақ бұлтиған етті еріндері сол бүлк етпеген қалпы қала берді. «Шаршадың ғой, дем алсаңшы», — дегендей орнынан бипаз көтеріліп, төрдегі ақ сұр кісінің ту сыртындағы құс жастықтың үстіне тағы бір жастық апарып қойды.

Ақ сұр кісі екі құлағы едірейіп, желкесінен төніп тұра қалған жаңа жастықты жақтырмағандай, иығынан асыра бір қарап, қабағын шытынды. Ләмим ауыз ашпады. Қисайған да жоқ. Сол орнында міз бақпай ұзақ отырды.

Көз алдында — әлгінде ғана ақ жайманың әр жер-әр жеріне бүрісе шоңқиған жиде тастары. «Шілдің боғындай шашырап түсті-ау!»

Ақ сұр кісі көз алдында сайрап тұра қалған жиырма бір тастан құтылмақшы болғандай сояу кірпіктерін кілгірте жұмып ойға шомды. Жиырма бір тас бәрібір тізіліп тұрып алды.

«Әттеген-ай! — деді ол ішінен. — Осындайда қасында Тайлан болар ма еді!»

Не де болса, өзі ашқан балды өзі жорымауға бел бұды. Есіне екі абысынның әңгімесі түсті. Буаз әйел түс көрмейтін бе еді. Түсінде екі бөлтірік екі емшегін еміп жатпайтын ба еді. Ояна кетіп, абысынына айтса: «Ойбай, сорлы, сені қасқыр жеп қояды екен!» — демейтін бе еді: Отынға кеткен бейшараны, шынында да, қасқыр талап өлтірмейтін бе еді. Апа-сапа боп, марқұмды жерлеп қойған соң, әлгі жайды абысыны енесіне айтқанда: «Қап, жүзіқара-ай, түсті сөйтіп жаманға жорушы ма еді. Ол бейбақ егіз ұл табатын еді ғой», — демеуші ме еді. Бұл күндері бұның да буаз қатыннан айырмасы қанша! Жүрегінің басы май ішкендей кілкіп жүргенде өз балын

өзі жорымай-ақ қойсын. Көп болса, Тайланға ат шаптырып жорытып алар.

Көзі шаңыраққа түсіп еді — күлдіреуіштердің арасынан жылт-жылт сығалаған аспан күндегідей емес көгістеу көрінді. Шілденің де нобайлайын деп жүргені ғой.

Бәйбіше байқалар-байқалмас күрсініп қойды. Күндігінің бір жағын түріп, сыртқа құлақ тосты.

Әлдекімнің аяқ дыбысы естілді. Оң жаққа кеп тамағын кенеді.

— Хан-ием!

Бәйбіше бұрын тіл қатты.

— Кел, Мырзатай, кіре бер!

Есіктен қапсағай қара кісі көрінді. Табалдырықтан аттай сала қамшысы салаңдаған оң қолын омырауына апарып тағзым етті. Сөйтті де, бұйрық күтпестен масаты кілемнен төменірек, қошқар мүйіз қызыл ала сырмақтың шетіне кеп тізе бүкті. Сыртын ақ киізбен сырыған далбайын алып тізесіне қондырды. Орда ішіне күңірсіген күн иісі мен тер иісі мұңкіп қоя берді.

— Аманшылық па? — деді келген кісі алдымен өзі тіл қатып.

— Аманшылық. Ал хабарыңды айта бер! — деді ақсары бәйбіше.

Жолаушының есіктен кірмей жатып, мұншалық жайбарақаттана қалғанынан тап пәлендей тосын хабар әкелмегенін сезіп, төрдегі кісінің әлгінде ғана самсап түрегелген сояу кірпіктері қайтадан сұлқ түсті.

— Айта қоярлық хабар шамалы, — деді қапсағай қара, көптен бері ұстара тимей тікірейіп тұрған қылтанақ шашының арасынан жылт-жылт домалап жатқан бүрге тамшыларды жеңімен жасқап.

— Башқұрттар не дейді?

— Не деуші еді, үндемейді.

Хан иығын тіктеп отырды.

— Жол-жөнекей соққан елдерің не дейді?

— Олардікі бір дүрлігіс. Башқұрттар өздігінен қодырандап жүрген жоқ, бір шапқанда бес шапқанына қарағанда қолтықтарынан дым бүркушілер бар деседі. Елші аттандырамыз деп, жатқан жыланның құйрығын өзіміз бастық. Қол қусырып мүсәпірсіп алдына барғасын, қанша дегенмен, аты әйел ғой, патша да қайдағы-жайдағы өткен-кеткенді есіне түсірген шығар. Ішкен-жегенімізді мұрынымыздан сығып алатын болар.

Енді құтырғаннан құтылған деп, орыс шебінен алыс кетпесек, іргемізге тыныштық бола қоймас. Торғайын да, Ырғызын да тастап, Ұлытау асып кетеміз дейді.

Ханның сұп-сұр беті сол сұп-сұр қалпы.

— Кейбір ауылдардың жымпиып жұрты ғана жатыр. Хан қозғалғысы келмесе, қала берсін. Орыстың қабағы жылып, көсегемізді көгертеді деп қашанғы отырамыз. Қашпаған қашардың уызынан дәметіп, мықтыға арқа сүйеп, тайтаңдаған башқұрттардың талапайына төзе берер жәйіміз жоқ дейді.

— Жә, жолаушылардың хабарын айтсайшы.

Хан қабағын шытынды. Онысы: «Әңгімесін бұзбай тыныш отыр!» дегені болса керек.

Қапсағай қара мынау қабаттаса айтылған екі әмірдің қайсысын орындағаным дұрыс деп көп дағдарып жатпады.

— Олардан хабар боп жатса, өзім де айтар ем ғой. Сол баяғы қаңқу. Патша оларды елге қайтармай ұстап қапты дейді. Баяғыда қарап жүрмей, орыс шебіне көп тиіскен ханның елшісі екенін білгесін тіріде жіберсін бе дейді.

Ханның сол жақ қабағы сәл бүлк етті де, қайтадан тып-тыныш бола қалды.

— Жұрт башқұрттардың баса-көктеп тұрғанын елшіліктен ештеңе шықпағанға жориды.

Бәйбіше мынандай әңгімені әрі қарай соза түсудің қажеті бар-жоғын біле алмай күйеуіне қарады.

Хан оны байқамағансыды. Мырзатай өз әңгімесінен өзі жалыққандай.

— Апа, қымызыңыз бар ма, қаталап келдім, — деді.

— Әй, бар, айт. Мырзатайға қымыз сапыра берсін, — деді бәйбіше сол жақ босағаға зекіре тіл қатып.

Үй сыртынан әлдекім тырп-тырп басып алыстай берді.

Мырзатай енді төрдегі кісімен шаруасы жоқтай, ақ сары бәйбішемен сөйлесіп кетті. Базар нарқын, не әкелгенін, айтқан тапсырмаларының қайсысының орындалып, қайсысын орындай алмай қайтқанын баяндап жатты.

Орнынан көтеріле бере:

— Хан-ием, жолда Тайланға қондым. Жездеңе сәлем айт деп еді. Мойыныма борыш болмасын, — деді.

— Сәламат болғай...

— Жездеңе айт, ұрыншылап келген күйеудей тұмшаланып жатып алғаны несі? Ел ұстайтын кісі, ен



болмаса, анда-санда жұртқа елтең-селтең қарасын көрсетпес болар ма деді.

Ақсұр кісінің бір жақ миығы бұлк етті.

— Баласын көрдің бе? Өсіп пе?

— Өскенде қандай, аттың құлағында ойнайды!

Құба жонда бір жылқы, бір адам екеуден-екеу бөкітіп тартып келеді. Биыл құла түзде құланнан басқа тірі мақұлық кезіксейші! Ал құлан дегенің жерге сыймайды. Ыңып жүр-ау, ыңып жүр. Жаман тұғырмен ит бұлкекке салып келе жатқан жалба тымақ Итжеместі келеке қылғандай жолын олай бір, бұлай бір кескестеп әбден жынын келтіргені. Жөңкіліп бара жатқан тағы үйірге ызасы келгенде көз алдына қазан-қазан қуырдақ, тегеш-тегеш ет елестеп кетеді. Ол үшін әуелі анау шапқылап жүрген төрт аяқтыны ұстап алып, шарта буып жығып салуы керек. Тай қазанға тақ толтырып асып-қуыруы керек. Кең даланы еркін шарлап жүрген төрт аяқтының көкірегіндегі шыбын жан қоңыр үйдің түрулі іргесінен кең дүниеге көзін сатқан екі аяқтының кеудесіне ұшып қону үшін содан басқа ештеңе қажет емес: Бірақ айдалада жалғыз жортқан Итжеместің қолынан оның бірі де келмейтін еді. Енді, міне, көз алдынан бұл-бұл ұшып, сағымға сіңіп жоғалып жатқан қазан-қазан қызыл қуырдақтан қарадай қағылып, аузының суы құрып, соры әбден қайнап келеді.

Қарай-қарай көзі де бұлдырап кетіпті. Итеңдей-итеңдей белі де талып қапты. Ат суытып алайын деп, жусаны мен жапағы қалың көлдеу ойдың ортасындағы алда төмпектің қасына кеп тоқтады. Атын тұсап, отқа жіберді. Сосын төңірегіне қарады. Ұрының жүзіндей жымпиып жатқан кең алқап. Ойына бірдеңе түсіргендей иегін қасыды. «Қап, мынау ойға бекер тоқтаған екенмін, анау қара жалға көтеріліп кідірсемші», — деп өкінді.

Қазекеннің ең аяғы белін босатып алу үшін де биік жер іздейтін әдеті ғой.

Сосын әлгі отырған жерінен жел жаққа қарай қырық қадам ұзап, шалқасынан түсіп жата кетсін... Көз алдына тағы да тай қазан ет пен мөлтендеген сірке сорпаның тұра қалғаны. Қапелімде, жер түбінен түйдек-түйдек көрінген қою шаңды да аңдай қоймапты.

Тек бір уақытта жаңа ғана жамбасының астында өз тақымындағы буырыл тұғырдай мыңқ етпей жатқан

қара жердің кенет ысқырынып-пысқырынып, дүсірлеп-тасырлап тулап қоя бергені. Манадан бері қарасы жоғалғандай жым-жылас жатқан тұз құстары қалба-лақтап әлдеқайда ұша бастады. Итжеместің құлағына күйдей жағып жатқан тышқандардың бейқам шиқылы да тым-тырс бола қалды. Ін аузында күнге қарап «әндетіп» отырған немелер беталды құла дүзге безе жөнелді.

Итжемес не болғанын түсінбей біраз жатып еді, буырыл тұғыр ішін тартып пысқырына бергесін басын көтерді. Қара жер орынында екен. Бірақ бір дүбір құлағын жарып барады. Буырыл байтал басын жерден көтеріп алған. Соның құлағын қайшылаған жағына қарап еді — көкжиек әлемтапырақтанып кетіпті.

Әуелі найзадай тік шаншылып, бірте-бірте жан-жағына жайылып, ұлғая түскен қою шаң жақындап келеді. Жаңа ғана тұнық көлдей мөлдіреп жатқан зеңгір аспан тұяқ басты шалшықтай қоймалжытып сала берген.

Итжемес жағасын ұстады. Кәлимасын қайырды. Үш рет қайталаудың орынына отыз рет қайталаған шығар. Әйтеуір тозған кебістің жұлығындай жайын ауызы әлдене деп күбірлеумен болды.

Құдай біледі, мынау тегін шаң емес. Иә башқұрт, иә жоңғар... Қыстыкүні башқұрттың мың аттысына қоғадай жапырылып, жусап қалған қазақтың тағы қанша боздақтан, тағы қанша қылқұйрықтан айрылатынын кім білсін! Онда осы күннің өзінде пұшпақ тістелеп, зорға талшық айырып отырған қазақ қара судан қаймақ қарап біржола пұшайман боп қалды дей беріңіз.

Будақ шаң бұрынғыдан бетер зорая түсті. Аспан астын түп-түгел топырақ көміп кеткендей.

Мың-сан тұяқ дыңылдаған қатқылдың өзін қарш-қарш шайнап обып барады.

Пісіп, қайратына мініп тұрған қоңыр шөп кірш-кірш жаншылып жатты.

Көкжиектен жалғыз құйын боп қылаң берген шаң енді, міне, жан-жақтан ұйысып тұтаса бастады.

Тұтасқан шаңның астында жиралаңдап әлдебір алып жыландар қаптап келе жатқандай. Бір-біріне ұласып аспан асты түгел шұбарытып кеткендей. Ақыр заман боларда жер астынан шығатын жеті басты аждаһа осы шығар! Ирелеңдеп келіп қалды...

Итжемес қайда кетерін білмеді. Мидай жазықта бұтадан басқа бас сауғалар пана жоқ. Бұтасы да кісі түгілі қоян қалқалайтын қауқары жоқ итсигек пен адыраспантұғын.

Кәлиманы қайталап айта берсе, жаны жай табатындай, Итжеместің жалақ еріні жалпылдап бір тыным тапқан емес.

Қою шаң тақап қалды. Дүсір-дүсір тұяқ үні анық естілетіндей.

Жан-жағына жалтақтап тағы қарады. Енді көзі шалды — анадайдағы қырат күн батыс бетін тастаққа тіреп, көктұмсықтанып бітеді екен. Шамасы, жаңбыр жауғанда су ұстайтын не күп, не тұран болса керек. Ендеше, бұққан кісінің бөксесін көлегейлей алар бір қалқа табылса, сол арадан табылады.

Бұқпақтап салып келеді. Әлдеқайдан қиқу шықты. Есі кетіп, бойын тіктеп ап, жұлдыздай ақты. Кесірткенің басындай көк қасқа тұмсық жеткізер емес.

Уһ! Аяғы тастаққа тиді ме, қайтті?! Бірер рет, тіпті, табанына тас батқандай да болды ғой! Оған қарайтын Итжемес бар ма?..

Екі өкпесін қолына алып көк тұмсыққа жетті-ау ақыры. Міне, сұмдық! Алды — тастақ та емес, күп те емес, аран ор. Қолдан қазған ор. Бір бетін алыстан орағытып, доғаша иілтіп, тас үйіп қоршапты.

Не де болса, ойланып жатарға мұрша жоқ. Доғаша иіліп жатқан ұзынша орға қарғып кетті.

Қарғуын қарғығанмен көзі атыздай болды. Ордың түбі андыздап тұрған көп істік найза. Қазір-ақ біреуі мұның талай-талай тоқты-торымның обалына қалған құзғын құрсағын жайратып жарып түсетіндей.

Міне, қызық! Әлгі андыздаған көп істік андыздауымен тұр. Ал бұл болса, ұшпа жардың дәл түбіне домалап түсті. Жол-жөнекей шынтағын тасқа соғып алғаны болмаса, тұла бойы титтей де зақым көрмепті.

Сөйтсе, оң шынтағында бір істік, сол шынтағында бір істік, дәл тұмсығының алдында және бір істік. Тек ту сыртында ғана істік көрінбейді. Бірақ, ол жақ түксиген жақпар тас қабырға. Арқасын соған тіреп, «уһ» деп бір дем алды.

Қимылдарға дәрмен жоқ. Жан-жағы жалаңдаған істік. Көзін сатып қарап бақты. Әлдекім кәдімгі нар қамысты ерінбей-жалықпай әбден кептіріпті. Ерінбей-

жалықпай бір жақ ұшын пышақпен сүйірлеп кесіп, істік жасапты. Оны ерінбей-жалықпай осында әкеп қондырыпты. Біреу емес, екеу емес, сан жетпестей қып самсатып тұрып қондырыпты. Тап келгеннің ішек-қарнын судай шашып, қарнап алуға әзір тұр.

Сол самсаған сансыз істіктің ортасына топ етіп домалап түссе де, тікен кіргендей зақым көрмегеніне масаттанып Итжемес отыр. «Бүйтпесем, Итжемес боламын ба!» — деп қояды ішінен.

Енді, міне, ол өзінің қалай аман қалғанына емес, осынша көп істікті ерінбей-жалықпай кім шанышты екен деп басын шайқап қояды. Бірақ, соның бәрі қандай мақсатпен істелді деген сауал ойына кіріп те шыққан жоқ.

Ерінін бір сылп еткізіп, басын мұздай жарға тіреп, шалқая кетті. Сол-ақ екен көзі қайтадан жұмылып жүре бергені. Жан-жағын тағы да тегеш-тегеш ет пен саба-саба қымыз қоршап алды. Қазан-қазан қызыл қуырдақтың күңірсік исі мұрын жарып барады.

Кенет құлағын жара ащы айқай шықты. Тәтті ұйқы жым-жылас жоғалды. Сөйтсе, манағы қою шаң төбесіне төніп тұра қапты. Аспан дегенің салақ үйдің дастарқанындай күлдібадамданып кеткен. Жан-жағының бәрі бұлқан-талқан...

Итжеместің есіне манағы қашқан жерінде қалай болса солай қараусыз қалған бурыл байталы түсті. «Бейшара не ғып тұр екен?» — деп ойлады.

Сол екі ортада төкпектете шыққан қою дүсір құлағын көмді де кетті.

Әлдене топ-топ түсіп жатыр.

Әлдене шар-шар шыңғырып жатыр.

Қорс-қорс... Дүрс-дүрс...

Тас төбесінен зу-зу өтіп жатқан бірдеңе...

Киіздей ұйысып тұрып алған қою шаңның арасынан батпан-батпан қара тас бұршақтай жауып тұрғандай. Бірақ, үнсіз-тілсіз меңіреу қара тас емес, құлындаған даусы құлаққа жетіп шыңғыратын жаны бар қара тас. Өкіре шыңғырып құлап жатыр, құлап жатыр.

Әлдебір көп дүсір орағыта шапқылап жүр.

Мыңдаған құлынды шыңғыртып қатар бауыздағандай әжептарқы дауыс төбе құйқасын шымырлатты.

Құлағын басып, көзін жұмып алды.

Әлдебір ащы үн мен тасыр-тұсыр басылар емес. Мұның миы зеңіп бара жатты. Не де болса жан-жағына қарамауға тырысты. Не де болса, мынау аламан-асыр басылғанша осы орынынан тырп етпеуге бел буды.

Көзді тарс жұмып ап әлі отыр, әлі отыр... Бірақ, бұл жолы көз алдына тегеш-тегеш ет пен саба-саба қымыз келмеді. Мұрынына қазан-қазан қызыл қуырдақтың күңірсіген исі келмеді. Жүрек лоблытар қан исі, тер исі келді...

Көз алды мұнарытып, миы зеңіп барады. Аспаннан бұршақтай жауып тұрған көп қара тастың біреуі бұның дәл төбесіне түсіп келе жатқандай.

Жалма-жан көзін ашып алды. Қарсы алдына, ордың жиегіне бір аттыдан соң бір атты шауып кеп, қатар түзеп қарап тұр: Бәрінің де көзі шоқтай жайнайды. Бәрінің де көзі ордың ішінде. Тістері ақсиып, бір-біріне әлдене деп тіл қатады.

Олардың қазақша сөйлеп тұрғанынан, қалмақша сөйлеп тұрғанынан, башқұртша сөйлеп тұрғанынан бұл атымен бейхабар. Құлағында — сол баяғы жапатармағай жарыса шыққан көп ащы жаңғырық.

Ор жиегінде тұрған көп аттының көздері бұл жаққа ішіп-жеп қарайды. Бастарын шайқап, таңдайларын қағады. Ыржың-ыржың күліседі.

Бұлар неге мәз-майрам? Жан-жағына қарап еді, манағы самсаған көп істікке қарналып қорқырап жатқан көп хайуанды көрді. Кейбірі жандәрмен бұлқынса, кейбірі жарық дүниеден күдерлерін біржола үзіп сұлқ қалған.

Анда қараса да — теңкиіп жатқан солар. Мұнда қараса да — теңкиіп жатқан солар. Бұл қапелімде жан-жағында жайрап жатқандардың қандай жануар екенін де аңғармапты. Сөйтсе — құлан екен. Кеше ғана жолын кескестеп құйындатып өтіп жатқан тұз тағылары. Кеше ғана бұл оларға кіжіне қарап қалып еді. Енді, міне, бейшара мақұлықтарды адам аяғандай. Қайдағы бір қаудырлаған қамыс басынан ажал тауып қапы кетіп жатқандары.

Манағы құлақ жарар ащы айғайлар тыйылған. Ордың іші түгел қорқырап жатыр. Осынау жантәсілім дауыстар ор жиегінде үзеңгілерін тебініп шіреніп тұрғандарға маса шаққан құрлы көрінсе, не дейсің? Екі езулері екі құлақтарына жетіп мәз-мәйрам.

Сөйтсе, олардың нәпахасы — мына орда жайрап жатқан көп мақұлықты қалшылдата қорқытқан қара жүзді ажал екен. Сөйтсе, олардың қуанышы — мына тыныстары тарылып, жан ұшыра қорқыраған жазықсыз төрт аяқтылардың шыбын жанын шырқыратқан қаныпезер азап екен.

Әне, олар аттарынан қарғып түсіп, ор ішіне секірді. Қындарынан жалаңдаған сапыларын суырып, жан-тәсілім жатқан хайуандарды бауыздай бастады.

Шүмектей шапшыған қызыл қан қолдарын жуып жүр. Оған қарайтын ақ сапы ма... Күнге шағылысып жарқ-жүрқ етеді.

Ор жиегіне тағы да бір топ атты келді. Топ-топ аттылар жан-жақтан қаумалап қоршай бастады. Міне, мұның дәл алдына сала құлаш көк атты кеп тоқтады. Үстінде — шаншыла қарайтын ақ сұр кісі. Ор ішіне көзі түскенде қасындағылардай күлімдеп қоя берген жоқ. Қайта қаламмен сызғандай жіңішке қасы бір түрлі тұнжырап сала берді. Ызғарлы ала көзі қапелімде ор түбіндегі Итжемеске түсіп кеткендей. Өңменінен өтіп барады.

Оның тұңғиық жанарында қуаныш та, мұң да, аңтарылыс та, абыржушылық та емес, олардың бәрінен де терең, бәрінен де жұмбақ, бұрын бұл жан баласынан көрмеген бір тұңғиық тосын сыр тұнып тұр. Тіпті оның мұнымен де, мынау қан сасып жатқан мол қасап пен қарқ боп жүрген қасапшылармен де еш шаруасы жоқ, әлдеқайда, мынау дүниеде тек өзіне ғана мәлім бір тылсым нысанаға тесіле қарап тұрғандай.

Итжемес сол бір сиқырлы көзқарасқа арбалып қалғандай. Ор ішінде не болып, не қойып жатқанын да ұмытыпты. Сөйтсе, сапысын жалаңдатып, бір қасапшы бұған қарай беттеп келеді. Дәл алдына төрт аяғы көктен келіп теңкие құлаған бозғылт хайуанның басын көтерді. Тани кетті — бурыл байталы! Жануар тостағандай жанары жаутаңдап, осқырынды да, қасапшының қанды пышағына кеңірдегін тоса берді.

Оның да, мұның да көзінен жас ыршып кетті. Қасапшы шаруасын бітіріп болып, сапысын жарқылдатып, артына жалт бұрылды. Итжеместің даусы шығып кетті.

Қасапшының көзі атыздай болды. Ор жиегіндегілер де үрпиісіп қалды.

Жар түбінен жарбиып ол түрегелгенде жұрт ау күлді.

Күн ұясына қона ошақ орынындағы күлдей боп дереу көгіс тартып қоя берген көл-көсір жазықтың төбесіне ырысты үйдің ертелі-кеш оттан түспейтін күйелеш қазанының түбіндей қап-қара түн орнады. Төбедең салбырап төне түскен малақайы қою қараңғыны жасқап кері қайтарғысы келгендей салқын белде самсап от лаулады. Ана жерде де лапылдап жанып жатқан от, мына жерде де — лапылдап жанып жатқан от. От төңірегі — найзалары шошаңдаған күйек сақал еркектер. Бастарында — жалтылдаған темір дулыға, үстерінде — жалтылдаған темір сауыт, белдерінде — жалтылдаған кісе... Мына тұрыстары бір кезде төмен етек ұрғашыны ақ бақанға асылдырып, бебеулетте сарнатып дүниеге келген қуыс өзек пенделерден гөрі ұста дүкенінде көрік пен төстің ортасынан шыққан темір өзек бірдеңелерге келіңкірейді. Тіпті жандарына жақындап баруға денен түршігетіндей. Екі аяқты олардан гөрі анадайда пысқырып-түшкіріп түнгі салқынмен қомағайлана жайылып жатқан көп төрт аяқты әлдеқайда етене, әлдеқайда жақынырақ сияқты.

Итжемес кеу-кеу топқа араласа алмай бөлек тұр. Есіл-дерттері лапылдаған отта боп иін тіресе қалған темір киімділердің мұнымен еш шаруасы жоқ. Алда-жалда ол мынау жалба-жұлба қап-қара түннің қойынына сіңіп жоғалар болса, тап іздеп табамыз деп табандарынан таусыла қоятындай түрлері көрінбейді.

Итжемес екі ұдай... Ту сыртында туырыла қойылып келе жатқан майлақы қап-қара түн. Оған бір сүңгіп кетсең, алдың-ақ жүзді азаттық. Аяғың жетер жерге жетіп өлер еркіндік. Басыңда ноқта, тірсегінде тұсау жоқ бостандық. Жоғалған тайлақтай боса бер, боса бер...

Ал, енді тапжылмай тұра берсең, көретінің — мынау аспанмен тайталасқан алау от. Самала жарық. Жұрт ортасы. Жан-жағың тола оқты көз. Сынай қарайтын, міней қарайтын, қызықтай қарайтын, мүсіркей қарайтын, місе тұтпай қарайтын ала көз, аш көз, жымысқы көз... Көз, көз, көз...

Итжеместей олпы-солпы адамдардың дүниедегі сухандары сүймейтін екі нәрсесінің бірі — көз де, екіншісі — сөз... Екеуі де — анау от басында.

Ол маңайға барғысы келмейді. Бірақ, кете де алмайды. Аяғы қара жерге шеге боп қадалып қалғандай. Қозғап көріп еді — табанының тап желімделіп қала қойған ештеңесі жоқ сияқты. Ендеше, неге кетпейді? Мынау қаралай көзін қарлықтырып тұрған көп қынап, көп найза, көк сауыт, көк сүңгіден неге беталды құла дүзге безе жөнелмейді? Неге? Қорқыныш па... Олай дейін десе, манағы ор жиегіндегі қасапшының қолындағы қара пышақтан басқа дәл бұған қарай тіктеле оқталған ешкім де, ештеңе де жоқ...

Ендеше неден сескенеді? Неге кетпейді? Қаймығып тұрып қашпайтыны, беттей алмай тұрып безінбейтіні несі? Оны мынау бөтен топ, бөтен ортада осынша байлап-матап жібермей тұрған сиқырдың аты не? Итжемес соны білгісі келгендей, мынау қап-қара аспанның астындағы ұлан-асыр тіршіліктің барша құпиясына бір-ақ сәтте түп-түгел қанығып алғысы келгендей, жан-жағына алақтай қарайды. Қалқан құлағы одан сайын қалқайып, жапырақ танауы жыбыр-жыбыр етеді. Қанша дегенмен мынау тұла бойы тұнған қатер қаран дүниеде Итжемес үшін қимас бірдеңе бардай. Соның өзі тап онша алыста да емес, қол созым жерде тұрғандай. Қарасын көрмесе де, бір әзәзіл иіс бойына түсіп, елітіп алып бара жатқандай. Ол не? Оған санасы жете қоятын емес. Әйтеуір бірдеңе: «Кетпе!», «Кетпе!», «Кетпе!» — деп үсті-үстіне қақылдап баққандай.

Оның құлағына осынша төніп, осынша қақсап тұрған бұл не болды екен?

Жан-жағына көз тастап еді — жалғыз тұр. Аңадайдағы қаз-қатар лаулап жатқан көп оттың басындағылардың бұны көзге іле қоятын түрлері байқалмайды. Тістері ақсиып, өзара әлдене деп жапыр-жұпыр тіл қатысып мәз-мәйрам. Бірақ ешқайсысы тап бұған: «Кетпе!» деп сөз шығындай қоймағандай.

Алақтап төбеге қарады. Жер бетіндегі самсаған көп от аспандағы құжынаған көп жұлдызды да көрсетпей тастапты. Төңірегін тұтаса қоршап алған меңіреу қараңғыда бұны: «Кетпе!» — деп азғыратындай тіл де, көз де жоқтай.

Ту сыртындағы туырылған қараңғыға құлағын төсеп еді, қомағай жылқылардың үсті-үстіне пысқырғанынан, қалың ебелекті күрт-күрт отағанынан өзге дыбыс естілер



емес. Олардың қиякелді екі аяқты Итжемеске: «Кетпе!» — деп жалынып-жалбарынып жатуға мұршалары жоқ секілді.

Бұл қайран қалып иығын қиқандатты. Тамағы құрғап бара жатқасын жұтынып қалып еді — қызыл өңеші құрғырының шиқ ете түскені. Сол-ақ екен, ішегі шұрылдап қоя берді.

Итжемес манадан бері оған: «Кетпе! Кетпе!» — деп қақылдап баққан әзәзілдің қайда бұғып отырғанына енді барып түсінді.

Танауына әлдеқайдан бір тәтті иістің келе қалғаны. Жел алып келді дейін десе, лүп еткен леп жоқ. Түтін алып келді дейін десе, лаулап жанып жатқан көп оттың ешқайсысынан асулы қазан көрінбейді. Ендеше, мынау сүйек-сүйегін балқытып бара жатқан тәтті иіс қайдан шығып жатыр? Ол анау тас төбеден етпеттеп төне түскен қою қараңғыдан шығып жатқандай. Ол мынау көкке шаншып лапылдап жанып жатқан көп оттан шығып жатқандай. Ол тіпті қара жердің дәл өзінен шығып жатқандай. Бұдан әрі шыдап тұра алмай, жасқана басып от басына жақындады.

Дүниеде не көп десе, білмейтіні көп екен. Манағы көргені башқұрттың да, жоңғардың да қолы емес, кәдімгі қашқан құланның шаңы боп шыққаны. Қуғыншыдан үркіп жөңкіле қашқан тағы үйір жолында не тұрса да, қарамапты. Айдалада жаңғыз жайылып тұрған бұрыл байталды да қақпайлап әкеп, өздерімен бірге аранға жығыпты. Енді болмағанда Итжеместің өзінде тұяқтарының астына сап тапап кететін түрлері бар екен. Байтал түгіл бас қайғы деп безе жөнелгені мұндай абырой болар ма! Кейде жүрек жұтқан батыр тәуекелінен таппайтын қайырды қорқақ үрейінен табады екен. Өкшесі күнге шағылысып зытып бермесе, Итжемеске қазір мынандай ылжырап піскен тәтті тамақ бұйырар ма еді, бұйырмас па еді...

Уылжып тұр-ау, уылжып тұр. Тісіңе тимей жатып қарыныңның сонау құрдым құрышынан барып бір-ақ шығады. Дүниеде мұндай да тәтті тамақ болады екен...

Сөйтсе Итжемес бұған дейін босқа жүріпті. Не көп, тағыны оқ шығындамай жайратып салудың жолы көп екен. Оның бірі манағы аран деген пәле көрінеді. Құландар суатқа баратын жол бойына, көлеңкесі мол қалқа-қалтарыстарға ор қазылады. Ордың өне бойына әбден дыңылдап кепкен нар қамыстың басын бізде қып

өткірлеп жасаған істіктер шаншылады. Соңынан қиқу шықса болды, аяғына жалынатын аңғал үйір ажалға қайтіп өздері келіп ұрынғандарын білмей де қалады.

Ал, әлгіндей оңтайлы жер табылмағанда, құландар өретін өрістің кез келген жерінен ор қазылып, оның бір жақ қапталы тас үйіп қоршалатын көрінеді. Жарау мінген қайтармашылар қалтарыстан шыға кеп, қаннен-қаперсіз жайылып жүрген тағы үйірді қиқу салып үркітеді. Аңшылардың екінші тобы қашқан үйірмен қапталдасып шауып отырады. Қуғыншының жолын кесіп өтпесе бастары ауыратын жанықас мақұлықтар қапталдасқан жүйріктердің алдын орап өтеміз деп ерегесіп бағады. Арғы жағы белгілі: тығырыққа тірелген ақылсыз хайуандар бұлтаруды білмей аузын ашқан аран орға опыр-топыр секіріп, нарқамыс істіктерге қарналып өледі.

Бұзбай пісірген құланның шылқыған семіз етіне кеңірдектей тойған аңшылар аран жайын мұрттарынан май сорғалап отырып әңгімелейді.

Манағы аран ішінен сүйреп шығарылған қисапсыз құланның көпшілігі түйе-түйе қып ауылға артылып жіберілді. Қалғандарын қасапшы жігіттер бесін ауа осы муртығы, ебелегі көп қара жонға келген соң терілерін сыпырып, ішек-қарындарын аударып тастап, жіліктеп бұзып, әлекке түсіп жатпай-ақ шіліктің сабау бұтақтарымен қайтадан бүрген-ді. Қаз-қатар жарыстырып төрткіл шұқырлар қазылған-ды. Сол шұқырларға әлгі бүрілген құландар салынған-ды. Үстін топырақпен мықтап тұрып көмген-ді. Көмбенің бетіне тау-тау қып отын үйіліп алаулатып от жағылған-ды. Манадан бері Итжестің көзін арбап тұрған өзәзіл оттар солар-ды. Ал оның бойын балбыратып, әкетіп бара жатқан әдемі иістің көктен де, оттан да емес, кәдімгі қара жердің өзінен шығып жатқандай боп көрінгені де сондықтан-ды.

Лапылдаған алаудың жалыны басылды. Орнында жайнаған қызыл шоқ қалды. Ол бірте-бірте қоламтаға айналды. Қоламта бозара-бозара күлге айналды. Күлді жігіттер аулағырақ күреп тастады. Соның өзінде оттын орны қол апартпай өртеніп тұрды. Топырақтың бетінің қызуы басыла шұңқыр аршылды. Жер астының ыстық табы бет шарпыды. Қарулы жігіттер оған қарамастан ақ тер, көк тер боп көмбені аршып бақты. Бір уақыттарда барып буы бұрқырап көмбе де көрінді. Оны киіз қолғап

киген жігіттер жер астынан суырып алып, анадай жердегі алаңқай көгалдың үстіне апарды. Бұтамен бүрген көмбе жарылды. Қыныңнан сапынды суыр да таласа-тармаса жайғасып жатқан жұртпен бірге қатарласып отыра кет. Пышағы бар сүйгенін жейді, пышағы жоқ тигенін жейді. Өз буына өзі піскен семіз аңның жас еті таңдайды жұлады. Құныға түсесің. Сұғынған жұртпен бірге сен де өңмендеп бағасың. Қашан ішіңе ел қонғанда барып кейін шегінесің. Қай-қайдағы қысыр әңгіме сосын барып өрбиді.

Мынау опыр-топыр да бүгінгі олжаларына жау түсіргеннен бетер масаттанып бақты. Оған басқа түсінбесе де, Итжемес түсінеді.

Шыжыған шілдеде қызылсырап, тісі қышып жүрген қазақтарға мынандай қан қасап күнде-күнде тап бола бермейді. Жұрт жазда жиын мен той болмаса, алыстан бір аса қадірлі қонақ келмесе, бостан-босқа қан шығармайды. Сонда ащы іркітке арам шеміршектерінен керелеген еркектер жағы: «Шіркін, осындайда тіс шұқитын қажан-құжан табылмайды-ау!» — деп таңдайларын қақса, әйелдер жағының: «Терлеп-тепшіп ішетін бір тостаған жас сорпа-ай!» — деп ауыздарының суы құриды. Дәу де болса, осы жер басып жүрген қазақтардың көпшілігін шешелері бір тостаған жас сорпа мен аяқ қаптың түбінде қыстан қалған қақпыш боршаға талғаған шығар...

Еріні тобарсып отырған ауылдар барымтаға жұмсайтын қарулы жігіттерін кейде аң қағуға жұмсайды. Қарулы қалың қол боп аттанған аңшылар еті көп тарпаңның үйірі болмаса, қарақұйрық, ақ бөкен секілді «ұсақ-түйектерге» бола қындарын қандамайды. Ондайлардың ажалы ит жүгіртіп, құс салған саятшылар мен бұта торыған қақпаншылардан келеді.

Мұндай ұлы дүрмек саятшылыққа кейде ел басы, ру басылардың өзі бастап шығатын көрінеді. Манағы Итжеместің қақ алдында көк ат мініп тұра қалған ақ сұр кісі хан дейді. Кәдімгі Әбілқайыр хан сол көрінеді.

Мұны естігенде Итжемес түйіліп қала жаздады. Ол білетін қазақта не көп — сұлтан көп, би көп, батыр көп, — әйтеуір ел үстіндегі ұлық көп. Бұрын-соңды ондайлармен табақтас болмақ түгілі, ондай дәурен ойына кіріп көрмеген Итжемес ханның қосынан бір-ақ шыққанын білгенде қақалмағанда қайтсін! Қолындағы кәрі жілікті ауызына апара алмай біраз отырды. Тек

құрсағына кіріп алған әлдебір аш тышқан: «Ау, неге кідірдің?» — дегендей, тағы да шиық ете қалғанда барып, жалма-жан апыл-құпыл асай бастады. Асаған сайын қарыны ғана емес, көңілі де тоғая түсті». Хан ордадағы қаңқасапқа тап болып жатқан қазақ көп қой дейсің бе? Ондай нәпақа да бұйыратын кісісіне ғана бұйыратын шығар. Итжемеске құдай берудей-ақ берген екен. Ол үшін бұрнағы жылы көрісе барғанда екі өркеші баладай тайлақ жетектеткен нағашыларынан, арасына жыл түспей жатып жоғалып кеткен сары тайлағынан, тайлағыңды іздеп кел деп астындағы байталын түсіп беріп, жөн сілтеп жіберген жамағайынан, содан бері тақымында салпақтап келіп, бүгін айдалада бетіне лағып жүрген есірік тағылармен бірге қанды ауыз араннан бір-ақ шыққан бурыл байталынан, жыл он екі ай бойы қоналқыға түнделетіп келгенінде тартынбай табақтас қылған мынау ұлы түздің қарақалпағы мен қазақтарынан, жер түбінде жатып ап жеткізбей қойған башқұрттар елінен, мана ойда жоқта зәресін ұшырып тап бола кеткен қою шаңнан, соншама бір беткей боп қыңыр мінез жаратылған әрі аңқау, әрі ақылсыз түз тағыларынан, оларды осылай оп-оңай жем етудің жолын біліп алған мынау шақша бас екі аяқтылардан, шырқ айналып келгенде, осының бәрінің орайын келтіру үшін жыл жарым уақыт бойына бір хабарын шығартпай қойған тағы да сол баяғы сары тайлағы мен бірер ауылды айналып, еліне қайтып кетпей, не де болса күдерін үзбей, қазаннан қазан сағалап, қазақты қойып башқұрт асып кете жаздаған өзінен жүз айналып, жүз рет садаға кетсе болмас па!» — деп масаттанды Итжемес.

Енді міне, ду-ду топтың ортасында.

— Есімің кім?

— Итжемес.

— Кімнің баласысың?

— Салпының.

— Қай атадансың?

— Бәйімбет.

— Қай Бәйімбет?

Итжемес басын шайқайды. Дағдарып қалғандар сол екі ортада тағы бір сұрақ ойлап табады.

— Қайдан жүрсің?

— Қаратау бойынан.

— Қайда барасың?

— Башқұрттарға.

— Не іздеп келесің?

— Тайлақ жоғалтып ем.

— Қашан жоғалтып ең?

— Былтыр көктемде.

— Башқұрттарда екенін қайдан білдің?

Итжемес иығын қиқаңдатады. Отырғандар ду күледі. Олар енді оны қойып, бір-біріне сұрақ жаудырады.

— Қаратау болғанда қай арыс болғаны.

— Қаратауда қай арыс жоқ.

— Бәйімбет болғанда қай ру?

— Бәйімбет қай руда жоқ. Ол арғында да, қыпшақта да, әлімде де, бай ұлында да бар. Бұның қайсысынан екенін ит біліп пе?

— Ата сақалы аузына шыққанша руын білмейтін бұл қандай маубас?

— Сары ала таңнан тұрып ап, тірсегіңді суға кестіріп кетпен шапсаң, руың түгілі қатыныңның атын ұмытып қаларсың.

Қарқ-қарқ күлкі қайта естілді. Семіз етке шылқия тойып алған қазекең кеңк-кеңк күлгеннен басқа не біледі! Көздерінен жас аққанша күледі. Тағы да Итжеместі қажайды.

— Итеке, қандай өнеріңіз бар?

Итжемес үндемейді.

— Айдалада бұта түбінде бұқпақтап жүрген қаңғыбастан қандай өнер сұрап отырсың!

Итжемес қитықтанып қалады. Қияқ мұртты бір сипап қойып күңк етеді.

— Бір қазақтың қолынан келетін нәрсе біздің де қолымыздан келетін шығар.

Кеу-кеу әңгіме бір сәт тоқырайын деді. Итжемес күн қарып, жел қағып қызарып кеткен көзін бір бағжан еткізеді де, одан әрі үндемейді.

Енді жұрт шындап көңіл қояды.

— Итекесі, сонда өнеріңіз ауызыңызда ма, қолыңызда ма?

Итжеместің қызыл көзі тағы бір бағжан етеді.

— Аузымда.

— Ән саласыз ба?

— Жоқ.

— Билік айтасыз ба?

— Жоқ.

— Сонда ол қандай өнер болғаны?

— Анау бүтін құланды бері әпкелші.

Сөйтіп Итжемеске башқұрттардың дәмінің шамалыда бұйыра қоймас түрі бар. Ол хан орданың маңына біржола тұрақтап қалмаса нетсін! Ас пен жиынға даланың қай шонжары жүйрік жетелемей, бәске түсер палуанын, әншісін, күйшісін, мешкейін ертпей барушы еді. Ханның бұрынғы мешкейі жарты қазақ, жарты қалмақ Анапия ана жолы Хиуада бәсекеге түсем деп жүріп, өрік-мейізден ұшынып, алты ай жаз ауырып жатып, жақында дүние салған-ды. Соның орыны, дәу де болса, осы Итжемеске бұйыратын шығар.

Бұған дейін самиян сахарадағы қай ауылға да сақтана кіріп, ұрлана шығып кететін. Өйткені, анада жоқ қараймын дегенде, астына ат берген жамағайыны: «Абайла, көп ұзап кетпе... Басқа рудың шашау шыққан малын ғана емес, жанын да сіңіріп кеткісі келіп жаланып отырған қазақ аз емес», — деген. Бірақ, қай ауылға келсе де, тап бұны қолды қылғысы кеп сұқтанған ешкімді көре қоймады. Өйтіп, бұны қайбір қысы-жазы елдің шетіне, желдің өтіне қойып жылқымды қайыртамы десін. Ол үшін, ең құрығанда, сойыл көтерер білек керек. Итжеместе қой түгілі тай тауысар аран құрсақтан басқа ештеңе жоқ еді. Ал, аран құрсақ пен апандай ауыз, құдайға шүкір, кез келген қазақтың өзінен де табылады. Енді, міне, кісінің бағы жанайын десе, қиын ба!

Итжемес сол түні қуанғаннан ұйықтай алмай, жыл бойы «жайрап қалғырлап» келген сары тайлағын мың қайтара айналып-толғанумен болды.

Жаздың түнінде салқын белге тоқтаған қалың қосында таң атқанша төңбекшіп шыққан жаңғыз Итжемес қана емес-ті.

Қақ ортадағы сары ала шатырда Әбілқайыр хан қанша аунақшыса да, кірпігін айқастыра алмай-ақ қойды.

Жаздың мамыражай кеші тып-тыныш. Шатырдың төрт бұрышында телмірген төрт сақшыда да, есігінің алдындағы екі сақшыда да ләм-мим үн жоқ. Алысырақтан пырт-пырт жайылып жүрген жылқылар пысқырады. Қосын-қосындағы кеу-кеу әңгімелер де тыйылған. Аспан асты, жер үстінің бәрі оған: «Ұйықта, дем ал!» — деп тұрғандай. Бірақ, ұйқысы құрғыр зым-қайым жоғалған. Сары ала шатырдың түндігі айқара ашық-ты. Тас төбесінен жұлдызы жапырлаған түнгі аспан еміне төніп тұр. Мана көкжиекке қара

кіреуке іркіле-ақ, әр жерден жасқана жылтыраған жыпылық жұлдыздар, қараңғы қоюлана түскен сайын қатары жиілеп, жарығы молайып, жарқырай түсіпті. Аспан мен жердің ара жігін көміп алған желім қараңғының қара шулан кеудесін тесіп өтіп, сонау зәулім биіктен тылсым тұңғиыққа саулап құлаған самала нұрлар қазір-ақ дүниені көл-көсір жарыққа қарық қылатындай. Бірақ, манағы көл-көсір дүние қазір шырқ айнала тұмшаланып алған қарақұрым шошалаға айналып кеткендей. Жанарыңды қайда тастасаң да, қара күйе тік жарға — қараңғыға тіреледі. Жанарыңның бостандық алып, жарыққа талпынар жаңғыз бағыты — зеңгір аспан ғана.

Ол, міне, Әбілқайырдың көзін де әзәзілдей азғырып, жіберер емес. Быжынаған жұлдыздар бірінен-бірі өтіп жыпылық қағады. Бәрінің де бұл білмейтін бір жұмбағы бардай. Оны ел ұстаған кемеңгер ханның өзі білмейтініне масаттанып тұрғандай. Жұлдыз екеш жұлдыздар да сонау көк аспаннан орын жетпейтіндей, бірін-бірі иықтан қағып, тірсектен шалып, тайталаса, таласа-тармаса жымыңдасатындай. Кейбіреуі аспанның қақ төріне шығып алып: «Мені көрдің бе, мені?!» — деп төсін қағып тұрғандай. Былай қарасаң, қасындағы қалған жұлдыздардан тап онша асып бара жатқан нұры да шамалы сияқты. Қайта одан гөрі самаладай маздаған талай-талай шам-шырақ шаршы төрден орын тимей тым төменге, көкжиекке қарай ойысып кетіпті. Әбілқайыр соларға қарайды да қайран қалады. Құдіреттің өзі мынау аспанды жасағанда, ондағы мынау быжынаған көп жұлдызды жаратқанда қандай жосық ұстанды екен? Пенде пақырдың ақылына салсаң, ең жарық, ең нұрлы самаланы қақ ортаға маздатып, оның төңірегіне өзі тақылеттес жарық жұлдыздарды, олардан кейін одан сәл күңгірттеу жұлдыздарды, ең шетке, ең етекке ең көмескі жұлдыздарды орналастырса керек еді. Ал, аспанға қарасаң, ондай қисыныңның күлі көкке ұшады. Жарқыраған талай самала елеусіз етекте қалғанда, өлеусіреген талай сүмірейме шаршы төрге шалжия қонжиыпты. Құдды мынау жұлдыз екеш жұлдыздардың да біреуі бәйбішеден туса, екіншісі тоқалдан туғандай. Біреуі есірген ерке болғанда, екіншісі жаутаңдаған жан бағардай. Біреулері төрге шығуын шыққанмен, жан-жағына шашар жарық таба алмай мөлісе, екінші

біреулері етекте тұрып, нұрлы боп көрініп қайтем деп қымсына жыпылықтайтындай.

Жасаған ие жерді аспанға қарап жаратты ма, жоқ аспанды жерге қарап жаратты ма, әйтеуір мәңгі бақи ермек қылар ойын керектей, өзі жаратқан ұсақ пен іріні, әлсіз бен күштіні, сұңғыла мен су миды балалардың хан талапай ойнағанындай әдейі быт-шыт қып ию-қию араластырып жібергендей.

Әбілқайырдың жұлдызды аспан көрсе болды, әлденеге көкірегі шымырлап қоя береді. Жүрегінің басына запыран боп тұрып алар бір жәйттерді ойлағысы келмей, көзін тарс жұмып алады. Тіршіліктің бақшиған күндізінде де тірсегінен тістелеп тынышын алып жүрген қайдағы бір сімсік сауалдардан солай қашып құтылмақшы болады. Бірақ, оның жанын қинайтын жәйттер тым көп еді. Олардың сесі білінді-ақ, құмырсқаның илеуін жалаң аяқ басып қалған кісідей таланып шыға келесің. Бір сирағыңа жүгірген құмырсқадан жан ұшырып қашқаныңмен, жалақтаған сұмырайдың екінші балағыңды қалай қамап алғанын өзің де біле алмай қалмаушы ма ең! Жамбасқа батар жайсыз ой да тап солай. Бірінен безсең, екіншісі кес-кестеп, шаужайыңнан ала кетеді.

Енді, міне, быжынаған көп жұлдызды көргісі келмей, көзін жұмып еді, манағы аран ор елестеді. Найзадай нар қамысқа қарналып қанға батып жатқан бейшара мақұлықтар көз алдына келді.

Шіркіндердің ажал алдында жан-жақтарына жау-таңдағандары неткен аянышты еді. Төбе құйқанды шымырлатады екен. Кең дүниеде тақым керіп емін-еркін шапқылаған аз ғана күн тіршіліктерінің қалайша бұлай төтен аяқталғанына түсіне алмай қайран қап жатқандай. Тұтқиылдан тап болған қиянаттың сыры мен себебін қиылып сенен сұрайтындай.

Кісіден тайсалмайтын Әбілқайыр сол бірте-бірте лайытып мағынасызданып бара жатқан өлмеші жанарларға қарай алмай көзін аударып әкетті. Ат үстінде тұрып мынау қоғадай жусап жатқан үйірдің айғырын іздеді. Көпке дейін таба алмады. Бір уақыттарда барып тапты-ау әйтеуір... Өзгелері тілдері салақтап, көздері аларып қылжия құласа, ол екі көзіне қан толып, қара жерді сүзе құлапты. «Апырай, жарықтық-ай мыналарды мынау аранға өзі бастап әкелді ме екен, әлде соңынан қиқу шықса болды, құдайдың кең даласында



бұлтарып кететін жер табылмайтындай, қапталдаса шабатын араншымен тайталасып, басқа-көзге қарамай өңмеңдейтін кәрі аруақтары қозып, есірік желікке берілген қалың нөпір оны да ықтырып әкеп орға жықты ма екен?» — деп ойлаған-ды. Сол-ақ екен тұла бойы түршігіп қоя берді. Атын тебініп, жұрт қызықтап тұрған қызыл қырғын ордан аулағырақ кетті. Жүйрік аңның соңына түскен жүйрік жылқының жалынан есер есірік желіктің буы күрт ыдыраған-ды. Көкірек тұсы шым ете қалған-ды.

Енді, міне, ойына тағы да соның түсуі мұң екен, көзін шайдай ашып алды.

«Тайланның ауылы осы тұстан көп алыс бола қоймас. Әнеүкүнгі Мырзатайдан айтып жібергені назы болды ма екен, табасы болды ма екен? Не де болса, оның жұмбағы ертең шешіледі. Осы саятқа да соған жолыға қайту үшін әдейі шыққан жоқ па!» — деді әлгі бір тағы үйірдің айғыры туралы жәйсіз ойды ұмытқысы кеп. Бірақ, көз алдында қызыл қырғын, қан қасап бәрібір тұрып алды...

— Бал аштырғалы келдің бе, жоқ түс жорытқалы келдің бе? — деді Тайлан оң қолында отырған сыз қабақ жылтыр қара баланың кекіліне қолын апарып.

Ол үшеуінің отырған жері шықырлаған жалаңаш шоқының басы еді.

Жылмиған кең жазықтың кейде осылай жауыр жылқының бүйіріндей қатпар-қатпар қыраттарға кеп тірелетіні бар. Сол қатпар-қатпар қыраттардың арасынан жықпыл-жықпыл сайлар қашады. Сай басы — жылымшы бұлақ та, сай табаны — оймақтай-оймақтай көгал боп келеді.

Тайланның үйі де бұлардың аңға мінетін ұшқыр керсылаң аттарының әнеүгіден бері тақымдарын аямай керіп тастаған алатағанақ жылмағай үстірттің кенет күрт сынып кемерленіп бітетін күн батыс шетіндегі сондай бір жымысқы аңғардың түбіндегі жылымшы бұлақтың басында екен.

Анадайда — алақандай егістік. Бас жарып пісіп қапты. Саумал иісі аңқиды. Торғайлар маза бермей тұрса керек. О жер, бұ жерде әлем-жәлем қарақшылар қылтияды. Айдаладағы жалғыз үйдің азғантай жандығы анадайда үңірейіп тұрған қара аңғарды алқымдай шыққан селеу мұрт көк шидің арасында жайылып жүр. Егістік пен бұлақ арасына қонжия қонған қара үйдің түндігі салқам келіншектің жаулығындай тым шалқалап

қалыпты. Қасында басын кекшите қаңтарып суытып қойған күрең байтал тұр. Жақын жердегі кез асудан сау етіп бір топ атты көрінгенде үй алдында жатқан қара ала төбет кәук-кәук үріп атып тұрды. Иттің үргенін естіп, бір әйел етегі далаңдап үйден жүгіре шықты. Таудан түсіп келе жатқан суыт жүргіншілерді көріп, егістік жаққа қол бұлғады.

Алақандай көгіс шаршының күн батыс бетіндегі торғай қайыратын тастан үйген төмпектің басынан екі қарайған қимылдағандай болды. Ол — Тайлан мен баласы еді. Кешелі-берлі үстірт үстіндегі тағы біткен топ-топ боп құлап, күн батыс беттен ұзыннан-ұзақ ай тақырды көсіп өтіп, арғы беттегі ту Ырғыздың жыныс түбектеріне жым-жылас сіңіп жатты. Жаңа бас жарып, дән түйе бастаған уыз салманы тапап тастай ма деп, Тайлан түні бойы көз шырымын алмай, кәукілдек қара ала төбетті ертіп, айтақтаумен шықты. Түз тағыларының түні бойы тысыр-тысыр тас құлатып, үстірт үстінен безіп, жықпылға кіргеніне қарап, сонау ұлан-асыр ұлы түзде және бір ұлы сүргін көтерілмесе жарар еді деп ойлаған-ды. Сөйтсе, аң қуғандар екен ғой... Бірінің соңынан бірі қаздай тізіліп түсіп келе жатқан он шақты атты. Алдындағысы — кереқар қапсағай қара, одан кейінгісі шұбалған қаракөк...

Әкелі-балалы екеу мына келе жатқан бейсауат жолаушыларды сол екеуіне қарап танып отыр. Бірақ, әліптің артын баққан кісіше, қапелімде қыбыр етіп қозғала қоймады.

Алдыңғы екі атты да бұларды таныды. Таудан түсіп тегістікке шыққасын сылаң қаракөктің үстіндегі кісі шоғырды кідіртіп, атынан түсті. Оны көріп, қалғандары да аттарынан ырғып-ырғып түсе қалды.

— Әбілқайыр! — деп күбір етті Тайлан.

Баласы бетіне қарады.

Әбілқайыр тізгінін нөкерлерінің біріне ұстатып, қасына Мырзатайды ертіп анадайдан жаяу салды. Тайлан да орынынан атып тұрды. Еңкейіп баласының құлағына сыбырлады.

— Кіндік әкең келе жатыр, алдынан жүгір!

Бір-біріне қарай ентелей басқан екі еркектің ақсиып тістері ғана көрінеді. Қара бала әкесіне жалтақ-жалтақ бұрылып қарап қойып, қонақтардың алдынан салды. Балалар құсап жүгіре жөнелмей, аяңдап келеді. Жете беріп состиып тұрып қалды. Ат жақты, қыр мұрын,

томаға көз... «Күшік, шешесіне тартыңқырап кеткен бе, қалай?» — деп ойлады Әбілқайыр. Иіліп маңдайынан сипады.

— Тфу! Тфу! Тіл-ауызым тасқа! Үп-үлкен жігіт болыпсың ғой өзің!

Бала үндемей төмен қарады. Құлағына дейін ду қызарғанына қарағанда, мана қара жалдың басында кездескенде амандаспай кеткеніне қысылып тұрған сияқты.

Қастарына жетіп қалған Тайлан анадайдан ауызы жалпылдап сөйлеп келеді.

— Әйтеуір, танығаныңа шүкір!

— Кісі артын көріп қартаяды деген осы екен ғой.

Әбілқайыр емпеңдеп қасына жете берген Тайланға құшағын жайды. Егін шетінде ебіл-себілдеу жүрген Тайлан үстінен қорынғандай сәл кідіріп барып, тұра ұмтылды. Екеуі құшақтасып амандасты. Сосын анадай жердегі жападан жалғыз қара үйге қарай беттеді.

Заманындағы алты қанат ақ орда бүгінде көш жерден құрым сасиды. Үйдің оң жағына шығып, қарап тұрған әйел қарсы жүруге қаймығып, анадайдан тізе бүгіп сәлем етті. Күйеуінің құрдасы болғанымен атасы ұлық Әбілқайырмен басқаша көрісудің ретін таба алмаса керек.

Сол екі ортада аттардың қасында қалған жігіттердің екі-үшеуі емпеңдеп жетіп қалған екен.

— Аңнан келеміз. Мынау жездемнің баласына әкелген сыралғысы, — деді Мырзатай жігіттердің қолындағы семіз қодықты дұрс еткізіп үйдің көлеңке бетіне жыққызып.

Әбілқайыр төрге озды. Әуелден де қызылды-жасыл жиһаз жиып, дәулет қуып көрмеген батырдың үйі кейінгі кезде тіпті жұтаң тартыпты. Керегенің, бау-шудың бояуы оңған. Киіздің ішінен ұсталған шымыраулы ши түйте-түйте. Төрге тастай салған қара ала текемет те аяқ асты боп әбден іріп тұр. Оң жақта тас келі мен томар келсап. Сол жақ босағада астындағы жез легенге тырс-тырс көк су тамшылатып қозы қарын сүзбе ілініпті. Үй-ішінен күңірсіген сыз исі, көң исі, өңез исі шығады.

— Сусап келген шығарсың?

Тайлан қазан-аяқтан жоғары, төрге таман ілінген сабаға жүгірді. Піскекті ала салып күс-күс төкпектете

піскіледі. Әйелі байыз таба алмай, етегі далаңдап кіріп-шыға береді.

— Шыптаңды әзірлей бер, — деді оған Тайлан.

Ханмен бірге үйге кірген Мырзатай:

— Тайлан аға, шаруаңыздан қалмаңыз, піскекті мен пісе тұрам ғой, — деді.

Тайлан сыртқа шығып, бір құлағы шүнтиған ор қасқа ісекті жетектеп табалдырықтың алдына әкелді.

— Хан-ие, мынау жаман балаңыздың өзіңізге бағыштаған сыбағасы еді, батаңызды беріңіз, — деді.

Әбілқайыр шарта жүгініп отырып қолын жайды.

— Қабыл болғай. Баламыздың ғұмыр жасын ұзақ қылғай. Мерейі асқай, несібесі тасқай. Әллауакпар! — деп бетін сипады.

Үй-ішіндегілер түгел беттерін сипасты. Ісек жетелеген Тайлан көлеңке жаққа кетті. Мырзатай да оған ілесіп бірге шықты. Үй сырты күбір-күбір. Шамасы, мал союға кірісіп кетсе керек.

Қақ төрге шаншыла жайғасқан Әбілқайыр жанына жақындай алмай, анадай жерде шоқиып отырған жылтыр қара балаға қайта-қайта қарап қояды. Баланың отырысы нығыз. Екі қолын алдына сап қақшия қалыпты. Әбілқайырдың есіне қайдағы-жайдағылар келіп отыр. Манадан бері қай арнаға түсерін білмей беталды сапырылысып жүрген көп ой енді-енді жүйе тауып келе жатқан сыңайы бар. «Апырау, осы жылтыр қараның атын кім қойып едік?» — деп ойлады хан. Жадына түспей қойды.

— Қанша дегенмен тасқа жайылған таудың малы ғой, — деді сол кезде үй сыртындағы Мырзатай. — Тұяғы жеміріліп қалыпты-ау!

«Айтпақшы, Тұяқ екен ғой», — деді қалғып бара жатқан хан ойы бір сәт серпіліп.

Жарықтық сол кезде Мәті ақсақал тірі еді-ау. Ол жолы да Әбілқайыр құлан аулап келе жатып Тайланның ауылына соққан-ды. Онда да бұлар осындай оңаша бұлақтың басында отыратын. Ол бұлақ бірақ бұл емес, сонау Қаратаудың теріскейіндегі бір жайпауыт қойнаудың аузында-тұғын. Ол жолы Әбілқайырдың қасындағы қол бұдан әлдеқайда көп-ті. Жалғыз үйлі ауылға жақындатпай алысқа иіріп қойған-ды. Бұл қасына Тайланның өзін, Бөкенбай мен Есетті ертіп жалғыз үйге беттеген-ді. Мәті анадайдан алдарынан шыққанды.

Қызарыңқы ала көзінің қиығындағы ұры тамшыны шынтағымен жасқай сап, құшақтай алған-ды.

— Ау, не болды? — деген Тайлан дегбірі қашып.

— Апырай, келгендерің мұнша жақсы болар ма?

— Не боп қалды?

— Келін толғатып жатыр. Не істерімді білмей тұр ем.

— Айдалада жалғыз үй отырғанның... — дей беріп Әбілқайыр тілін тістей қойған. — Ендеше не ғып тұрмыз?

Тайлан атанақтап алға түскен. Жастау жағы кейін іркіліп, бұл тұрғыластар уәделесіп қойғандай айдаладағы жапа-жалғыз ақ боз үйге қарай лап қойған.

Оң жаққа бақан құрып ап безілдеп жатқан келіншек үсті-бастары сұп-сұр боп бір топ еркек сау етіп кіріп келгенде, жүрегі ұшып кетіп, бақырып жіберді. Сол-ақ екен; шырылдап ащы іңгә шықты.

Еркектер состиып-состиып тұрып қалды. Батымды Бөкенбай бүгіліп бара жатқан әйелдің оң қолынан ұстай ап, бұған айқайлаған-ды.

— Ау, нағып тұрсыңдар... Әбілқайыр, жол сенікі. Суыр қанжарды!

Қапелімде не болып, не қойғанына түсіне алмай, абыржып қалған ханның қасына Мырзатай жетіп келген-ді. Қынындағы сапыны суырып алып, қолына ұстатып:

— Құрдасыңыздың баласының кіндігін кесіңіз деп тұрғой. Жол сіздікі! — деген-ді.

Бұл алақтап әйелге қарады. Оның да көзі шарасынан шығып кетіпті. Ақ тер-көк тер. Мырзатай қолынан мытып ұстап еңкейте берді.

Бұл сүйтіп дүниені шулатып келген шырақ-ты.

Айдалада жалғыз үй. Жалғыз үйдің әйелі жаңа босанып отыр. Бұлар жүрейік десе, Тайлан мен Мәті жібермейді. «Мынандай ақ түйенің қарыны жарылып отырған күні қалай құр ауыз аттанасыңдар», — дейді.

Содан Бөкенбай шыдай алмады. Сыртқа жүгіре шығып, қара қолатта иірулі тұрған қалың қолға қол бұлғады. Бір-екі атты шауып келді. Бөкенбайдың бұйрығын естіп ап кері шауып кетті. Жалаңдаған жиырма шақты жігіт тау баурайының қу бұтасын тау-тау қып үйді де тастады, он шақты жерден жер ошақ қазды. Тай қазанға анадай жерде жайылып жүрген ала биенің жабағысы асылды. Қосындағы көп еркек

лапылдатып от жағып, аранға жығып ұстап алған төрт-бес құланды бұзбай пісірді.

Айдаладағы жалғыз үйден басқа жан жуымайтын елсіз қолат тап сол күнгідей кеу-кеуді көрмеген шығар.

Бұлар сонда қонып, ертеңіне аттанды. Аттанарда жас нәрестеге ат қойылды. «Аты — Тұяқ болсын!» — дегенде кешеден бері кеңкілдеп күлумен жүрген Мәті ақсақал алақандай жанарына шып-шып толған ащы жасты жеңімен сілкіп, шарта жүгініп отырып, шашала сөйлеген.

— Енді ештеңе демеймін. Құралайын ертіп шың-құзға шығынып кеткен тағы құлжадай едім. Қарағымның соңына қара ергенін де көрдім. Енді мынау қарашұнағымның ат жалынан тартып мінгенін көрсем, арманым жоқ. Құдай дәл сол күні алса да, пейілмін, — деген.

Бұларға еріп сыртқа шыққан. Үзеңгісінен ұстап тұрып «Хан-ием, мына жаман қарадан анда-санда хабар алып тұрғайсыз. Аруағынан айналайын ата-бабаңыздың бағының өскенін бермесе де, басының өскенін бергей деп тілеймін», — деген.

Олар қош-қош айтысып шыға берген. Ол үй сыртында состыып жалғыз қалған. Дүсірлеп қалың қол қара асып кеткенше қалшыып тұрған да қойған.

Алдыңғы күні ғана балаша шуласып, мәз болып келе жатқан қалың сарбаз сілтідей тына қалыпты. Хан қасында үнсіз жортып келе жатқан игі жақсылардың көздерін бір түсініксіз кіреуке көміп алыпты. Тек мұның оң қолында келе жатқан Тайланның ғана екі бетіне қан ойнап, шабдар аттың сауырына қайта-қайта қамшы апара береді.

Одан бері де сегіз жылдың жүзі ауыпты. Ана бір жылы Тұяқ беске толғанда Мырзатайды жұмсап, арғымақ тай жетелетіп жіберген. Содан бері соғып отырғаны осы. Аңадағы: «Ұрын келген күйеудей тұмшаланып жатып алғаны несі?» — дейтін әңгімесінің бір ұштығы да содан өрбіп жатыр. Манағы: «Танығаныңа шүкірінде» де мән бар.

Әбілқайыр қашан да құрдасының бопсасын үндемей жеңетін. Ол да мұның аузынан шыққан сөзді піскектеп одан әрі қаузай бермейтін. Енді, міне, көлеңке бетте Мырзатай екеуі бұлар әкелген құлан мен жаңағы ісекті жайратып жатыр.

Сыңайы мүшелеп болып қалған сияқты. Бұл жөкірінді. Тайлан тіл қатты.

— Бірдеңе айтайын деп пе едіңіз, хан-ием?

— Ендігісін Мырзатай ұқсатады ғой. Тамақ піскенше сыртқа шығып қайтсақ қайтеді.

— Болсын, хан-ием.

Содан олар тысқа шықты. Қасына баласын ертіп Тайлан ерді. Жайлап басқан екеуі түбінен шымырлап бұлақ шығып жатқан қара аңғардың ауызындағы бұлтың төбенің басына кеп тізе бүкті.

Хан қапелімде әңгімені неден бастарын білмей айдаладағы жалғыз үйге, көлеңке мен жер ошақ арасында ерсілі-қарсылы дедектеп жүрген ебіл-себіл әйелге қарап үнсіз отырды. Тайланда да үн жоқ. Оның көзі хан соңына еріп кеп, ши арасында жайғасып жатқан кішкене қосында. Хан жорыққа аттанғалы келсе, қалың қолын шұбыртып жүрер еді. Аңға шыққан қалың қолынан бөлініп, шағын нөкерімен соққанына қарағанда бұнымен бірдеңе жайлы сөйлескелі келген ғой. Ақылдасатын-баталасатын баяғы қиқу қолдың алдында жүрген серке ноян емес, анау шыбыштың сақалындай шошандасқан шөкім көк балаусаны баққан жарық өкше, жалаңаш балтыр егіншімен не мәслихат құрмақшы. Шамасы, мұның — құмалақ шашып, жауырын қарайтын шайқы-бұрқылығынан дәметіп келген шығар. Кешелі-берлі арқасы құрыстап жүргізбей жүр еді. Біреу-міреу бал аштыра келеді-ау деп, таң атқалы бері, жан-жаққа көзі боталап көп қарап еді. Осыған көрінген ғой.

— Бал аштырғалы келдің бе, жоқ түс жорытқалы келдің бе? — деді Тайлан оң қолында отырған қараша баланың кекіліне танауын көме түсіп.

Хан тамағын кенеді.

— Басы бес әліп, ортада сегіз әліп, аяқта сегіз әліп, жүрегі мен босағасы жұп түсіп, қалғандары ұйыспай, шілдің құмалағындай шашырап кетсе, неге көрінуші еді?

— Іздеген жоғың болса, хабары шыққанмен, қолыңа тиер-тимесі белгісіз. Ал, енді сапардағы жолаушыңа бағыштасаң, белдеуге ат басын тіреп келіп қалыпты, бірақ жүрегінің басында бір зіл бар ма қалай... Қуаныштан күпті ме, әлдебір күдік пе... Не де болса, келуі келіп-ақ қалды...

— Һм! — деді хан.

Орынынан тұрып, жырық балақ құлын жарғақ шалбарына жабысқан шөп-шөңгені сілкіп тастап, етектегі жалғыз үйге қара бау басып жүріп кетті.

Аң-таң Тайлан баласын жетектеп артынан ерді.

Кемер шыңның кемиек аңғарының арасындағы аядай қолаттан ұшан далаға кеше шыққан бір топ салт атты сар желіспен келеді.

Топ алдында — Әбілқайыр. Ауық-ауық қолын қабағына апарып, ілгері жаққа көз тастайды. Сол баяғы боз қылшық дала. Бес қаруын түгел асынып, суыт жүрген түсі суық жолаушылардан секем алғандай сілтідей тына қалыпты. Көкжиекті көмкере сұлаған қара жалдар жалған дүниенің бар құпиясын жамбасына басып алғандай, енді мынау аспан асты тіршіліктің бітпейтін де қоймайтындай көп күйбеңінде еш шаруасы жоқтай, теріс қарап, бүк түсіп жатып апты.

Күн екіндіге таянған. Жарық барында ел қарасына жетуге асығып келе жатқан хан қарсы алдынан күлімдеп тұрып алған күн көзін жақтырмағандай, жүзін төмен салды.

Кеше атына сергек қонған сияқты еді, бүгін бойы зіл тартып қалған ба қалай...

Мынау тағы да таусылуға таяу жаз күні көңілге жабырқаңқы ой қашырғандай. Күні кеше қымыранның бетіндей көпіршіп шыға келген желбірек көңіл арада күн өтпей жатып баяғы кермек дәмін қайта тапқандай. «Әлгі Тайланның үйінде тым желпілдеңкіреп кеткен жоқпын ба осы?» — деп ойлады ол. Көптен ат ізін салмаған досының ықыласының буы ма, жоқ балының жақсыға көрінгені ме — әйтеуір алдына шаншылтып үйіп әкелген шара табақты әй-пәйға қаратпай еңсеріп тастапты. Қасындағыларға да шеңгелін толтырып үсті-үстіне асатып бағыпты.

Сырдесте Тайланнан басқасы таңғалса, таңғалғандай екен. Алды суық сызқабақ хан бүйтіп жалбырай қалса, кім таңғалмайды? Әсіресе, бұның мінезіне қанық емес Тайланның әйелінің не ойлағанын кім білсін! Бәсе, балағын жинай алмайтын далаңбайлығы болмаса, басқа міні жоқ, дөңгелек жүз, қыр мұрын, ұлпа ерін жас әйел төрдегі мейманға тура қарамай, нұр толы үлкен көздерін бір қырын тастап, қымсына жымыып отырғаны бар еді-ау! Әкесінің оң тізесіне мініп алған кекілді бала бұдан көзін айырған емес. Тек Тайлан ғана қаққан



қазықтай қадалды да қалды. Мүйіз сап қара пышақпен қолындағы жілікті айнадай қылып тазалап мүжіп бақты. Ара-арасында әйелі ұсынған зерең мен майлық-сулыққа қол жалғап қояды.

Тамақтан соң қонақтар дүр көтеріліп сыртқа шықты. Тайлан құрдасын қолтығынан демеп атына мінгізді.

Әбілқайыр ер үстінен еңкейіп қара баланың маңдайынан сипады.

— Анда-санда өстіп ат басын бұрып тұр!

— Өзің де көпшілікке көрініп қойсайшы!

— Көріскенше күн жақсы!

— Сау тұр!

Анадайда аттарына мініп, бұны тосып тұрғандар тебініп-тебініп қалысты.

Саятқа мінілетін қу аяқ жылқылар қунақ желіспен жалғыз үй отырған құлама қойнаудан ұзай берді. Ұзаған сайын Әбілқайырдың көкірегін кернепалған бусаң сезім басыла түсті. Бүк түсіп жатып алған бүкіл жалдар да, оқтын-оқтын басын қылтитып, жақындағанында жермен-жексен боп бұға қалатын монтаны төбелер де, түс қыңғасын-ақ іріген шалаптай реңінен айырылып жүре берген бозарыңқы аспан да — бәрі-бәрі: «Сабаңа түс... Тап соншалық алып ұшатындай дәнеңе жоқ», — деп тұрғандай.

Шынында да, осы балаға ұқсап, аяқ астынан лепілдей қалғаны несі? Тайлан бұған тап құлақ селт ететіндей ештеңе айтқан жоқ сияқты еді ғой! Әлде көптен тағатын сарыққан аңсарлы күннің не де болса жуықтай түскеніне, мынау жігеріңді қаралай құм қылатын екі ұдай дұдамал күйден құтылатын болғанына қуанды ма екен... Әйтеуір, неге екені белгісіз, аяқ астынан көңілі өсіп, марқайып шыға келгені. Неге өйтті? Түсінсе, не дейсің?! Тайлан осы жолаушының жүрегінің басында бір күптілік бар деді-ау. Қуаныштың күптілігі ме, уайымның күптілігі ме? Сонда... Сонда... Тағы да бұл баяғыдай ел жұрттың алдында...

Көкірегіннің басы кілк еткендей болды. Өзегін удай жалаған ащы кермек алқымына тығылып тұрып алды.

Апырай, расында да, ол жолы да көңілі тап осылай алып ұшқан жоқ па еді?! Ол жолы да тап осылай жыл он екі ай екі көзі төрт болып еді ғой! Ол жолы да осы Тайланға келіп бал аштырып еді-ау...

Тайлан шілдеде сойылған семіз марқаның қалақтай жауырынын тіс тигізбей тазалап мүжіді. Сосын

алақандай ала көзін айналасына бір жүгіртіп шықты. Темір ошақты, көсеуді, күлге бөксесін тығып тұрған шойын құманды сыртқа асырды. Босағадағы қазанды түйенің жабуымен тас қып қымтады. Төңірегінде беті ашық жатқан темір-терсек жоғына көзі әбден жеткен соң барып, қолындағы жауырынды: «Бісміллә!» — деп отқа тастады. Үйдің іші қоңырсып ала жөнелді. Майлы сүйек лап ете қалды. Сол бір уыс жалынға ентелей төнген Тайланның қасында көз алмай бағып Әбілқайыр отырды.

От әуелі маздап түтінсіз жанды. Майлақы қарақошқыл қалақтай жауырын ең алдымен қоңырайды, сосын қарайды, сосын бозарды, әбден жанып бола бергенде лапылдаған қызыл жалынның арасында бір сабақ жіптей боп, жіп-жіңішке қошқыл түтін көтерілгені...

Аппақ боп әбден жанып біткен сүйекке түскен болмашы сызаттарға қарап, Тайланның онсыз да қабарыңқы жүзі онан сайын тұнжырай түсті. Қалақ жауырынға қасқиып тіке түскен сызық барып-барып екі тармақтанып, бір тармағы солға бұлтарыпты.

— Жолаушыңыз жол астында. Жүрісі суыт. Бірақ қанжығасы жұтаң, қабағы салыңқы ма, қайдам...

Халық арасында «көріп келі бар тұқым» атанған әулеттен шыққан Тайланның мынау күмілжі сөзі оның баяғыдан бері кеудесіне сыймай алып ұшып жүрген лүп-лүп жүрегін көрікке ұстаған көсеудің ұшындай боп шыж еткізіп қарып алды.

Тиген жерін ойып түсердей шыжғырып алатын сол бір аяр шоқтың оның көкірегіне түскені тек сол күні ғана емес-ті. Оның, сірә, осылай тыз-тыз шымылдатпай тыныш жатқызған күні бар ма екен, сірә! Мана бұлтың төбенің басында Тайланға балын жорытқанда сол бір ындыны ашылған жегінің басына бір сәт су құйылғандай болып еді. Енді, міне, қайтадан жыбырлай бастады.

Әлдекім екі иығына екі батпан жүк артып қойғандай, ер үстінде шөге түсті. Көз алдына Қойбағардың мысық мұрты келді. Маймен сылап қойғандай. Жылмиып тұр. «Хан-ием, — дейді күрек тісін көститіп. — Күлбілтелей-тін несі бар! Жылы мұрныңа!..».

Солай деген де, қолындағы екі жерден сойдиып екі безі көрініп тұрған, еменнен ойып жасалған майсінді қоңыр сапты аяққа бас қойған. Шүкілдеп тұрған қысырақтың қымызын басына бір-ақ көтерген. Сүзбе

толы қарындай іркілдек мойыны ақ тер-көк тер боп быршып қоя берген. Шамасы, жұтқыншақ шығар, жұдырықтай бірдеңе бүлк еткендей болған. Үсті-басынан бір таңсық иіс аңқып қоя бермесі бар ма? Әлі қырдың майбалақ тіршілігінің ұйпа-тұйпасына түсе қоймаған су жаңа орыс шұғасының иісі!

Қойбағардың қабағында сәлдекендей реніш болсашы, сірә. Құдды біреу оны жыл он екі ай бойына жер түбіндегі қайын жұртына ұрыншылатып жібергендей. Тұла бойы мұнтаздай. Жүріс-тұрысы шып-ширақ. Қимылдаса болды — аяғындағы құрым етігі сарнап қоя береді. Сықыр-сықыр, сықыр-сықыр... Қойбағардың құлағына сол бір жексұрын үн майдай жаға ма, жоқ бөтен елден киіп келген таңсық киімімді жұрт көрсін дей ме — қойқаң-қойқаң етіп, байыз тауып отыра алмағаны. Сықыр-сықыр... Қойбағар ырғала басып сыртқа шықты. Сықыр-сықыр... Қойбағар хан ордадан ұзап барады. Сықыр-сықыр... Заржақ етік әдейі мұны мазақ ететіндей. Сол бір әзәзіл дыбыс өз елшісі Қойбағардың етігінен емес, жер түбінде сыңсыған қара орманның арасында ат шапшытып ала алмас зәулім тас қорған салғызып, малы түгел, шаруасы орынында, шаңыраққа шырт-шырт түкіріп шалқасынан түсіп шалжиып жатқан орыс патшасының бұның алақан жайып жазған ала қағазын табанына сап аямай таптаған сақтиян етігінен шығып жатқандай. Сол бір сөлекет дыбыс кейде мұның құлағына жапан түзде жөңкіле қашқан киіктей боп босып жүрген екі аяқты дүрмектің соңындағы ойбайшы билеушісімақтың есек дәмесіне шек-сілелері қатқан саба қарын сары ала иық шонжарлардың сылқ-сылқ күлкісіндей боп естіледі.

Жер түбіндегі сары ала иық шонжарлар не деп күлсе, о деп күлсін! Бәрінен де мұндай іргелерінің көңі қалың, көкіректері азған, сасық кеңірдек майтымақтардың әкелері базардан келгендей боп, екі езулері екі құлақтарына жетіп ыржалақтағандарын айтсайшы...

— Өмәй-ау, — деген олар. — Шіркіннің дәмесін қарай көр! Үш қазақтың екеуін теріс айналдырып, біреуін зорға иліктіріп жүріп, ормандағы орыстың арыстандай ақырған азулы патшасының аузын алмақ дәмесін көрмейсің бе?!

Әйтеуір бұл қыз қойынына баратын күні ай жарық болады да тұрады. Әйтпесе, ормандағы орысқа қазақтың қай билеушісі ат шаптырып, алақан жаймап еді?! Қазақ

қазақ болам деп іргесін бөлектегелі тыныш отырған күні бар ма, сірә! Шығыстан тықыр шықса — батысқа, батыстан тықыр шықса — шығысқа, күнгеіден құқай көбейсе — теріскейге, теріскейден құқай көбейсе — күнгейге жөңкілген бұ қауым қашан бөтенге кіріптар болмай, біреуге қол жаймай өтіп еді? Ошақтағы асулы асының буы өзінікі де, қазаны біреудікі қазақ қасқаның өйтпеске амалы қайсы? Бағы найзасының ұшында, ырысы құрығының ұшында саяқ халық өрісі тарылып, тығырыққа тірелген қай тұсында жүйріктің аяғы мен ділмардың таңдайына жалынбап еді?!

Өзгеден қайыр, бөтеннен пәтуа іздеді деп мұны тілдейді. Ноқталарын ұстатып, соңдарынан ерген қай көшбасшылары мұның істегенін істемеп еді!

Осы бір ұйтқымасы көп ұрғашы ниеттен арыла алмай-ақ қойды-ау бұ жұрт! Өткенінің бәрі қыз күнінде ата-ананың көзін ала беріп көрген бармақ басты, көз қысты ләззаттарындай діңкелерін құртып бағады да, бүгінгілері беймаза күйеудің беймезгіл мекіренгеніндей сұмпайы көрінеді де тұрады. Оларға айтқызсаң, баяғы пәленшекемдердің тұсында қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған мамыра заман енді, міне, аяқ астынан зымыстанға айналып шыға келеді.

«Е, жоғалған пышақтың сабы алтын...» Әйтпесе, қазір екі жалба тымақты кездесе қалса, «аруағынан айналайын деп» қоя беретін Ақназардың өзі де баяғыда төрт тарабы түгел жағаласып шыға келгенде жан-жағында анталап тұрған, мешіт салдырып «аллалап» жатқан мұсылман елдерінің бірін көрмей, жер түбіндегі діні бөлек, тілі бөлек ауызы түкті сары орысқа алты ай жаз ат сабылтып елші шаптырмап па еді! Енді, міне, соны істеген Ақназарды әліге дейін ауыздарынан тастамайтын жұрт оның істегенін істеген бұны күніне сыртынан көк есекке теріс мінгізеді.

Одан бергі заманда қазақтың қалпағын алшысынан кигізді дейтін әз Тәукеңіз Күлтөбедегі қай жиынында қаба сақал саудагердің талайын талтаңдатып төрге шығармап па еді?! Қиын күнде керегі болады деп, патшаға жалтақтамаса, оларды Тәуке қай бір қыз беріп, қыз алысқанынан оң тізесіне отырғызды дейсің!

Басқаны былай қойып, күні кешегі Қайып екеш Қайыптың да ордасының іргесінде екі күннің бірінде көк арба тұрмаушы ма еді?! Олар елші емей, Жәдік тұқымының бәсіре мініп кетуге келіп жүрген жиендері

ғой дей ме екен бұл жұрт! Соның ешқайсысына шамданбаған көңтері жұрт бұған келгенде шөлмектей шытынап шыға келеді.

Ертең әлгі патшаға кеткендер тағы да баяғы Қойбағардың айтқанын айтып келер болса, онда...

Жә!.. Не де болса, сол күн тезірек келсе екен. Алыс жолдағы жолаушылар мұның көңілінен шығып қайтсын мейлі, шықпай қайтсын мейлі, не оларды ақ патша өткендегі көп тентектерінің қарымтасы қып ұстап қалсын мейлі, әйтеуір мынау екі талай әуре сарсан тезірек бітсе екен!

Сонда бұның басы не бүкіл қазаққа ортақ алтын тәждің астынан шығар еді, не қылша мойнынан қыл тұзақ салынып, әумесер көптің тақымында кетер еді.

Әбілқайыр ауыр ойдан серпілгісі келгендей, басын көтеріп алды. Төңірек сол бәз-баяғы қалпы. Дөңбек жалдар бұрынғысынша бүк түсіп жатыр. Алашабыр аспанның сол лайытқан қалпы. Тек төңіректен хабар тосып, екі құлағы төрт болып елеңдесіп отырған хан ауылына тезірек жеткізгілері келген соңындағы көп аттының ғана дүсірі сергек естіледі.

Ауыл қапелімде жеткізе қоймады. Жаздың көлкөсір аспанының күнбатыс жиегі шағырмақтанып, күн еңкейгенде барып, алыстан шұбарытып ауыл көрінді. Ауыл үстінде селдір мұнар тұр. О жер, бұ жерге шоқ-шоқ боп қонған үлкен ауыл қазір тұтасып кеткендей. Әбілқайыр біразға дейін орда тұрған оқшау шоғырдың желкесіндегі кермеде байлаулы тұрған бір топ атты байқай қоймады. Қарсы алдынан жарқырап тұрып алған қып-қызыл күн батыстағы қара жалдың ту сыртына жарым-жартылай жасырынғанда барып көзіне түсті — ордадан алшағырақ келім-кетімге арнап жеке тігілген екі-үш үй мен арадағы мама ағашқа он шақты ат байланыпты. Ер-тұрманы алусыз. Шамасы жақында ғана жүріп кеп тоқтаған, суытуға қойылған аттар болса керек.

Ханның көкірек тұсы лүпілдеп қоя берді. «Апырай, ә... Келіп те қалғандары ма?!» — деп ойлады. Манадан бері асығып келе жатқан аңсарлы сәттен жүрексінгендей тамағы құрғап барады. Алақанын қажап тастаған ақ боздың тізгінін болар-болмас іріккендей болды. Сол-ақ екен ентелеп келе жатқан көп атты аяңға көшті.

Арада жарты ай өтті. Хан ауылы сол баяғы орынында. Ірге тозып барады. Бірақ, екі көзі көкжиекте болып отырған ауыл бұл орынынан жылжып көшсе, күткен қуанышынан біржола айырылып қалатындай, тырп етер емес. Киіздерінің шаңы қалыңдап, күні кешегі ақ уыз үйлер бүгінде бұлдырықтың жұмыртқасындай шұбарытып кеткен.

Ханның отырысы да сол баяғы. Арқасында қос жастық. Екі қапталында екі жастық. Оң қолындағы патсайы жастықтың астындағы шарқат қалта біраздан бері қозғалған емес.

Тайлан айтқан көңілі күпті жолаушының көкжиектен бір көрінбей-ақ қойғаны.

Өткен жолғы бұлар аңнан қайтқандағы кермеде тұратын көп атты — Орта жүзге барып келе жатқан Алдарбай екен. Былтыр мамырдың басында орыс патшасының атынан елші боп кеп Сейтқұл мен Құттымбетті Уфаға ертіп әкететін башқұрт Алдарбай. Орыстармен жағаласа-жағаласа шаршаған көкжал би ақыр аяғында патша жағынан бір-ақ шығыпты. Баяғыда Сейіттің шапқыншылығы тұсында Ноғай жолында танысқандары бар еді. Былтыр соққанда екеуі әбден іш ақтарысқан. Бұның патшаға елші жібермек ниетін о да құптаған. Шамасы, қазақ елшілігін ертіп апарып, орыс өкіметінің алдындағы өз беделін мықтап алғысы келсе керек. Сүйтіп бір кезде олжа жолында бірге тақымдасқан сойыл дос, бүгінде билік төрінде бірге отырар қамшы досқа айналған-ды.

Кешегі жүрісі де тегін емес сияқты. Орта жүздегі жылқы дауы әншейін сылтау болса керек.

Ол бұл ауылда екі-үш түнеп Уфаға аттанды. Қасына Мұхамбетжан қожаны ертіп жіберді.

Енді, міне, олар аттанып кеткелі де екі аптаның жүзі ауып барады. Талай түнді төңбекшіп өткізсе де, Алдарбайдың мына жүрісіне түсіне алмай-ақ қойды. Жолаушылардан әлі хабар жоқ дейді. Осы күнге дейін Мәскеуде жатқанынан да, жоқ жолға шыққанынан да ештеңе білмейді. Ендеше, неге келді? Не де болса, бір гәп бар.

«Жолаушының кешіккенінен дәмет деген ғой», — деп мақалдайды. Жұбатқаны ма, жоқ әлденеге меңзеп табалағаны ма — жарғақ бет, шөлмек көз неме ішін аңғартпайды. Тамыры бадырайған ұзын мойынын табалдырықтан асыра созып, ауылдың алдыңғы

жағындағы мұнарытқан көкжиекке көз тастап қояды. Ауық-ауық керме жаққа да көз жүгіртіп алады. Шамасы, «Іргеңнен ат сирепті ғой!» — дегісі келгені шығар. Қас қылғанда ол жатқан үш күннің үшеуінде де жан-жақтан ешкім аяқ серіпкен жоқ. Сол неменің өзін орыстар: «Ханның айтып жүргені қандай әңгіме? Ойдан шығарып жүрген бірдеңесі ме, жоқ исі қазақтың ауыз қосып пәтуаласқан әңгімесі ме? Біле кел!» — деп жұмсап жібермеді ме екен?!

Оны ойлағанда Әбілқайырдың сұп-сұр маңдайы тершіп шыға келді. Көзін жұмып отырып-ақ көп нәрсені көретін кәрі түлкі талай нәрсені аңғарған шығар-ау. Орта жүзде де тап мұны кім марапаттай қойды дейсің. Сөзінің шикісі шығып қалып жүрсе, Сейітқұл мен Құттымбет те баяғы Қойбағардың кебін киді дей беріңіз!

Мізбақпай отырған Әбілқайыр құс төсектің астынан әлдекім ине сұғып алғандай қозғалақтап қалды. Сол-ақ екен, баяғыдан бері басын қатырып келе жатқан шытырман ой қайтадан шырмап алады. Бұл осыған қашан, қайда бел буып жүр?..

О баста жоңғардан қорқып орысқа қол жаюға іштей қарсы болғандардың бірі өзі еді ғой. «Маңдайдан жау шыққанда желкеден дос іздеп алақтау әншейін далбаса, қалың жауға қаптай қайрат қылудың орнына елді бекер елеңдеп, есек дәме етеді», — деп ойламайтын ба еді.

Оның үстіне ол кезде орыстар мен қазақтар онша сыр мінез емес-ті.

Қазақ сахарасының батысы мен терістігінде өзен басы бір қамал салып қусыра қоршап келе жатқан көк жаға, қызыл жағалар қазақтың өзі түгілі суатқа барған малын қуалап маңайлатпайтын-ды. Бұрын балаусасы белден келетін көк шалғындар, шалқыған дариялар оты мен саясы мол қыртысты таулар қайдағы бір сүзіткі сүйреткен, өгізге еріп, соқа ұстап жер тілімдеген қара шекпендерге бұйырды. Жаз шықты-ақ ақ жұмыртқа үйлерді тізіп тастап, көгала жылқыны жауып жіберетін талай көл, талай өзен көзден бір-бір ұшты. Құйқалы талай өріс ендігәрі тұяқ тимей, сол кеткеннен мол кетті... Қазақ шонжарлары шыжыған құм арасындағы бірлі-жарым кетік-кемеш көне қорғандарға таласып, көрші-қолаңдармен қырқысып жатқанда, саумал көл самиян бетте тас қамалдар самсап тұра бастағанын сезбей де қалды. Жайық, Есіл, Ертіс, Тобыл бойы көрер көзге қолды боп барады. Қиқулап жылқыңды қуып

кетпей, дүсірлеп кеп түндігінді серіппей, жалғыз ат, жалғыз соқамен келіп жер тырналап жатар можантопай қара шекпендер сол үн-түнсіз қалыптары Алтайдың ну жынысына да жылыстап кіре бастады. Қазақтың ту сыртында не болып, не қойып жатқанымен шаруасы жоқ, жоңғармен екі ортадағы баяғы Есім тұсынан келе жатқан ескі дауды қоздатып әлек.

Күндері шөпектеп шөп тістелеген қоңыр шұнақ қошақанның бүйірінің бұлтиған, бұлтимағанына қараған екі арада халық өріске таласып кергілесіп жатқанда ақ патша екеуін ту сырттарынан тас қамал тұрғызып «қайда барсаңдар да — Қорқыттың көрі» қып қамап алмақшы...

Көңіліне осындай күдік ең алдымен қашқандардың бірі осы өзі емес пе еді? Әлі қарақұрым қатар түзеп қайратына міне қоймаған орыс қоныстарының шаңырағын ортасына түсірген ойран-жорықтардың талайына өзі қатыспап па еді? Сол бір жортуылдар тұсында қазақты қазақ қылды дейтін Әз Тәукенің жел жақ іргені ашық тастап, оған қам жеудің орнына Тобылға кеп тоқтаған патша әкімдеріне қайта-қайта екі етек қып елші шаптырғанына зығырданы қайнамап па еді? Ендеше, күні кеше азар да безер болған нәрсесіне бүгін өзі кеп ұрынып, оны қандай түлен түртіп жүр?! Енді, міне, оның бүкіл тіршілігі, түнде ұйқысы, күндіз күлкісі — күллі тағдыры осы жалғыз ауыз сауалға ғана тіреліп тұрған жоқ па? Жұрттың айтып жүргеніндей басына ат тебері де, бағының жанары да тек осыған, осы бір қитұрқы сауалдың жауабының арты қандай боларына ғана байланысты емес пе...

Соны ойлағанда Әбілқайырдың іші қан жылап қоя береді. Түрулі есіктен жылт-жылт сығалап, табалдырықтан бой асырар-асырмас боп, жермен-жексен бұлдырап тұрған көкжиекке қарап телміріп ұзақ отырады. Мұнарытқан көкжиекте қылт-қылт асыр салып жүрген көп бұлдыр көк сағым емес, өткен мен кеткеннің көкейден өшпей тұрған, қапелімде, өше де қоймайтын көлең-көлең көп елесіндей. Сол бір көлең-көлең көп елесте Әбілқайырдың жадына жаңа ойда жоқта түскен тосын сауалдың да жауабы еміс-еміс бұлдырап тұрғандай. Сол бір көлкіген көк сағым көкірегіннің басында май ішкендей қып кілкіп тұрған талай шерді ақтара жөнелетіндей. Сол бір көлкіген көк сағым бұның қиялын тағы да өткен мен кеткеннің



көл-көсір хикаясына бастағандай. Ойына қай-қайдағылар оралып отыр.

Көз алдына сегіз қанат ақ үйдің қақ төрінде қан күрең қырмызы бөстектің үстінде күрең бұйра үнді шәйін сораптап тартып отырған Мәті келеді; шынашағын шошайтып шәй құйып беріп отырған Пәтшәйім келеді; оның миығына бір сондай сүйкімді, сондай сұсты, сондай тәкаппар күлкі іліккен албыраған алқызыл еріндері мен көкірегінді шоқ боп қаритын нәркес көздері келеді, шыны аяғыңды беріп жатып, көзінің астымен қарап қымсына күлгені келеді. Өзінің сонда ішінен қатты қысылғаны, артынан бірнеше күн бойы басы қатып көп ойланғаны келеді.

Шынында да, сол бір оқиға мұның өмірін асты-үстіне шығарып, астан-кестен төңкеріп тастағандай болып еді. Күні кеше ғана бұрыс деп жүрген талай нәрсенің аяқ астынан дұрыс боп шыққанына, дұрыс деп жүрген талай нәрсенің аяқ астынан бұрыс боп шыққанына қайран қалғандай еді.

Сөйтсе, барша бұрыс пен дұрыстың, обал мен сауаптың, қиянат пен шарапаттың, бұзық пен түзіктің, ауыр мен жеңілдің, жалған мен шындықтың, азап пен рақаттың бірден бір сарапшысы баянсыз сылдыр-сұйық уақыт қана екен ғой. Одан асқан қазы, одан асқан ақтаушы, одан асқан даттаушы, одан асқан мәмлегер, бітуажай жоқ екен ғой.

Ол да осындай шыжыған шілде күнітұғын. Ол да осындай жал-жалдың басында сапырылысып сағым жамырап жатқан бесін кезітұғын. Бесін кезі бейсаубат жол шеккен жүргіншіге қауіп деуші еді. Өйткені, бесін кезінде күні бойғы шыжғырған ыстықтан қалқа-қалтарыс сағалап, бұғып-бұғып алған тірі мақұлықтың бәрінің орынын қайдағы бір ібіліс әзәзілдер жайлап, асыр салып ойнақтап мәре-сәре болады деуші еді. Сол мәре-сәре, мәз-мәйрам болып жатқан жын ойнақтан көзіңе неше түрлі қос көрініп, неше түрлі құбыжық, неше түрлі пәлекет елестейді деуші еді. Сағым шалған көкжиекке көп қарама, көп қарасаң — сайтан иектеп кетуі мүмкін деуші еді. Сондықтан да түздегі жолаушы күн қызғанша бір көлеңкесі мол сай-сала, саяға жетіп алып, бесін ауғанша сонда тыныға тұратын-ды.

Әбілқайыр сол күні не түлен түрткенін өзі де білмейді, ми қайнатқан ыстыққа қарамай бұлтың

құланы бүлк-бүлк желдіріп тарта беріпті. Сағым жамырай бастаған бесін кезінде жағасына қалың құрақ өскен жыланшық өзенге кез болғаны. Ат суарып алайын деп тоқтай салды. Атын жерге түсіп суарғанын да білмейді, жоқ ер үстінде тұрып суарғанын да білмейді, әйтеуір ысқырып ат суарып тұрғанын біледі. Атының кенет басын судан көтеріп ап, құлағын қайшылап осқырынғанын біледі. Бұл да басын көтеріп ала қойды. Анадайда бірдеңе қалың қамысты құйын тиген үйдің туырлығындай тулатып, жапыра жарып, жақындап келеді. Бұл қалай екенін білмейді, түк еті шіміріккен жоқ. Қолын қорамсаққа соза берді. Қамыс арасының оқыс тарғылданып бара жатқанын байқады да, әлгі жер-жаһанды түгел сатырлатып келе жатқан жойқын дүлейдің маңдай тұсы, дәу де болса, осы шама-ау деп, шіреніп тұрып тартып кеп жіберді. Әлдене арс етіп жоғары шапшығандай болғасын, бүкір садақты бүгілте тағы да зу еткізді. Сұлқ тұрған сүр қамыс түгел бұлқынып, астан-кестен болды да қалды. Біраз уақыт тулап-тулап, ақыры о да басылды. «Апырау, бұл не екен?» — деп, аяғын еппен басып, жақындап барып көз тастаса — сала құлаш сары ала жолбарыс көлденеңінен түсіп сұлап жатыр. Бұл шап беріп селебесін суырып, жақындай түсті. Кенет... әлгі сұлқ жатқан сары ала жолбарыстың құрсақ тұсы бүлк ете қалды, құлағы жымиған арлан бөрі атып шығып, қалың құрақтан бірақ секіріп қара адырға қарай тұра ағызсын кеп. Бұл да атына қамшыны басып, соңынан тұра қусын кеп. Құлағын тас қып жымитып ап, төрт аяғын тағы айрылғанша құлаштай созған көк бөрі жеткізер емес. Әншейінде бойын жасырып, мойынын төмен салып, бүлк-бүлк желетін бұлтың құла мұндайда тіптен аруақтанып кетуші еді. Жұлдыздай аққан бөріге бәрібір жетпей қойман деп ол да салды. Ақырында арлан сасайын деді. Қара жонға жете бергенде жата кетіп, кері қайырылып, азу тісін ақситып, арс етіп өзіне атылғаны. Бұл да жалма-жан таралғысын ағытып, шар болат үзеңгімен қақ маңдайдан құлаштай сілтеп бір соғып өтті. Допша атылған дүлей бөрі ауыр соққыдан ашыған қамырдай ирелеңдеп созылып барып құлап түсті. Бұл тағы да қынынан селебесін суырып секіріп түсе бермекші еді. Серейіп жатқан бөрінің шабының арасынан бір қызыл түлкі атып шығып, құйрығын сүйретіп зыта жөнелгені. Әлгінде ғана күдірейіп жатқан тығыншықтай

арлан аяқ астынан салаңдаған көк теріге айналып, бұта басына ілініп қала бергені. Оған айналсоқтап жатар жағдай жоқ. Құба далаға зымқайым сіңіп жоғалуға айналған қызыл түлкінің соңынан төпей жөнелді. Әккі түлкі алдырар емес. Жыра-жықпылға салып әбден ит зықысын шығарды. Сонда да соңынан қалмай келеді. Түлкі енді түзге қашып құтыла алмасын білгесін, өлермендікке басты. Аनाдайда күмбіреп жалғыз тұрған ақ шаңқан үйге қарай тұра ағызды. Бұлтың құланның да аяғы әбден қызып алыпты. Тапап кетердей боп емініп жетіп барып еді, аяр мақұлық артына жалт етіп бір қарап, жалп етіп жата кеткені. Ағызып кеп дойыр қамшымен бір тартып өтті. «Әй, жаның қанша сірі болғанмен, тап осы жолы ауызыңды бақадай ашқан шығарсың», — деп жалт бұрылып, арт жағына көз тастады. Жағасын ұстады. Әлгінде ғана қызыл түлкі қылжия құлаған жерде әлі дегдіп үлгере қоймаған сиырдың бір жалпиған дәу жапасы жатыр. Бұл қайран қалып, өз көзіне өзі сенбей, жақын келіп еңкейіп еді, тырп етпей жатқан добал жапаның аяқ астынан жыбырлап қоя бергені. Қайдағы бір сумаңдаған сары шаяндар, тарбаңдаған бүйілер мен бұзаубастар, ирендеген түк-түк ақ сары бас құрттар, қара қоңыз, сары қоңыз, қызылқоңыз, есекжеме, қырықаяқ — не бір жексұрын мақұлықтардың жан-жаққа тырағайлай қашып, өре жөнелгені. Бұл әлгі жерден аулақ кетуге асықты. Бұлтың құланың сауырын бір тартып, шаба жөнелмекші еді, анадай жердегі алда төмпектің шаңы бұрқ ете түскені. Сөйтсе, әлгі сылаңдаған қызыл түлкі аунап тұрып, тағы да анадай жердегі ақ боз үйге қарай ағыза жөнелді. Бұл енді қуа қоймады. Есалаң кісі құсап біреудің үйіне дүсірлетіп шауып баруға ұялды. Түлкі соны біліп қойғандай, бүкеңдеп желді де отырды. Қуғыншы қалып қоймады ма екен деп, ауық-ауық артына қарап қояды. Қараған сайын жымың етіп күлгендей болады. Сол сылаңдаған жымысқы хайуан ақыры айдаладағы жапа-жалғыз ақ боз үйге де жетті. Үйдің алдындағы жер ошақ басындағы үюлі жатқан тезектің тасасына сіңіп жоқ болды.

Кенет аты әлденеге сүрінгендей болды. Ол селк ете түсті. Тұла бойы оқыс түршігіп кетті. Сөйтсе, індігеш екен. Жолда аттың сүрінгені олжаға көрінеді деуші еді. Қолын созып бұлтың құланың жалынан сипады. Басын көтеріп төңірегіне қарады. Шынында да, айдалада

жалғыз тұрған ақ боз үйге жақындап қалыпты. Шынында да, әлгі қызыл түлкі зымқайым жоғалыпты. Сонда атының әлгі сүрінгені қандай олжаға көрінгені? Жаңа неге селк етті? Қалғып келе жатып оянып кетті ме, жоқ атының індігешке сүрінгенінен селк етті ме? Кіл жұмбақ.

Әбілқайыр аң-таң боп басын шайқап, ақ боз үйдің ту сыртына барып:

— Хабарласқандай кім бар? — деп дауыстады.

— Жолың болсын, жолаушым! Аттан түс, амандас! — деді бір таныс дауыс үй-ішінен саңқылдай тіл қатып.

Үйге кіріп келсе — қақ төрде ақ тер, көк тер боп шәй ішіп Мәті отыр. Оң жақта сусыған торғын жібекке малынып Пәтшайым шәй құйып отыр. Әбілқайыр, қапелімде, аңтарылып тұрып қалды. Не дерін де білмеді.

— Ә, сұлтан, қош келдің, төрге оз! — деді Мәті.

Пәтшайым орынынан тұрып жол берді. Әбілқайыр төрге шықты. Белін шешіп отырғасын Мәті жөн сұрады. Әбілқайыр шәй ішіп ыстығын басып, өз-өзіне келгенше жолда не көргенін айта қоймады. Ішіне қалампыр, талшын, зәнзәбіл араластырып, айыр түйенің сүтін қатып, қою құйған бұйра шәй әлгінде ғана екі шықшыты зіркілдеп зеңіп келе жатқан басын ә дегеннен жеңілдетіп, өне бойындағы зіл атаулыны түгел қуып шыққандай. Әбілқайырдың бетіне өң жүгіріп, көз алдының да әлгі бір қабарыңқы кіреукесі тарап, кесесін төңкерді. Ол қанғанмен Мәтінің шамалыда қана қояр сыңайы байқалмайды. Шалқая түсіп ысылдап-пысылдап тартып отыр.

— Мәті аға, — деді Әбілқайыр шып-шып терін Пәтшайым ұсынған орамалға сүртіп жатып. — Өңім екенін де, түсім екенін де айыра алмадым. Мен бір нәрсеге қатты таңғалып келіп отырмын.

— Иә, ол не нәрсе? — деді Мәті.

Пәтшайым да құлағын тіге қапты.

Әбілқайыр жаңа жол-жөнекей не көргенін рет-ретімен айта бастады. Ауық-ауық Мәтінің жүзіне қарап қояды. Мәті ауыл арасының үйреншікті әңгімесін тыңдап отырғандай анда-санда самарқау бас изеп қояды. Пәтшайымның да езуіне бір үнсіз күлкі үйіріліпті. Әбілқайыр енді айтып отырған әңгімесіне емес, қасындағылардың осынша жайбарақат тыңдағандарына таңғалайын деді.

Әңгіме бітті. Мәті кесесінің аузын алақанымен қағып шәй ішіп болғанын білдірді. Сосын қасындағы сүлгімен маңдайын, мойынын, бет-ауызын қапысыз сүртіп алды.

Сосын сөз бастады.

— Сүйегің асыл, тегің артық сұлтансың. Сен қайдан тегін болайын деп едің, Әбілқайыр. Әлгі көргенің өң де емес, түс те емес, алла тағаланың көзіңе әдейі елестетіп отырған бір нышаны болар, — деп ілгері итініп қойып, көшелі әңгімеге енді кірісе беріп еді, Пәтшайым тамағын кенеді.

Мәті тына қалды.

— Ата, рұхсат етсеңіз, сұлтанның көзі елестеген нышанды мен жорып көрсем қайтеді, — деді Пәтшайым.

— Иә, айта ғой, балам.

Келіншектің аппақ жүзіне лып етіп қан жүгірді. Жүрексiне шыққан бiр әдемі әуезбен әңгімесiн бастады.

— Сұлтан, бұл жолға аң қарай шығыпсыз. Сұлтан аңшының есіл-дерті — ойдан қырға жүгірген төрт аяқты тағы ғана емес шығар. Қол астындағы халықтың қамы мен замананың аңғары сейіл құрып келе жатса да, есінен шыға қояды дейсіз бе? Оның үстіне қара сүйек қаңғыма емес, ел ұстаған азаматтың әр қадамына аруақ екеш аруақ та тітіркеніп жатпайды дейсіз бе? Олар да манағы бейуақта бейсауат жүргеніңізге орындарынан бір-бір аударылып, өзіңіз ойлаған халық пен замана қақында бір тұспал жасағылары келген болар. Ендеше, әуелі суат басында судыраған қамыс ішінде жолбарысқа кезіксеңіз, ол баяғы халқыңыздың жүрек жұтқан арда кезі шығар. Ол заманда ол кімнен тайсалушы еді, неден тайсалушы еді. Артынан арсылдаған қасқыр боп, өзіңізге тап берсе, оның да жөні бар секілді. Жан-жағынан тап-тап берген сұғанақ жау көбейсе, тайсалмас батырың да қанына қарайып, көзіне қан толып, ызасына мінбей ме? Ызақор мақұлқат ажалына қарсы шабатын жанықас боп келмей ме? Еліңізде де тап сондай ақикөз кезі күні кеше еді ғой. Енді, ашуға мініп айбат шегіп те ештеңе бітіре алмағасын қырық бұлтаққа салар қызыл түлкінің кебін кимей, қайтеді? Онысынан да ештеңе шықпаса, құрт-құмырсқаға айналып, тоз-тоз болып тозып кетуден басқа жолы қалды ма? Құрт-құмырсқадан қайтадан қызыл түлкіге айналғаны, халқыңыздың қанша құқай көрсе де, келешегінен күдерін әлі үзе қоймағаны ғой. Елге жөн сілтейтін азаматқа жол көрсетер аруақ болмайды дейсіз бе? Дырду қуған әнші-жыршының да,

қызыл қанды судай ағызар қырғын майдан, жанжал-шайқас іздеген сойқан батырдың да, түн жамылып жылқы торитын қара сойыл жортуылшының да тілдіде бір пірі, тілсізде бір пірі болады дейді ғой. Ата-бабадан ел тізгінін ұстауға жаратылған сізде де желеп-жебеуші пір жоқ дейсіз бе? — деген келіншек көзінің астымен бұл жаққа бір қарап қойып, сосын маңдайын атасына түзеп.

Мәті алақандай ала көзін тарс жұмып, мүлгіп тыңдап отыр екен. Келінінің толықсып шыққан әдемі даусының кенет тына қалғанын байқап, көзін ашып ала қойды.

— Дұрыс айтасың, балам, — деді басын изеп. — Қазақтың бір кезде ештеңеден жүрегі тайсалмаған арда да, асау да болғаны рас. Ол кезде оны жолбарыстан да жүрегі шайлықпайтын нар тәуекел ғана билей алды. Одан кейін ол тап бергенге шап берген көк жұлын арландай намысқой болды. Ол кезде оны алған бетінен өлмей қайтпайтын қайсарлық биледі. Енді, міне, ақылдан пәтуа, қайраттан айбын кеткен кезде халық та қырық құйқылжыған қызыл түлкідей қырық бұлтан қырқылжың болмасқа шарасы бар ма! Бұндайда бұлтаратын жерде бұлтарып кете алатын, жалтарар жерде жалтарып кете алатын әмбебап айла ғана ел қорғаны бола алады. Бойынан алпыс екі айла табылатын билеуші ғана өзінің де, елінің де басын аман алып жүре алып, айласыз, әупірім, алаңғасар қайырмалаған халық құрт-құмырсқаның кебін киіп, бет-бетіне безіп, бордай тозып кететін алмағайып заманның да туғаны шығар. Мұндай әрпіл-тәрпіл кезде ел ұстайтын ердің де жол бастары тәуекелшіл жолбарыс, ашушаң арлан емес айлакер түлкі болатын шығар. Заманына қарай амалы деген осы ғой.

Әбілқайыр айдаладағы жалғыз үй Мәтінің ауылынан аң-таң аттанды. Шиедей ерінін қымқыра тістеп, қымсына жол берген кер миық Пәтшайымның гүл-гүл жайнаған жүзіне көзі аңдаусыз түсіп кетіп еді, әдемі келіншектің бұлтиған бетінде жылт ете қалған бір жұмбақ күлкіні аңдап үлгерді. Қоштап күлгені де, мошқап күлгені де белгісіз. Атына мініп ауылдан ұзап кеткесін де көз алдынан кетпей қойды. Артына бұрылып қарап еді — сүйіріктей сұңғақ келіншек бұралаңдай басып әлденелерді жиыстырып, үйге кірмей күйбеңдеп жүр екен. Жүзінде ғана емес, жүріс-тұрысында да әлгі бір сиқыр күлкінің табы жатқандай. Апыр-ай, осы бір

монтаны күлкіні тағы қайдан, тағы кімнен көріп еді. Тіпті етене таныс күлкі ғой. Қашан, қай жерде көріп еді? Тіпті жақында, жуық арада ғана көрген сияқты еді ғой. Жоқ, баяғыдан, тіпті, ертеден көріп келе жатқан күлкісі. Ау, сонда... Бұл не тағы? Мана көзіне қос көрініп еді, енді ақылынан алжаса бастағаны ма? Қайда келе жатыр өзі? Айналасына қарады. Сол баяғы жұпыны дала. Жарлының иініндегі елбе-селбе киімдей жұтырайып тұр. Көзіңді кідіртп, көңіліңді ашатын ештеңесі жоқ. Манағы асыр салып жүрген көк сағым ыдыраған. Онсыз да опырайып тұрған көңілсіз дүние бұрынғысынан бетер құлазып, бұрынғысынан бетер қоңырқай тарта түскен. Ештеңеден тұрақ таба алмай тентіреп келе жатқан кезбе жанардың сауабына қалғысы келгендей күнгеі жақ көкжиектен көк нілденіп Қаратау дөңкиеді. Кешқұрымғы ауа таңсәрідегі көл суындай мөлдіреп тұнып тұр. Жер бетіндегі сәл қарайған бадырайып анық көрінеді. Бірақ, көзіне қыбырлаған тірі мақұлық ілікпеді. Манағы қызыл түлкі қайтадан қылаң бермес пе екен деп, жалқаудың желкесіндегі қыртыстанып жатқан құж-құж қара адыр жаққа қарап еді, көзіне ештеңе түсе қоймады. «Әзәзіл неме қайда сіңіп жоғалды екен?» — деп ойлады Әбілқайыр. Көз алдында жолбарыс та, бөрі де қалмапты, тек түлкі қалыпты, оның жұлдыздай ағып бара жатып жалт бұрылып артына қарағаны қалыпты. Есіне енді түсті. Әлгі бір жұмбақ күлкіні, бақса, сол төрт аяқты хайуаннан көрген екен ғой. Құдыреті күшті құдай-ай десейші! Екі аяқты адам мен төрт аяқты аңның да арасында тап осындай ұқсастық бола береді екен. Сонда өткен-кеткен жолаушының көзін арбай кететін қырық бұлтақ тұз тағысы мен біреудің әлпештеп алақанына салып отырған қырмызыдай құлпырған жас келінінің арасында қандай байланыс, қандай ұқсастық болмақшы? Манағы мұның көзін иектеген сиқыр күш енді мұның ақылын иектейін деп жүрмесе не етсін! Түсінсе не дейсің! Бұл осы қайдағыны қайдан шатып келеді. Жолбарыс... Бөрі... Түлкі... Құрт-құмырсқа... Енді кеп жаңа ғана өзі көріп кеткен Пәтшайым... Шынында да, манағы түлкі мен жаңағы келіншектің кісіге қарағанында бір адам арбалып қалатындай сиқыр күш бар ғой! Ол не күш болғаны? Қырдың қызыл түлкісі де жапан түздің аңғал жолаушысын көрер көзге иектеп сүмендетіп соңына ертіп алар жын-шайтанның бір түрі болғаны ма сонда?! Қапелімде, оны ұшырастырған адам

да қарадай жолынан қалады емес пе? Ендеше, әйелдің де сиқыры одан аз бола қоймас. Әлгінде көзіне көзі түсіп еді, кермедегі атына зорға жетіп, әзер аттанып кетті емес пе! Екеуінің де сиқыры — қайдағы бір қалғып жатқан құпия құмарыңды төбесінен түртіп оятып, өз-өзінен емексітіп әкете баратыны емес пе! Бірақ, осы бір сиқыр күлкіні тұз сылқымы түлкі мен үй сылқымы әйелден ғана емес, бұр мауыздай еркектен де көрген жері бар сияқты ғой?! Сонда мұны еркек адам несімен иектемекші? О тоба! Адам иттің ойының да сімсік тазыдай иіскелемейтін жері болсайшы! Иә, иә... Әлгіндей жымсиған монтаны күлкіні әлдебір қуқыл мұрт пен қуқыл сақалдың арасындағы суға салып жаншыған бүркіттің жеміндей қан-сөлінен айырылып әбден бозарып кеткен жұп-жұқа қаймыжық ерінге ілініп тұрғанын талай рет көрген секілді. Апырау, сол кімнің мұрты еді, кімнің сақалы еді? Тоқта... тоқта... Қуқыл мұрт дейді? Тоқта... Қу самай... Шұнақ құлақ... Келте мұрын... Қысық көз... Қиғаш қабақ... Қытыңқы ерін... Сида сақал... Қияқ мұрт... Ұзын мойын... Апырау, мынау жұрттың бәрі жақсы білетін кейіп қой... Иә, иә... Білгенде қандай? Онсыз да ұзын мойыны басына шошақ төбе зер қалпақты киіп алғанда одан сайын ұзара түсетін. Сонау биіктен қашырта қараған қиық көздің жүзіңе түсіп кеткенін байқасаң, ішіндегіні көріп қойғандай, дереу көзіңді тайдырып әкететінсің. Ол да әлгіндей қоштағанын да, мошқағанын да байқатпай бір жымып қоятын. Сол бір болмашы күлкінің болымсыз табы қоңырқай жүзінде ұзақ уақыт тұрып алатын. Ол өңіне бір түрлі жылылық беретін. Жұрт та оны сол өңінің жылылығына бола жақсы көрмейді дейсің бе! Ол қарағанда кім-кім де: «Қолында тізгін отырған неменің жақсы қабағына іліктім білем. Иә сәт!» — деп мансап па, бақ па — әйтеуір бір көкейін тесіп жатқан қызыл құрт әлеңкедей жаланып шыға келетін шығар. Сол бір әзәзіл дәмені өшірмей, өршіте түскен әлгібір жылы жүз, жымың күлкіге әбден құлап түсетін шығар. Әйтпесе, тап осынша өліп-өшетіндей ол қырып келді деген ел, ол түсіріп келді деген олжа, ол қайырып келді деген жау естіле қоймап еді ғой. Туырлығыңнан көк найзаларын күнде сұқаңдатып ата дұшпандарыңның айнала қоршап тұрысы анау. Еркек кіндікті әлдеқашан атқа қондырып, не бүк түсетініміз, не шік түсетініміз белгілі болатын қан майданға бастап шығудың орынына бұта біткеннің



түбіне бір-бір бұқпантайлап, түлкі бұлтаққа салып оның отырысы анау. Түлкі бұлтақ демекші... Шынында да, солай екен ғой. Манағы таңы жарқылдаған қызыл түлкіден көрген жымысқы күлкі оның да мынау бұлк етпей жатар да қояр жапан түздей қоңырқай жүзіне тегіннен-тегін қонақтап жүр дейсің бе...

Әбілқайыр мына ойына, қапелімде, қуанып та қалды. Сөйтсе, әлгі күлкіні баяғыдан бері әз Тәукенің жүзінен де көріп келген екен. Сонда оның таусылмайтын түлкі бұлтағы, бұрын бұл ойлап келгендей, жігерсіздік шешімсіздік емес, әлгі Мәті айтатын айлакерлік болғаны ма... Сонда Тәуке айлакер боп не бітірді?

Ол ел тізгінін ұстағалы жоңғарда екі қонтайшы ауысыпты. Екеуі де қазақтарға оңай тимепті. Бірақ, Тәуке тиіп қашты шапқыншылыққа тиіп қашты шапқышылықпен жауап беруден аспай тып-тыныш отырып алды. Қанша қоқан-лоқы көрсе де, оның ауызынан «аттандаған» ащы ойбай шыға қоймады. Әліптің артын бақты. Қазақ оның тұсында отыз сегіз жыл бойына ереуілдеп атқа мінбей, бейбіт заман кешті. Бұрын-соңды мұндай тыныштық болып көрмеген-ді. Бұрын біреу: «Ә!» — десе, «Мә!» — деп атып түрегелетін ақикөз қазақ енді басына тепсең де, мыңқ етпейтін бір сабырлы салбөксе мінез тапты. Сырттағы жағаласты былай қойғанда іштегі жағаластың өзі күрт азайып кетті. Тәукенің ауызын ашса, айтатыны — тыныштық пен бүтіндік. Билердің де көмекейінде көлкіп сол екі сөз тұрады. Құдай қазақтың қолына қамшыны шарта жүгінген билердің алдына көлденең тастап, «Кессең — бас, міне!» — деп мүләйімсіп мүлгіп отыру үшін ұстатқан сияқты. Көк найзаның да, бүйте берсе, тізеге сап, ортасынан қақ бөліп, ілгері тартсаң, кері шегінетін көткеншек көк есектің құйрығынан түртуден басқаға қажеті болмай қалатұғын түрі бар. Бұл жұрт енді сауытты сәндікке киіп, садақты қыз ұзатып, бала сүндеттеген той-томалақта алтын қабақ ату үшін ғана асынатын шығар. Желкілдеген жігіттерге бұл қазақтың желкек қаздырып, қызды ауылдың сыртынан қырындатқаннан басқа кәсіп тауып бере қоятын сыңайы көрінбейді. Барымта азайып, жаназа сирегесін бе, кез келген жалба тымақтың іргесінің көңі қалыңдап, бықыған бай болуға айналды. Жұрттың бәрі ақтылы қойын айдай алмай жатқаны. Соның бәрі бұған ертең

жауға айдатып жіберу үшін жиналып жатқан зая дәулеттей көрінеді де тұрады.

Іргеден жау көбейген сайын Тәуке жиынды көбейтті. Ай бойы қауқылдасқан айғыр топ жиын: «Ертең шайқасқа шығамыз, бес қаруларыңды асынып, әзір тұрыңдар!» — дейді екен десең, тағы да екі етегін далақтатып Тобылдағы орыс шонжарына елші шаптырып жатады. Қашан сондай бір елшілік орысқа бара жатып, ойраттарға қолды боп кеткенше солай бола берді. Ал, әлгі бір оқиға азуы алты қарыс өз Тәукенің ел алдындағы беделін шайқалтып жібергендей болды. Енді Күлтөбедегі күндегі кеңестің де мәні кете бастады. Жоңғардың дігірі күшеймесе, тыйылмай, Тобыл әкімнің суық қабағы ызғарлана түспесе, жылымай қойған сол бір қилы кезеңде Әбілқайыр Тәукенің салбөкселігіне іштей ызаланушы еді.

Сөйтсе, Тәукенің басқа амалы жоқ екен ғой. Құдайдың құтты күні іргесіне кеп ат ойнатқан қиық құлақ аламанға абай-құқай болар ма екен деп, Тобыл бойына кеп тұмсық тірей тоқтаған орыстардан дәметпегенде кімнен дәметеді! Күнгедей хандықтардың ең үлкені өзі! Өзгелер өзінен дәметпесе, бұған қол ұшын берер қайрандары шамалы. Ал, жоңғарға бір өзі дүрсе қоя берейін десе, шет жұрттардың баяғыдан бергі қоқан-лоқысы мен өзара алауыздықтан әбден титықтаған халыққа біраз уақыт тыныштықтың дәмін татқызып, алдындағы малдың қарасын көбейтіп, ырың-жырың дау-дамайды тыйып, ел ұйтқысын бекітіп алмаса, тас түйін жаудан тас-талқан боп жеңіліп қап жүрсе, одан да мүйіз шыға қоймасы белгілі. Сонда Тәуке әліптің артын бақпағанда не бітіреді?! Бірақ, оның ойындағысының бәрін жайбарақат орындатып жайларына қарап жатса, жаудың аты жау бола ма?! Баяғы еңсегей бойлы ер Есім мен салқам Жәңгірдің тұсындағыдай кеңірдектен кенедей қадалған келелі шайқас көрмесе де, ойрат бірден лап қоймай мысық табандап жылжып-ақ біраз жерге қанатын жайып болды. Бірақ, дәндеген дұшпан қашанғы бүйтіп мысық табандай берер дейсің, бір күні көкірегіңе қарғып мініп, шеңгелді молынан салатын шығар. Сонда еңсенді көтеріп, беліңді бекем буып қарсы шығуға қазірден бастап қам жемесең, тәсілқойлықтың жөні осы екен деп бұқпақтап бұлталақтағанмен не бітіресің? Ал, қазақтың ішіндегі қырғи тілді қиқарлардың бірі деп жүрген

Мәтінің өзі қызыл түлкіні жол бастаушы қып, алпыс екі айла түгенде дейді. Ол айлаң мынандай алмағайып заманда елді жел жағына қорған болып тұра ала ма, қызыл көз жаудың алдын тосқауыл боп бөгей ала ма? Сонда Мәті бұларға не демекші? Жауға шабар жалаңдаған жас шақтарыңды бұлтақтаған кәрілердің соңынан бұқпантайлап өткізіңдер дегені ме? Әлде... әлде... енді нар тәуекелдің де, көзсіз ашудың да бітірері шамалы, ұтырын тауып іс қыл дегені ме? Онсыз да бұның шаршы топқа шалқып кіріп жүргені шамалы. Әу баста үлкен ұлдың белінен жаратылуды құдай қимай, кіші ұлдың кіндігінен көбейіп, босаға бағып қалған бұл тұқым айлалы болғанда не бітірмек? Әлде көпті көрген көне көз би бұған жуан тұқымның дөң айбатына айлаңды қарсы қой, олар айбын бұлдап, қайрат жұмсап, қарық қыла алмай жатқанда ұрымталдан ұмтылып ілгері шық дегені ме? Бір кезде алты алашты ауызына қаратып, қазір айдаладағы жарбиған жалғыз үйге жарғанаттай тығылып жатып алған сұңғыла шал бұған әу бастан-ақ ішін жылы ұстайтын сияқты еді. Ендеше, манағысының тегін әңгіме болмағаны. Қызыл түлкісі де жәй сөз. Ол бұған босаға сыртында бұқпақтағанды қойып ортаға шық, жұрт күшіне сенсе, сен айлаңа сен дегені. Ендеше, ол мұның арғы аңғарын әлдеқашан аңғарып қойып, оны құптаған болды. Бәсе, ә дегеннен-ақ қырсық шалдың бұған жылы қарап, жұмсақ сөйлеуінде бір мән бар еді-ау. Жан баласына аузынан шықпай, тек қана өзім білем ғой дейтін түп құлтасын жер түбіндегіні көріп-біліп отырған желмір шал түсініп қойған ғой. Тіпті баяғы барысын да әдейі істегенге жорыған шығар-ау. Иә, ол Мәтімен де, Тайланмен де іш ашысуға көптен құмар-ды. Бірақ, ол ниеті тап сол күні тап солай жүзеге асады ғой деп кім ойлаған!..

Ол бір баяғыда ұлан-асыр қазақ даласының қақ ортасына кеп зорыққан түйедей ұзыннан-ұзақ сұлай жығылған Қаратаудың теріскей бауырындағы бір тар қойнауға болған оқиғатұғын.

Қай заманда да қалың жиынның шаршы төрі бұйырмай, босағада асық жіліктің табағында күндері өтіп бара жатқан Өсеке балалары іштегі қыжылдарын түздің төрт аяқты тағыларынан қайтаратын. Әкесі

Абдолла сұлтан өле-өлгенше аң қуып өтті. Одан туған Жолбарыстың да есіл-дерті аң. Мамай екеш Мамайдың да аң дегенде ішкен асын жерге қойып дігірлеп тұрғаны. Әбілқайыр да көпке дейін тау сүзіп, тағы қуалағанды жақсы көрді. Қырдың қылшылдаған қыршын жасында аңнан басқа қандай кәсіп, қандай ермек болушы еді. Әбілқайыр қазақтың ақ сүйегінің де, қара сүйегінің де талай боздағымен түзде табысты. Ол төрт аяқты тағыдан басқа тірі мақұлық жорытпас елсіз түздерде, әсіресе, тақымынан сойылы түспейтін, сойылының қаны кеппейтін жортуылшылармен жиі ұшырасатын. Олардың алдында төремін деп кергімей, қия жақпарлардағы тері төсеген тар лашықтарына бірге жата кетіп, исі мұңкіген арқар сорпасын бірге сіміріп, судай сіңіп, сүттей араласып жүре беретін. Өйткені, мынау жылқы екеш жылқыны да құрық емес найза ұстап қайыруға тура келетін кер заманға тап келген елдің ендігі байы да, биі де, жау жақтағы қарасы да, жел жақтағы панасы да бұрын өштескен ауылдарға барымтаға жұмсалатын сойылы ауыр, қамшысы жылдам содыр нәсіл болуға айналды. Мұрты әлі дұрыстап тебіндей қоймағанмен Әбілқайыр соны бірден ұқты.

Ол кезде Әбілқайыр қасына нөкер ертпейтін. Қолында билігі жоқ әлжуаз әулеттен өсіп келе жатқан бозөкпе сұлтанның қияда тосып, қырындай жолығар, қырғи қабақ жауы болады десін бе! Аяғына қу шоқай, үстіне сұр байтаба шекпен киіп, ерінің артына қазан аяқ жақта ыс қалтаға салынып, атам заманнан бері ілулі тұратын саудыраған қырық кәрі жілікті тағып ап беті ауған жаққа тартып кете барады. Ең азы қасына ит екеш ит те ертпейді. Ал, сосын жұрт мықты болса, жапан түзде жалғыз жорытқан жүдеубас сұрша жігіттің сұлтан екенін, ұлтан екенін біліп көрсін!

Қау пісіп, мәуе түскен құба күзде қуарыңқы даланың өзінен айнымайтын құла ат мініп, көлік терлемес, жолаушы шөлдемес май бұлкекпен келе жатқан осы бір бейтаныс жүргінші, қапелімде, көзге де түсе қоймайтын.

Сондай бір сапарында қатпар-қатпар қара таудың ішіне сұғына бойлаған тар аңғарға келіп кіргені. Екі жақ — өздерінен өздері үркіп, едірейе-едірейе қалған құз жартастар. Аяғының астында — әлденеге асығып-үсігіп, айналасына бірдеңе деп былдырай тіл қатып, сонау ойға қарай екі етек боп дедектей шапқылап бара жатқан ағын су. Манадан бері сілтіге көміліп, енжар мүлгіп тұрған

жабырқау далада іші пысқан бейтаныс салт аттының көңілін сергіткісі келгендей жан-жағынан анталап тұрған тас қоршаудың о жер-бұ жерінен құстар шықылықтайды. Әлдеқайдан көмек шақырады.

Әбілқайыр елсіз аңғардың табанындағы жалғыз аяқ жолмен шоқытып келеді. Қапталдағы тау өзеніне сұғына құлаған дөңбек тастардың сауырында баттиып-баттиып дымқыл іздер жатыр. Сыз басып, топырақ жаншып келген суық шеңгелдердің айғыз-айғыз табы ызғар шашып көзінді қариды. Жүрегінді одан сайын мұздата түскісі келгендей о жер-бұ жерден ұйлыға өскен ну құрақ оқтын-оқтын сытыр ете қалады.

Әбілқайырдың астындағы құлтың құла екі құлағын қайшылап, ауыздық сылдыратып қояды. Иесі бірақ түк сезбегендей. Өрге қарай барын салып емпеңдеп келе жатқан жануарды одан сайын тебінеді. Кенет сол жақ қапталынан әлдене сылдыр етті. Сай табанындағы ақсиған жолдың үстіне судыр-судыр тас жауып кетті. Құлтың құла кілт тоқтады. Әбілқайыр басын көтеріп дыбыс шыққан жаққа қарады. Қарсы алдында — бір-бірімен сүзісердей боп екі жақтан ентелей сұғынған екі құс тұмсық жартас. Сол жағындағысының ұшар басында мүйізі шаңырақтай құлжа тұр. Жарық жалғанның қожасы жаңғыз өзі сияқтанып, төңірегіне кекірейе қарайды. Төрт тағандап қаздия қалған нық тұрысы, күнге шағылысып жалт-жұлт еткен дағара мүйізі, қаннен-қаперсіз жалп-жалп еткен ауызы мен желп-желп еткен сақалы, алшайып кеткен артқы екі аяқтың арасына сыймай бұлтия қарауытқан тағы бірденесі — осы бір хайуанның тұла бойы толған астамшылық пен асаулық екенін танытқандай.

Жас сұлтан, неге екені белгісіз, осындай қараптан-қарап бұтқа толып жүретін кердең мінезді жек көруші еді. Кекірейген біреу-міреуді көзі шалды-ақ, қайдағы бір құдай атқан қитұрқы сөздер көмейіне лық ете қалатын. Бірақ, сол бір есіл сөздер отыз тістен бері аспай, сол арада дымы құритын.

Әбілқайыр қорамсаққа қол салды. Сумандаған сұр жыландай басын қылтитып тұрған сай кез оқ сұп-суық ала көздің алдына келе беруі мұң екен, елсіз аңғардың қатықтай ұйып тұрған уыз тыныштығын пышақтай тіліп зымырай жөнелді. Сол-ақ екен, аспан астын бір өзі толтырып тұрған шаңырақ мүйіз кекжең ете қалды да,

әлгінде ғана жақпар жартастың төбесінде найзадай шаншылған төрт қуатты сирақ көктен келіп, таңы айырылғанша семіріп алған зілман тағы ойға қарай домалап берсін...

Аң серкесінің мынау қапия қазасына өкінгені екені де, әлде құралайды көзден тигізетін өз өнеріне сүйсінгені екені де белгісіз, — Әбілқайыр басын бір шайқап қойды.

Кенет.

Міне, керемет!

Қарсы алдындағы екі құс тұмсық жартастың оң жақтағысының тасасынан сылаң етіп бір шұбар атты шыға келгені. Шыға келсін де, өзеннің арғы бет жағасына барып құлаған құлжаға қарай бас қойсын.

Әбілқайыр өз көзіне өзі сенбегендей аңтарылып тұрып қалды.

Шұбалаң шұбар атты құлжаның қасына барып тоқтады. Атынан түсті. Шаңырақтай мүйізін тау-тасқа ұрғылап бұлқынып жатқан құлжаны сапы суырып, тамақтың астынан орып кеп жіберді. Сосын текенің бауыздау қанын жуғалы қасындағы өзенге сұлата беріп еді, қолын тартып ала қойды. Аңтарылып тұр. Желкесін қасиды. «Апырау жолбарыстай шұбарды шұбалтып мінген бұл кім болды екен? Не де болса, бір игі жақсының ерке бұланының сойы ғой», — деп ойлады. Сол-ақ екен көзі киіміне түсті. Кигені — кілең жарғақ. Ал, таңданбай көр. Анандай ат мініп, анандай киім киген мына бейтанысты кім деп ұқпақшы...

Жарғақ киінген шұбар атты... Әбілқайырдың ойына әлдене түсті. Тамағын кенеп жөткірінді. Құлжаның қасында тұрған бейтаныс жігіт селк ете қалды. Жалт қарады. Торсық шеке, кең маңдай, қоңқақ мұрын. Тостағандай ала көзі шатынап шыға келді.

— Біреудің олжасына осыншама өңмендегенін қалай? Одан да сыралғы сұрамайсың ба? — деді Әбілқайыр атын тебініп жақындай түсіп.

Бейтаныс жігіттің екі құлағы ду ете түсті. Сосын мынау төбеден түскендей сап ете қалған көлденең көк атты біреу не деп тұр дегендей ызғарлана қарады.

— Кімнің олжасын айтасың?

— Алдындағы құлжаны айтам.

— Оны атқан кім?

— Мен.

— Оны кім айтады?

— Мына мен айтам.

Жарғақ киімді жігіт қанын ішіне тартып сұрланып алды. Бірдеңе дегісі келіп оқтала түсіп, қолындағы жалаңдаған кездікті жеңіне сүртіп, бұған сол алара қараған күйі апарып қынына қайта салды.

Әбілқайырдың назары су жиегінде теңкиіп жатқан құлжаға сонда барып түсті. Шынында да, адам таңғалатындай екен. Екі оқ бірдей тиіпті. Біреуі аш қолтыққа қадалыпты. Екіншісі көзді ағызып өте шығыпты. Екі жарақатынан да даладай боп қан ағып жатыр. Аш қолтықтан қадалған қу жебе Әбілқайырдікіне ұқсамайды.

Бейтаныс жігіт бұның таңғалғанын аңғарып қойды ма, атына қарғып мінді.

— Ау, олжанды алмайсың ба? — деді Әбілқайыр.

— Саған сыралғым болсын!

Саңқ ете қалған жігіт дауысынан мақтаныш пен мазақ қоса естілгендей болды. Атына қамшы басып аңғардың аузына қарай шоқыта жөнелді.

Әбілқайыр бұралаң тау жолымен бұлкектеп бара жатқан шұбардың соңынан таңдана қарап тұрып қалды. Жарғақ тонды шұбалаң шұбар атты... Енді бұл желкесін қасыды. Тілі салақтап теңкиіп жатқан құлжаның қасында намаздыгердің көлеңкесіндей боп қашанғы сілейіп тұрсын! Бауыздау қаны әлдеқашан сорыққан құлжаны артына өңгеріп, шұбардың соғынан ол да салды.

Көз ұшында құлтылдап бара жатқан шұбар аттының жеткізетін түрі жоқ. Бір уақыттарда барып аңғар да таусылды. Екі жақтан ентелеп тас қоршаған тар қыспақтан шыққан соң шұбар аяңды көсілтіп, тауды бөктерлеп оңға тартты. Әбілқайыр да атының басын солай бұрды.

Бір-бірінің қарасын сонадайдан ғана көріп отырған екі суыт жүргінші түс қыңа тау қойнауынан қия жақпарланбай жайпауыт қолаттанып шығатын жайдақ сайдың жайылма табанында отырған құрым үзік қоңыр үйдің үстінен шықты. Шұбар атты сар желіспен барып, үй сыртына дүрс етіп түсе қап, шылбырын белдеуге ілді. Жарғақ киімді жігіт аршындай басып үйге кірді. Ешкім шығып қарсы алмағанына, үй сыртында тұрып жай сұраспағанына қарағанда мынау өзінің үйі сияқты. Маңайда жайылып жүрген қара-құраң көрінбейді. Ең болмаса, алдарынан ит екеш ит те үріп шықпағаны ма!

Әбілқайыр көптен бері жұрт аудармағандықтан жапырайып жерге сіңіп кете жаздаған жатаған үйдің ту сыртына жете беріп тамағын кенеп дыбыс берді.

— Ау, хабарласқандай кім бар?

— Бар, қарсы ал, — деді үй ішінен бір қажыңқы дауыс қасындағы біреуге.

Сол-ақ екен сыртқа манағы жарғақ киген аңшы жігіт шыға келді. Мұның тізгінін ұстап, атын тұсай бастады.

Әбілқайыр ердің артына өңгерген құлжаны көтеріп апарып, үйдің оң жақ босағасына жықты. Арамдап жүрер көлденең сұғанақ тұмсық жоқ па екен деп, төңірекке қарап еді, табалдырықтың сыртынан абажадай екі бірдеңе қарауытты. Ит аяқ деуге тым үлкен. Мұндай ит аяқтан ит түгілі арыстанға ас берсең де, артықтық етпес түрі байқалады. Сөйтсе, ақ жемденіп тозған, киіле-киіле сірісі қисайған кебіс боп шыққаны. Әуелі көзі шарасынан шыға таңырқады, артынан миығынан күлді. «үрерге иті жоқ деуші еді, рас екен ғой...»

Жас жігіт үй алдында шымырулы ши есікті бір иығына асып ап, бұны тосып тұр.

Әбілқайыр:

— Ассалаумағалайкүм, — деп үйге кірді.

— Әликісалам, — деді төр жақтан әлгі қажыңқы дауыс.

Ортада жез легенге лықа толып қызыл шоқ тұр. Баялыштың шоғы. Шоқ шетіне қисық тұмсық темір құман бөксесін тығыпты.

Оттың төр жағында бірдеңе бозарандайды. Ол қарақұйрықтың иленген терісінен жасалған дастарқан екен. Онда ернеуі кемірілген екі кемиек кесе тұр. Оң жақтағысына кенет тарбиған-тарбиған бес саусақ тап берді де, түбінен көсей көтеріп алып, әлдеқайда әкетіп бара жатты.

Түндігі түсірулі қара көлеңке киіз үйдің төрінде отырған еңгезердей қара кісі сонда барып көзіне түсті.

Алпамсадай кісі бұтындағы жарғақ шалбардың балағын тізесінен жоғары шиыршықтап түріп қойыпты. Малдасын құрып отырғанда, екі жіліншігінің дәл қыр арқасына біткен қалың түк құлынның жалындай жалбырап көрінеді. Еңгезердей денесі буылтық-буылтық. Екі емшегі апай төсті қақ бөліп, екі жерден салбырай құлапты. Еңгезердей дене жұдырықтай өндірішек арқылы ересен үлкен басқа барып жалғасқан.



Қалған бас сүйектен дөңкиіп бөлініп шыққан ай маңдай. Қалақтай ат жақ. Шықшыттығы да мынау бет деп аталатын ұлан-асыр кеңістікте жымпиып жатып қалғылары келмегендей екі жақтан ереуілдей бой көтеріп, соқиып-соқиып шығып тұр. Дегенмен мырза құдай осынау мол пішілген кісіге де есебін тауып қытыңқылық жасап бағыпты. Шықшыт сүйектің тасасында бұғып жатқан шұнақ құлақты ешкім көре қоймастай. Дәл мынау шарадай бетке анау келте танудың да тап онша жарасып тұрғаны шамалы. Бірақ, осы бір ұлан-асыр мол дүниені бет-бетіне шашыратып жібермей, бас-аяғын жиып ұстап тұрған әлде бір сиқыр күш бар. Ол алақандай ала көзі сияқты. Қарсы алдынан келгенде, кірпігін қақпай тіке қарайтын үлкен көз қапталынан қарасаң, бір қиығынан сығалай қарайтын сынампаз саңылауға айналып кетеді екен. Сол бір екі сынампаз саңылаудың манадан бері мұның үсті-басын түгел тінткілеп шыққан түрі байқалады.

— Төрлет, шырағым, — деді сәл ысырылып, оң жағынан орын беріп.

Әбілқайыр өрге аттап, шалдың қасынан тері бөстекке тізе бүкті. Әншейінде едәуір бойы бар Әбілқайыр ақсақалдың шынтақ тұсынан ғана келді.

Манағы аңшы жігіт қарсы алдына кеп құман тосты. Әбілқайыр қолын шайды.

— Жол болсын, — деді кәрия кеседегі шайын сораптап.

— Әләй болсын, ақсақал, — деді Әбілқайыр жігіт ұсынған тері сүлгіге қолын сүртіп жатып.

— Ал, жолаушым, жөніңді айта отыр, — деді шал кесесін шай құйып отырған жарғақ киімді жігітке ұсынып жатып.

— Аң қарай шыққан аңшымыз.

— Қалай, қанжыға қанданып тұр ма?

Әбілқайыр шәй құйып отырған жігітке қарады.

— Қанданған сияқты, — деді.

— Ендеше, сыралғы, — деді еңгезердей кісі басын кеседен көтермеген қалпы.

Әбілқайыр тағы да шәй құйып отырған жігітке бұрылды.

— Неге күмілжидің, балам?

Әбілқайыр кесесін сарқып, бетін алақанымен басты.

— Күмілжитін де реті болып тұрғаны, — деді ол сөзін бипаздап бастап. — Мына замандасымыз екеуміздің екі

қанжығамызға бір құлжа бұйырып, қайсымыз қайсымызға сыралғы берерімізді біле алмай дағдарып отырған жәйіміз бар. О заман да, бұ заман екі мерген бір құлжаны атып құлатқанды кім көрген?!

Шәй құйып отырған жігітке қарап еді, ол тымсырайып жақ ашпады.

— Сонда өздерің қалай ойлайсыңдар, құлжа мұндайда кімдікі болмақшы? — деді шал бұларды сынағысы келгендей құрағыта қарап.

— Кімнің оғы бұрын тисе, сонікі болатын шығар, — деді шәй құйып отырған қоңқақ мұрын жігіт жұлып алғандай.

Әбілқайыр күлімсіреді.

— Ал, сен қалай ойлайсың, жолаушым?

— Кімнің оғы жықса, соның иемденгені дұрыс сияқты.

Шалдың келте танауы бүлк ете қалғандай болды. Қоштап отырғаны да, мошқап отырғаны да белгісіз.

— Құлжаны қайдан аттыңдар?

— Аңғар бойында құз жартастың басында тұрған жерінен...

— Е... е... Оқ қай арасынан тиіпті?

— Біреуі аш қолтықтан, біреуі көзінен...

— Е... е...

Шал екеуіне кезек-кезек көз тастады.

— Апырай, сонда атқан оқтарыңды өздерің танымағандарың ба?

— Таныдым. Аш қолтықтан тиген менің оғым, сынық сүйем кіріп кетіпті, — деді шәй құйып отырған жігіт тағы да асыға тіл қатып.

— Екінші оқ көзін ағызып өте шығыпты, табылмады.

— Е... е...

Шал отырып-отырып барып, жымия тіл қатты.

— Сонда құлжаны кім жыққанын әлі білмей отырсыңдар ма?

— Сынық сүйем кірген оқ жықпағанда, жанап өткен оқ жықты дейсің бе?

Шай құйып отырған жігіт бұл жолы нығыздай сөйледі.

Шал тағы да құрағыта қарады. Әбілқайыр үндеген жоқ. Бір езуінде байқалар-байқалмас күмілжі күлкі тұрды.

Шал қасындағы қара құйрықтың лағының шап терісінен жасалған шаршы сүлгімен көзіне құйылған

ашы терді сүртіп жатқанда да екі ұнжырғасы ұзақ бүлкілдеді.

Екі аңшы аңтарылып қалыпты. Еңгезердей шалдың екі иығының селкілдегені бір уақытта барып басылды. Сосын қайтадан түк көрмегендей байсалды қалыпқа түсіп:

— Мал зорыққандыкі, аң жолыққандікі емес пе? — деді.

Екі аңшы жарыса бас изесті. Әсіресе шәй құйып отырған жігіттің көзі жайнап қоя берді.

— Құлжаны алдымен көрген сен екенсің, балам. Оғыңның сынық сүйем кіріп кеткеніне қарағанда қапысыз көздеп толғап атқан болдың ғой, — деді.

Шәй құйып отырған жігіт ыржың етіп күліп жіберді.

— Бірақ, аш қолтықтан кірген оқтың ту текені мұрттай ұшыра қоюы екі талай. Жығылса да, қансырап барып жығылуы мүмкін.

Жігіттің бетіде әлгінде ғана лып ете қалған қуаныш ұшқыны лезде сөнді. Шал қажыңқы даусын одан әрі соза түсті.

— Ал, шың басындағы тағыны көзден тиген оқтың шыңырауға құлатпай қоймасы кәміл. Балам, бірінші тиген оқ сенікі екен де, жыққан оқ — мынау жолаушынікі екен. Оның үстіне сен көздеп атыпсың, ол көздемей атыпты. Көздеп атса, оның оғы да тиген жеріне қадалып қалар еді. Көздемей атып көзден тигізген мергенмен олжаға таласқан әбестік шығар, — деді.

Екі аңшының да беттері ду ете түсті. Соны байқаған шал сөзін сәл үзіп барып қайта жалғады.

— Жәй қол тұспалмен-ақ атқанын сұлата бергеніне қарағанда бұл жолаушы көзінің сұғы мен бетінің сұсы мол Абдолла балаларының сойы сияқты. Қалғандары топырлатып қол шұбыртып, ит-құс ертіп, ызы-қиқы, қым-қуыт қиқулатып жүруге құмар еді, шырағым, сен осы, дәу де болса, әлгі Әбілқайыр сұлтан шығарсың.

Шәй құйып отырған жігіт орынынан атып тұрды. Әкесі жаңағыдан гөрі жүзін суыта сөйледі.

— Сұлтанның алдынан жолыққан аңға таласам деп, астыңдағы атыңнан айырылып қалмағаныңа, я мына кәрі әкеңді көргенсіз ұл өсіргені үшін ата сақалы аузына шыққанда көк есекке теріс мінгізіп ел айналдырып масқара қылмағаныңа тәуба де, балам.

Әбілқайыр шалға бұрылды.

— Апырай, Мәті аға-ай, тым төндіріп жібердіңіз ғой.

— Менің Мәті екенімді қайдан білдің, шырағым?

— Мына замандасымның мергендігінен білдім.

Шал кеңк-кеңк күлді.

— Е, ол үстіндегі киімінен аңғардым дегенің ғой.

Жігіттің боп-боз бетіне қайтадан лып-лып қан шапшыды. Әбілқайыр ыңғайсызданып қалды.

— Мәті аға, мына құлжа сәтке жолыққан болды. Сізді көруге көптен құмар ем, — деді сұлтан жігіт.

Мысқылшыл шал бұл жолы мырс етпеді. Біраз дағдарып отырды.

— Шырағым, алыстан орағытып сөйлегеніңе қарағанда ақылды жас боларсың. Ақыл сүйкімді көрінгенмен, оның дегенін істеп, мүйізі қарағайдай болып жатқан ешкімді әзір көре қоймадық. Өйткені, ақылға айтқызсаң, қапысыз іс, қатесіз сөз болмайды дейді, ең дұрысы, ештеңе айтпаған, ештеңе істемеген дейді. Ал не сөзі, не ісі көңілін қозғамаған кісінің соңынан адам түгілі мал екеш мал ермейді. Мен білсем, мына заманың тап ақыл сұрамайды, абырой сұрайды. Бұ заманда абыройдың да аты өзгеріп кетті. Оны бүгінде бедел дейтін болыпты. Бедел дегенің есігіңнің алдында көлденең түсіп жатып алатын күдіре желке көк төбет сияқты. Ол да үйінің сорпа-суаны мол дәулетті кісіге бітетін көрінеді. Сонсоң да, балам, біз секілді сөз деп аталатын қотыр шыбыштың шандырын тартқылай-тартқылай, оны да әбден ақта қып суалтып жіберген, күні өткен күңіреншек кәріден гөрі тақымында шоқпары салақтап дәулет қуып, дәурен іздеген, жалыны қайтпаған жастарға үйір болған дұрыс. Тәйірі, жөн білетін текті жігітке ел ұстау деген сөз бе екен! Ол үшін үлкенге ізет, қатарға қадір, ініге ілтипаттан басқа не қажет болушы еді! Бұл жұрттың соңына ереміз бе деп үміттенетін азаматынан бар дәметері сол-ақ қой!

Шал сосын сөзін үзіп кесесін төңкерді.

Әбілқайыр ол күні айдаладағы жапырайған жалғыз үйдің көлеңке бетіне тоқым төсеніп, ер жастанып үндемес аңшы жігітпен бірге қонып шықты. Ол өз басына талай орнап, талай көшер бақ пен сорға тап осы бір елеусіз оқиға да себепші болады екен деп тіпті де ойлаған жоқ-ты. Сөйтсе, сол екі оқ қатар тиген шаңырақ мүйіз шал бас теке түздің сімсік көз аңшыларының талайының қанжығасын қандап, талайының қазанын майлап, ең соңында ауыл сыртындағы бір бұтаның түбін шірітіп қала беретін, талай-талай тағы төрт

аяқтылардай оп-оңай ұмыт бола салмапты. Жігіттің атының қайдан шығадысы жоқ екен ғой. Қарқарадай үйін, қақырадай дастарқаның, ызғындай ағайын-туман мен шалқыған дәулетің алып бермеген беделді қия тасты қиялай жайылған қиқар тағы алып береді ғой деп кім ойлаған!

Бірде Әбілқайыр үш жүздің басын қосқан бір ұлы жиыннан Әйтеке бимен бірге қайтты.

Ол да бір қазақтың басындағы бұлт киіздей ұйысып қалындай түскен бұлыңғыр жылдар еді. Бұрын үш жүздің дастарқаны бірге жайылып, қамшысы қатар жатар мұндай жиындар Сарам шаһарының көк желкесіндегі Мәртөбеде өтуші еді. Ол дәуреннің шет-шепірін, ол кезде бала болғанмен, Әбілқайырлар да көре қалған-ды.

Көк аспанға елу мың түтін сылаңдап жарыса көтерілген ызғындай шаһардың қыр арқасында шөккен нардай боп оқшау төбе тұрар-ды. Бір құдірет осы жерге қолмен қондырғандай, терістікке сауырын, күнгеиге маңдайын төсей жығылған, ұзындығы бес жүз қадам, ені отыз-қырық қадам бар биік төбенің басына шығып қараған кісінің көз алдына қазақ өлкесінің біраз торабы түгел сайрап келе қалар-ды.

Күн шығыста қысы-жазы барыстың жонындай шұбарытып Алатау бұлдырар-ды.

Одан күнгеиге қарай сәл еңкейе сол бір алыстағы ала шабыр ұзын шұбақ көштің алдына түсіп, көші-қон барлап келе жатқан көсем көшбасшыдай болып оқшау қарауытқан оңаша тау Қазықұрт тұрар-ды.

Теріскей батыстан көк пен жердің арасын тұтастыра мұнарытып ұланғайыр қаратау жатар-ды.

Бір-біріне тұмсық тірестіре жалғасып жатқан осы бір үш биік — көл-көсір ұлы түздің маңдайына біткен үш сенгір биік бір-біріне сонадайдан омырауын ашып, құшағын жайып, ентелей ұмтылысқан бір белден жаратылып, бір көкіректі емген үш бауыр жігіт секілді еді.

Осынау іргесі ажырамас үш бауыр таудың ту сырттарында үш бауыр ел жатар-ды.

Мәртөбедегі жиынға Алатаудың қойнау-қойнауынан саулай төгіліп, топан судай қаптап ұлан-асыр Ұлы жүз тобы келер-ді.

Қаратауды теріскей айналып, сонау Торғай мен Ертіс арасындағы салқын белдер мен саумал көлдерді сайрандай көшкен жойқын орда — ормандай қалың Орта жүздің қара құрым тобы қаптағайлар-ды.

Қаратауды күнгеі айналып жылқысы Жайық пен Жемге, түйесі Жойқындария мен Сойқандарияға, ақтылы қойы Елек пен Ырғызға қаптай жайылып, далиып жатқан киіздей тұтас Кіші жүздің өңмендеген өжет қолы батуға бет алған қып-қызыл күн астынан құйындатып құйғыта құлар-ды.

Шар-тараптан қызылды-жасыл көш көрінер-ді. Көштің бәрі Мәртөбе маңының майсасын баспай, бастарын алыстан іркер-ді. Бір жағы сонау Қошқар ата бойы, бір жағы мынау Сайрам су, алды анау Қазықұрт, жағалай жазыққа алқадай тізіліп ақ жұмыртқа ауылдар қонар-ды. Сайрам маңындағы үш өзеннің бойында бір-біріне жалғастыра тартылған айқыш-ұйқыш желіден көз тұнар-ды. Бүйірі бұлтиған сәл төскейдің бауыр-бауырайы қылаң шатырларға, қыран-қыраңның басы күмбіреген ақ ордаларға толар-ды. Қақ ортада тұяқ тигізбей балауса ұстаған Сайрам мен Мәртөбені үш жақтан кимелеп қоршай қойған үш ұлыс ауылдардың ажары бірінен-бірі асар-ды. Өйткені, мұнда үш ұлыстың ең аталы ауылдарының ең ажарлы отаулары тігілер-ді, ең дастарқаны мол, пейілдері кең, оралымды келіндері осындай келер-ді; шайды бабымен құйып, көңіліңді қаралай тойғызар толықсыған көрікті қыздары осында келер-ді; асты-үстіңе түсіп, ат үстінен көтеріп алар, жүзіктің көзінен өткен жұғымды жігіт-желеңі осында келер-ді. Ол заманда қазақтың қай ақсақалының да айғыр жалдың басын бір өзі толтырар көп ұрпағы болар-ды. Сол көп әулеттің көп отауы Сайрамдағы ұлы жиынға қайсымызды апарар екен деп іштей бәсекелесіп бітер-ді. «Әлгі пәленшенің баяғыда жиынға апарып тігетін отауының сәнін айтсайшы, салтанатын айтсайшы, дастарқанын айтсайшы!» — кеу-кеу «Пәленшенің бәйгеден озып келген атын айтсайшы», «Түгеншенің жауырыны жерге тимеген палуанын айтсайшы» — кеу-кеулерден бір де кем түспейтін. Отаулардың өзара жарысып үй безейтіні де, өзара жарысып сән түзейтіні де, кемпірлердің қолынан ұршық, келіндердің қолынан қайшы, қыздарының қолынан оймақ түспейтіні де сондықтан-ды. Көрші отаудың өрмек құрып, киіз қарпып, ши тоқып, талдырғы ойып жатқанын көрсе

абысын-ажынның арапшы көргендей апшып қалатыны да сондықтан-ды. Бәрі де: «Пәлен жерде жиынға тігілген отау, түген жерде асқа тігілген отау» атанғылары келіп, тыраштанып бағар-ды. Ауыл көшкенде, елден бұрын жөнелуге жан салатын. Ауыл қонғанда, елден бұрын үйін тігуге жан салатын. Ауыл көшкенде, текемет қоршаған көш бастар түйеге бұрын мінген келіншек, ауыл қонғанда, түндікті айқара ашып тастап, көк сылаң түтінді бұрын шығарған келіншек бозбаланың көзіне іліккен бүлдіршін бойжеткендей екі беті албырап, екі көзі шырадай жанып, гүл-гүл жайнап құлпырып шыға келер-ді. Ол төрін таза, төсегін жұмсақ, дастарқанын кең, тамағын дәмді ұстауға жанталасып бағар-ды. Саба екеш саба ыстағанның өзіне ынты-шынтын салып бітер-ді. Шара толы сары қымызды шайқап ішкен мейманның ауызынан қандай сөз шығар екен деп қаралай қыпылықтап отырар-ды. Сонда аз отырып көп сынайтын мейман: «Пай-пай, арғын Керімбектің үлкен баласының үйіндегі келіннің ас ұстағаны-ай!» — деп кетер болса, бүкіл бір рулы елдің төбесі көкке жеткендей еді. Ол хабарды естіп: «Айналайын біздің пәленше жан түгенше екем ауылындағы ең мақтаулы келін көрінеді» — деп айдаладағы төркіндерінің жүрегі жарылар-ды. Қотанындағы малды құдай айдап келе қалған кезбе қонақтың ауызына ұстауға жиятын, кейінгі ұрпаққа сол қонақтың ел арасына жайып кеткен әңгімесін мирасқа қалдыратын қазекемде ат шығарғаннан артық мұрат болушы ма еді!

Әсіресе, Сайрамдағы жиынға қай арыстың қай руларының қай аталарының қай отаулары келгені, қайсысының бұрын тігіліп, бұрын көшкені, қайсысының қымызы тәтті, қайсысының шәйі тәтті болғаны алты арыс алашқа түгел жайылар, жер түбіндегі жеті атаңның аруағы түгел риза болар, жер түбіндегі жеті ұрпағыңның кеудесін аяқ қаптай қылар айырықша әңгіметұғын. Ондай атыңды шығарар айырықша шаруаның машақаты да айырықша көп болар-ды. Жиын басталмастан бір апта бұрын кеп, ертең отауыңды тігер жер таңдайтынсың. Көзге түсер, келім-кетімі көп болар оңтайлы орындарға қызыл кеңірдек боп таласатынсың. Кездейсоқ кеш қалып қойсаң, өкінішің естен кетпес-ті. Кім көрінгенге: «Сән-салтанатымыз ешкімнен кем болмаса да, жайбасарлықтан кешірек қалып, көзге түсе алмадық», — деп жағдай айтып, қызарақтап бітерсің-ді.

Сайрамдағы жиынға қонған ауылдардың қай-қайсысының да үстінен күні-түні топыр тарамас-ты. Төрткілдеп қазған жер ошақтарда жабағы мен бағылан бүлк-бүлк қайнар-ды. Үй сайын гүрс-гүрс піскен саба даусы шығар-ды. Ортадағы бас отауға төбел бие сойғызып бүкіл рудың бас көтерерлері жиылар-ды. Ертеңгі ұлы жиында не айтып, не қоятындарын алқаға салар-ды. Қалған отаулар ауыл арасының қыдырмаларына толар-ды. Тобылғы сапты қамшы ұстап, тұмар мойын ат мінген қыдырмашы жігіт-желең бір ауылдан бір ауылға сапырылысып бағар-ды. Әйтеуір, қайда қарасаң да — ығы-жығы ат, ығы-жығы адам. Әйтеуір, қайда қарасаң да — асулы қазан. Күндіз көрсең — сәнқой қатынның иірген шүйкесіндей иретіліп көк сылаң түтін будақтап жатқаны. Түнде көрсең — кең алқаптың ауызы-мұрынынан шыға лықа толып, жұлдыздай самсап көп от маздап тұрғаны.

Алты ай жаз; алты ай қыс құлазыр да тұрар кең алқап тіршілік дүрбелеңіне белшесінен бөгіп, дені бір жайылып қалар еді. Қайда көз тастасаң да — көңіліңді тасытар көрік пен сән. Қайда тұмсық тоссаң да — көкірегінді ашар тәтті иіс. Қайда құлақ тоссаң да — жабыр-жұбыр үн; кеу-кеу әңгіме, аспан астын шатыната шырқалған асқақ ән, сылқ-сылқ күлкі, боздаған бота, күлдір-күлдір кісінескен жылқы... Мынау ұлан-ғайыр кең жазықтан ертең жиын тарағасын да айлар бойына қымыз исі аңқып, ду-ду күлкі естіліп тұрардай.

Сайрамдағы жиын тұсында жұрт ай бойына арман дегенді ұмытады. Өйткені, армандаған дәуреніңнің тап мынау іргеңдегі ұлы думаннан асар-аспасы неғайбылтұғын.

Сайрамдағы жиын тұсында жұрт ай бойына уәйім дегенді ұмытады. Өйткені, дәл мынандай шалқар қызықтың ортасында шалқып жүрген пенденің қайтып еңсесі жығылып, қайтып көкірегін кіреуке шалмақшы.

Сайрамдағы жиын тұсында жұрт ай бойына ертегі, дастан, хисса дегендерді ұмытады. Өйткені, мынау тап іргеңдегі дүбірлетіп жатқан сән-салтанат, жыр-думанға қай ертегің тең келмекші.

Сөйтіп, қиялдағы ұрмақ мамыр өте қара жерге, мынау Сайрам түбіне өзі кеп орнай қалатын-ды. Ол кезде күллі қазақ сахарасы шаршысына толып шалқып қоя беруші еді.



Үш перзенті үш ұлыс ел болып көсегесі көгерген кәрі Қаратау ол күндері жайдағы жапырақ белі көтеріліп, аспан астын бір өзі тіреп тұрғандай күдірейіп шыға келер-ді.

Ұлан байтақ даланың түкпір-түкпірін түтінге толтырған ызғындай елдің қара жұрты Қаратау ол күндері жапырағы жайылған үрім бұтағының жан-жақтан жамыраса табысып, қатар отырып бір дастарқаннан дәм татқанын көруге асыққан кәрі анадай еміреніп жатар-ды.

Әуелден еншісі бөлінбеген ен қазақтың ене қазаны Сайрам болған да, аяқтарының ұшынан басып, айбынып кірер ата шаңырағы Түркістантұғын. Пәтуа Сайрамда байласылып, бата Түркістанда берілер-ді. Ол күндері Мәртөбе мен Түркістанның арасын жалғастырып жатқан жайдақ табан Оқжетпес сайының атам заманда құрғап қалған қуаң арнасында арғымақ мініп алшаңдай басқан салт аттылардан көз тұнушы еді. Исі қазақтың еркек кіндігі көк найзасын көтеріп, бес қаруын асынып жауға бара жатқандай жарақтанып келетұғын. Қару асынбай келген еркек қатарға кіре алмайтын. Мәртөбенің жиыны бүкіл бір халықтың ақыл түгендесіп қана қоймай, қару түгендесер, айбын сынасар айтулы оқиғасытұғын. Қазақтың маңдайына біткен шешені мен батырының бәрі осында, палуаны мен жүйрігінің бәрі осында, ең азы, бәсекеге түсіп қазан тауысып, саба сарқа алар тамақсауларына дейін түгел осында.

Қазақтың қазақ екенін білгің келсе, халық екенін білгің келсе мамыр өте Мәртөбеге кел дейтін сөз де содан қалған-ды.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең — сөйлесең сөзі сай-сүйегінді сырқырататын қазақтан өткен ділмар халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең — жетім қозының жұмырындай ғана қара шанақ, екі шек, он алты пернеге жер-жаһандағы үн біткенді түгел сыйғызған қазақтан өткен күйші халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең — даусы төрт кереге, тал шаңырақты ғана емес, аспан астын түгел әлдилеп, ұшқан құсты, жорытқан аңды талмауратқан қазақтан өткен әнші халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең — биі сөйлесе, дүние жаратылғаннан бергі ықылым заманның жай-жапсарын түгел жадында сақтап, келешегің бәрін көрмей біліп

отырған қазақтан асқан сұңғыла халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең — көпті көрген көнесінің иегіндегі көк шулан сақалдың тұқылына, көпті білген кемел ақыл айтқан сөздің ұтырына бас шұлғи тоқтайтын қазақтан асқан пәтуалы халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең — алқалы жиындағы азаматы түгілі кермедегі атына дейін бірінің жалына бірі басын тығып шұрқырасып жатқан қазақтан өткен бауырмал халық жоқ па деп қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең — дастарқаны жиылмас, сабасы сарқылмас қазақтың жомарттығын көресің.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең — қазақтың кәрісінің ақылына, жасының қайратына қайран қаласың.

Мамыр өте Мәртөбеге келсең — жігітінің астындағы атына қарап, қызының иініндегі киіміне қарап қазақ жұртының ырзығы мен дәулетін, сәні мен салтанатын көресің.

Қазақтың өзіне-өзі риза болған мақалдарының қай-қайсысы да сол Мәртөбенің басында туған-ды. Қарға тамырлы қазақ «Ұлы жүзді қолына қауға бер де малға қой, Орта жүзді қолына қалам бер де дауға қой, Кіші жүзді қолына найза бер де жауға қой», — деп те сонда айтқан-ды. Ел ырысы — малды Ұлы жүзге тапсырса, пейіліне сенгені, ел жыртқысы — дауды Орта жүзге тапсырса, білігіне сенгені, ел шырқын бұзар жауды Кіші жүзге тапсырса, ерлігіне сенгені.

Сондықтан да мамыр өте Мәртөбедегі жиында тоқайласатын үш ұлыстың әрқайсысының орыны бөлек, әрқайсысы өзінше ыстық-ты.

Алақандай Сайрам Ұлы жүз тобы келгенде кәрі-жасы аяғынан тік тұрып, әкесін күткендей елпек қағар-ды, Орта жүз тобы келгенде ағасының алдынан шыққандай құрақ ұшар-ды, Кіші жүз тобы келгенде қиырдан қиқар ерке інісі келгендей мәз-мәйрам болар-ды.

Мамыр өте Мәртөбеге келгендер жиын басталмай тұрып ат бегі Әзизбаптан бастап Сайрамдағы сансыз бапқа, Қожахмет Яссауидың әкесі Ыбырайым ата мен шешесі Қарашаш анадан бастап барша әулие-әмбиенің бастарына барып шырақ жағып шығар-ды. Дүкеннен дүкен қалмай аралап қоржындарын толтырар-ды.

Отырықшы басынан қысы-жазы бөркін тастамайтын, қауын екен деп асқабақ жеп қоятын көшпендіні, көшпенді қымыз орнына қысы-жазы бір сары ала суды ертелі-кеш ысылдап-пысылдап тартар да отырар отырықшыны мазақтап, қыран-топан күлкіге батар-ды. Мәртөбені үш жағынан шырқ айнала қоршай қонған үш қосын бірі-біріне шұбырып, былтырғы наурыздан бермен қарай қол алыспаған ағайын-жекжаттың амандығын білісер-ді. Талай үлкенге табақ-табақ сыбаға тартылып, талай кішіге шеңгел-шеңгел сарқыт асатылар-ды. Талай мұрт майланар-ды. Тойған жұрт Ұлы жүздің құйрығы төңкерілген көбесін, Орта жүздің бал татыған қымызын, Кіші жүздің кеңсірігінді жарып, көкірегінді ашар қымыранын мақтап өзеуресер-ді. Талай жиен нағашысын, талай жезде балдызын тауып қалжыңға кенелер-ді. Сосын басына қызылды-жасыл кілем, текемет төсеген Мәртөбенің басында жарты айға созылатын қызу жиын басталар да кетер-ді.

Шар тарапты өзіне шақырып тұрған шаршы төбенің шырқау басында шақырайған зер кілемнің үстінде алтын тақта алшайып алтын тажды хан отырар-ды. Тақтың екі жағында, қос қанатта тізе қосысып ұлыс бегі төрелер мен сұлтандар тізілер-ді. Тақтан сәл төмен, хан алдында қолдарына үш арыстың қамшысын ұстап үш жүздің төбе билері жайғасар-ды. Үш биден төменірек үш шоғыр боп үш жүздің ру басы билері мен батырлары отырар-ды.

Кең жазыққа оқшау біткен биік төбенің ұшар басына игі жақсылар иеленіп болған соң төскей мен етекке қарақұрым қарашы орналасар-ды.

Мұрттарын өрге шанышқан сұңғыла билер ру арасы даудан қайда жайлап, қайда қыстау, қай жұртқа жаушы, қай жұртқа елші жіберу керектігіне дейін түгел қозғап, сол тұстағы қазақ жұртының басында бар мұн мен қамның бәрін түп-түгел талқыға салар-ды.

Сұңқылдасқан билердің әрі ырғасып, бері ырғасып мәмлелескен түп тоқтамын саңқылдаған жаршылар хан атынан жалпы халыққа жариялап, жеңген жақ жеңілген жақтан алапасын алар-ды, бұрыстық қылған жақ ат шапан айыбын, ханға тиесілі хандық, билерге тиеселі билік ақыларын төлер-ді.

Дуылдасқан жұрт қайтадан сапырылыса қыдырып бір-бірімен қоштасар-ды, елде қалған кәрі-құртаңға айтар сәлемін айтар-ды. Далиып жатқан кең даланың

пұшпақ-пұшпағына құлтылдаған көп аттылар мен түйдек-түйдек қою шаң тарар-ды.

Жиын өткен соң Мәртөбенің маңы құлазып қалатын. Сайрам базары жылан жалағандай қаңырап бос тұратын. Мәртөбенің думаны қазақ даласының қиыр-қиырында іші пысып бүк түсіп отырған көп ауылдардың жолдарына қарай-қарай көздері талған игі жақсылары, еркек кіндіктері аман-есен оралып, базарлық пен хабарға қарық қылып тастар қа-қа-қу жиындарына ұласар-ды. Жиыннан қайтқандар арқылы салқар сахараның түкпір-түкпіріне бұрын естілмеген жаңа хабар, жаңа лақап дүңк-дүңк тарап жатар-ды. Бұрын ешкім білмеген жаңа жүйрік, жаңа палуан, жаңа шешен, жаңа әнші-күйшінің жұлдызы аспандап шыға келер-ді.

Жиыннан кейін ауыл-ауылдағы қыз-келіншектердің иығы жаңарар-ды. Талайдан бергі қырбайлар бір-біріне құда түсіп татуласып қайтар-ды. Араларынан қыл өтпейтін ескі достардың бір-біріне атарға оқтары жоқ боп араздасып оралып жатуы да кездеспей қалмай-тұғын.

Несін айтасың, мамыр өте Мәртөбеде бас қосатын ұлы жиын бір жыл бойы ауыздан түспей айтыла жүретін көл-көсір хикая, хисса, жыр дастан еді ғой.

Несін айтасың, мамыр өте Мәртөбеде бас қосатын ұлы жиын сахараны жайлап, самиянда аунап жүрген етек-жеңі кең, бейқам халықтың маңдайына біткен дәулет пен өнердің, ынтымақ пен парасаттың хан базар жәрмеңкесі-тұғын.

Мәртөбе қазақтың мәртебесітұғын. Енді, міне, ол дәурен де көзден бір-бір ұшты.

Бір кезде елу мың түтін сылаңдап көкке атылып жататын ызғындай Сайрам тып-типыл қызыл төмпекке айналды.

Басынан мәжіліс ауған Мәртөбенің тақ тұрар тақия биігінде қонтайшы жасауылының мамырдың ажырығына жарыла тойып, мажыра боп тұрған месқарын айғыры буын-буынына әлде бір әзәзіл бу жүгіріп: «От пен судан да басқа бір мұқтажым бар еді. Оған тауып берер нелерің бар?» — дегендей танауын желге төсеп талтая кісінейді.

Алатаудың қарлы жоталарының арасынан ту жолбарыстың сауырындай сары ала жібек шатырдың іргесінен шар тарапқа түгел шалқып жатқан қазақ

даласына сұқтана қараған қанды көзге ең алдымен Сарам ілігуші еді. Оның жайма базарындағы Қытай мен парсының жібегі, үндінің шәйі, бұрышы, дәрі-дәрмегі, кавказдың күміс қыны мен алмас қанжары, бұқардың кездемесі мен жонынан жарылған торы ала қауыны, самарқанның торғыны мен моншақтай жәудіреген жүзімі, түрікменнің қалы кілемі мен қаншырдай қатқан арғымағы, орыстың сисасы мен шойын бақырашы, қызыл сақтиян былғарысы мен темір шегесі, орман толы аңының терісі мен ай балтасы жан-жақта анталай торып тұрған көп көшпендінің ауыздарының суын ағызатын. Олар осынау көлкөсір базарға жан-жақтан шұбырып келіп жатқан, жан-жаққа шұбырып шығып жатқан онсан керуендердің соңдарынан көздерін сатып қалатын. Қарадан ұзап, тасаға түссе болды, төбелерінен төніп, төмпештің астына алып, түйелерін бақыртып, адамдарын шулатып, тоз-тоз қып тонап та әкететін. Бірақ, олар, бәрінен бұрын, осынау шартараптың қызылды-жасыл дүниесін жиған қызыл көз саудагерлерін өзіне шақырып тұрған әзәзіл қаланың өзіне өлердей ынтазартын. Аш отардың майса көрсе тапап кеткісі кеп, шөл табынның көл көрсе көтере жұтып кеткісі келіп тұра-тынындай, көшпенділер де өзгенің жеріне қол салса, ең алдымен, базарлы шаһарларына тап беретін, бәрі де ондай шаһардың өзгеде болғанынан гөрі өзінде болғанын қалайтын. Бірақ, шаһары құрғыр жайма базардың шашылып жатқан көп жиһазындай емес, қоржындарына сия бермейді. Сондықтан да қоржындарына сиғанынша сықап бағады да, бізге бұйырмаған дүние басқаларға да бұйырмасын деп, қалғанының бәрін қиратып, бүлдіріп бағады. Базарың түгілі шаһарыңның өзі тып-типыл боп, бұрқыраған шаңдағы ғана қалады. Көшпенді сонысына да екі езулері екі құлақтарына жетіп мәз болып еліне қайтады. Көне шаһардың ордалы халқы қырылып қалады да, ойға-қырға тығылып аман қалғандары қайтадан жиылып, қайтадан қалқа көтеріп, қайтадан түтін түтете бастайды. Үйреншікті жерге жан-жақтан қайтадан саудагерлер ағылып, қайтадан үйреншікті тіршілігіне кіріседі. Тағы да бір қызыл көз жау шығып, тағы да бір талапайға түсіргенше, қайтадан ызғындай қалаға айналып, қайтадан жұрттың көзін қызықтыра бастайды.

Сарамды ақи-тақи талқандаған Күлеке батыр, міне, осы үрдістің ініне біржола су құйып кетуді көздеген

сияқты. Оған дейін де Сайрам сан рет ойран көрген-ді. Жоңғар тағына бөксесі тимей жатып, көршілерін тулақтай сілкіп, жастықтай жанша бастаған Қалдан Бесоқты мың да тоқсан үшінші<sup>1</sup> тауық жылы жер аяғы тарыла күдерлерін үзіп кейін шегінгендей болып еді. Алты ай жаз аяқтарын көсіліп шәй де іше алмаған шаһар тұрғындары түтін басы бір ақсарбас садақа шалып, бөріктерін аспанға атып еді. Жау қамаған қысылтаяң күндері кімнің не істегенін еске алысып, бір махалла екінші махалланы мазақ қып, қағанақтары қарқ, сағанақтары сарқ мәз-майрам боп қалысып еді. Бірақ, о да ұзаққа созылмады. Келесі ит жылының қысын Іле бойында өткізген жоңғар жер көктер-көктеместе қайта келіп қамағаны. Ол жолы да қорғанды бұзып келе алмаған-ды. Бірақ, бір қапысын тауып, Түркістаннан келе жатқан Тәуке ханның баласын тұтқынға алып, тағы да кері шегінген-ді. Жоңғарлардың ойында не болғанын кім білсін, тұтқын ханзаданы Лұқастағы Ұламаның қол астына жіберген-ді. Бәлкім, өз діндеріне кіргізіп, күндердің күнінде қазақ тағына өз діндестерін отырғызғылары келген шығар.

Сыбан Раптан да қонтайшы бола сала доңыз жылы Сайрамға басып кірді. Елу мың түтіні, сексен шақырымдық майданы бар ызғындай қаланың орынында аман қалса, ит аяқ қана аман қалды. Басқа дүние біткен қаптағайлап шауып жүрген қалың жоңғарлардың қоржынында кетеді. Жан біткеннің көбі оққа ұшты, пәлен күндік қоршауға шыдай алмай аштан қырылды. Одан аман қалғандары Сайрамды алған жоңғар әскерінің қолбасшысы Күлеке көгендеулі қозыдай қаз-қатар тұрғызып қойып, қырық қайтара санап, қырық қайтара тексеріп шықты.

Әуелі еркектерден жауап алынды:

— Кәсібің не?

— Ұста!

— Сенің кәсібің?

— Тігінші.

— Сен ше?

— Зергер.

— Ал, сен?

— Наубай!

— Сен кімсің?

— Делдалмын!

---

<sup>1</sup> 1683 жыл. Бұл бөлімде айтылатын тарихи оқиғалардың болған уақыты хижра жыл санау жүйесі бойынша көрсетілген (Ә.К.)

- Сен!
- Тері илеушімін.
- Қасапшы!
- Дәрмекші!

Қолдарына бір-бір дойыр қамшы ұстап, ат үстінде шіреніп тұрған ойраттар мынау екі қолдары артына қайырылып, дірдектеп тұра алмай тұрған қу сирақ тұтқындардың ауыздарынан шыққан әр сөзге әуелі қарқылдап күлумен болды. Естімеген елде көп деген осы екен ғой. Дүниеде кәсіптің түр-түрі болады екен-ау! Өзі малшы, өзі қасапшы, өзі жауынгер көшпендіге мынау мауыздай-мауыздай еркектердің беттері шылп етпей: «Киім тігушімін!», «Қазан қайнатушымын!», «От жағушымын!» деп тұрғандары бір түрлі күлкілі көрінді. Бірақ, басқалар күлгенмен Күлеке күлген жоқ. Күздің салқын таңында қалжырай шыққан қажыңқы дауыстарға құлағын тосып үнсіз тұр.

- Диірменші!
- Етікші!
- Молла!
- Аспаз!
- Шарап ашытушы!
- Боза қайнатушы!
- Бояушы!
- Тас қалаушы!
- Сылақшы!
- Бәлгер!
- Тас жонушы!
- Түйме сатушы!
- .....

Әлде бір уақытта ұзын саптың да шетінен шықты. Көкала аттың үстінде көк ала темір құрсанып тұрған жыланкөз қолбасшы сонда барып орынынан қозғалды. Не бір тепсе темір үзгендей, бұлшық еттері бұлтылдаған жігіттерді қырып салып, қадағы бір сіңірі шыққан сілімтіктерді — темір соғушы, көрік басушы, нан пісіруші, былғары илеуші, тас қалаушы, боза қайнатушы сүмелектердің жиырма мыңын көзінен айдап әкетпекші. Олардың қандай ауруға дәрі болатынын бір құдай мен бір қонтайшының өздері біледі. Тізелері қалтыраған жиырма мың еркек көк найзаларын кезенген көп жасауылдың алдына түсті.

Сұрыптаушылар қалш-қалш етіп қаралай зәре-құттары қалмай тұрған көп әйелдің қастарына келді.

Бұл жолы оларға ләмим тіл қатқан жоқ. Көздерін сығырайтып әрі бір өтеді, бері бір өтеді. Сығырақ көздер әуелі әйелдердің құрсақ тұстарына түсті. Жаландаған жасауылдар іші сәл-пәл бұлтиғандардың бәрін қолдарынан сүйрелеп ілгері алып шықты. Жау тұқымының ұрпағын арқалаған арам құрсақ ұрғашылардың жоңғар хандығына керегі жоқ. Бейбақтар анадай жердегі кемиек тас дуалдың түбінде себелеп жауған сары жебеге жем болды.

Ызғар шаша қараған сығырақ көздер енді әйелдердің шаштарына түсті. Бір тал ақ шашы барлар желкелерінен түйгіштеліп айдалып шықты. Күндіз көсеуін ұстап қарқ қылмас, түнде төсегін жылытып қарқ қылмас кәрі-құртаңдардың жоңғар сайыпқырандарына қажеті қанша! Әлгінде екі қабат бейшаралар опат болған аждаһа тас дуалдың түбіне енді бүкшең-бүкшең етіп кәрі-құртаң жазғандар кетіп бара жатады.

Кінәмшіл сығырақ көздер сай-сүйектерін сырқыратып қосақтаулы әйелдерді тағы бір сүзіп шықты. Бұл жолы көздері қаралай зәрелері ұшып, қолды-аяққа тұра алмай тұрған мұңлықтардың бет-ауыздарына телміргені. Жанарларына, еріндеріне, бір қызарып, бір бозарып тұрған екі беттеріне сүліктей қадалып, айырылар емес. Көздері қисықтар, мұрындары ерсі үлкендер мен ерсі тәмпіштер, жайын ауыз, секпіл беттер, қалқан құлақ, шот маңдайлар, жырық ерін, жалақ беттер ұзын саптан аласталып, алға шығарылды. Олар да аждаһа тас дуалға қарай сүйретіле басып бара жатады. Күні ертең аспан астын бір өзі билейтін жоңғар әулетінің сиқын бұзып, сұрқын алатын сұмпайыларға мынау қара жердің үстінде орын болмауға тиісті. Жоңғар төсегі түгілі жоңғар есігіне тек көздің жауын алатын сұлулар ғана керек! Селдіреп қалған әйелдер сапын әлгі инедей қадалатын тіміскі көздер тағы да бір тінткілеп шығады. Бұл жолы олар сонау бөкседен төменгі жақты қыдырып кеткен. Ертең қасиетті жоңғар нәсілінен көтерген перзентін жарық дүниеге әкелмей жатып азапқа салатын тар жамбас, тар құрсақ, жұқа сүйектілер мен бұты қисайған, тобығы жантайған ақсақ-тоқсақтар көк желкеден бүре ұстайтын бүркіт шеңгелдерге ілігеді. Дүниеде жоңғар нәсілінен дені таза, сүйегі берік, тұлға-тұрпатты нәсіл болмасқа керек.



Қалған нәсілдер тек жоңғарларға есігінде құл, төсегінде күң болып қана өмір сүре алуға тиісті.

Осылай екі жыныстан сығалай сұрыпталып алынған, ертең қонтайшының алдына айдап апарылатын қырық мың құл мен күң бөлек сапқа тұрғызылды. Енді жер бетінен біржолата жоғалатын Сайрамның артын қумастай қылып, кешегі бейбіт заманда бұл шаһарды айтқанына жүргізіп, айдағанына көндірген ауызы дуалы әулеттерден алпыс ақ үйлі аманат алу керек болды. Арғы түбі сонау әзіреті Әлі мен жөйіт қызы Ханифадан туған Имам Мұхамбет — Ханифаның он үшінші ұрпағы, күллі Тұран атырабына мұсылман дінін шашқан Түркістанда түмен бап, Отырарда отыз бап, Самарқанда сансыз бап, бәрінен үлкені Арыстан бап болса, сол Арыстан баптың жүрежаты күллі Сайрамның бас пірі Ишан Саид Камал әт-дин баптан шашыраған араб текті қожа әулетінен жиырма үй, бір кезде Тұран атырабын билеген парсы шахтарының тұсында Сайрамды басқаруға жіберілген ұлықтан өрбіген тәжік текті шах әулетінен жиырма үй, одан беріде Әмір Темір тұсындағы әкімнен тараған түркі текті Әмір әулетінен жиырма үй тұқым-торпағымен, дүние мүлкімен Жоңғар хандығына ауатын болды. Сөйтіп, алпыс ақ үйлі аманаттың соңынан ілескен қырық мың құл мен күң жылап-сықтап кете барды. Қолдарына бұғау киіп, жаяу айдалған қара нөпір сол кеткеннен Ілеге барып бір жыл кідіріп, одан сонау көне Турфаннан бір-ақ шығыпты. Алыс Қашқарстанда Сайрам деген жаңа шаһар салып, біржола мекен теуіпті деген қауесет бар.

Сайрамның басындағы дәурен сол кеткеннен мол кетті. Содан бері Сайрам мен Мәртөбе қазақ көкірегіне баяғы заманның оралмас елесі, өшпес өкініші, жазылмас жарасы боп орнады. Қазақтың содан бергі жиыны Әңгірең бойындағы Ханабадта, Ханабадтағы Күлтөбеде өтетін болды.

Қазақтар жылма жыл екі дүркін — әуелі мамыр туа, сосын сүмбіле туа тайлы-таяғы қалмай Күлтөбеде бас қосады. Бас қосысқан сайын қарс айырыла бір күрсініп алады. Өйткені, мұнда салхар сахараның маңдайына біткен үш биік көрінбейді, үш ұлыстың ұлан-асыр тарабы көк сағым жалмап, қайдағы бір көз көрмес тасада қалады. Жан-жақтары — көсенің иегіндей жылмың тегістік. Тегістіктің шеті — көлкіген көкжиек. Көз ұшындағы мұнарытқан бұлдыр сағымның ар жағында не

тұрғаны белгісіз. Атамекеніңнің қақ төрінде қақырайып отырып мәслихат құрған іргелі халық емес, айдалада бас қосып, пыш-пыштасқан қашқын-пысқын сияқтысың. Қарасаң көзің, ойласаң көңілің құлазып қоя береді. Әйтеуір бір сүлде сүйреткен елпі-селпі тіршілік. Баяғы еңсе біржола жығылғандай. Баяғы айбын біржола тарқағандай.

Жиыннан қайтқандар жол-жөнекей Шаш базарына соғатын. Бірақ, баяғы Сайрамдағыдай сайрандай алмайтын. Талтаңдап қалған шаң етік, далбай тымақ, жайдақ омырау салқам жұрт ұршықтай үйіріліп, асты-үстіне түсіп тұрған тіл алғыш саудагерлердің, қапелімде, қай айтқанына құлақ асарларын білмей, желкелерін қасып, аңтарылысып қалады. Айғайлай сөйлесіп, алшаңдай басып, бұтқа толып қалған немелерге етек-жеңдерін жинақы ұстап, есеппен сөйлеп, еппен қимылдап, сызылып тұрғаннан асқан тауқымет бар дейсің бе? Қазақ үшін қай заманда да ашылып-шашылып жатқан арқайын дүние енді, міне, аяқ астынан қуықтай қуырылып шыға келді.

Бұрынғы кеңпейіл дүниенің кенет танауы қусырылып тарыла бастағанын алдымен аңғарған Тәуке хан жайылма судай бейберекет шалқып жатқан қазақ тіршілігін бір жүйеге салмақшы боп, ел ішінде осының ауызы дуалы-ау дегендерді жиып ап ақылдасатынды шығарды. Жан-жақтан анталай қараған ашкөз дұшпаннан бейқам жатпай, белді буып бекем отырудың жай-жапсарын толғаса бастады. Оған, сірә, қазақ қазақ болғалы бір бүйірден шаншудай қадалып, қасарысып тұрып алған жоңғар найзасының суық сүңгісі аз әсер етпесе керек.

Жоңғар... Бір кезде күллі дүниені қалтыратқан жойқын сөз қазір қазақтың ғана жүйкесінде ойнар жұлынқұрт сөзге айналды. Оны естігенде қазақтың қорқақ жағы қалтырап, қайсар жағы қалшылдап қоя беретінді шығарды. Қазақ қазақ болғалы қақ маңдайынан түйілген жұдырық боп тұрып алып, адымын ашқызбай келе жатқан да сол. Бір-бірінің қалт еткенін қағыс жібермей аңдысулы. Жоңғардың қазақ білмейтін, қазақтың жоңғар білмейтін сыры да шамалы. Ол аз дегендей табан жұртында отырған қара қалмақ пен әдепкі ата қонысын тастап, күн батыстағы Еділ, Жайық, Жем бойына барып орын тепкен құба қалмақтың арасындағы алыс-беріс, қарым-қатынас бір сәт толастап

көрген еместі. Ерсілі-қарсылы керуен бастап шұбырып жатқан алты айшылық алыс жолдың көбі қазақ даласының үстінен өтетін-ді. Қалмақтар жол жөнекей үш арыстың үшеуінің де байына қонып, мырзасына түстенумен болар-ды. Сапырылған сары қымыз бен былқыған бағланның үстінде нелер айтылып, нелер ашылмайды дейсің. Өстіп отырғанда екі елдің арасында қандай сыр, қандай құпия жатпақшы! Ел үстіндегі қазақтың екеуінің бірі өзінің жеті атасының жәй-жапсарын қандай жақсы білсе, іргесіндегі жоңғардың жағдайын да сондай жақсы білетін-ді. Әрқайсысы бір-бір арысты ауызына қаратқан көнекөз кәриялар түгілі енді-енді қамшы ұстап, қатарға қосылып келе жатқан Әбілқайыр сықылды жастар да жоңғар жайына қанықтұғын. Әсіресе, Күлтөбенің басында күнде жиын кезде қазақтың басшысынан кешесіне дейін ауыздарынан жоңғарды тастамайтын.

Сөйтсе, жоңғар жұрты өздерін ойратпыз дейді екен. Ойратқа сонау Шыңғыс заманынан бермен қарай маңғұл әскерінің сол қанатын құрап келе жатқан қошауыт, қойыт, шорос, дүрбіт, торғауыт, өлеуіт тайпалары жатады-мыс. Бұл алты тайпаның бағзы заманнан келе жатқан дәстүрлі қонысы бар көрінеді. Ең шығыс қанатта қойыттар, одан кейін торғауыттар, одан кейін шоростар, сосын дүрбіттер, сосын өлеуіттер, сосын қошауыттар жайлайды деседі. Іштеріндегі ең көбі де қазақтармен көршілес көшіп-қонып жүретін қошауыттар секілді. Олар әлі жоңғарлар күшейе қоймай тұрған кезде қалқалықтарға қарсы соғысқанда отыз мың қол шығарыпты, ал ол кезде дүрбіттердің қолы сегіз мыңға, шоростардың қолы алты мыңға, қойыттардың қолы төрт мыңға, торғауыттардың қолы екі мыңға зорға жетіпті. Ал, қазір Сыбан Раптаннның қол астындағы тұрақты әскер алпыс мың жорық кезінде жүз мыңнан асады деседі.

Ойраттарды әу бастан-ақ қалған маңғұлдардай Шыңғыс әулетінен шыққан ұландар билемей, бұрынғы түмен басы нояндардың әулеті билепті. Бірақ, олар Шыңғыс әулетінен шыққан күллі маңғұлға ортақ хандарға тәуелді бопты. Жалпы маңғұл тағына Шыңғыс, Үгедей, Күйік, Мөңкелерден кейін бесінші боп отырған Құбылай Қарақорымды тастап, ордасын өзі жаулап алған Ханбалыққа апарып тігеді. Сосын-ақ Шыңғыс әулеті қытай ықпалына ден қойып кетеді. Олардың қол

астындағы күнгей маңғұлдары мен шығыс маңғұлдары да жатжұрттық дәпке жабыла көшеді. Маңғұлдардың қытайларға ықпалынан қытайлардың маңғұлдарға жасаған ықпалы әлдеқайда басым түсе бастайды. Оған кейбір маңғұл тайпалары іштей наразы еді.

Наразы болатын да реттері бар-ды. Қытай базары өздеріне ұқсап отырықшы дәпке бүйректері бұрып тұратын күнгей мен шығыс маңғұлдарын көргенде көптен күткен ағайындары келгендей екі етек боп елпек қағып, батыс маңғұлдарын көздері шалса болды, анадайдан-ақ тұмсықтарын көкке көтеріп кекірейіп шыға келетін көрінеді. Әрине, мұндай көпе-көрнеу алалаушылықтан алауыздық қоздамай қоймайды. Алауыздықтың арты жанжалға жалғасары, сірә, белгілі. Жанжалдың арты — бекісу емес кетісу. Шүршіттерге де керегі сол. Пәленғасыр бойына желкелеріне мініп келген көшпенділердің бір-біріне айдап салып ірит-соқ қып қояды. Әуелі күллі маңғұл тағындағы Шыңғыс әулетінің ұланы Елбек хан ойраттардың көсеміне қысастық қып өлтіртеді. Оған ызаланған ойраттар Елбектің өзінің көзін құртады. Елбектің көзі құрығанмен, Шыңғыс әулетінің көзі құрымайды. Арада елу жыл өткенде күллі маңғұл тағының жаңа иесі Адай хан асау ойраттарды жуасытам деп жүріп, Елбектің кебін өзі киеді. Бас-аяғы елу жылдың ішінде әмбе маңғұл тағының екі иесінің түбіне жеткен ойраттардың енді қалған маңғұлдармен қайдан басы піссін. Ірге ажыратып кетуге мәжбүр болады. Ойрат байғұстардың бөлініп шыққанмен де, бәрібір, айдарларынан жел есе қоймапты. Бір жақтарында — Қанғай, бір жақтарында — Маңғолстан, күнгейінде — Гоби, теріс-кейінде — Ертіс пен Енисей арасын ен жайлап жатқан Алтын хан ұлысы. Қай жағында да: «Келе ғой!» — деп бауырын ашып, емешегі үзіліп отырған ешкім жоқ. Бәрі де жер астынан жік шыққандай, ежірейе қарайды. Оның үстіне көшпенді байғұстың базарсыз күні бар ма? Малының еті мен майын — астыққа, жүн-жұрқасын шыт-шыбырға айналдырып беретін қытай базары енді көздерінен бір-бір ұшты. Көк найзаға табынып, қалған аусар жұрт жан-жағына жас бөрідей жалақтай қарап, алқымынан ала кетер, арқасына сала кетер қоғыр қошақан іздеді. Көздеріне Самарқан, Бұқар, Хиуа, Шаш, Сайрамға баратын қасқа жолды кесе көлденең бөгеп жатқан Мағолстан ілігеді. Есенбұғының заманында

Мағолстан жапыра тиген жоңғарға еш қайран қыла алмай, сонау Шашқа дейін жіберіп қойды. Бірақ, қанша қоңыр қозы болғанмен де, ызғындай Мағолстанда біраз азу да жоқ емес еді. Шамалы да берісе қоймады. Алайда, терістік батысында Шәйбан тұқымынан, түстігінде Ақсақ Темір әулетінен, шығысында ойраттардан көрген құқайы аз болғандай, ішіндегі итір-қылжың қосылып әбден титықтаған Мағолстан ақыры қашқарлық тараншының иінінде ит сілікпесі шығып көнерген алажолақ шапандай тоз-тоз жыртылып бітті. Бір шалғайы Шәйбан тұқымының, екіншісі — Темір әулетінің, жағасы жоңғарлардың аузында кетті. Ойраттардың дегендері бәрібір болмады. Батысқа қарай өңмеңдеген қыл жалаулы қырғи түмендердің жолын кескестеп жаңа құрылған қазақ хандығы жатып алды.

Содан бері қазақ пен жоңғардың қолы бір-бірінің жағасында келеді.

Шыңғыс әулетін тақтан тайдырып, бұрын өздерін кіріптар қылған жұртты енді өздері кіріптар етіп алған қытай боғдыхандары мен әмбе маңғұл тағындағы Шыңғыс тұқымы ұлыстарынан қысас көріп отырған ойраттардың өрісі жылдан-жылға тарыла берді. Тайшылардың кейбірі Еділ ауды, кейбірі Көкенұр ауды. Бірақ, жоңғар шапанының етек-жеңі күзелген үстіне күзеле түсті. Олар Алтын хан мен қазақ ұлыстарының арасындағы тар саңылауға сыналап кіріп, Ертістің бойын емін-еркін жайлап, Есілге қарай бет түзеді. Бірақ, ойраттардың алдында жабыла жер тістелеген қоңыр қошақандардың бүйірі бәрібір бұлтия қоймады. Ол қырсықты біреу шүршіттен, біреу халқа маңғұлдарынан, біреу қазақтардан, біреу теріскейден тіміскілеп тыным таптырмай бастаған орыс әкімдерінің шолғыншыларынан, ал біреулер, бәрін де қойып, қанша өріске айдасаң да, шөпектеп жүріп тояды білмейтін құзғын құрсақ қошақандардың өздерінен көрді. Алайда, істің бүйтіп айрандай бұзылуына осы біздердің де қатысымыз жоқ па екен деген күман еш бір торғауыт, ешбір елеуіт, ешбір дүрбіт, ешбір шорос, ешбір қошауыттың ойына кіріп шықса, не дейсің! Ойраттар солай қой соңында қой болып та біраз заман көшіпті. Әлгіндей ес кіргізіп, етек жиғызар азамат күндердің күнінде шорос тайпасынан шығыпты. Бет-бетіне бытырап жүрген жоңғар тізгінін бір қолға жинақтауға алғаш рет тәуекелі тұрған Хара-Хула тайшы екен. Ол өз

дегеніне жете алмай, арманда кетті. Оның дегеніне ұлы Батыр жетті.

Иә, қай жұрттың да сондай өткінші жанбағыстың соңында далақтап шаба бермей, бір сәт алды-артына ойлана көз салып, басындағы қырсықтың сырына үңіліп, одан құтылудың жолы — өз ноқтасын, жосық білетін көшелі азаматтың қолына сеніп тапсыру екенін ұғатын кезі де болса керек. Тек халықтың сондай кемел іске құлқы құлаған тұста, одан әлгіндей көсем азаматтық туарын айт. Тек әлгіндей көсем азамат туғанда, халқының соңынан ерерін айт. Әйтпесе, халықтың құлқы түзелгенде, бұйда ұстайтын ешкім шықпай, ондай бұйда ұстар туғанда, жұртының басы піспей, қашанғы қара шаңырақтарын қараптан-қарап жығып алып жатқан кемталай халық аз ба? Сорға батар сормандай жұрт сондай берекетсіздікке тап болады да тұрады. Алға жүрер халқы бар да, қарынының тойғаны мен иінінің жылтырағанына мәз боп қалғып қалған бұйда ұстарлар бақ байлайды.

Әбілқайыр соны ойлағанда, мойын омыртқасының біреуі күрт омырылып түскендей, еңсесі жығылып еңкейіп кетеді. Шіркін, мынау ай асты тіршілікте өз жұртыңа не керек екенін бес саусағындай біліп тұрып, оны жүзеге асыруға тәуекелін де, ақылын да, қажыр-қайратың да жетіп тұрып, бірақ ол ниетінді жүзеге асыруға алдымен сол емешегінді үзген еліңнің өзі дес бермей, бетіңнен қақпайлап, көкірегіннен кері итеріп, сыртың бүтін, ішің түтін күн кешкеннен асқан тауқымет бар дейсің бе! Ал, әлгі Хара-Хуланың ұлы Батыр анасының қағанағынан тәж киіп, тақ мініп туған неткен бақытты жігіт еді! Тізгінді ол алғанда, әншейінде, ала ауыз жоңғар қыңқ демепті дейді. Далайлама оған Ерден<sup>1</sup> Батыр қонтайшы деген құрметті атақ беріпті дейді.

Сол Ерден Батыр қонтайшы өз жұртының бас тізгінін бір өзі ұстап, айтқаны болып, атқаны тиіп, шаршысына толып тұрған абыройлы шағында мың да елу бірінші қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған қой жылының қыркүйек айында бауырайы семіз жабағының сүбесіндей сары ала, қоңыр ала боп қатпарланып жатқан Тарбағатай аясында Жоңғардың, Көкенұрдың,

<sup>1</sup> Ерден — маңғұлша асыл тас, асыл қазына, байлық деген мағынаны білдіретін ұғым (Ә.К.)

Халқаның және Еділ бойының тайшыларының бірде-бірі қалмай түгел жиылған Құрылтай<sup>1</sup> жиынын өткізеді.

Сол кезде Жоңғар айтып келген қорқынышты әңгімелер қазақтардың әлі күнге жадынан шығар емес. Күллі жоңғар ақ түйенің қарыны жарылғандай қатты қуаныпты. Қазақ қуанса, өз етегіне өзі сүрініп далбақтап бітеді ғой. Ал ойрат қуанса, қабағынан қар жауып, арқырап-күркіреп айбынданып кететін көрінеді.

Құрылтай біткен күні ұлан-асыр той басталды. Майсасы жығылмаған кең көгалға бүкіл бір ауылдың жаны түгел сыйып кеткендей сары ала жібек шатыр тігілді.

Әлгі сары ала шатыр тігілген дөңгелек көгалдың жан-жағы зереннің кемеріндей тіресіп тұрған тығырық тау. Тығырық таудың баурайы бұйра жыныс, бұйра жыныстың іші атқылаған ақ бұлақ. Бұлақ басы ұлыс-ұлыстан келгендерге тігілген қызыл ала, сары ала шатырлар. Қазақтардікіндей күмбіреген бүйірлі емес, шөмедедей шошайған қалмақы үйлер. Үй басы жайрай жығылған жабағы, ақ бақанға асылған қара саба. Тығырық таудың баурайы ығы-жығы адам.

Исі ойрат түгел бас қосып, түгел қуанысқан ұлан-асыр той қызылды-жасыл салтанатымен көзінді қызықтырғанымен күнге шағылысқан көк найзалары, жалаңдаған ақ алмастары, жер қолқасын суырардай боп күркілдескен кернейлері, даңғыра-дабылдары алп-алп басқан атан түйедей нояндары, бұлт-бұлт еткен бұлшық еттер мен шірене тартылған садақтар қаралай жүрегінді дірілдетіп, көңіліңе үрей қашырар үлкен шерумен басталды.

Шеруді үстеріне қан күрең қызыл мәнжі киген, үш-үш кісі боп бір-бір ту ұстаған ту көтерушілер ашты. Желк-желк етіп көк аспанға айбат шеккен қыл құйрық туларға төрт кісі боп зорға көтерерлік зіл батпан жез кернейлерін күмпілдете тартып кернейшілер ілесті. Кернейшілерден кейін етектері жер сыпырып, малынған сары шапан жамылып, қос қатар боп ламалар өтті. Ламаларға шикіл сары жапанша киген қырық даңғырашы ерді. Бұл топ бастар шерудің екі жағында шаштары желкесіне түскен діндар тақуалар ілесті.

---

<sup>1</sup> Құрылтай — манғұлдардың барлық ұлыстарының өкілдері бас қосқан ұлы жиыны. Ел өйтіп түгел жиылмаған ішнара бас қосу тұрымтай — «кіші жиын» деп аталады. Аталмыш құрылтай 1635 жылы өтті (Ә.К.)

Жоңғар жұртының аруағын асыратын киелі шеруге өз тайпаларының сұсы мен айбынын көрсететін нояндар легі жалғасты. Ноябрьдар легінде жиырма-жиырма кісіден топ-топқа бөлінген бір қолында шар болат қалқан, бір қолына шашақты найза ұстаған найзагерлер, күнге шағылыстырып, жарқ-жарқ еткізіп нар кескен семсерін жалаңдатқан сайыскерлер, үстеріне тоғыз қабат сауыт киіп, иықтарына орама мылтықтарын асынған мергендер, адырналарын кере тартып садақшылар, қайқы қылыштарын төбелерінен асыра сермелеп қылышкерлер шықты. Осындай айбатты лектің екі жақ шетінде бұзау тіс дойыр қамшылары салаңдаған айдауылдардың алдында белуардан жоғары тыр жалаңаш шешіндірілген, жауырындарына күн ойнап, тірсектері майысып дір-дір етіп қазақтар мен қытайлардан түскен тұтқындар айдалып келеді.

Ортадағы сары ала шатырға жеткен соң бәрі шыр айнала қоршап тұрып ап мінажат қылды. Иіліп-бүгіліп бастарын үш рет жерге тигізіп тағзым етіп, тізерлесіп отыра кетті. Күн сәскеге келгенде бастарына мүйіз байлап, біреуі бұқа, біреуі арқар боп киінген ламалар тайраңдап билей жөнелді. Біресе топ-тобымен, біресе екеу-үшеу боп, біресе әрқайсысы жеке-жеке тапырақтап бақты. Жарықтық Тарбағатайдың киіздей тұтасып жатқан көк майсасынан сонда бір сыңар тозаң көтерілсейші! Ламалар сол тапырақтағаннан бесін ауғанға дейін тапырақтады. Бір уақыттарда екі-үш лама құндақтап ораған бала секілді аппақ бірдемені көкіректеріне басып, асты-үстіне түсіп, аялай көтеріп шықты да, шатырдың шығыс жағында лапылдап жанып жатқан отты көргенде көздері бағжаң ете қалысты. Әлгінде ғана емешектері үзіліп, әлпештей ұстап келе жатқан қолдарындағы құндақтарды лапылдап жанып жатқан отқа лақтырысты. Сол-ақ екен жан-жақтан түксие қоршап тұрған Тығырық тау осы ортадағы сары ала шатырдың төбесіне түгел жалп етіп құлап түскендей, бірдеңе құлақ жара оқыс гүрс ете қалды. Сары шатырдың алдындағы дөңгелек сахнаның үстінде асыр сап жүрген бишілер билерін тоқтата қойып, гүрсіл шыққан жаққа қарай жапа-тармағай жүгіре жөнелісті. Барды да, лаулаған отты шырық айналып тұрып ап, тапыр-тұпыр билеп берсін. Кенет бірнеше лама қаз-қатар тұра қап, жез кернейлерін қылғына қиқылдатып дабыл берісті. Тығырық қойнауындағы



ызғындай жұрт аламан-асыр болды да қалды. Әрлі-берлі сапырылысқан көп дүрбелең. Сол екі арада сары ала шатырдан үш жүз қадамдай жердегі қураған қамыстан үйіп қойған шошақ маялар сатырлап жана жөнелді. Шошақ маялардан от көрінуі-ақ мұң екен, әне жерден де, мына жерден де тарс-тарс оқыс гүрсілдер көбейді. Күллі Тарбағатайдың күлі көкке бір-ақ ұшқандай. Көк ала түтін. Күңірсіген иіс. Бет шарпыған қызыл жалын. Бақырған-шақырған ызы-қиқы айқай. Ойраттар мынау аламан-асырдан қорқудың орынына, әлгі гүрсіл шыққан жаққа қарай айқай салып жүгіріп барады. Қолдарына түскен нәрсенің бәрін ілгері қарай лақтырып, күншығысқа қарай қаптағайлай жөнелісті. Сол жабыр-жұбыр жапа-тармағай жөңкілістің қақ алдында қойқаңдап қонтайшының өзі де жүгіріп барады. Сөйтсе, манағы кернейлер: «Ел шетіне жау келді» деп дабыл беріпті. Ер жүрек ойрат жұрты ойда-жоқта тап берген шүршіттердің әп-сәтте-ақ ит терілерін бастарына қаптап, тас-талқандарын шығармақшы. Көп ұзамай әлгі қиқулаған қара нөпір сырнайлатып, кернейлетіп, секіріп, билеп, сары ала шатырдың қасына қайта оралды. Бесін ауа дастарқан жайылып, табақ-табақ ет тартылып, саба-саба қымыз сарқылды.

Сол тойды бастан-ақ көздерімен көріп, көпшілік алдында жондарын қамшыға тосқан көп тұтқын той өткесін түп-түгел босатылып, елді-елдеріне қайтарылды. Қонтайшы олар өз елдеріне жоңғардың қазіргі айбаты мен қауқарын айтып барып сескендіре берсін деп әдейі босатса керек.

Өліп-талып елге жеткен көп мұңдық, шынында да, ойраттарда тұтқында болғанда не көріп не қойғандарын айтып зарлай жөнелісті. Олардың әңгімесін тыңдап отырып жұрт жағаларын ұстасты. Қалмақтардың әлгі күбінісі әншейінгі барымта-сарымтаға келіңкіремейді екен. Әсіресе, тұтқында болып қайтқан кәриялар жоңғарлардың жаңадан қабылдаған жосығын ежіктей әңгімелегенде, төбе-құйқаң қараптан-қарап шымырлап қоя береді. Ол мынау неғайбыл ертеңнің алдындағы қорқыныш па, әлде иегіңнің астында отырып ап, сенің қолыңнан келмеген талай нәрсені оп-оңай жүзеге асырып жатқан бөтен жұртқа деген қызғаныш па, жоқ жан-жағыңның бәрі құз басындағы қаршыға құстай тас түйін боп жинақы отырғанда, өз еліңнің делқұлы кісінің етегіндей әлі күнге ашылып-шашылып жатқанына

намыстанасың ба — әйтеуір қараптан-қарап іші-бауырың жидіп, он екі жілігің бірдей кеміріліп жожап қоя береді екенсің.

Бұл әңгіменің бәрін көп кешігіп естіген Әбілқайырдың өзі әңгімеші қариялардың қасына сілтіге түсіп шыққандай боп-боз боп, болдыртып түрегелетін.

Ойраттардың Тарбағатайдағы құрылтайға қуанса, қуанатындай-ақ реттері бар екен. Онда әншейін ауыл арасының дау-дамайы талқыланып қана қоймай, елдің келешегі келелі кеңеске түсіпті. Төрт жағы түгел қыспақ елдің бұдан былай қайтып күн көре алары сарапқа салыныпты.

Дүние жаратылып су аққалы жер бетінде ел бірлігін, ағайын татулығын қазақтан көп айтқан халық бар ма екен, сірә! Баяғыда Шәйбан тұқымымен ат құйрығын үзісіп, Керей мен Жәнібектің соңына еріп, Шу бойына келіп оңаша түтін түтетіскен күні-ақ олар: «Ал бұрынғы сары жұрт сахара елден кеттік. Бөтен ел, бөтен жұрттың ығына кеп паналадық. Енді бізге алдымыз да жат, артымыз да жат. Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарсақ қана ел болып, ірге көтеріп кете аламыз. Аузымыздан жазып, арамызға алалық кірер болса, тағы да табанға түсіп, бөтеннің боданында қаламыз» — дескен-ді. Сол қақсау әлі қақсау! Таққа отырар ханыңның тағына отырмай жатып тақылдап айтатыны сол. Алқаға түсер биіңнің қамшы ұстап тұрып сарнай жөнелетіні сол. Қара шоқпар қарақшылардан қансырап қалған шабынды елдің зар еңіреп отырып айтары сол. Қанды бүлік барымтаға бара жатқандарыңның күндей күркіреп жар салары және сол. Қазақтың тойдағы батасынан бастап жаназадағы жылауына дейінгі барлық әңгімесінің «жәрәкімалласы» әлгі. «Тату болайық» айтылмаған сөз қазақтың құлағына тұзы татымай тұрған бәдік әңгімедей естіледі. Бірақ, олар дүниедегі ең бір пәтуалы сөзді орынды-орынсыз көп айтып, бәдік әңгімеге айналдырып алғандарын өздері сезбейді. «Алауыздықты құртайық», «біздің осы алакөздігіміз жаман», «қызғанғанымыз қызыл итке жем болады» деп қақсап айта берсек, қақырап тұрған халық бірлігі өзінен-өзі қалпына түсе қалатындай көреді. «Ел татулығы» деп таққа мінгендер ол жайында ештеңе ойлап, ештеңе бітірместен тағынан түседі. Тақтан түседі де: «Әй, біздің қазақты қойсайшы, басымдағы бақты көре алмады ғой. Жабылып жүріп, етегімнен тартып

түсіріп тастады. Бұл жұрт енді мың жылда да ел болмайды», — деп қайтадан етегі толып еңіреп қоя береді. Бірақ: «Сол бірлік, сол татулыққа өзім не істедім екен?» — деген ой миына кіріп шықпайды. Сөйтіп, қазақ талай заманнан бері өз бірлігін өзіне-өзі өкпелеген шалдуар қызыл сөзге қызыл иттей талатумен келеді. Бірлікке сөз бастамайды, іс бастайды. Оны әне қазақтан кем көшпенді, қазақтан кем алауыз емес ойраттың жаңа жосығы көрсетіп отыр. Ол «тату болайық, тату болайық» — деп кез келген қуысқа ұя салған сасық көкектей ертеден қара кешке қиқылдап қақсап тұрмайды, татулыққа қол көтергендердің тап беріп қылша мойнынан қырқып ала қояды. Бір ұлыс екінші ұлысқа озбырлық жасаса, зорлықшының дүние-малы түп-түгел талауға түседі, өзі жазаға кесіледі. Талауға түскен дүние-малдың тең жартысын жәбір көрген жақ алып, қалған бөлігі қалған ұлыстарға қылдай бөлініп беріледі. Жәбір көрген жақ тіпті шағын ру болса, онда оған зорлықшы алған малын қайтарып берумен бірге үстіне жүз қалқан, жүз түйе, мың жылқы үстеме айып қосады. Бұдан кейін: «Құдай-ай, бір есерсоқ кеп мені талап алғай да!» — деп тілемесең, өзгенің қызылына өліп кетсең де көз алартармысың!

Елді іс біріктіріп, сөз бұзатынын баяғыдан біле тұрып, қайдағы бір ит жылғы көтен өкпенің соңына түсіп, бітер істі бітірмей, сілекей ауыздың сілімтігіне саламыз да жүреміз. Бүгінге керек әділдіктің арқауын баяғыдағы даумен іздейміз. «Пәлен уақытта әкеңнің әкеме қамшысы тиіпті, шешеңнің шешеме тілі тиіпті», — деп, бүгінгі табысқалы тұрған мүддемізді кешегі кикілжіңнің жолына құрбандыққа шаламыз. Ал әлгі ойраттарың оның да жолын қырқыпты. Тарбағатай құрылтайы баяғы торғауыттар Еділ ауып кететін бір мың отыз жетінші<sup>1</sup> жылға дейінгі дау-шардың бәрінің заманы өтті, оны бықсытқан адам бүгінгі татулықтың қас дұшпаны деп тауып, өз ұлыстарын өзара өкпе-бопсаны ұмытуға шақырыпты. Бұдан былай ойраттың ойратта кегі болмауға тиісті. Ойратқа өштесетін-кектесетін дұшпан басқа жақтан да табылады. Ойрат батыр болса батырлығын соларға көрсетсін, намысқой болса, намысқойлығын соларға көрсетсін. Ойрат үшін мынау қара жердің үстінде, көк аспанның астында қалқиып тірі жүрген өз қандасынан асқан қасиетті нәрсе болмасқа керек. Оның тілейтіні тек өзінің ғана тілегі емес, өзге

<sup>1</sup> 1627 жыл (Ә.К.)

қандастарының да тілегі. Оның мұндайтыны — тек өзінің ғана мұңы емес, өзге қандастарының да мұңы. Сонда ғана әр ойраттың тілегі күллі ойраттың ортақ тілегіне, әр ойраттың мұңы күллі ойраттың ортақ мұңына айналмақшы. Әйтпесе, жан-жағының бәрі тауықша жұмыртқалап, итше күшіктеп жатқан қағындай жұрттардың қыспағында отырған жоңғардың басы қайтып өспекші, қатары қайтып көбеймекші. Күштісі әлсізіне, көбі азына қожандап бақыт тауып, абырой асырып жатқан мына заманда қанша басың алтын, бөксең күміс дүлділ болғанмен, қатарың селдір, алды-артың тұлдыр боп жатса, өз иығыңды өзің жұлып жегенмен бәрібір қарқ болмайсың. Елдің бағы малының басына қараса, елдің бағы жанының басына қарайды. Олай болса, аз жұрт үшін белі құтсыз еркектен өткен сұмырай, тұл құрсақ әйелден өткен сұрқия болмасқа керек. Өз белін өзі байлаған жұрт өз басын өзі жұтқысы келген жұрт. Халықтың көсегесін арғымақтай сыланған кермиық қысыр сұлудың сылаңдаған сымбаты емес, салпы етек сары балақ ұрғашының қашан көрсең де, қампыйып тұрар кебеже құрсағы көгертеді. Балиғатқа толған қызы отырып, оң жаққа оңаша жатқызып қойған шаңырақтан асқан қарабет қауым болмақшы емес. Сондықтан да, ойраттардың әрбір қырық түтіні жылына ең кемі төрт бойдағын аяқтандырады. Әрбір он түтін өз орталарынан қалың мал жиып, жылына бір жігітін үйлендіреді. Егер ол жора орындалмаса, әлгі он түтін екі түйе, бес жылқы, он саулық айып төлейді.

Ойраттар үшін балиғатқа толған ұл мен қыздан ұрпақ көрмеуден кейінгі ауыр қылмыс — ойратты ойрат өлтіргені. Ел шетіне жау келгенін естіп, біліп, көріп тұрып, хабар бермеген адам ғана, жорыққа жиналатын уәделі жерге дабылды ести тұрып келмей қойған адам ғана, ұрыс даласында ұланына, тайшысына, зайсанына, ноянына, сардарына қауіп төнген кезде қол ұшын бермеген адам ғана өлім жазасына кесіледі. Ондай қатаң үкімді тек қоңтайшы ғана шығарады. Ал, ноян қол астындағы жауынгер айтқанын екі еткен күнде қолын шауып тастай алады, құлағын кесіп тастай алады, бірақ кеудесіндегі шыбын жанына қол көтеруге қақысы жоқ. Егер туған әкесі өз белінен жаратылған баласын өлтірсе, масқара азапқа ғана бұйырылып қоймай, бүкіл әулеті, дүние-мүлкі түгел талауға түседі. Ойраттан туған ойрат түгілі жоңғар қаруын ұстай алатын құл мен ойраттың

белінен құрсақ көтере алатын күнге жазым салуға жол берілмейді. Құлдың басына қырық бес қара, күннің басына жиырма бес қара құн төленеді.

Әрине, малдың басы да, жанның басы да тек уыздай ұйыған татулық бар жерде қаулап өспекші. Ал, ондай татулық, ондай бірлік тек темірдей тәртіп бар жерде ғана жүзеге аспақшы. Өйткені азды құртудың жолы — кеңдік. Мол дастарқанға шаша салған болымсыз дәм кімді тойындырып қарық қылады. Көпті құртудың жолы — тарлық. Тар астаудың басында қаны кеуіп қаталаған төрт аяқтылар бірін-бірі тапап өлтірмей ме?! Аз жетіліп, қатарға қосылсын десең — ұзын арқау, кең тұсау тіршілікке жібермей, белін бекем будырып, сара жолға сал. Көп көбейіп, дені жайылсын десең — тар қамажауға тығып тұмшалай бермей кеңге шығар! Біздің қазақ осыны білмейді. Аяғын көрпесіне қарап көсілмейді. Даласының кеңдігі малының бағы да, өзінің соры болуға айналды. Жан басына бір жал жетеді. Жал басына бір ақ үйді тік те, қыраныңа қойыңды, құрағына жылқыңды өргіз де, шалқаңнан түсіп, шаңыраққа түкіріп жата бер! Жер өзіңдікі, мал өзіңдікі, су өзіңдікі, үй өзіңдікі. Сенде кімнің шаруасы бар. Бір өзі бір өңірдің иесі болса, қазақтың кез келген жалба тымағы шалқақтамағанда кім шалқақтайды?! Қазақтың ақсағы да, тоқсағы да, шартығы да шалқақтайды. Тіпті тазы екеш тазына дейін шалқақтайды. Бөркім түсіп кетіп, басымның жарасын көрсетіп алармын-ау деп қорықпайды. Айдалада оны көрем дегенде кім көреді. Бір қырдың басында бір өзі ысқырынып отырған қаптаған жер тәңірді кім көндіре алады, кім иліктіре алады. Қара аңсап, айдалада кетіп бара жатқан бейсауат жолаушыны соңынан қуып барып, аты-жөнін, ата-бабасын сұраса келе қарын-бөле шығып, үйіне шақырып әкеп, бағылан сойып насыбай атысып, ертеңіне төс түйістіріп жылап айырылысатын бауырмал қазақтардың басын бір алқа қотанға қоссаң, әрқайсысы әр жерден шіреніп, әр жаққа шалқаяды. «Ортақ өгізден оңаша бұзау» деп кергиді. Он қазақты бір дастарқанға жинасаң, бәрі де бір-бір бас, бір-бір жамбас ұстайтындай он басты, он жамбасты, қырық аяқты, жиырма көз, жиырма құлақты қой тауып союың керек. Ондай қой қандай таптырмайтын болса, қазақтың бабы да сондай таптырмайды. Бас-басына шалқаюды бостандық, бет-бетіне шіренуді еркіндік көреді. Олар еркін жүріп, еркін тұру деп осылай тоз-тоз шашырап жүргенді ұғады.

Шіркін, замана деген қазағына да, жоңғарына да, башқұртына да, кім екеніңе де қарамайтын, айтқанын істетіп, айдағанына көндіретін қатыгез әкім болмай, байға қонып, мырзаға түстеніп жүрер шаруасы жай, жағасы жайлау қыдырма қонақ болса, онда оның бабын қазақтан тапқыш халық болмас еді. Сорлатқанда заманы құрғыр, уақыты құрғыр төренің төлеңгіті сияқты екі аяғыңды бір етікке тығып, апшыңды қуыра келеді. «Айтқаныма құлақ ас!» «Тыңда!», «Бағын!» — дейді. Қазекең бағынуға қырсыз халық. Содан ылғи қандай заман кез келсе де, онымен әуелі бір сілкілесіп алмай, тіл табыспай жатқаны. Ол тек бағынса, күнде көзіңе көрініп: «өйт, бүйт» деп мазаңды ала бермейтін хақ тағалаға ғана бағынғысы келеді. Ол құлақ асса, тек өзі шіреніп алдыңда тұрмаған, айтарының бәрін түсініксіз тілде сары ала қағазға жазып кеткен, онысын қалай ұғып, қалай орындау өз еркіндегі пайғамбарымның айтқандарына ғана құлақ асқысы келеді. Ал, бір жерді жайлап, бір кәсіппен шұғылданып, бір тілде сөйлейтін дәл өзіндей екі аяқты пендеге бағынуға да, құлақ асуға да құлқы жоқ. Оның айтып тұрғаны бұрыс болса да, миына кірмейді, дұрыс болса да, миына кірмейді. Сүйтіп «менен оның несі артық, несі кем» деп жілік санасып, бір пендеге мойын ұсынбай, ешкімге бұйдамызды ұстатпаймыз деп жүргенде бір бұйда ұстардың орынына он бұйда ұстар тауып алады. Сосын бұйда ұстар мен бұйда ұстар қырқысып, екі ортада елдің арасына іріткі түсіп, қиырман-шиырман болып жатқаны.

Ал, Тарбағатайдағы жиында бұдан былай күллі ойрат басшысынан кещесіне дейін бір жосық, бір жөнмен жүреміз деп пәтуа байласыпты. Бұдан былай төрт-бес атадан табылатын аталастар қотан құрып, өз шаруаларын бірге күйіттейді. Өзара аталастығы бар бірнеше қотан аймақ құрып, ортақ қоныс иемденіп, оны көлденеңнің көзінен бірігіп қорғайды. Аталас өрістес бірнеше аймақ бір тудың астына жиылып бір өтек түзеді. Бірнеше өтектің басы бірігіп бір ноян билейтін ұлыс атанады. Аймақтарды зайсан, ұлыстарды ноян, тайпаларды тайшы билейтін болады. Қай тайпаның қайда жайлап, қайда қыстайтынын күллі жоңғарға билігі жүретін бас тайшы — қонтайшы шешеді. Қонтайшы зайсандар мен зарғарлар (қазылар) кеңесін шақырып шешім қабылдайды. Әркім өзінің жөнін біледі. Бірі екіншісінің билігіне қол сұқпайды.

Ал, біздің қазақта он қараның басын түзесе бай, он баланың басын қарайтса би болып шалқайып алады да, ортақтасып қам жасайтын шаруада ешкімге дес бермей қасарысып отырғаны. Сөйтіп жүріп кім көрінгенге ол көз түрткі болмағанда, кім көз түрткі болады?! Сөйтіп жүріп, бір жалдың арғы жағындағы өзіндей көшпенді, өзіндей малшы елдің не істеп, не қойып жатқанында еш шаруасы жоқ.

Ойраттар мұндай темірдей тәртіп, жойқын жосыққа тегіннен тегін көніп көрген жоқ. Олардың көздегені тек ел бірлігі емес. Олардың ойы әріде. Тек жан басына ғана емес, қару-жараққа да қатаң есеп жүргізіп, ештеңесін шашау шығармай, сақадай сай отырғаны тегіннен тегін ғой дейсің бе? Жоңғарға тек қару ұстап шығар қалың қол ғана емес, сол қалың қол ұстап шығар қару да сондай қадірлі. Әрбір қырық түтін жылына екі сауыт тоқиды. Оны орындамаса бір түйе, бір жылқы айып төлейді. Жоңғарда тышқан тұмсығын қанатсаң да, ат-шапан айып беріп құтыла салмайсың, мінгізген атың, жетектеткен түйеңнің үстіне не қалқан не сауыт қосып қана құтыла аласың. Жоңғар сарбазы үшін алдындағы нояны, астындағы аты, үстіндегі сауыты, қолындағы қалқаны, мылтығы, қылышынан айырылудан асқан масқара болмақ емес. Жауынгерлік тәртіп тайшыға да қарашыға да бірдей қатаң. Ел шетіне келген жауды көріп тұрып, біліп тұрып, естіп тұрып хабарламаса, екеуі де бүкіл әулетімен өлім құшып, қара орманы талауға түседі. Ұрыс даласын өз бетімен тастап кетсе, қонтайшы — жүз сауыт, жүз түйе, қатын-бала, қара орманымен елу үй, мың жылқы, тайшы — елу сауыт, елу түйе, қатын-бала, қара орманмен жиырма бес үй, бес жүз жылқы, ноян — он қалқан, он түйе, қатын-бала, қара орманымен он үй, жүз жылқы; қонтайшының қызметшілері — бір үй, бір қалқан, сегіз бас мал; қатардағы сарбаз — жалғыз аты мен жалғыз қалқанын, қарашы — аты мен садағын айыпқа төлейді. Оның үстіне қоян жүрек қорқақтығы үшін басына әйелдердің тіз киімін орап, бетіне күйе жағып, ел алдында масқараға ұшырайды. Ойрат үшін әуелі нояны, сосын қару-жарағы, сосын барып қатын-баласы қадірлі болмақ. Біреудің қалқанын ұрласаң — жиырма жеті бас мал, сауытын ұрласаң — тоқсан бес мал, қылышын ұрласаң — тоғыз бас мал айып төлейсің.

Халық бірлігіне, ел татулығына шыннан тілектес болсаң, осындай қатаң заңға алдымен өзің көн, сосын өзгелерді көндір. Ел ұйтқысы бұлжыр ма екен, бұлжымас па екен!

Тарбағатайдағы құрылтай, әрине, мұншалық темірдей тәртіпті тек ағайынның ауызы ала болмай тыныштықта, ынтымақта отырасың, бөтен біреулер қол сұға қалса, қапымыз кетіп жүрмесін деп орнатқан жоқ. Тап сол жиында қонтайшы бастап қалың нөпірдің шығысқа қарай лап беруі де тегіннен-тегін емес. Олар енді шүршіттердің тыныш қоймасын әбден біліп болған-ды. Сондықтан ойрат жұрты осы бастан оларды қас дұшпаным, ата жауым деп қарап, жан тәнімен жек көруі керек еді. Сол өшпенділіктің арқасында ғана олар өзара ынтымақтаса алады. Әйтпесе бірінің жылқысын бірі қуып, ескі іри-тіри тіршілікке қайта көше салулары да ықтимал-ды. Қандары қарайып, өлердей жек көретін қытай тұтқындарының қасына қазақтарды қосып қойып, қосақтап айдауларында да мән бар. Ойраттардың құмырсқадай құжынаған қалың шүршітке өз беттерінше тойтарыс бере алмасы хақ. Ол үшін әуелі бір кезде маңғұлдардың қол астында болған, қазір де Шыңғыс әулеті билеп отырған сонау Еділден бергі ұланғайыр өлкені жаулап алулары керек. Ойрат сонда ғана өріске де, базарға да қарқ болады. Ақтылы қой, көк ала жылқының алдын Еділге, артын Енисейге жауып, Бұхара, Самарқан, Хиуа, Шаш, Сайрам базарларына ағылатын керуендердің жібек бұйдасын өз қолдарында ұстап отырса, ойраттың мұртын балта шаба алар ма! Күллі маңғұл және бір кезде маңғұлдың қол астында болған елдер түп-түгел тізе қосысып қарсы шыққанда ғана қаптаған қара қытайға бір дауа табылмақшы! Құмырсқадай құжынаған, бүргедей быжынаған ши борбай шүршіттер мен сол бір «үп» десең құлай кеткелі тұрған қуыршақ жұртқа кіріптар болып отырған, арыстандай ақырған айбынды бабадан ұл боп тумай, шажырқай боп туған Шыңғыс әулеті көресіні сонда көрмекші! Бір кезде көк найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен Шыңғыс жаулап алып беріп кеткен көл-көсір қонысты маңғұлдардың қол астына қытайтекті боп кеткен Құбылай тұқымы емес, әу бастан-ақ төрліктен жөргек, ерден жастық бұйырған жоңғарлар ғана қайтарып бере алмақшы. Олардың бұл арманына кедергі келтіріп тұрған — өздеріндей көшпенді, өздеріндей



жауынгер қазақтар. Сол маңқа немелердің жұлынын үзіп, жотасын опырар күн туса, қыл жалаулы маңғұлдың жұлдызы тағы да зырқырап көктен бірақ шықты дей бер! Сондықтан да, келешекте шүршіттің кеңірдегін кесер болар қанжарды әуелі қазақтың қанына суар! Болашақта күллі әлемнің төбесінде ойнар көк найзанды әуелі қазақтардың шаңырағында ойнат!

Батыр қонтайшының бұл көмейі көп ұзамай-ақ белгілі болып қалды. Ол қонтайшылық құрған жиырма жылдың ішінде қазақтарға қарсы үш рет жорыққа шықты. Жетісудың көп жерін жамбасына басып, бас ордасын жер жетпегендей Қара Ертістің басына тікті. Одан кейін тізгін тиген Қалдан Бесоқты Қара Ертісті де місе тұтпай, сары ала шатырын Іле басындағы Ұрғаға әкеп орнатты. Жетісудың көк шалғынын аз көргендей, Қаратау бойындағы қазақ қалаларына қол сала бастады. Айналасын аждаһадай жұтып, ойраттардың бөркін дағарадай еткен Қалдан Бесоқты да көп асқанға бір тосқанның керіне ұшырап, жиырма алты жыл қонтайшылық құрғаннан кейін бір ақ нөсер сіркіреген көктем түнінде Аша-атымтай деген жерде елу екі жасында у ішіп өліпті. Көкжал неменің сүйегін өртеп, күлін көкке ұшырып жіберіпті. Жер бетінде, ең болмаса, кәрі кемпірдің бөксесіндей опырайып, моласы қалмаса да, естір құлақты түгел тітіреткен абынды аты қалды. Оның атын естігенде, әсіресе, қазақтардың төбе құйқасы шымырлап қоя беруші еді. Оның орынына қонтайшы болған Сыбан Раптан да қазақтар үшін одан кем сойқан болған жоқ. Тұсауын Сайрамда кескен бұл қонтайшы азуын алдымен Орта жүздің шекесіне салды. «Менің бұл жорыққа шығуыма қазақ ханы Тәукенің екі жүзділігі себепші болып отыр, — деп жар шашты ол. — Қалдан Бесоқтының тұсында тұтқынға түсіп, Лұхаста далайламаның есігінде жүрген баласын еліме қайтара көр деп жалынғасын, қасына бес жүз кісі нөкер ертіп еліне аттандырып ем, жақсылықты білмейтін кісәпір неме сарбаздарымның біреуін де тірі қалдырмай, түгел қырып тастады. Онысын аз көргендей, маған бағынышты Үгедей — батыр тайшыны өлтіріп, адамдарының аяқ-қолына темір кісен салып тұтқындап әкетті. Ұранқайдағы маған салық төлейтін жүз түтінді қатын-баласымен, қара орманымен өзіне қаратып алды. Еділ бойынан келе жатқан керуенімді тонап, қалыңдығыма, Аюке ханның қызына қолын салды.

Қазақтар менен енді ешқандай жақсылық күтуші болмасын!»

Мәртөбеден мәжілісті аударып, қазақтардың күнін Күлтөбеге қаратқан да сол Сыбан Раптанның күркірі еді.

Сыбан Раптанның тұсында қазақтың арқасына аяз шындап батайын деді. Бір сәт ауыл арасының дау-дамайы ұмытылып, елдің ертеңі сөз бола бастады.

Ол тұста әуелден туып ел үстінде күн кешкен киелі тұқым-төрелердің емес халықтың өзінен өрбіп, халықтың өзі қамшы ұстатқан жабы тұқым — қызыл тілін безеген билердің абыройы аспандап шыға келген-ді. Сұлтандардың не марқасқаларына бір тайпаның тізгіні не тиіп, не тимей жүргенде, от тілді, орақ ауызды билерге бір-бір ұлыстың тізгіні бұйырды. Қазақтың төріндегі Тәукеден кейінгі аруақты адамдар да солар болып алды. Ұлы жүздің тізгіні де, қамшысы да үйсін Төле бидің, Орта жүздің тізгіні де, қамшысы да арғын Қазыбектің, Кіші жүздің тізгіні де, қамшысы да әлім Әйтекенің қолына көшті. Ол тұста тайпа басы төрелердің қатарынан табылғанға билер емес, орда басы билердің қатарынан табылғанға төрелер масаттанып қалушы еді.

Ол кезде атын біреу біліп, біреу білмейтін бала сұлтан Әбілқайыр қазақ тізгінін ұстаған үш жорғаның біреуі қатарыма жүр деп шақырғанда өз құлағына өзі сенбей, жүрегі жарылып қуанған-ды.

Жиыннан қайтқан ұлы дүрмектің алдында тұрқы есік пен төрдей шұбалған шабдар жорғаның үстінде шалқая ыңылдап екі иығына екі кісі мінгендей апай төс алпамса кісі келе жатты.

Ол — атақты Әйтеке би. Тұлға-тұрпаты, жүріс-тұрысы, жан-жағына көз тастасы елдің қас-қабағын баққан биден гөрі қасындағылардың бәрінен айдынын асырып асқақтай қарайтын батырға келіңкірейді. Бірақ, билік дегеннің де батырлықтың бір түрі ғой. Шырғалаңы мен шытырманы көп қыр тіршілігінде қырық құйқылжыған қырқылжың дауларда бір пәтуаға тұрақтау барымтаға барып қайтудан әлдеқайда қиын шаруа. Оған да тілдің ебімен қоса жүректің тәуекелі керек-ті. Ал, тәуекел қазақта бір кісиде жеткілікті болса, осы Әйтекеде жеткілікті болар реті бар. Ол мынау далиған даланың төрдегі ақ сүйегі мен есіктегі қара сүйегіне бірдей қадірлі, бірдей батымды еді. Ана жағы Бұхара мен Самарқан, мына жағы Елек пен Торғай

арасын алып жатқан ұланғайыр ұлыста оның бетіне қарсы келе алар кісі жоқ-ты. Оны көргенде көшпендісі түгілі отырықшысы жайылып төсек, иіліп жастық болар-ды. Мақұлы түгілі тентегі мен телісі тілін қайтармас-ты. Оның себебі бар-ды. Әйтеке Кіші І жүздің сүйегі болып табылатын Алшыннан, Алшынның аға атасы Әлімнен, Әлімнің алты баласының ең жуан тамыры Төртқарадан, Төртқараның Қарашынан, Қараштың Сейтқұлынан еді. Төртқара түгілі Әлімнің, Әлім түгілі Алшынның, Алшын түгілі Алаштың атын шығарғандардың бірі осы Сейтқұл болатын. Әз Тәукенің төртінші атасы, Жәдік ұлы Шығай сұлтан тоғыз жүз тоқсаныншы жылы Кіші жүзді билеп тұрған тұсында күллі ұлысымен жұтқа ұшырап, Сырдарияның сағасындағы қонысын тастап Нұрата тауына көшкенде ең ұлысынан қасына ертіп кеткені де — осы төртқара Сейтқұл еді. Онда Сейтқұлдың сегіз баласының ең атақтысы Жалаңтөс бар болғаны бесте екен. Нұратаға барғасын жеті жылдан кейін он екі жасар жалаңтөс Бұхар мен Тамды маңындағы қазақ ұлыстарын билеп отырған Ақназар ұлы Дінмұхамбет ханның көзіне ілігеді. Сосын-ақ әрі ақылды, әрі батыр Жалаңтөстің Бұхара, Самарқан, Гератта отырмаған төрі қалмайды. Әрі Самарқанның өмірі, әрі бес сардар Жалаңтөс заманында көршілес елдерге ханнан бетер қадірлі болған кісі дейді. Оған сыйлыққа келген тарту-таралғының өзі ханнан туып болған не бір алтын сүйекті, асыл текті төрелердің ата дәулетінен асып түскен көрінеді. Шектен асқан батыр шектен асқан жомарт та болыпты. Бұхар мен Самарқандағы көрген көзді тәнті еткен талай көк күмбезді сол салдырыпты. Жалаңтөстің бұзау тіс дойыры мұсылман елдерінің шетіне келген талай басқыншының қақ маңдайын қасқита тіліп, ел шырқын қашырған талай сұрқияның шонданайын шортандай шоршытқан-ды. Қазақ тағының қазіргі иесі әз Тәукенің туған әкесі салқам І Жәңгір қиын шатқалдан тау суындай лап қойған Жоңғар тасқынына қарсы тұрар дәрмен таба алмай жаны қарқараға келгенде жер түбінен қол созған да сол Жалаңтөс-ті. Ендеше, хан Тәукеге атасы атасына қадірін өткізген Әйтеке батымды болмағанда кім батымды болмақшы! Әйтеке — Жалаңтөстің әкесі бір, анасы бөлек бауыры Ақшаның үшінші баласы Бәйбектен туған-ды. Жалаңтөс

тұсында төбесі көкке бір жетіп қалған исі Сейтқұл, исі Төртқара, исі Әлім, исі Алшынның қазіргі маңдайға ұстағаны да осы — Әйтекетұғын. Сонысын бұлдап, жуан тамырдан өрбіген өктемдігіне баса ма, үш арыс сұхбаттасқан ұлы жиындарда, әйтеуір оның даусы тым ірі шығушы еді. Былайда да ащы дауысты Әйтеке жиын көргенде арқасы қозып, қызыл көрген аш қырандай саңқылдай жөнелуші еді. Онысын жұрт қасындағы екі биден гөрі жуан тұқымынан өрбігендігін көрсеткісі келетіндігі деп пыш-пыштайтын. Шынында да, Ұлы жүздің қамшысын ұстаған Төле би қазақтың ең ірі арысы үйсіннің, үйсіннің ең ірі тайпасы дулаттың, дулаттың ең ірі руы жаныстың ең аз тақтасы Қожамбердіден еді. Қожамбердінің ішінде де Төлеге дейін ауылынан он төбет қатар үріп шыққан бай да, тоқтылы қойдың дауын шешкен би де тумай, «тоғыз ұлды қарашоғыр» атанған Құдайберді әулетінентұғын. Құдайбердіге құдайдың беріп тұрғаны да осы аузын ашса көмейінен серке сөз секіріп шығатын айтқыш Төленің тұсы еді. Ал, арғын Қазыбектің өзінің тегін мошқаған бір мейманасы асқан немені: «Әкем — қара түн, шешем — қара күн, өзі болған жігіттің тегін сұрап не етесің?» — деп қалай отырғызып кеткенін білмейтін кісі исі алашта кем де кем шығар.

Халық не десе, о десін, бірақ ол үш жорғаның жұрт алдында бір-бірімен кермар келгенін ешкім көрген емес. Бірі бастап берген әңгіме екіншісі қостай жөнелгенде тоты құстың қауырсынындай құлпырып, аяқ астынан ажарланып жүре беруші еді. Сол үшеуінің аузының даусындай бірлік бергенде қазақтың жұлдызы қалай-қалай жарқырар еді! Қандай қиын түйінді де Әйтеке бауыздап, Қазыбек ұшалап, Төле мүшелеп берер еді. Қандай қиқар дәукесің де Әйтеке айтқанда — құлақ аспасқа, Қазыбек айтқанда — құптамасқа, Төле айтқанда — «төресі осы», — деп жығыла кетпеске жағдайы жоқ-ты.

Әйтеке жарып айтады. Қазыбек қазып айтады, Төле тауып айтады деген де содан қалған-ды. Үш арыс қазақ оларды сөйлетіп қойып, қақаған қаңтарда арқар сорпасын ішкендей бусанып, тал бойы түгел еріп, балбырап отырар еді-ау! Тіпті қаралар дау қаралып, шешілер түйін шешіліп біткесін де, тарағылары келмей үш бидің ауызына қарап тамсанып бағар-ды.

Осы жолы да, әз Тәукені күллі қазаққа ортақ хан сайлап, сұпы Әжіні күллі қазаққа пір сайлап, жеті

жарғының жосығын қабылдаған ұлы жиын аяқталғасын да жиылған жұрт. «Ертең елге барғанда айта баралық. Үш би бізге не дейді екен? Соны естіп кеткіміз келеді», — деп тырп етпей тұрып алған-ды.

— Сонда үш биден не сұрайсыздар? — деген-ді хан Тәуке.

— Үш би бізге ең әуелі заман құлқынан үш ауыз сөз айтсын! — дескен жұрт.

Сонда төбенің басына қамшысын ұстап Төле шыққан-ды.

— О, әлеумет, қалай осы, жылқы біткен көп кісінесіп кеткен жоқ па, әйел біткен көп кісімсініп кеткен жоқ па? — деп қайта түсіп кеткен-ді.

Одан кейін төбеге Қазыбек көтеріліп, сонау мұнарытқан көкжиекке қарап тұрып:

— Жылқы біткен көп кісінесе, ел шетіне бір дүбір жетейін деп жүргені болмасын, әйелдер көп кісімсінсе, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын! — деп топқа қайта қосылған-ды.

Әйтеке қамшысын көкке көтеріп:

— Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы панан болар, көк сауытың — қатын, көк найзаң — балаң болар! — деген-ді.

Қарақұрым халық үн-түнсіз бастарын шұлғыған-ды.

— Енді не сұрайсыңдар? — деген хан Тәуке.

— Енді үш би бізге кәрілік пен жастық қақында не мәслихат қосады екен? — деген жиылған көп.

— Үй сыртында төбең болса — ерттеулі тұрған атың ғой, ел ішінде кәрияң болса — жазулы тұрған хатың ғой, — деген-ді Төле.

— Жалтылдайды екен деп жастықты сөкпе — бәріңнің шыққан тегің сол; қалтылдайды екен деп қарттықты сөкпе — ертеңгі жетер шегің сол! — деген Қазыбек.

— Ар сатып алған атақтан тер сатып алған мал артық, сақалын тосқан кәріден еңбегін тосқан бала артық! — деген Әйтеке.

— Тағы не білгілерің келеді? — деген Тәуке.

— Енді бізге үш би: жомарттықтың қандайы жаман, сараңдықтың қандайы жақсы — соны айтсын, — деп өңештеген бір шұнақ құлақ, қу сақал.

— Жомарттықта суайттың куәге жомарттығы, молданың дуаға жомарттығы жаман, — деді Төле.

— Жомарттықтың және бір жаман түрі: еркектің жетекке көңілшектігі, ұрғашының етекке көңілшектігі, — деді Қазыбек.

— Дуаға жомарт молда малынан қағылар, куәге жомарт суайт абырой-арынан қағылар, жігіттің көңілшектігі — атының соры, әйелдің көңілшектігі — ... соры, ең жаман жомарттық — уәдеге жомарттық, — деді Әйтеке.

— Ең жақсы сараңдық: қасың сұрағанда «барға» сараңдық, досың сұрағанда «жоққа сараңдық», — деді Төле қамшысын қолына қайта алып.

— Көрсө қызардың алдында — жарыңа сараңдық, айналдырған аурудың алдында жаныңа сараңдық لازم, — деді Қазыбек көп алдына қайта шығып.

— Тамыр мен тамырдың арасында боқшаға сараңдық, дос пен достың арасында бопсаға сараңдық, — деді Әйтеке екі бидің соңын ала сөйлеп.

Жұрт бұл жолы бір-біріне бас изесіп желпінісіп қалысты.

— Тағы қояр сұрақтарың бар ма? — деді Тәуке.

— Енді үш би бізге ұл мен қыз қақында не айтар екен? — деді көпшілік.

— Ұл өссе — ұрпақ, қыз өссе — өріс, — деді Төле.

— Ұл бала аптыққаннан өлсін, қыз бала тұншыққаннан өлсін, — деді Қазыбек.

— Дәулетіңнің қадірін ұлың өскенде білерсің, абыройыңның қадірін қызың өскенде білерсің, — деді Әйтеке.

— Енді үш жорға ерлі-зайыпты екеу туралы бірдене айтсын, — деді біреу жиылған жұртты ду күлдіріп.

— Жарақтыдан құтқарса — атың мұра, жалғыздықтан құтқарса — қатын мұра, — деді Төле.

— Төсекте қызық көрмеген, тамұқта жаны шошымас, жар құшып бауыры күймеген, ұл сүйіп еріні тұщымас, — деді Қазыбек.

— Азынаған айғырды үйірінде көр, аңқылдаған жігітті үйінде көр, — деді Әйтеке.

Қарақұрым халық тағы да гу-гулей жөнелді.

— Енді де сұрақтарың бар ма? — деген хан Тәуке.

— Үш би бізге енді адам құлқынан үш ауыз сөз айтсын! — деген жиылған жұрт сол тырп етпеген қалпы.

Қамшысын алып Төле би қайта ортаға шығып:

— Биікке шықсаң — көңілің ашылар, жақсымен тілдессең — зейінің ашылар, — деген.

Қазыбек қамшысын ұстап тұрып:

— Аты жаманның арманы кетер, баласы жаманның дәрмені кетер, — деді.

Әйтеке жұртқа қарап:

— Ниеті жаманның иманы кетер, әйелі жаманның мейманы кетер, алланың сүйгені — азан, халықтың сүйгені қазан. Күлтөбеге жақын ауыл біздікі екен. Жиналған көп әлеумет, жүріп дәм татыңдар, — деді.

Бұл жолы жұрт гуілдесіп ала жөнелді. Сол-ақ екен біреу арт жақтан саңқ ете қалды. Шабдар қасқа мінген шалғы мұрт еркек:

— Оу, жамағат, не байқадыңдар? Қазақтың игі жақсысын жиып, батасын алып, исі алаштың ырыс-несібесін Жанарысқа қалдырып кетсін деп тұр ғой бұл сығыр! — деп мінбеледі.

Төле мынау әуірім немеге бірдеңе дейін деп, аузын аша беріп еді, Қазыбек киіп кетті:

— Төке, жол үлкеннен, қызмет кішіден деген ғой. Жолымыздан қалмайық! — деп төбе басынан түсе берді.

Күлтөбенің басындағы жиылған жұрт Қызылқұмды желкелей қонған Бөкенбай ауылына қарай шұбырды. Ай бойғы жиыннан қайтқандар үш күн бойы бай ауылдан бағланның етін ащы қымызға малып жеп, мелдектей тойып елді-еліне тарасқан-ды.

Әйтеке Әбілқайырға:

— Бірге жүр! — деп осы Бөкенбайдың ауылынан шыға бере айтқанды.

Майқара жусан семіз марқаның жон терісіндей бұйраланып, ақ селеу ақ айран теңіз бетіндей толқынданып, арттағы көкжиек өткен дәурендей көзіңе ыстық көрініп, алдағы көкжиек беймәлім келешектей көмескі бұлдырап тұрған ұлан-асыр жазыққа қайта шыққасын ер үстіне шалжия қонған атақты би үйреншікті көйгөйіне басты. Топ көрсе, көзі шоқтай жайнап, аруақтанып шыға келетін Әйтеке оңаша қалса, осылай өз-өзінен тұнжырап сала береді екен. Не айтып, не ойлап келе жатқаны белгісіз. Әйтеуір күзгі даланың ызынаған желіндей салқын саз. Кәрі би ешкімге ештеңе демейді. Бұлдыр көкжиекке тұнжырай телмірген күйі ыңылдап келеді. Үнемі сырттап жүретін осы бір сұрша жігітпен оңаша сұбхаты бардай. Қалған нөкерді жуытпай, көпке дейін екеуден екеу үнсіз жортысты. Әбілқайыр өз-өзінен ыңылдап келе жатқан бидің ойын бөлгісі келмегендей, астындағы сылаң сұр арғымақты

сипай қамшылап жым-жырт келеді. Кенет би сөз бастады.

— Осы Тайлан екеуіңіздің араңызда қандай жекжаттық бар?

Әбілқайыр қапелімде не дерін білмей қалды. Бірақ, бойын тез жиып, сазарыңқы қабағын кере түсіп, сәл ойланып барып жауап қатты.

— Құрдаспыз ғой.

Би тағы да ыңырси жөнелді. Күздің желкем суық желіне дірдектей қалтырап тұрған тұз селеулеріне түксие қарап, үнсіз келе жатып:

— Дұрыс қой, дұрыс, — деді.

Содан олар алты шектінің қонысына жеткенше ләмим тіл қатысқан емес. Айырылысар жерде ғана би атының басын іркіп тамағын кенеді.

— Тегің — сұлтан. Басың жас. Көрерің алда. Жігіттің есі кіретін тұсқа енді жеттің, Алаштың алмағайып заманы таусылмас. Төренің бағы — қарашының қайраты. Қарымдыдан құрдас жиғаның жөн екен, — деген де, қош айтысып жүріп кеткен.

Әйтекенің әлгі сөзі сұлтанның сұп-сұр бетіне лып еткізіп қан ойнатқан. Өткен жылғы Мамайға атқан оғының мүлт кетпегеніне сонда барып түсінген.

Сұлу ат мініп, суыт желіскен ала шұбар топ елсіз таудың қойнауына кіре бере бейсауат дүсірді естіп елеңдей тоқтасты. Абалаған иттердің дауысы тіптен тақау келіп қалды. Сол-ақ екен, қапталдағы құж-құж қара шоқының тасасынан сау етіп қырық шақты атты шыға келді. Бұларды көріп, кері жалтаруға мұршалары болмай, кесе көлденең ағызып өте шығуға ыңғайланысып еді, жиынға келе жатқан ала шұбар айғыр топ жапа-тармағай қол бұлғап, айқайды салсын кеп. Бейуақ жүрген қырық атты қол бұлғағандарды танып, ат басын тежеп, құлықсыз аяндап, жақындай берді.

Топ басындағыны жұрт бірден-ақ таныды. Мамай анадайдан нарттай қызарып албырап келеді. Жирен тұлымы сусар бөркінің астынан дудырап шығып кетіпті. Екі көзі қараптан-қарап қызарады да жүреді. Ешқашан екі езуіне ие бола алып көрген емес. Қашан көрсеңде ыржияды да тұрады. Өңмеңдеп шабынады да жүреді. Шабынып сөйлейді. Шабынып күледі. Ашуланғанда да төсін қайқайтып, басын шалқайтып, кімге де болса,



өзеурей тіл қатады. Әне, ат үстінде де күміс бас ердің қасын сындырып жіберердей боп, кіндігімен тіреп, шабына шалқайып апты. Осы мінезінен де ал аузында Сары айғыр атанып кеткен. Өзі сүйтіп жүріп, аң құмар. Қысы-жазы аттан түспейді. Тазымен бірге ас құйсаң, тастай қатып жалап-сұқтап жұтып салуға пейіл, қақпан жастап төсек сап берсең, құс мамықта жатқандай рақаттанады. Ол үшін қасына қарақұрым жігіт ертіп тау-тасты сүзіп жүргеннен артық бақыт жоқ.

Әбілқайыр нөкерінің алдында өңмеңдей басып келе жатқан дөң мұрын інісіне сыздана қарап тұр. Жас жігіт әуелі бір түрлі қобалжығандай еді, қазір қайтадан безеріп алған. Ұлы дүрмекке үн-түнсіз жақындай түсті. Астындағы аты өзгерген бе, қалай?! Мынау әлгі Тайланның анада мініп жүрген шұбары емес пе? Ол мұның тақымына қалай түсіп жүр? Әбілқайырдың жүрегі шым ете қалды. Атты қасындағылар да таныды.

— Мынау Мәтінің баласының шұбары ғой!

— Иә, Тайланның аты!

— Сонда бұл қалай болғаны?

Шұбар аттың төгілген жалы түгел қан.

— Ау, жөндеріңді айтыңдар. Мынау жүрістерің қай жүріс? — деді астындағы көк теңбілді тебініп ілгері озған Бөкенбай.

— Тайлан қайда?

Жігіттерде үн жоқ. Мамай бедірейген қалпы.

— Ештеңе де болған жоқ. Тірі. Ана тұмсықтың ар жағында жатыр, — деді тістене сөйлеп.

— Ал, атын неге алдыңдар?

— Алдымдағы аңымды үркіткені үшін аударып алдым.

— Айыпқа алған екенсің ғой, — деді топ шетінде ақ боз аттың үстінде түнеріп тұрған ирелеңдеген ұзын бойлы, қапсағай қара сұр кісі Есет. Даусында кекесін бар.

— Айыпты көп алдында алмас болар ма! — деді Бөкенбай бала сұлтанның алдына барып атын іркіп.

— Көп керек болса, өздерің іздеп келіп қалыпсыңдар ғой, — дейді Мамай да мізбақпай қасарысып. Бірақ, неге екені белгісіз, астындағы атын шегіншектете берді.

Топ ішінен әлдекім мырс ете қалды. Әбілқайыр жалт қарап еді — Әйтеке би мұртынан күліп тұр екен.

Айылын жияр Мамай ма! Шұбар арғымақтың тізгініне тас қып жабысып апты. Өлмей айырылар түрі көрінбейді.

Ұлы дүрмек оған бір жалтақтап, Әбілқайырға екі жалтақтап ыңғайсызданып қапты.

— Астыңдағы атты осы қазір өзің барып иесіне қайтарғаның дұрыс қой, — деді Әйтеке енжар тіл қатып.

— О ненің ақысы, — деді Мамай. — Қарашының биі әуелі анау қара табаныңнан менің ат-шапан айыбымды алып бер. Мен айып тартар жерді өзім білем.

— Айып алам деп жүріп айыпты боп қап жүрме! — деді Әйтеке, тағы да селқос тіл қатып.

Мамай қызыл көзін жалт еткізіп Әбілқайырға қарады. Әбілқайыр тым-тырыс. Сосын бір шешімге бел буғанын білдіріп, ыржиған езуін жиып алды. Зорлықпен келген арғымақтың, ең болмаса, тұяғын бір қыздырып алып қайтарайын дегендей, сақтана шегініп барып, шаңқ ете қалды.

— Ендеше, би-еке, төреге қараның алдында атыңнан түс деген қазылығыңызға болайын. Төрелікті мен ханнан сұрармын. Қайдағы бір қаңғыма керейтті төбеге шығарғанда да, сірә...

Атына қамшы баса беріп еді...

Әйтекенің өңі аппақ шүберектей боп кетті.

Онсыз да қара сұр Есет қанын ішіне тартып қалш-қалш етеді.

Бөкенбайдың шара табақ беті қағынған талақтай қабарытып алыпты.

— Апырай, мына күшік не деді-ай! — деп қорамсаққа қолын енді соза беріп еді, ат жалына еңкейе сұлап, шауып бара жатқан бала сұлтан ұлы дүрмектен шығар-шықпаста, аттан ұшып түсті.

Жұрт абыржып бір-біріне қарады. Манадан бері үнсіз тұрған Әбілқайыр шаба жөнелді. Жер қауып жатқан інісіне қарамай, шұбар арғымақтың тізгінін қағып алып, кесе көлденең жатқан құж-құж тұмсықтың ар жағына сіңіп жоғалды.

Мамайдың нөкері аттарынан түсіп, төрелеріне жүгірді. Бала сұлтанның қамшы ұстаған қолының шынашағы жұлынып кетіпті. Таяудан атылып, тосын тиген жебенің екпіні, жанап өткенмен, ер үстінен жұлып ап, домалатып кетсе керек.

Әлгінде ғана ұйқы-тұйқы болып үрпиісе қалған көп дүрмек шаруаның «арты қайырлы» болғасын аттарын

тебініп, ілгері тартқан-ды. Қаумалаған қырық жігіттің арасында қалш-қалш етіп не істерін білмей Мамай қала берген-ді.

Сол жолы зауза айында Күлтөбеде өткен жиында қазақ қауымын қанына қарайтып жүрген тағы бір күбірткелінің ауызы алынып еді. Ол кезге дейін Тама, Табын, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Тілеу, Рамадан, Керей, Уақ, Тарақты рулары үш жүздің үшеуіне де жатпай, шөре-шөре хал кешіп келген-ді.

Мал жарықтық шөп көп өскен жерге емес, көз көп түскен жерге бітетін секілді. Ызғындай іргелі рулардың арасында ықтап өткен әлгі ауылдар бас-аяғы аз уақыттың ішінде мал басып, жұрт жаңартып көше алмайтындай күйге жетті. Қызыл құмның бұта-бұтасының арасына кенедей толып кеткен Тама; Табын, Кердері, Керейт, Жағалбайлы, Рамадан, Тілеудің малын найзасы ұзын Әлім мен Бай ұлы талады. Сарысу бойын шаңдатқан Керей, Уақ, Тарақты жылқысын азулары алты қарыс Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найманның тақымында кетті. Қазақтың үш жүзі жылына екі мәрте бас қосатын алаш алқасында әлгі айтылған «өгей рулардың» жылап-сықтамай, көкірегі қайқы, басы шалқақ «аталы рулардың» беттерінде иманы бар игі-жақсыларының шиідей боп қызармай қайтқан кезі болған емес. Ел ұстаған кәрі билер көптен бері соны ойлап күбірлесуші еді. Кәрі билердің арғы көмейлерін айтпай ұғып қойған жас нояндар құрықтарынан шығып кеткелі тұрған кешегі майбөксе жылы-жұмсақ ауылдарға: «Қап, бәлем, сендерді ме!» — деп тістерін қарш-қарш қайраулы. Жігіттерін сойылға жығып, жүйріктерін мініп кетуді әдетке айналдырып алды. Табын мен Таманың үйір-үйір жылқысына көздерін көптен сұқтап жүрген алты шектінің ығай мен сығай сүлейлерінің арасында жүретін Мамайдың әлгі қарс жабық қабағының арғы жағындағы томырық мұз салқындықтың сыры да сол еді.

Кәрі билер жас перілердің кіжінгенін қайтсін! Исі алаштың беліне бес қару асына алар естиярларының алдында қолдарына құран ұстап, қан құйысып, ант берісті. Үш арыстың төбе билерінің оңаша мәслихатынан кейін ортаға Төле би шықты. Бірі Керей, Уақ, Тарақтыны талап, біреуі Табын, Тама, Жағалбайлыларды талап, айыпкер атанып тұрған екі арыстың билері Қазыбек пен

Әйтеке қамшыларын көлденең ұстап бас иіп тұруға мәжбүр болды.

— Бір кезде қазақ десе, арланатын жұрт едік, — деп бастады Төле. — Енді, міне, қазақ десе, мақтанатын күнге де жетіп отырмыз. Сөйткен қазақтың не төбе шашы дудырап жерден шыққан ештеңесі жоқ, не екі аяғы салбырап көктен түскен ештеңесі жоқ. Арғы жағы Алтайдың тарғыл тауынан өрбіген алты алаш. Бүгінде алпыс екі баулы алаш. Оның дәм айдап бармаған жері, баспаған тауы, көшпеген дәурені қалды ма! Алтайдан Еділге көсіліп жатқан көшпенді даланың бүгін мына пұшпағына бақ бітсе, кеше ана пұшпағы дәуірлеген, ертең тағы бір пұшпағының жұлдызы жанып шыға келуі ғажап емес. Оған қарап өткінші бақ басына қонған бір өлкенің өзге өлкелерге шекелеп шікірейіп шыға келер реті жоқ. Қазір біреуіміз ұлы, біреуіміз орта, біреуіміз кіші атандық екен деп, біреуіміз ылғи төрде отырамыз, екіншіміз ылғи есікте отырамыз деп ойлап қалмайық. Арғы түбі Төбейдің төрт баласы — Қоғам, Құйылдар, Мекірейіл, Майқыдан тараған мына Абақ, Тарақ, Қаңлы, Қатаған әулеті — бүгін біз Ұлы жүз атаныппыз. Бірақ оған бөркіміз дағарадай бола бермесін. Біздің де құдайдың аузынан, пайғамбардың белінен түспегеніміз белгілі. Күні кеше ғана Шағатай балаларының қол астында саудагердің базарына, диханның егісіне жақындай алмай аттың жалы, түйенің қомы күн кешкен көшпендіміз. Басқалардан артық шыққан атағымыз да, артық сіңген еңбегіміз де жоқ. Шағатай балаларынан дәурен кетіп, ордамыз он санға ыдырап, тозып біткенде бұрын бір ханға бағынып, бір таққа табынған өзге қоңсыларымыздың ешқайсысына бұрылмай сонау Сарыарқадан ауып кеп, іргемізден орын алған, сөйлесек тіліміз бір, ұстансақ дәбіміз бір өзіміз секілді көшпенді ағайындарымызға келіп қосылғанбыз. Сонда Жәнібек пен Керей әулетінің қол астындағы жұрт баяғыда Шәйбан тұқымынан құқай көріп, қоныс аударып келгенімізде оң жағынан отау тігіп берген ағамыз едіңдер деп үлкен шаңырақ атандырды. Уа, арғын, найман, қоңырат, қыпшақ, сендердің де ортадан ойып орын алдық деп одырандай берер жөндерің жоқ. Сендердің де шыққан тектерің мен кешкен кептерің әркімге-ақ аян. Алтын орда қақ жарылып, Жошы тұқымы өзара ұстасып кеткенде Шәйбан балаларын басындырмаймыз деп ат құйрығын үзісіп кеткен Орыс

хан торпақтарына еріп Шу мен Таласқа құлағансындар. Сонда Жетісудағы Есенбұғы Шу бойы мен Қозыбасынан қоныс бөліп беріп қоңсы қылған. Бұ жалғанда кімнің басына іс түспей, кімнің басынан бақ көшпей жүр. Алшаңдаған алшыным, саған да айтарым осы. Сен де мұртыңды ысқыртып, іргеңе жақындаған көп момынға қоқандай берме! Олар момын болса, бүгін момын болып отыр. Кеше момын болған жоқ, ертең момын болмайды. Баяғыда арғын мен найманның басына түскен күн, бүгін кеп Тама мен Табынның, Жағалбайлы мен Тілеудің басына түсіп отырған күн бір кезде сенің де басыңда болған. Едіге тұқымы бір-бірімен қырқысып, ноғайлының басынан бақ тайып, Ысмайыл балалары Қазанды алған Қара Науанмен ауыз жаласып, Қазиді бастаған аз ауыл Қап тауына асып, Жүсіп билеушілерінің туысқаны Ысмайылдан ажал тауып, артындағы екі баласы ормандағы орыстың қанжығасына өңгеріліп кетіп, айдалада аңырап бассыз қалғандарында Сыр бойынан барған Ақназарға бұйдаларыңды жетектетіп жібермеп пе едіңдер. Содан бері бұрын Шағатай балалары билеп-төстеп қалған үйсін, қаңлы, албан, сыбан елімізді, жерімізді тастап ауып келген жаңа қонысымыздың түп иелері ғой деп Ұлы жүз атанып, оларға Сарыарқадан орыс балаларына еріп ауып кеп, қоңсы болып, қазақ деген жаңа қауымның негізін құраған Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат Орта жүз атанып, ол қосынға кейінірек келіп біріккен, бұрын Едіге балалары билеп қалған Әлім, байұлы — екі алшын Кіші жүз атанып, оты бірге жанып, түтіні бірге шалқыған бір жұрт болып едік қой. Қаратауға темірқазықтай байланып, ірге ажыратпай бірге көшіп, бірге жайлап жатыр ек қой. Енді міне, сол дәурендерді де ұмытып, қасымызға кейінірек кеп жуыған өз қандастарымызды өзіміз танымай, мінезсіз жылқыдай тісімізді ала жүгіріп, өз шырқымызды өзіміз қашыратын қырсық шығардық. Айналайын Орта жүз баяғыда өзің тастап кеткен Есіл, Ертіс, Тобылда Керей, Уақ, Тарақтымен бірге жайлап, бірге көшпеп пе едің. Күні бүгінге дейін аузыңнан түспей дастан ғып жырлап келе жатқан Ер Көкше мен Ер Қосай уақ емей кім еді? Айналайын Кіші жүз, баяғыда Ақназарға ілесіп ата қонысыңнан ауа көшкенде Жайық пен Жемді, Ойыл мен Қиылды тама, табын, кердері, керейт, жағалбайлы, тілеу, рамаданға қалдырмай кімге қалдырып ең? Қызыл шеке жырауларыңның

жиын-тойда күні бүгінге дейін қызыл домбыраларын алдарына өңгеріп ап, таңды таңға ұрып қақсап келе жатқан «Қырымның қырық батырындағы» жетеуі жеті дастан Қарадөң балалары мен Нәрек ұлы Шора батырың бүгін, міне, өздерің тізе батырып, күн бермей отырған Таманың батырлары емес пе еді! Өз ағайындарыңды өздерің танымай сендерге не көрінген? Ел боламыз десек, бұдан былай өкше көтерісіп, төбе өлшесіп, білек салыстырмайық! Кім бұрын кеп дәм татса, пейіштің төрінен сол шығатын Сыр мен Шудың лай суы кәусардың бұлағы емес. Дәм кеше Жайықтан бұйырса, бүгін Сырдан бұйырып отыр, ертең, бәлкім, Ертістен бұйырап! Айдағаны жылқы, төсенгені тоқым көшпенді жұрттың ордасы қай суға орнамай, қай сайда құламай жатыр?! Орда іргемізге тігілді екен деп одыраңдай берсек, өзіміздей ағайынды ел қылмаймыз, жер қыламыз. Бүгін ағайынның кеудесін біз жықсақ, ертең біздің кеудемізді ол жығады! Өз кеудемізді шұқитын күшіген өзіміз болмайық. Бүтін көйлек пен булы қазанның желіне мастанып, өз жағамызды өзіміз жыртпалық! Бүгінгі бақ пен бүгінгі нәпақаның қашанғы созылатынын кім біліп жатыр?! Ағайын ертең де керек болар. Қазақ болып қалам десе, ең алдымен аталастың емес, ағайынның қабағына қарасын. Исі алаштың жақсысы соны ескеріп ақылын қосып, мынадай кесік айтады: бүгіннен бастап екі жүйе алшын, үш жүйе; Қадырқожа мен Қыдырқожадан тараған алты ата әлім, төрт ата шөмен, он екі ата бай ұлына тама, табын, кердері, керейіт, рамадан, тілеу, жағалбайлы — жеті ру ноқта аға боп қосылады. Алты арғын, үш найман, бес таңбалы қыпшақ, сегіз қоңырат — төрт қазық Орта жүз, бүгіннен бастап сен жетеусің! Уақ, керей, тарақты бүгіннен бастап сенің ноқта ағаң! Ноқта інің емес, ноқта ағаң! Босағаң емес, төрің солардікі! Сирағың емес, басың солардікі! Қазақтың бұрынғы руларының момыны жәбір көрсе, жәбірлеуші бір дүре жесе, жеті ру, уақ, керей, тарақтының момыны жәбірлеген екі дүре жейді. Өзіндейді кемсінгені үшін бір дүре, ел бірлігіне қол көтергені үшін екі дүре. Ел болам десең, соған көнесің! Ағайынның ақылы барының айтқаны сол! Пайғамбарымның киелі кітабының меңзегені сол! Осыған ата гүрпымен құран ұстап ант береміз!

Жер қайысқан ұлы жиын бұл кесікті жамырай қостады. Кеше ғана жеті ру, уақ, керей, тарақтының көк

ала жылқысын сайдан-сайға қуалап жүрген көп найза енді оларды көлденең көзден өздері қорғайтын болмақшы.

Елсіз таудың арасындағы әлгі бір келіссіз оқиға тап сол жиынға кетіп бара жатқан Кіші жүз тобына кезіккенді. Ертеңгі талқыда талай кереуызға сағыз болғалы тұрған кесірдің орайын жұрт арасында сұр молда атанған, сөйлемейтін, күлмейтін сызқабак Әбілқайыр өзі келтірді. Жұрт алдында немере інісін төре басымен топырақ қаптырып кеткенін ел елемей қалушы ма еді! Ұлы жиынға шар тараптан жиылған қара нөпірдің аузындағы әңгіме тек сол болды.

Ауызы бір қызып алған жұрттың талайдың басын шалатын әдеті ғой. Сол жолы талай сұлтанның атағына тіл тиді. «Олар шетінен бұлғақбас, мына сұрша баладай емес, түйсіксіз», — десті жұрт. Осыдан бірер жыл бұрынғы жоңғармен қақтығыстағы Әбілқайырға байланысты және бір оқиға ел жадына қайта оралды. Кезінде кемді күн сөз болып, кейін атымен ұмытылған сол бір жәй ауызға қайта ілігіп, бұрынғыдан гөрі де аруақтырақ, ажарлырақ айтылды.

Ол сонау Талас бойында болып еді.

Маңдайларына біткен жердің ең шұрайлысын жамбасына басып жатып алған жоңғарларға қазақтардың қаны көптен қайнап жүретін. Хан әскер шығарып ұрыс ашпаса да, шет ұлыстағы аусар жігіттер оқтын-оқтын бас біріктіріп барып, ойраттардың шеткері отырған ауылдарын бөрі тигендей бөрліктіріп кетіп жүруші еді. Ондайда жауға кеткен жерді кері қайтарып ала алмаса да, ата дұшпанның ажалдыларының басын қырқып, аялыларын құл қып тізіп алдарына сап айдап, ажарлыларын күң қылып, ат көтіне мінгестіріп қайтқандарының өзін бір мәртебе көріп, қалғып бара жатқан кек қайта оянып, ұйып жатқан самарқау қан қайта тулап шыға келер еді. Сондай бір жорыққа Әбілқайырдың да еріп барып қайтқаны бар-ды. Ол кезде әлі жау түсіре қоймаған жасөспірім бозбалатұғын.

Іле бойындағы жоңғарлардың біраздан бері іргесінен тықыр шықпай бейқам отырған шағы еді. Қапыда ұрынған қазақтарға, қапелімде, еш қайран қыла алмады. Таңғы ұйқыда тап берген жортуылшылар сәске болмай алдын малға, артын құл-құтанға толтырып, кері қайтып келе жатқанда да олардың жолын ешкім кескестемеді.

Тек Таластың өткел берер бір тұсына енді жақындап келе бергенде қапталдағы қолаттан сау етіп жоңғардың шағын қолы шыға келгені. Қараларына қарап, оп-оңай жайратып тастаймыз ғой деп еді, жоңғарлар қаша соғысып күш бере қоймады. Оларды тастай салып, басқа өткел іздеп кетуге жер де, уақыт та тар. Жоңғардың жол торушы тобындағылар шетінен мерген бе, көкіректері аяқ қаптай боп келе жатқан қазақ қолындағы талай боздақ баудай ұшып жайрап қалды. Олжаға бөгіп, артынып-тартынып келе жатқан ауыр қол бұрынғы қарқынынан айрылып, шау тартып қалса керек. Тәсілқой шағын топ біресе ол жақтарынан, біресе бұл жақтарынан дүрсе қоя беріп, қатарларын көрер көзге сиретіп барады. Қашқақтай соғысқан шағын қолмен ит әуре боп жүргендерінде арт жақтарынан көкжиекті тұтастыра көмген қою шаң да көрінді. Қуғыншы ауыр қолдың жақындап қалғаны белгілі болды. Оны қаша соғысып жүрген дұшпандар да байқаса керек, жып беріп өзен бойына шегінді. Енді екі жақ та жанталаса соғысты. Жоңғарлардың да қатары селдірейін деді. Олар шегіне-шегіне өткелдің арғы жағындағы анадайдан аузы үнірейіп тұрған ұры кеуекке барып бас сауғалады. Үңгірдің аузына қолына қорам мылтық ұстаған бір еңгезердей қара мерген отырып алды. Оққа қарсы шапқан талай сабаз бостан-босқа жайрап қалды. Ауыр қол алдын су бір бөгеп, оқ екі бөгеп, ошарылып тұрып қалды. Арттағы шаң қоюлана түсті.

Сол екі ортада суға тұмсықтарын тіреп дағдарып тұрған қазақтар жағынан бір сылаң күрең атты шықты да, өткелге қарай беттеді. Сүліктей сұлу күрең сауырында күлің-күлің күн нұры ойнап, билей басады. Үстіндегі қанжардай қатқан сұп-сұр бозбала жігіт қаннен-қаперсіз. Қолына тіпті садағын да ұстамапты. Астындағы сұлу аттың сұлу жүрісінен басқада шаруасы жоқтай жайбарақат, өз-өзінен мәз-мәйрам боп келе жатқандай. Таң атқалы оқ жаудырып тұрған қорам мылтықтың да үні өшкен. Еңгезердей мерген өзі жорға, өзі сұлу сүлік күреңге қарап ауызы ашылып қатқан да қалған. «Шіркін, мынадай жылқыны тақымына басқан жігітте де арман бар ма екен!» — деп тұрғандай. Сұлу аттың ағын судың өзі жақ жиекке өткенін, атқан оғының мынандай қаса сұлу сәйгүлікті емес, үстіндегі мейманасы асқан жағасы жайлау жайбарақат жолаушыны ғана жазымдайтындай жерге жеткенін



үнсiз тосып баққан. Жанықас жігіт асығар емес. Жұлындай боп жараған керден күреңнің үстінде шалқая түсіп қаннен-қаперсіз отыр. Әне судан өтті. Судың арғы бетіндегілер: «Апыр-ай, енді не болар екен?» — дегендей аңтарылып қалыпты. Енді ештеңе де болмайды. Тек мынау керден күрең жақындай түссін. Үстіндегі елде жоқ сәйгүлік мініп, айдарынан жел есіп, ақылынан қаралай айырылып келе жатқан маңқа қазаққа жаңғыз түйір оқ жалынсын. Оны күміс ердің үстінен күрс еткізіп жерге құлатып, топырақ асатып тастауға бұл әлі-ақ үлгереді. Жақындап та қалды-ау! Әлі де жақындай түссін! Мына күлің жон күрең арғы беттегі бір әумесердің қаңғырма оғына бұйырып кетпейтіндей жерге келсін... Әй, мына маңқа қазақ қайтеді-ай! Шалқайғанды қойып, өңмендеп еңкейіп алған ба, қайткен. Күреңнің де аяқ басысы жеделдепті. Жә, жетер... Ақкөз қазақ өз обалың өзіңе... Қап, мына адыра қалғырға не болды... От алмағаны несі... Ау, мына су мұрын қазақтың киесі боп жүрмегей... Қап!..

Сол екі ортада күрең мінген қазақтың тақау кеп лақтырған селебесі қақ жүректен қадала кеткені. Еңгезердей мерген құлдилай домалап барып, сонау етектегі ақ ұлпа топырақты бір бұрқ еткізді. Жайбарақат келе жатқан жолаушыны қазір-ақ жер қаптырам деп тұрған астамшыл мерген өзен бойының сыз топырағын өзі қапты.

Сүлік күрең жануар жақпар жартастың бауырындағы қара үңгірдің үңірейген ауызына бір-ақ ытқыды. Сыртқа жүгіре шыққан жоңғарлар қақ төбелерінен тұрып ап оқ атқан күрең атты сұр мергеннің себелей жауған қу жебесіне жем болды.

Сонда қазақтар жұмған аузын ашпай тым-тырыс жүретін осы бір бала жігіттің мынандай жүрек жұтқан ерлігіне жағаларын ұстаған-ды. Енді болмағанда тасырлатып тас сабаған әупірім Таластың аңғарында түгел жайрап қала жаздаған қалың қол ел шетіне аман-есен жетіп алғасын, Бөкенбай мен Есет Әбілқайырды ортаға алып:

— Апырай, көрер көзге ажалдың ауызына қалай бардың? — деп сұраған-ды.

Әбілқайыр:

— Күлің күреңдей жануарға қыл жалаулы жоңғар мен қазақтың қызықпай қалуы мүмкін емес қой. Қарсы алдында ойқастай басып келе жатқан сәйгүлікке

ауызының суы құрып тұрған сұқты көз мергеннің мылтығы суынғанша алдарқата тұрайын, суынғасын қорам мылтықтың пілтесі қапелімде қайтадан от ала қоймайтыны белгілі, ол екі ортада мен де бір амалын табармын деп ойладым, — деген.

Қалың қол мынаны естіп бастарын шайқасқан.

— Нағыз жүрек жұтқан екенсің! — деген Бөкенбай.

— Сабазың қалың ел түгел таңғалып жатқанда кірпігін де қаққан жоқ. Сазарып тұрып алды. Сұмдығына найза байламас қу болмаса қайтсын! — деген Есет.

— Аруағыңнан айналайын, қазақтан да Қалдаман туған екен ғой! — дескен былайғы тобыр.

Содан Әбілқайырдың көзсіз батырлығы мен құралайды көзден атқан мергендігі ел арасына жайылып жүре бергенді. Енді міне, сол дақпыртқа ел арасы екі айырылып кете жаздап тұрған тұста өз бауырына өзі қол көтеріп, ала ауыз жұрттың ауызына құм құйған ақылдылығы жайындағы жаңа лақап қосылды.

Бұрын топ жарған үш бидің ауызы мен алтын тақтағы өз Тәукенің басындағы алтын тажға қарап, құлақтарын кесіп алсаң да, білмей, аңтарылып қалатын Күлтөбедегі жиын бұл жолы осы бір қаршадай бола тұрып, ішінде не жатқанын білдірмейтін жап-жас сұлтанның сұп-суық жүзіне де алақ-жұлақ қарап, сұқтанумен болған-ды.

Әбілқайыр ол қылығына онша мән бере қоймаған сыңай танытты. Күлтөбедегі жиыннан қайтып келе жатып, табын Бөкенбай қасына келіп: «Апырай, нағашы-ай, қате кетіп, жазым етіп алармын-ау деп сескенбедің бе?» — дегенде: «Қызылқұмның ауызы мұрынын жылқыға толтырған бай болғанмен, қайдағы бір бозбас балаға бола жеті мың жылқы құн төлетіп, табындарды қаралай қара жұртқа отырғызғым келмеді ғой», — деп қалжыңға жеңдірген-ді.

Бөкенбай ана жолы Мамайға ыза болып қорамсағына шап бергені қате болғанына сонда барып назар аударған-ды. Шынында да, ашу үстінде төре тұқымының төлін зақымдап алар болса, қазаққа тағы да бір таусылмас далаба табылатын еді ғой! Абырой болғанда, қасында Әбілқайыр келе жатар ма! Соны ойлаған Бөкенбай Әбілқайырға әрі таңырқай, әрі сүйсіне көз тастады. Сұлтан онысын аңғарса да, аңғармаған бола

салды. Бірақ үш жүздің тізгінін ұстаған үш жорға оның осы бір қылығын ескерусіз қалдырмапты.

Тәуке бастаған ел ұстарлар қазақ руларының арасындағы ірмек-тірмекті түгел жазып, күзді күнгі қатықтай ұйтқылы елге айналдырамыз деп қанша тырбынса да, енді-енді қордалана бастаған үш алаштың қара басын жоңғардың сұғанақ найзасы біресе ол пұшпағынан, біресе бұл пұшпағынан түрткілеп тыныш тұрғызбады. Мұндай жағдайда ел тізгінінің ауызы дуалы кәріден гөрі қолы қарулы жасқа лайық екені мықтап сезілетін еді. Бір кезде жеті жарғыны жасақтаған жеті жорға әз Тәукемен әрі кеңесіп, бері кеңесіп үш орданың жебелі жасағын көздерінің тірісінде жетелі деген жас нояндарға табыстауды мақұл деп тапты. Сонда бұрын Әйтекенің қолындағы Кіші жүз тізгіні бір ауыздан Әбілқайырға бұйырды. Ол енді күні кешеге дейін бірінің қолы бірінің жағасында келген Алшын мен жеті рудың басын біріктіріп, бір тұтамда ұстауға тиісті болды. Арғынның бірер руы мен алты шектіге Қайып бас болды. Арғын мен Қыпшақтың қалың жынысына Сәмеке мен Болат, найманды Тұрсынханнан тараған Барақ пен Күшік бөліп биледі. Ұлы жүздің ұлы шеруі Иман хан, Рүстем хандар мен Әбілқайырдың әкесі Абдолла сұлтанның қолдарында қалды. Әрқайсысы бір-бір ұлыстың тізгінін ұстаған өңшең жас нояндарға аға хан болып Тәуке сайланды.

Бұрын оқта-текте ғана бой көрсетіп, жүретін саяқ сұлтанға енді ел алдына күнде шығатын күн туды. Айда жылда ауызға ілігердей бір іс істеп жайыңа жүру бір бөлек екен де, күні-түні дүйім жұрттың көзінде жүрудің жөні бір бөлек екен. Бұрын айдаладан дақпыртыңды естіп, қаралай мәз болатын тілекші халық енді әр іс, әр сөзіңді көз жазбай бақылап отыратын сыншыға айналады екен. Көңілдерінен шыға алсаң жақсы... Ал, шыға алмасаң, тез тойынып, тез аритын жылқы мінезді жұртыңның сәл нәрседен көңілдеріне дік қашып, тұмсықтарын шүйіріп, шегіншектеп шыға келуі ғажап емес. Ондайда ықлым заманнан тақ мінген әулетің болса бір сәрі, ал өлдім-талдым деп билікке қолың енді жетіп отырған шетқақпай тұқымның төлі болсаң, жамаанның ауызы асқа тисе, мұрыны қанайдының кебін киесің.

Әбілқайыр жас кезінен намысшыл еді. Біреу-міреу қолымнан қағып тастай ма деп сұқақтап ортаға ұмтылмайтын. Шапағатын тигізер ме екен деп

болған-толғандардың да қас-қабағын қарағыштай бермейтін. Жайбарақат жырақ жүргенді ұнататын. Әкесі Абдолладан бастап өзге Өсеке балаларының Жәдік тұқымының қайқытөстерін көрсе құрақ ұшып, құлдық ұратын төмен көкірек монтанылықтарына қаралай жыны келетін. Былайғы аға-інілері сияқты қолында билік бар болсын, жоқ болсын, әйтеуір, тегім төре еді ғой деп, жалпақ көптің алдында кеуде қағып кісімсінуді де ит етінен жек көретін. Жиын мен той іздеп бұтқа толмай, өзімен-өзі оңаша жүретіні, аңға шыққанда да нөкер мен ит-құс ертпейтіні сондықтан-ды. Одан бірақ опық жеген жері жоқ. Керек кезінде жұрт көзіне ызы-қиқы, қым-қуыт дүрбелеңдетіп бағатын өзге туыстары емес, төре басымен бетегеден биік, жусаннан аласа боп, тым-тырс жүретін Әбілқайыр ілікті. Әуелі жұрт: «Тымсырайған осының өзі қандай неме?» — деп назар аударды. Артынан: «Қойдан қоңыр боп жүріп қарай көр өзін!» — деп түймедейін түйедей қып тамсанып бақты. Енді сол сүйсінген жұрттың көңілін суытып алмау ел тізгініне жаңа қолы жеткен жас сұлтанның тұрса ойынан, жатса түсінен шықпайтын болды. Тіміскі көңілі баяғыдағы Мәті айтқан бір ауыз сөз бен Әйтеке айтқан бір ауыз сөзден шырқ айналып шыға алмай қойды.

Тегіне теңдік тимеген адам ебімен ғана ел қатарына қосыла алады. Ел билеген ұлықтың ебі — жұрт алдындағы қылығы. Әбілқайыр үшін ел — өзі сияқты сұлтандар емес қалың қарашы. Өзінен гөрі жөргегі жібек, түбегі күміс алтын бесіктерден өрбіген өрелі тұқым бұл қанша елпектегенмен бәрібір көкірегiнен қос аяқтап теуіп жолатп қоймас. Одан қайта айдаса малы, атса оғы мол қалың қарашының қас-қабағын аңдығаны жөн. Төре басымен илігіп тұрған сұлтанды сыртқа итеретін қарашы, сірә, табылмайды. Ал, қазіргідей алмағайып заманда қарашының қайратына сүйенбесең, діттеген жеріңнен шыға алар-шыға алмасың екіталай. Әйтпесе, тақта туып, тақта кіндігі кесілген Жәдік тұқымының ең жуан тамырынан өрбіген Тәукенің өзі қарадан шыққан қара таяқтардың алдында осынша құрақ ұшпаған болар еді. Құрақ ұшпай да қайтсін, мал да соларда, жан да соларда! Ал қалың қарашының арасындағы үркердей ғана қиғаш қабақ, қысық көз шүлдіреген төре тұқымда баяғыда әйгілі Шыңғысханның белінен тарапты-мыс дақпырттан басқа не қалды?!

Қарашыға ел де өзінікі, жер де өзінікі. Төрені мінгізіп төбеге шығаратын ақ өре киіз де өзінікі. Оны көкке көтеретін, жерге түсіретін самсаған сансыз білек те өзінікі. Ендеше, астындағы алтын тақтың сирағын кім көтеріп тұрғанына байқас болмасаң, күн астында күлім қағып тұрған алтын тажының күл арасынан бір-ақ шығуы ғажап емес. Өз Тәукенің отыз жыл бойына жұрт төбесінде қаққан қазықтай қадалып отырып алғанының негізгі сыры осыны қапысыз ұға алғанында. Оның қарашыға жүзі ғана жылы емес, қолы да жомарт-ты. Қарашыдан еті пысық біреу шықса, алдымен соның көзіне түсетін. Бір жігіттің маңдайынан сипаймын деп, бүкіл бір тайпа елдің ауызын алатынын хан жақсы білетін. Әйтпесе, алақандай төре тұқымын ғана жарылқағанына мәз болса, әлдеқашан сол «өзімсің, өзімсің» деп өңменін үзген өз қандастарының бір содырының қанды пышағынан жайрап қалған болар еді. Қазір қарашыға арқасын мықтап тіреп алған өз Тәукеге «арқар» ұрандыларының оңаша отырып кіжінетіндері көп те, ел алдына шығып сес көрсете алатындары жоқ. Өйткені, ол десе, жапырыла құлайтын жалпақ қарашаның қалың көк найзасынан қорқады. Тәукенің сөзін пәтуалы қылып тұрған да, атағын айбынды қылып тұрған да — қарашаның ықласы. Тәуке қарашыдан ықлас бұйыратын сәл жерді қағыс жібермейді.

Қарап отырса, Тәуке төңірегіндегілердің әуелден іргелісі тек Әйтеке. Басқалары бұрын ел арқасына тақымы ілікпеген қоқым төсеніп, қоға жастаған, көкіректеріне нан пісе қоймаған төменшік әулеттерден. Үш арыс алаштың төбе биі Төленің арғы төсегі «жаныс көп пе, қамыс көп пе» дейтін қалың елдің батыр мен биді егізден балалатқан шүйделі аталары емес, Алатау мен Қаратаудың арасына сынадай сығылысып әзер күн көріп жүрген әлжуаз Қожамбердісі. Ормандай қалың Орта жүздің қарақұрым қолын басқарып отырған бүгінде сонау Ақжолдан бермен қарай тізгін бермей келе жатқан Мейрамсопының балалары емес, жеті момын тоқал арғыннан шыққан қанжығалы Бөгенбай мен Жанатай, шақшақ Жәнібек пен тарақты Байғозы, бәсентин Малайсары мен Сырымбет. Жылы жұмсақ пен жылтырақ көрсе, өлімін сататын іргелі тұқымдар оларға оңайшылықпен жол беріп жүр ғой дейсің бе? Жоқ. Оларды оздырып жүрген — тек қызыл тілдің ебі мен жуан білектің қайраты ғана емес, мынау ертең не болып

кетері белгісіз екі талай заманның дүмпуі. Жау бетіне, жел өтіне шығу төрге шығу емес. Сосын да қазір білік пен білек ата-тегінің аруағы мен даңқынан кем бағалы болмай тұр. Оның үстіне, талай таралғыдан аман қалған кәрі түлкідей қырқылжың Тәуке өз маңына әу бастан бағы аумаған ерке тұқымнан гөрі билік дәмін енді татқан соны әулетті көбірек жинаудың неге керек екенін жақсы білетін. Ежелден бергі ерке тұқым саған еркелігі өтпеген күні ту сыртыңнан пышақ ұрып, тулаққа аунатып кетуге тырысады, ал өз қолыңнан өрге сүйреп, өркенін өсірген тұқымың өле-өлгеніңше алдыңнан жел боп келмей ардақтап бағады.

Соған қарағанда көк найзалы Кіші жүздің көшінің басына Жәдік тұқымының өзге сұлтандары жетпегендей, не Абдолланың әкесі де ақ сүйек, шешесі де ақ сүйек нақ сүйер бәйбішесінен өрбіген өзге балалары жетпегендей қайдағы бір қара шатыс, тоқалдан туған томар бас мұны шығарып жүргендері де тегін болмас. Мұның білегі мен білігінен ғана дәметіп қоймай, ертең ереуілдеп шыға келер күн туса, қарақұрым қарашының алдындағы өтімділігінен дәмететін шығар.

Ендеше, оның қанша құйсаң да, аз көрінер қызыл құмның құзғын шағылындай кенезесі кеуіп қалған өз тұқымынан емес, сәл бүркісінің қалқып қарқ боп шыға келетін тау бөктерінің қатқылындай қанағатшыл қарашының көңілін аулағаны дұрыс секілді.

Қазақ қазақ атанғалы найзалының малдыға жалынған күні кем де кем, малдының найзалыға жалынбаған күні кем де кем. Ал, қазір найзалының малды, малдының найзалы болып алған заманы. Малың қорғайтын найзалы елін де қорғайды. Өйткені, малдың ауызына қарайтын найзалының елі — қойының өрісі мен жылқысының тебіні. Малы жанына садаға, жаны малына садаға жұртты жауға алдыратын да, жауға аттандыратын да мал. Олай болса, елдің түндігі найзамен ашылып, найзамен жабылып тұрған мынадай заманда бұл ең алдымен малдының көңілін аулауы керек. Малдының көңілінен шықса найзалының да көңілінен шыққаны. Найзалының көңілінен шықса, сырттағы дұшпанның тауын шағады, іштегі дұшпанның сағын сындырады.

Әбілқайырға қолына мынау екі талай кезде түскен билікті бекемдей түсудің жалғыз жолы — ел тынышын

кетіріп отырған жоңғарларға қарсы қайрат көрсетер тұста көзге ілініп бағу. Өйтейін десе, қазақтың жүйкесінде ойнаған ата дұшпан ат басын ол билейтін батыс ұлыстарға емес, ол билемейтін шығыс ұлыстарға тіреп тұр. Күн шығыс жақ іргеге ат байлап жатып алған жауға күн батыс бет іргенің ұлыс бегі өз бетімен тиісе алмайды. Ондай құқ үш орданың аға ханының қолында. Аға ханға қолына тізгін тиер-тиместе «жауға шабайық» деп бара алмайды. Ондайды бұдан бұрын да тізгін ұстап келе жатқандар айта алады, не қалың қарашының бетке шығар ауызы дуалылары айта алады. Ал, ондай ауыз құдыреттерге тоқтасаң, айтатындары белгілі... Көшпендінің алдында ылғи екі ұдай жол жатады. Біреуі — жерді қорғау, біреуі — елді қорғау. Жерді қорғаудың жолы — қасық қаның қалғанша айқасып, басқыншыны басқа ұрып қуып шығу. Елді қорғаудың бір жолы — бастан құлақ садаға деп, бауыр басқан жерді өңмендеген қызыл көз жауға-ақ қалдырып, қатын-балаң мен қарашанырағыңды түйеге таңып ап, азғантай дәулетінді алдына салып ап безе жөнелу, сол бетіңмен бос жатқан жерге, не өзіңнен гөрі әлсіздеу біреудің мекеніне қоныс аударып алу. Жерді қорғаймын деп желпініп шығайын десең, қыл жалаулы жоңғардың дәл қазір саған дес бере қоятын түрі көрінбейді. Жоңғарды жеңсең — ар жағында құмырысқадай құжынаған қытай тағы тұр. Онан да не ұсынған басты балта кеспес деп, үйреніскен жау атыспаққа жақсы деп, ақыр түбі бір есеп деп, қаптағалап тиген қалың жоңғарға ың-шыңсыз мойын ұсына салған, не мынау ата-қонысты түгел тастап, баяғыда бабаларымыз талай барып-қайтқан Қаптауының терістігінде әлі күнге құлазып бос жатқан ұшан далаларға асып алған, не жекелеп тиіссе, қай-қайсысы да қазақтың үш арысының үшеуіне де жеңістік бермейтін, ал үш арыс тізе біріктіріп қайрат қылса, қай-қайсысы да жолдарында тұра алмайтын, Оралдағы башқұрт пен Еділдегі торғауыттың «сен де жазық жоқ, мен де азық жоқ» деп жерін тартып алғанының өзі дұрыс секілді. Қазаққа осы үшеуінен басқа барар жер, басар тау бәрібір қалмағанға ұқсайды.

Әлгілерді тыңдап отырғанда бұл әңгіме Әбілқайырдың да құлағына кіргендей болады. Бірақ, былайырақ ұзап шығуы-ақ мұң, көңілі бәрібір алабұртып шыға келеді. «Осы қазақ төңірегінен құқайды көре-көре әбден қоян жүрек боп алғаннан сау ма!»

Батысында Еділ мен Жем арасының қатқылын жайлап, құмағын қыстап торғауыт жатыр. Сәл жолап кетсең, жонын ақ патшаның әскеріне тіреп күйдіріп шыға келеді. Терістігінде нулы жердің балдырғанын тапап, сулы жердің тұнығын кешіп башқұрт тұр. Ол да анадайдан төбең көрінгеннен-ақ қамшысын үйіріп айқайлап бағады. Күнгейдің бұйрат-бұйрат құмына тығылып Хиуа мен Бұхара жатыр. Жел жағынан шығып, бірденеден жазып қалсаң, қалашыңды базарына кіргізбей, қатын-баланды жалаң бұт қалдырады. Су ағатын сай-саланың бәріне тор жайып шаңқылдап казак орыстың тұрысы анау. Шығыста қара бурадай шабынып қалың жоңғардың тұрысы мынау. Бәрінің ортасында өз қонысында өзі сүтке тиген күшіктей боп қазақ жүр. Жалынып барса, қай-қайсысы да: «Жалба тымақты қазақ, жөніңе ойна!» — деп кергиді. Шабынып барсаң: «Бұралқы иттей жортатын да жүретін бұзық қазақ, пәлен жерде керуенімді тонадың, түген жерде егісіме түстің, былтыр айдарлымды айдап кеттің, биыл тұлымдымды зорлап кеттің!» — деп сәл нәрседен ілік шығарып, құдайдың жоқ байбаламын салып, ертеңіне емініп жетіп келіп іргенді сабап, өрісінді тонап кетеді. Жауға кеткен қыл құйрықты мен қыл бұрымдыны қайтарып алам деп жауыр атқа жайдақ мініп еркек кіндіктің-ақ қоңы ойылып бітті.

Әбілқайырдың өз көкірегіне салса, жан-жағыңнан түртіп қашқан көп тентектің соңынан тыртаңдап қуа жөнелгеніңнен пәтуа жоқ, бәрібір қуып жетіп ұстай алмайсың. Қуып жетіп ұстағанмен өшің бәрібір қайтпайды. Екі ортада шөре-шөре боп өзің мазаққа қаласың. Онан да тәуекелге мін, ең қорлығы өтіңкіреген біреуін ұстап ал, қапыңнан шыққанша қызылшеке боп төбелес. Жаның шығып кетсе де, жағасын жыртпай тоқтама! Сонда қалғандары да аяқтарын алыстан басатын болады. Кез келген ойын баласы білетін осы ақиқатты қазақтың ауызымен орақ ораған ақылгөйлерінің қайтып білмейтініне қайран қалады. Олар не туралы айтсаң да, үш арыс алаштың ауызының ала екенін айтып зарлай жөнеледі. «Ойбай, бізге өйту қайда, бұйту қайда, ондай істейік десек, пәленшеге өрге тартады, түгенше ойға тартады», — деп байбалам салып, ат-тондарын ала қашып шыға келеді. Ақылдымын дегендері: «Әуелі елдің ауызын біріктіріп алайық, қалғанын сосын көре жатармыз», — деп кергиді. Елдің



ауызын сөз емес іс біріктіретіні қаперлеріне кіріп шықпайды. Бұған әлгіндей ел жұмылып атқаратындай өрелі іске бастайтын өрелі азамат табылса, еретұғын жұрт табылатындай көрінеді де тұрады. Біреудің сәлдей жақсы қылығын шартарапқа шапқылай жайып, ауыздарының суы құрып, аңызға айналдырып әкететін елгезек халық, шамасы, ерен істер тындыратын ерлерді аңсайтын сияқты. Қу далада құйын қуып кете жаздап зорға шыдап, іші пысып отыратын елегізбе қазақтың еретіндей кісі табылып жатса, ермей қалуы тіпті де мүмкін емес секілді. Рас, қазақты әуелі, ең болмаса, тамақсаулығыңмен таңғалтып алмай тұрып, бір нәрсеге иліктіре, иландыра қоюың қиын-ақ; ал енді айтқаныңа бір еліктіріп алдың екен, ертіп апарып орға құлатып, жұлын омыртқасын үзіп кетсең де, саған аузын ашып, көзін жұмып тамсанғанынан таймайды. Жұртпен қызыл кеңірдек боп таласып, сені әбден марапаттап бітеді. Қазақтың қазіргі күпілдеп сөйлеп күпсіп жүрген көп жақсысы бір кезде сөйтіп жылт еткен бірдеңесімен ел назарына ілігіп, кейін ештеңе тындырмай-ақ абырой-атаққа оңай ие болып жүргендер. Әбілқайырға ондайлар құйрықтарын зорға көтеріп жүрген семіз кепелердің енелерін көрсе сұғанақтығы ұстап, әлдеқашан көк шандыр боп тұралап қалуға айналған көтерем бейшаралардың бауырларына бастарын сұғып түйгіштеп бағатындарындай сорақы көрінеді де тұрады.

Ол ел алдына шығар болса, тіпті де өйтпес еді. Бірақ, ондай дәурен қайда! Таж астында жаратылып, тақ үстінде жарыққа келген Жәдік әулетінің кер ауыз кергімелері тұрғанда бұған жол қайдан тисін! Қолдарынан келсін-келмесін тізгін солардікі ғой. Бұларға «барып кел, шауып кел» болмаса, пәтуәлі не тиюші еді...

«Кім біліпті, тимесе, енді тиер», — деп дәметеді кейуақ.

Заман аңғары тарылып, жандары қысыла бастағанда қазаққа біткен қыл жалаудың бәрі күні кеше төрге ұмтылып, жамбас жілікке жармаспай, төмен отырып сарқыт жеп, сирақ мұжитын салпы етек ауылдардың найза ұстарларына бұйырып жатқан жоқ па! Жәдік тұқымы да мынау алдарына апарған жайпама табақты жапырта малшылап, өздері әбден кересінен шыға тойып алғасын шеңгелдерін лықа толтырып, жұрттың езуін

керіп, жағын жыртып, жағалай сарқыт асатудан гөрі ішіне тобық не асық салып жіберіп, асыға қарпып, жұтына алмай қиқылдап жатқан тамақсауларға қарқылдап күліп мәз болудан гөрі қиынырақ іс шығып тұрған тұста, білектері көтере алмас шоқпарды белімізге қыстырамыз деп әуреге түсіп қайтеді, берер... Беріп те жатқан жоқ па!

Ел алдындағы елеусіздеу екі қылығы үшін қазақтың ауызындағы сөз серкесін өзі қағып алып сөйлеген семсер тілді қаржас Бұқар айтқандай «білегінің күші алтын, найзасының ұшы алтын Кіші жүздің» тізгінін өз қолынан әкеп ұстатты емес пе! Кім біліпті күндердің күнінде...

Ондайда Әбілқайырдың көз алдына көкпен таласқан көк күмбез келеді. Күнге шағылысып күлің-күлің еткен көк күмбездің алдында жыртылып-айырылып тұрған жер қайысқан қалың қазақ келеді. Олардың қолында ұзындығы алпыс құлаш, ені қырық құлаш айлапат ақ өре киіз бар екен дейді. Ақ киіздің үстінде қақпақыл боп өзі жүр екен дейді. Қауқылдасқан қарақұрым жұрт көтере серіпкенде бұл зымырай көк күмбезден де биіктеп кетеді екен дейді... Басына бақ қонған кісінің көңіліне құс жете алады дейсің бе... Ақ киізге көтеріліп хан сайланған адамның көңілі де шалқып жатқан шатыра аспанды шатырлата сындырып әрі асып кететіндей болатын шығар...

Түбіт иек бала сұлтан қайдағы-жайдағының бәрін сары майдан қыл суырғандай жүйелеп ойлап келе жатқан сара көңіліне кенеттен киліккен әлгі бір әдемі елеске арбалып мүдіріп қалады. Отырып-отырып барып бір күрсінеді. Күрсінгені — ондай дәурен маған қайдан келсін деп күдерін үзгені ме, жоқ сол бір арманына дәл осы қазір жеткісі келіп асыққаны ма — ол арасы белгісіз. Әйтеуір ойланғанда одан сайын қан-сөлінен айырылып қоя беретін қара сұр жүзі қабарытып, екі шықшыты ойнап шыға келеді. Екі көзі шоқтай жанады. Бірдеңеге мықтап ерегіскені, бірдеңеге мықтап бел бұғаны көрініп тұрады.

Жаман айтпай жақсы жоқ... Қазақтың басына күн туса, өз Тәуке асарын асап, жасарын жасап қартайып отыр. Төңірегінде төрелерінің ішінде жау бетке мен шығам деп жағаласа кететіндері шамалы. Кәрі ханның өз белінен өрбіген екеудің бірі тіршілікте жоқ. Екіншісі Бозымбай Болат... Ол да бір жүк астына өсетін ақ шөптей әлжуаз неме. Оның үстіне пәлен жыл жоңғардың

тұтқынында болды. Ламасының ордасында жүріпті деп еді. Соның қияпаты тиген бе, әйтеуір өз-өзінен үгіліп бара жатқан ылжырақ бірдеңе. Оның не бір ширақ қимылдап жүргенін, не елдің есінде қалатындай орнықты сөз айтқанын ешкім көрген де, естіген де емес... Күлтөбедегі жылдағы жиынның тұсында көлеңкедей шұбалаңдаған біреу ханға еріп келеді, ханға еріп кетеді. Ел тізгіні түгілі өз тізгінін дұрыс алып жүрсе де, Қорасанға қой айтқандайсың. Орта жүзге хан болып отырған Қайыптың да жасы жер ортадан ауып барады. Ағасының үлкейіп келе жатқанын, інісінің боз өкпелігін аңғара ма, кейінгі кезде аяқ астынан ширақтық бітіп, күйек сақалын көсей төсеп бұрын сөйлеуге, көстеңдеп бұрын жүріп, бұрын отыруға ұмтылатынды шығарыпты. Бірақ, қырқында жау түсірмеген неме алпысында аламан бастап кімді қырар дейсің. Ал, Орта жүз төрелерінің одан кейінгі естияры Апақ ұлы Сәмекенің алдына ағасы жол байлау болды. Күпсіп сөйлегенінен қаралай тыжырынтып бітетін қызыл көз Барақ пен оның әйтеуір ерқара немере інісі Күшікті Жәдік тұқымы төрге өздері де отырғыза қоймас. Сонда...

Сонда қазақтың бас ноқтасы өзіне жақындап келе жатқандай көріне ме, Әбілқайырдың алақаны қышып, тақымы қыз-қыз қайнап қоя береді. Бозбала сұлтан ажарлы қыз көргенде де тап бүйтіп қутыңдамас. Екі көзінің жылты оянып, екі бетінің ұшы албырап, нұрланып сала береді. Тек басқа сұлтандардай сұлу қызы көп ауылдардың іргесін бағып, аң көп таудың жүлгесін бағып дырдулатып жүріп алмаса болғаны. Қимылдап қалар тұсы осы тұс!

Жоңғар оңай жау емес. Қазақтың сексен мың әскерін қаудыраған кәріге, не бос белбеу бозымбайға бастатып көсегенің көгермейтіні сөзсіз. Оған қылшылдаған қырғи жүрек жас керек. Қазақ қолдарының бәрінің де басшылары жаңарды. Енді олар өздерін майданға бастар жаубасар сұлтанды да өздері таңдайтын шығар. Талайды көрген тарлан боз Тәуке мынандай қилы кезеңде сұлтандардан гөрі қолбасыларға көбірек құлақ асар ыңғай танытты. Сонда олардың ауызына, шіркін, бұның аты түссе ғой...

Ендеше, «алма, піс, аузыма түс» деп қысыр қиялға беріліп жатып алмай, бір амалын қарастырған жөн. Сонда әлгі әңгімені қай дуалы ауызға айтқызғаны дұрыс болар еді! Өзі Кіші жүзді билеп отырып, алшындардың

батырларына айтқызып абырой таба алмасы белгілі. Қосатын қолының қарасы мол Орта жүздің батырлары өз ауылында толып жүрген көп сұлтанның бірін көрмей, айдаладағы бұның атын ауыздарына тіріде алсын ба! Сонда мұның атын алқалы жиында айқайлап айтар бір игі жақсының табылмағаны ма?

Бала сұлтан манадан бері сумаңдап желе жортып келе жатқан көшпелі ойынан жаңылып дағдарып қалады. Әлгінде ғана бетіне ойнап шыға келген қызыл рең аяқ астында семіп, қайтадан үйреншікті сұп-сұр кейпіне түседі. Қабағын шытынып сазарып отырып қалады. Баяғыдан бері ырысы мол, ауызы дуалы, дауысы жуан бір майтымақтың қабағын алып қоймағанына өкінеді. Бірақ, дуалы ауыз, игі жақсы дегеннің өзі де аударма-төңкерме заманның өзімен бірге аударылып-төңкеріліп жатқан құбылмалы нәрсе емес пе! Ендеше, бұған жылы қарап, жымия күлетіндердің арасында сондай берекелі ауыз біреу неғып жоқ. Неге болмасын... бар... Он сегіз арыс Алшынды былай қойғанда, күні кеше ноқта аға боп қосылған Жеті рудың өзінде қанша шора, қанша жақсы бар! Басқаны былай қойғанда, жиёмбет Бөкенбайдың өзі неге тұрады! Қазір қазақтың бар назарын бір өзіне аударып, отырған сол емес пе! Қарақұмдағы қаптап жүрген қыл құйрық кімдікі. Бөкенбай мен Есеттікі. Қара құрым қыл құйрықты қуалап қаптап жүрген көп қара таяқ кімдікі? Бөкенбай мен Есеттікі. Өзге қазақ руларынан қысастықты көп көрген кім? Бөкенбай мен Есет. Соның бәрін жеңіп шығып, ел алдында абырой-атаққа ие болған кім? Бөкенбай мен Есет. Оларға мал жағынан тек Садырдың Жомарты мен Матайдың Бөртесі, кетенің Балпашы ғана жуықтай алар. Бірақ, соңына ерткен жан-жағынан Бөкенбай мен Есетке олар да маңайлай алмас. Күні кеше ғана екеуінің алдында қатарымызға қостық, бұрынғы көзтүрткіге бұдан былай жол бермейміз деп құран ұстап анттасқан үш арыстың игі жақсылары олардың сөзін бүгін кеп жерге тастай қояр дейсің бе? Ендеше қазір ең сөзі өтімді қазақ сол Бөкенбай! Көрші-қоланнан қысастықты көп көріп, жұмылған жұдырықтай тас түйін қол да соның соңында. Төңіректеген жаумен де ең көп ұстасқан сол. Ендеше мынау «апырай, қайтып кетер екенбіз» — деген екі ұдай күндерде «Жоңғарға қарсы шығайық, қол жиып, күш біріктірейік!» — әңгімені тек соған айтқызған жөн. Ертеңгі жиында айтқаны қабыл

болса, өзі бастаған шаруаны іс қылып шығару да соған тапсырылады ғой. Сонда қазақтың қалың қолын жауға бастар сардар сұлтанды да сол таңдамай, кім таңдар дейсін...

Әбілқайыр мына ойына қуанып кетті. Көз алдына атан түйедей алп-алп басқан шойқара кісі келді. Оның құлайтын жардай түксиіп қабарытып тұратын шара табақ жүзі келеді. Сампылдап көп сөйлей бермейтін, сөйлесе шегелеп сөйлейтін саңқылдаған жуан дауысы келді. Сол бір жуан дауыстың бүкіл қазақ даласын дірілдетердей боп, бұның атын атап гүж ете қалғаны құлағына шалынғандай. Шіркін, сонда: «Иә, дұрыс айтасың!» — деп саңқ ете қалар және бір дауыс болар ма еді! Ол дауыстың исі Кіші жүз емес, не Ұлы жүз, не Орта жүз болғаны қандай ғанибет! Ол да жұлдызы енді жанып келе жатқан жас перінің дауысы болса, тіптен қатып кетер еді-ау!

Жас сұлтанның лыпыған жүрдек жорғадай татаусыз көңілі тағы да кібіртіктейді. Бірақ, көп ұзамай көзіне қайтадан жылт ойнады. Езуіне күлкі жүгіріп, өзінен өзі жымып қояды. Есіне жуық арада болған бір оқиға оралады. Тіп-тік шашының арасынан тарыдай шашырап жатқан моншақ терді қамшысының сабымен сілкіп тастап, жүрелей отырып ап сампылдап әңгіме соққан Мырзатай көз алдына елестеп кетті. Ауыл мен базар, ұлыс пен ұлыс арасындағы сапарда көп жүретін Мырзатай әңгімешіл адам еді. Бір жаққа барып келгенде әуелі не тындырып келгенін айтпай, не естіп, не көріп келгенін айтатын.

Құлақ елеңдетер бірдеңе естіп келсе, хан орданың маңында ертелі-кеш толып жүретін көп қызметшілерге анадайдан ақырып-жекіріп, жолын кескестеп сұқақтаған тазыларды қамшымен бір сықпыртып, төлеңгіттерді де тұқым-тұяғымен түгел сыбап, табалдырықтан бұтқа толып зорға аттар-ды. Ондайда сырттан қыңсылаған ит дыбысы шығысымен-ақ төрде отырған Әбілқайырдың бойы жазылып, арқасы кеңіп қоя берер-ді.

— Ә, қара тентек келдің бе? — деп оң жағынан орын ығысар-ды.

Мырзатай талтаңдай басып төрге озар-ды. Апасынан қымыз сұрар-ды. Ал енді ештеңе көрмей, естімей, айта қаларлықтай хабары болмай оралса, онысы да бірден белгілі. Онда құл-құтанның да, төлеңгіттердің де құлағы

тыныш болады. Иттердің де жон арқасында қамшы ойнамайды. Табалдырықтан томсырайып аттап, бір керегеден жоғары төрге озбайды. Алты қап алтын арқалап келсе де ауыз толтырып айтар көлденең хабары болмаған соң, отырмай жатып қымыз сұрамайды. Қашан қай тапсырмасын қалай орындап шыққанын тәптіштеп баяндап болғасын, өз үйіне кетерде барып ағарған сұрайды. Ондайда төрдегі Әбілқайыр да құрыстап отырады. Күңкілдеп бірдене сұраған болады. Оған Мырзатай үні мұрнының астынан ұзамай, бірдеме деп жауап берген болатын. Жездесі мен балдызының бар мәжілісі сонымен бітеді.

Ал, сол бір жолы Мырзатай базардан онша олжалы оралмаса да, анадайдан айқайлай келді. Төлеңгіт Бәйбектің жеті атасы мен әлі қаралары да жоқ қыз-қатыны адыраңдаған адай батырынан киер киеспесін әп-сәтте-ақ киіп шықты. Әбілқайырдың түлкі аулауға ертетін қаншық тазысы да көптен бері төбеттерде кетіп жүрген есесін ханның қақшаңдаған қара шұнақ балдызынан қайтарды. Табалдырықтан тарс-тұрс аттап, етігін қонышынан басып түрегеліп тұрып шешіп, дүрс еткізіп оң жаққа тастай салады. Жұқа мәсімен көстендей басып хан қасына озды. Басындағы далбайын сыпырып ап, тікірейіп тұрған тікен шашын қамшының сабымен тыр-тыр қасып:

— Аманшылық па? — деп дүңк етті.

Жездесі езу тартты. Апасы ернін тістеді. Демек, шаруа түгел деген сөз. Бопайдың-ақ осыған сылаңдаған сыпайы төре бола қоймадың деп, өкпесі қара қазандай. Бірдене десе, ернін тістелеп, қаралай шаршап бітеді. Туысында жоқ төрелік хан — сұлтанның сарқытын мың жерден жалап-сұқтағанымен жұға қоя ма! Жездесіне қайта осы арсы-күрсі мінезі ұнаңқырайтын сияқты.

— Момын жігіт, сөйлей отыр, — дейді Әбілқайыр он қолымен балдызының тізесін басып.

— Апа, қымыз әкелші. Салған жерден сайрай жөнелетін сендер құсап салқын көлеңкеде саба иіскеп отыр дейсің бе? Құдайдың күні күйіп кетті ғой, тілім таңдайыма жабысып қалды.

— Әй, Мырзатайға қымыз әкеліңдер.

Шара табақ мәймендей толып қымыз келді. Мырзатай шөлдеп келген кісі секілді емес, тойып келген кісіге ұқсап, сораптап, дәмін алып, асықпай сімірді. Басын шайқап, көзін жұмып қышырқанып қояды. Сосын

қияқ мұртын қолының сыртымен бір сүйкеп, шараны қайтарды. Жездесіне қырындай қарап, қалтасынан шақшасын алып, жайғасып отырды.

— Міне, бүгін алтыншы күн ат үстінен түскем жоқ, — деп бастады сөзін Мырзатай. — Бүгін түнде түзге түнедім. Алдыңғы күні Кеңгір бойында арғындардың жылқы қосы отыр екен. Соған қонып шықтым. Бет-аузының бәрін қорасан қазып кеткен, онысы аз дегендей, бір жақ езуінің ай тыртығы бар бір құжбан қара жылқышысы бар екен. Бала кезінде тай жуасытып жүріп, ауызын тептіріп алыпты. Жалғыз езуі жалпылдап таң атқанша талай жердің хикаясын сапырды. Егер екі езуі түгел болғанда қаз дауысты Қазыбегіңе жол тимей, Өтеш Атанша мен Әнеттен қалған арғынның қамшысын өзі ұстайтын түрі көрінді. Сабазың, сөз дегенде, сәуірдің ақ нөсеріндей селдетіп қоя береді. Арғын атамның балаларының қай-қайсысы да өңешінен жарылып, өздері сайрап тұрады ғой. Ал мынауыңа басқа түгілі арғындардың өздері де ауыздарын ашып, көздерін жұматын шығар. Оның үстіне айдаладағы көрқұлақ жылқышы болса, оған құдай айдап бейсауат жолаушы тап келсе, ол және өзі құсап суырылған арғын боп шықпай, не сырдесте Орта жүздің біреуі боп шықпай, бір жақтағы көлденең көк атты Кіші жүз боп шықса, сөйлемек түгілі сұрағаныңа жөнді жауап бермейтін бітеу біреу боп, бар әңгіме, бар кеп өзінде қалса, ол ақтарылмағанда мен ақтарылам ба? Жөн сұрасқанда мерекесі енді шалқып келе жатқан жеті момынның бірі екенін біліп ап, онсызда лапылдай жөнелгелі тұрған оттың астын көсеп: «Ә, анау өскен-өнген ауылдан екенсің ғой» — деп қойып ем, құжбан қараң көсілді-ай дейсің кеп...

Әлгі бет-аузын қорасан талаған жылқышыға қанша күлсе де, Мырзатайдың өзі де сөзуар неметұғын. Әңгімесі қыза келе көзі шоқша жайнап, қияқ мұрты тікірейіп ауаны тырнап, итініп қойып, сілтеп бергенде таусылмас та сарқылмас сөз дариясына күмп беріп жоғалатынсың. Бірақ, сүйтіп жүріп жұрттың сөзінің ұтырын аңдығыш, көмекейіндегісін көргіш, ең бір елеусіз, әншейін ажалы жетіп айтыла қалған әңгімеге де шұқшия үңіліп, мән бере қойғыш. Әбілқайыр оның әңгімесін сосын да құмартып тыңдайды. Міне, бүгін де ол бұның көкейіндегі бір дұдамалдық төбесінен түсіп отыр.

Жырық езу жылқышының әңгімесін өз әңгімесіндей екіленіп айтып отыр.

— Шақшақтан Бақай, Көшей, Дүзей, Есназар, Ақназар, Тоғай — алтау туғанда әлгі сөзуар жылқышы соның Дүзейінен боп шықты. Бірақ, айтып отырған әңгімесі өзінің дүзейі емес, Көшей тұқымы жайында. Алты шашақты ең еті пысығы Дүзей болғанда, ең үйден шықпас момыны Көшей көрінеді. Алайда, Шақшақтың найзасы өз тұсында ылғи жел өтінде жүрген Дүзей тұқымына бұйырмай, үйдің ығынан ұзамаған Көшейдің әулетіне бұйырыпты. Оның себебі бар екен. Бар гәп Көшейдің қыздай алған бәйбішесінде деседі. Ол өзі ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, кіріп келген үй қараңғы болса, жарқырап жүре беретін, жарық болса, көзінді қарықтырып қаратпайтын асқан сұлу адам болыпты. Оның көркі жайындағы лақап сол заманда қазақтың үйінің сыртына кәрі үлектей күркілдеп көп сүйкенетін жоңғардың бір ұрыншақ ханының да құлағына шалынады. Сол сығыр жарақты батыр Дүзейдің ауылынан ұзап шыққанын күтіп, төбе айналып төңіректен жүреді екен. Бір күні Дүзей бір жаққа жолаушылап кете қалады. Бес қаруы белінен түспейтін Дүзей бел асысымен-ақ қыл жалаулы жоңғар қыр астынан шыға кеп, бейқам қазақ ауылына тап берді. Дүзейдің Шақшақ ауылы да бір, шақшақайдың ұясы да бір екен. Құныққан жау қалағанын алып тайып тұрады. Үйден шықпайтын үйкүшік Көшей айдай қатыннан тал түсте айырылып, күлге шөгіп отырып қалады. Араға бірер күн түскесін жолаушылап кеткен Дүзей ауылға оралады. Ауылында — еңіреп қалған ел, жерге қарап қалған аға. Аттан түспестен жаудың соңынан салады. Үш-төрт күн бұрын кеткен жау артымыздан Дүзей қуып келеді деп күтіп отырсын ба, әлдеқашан ұлысына жетіп апты. Шапанын шешіп, шидем жамылып, Дүзей де бір пақырына бола салды. Ел арасынан ертеректе бір танысқан досын тауып алады. Оған: «Жеңгеммен тілдестір», — деп жалынады. Әлгі жоңғар ретін тауып Дүзейді жеңгесімен жолықтырады. Сөйтсе, жеңгесі: «Қиғаш қабақ жоңғардың төсегіне аунап тұрған қатынның қайтып оралғанынан жамалған кек қалындай түспесе, арылмайды. Кегіміз қайтсын десеңдер, ағана жоңғар ханының әлі жамбасын жер иіскемеген бүлдіршін қызын алып барып бер. Ол үшін ертең кешқұрым алма бағында тосып жат, ханның үш қызы



алма теруге серуенге барады», — депті. Дүзей ертеңіне жоңғар досынан бір айғыр, бір бие жетелеп алма бағына барыпты. Биесін талға байлап, айғырының шылбырынан өзі ұстап, бұқпақтап тосып жатыпты. Зауал ауа ханның үш қызы алма теруге келіпті. Үшеуі де уыздай жас, бірінен бірі өткен сұлу екен. Қапелімде, қайсысының кіші екенін аңғару да оңай болмапты. Сонда Дүзей бір тәуекелге бел байлапты. «Қазір мынау айғырдың басын босатып жіберейін. Ол барып анау биені жағалар. Қазақ пен жоңғар да айғыр мен биенің тәжікесіне назар аудармайтын адам аз. Оның ішінде, он төрт пен он сегіздің арасындағы тіршілік қызығының бір дәмін білсе де, бір дәмін білмейтін қыз баланың назар аудара қоймауы мүмкін емес. Егер жамбасы жер иіскесе, «мыналар қайтеді-ай» деп өтірік ұялғансып, сырт айналып, жан-жағына бір көз тастап ап, қайта қарайды, ал он екіде бір гүлі ашылмаған уыз жас болса не мынау тұрпайы көрініске бұрқан-талқан боп ашуланады, не ауызын ашып таң-тамаша боп қарап қалады», — деп ойлайды. Айтқанындай-ақ, үш қыздың екеуі айғырдың азынаған дауысы шыққанда-ақ, беттерін басып, теріс айналып кетеді де, үшіншісі ашуланып, топырақ шашып, айқайлап, шәт-шәлекейі шығады. Тасадан қарап тұрған Дүзей жолбарыстай атылып, тентек қызды бауырына басып атқа қонады.

Көшейден жоңғар ханының сол тентек қызы Аю, Қарабас, Қошқар деген үш ұл туыпты. Үшеуіне жүкті болғанда да бір күні түнде тып қойып еліне қашыпты. Үшеуінде де қайнысы Дүзей соңынан қуып барып, орта жолдан қайтарып әкеліпті. Алғашында келіншек: «Мен бұл баламның тұсында аюдың етіне талғап ем. Ұл тусам, әкемнің сендердегі кегін қайтаратын осы болар деп, көзін ашпай тұрып, қалмаққа сіңіріп жібермекші ем», — депті. Ондай ұлдан арғын тірі де айырылсын ба! Дүзей жеңгесін алдына өңгеріп ауылға алып келіпті. Екінші жолы келіншек: «Бұл баламның тұсында аққарабас ісектің басына талғап ем, ұл тусам, сендерден әкемнің кегін қайтаратын осы бола ма деп төркініме апара жатыр едім», — депті. Ондай ұлдан айырылып арғынның басына ат теуіп пе! Дүзей жеңгесін тағы да ауылға қайтарып әкепті. Үшінші жолы келіншек: «Бұл баламды ай мүйізді ор қошқардың олжа торсығына талғап ем. Өзі ғана емес, тұқым теберімен батыр, қол бастаған қошқар болады ғой деп ем. Ең болмаса, осынымды қазақтарға бұйыртпай,

төркініме сіңірейін деп едім», — депті. Үш рет бала тауып, үш рет ажал ауызынан қалса да, зорлықпен келген жерге жүрегін сатпай, әкесінің кегін қайтарар көк жұлын азаматты өзі тауып бергісі келген қайсар әйелді аяп: «Еліне жіберсем, жібере-ақ қойсам ба екен», — деп қатты дағдарған Дүзей: «Қой, өйтпейін бүгін көңілшектік жасап, ертең арғынға ғана емес, күллі алашқа қарсы шабар арлан бөріні қолдан шығарып алмайын», — деп жеңгесін тағы да желкелеп отырып ауылға қуып әкепті. Солай туған Аю, Қарабас, Қошқардың үшеуі де батыр болады. Қалқаман туғанда қалмақтың тентек қызы көндігіпті, еліне қашпапты. Сол екі ортада арғын жігіттері жоңғарды шауып, Көшейдің қыздай, ноқтасын бұзбай алған бәйбішесін босатып әкеліпті. Көшей оны қырық күн боз биенің сүтіне шомылдырып, қырық бірінші күні қасына алыпты. Одан Тіней туыпты. Бес баласының ішіндегі ең кішісі болғанмен, ақ некелі бәйбішесінің тұла бойы тұңғышы болғандықтан Тіней Көшей балаларынан Қарабас күллі Шақшақтың ішінде Дүзейден кейінгі жоңғар ханының белін жыққан белгілі ері болыпты. Ел көзіне түскен жігіт қыз көзіне түспеуші ме еді! Қарабасқа Кіші жүздегі Жаппастың Сары деген атақты байының қызы Қиялдының, Қиялдыға Қарабастың көңілі құлапты. Іш сарайларын қас-қабақтарынан ұғысқан екі жас ата-аналарымыз бір-біріне құда түсер, құйрық-бауыр асатысар деп жүре беріпті. Батыр аңғырт, бай салғырт. Екі жақ та екі баланың ынтазарына қапелімде назар аудара қоймапты. Қазақтың сұлу қызы бой жетіп, құтты орнына қонып үлгергенше көкжиектен сығалаған сығырық көз жаудың назарына ілікпей қалушы ма еді. Қиялды да сол сімсік жанарға тым ертеден ілінген екен. Бір күні Қарабас іш-құса боп бара жатқасын қолына қара домбыраны алып жіберіп, төрдегі ақ өре киізге қырық екі қара құмалақты шашып жібергенде көзі атыздай болады. Сарының ауылын жау шауыпты. Жаудың олжасының арасында Қиялды да кетіпті. Шапқан жау — Қарабастың нағашысы. Содан Қарабас атқа қонсын. Қуып келеді, қуып келеді. Жау қарасын анық шалғасын атын онша асықтырмай, көкжиектен төбесін ғана көрсетіп, үн-түнсіз ілеседі де отырады. Соны байқаған хан бір күні нөкерлерін шақыртып ап: «Жетпей де, қалмай да қойған мынау жалғыз қара тегін емес. Кеше де осылай көз ұшында бұлтылдады да

отырды, бүгін де міне, көз ұшында қылт-қылт етіп өкшелеп келеді. Кім де болса, іш есебі мықты пәле болды. Дәу де болса осы арғын Қарабас шығар. Барып қолқасын біліңдер!» — депті. Нөкер: «Ләббай, тақсыр!» — деп шаба жөнеліпті. Қарабастан жөн сұраған екен, жөнін айтыпты. «Хандарың — менің нағашым еді. Нағашым болғасын шаңыма қалдырмайын деп сыпайылық сақтап келе жатқаным. Әйтпесе, шаңырағына қобыз ойнататын ретім бар еді!» — депті. Нөкер далақтап ханына шабады.

Хан: «Келсін. Жолығып көрейік!» — деп қолды кідіртеді. Қарабас жеткесін: «Ал, жиен, шаруанды айт!» — дейді. Қарабас жөнін айтып: «Қиялдыны қайтар, жолыңнан қалдырмайын» — дейді. Хан тұтқын қыздардың бәрін алдынан өткізіп: «Осының арасында Қиялды болса, өзіңе қайтардым», — дейді. Бірақ, тұтқын қыздардың арасында Қиялды жоқ болып шығады. Сонда Қарабас қолына домбырасын алып безілдете жөнелген екен, астындағы тыпыршып тұрған аты жалт бұрылып, анадай жердегі төңкерулі жатқан тай қазанның қасына барып, жер тарпып тұрып алыпты:

Қарабас:

— Көзіңнің тірісінде қазаның төңкеріліп, мұнша не көрінген! — деп көк найзаның ұшымен түртіп қалыпты. Тай қазан аунап түссе, астынан Қиялды шыға кепті. Сөйтсе, сұлуға ынтық хан Қарабастан жасырып, үстіне қазан төңкеріп қойған екен.

Сол арада Қарабас:

— Әттең, басқа жерде алтын тажды басыңды атыма тептіретін едім. Арам кәлләңді ақ Қиялдымның амандығына бола өзіңе сыйладым, — деп суырулы қылышын қынабына қайта салып, жарын мінгестіріп, жөніне тайыпты.

Сонда хан:

— Кенже қызым ата дұшпанға қолды боп кетіп белімді бір сындырып еді, енді мынадай бөлтірік туып екі сындырды-ау, — депті.

Сөйткен Шақшақтың, сөйткен Көшейінің Қошқарынан тағы да дүр ұл туыпты. Оның белінен тараған Жәнібек, Тінібек, Тұрлығұлдың Жәнібегі қазір күллі арғынның ауызында. Шешесі оған талғағанда жарап тұрған қара бураның жүрегін тірідей жарып жепті. Әкесі Қошқар жаугершіліктен қайтып келе жатып жол-жөнекей түзде түнегенде аруақтар: «Әйелің екі қабат, өзің түгілі алаштан асқан атақты батыр туады,

атын Жәнібек қой» — деп аян беріпті. Содан бала ат жалын тартып мінісімен-ақ үш жүздің атақты абыздарына барып бата алыпты. Сонда қара-керей Соқыр абыз есікті серпіп ашып кіріп келген Жәнібектің дидарын көрмесе де: «Ел бастап жөн алайын деп тұрған ұл екенсің, қол бастап жау алайын деп тұрған ұл екенсің», — депті. Соқыр абыздың айтқаны келіпті де тұрыпты. Орта жүзге қалмақ шапқанда Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Сүйіндік Олжабай батырлармен бірге он жеті жасар Жәнібек те аттанып, ақ көз жауды жеңіп қайтыпты. Қазір оны исі арғын түгілі, исі Орта жүз «ендігі көш бастарымыз осы» деп жүрген секілді. Жұртта есесі кеткендердің бәрі соған барып жалынатын көрінеді. Жуырда күллі арғынның игі жақсылары Жәнібекті орталарына алып: «Баяғыда біздің ел Кіші жүзге қыз ұзатқанда Таз, Тағышты деген екі жетім баланы апаларының шаңырағына мінгізіп жіберген екен. Сол екі баладан бүгінде екі рулы ел тарапты. Бірақ, Кіші жүз оларды «шаңыраққа мініп келгендер» деп қатарға қоспай, құл орынына жұмсайтын көрінеді. Сол екі ауылды үйіріне қайта қосқымыз келеді», — деп ақылдасыпты. Сонда Жәнібек: «Әуелі ата жолымен арғынның он екі ауылынан он екі би жіберіп Әбілқайыр ханның алдынан өтейік, оған илікпесе, жерге тастайын деп жүрген ағайынымыз бар ма, тұрысар жерімізді айтармыз» депті. Орта жүздің он екі биі көп ұзамай Кіші жүздің хан ордасына келетін көрінеді.

Мырзатайдың жырық езу жылқышыдан естіп келген әңгімесінің ұзын-ырғағы осы екен. Балдызы сөзін бітіріп, жездесіне қарап ошарыла тоқтады. Бірақ, ханның сұп-сұр бетінен ештеңе аңғара алмады. Ал Әбілқайыр мына бір ертегісі мен шындығы, көтермесі мен көкімесі қоян-қолтық араласып кеткен ұзын-сонар хикаядан бір керегін тауып алғандай ұзақ ойланды. Жүйрік мініп желмен жарысып өскен қазақтың әңгімесінің де желі мен желпінісі көп боп келетін әдеті. Ауыздан-ауызға, ауылдан-ауылға көшкен сайын әуелдегі түймедей әңгіме түйедей боп өсе түседі. Тек баяғы шежіренің ғана емес көрші ауылдың күні бүгінгі өсегінің де аңызының қайсы, ақиқатының қайсы екенін аңғара қою қапелімде оңайға түспейді. Қазақтың қай хабаршысы да естіген жәйтін келесі бір құлаққа жеткізгенше ұмытып қалмайын деп әдейі әсірелеп, ересен ертегіге, қырғын қызық хикаяға айналдырып жібере қояды. Жаңағы әңгіме де бет-аузын

қорасан талап тастаған жырық езу жылқышыға жеткенше қанша ауыз, қанша құлақ, қанша көкіректе түнеп шыққанын кім есептеп біліп жатыр? Оған әлгі жер түбіндегіні қопара сөйлейтін сусылдақ жылқышының ойдан қосқаны аз дейсің бе? Оның лепіrmесіне бұл маңдағы ұлыстан ұлыс, базардан-базар тастамай, құлағы ылғи ел аузында жүретін қайқы ерін, қайсы төс балдызының лепіrmесі қосылғанда әу бастағы гәптен не қалып, не қойғанын білсе тек бір алла білетін шығар. Бірақ, қазақтың өз сырына өзіндей қанығы да ешкім жоқ. «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» — дейтін де сол. «Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылады» — дейтін де сол. «Тоқсан сөздің тобықтай түйіні бар» — дейтін де сол. Мынау Мырзатай естіп келген лақаптың да ар жағында әуелде шөп басын қимылдатқан бір негіз бар, оның да әу баста бір отыз тістен шыққан орнықты әңгімеден тарап, ақыр аяғында осындай жартылай ертегі, жартылай лақап халге жеткені кәміл. Тоқсан ауыз сөзі әлгі. Сонда мұның енді тобықтай түйіні қайсы? Кейінгі жылдары арғында бәйбішеден туған Мейрам сопы балалары ғана емес, тоқалдан тараған жеті момын әулетінен де еті пысық ер азаматтардың көптеп шыға бастағанын жұрт көріп отыр. Соның ішінде, әсіресе шақшақтың өндіріңкіреп тұрғаны рас. Дүзейін, Аюын, Қарабасын, Қошқарын, Қалқаманын былай қойғанда, түбіт иек Жәнібектің даңқының өзі-ақ қазір үш арыстың құлағын шулатып бітті. Шешесі бураның жүрегіне талғады ма, айғырдың жүрегіне талғады ма, жоқ кәдімгі қазанқаптың түбінде жататын қалған-құтқан қақпыш боршаға талғады ма — онысын өзі біледі, ал, бірақ, жастайынан атаққа ілігіп, елді ауызына қаратқан Жәнібектей жігіт кем де кем. Орта жүз ол дегенде қазір ішкен асын жерге қояды. Бектас бидің жиені деп Ұлы жүз де өз-әулие тұтады екен деп естиді. Ендеше болғанынан болары көп ондай батырдың осы күннен оң қабағын иеленбей болмайды. Жас шамалары қатар. Көп болса төрт-бес жас қана кішілігі бар шығар. Екеуі де бір кезде, бір тұста абырой-атаққа ие боп тұр. Замандастарын бұлдаса да, тонның ішкі бауындай тіл табыса алады. «Мен тұрғанда сен қайдан шықтың?» — деп күдіреймей, «Заманымыз бір, амалымыз бір бастасым екенсің», — деп іш тарта қарасаң, қай болған жігіт өз тұрғыласын сыртқа тебеді. Сұлтан басымен бұл иліккенде, алаштың қай-қай жасы

да жабыдан шыққан тарпаңдай басын алып қаша қоймас... Ендеше, соның сәті енді келгелі тұр екен. Кіші жүз арасында Таз бен Тағышының бары да рас... Олардың әу баста шаңыраққа мініп келгені де рас. Қазір олардың отыз-қырық түтінге жетіп қалғаны да рас. Шаңыраққа мініп келген әңгімелері ұмытылмай тұрып, қатарға қайдан қосыла қалсын, ептеп көзтүрткі көріп жүргендері де рас. Соған, шамасы, арғын ағайындары апшиды екен ғой. Оның да қисыны бар шығар. Тоқал балаларының аты алшаң басып тұрған мына кезде ел есігіндегі екі жетімнің еңселерін көтергілері келетін болар. Ендеше әлгі айтқан он екі биі де көп ұзай қоймас, келер... Сонда бұл қайтпек керек... «Е, ақсақалдар, жақсы кепсіңдер. Сұрағандарыңды алыңдар да, жетелеп жүре беріңдер» — дегенде ұтары не? Онсыз да көкіректерінің басы бесіннің құйынындай аспанмен тайталасып, астам сөйлер әйгілі атаның шалдары ауылына: «Дүмпуімізге шыдай алмады. Аузымызды ашқанша қолымызға ұстата салды», — деп бөріктерін аспанға атып лепіріп барар. Ондай сақилықтан Кіші жүз не ұтады, Әбілқайыр не ұтады? Жоқ... Сұраушының атының басы ауылына қандай еңкек келсе, қалауын алған күнде де, тап солай еңкек қайтатын болсын. Әйтпесе, берушінің мерейі қайтып өспек...

Әбілқайыр бір шытырман ойға батты. Күн ойланды, түн ойланды — бір түйінін тапты. Бірақ, ол жайында ешкімге ләмим сыр ашпады. Басын Мырзатай қып, біраз сабау қамшы жігіттеріне көрші Орта жүз ауылдарына ат ізін салдыртып, он екі биден хабар аңдытты. Он екі бидің ордаға жетуіне екі күндік жер қалды дегенде, сый қонақтарға арнап балқашының нәрті кете қоймаған тың тепсеңге үй тіккізді. «Жабағы мен семіз тушадан басқа мал соймаңдар... Уыз қымыз бен жылы-жұмсаққа бағып, жатып жастық, иіліп төсек боп құрметтеп бағыңдар... Мен келгенше қайтып кетпейтіндей болсын», — деді де, айғыр топ нөкер ертіп аңға шығып кетті.

Хан аңға аттанған күннің ертеңіне қыр басынан он екі бидің шошақ бөріктері көрінді. Орда маңы сый қонақтарды құрақ ұшып қарсы алып, ақ боз үй, құс мамық төсекке жайғастырды. Алдарында — жылы жұмсақ, ауыздарында — қысырақтың уыз қымызы. Билер бір күн жатты, екі күн жатты. Ренжиін десе — көрген құрметтерінің кемі жоқ. Жата берейін десе — аңға кеткен ханнан суға батқандай хабар жоқ. Тағы да

екі күн тосады, үш күн тосады... Күтушілердің сары қымызды сапырып отырып айтатыны: «Хабаршы кеткен, келіп қалар». Сонымен он екі би ордада жата берді. Хан ұлы түздің құланы мен киігін құртпай қайтпайтындай самиян далада саят құрып жүре берді. Бірақ, ол айналасынан тек аң аңдып қана жүрген жоқ еді. Жағалай жансыз жүгіртіп, өз ордасына да, арғын ұлысына да құлағын түріп бақты. Көп ұзамай күткен хабары да жетті. Арғын ауылы: «Он екі би хан ордада саржамбас боп әлі жатқан көрінеді. Хан әлі сөйлеспепті», — деп абыржи бастапты. Мұны айтып: «Енді не істейміз?» — деп ақылдасқалы барса, Жәнібек те ауылда жоқ боп шығыпты. Қайда кетке-нінен бәрі бейхабар, әйтеуір он екі би жолға шығатын күні оның да асығыс атқа қонғанын біледі.

Мына хабар Әбілқайырдың қабырғасына қатты батты. Оның осы кезге дейін көкірегінде көмбедей қымтап, ешкімге тіс жармай келген бір ойының күлі көкке ұшпаса қайтсын. Атақты батыр құдыққа түсіп кеткендей зымқайым жоқ. Бір күн тосады — ешқандай хабар жоқ. Екі күн тосады — ешқандай хабар жоқ. Енді хан өз ойының орындала қоймасына көзі жетіп, күйзеле бастады. Қап, мына күпілдек арғындарға құдайдың берудей-ақ беруін-ай. Әлгі он екі би ертең Сары-арқаны бір өздері жаңғырықтырып даурығатын болды-ау тағы да! Оларды енді бұдан әрі тосқызып қойса, іргелес жатқан ағайын жұртпен елдіктен қалар. Бұл он екі биді аңды сылтауратып біраз күткізе тұрмақ еді. Сол екі ортада жалындаған жас батыр қашанғы шыдар дейсің, желпініп өзі де атқа қонатын шығар. Бұған да керегі сол еді. Алдынан шығып, орта жолдан құшақ жайып қарсы алып, төбеге көтеріп, қонақ қылып, бұйымтайын өз аузынан естіп, оны сол бойда орындатып, әбден риза қып шығарып салар еді. Сонда, қанша дегенмен, жас қой, арғынның пәлен жылдан тізгінін ұстап, ауыздарымен орақ орып жүрген он екі биі, ең болмаса, ханның алдын көре алмай апталап жатқанда, өзі екі ел атысып-шабысып кетердей айқай шаруаны ернін қимылдатып үлгермей жатып, жайғастыра салғанына масаттанбас дейсің бе? Ағайын-жұрт алдында беделін осынша аспандатып берген Әбілқайырға да қатты риза болатын шығар. Сонда Жәнібек желпінгенмен қалың арғын желпіне алмас еді. Жел жаққа ұстаған он екі билері мына оқиғаға қуанарын да, қуанбасын да біле

алмай, желкелерін қасып қайтар еді. Азуы алты қарыс қалың арғын баяғыдан бергі бұйда ұстарларына емес, енді ғана ат жалынан тартып мінген жас перендеріне қарыздар боп қалар еді, ал Жәнібек мұның алдында борыштар болар еді. Сөйтіп екі жақтың да мерейі өсіп шыға келер еді. Міне, соның бәрі сорпаның көбігіндей көзді ашып-жұмғанша желге ұшпақшы.

Әбілқайыр енді болмағанда аттың басын ордаға бұрғалы жатыр еді, жалдың басына көк ат мініп көлеңдеп қайын атасы Сүйіндік батырдың шыға келгені. Хан: «Ау, бұл қайдан жүр?» — деп аңтарылып тұр еді, қасындағыларға: «Әрі бара тұрыңдар!» — деп қамшысын бұлғап, өзі мұның оң жақ құлағына ауызын тоса берді.

Сөйтсе, Сүйіндік Табын ауылдарына барып қайтып келе жатып хан ордаға күн жарымдай жердегі көл табаны астау ойда басын көтермей жайылып жатқан он үйірдей көк ала жылқының үстінен шығыпты. Ен-таңбасы Кіші жүздің малы сияқты емес. Жылқы шетінде шалқасынан түсіп бір талыстай жігіт ұйықтап жатыр дейді. Астына көк жона төсеніп, басына сүйек бас ер жастаныпты. Кәрі батырдың іші бірдеңені сезіп, бейсаубат жылқышыны оятпай, хан ордасына да соқпай, аң аулап жүрген ханның қосына тартыпты.

Мұны естіп ап, Әбілқайыр: «Дәу де болса, сол Жәнібек болып жүрмесін. Сәнқой неме деп еді. Айдалада астына көк жона төсеніп, басына сүйек бас ер жастанып ұйықтайтындай ол не қылған жылқышы!» — деп ойлады.

Сүйіндіктің айтқан жеріне қалың қолды тасаға қойып, шағын топпен салып ұрып жетіп келсе, көлдеу ойды шүпілдей толтырып көк ала жылқы жатыр. Жылқы шетінде үстіне өңіріне күміс талшық зер жүгіртіп, боз тайлақтың жүнінен құс таңдай қып тоқыған боз шекпен киіп, астына су жыландай сумандаған боз арғымақ мініп, ат жақты, торсық шеке, садақтай иілтіп қап-қара сақал-мұрт қойған бір бейтаныс боз жігіт тұр.

Аңшы киімімен жүрген Әбілқайыр қасындағы төрт-бес жігітпен бейсаубат жүрген кісі бола салып, айдалада жападан-жалғыз тұрған жылқышының жанына жетіп барып, төбеден түскендей қып:

— Ә, Жәнібек, жол болсын! Қайдан жүрсің? — дегені.

Боз шекпенді жігіт қапелімде жалтара алмай:

— Әлей болсын! Өздерің қайдан жүрсіңдер? — деді.



— Мен — Әбілқайырмын. Аңнан келе жатыр ек. Жақсы жолықтық. Біздің ордамыз бұл арадан алыс емес, жүріп қонақасыңды жеп кет. Жылқына біздің жігіттер қарай тұрар, — деді.

Жәнібекке хан шақыруын қабыл алып, соңына ілеспектен басқа жол қалмады. Әбілқайыр оны ордасына апарып, бір апта қонақ қылды. Ат үстінен аяғын жерге тигізбей түсіріп алды. Көрмеден ордаға дейін қалы кілем төсеп, батырдың етігіне топырақ жолатқан жоқ. Кетерінде бұйымын сұрады. Жәнібек жөнін айтты.

— Болсын! Екі ауылыңды ертең жөнге салдырам! — деді хан.

Аттанар алдында он екі биді шақыртып:

— Ал, ақсақалдар, қандай бұйымтайларың бар? — деп сұрады.

Олар:

— Біздің бұйымтайымыз кешегі Жәнібекжанның айтқаны ғой! — десті.

— Ендеше аңның қызығына түсіп, алысқа кетіп қап, көп тостырып қойыппын. Ол үшін алдарыңда айыптымын, — деп әр қайсысына бір-бір арғымақ мінгізіп, үстеріне бір-бір қамқа шапан жапты.

Арғындардың ала шұбар айғыр тобын жолға салған соң, арада бір апта өтер-өтпесте, жел ауыздардың құдайы берсе, енді берген шығар деген кезде Әбілқайыр Мырзатайды тағы да базарға жұмсап, жол-жөнекей баяғы жырық езу жыл-қышының қосына соға қайтуды тапсырды.

Бір рет дастарқандас болған ескі көзтанасы тағы соққан соң, бұл жолы базаршылап келе жатып, қонып, жаз бойы саумалдан басқа дәм татпай, ауыздары борсып отырған жылқышы ауылды өрік пен мейізге, ақ жүгері мен қызыл тарыға қарық қыла келген соң, жырық езу жылқышының баяғысы баяғы ма, көптен бері тоспасы ағытылмаған тоғанның суындай лекілдей ақтарылды.

— Ай, ай, тіл-ауызымыз тасқа! Әуелден де салымымыз зор тұқымбыз ғой. Бірақ, мырза құдай тап бұл жолғыдай жарылғай алмап еді ғой. Әй, несін айтасың! Жәнібекжанның атқаны тиіп, айтқаны келіп тұр ғой. Ау, ау... жуырда баяғыдан бері арғынның он екі атасының ақ бұйдасын ұстап, аузымен орақ орып жүрген он екі биі Әбілқайырға барыпты. Сөйтсе, ол ордасында жоқ екен. Сейіл құмар сері хан аң аулап

кетіпті. Он екі би әрі жатады, бері жатады. Келетін хан жоқ. Кетейін десе — көріп жатқан құрметтері ағыл-тегіл. Ондай сияпаны аттап, өкпелеген балаша торпандап тайып тұруға қияпатынан қорқады. Жата берейін десе — аңның қызығына түсіп алған хан сонау түрікпеннің төріне дейін ұзап кеткен. Қапелімде орала қоймайды. Сөйтсе, он екі би аттанарда Жәнібек оларға: «Егер хан бұйымтайларыңды оңайлықпен бітіріп жатса, таралғысына былтыр қалмақтан айдап қайтқан көкала тұқымнан он айғырдың үйірін тартайық, онда мен он үйірді әншейін бір көп жылқышының бірі боп айдап апарып, кім екенімді білдірмей тайып тұрармын, ал егер Кіші жүз дегенге көнбей кергіп жатса, хабар тез жететін жақын жерде болармын», — деген екен. Сол уәдесінде тұрып, ол үйірді айдап апарып, хан ордадан күн жарым жердегі астау ойда жатып апты.

Хан да бір босқан киік пен құланнан аяқ алып жүре алмастай, түздегі төрт аяқтының не түрі ыңып жүрген жиделі байсын жерге жетіпті. Әлгіндей өріске енді аяқ баса бергенде атының басын кері бұрыпты. Оның мына қылығына қайран қалғанмен амалдары қанша, қасындағы қалың нөкер де жолдарын кес-кестеп жөн жүргізбей келе жатқан тұз тағыларына жалтақ-жалтақ қарай-қарай, билеушілерінің соңынан салыпты. Хан ешқайда кідірмей суыт жүріпті. Содан бір күні әлде бір қырқаның басына көтеріле бере қасындағыларға: «Менің алыс жолға шыққанда, алдыма түсіп ап жөн сілтеп отыратын қызыл түлкім бар еді. Анада ойда жоқта тап табалдырығымның астынан сылаң етіп шыға кеп айдалаға қаша жөнелгесін, мен сендерді атқа қондырып едім. Ол қаша-қаша әлгі бір аң ыңып жүрген бейтаныс өлкеден шығарды. Іздеген жерімізге енді келдік-ау дей бергенше, қызыл түлкі жалт бұрылып кері қашты. Содан дәл осы араға дейін бастап әкелді. Мынау қырдың ар жағында көктемде көл жататын астау ой бар еді. Соны қазір тақ толтырып біздің ұлыста тұқымы жоқ көп көкала жылқы жайылып жатыр. Көп жылқының шетінде астына көк жона төсеніп, басына сүйек бас ер жастанып бір бейтаныс жолаушы шалқасынан түсіп ұйықтап жатыр. Оны екі иығынан екі арлан жолбарыс күзетіп отыр. Мені бастап келе жатқан қызыл түлкі сол екі жолбарыстың алдына апаруға жүрегі дауаламай, осы араға келгенде, мына жатқан көп індігештің біреуіне сүңгіп жоғалды. Жігіт әлі ұйқыда. Екі иығында

мізбақпай отырған екі жолбарыс оны сыртынан желеп-жебеп жүрер иесі болса керек. Көп ұзамай бесінде ауады. Салқын түсе жігіт ұйқысынан оянар. Ол көзін ашқанда сыртынан сақшы боп жүрген екі арлан жолбарыс та ғайып болар. Сендер осы арада тоса тұрыңдар. Біз барып жөн сұрасып көрейік!» — депті.

Әбілқайыр қасына төрт-бес жігіт ертіп, астауойдың төбесінен түссе, Жәнібек ұйқысынан шала оянып, манаурап, көзін бір ашып, бір жұмып керіліп-созылып тұр екен. Көзін жұмып қалғанда екі иығынан екі арлан жолбарыстың басы жылт ете қалады да, көзін ашып алғанда, әлгі екеуі қайтадан жым-жылас жоғалып кетеді дейді. Тегін кісі хан бола ма! Жарықтық Әбілқайыр батырды тұңғыш рет көріп тұрса да, бірден танып: «Ау, Жәнібекпісің, қайдан жүрсің, жол болсын!» — деп жабыса кетіп, ордасына апарып, апта бойы қонақ қылыпты. Бұйымтайын сұрап, Таз бен Тағышыны ұзатқан қызындай қып, алдына ақтылы мал салып, көшін қызылды-жасылды қып түзеп беріпті. Он екі би де елге: «Жәнібек-жанның арқасында дауымыз айтпай бітті. Жер түбінен барғанда езуді көріп, бір-бір сөйлеп жел тарата алмағаны-мыз болмаса, басқалай өкініш өкпеміз жоқ» — деп риза боп қайтыпты. Қазір исі арғын ұзақ жыл шетте жүрген екі ағайынына орталарынан ойып қоныс беріп, қораларынан жырып сауын беріп, қарасып-қамдасып жатқан көрінеді...

Әбілқайырға да керегі осы еді. Әйтеуір, Жәнібек еліне айдарынан жел есіп риза боп барса болды. Әйтеуір, қалың арғын мұның да тегін кісі емес деп таныса болды. Әйтеуір, бұдан былай Жәнібек бұның аты аталғанда елеңдеп тұрса болды.

Содан біраз уақытқа дейін жаны жай тауып рақаттанып қалған-ды. Сөйтсе, тегін қуанбапты. Қазақтың кек кернеп қалш-қалш еткен көк найзасы ертең «жау қайдасың» деп шар тартатындай күн туғанда: «Бізге алдымызға түсіп жол бастайтын сұлтан керек!» деп күркірегенде, бұның атын бір атаса, сол Жәнібек атауы мүмкін ғой. Бірақ күмісті шақшасының тығынын ағытқанша еру ел көшін жөнелтіп, ауызына насыбайын салғанша көшкен ел үйін тігіп үлгеретіндей кербез неме әңгімесін бастағанша, ауызы жылдам біреулер керек адамдарын айтып үлгеретін шығар. Оның үстіне «мына шаруама жүре ғой» дейтіндей тізе басты досжар боп кете де қойған жоқ-ты. Өзі сұлу ат, жүйрік

тазы, көрікті әйел дегенде ішкен асын жерге қояды дейді. Сол немені қыздары шетінен сүйріктей сұлу келетін алты шектілердің, не өңшең күлімкөз баққан көнек шөмекейлердің ауылын

бір-бір аралатып шығатын екен. Тоқтамыс ағасының ауылында да өзінің талай қарындасы сылқып бойжетіп отыр. Кім біліпті, керік немеге солардың біреу-міреуі ұнап қалып жүрер. Не де болса, бұдан былай, шама келсе, ірге қашық-татпай жақын жүруге тырысқан жөн. Көңілін бір тауып алса, әлгіндей алқалы кеңесте бұл жайында өзі бастап әңгіме айтпағанмен, Бөкенбайдың сөзін: «Міне, дұрыс!» — деп бірінші боп қостаса да, талай қазақтың көмейіндегі сөз сол қалпында көміліп қала бермей ме!..

Әбілқайырдың ойлағаны келді де тұрды. Бір мың жиырма үшінші жыл басталмай жатып, Ойрат жағы қайта жанданды. Жетісудың ен майсасына аунап-қунап денелері жайылып қалған немелер қазақтың қалған өлкелеріне көз аларта бастады. Сарысудың ен алқабын жылқы мен қойға толтырып, Бөген, Бадам, Арыс, Қошқар ата, Шаян бойында ақ жұмыртқа үйді тізіп тастап отырған қазақ ауылдарының іргесіне ши жүгірткенді күшейтті. Онысы қазақтың қазіргі қайраны қандай екен деп сыр тартып көру еді.

Іргесіне тықыр таянса, үйіне сыйып отыра алатын қазақ бар ма! Ауыл мен ауыл, ру мен ру, ұлыс пен ұлыс арасындағы ерсілі-қарсылы ала шабуыл басталды да кетті. Күніне бір қызға құда түсіп жатқандай, ақсақалдарының бас қосысуы мен баталасуы көбейді. Сол мәжіліс көбейген сайын Әбілқайырдың жүрегі алып ұшады. Елдің делебесі қозса, ерлерін атқа қондырмай тына ма! Ерлер атқа қонса, қол бастайтын қолайлы ноян іздемей тұра ма...

Таң атпай тұрып, іргені түріп, керегенің көзінен қарауыл қарап елеңдескен сондай бір күні күткен хабары да келді. Ол жылғы жиын Ханабадта емес Қарақұмда өтетін бопты. Онысы бас көтерерлері жиынға кеткенде арттағы ел көзсіз қалмасын дегендері секілді. Үш жүздің өрісіне де бірдей жақын тең орта, шынында да, Қарақұм еді.

Құм арасының қалың бидайық, еркегі қаптай бой көтеріп, белден келе жайқалып тұрған шағы. Теңіздей толқып тұрған көк майса жотаның сауырына қызылды-жасылды кілем жайылды. Үш ұлыстың еркек

кіндігі тайлы-таяғы қалмай түгел жиылды. Хан Тәукені ортаға алып мәжіліс басталды. Бұрын әркімнің аузында шала бықсып жүрген күмілжі әңгімелер жалпақ жиынның жария ортасына түсті. «Қап тауы асып кетейік!» — деп біреулер шықты. «Башқұрт пен жоңғардың қай әлсізін шауып алайық!» — деп біреулер шықты. «Бәрін де қойып, қонтайшыға көне салайық. Олар бізді бәрібір өрісімізден айырмайды, ту сырты тыныш болғасын ар жағындағы шүршіттермен жағаласып кетеді» — деп тағы біреулер өзеуресті. Бір-біріне дес бермей, шықшыттары шытынап, қызыл кеңірдек болды да қалды.

Әліптің артын баққан Әбілқайыр оқтын-оқтын Бөкенбай жаққа көз тастап қояды. Тақ толтырған қара қанардай орнықты Бөкенбайдың қылп ететін түрі көрінбейді. Күміс бунақ көк ала дойырын оң тізесіне қадай шаншып сөйлегендерді қалт жібермей қадағалап отыр. Еңгезердей төртбақ денесінің еш жерінен қимыл-қыбыр байқалмайды.

Бір ұлысқа бір өзі-ақ өріс болғандай шара табақ беті бүлк етсе не дейсің! Тек жүндес қабағының астынан томсырая қараған ала көзі ғана айналасындағыларды ішіп-жеп барады. Екі беті нарттай. Қысы-жазы қара күреңденіп жылтырайды да тұрады.

Бөкенбайдың оң тізесін ала отырған Есеттің ұзын мойыны одан сайын ұзарып кеткен. Қалың жұрттың бәрінен басы асып оқшау көрінеді. Өндіршегі сорайған қапсағай қара кісінің қоңқақ мұрынының қыр арқасы күнге шағылысып жылт-жылт етеді. Бөкенбайдың не ойлап отырғанын сол қоңқақ мұрынға қарап біле беруге болады. Мұрынының ұшына күлкі ойнаса, Бөкенбайдың көңіліне онша жаға қоймайтын сөз айтылып жатқаны. Қоңқақ мұрын қорс ете қалса — Бөкенбайдың әбден шамырығып отырғаны. Міне, Есеттің кең танауы қусырыла түсті. Жан-жағына алая қарауы көбейіп барады. Сөйлеп тұрған шешенге, жұртқа, алқа төріндегі игі жақсыларға бір-бір құрағыта қарап қояды. Жастайынан бірге жүріп, бірге тұрып, бірге шайқасқан екі батыр келе-келе бір-бірімен жекжат болып кеткен-ді. Баяғыда бір жорықта жаудың қолына түсіп қап, бес жыл тұтқында болып, әзер қашып құтылса, қара орманы мен қатын-баласының орынын сипап қалыпты. Бес жыл бойы тұтқында ұстаған жоңғарлар Есеттен тұқым аламыз деп

істемегендері жоқ деседі. Қайсар батыр сонда да қасарысып болмапты деседі. Сонда жоңғарлар «берсе қолынан, бермесе жолынан» деп, ауылын шауып, тұтқындағы күйеуін күтіп отырған ақ некелі жары мен өзі жорыққа кеткенде іште қалған ұлы Ақмаңдайды алып кетіпті деседі. Қонтайшы сосын: «Енді Есеттің қажеті жоқ, тұқымы қолға түсті. Ақмаңдай, аман болса, ертең әкесінің басын қырқатын қандыбалақ жоңғар батыры болады», — депті-міс. Бес жыл бойы жорғалаған құмырсқаны тірі өткізбей келе жатқан қатулы жоңғар сақшылары сол күні әдейі ұйықтап қалыпты-мыс. Соны пайдаланып батырға көңілі кетіп жүрген бір сұқсыр қараңғыда қасына кеп, қолына қанжар ұстатып, қашырып жіберіпті-міс. Еліне келіп, соқа басы сорайып жалғыз қалған жан досын Бөкенбай қарындасы Еңсеп сұлуға үйлендірген-ді. Одан қазір бір ұл, бір қызы бар. Есетке таяу отырған батпан сары Балпаш би. Кетенің ғана емес бүкіл Әлімнің, бүкіл Әлімнің ғана емес, бүкіл алшынының асқан байы. Жемді бойлап сонау Атырауға дейін шұбалып жатқан ақтылы жылқы сонікі. Анау екі тізесін басып қылқиып-қылқиып отырған екі ақ сары жігіт — балалары. Әжібай мен Арал. Таманың маңдайға тигізері Көкі баласы Есеттің қойнына жар салған табын Бөкенбай болса, алдына мал салған осы туған нағашысы Балпаш би. Қазір Есеттің өзі нағашыларынан да, қайнағасынан да қалыспайтын дәулетке ие болып алды. Сөйте тұрып Бөкенбайдың қасынан қалмайды. Қайда барса да, оң қолында сол отырғаны. Тіпті аты екеш атына дейін кермеде Бөкенбайдың атының оң жағына жайғасады. Кіші жүздің бас батырының қандай күйде, не ойда тұрғанын әккі жұрт Есеттің қас-қабағына қарап біле береді. Міне, Есет тыпыршып қозғалақтай берді. Қазір Бөкенбай сөз сұрамақ. Әне ұлы жиынның қақ ортасында қара шоқыдай қарауытып отырған алпамса кісінің оң қолы қимылдағандай болды. Сары үйек жыландай шұбар ала дойыр қамшысын сылқ еткізіп ортаға тастай салды.

— Жамағат! — деді қажыңқы дауыспен жайбарақат тіл қатып. Жұрт құлағы елең ете түсті. — Мынау ұры жортар қалың бытқылдың ортасына неге келіп отырмыз? Қазақтың қай заманнан бергі дау-дамайын кідіртіп келе жатқан киелі төрлерінің бірі бұйырмай шағыр мен жүзген арасында бұқпантайлап бұл

отырысымыз не отырыс? Жетіскендіктен ғой дейсіңдер ме?!

Тостағандай ала көз біраз маңдайды ызғарымен жалап ықтырып өтті.

— Бойымызда, ең болмаса, ашыған қымыранның қышқылындай қыжыл болса, осы бір олақ қатынның ышқыр бауындай шұбалар да жатар кергіме дауды тоқтататын уақытымыз жеткен жоқ па! Біз мұнда алшиып алшымыздан түсіп мәслихат құрып, қырмызы бет қызыл сөздің тайтаңдаған тақымын қызықтап отырғанымызда ана жақта артта қалған қатын-балаға қалмақ дігірлеп жатпағанына көзіміз қайдан жетеді? Қылышын белдеуіңе байлап, найзасын шаңырағыңа шаншып іргеде жау жатқанда мына кергілесіміз буаз қыздың құдалығында қалың малға дауласқандай ұят әңгіме көрініп отыр маған...

— Ау, сонда не қыл демексің? — деп айқайлады бір-екі шыдамсыз қызыл көз.

Тәуке оларға «тыныш отырыңдар» дегендей иек қақты. Алая қарап тоқтап қалған Бөкенбай әңгімесін қайта жал-ғады.

— Еркек кісі екі жерде: «Не қыл дейсің?» — деп сұрамас болар. Біреуі ата дұшпаның қамшысын үйіріп алдында тұрғанда, екіншісі ажарлы қатын төсегін салып, шамын сөндіріп қасында жатқанда.

Жұрт ду күлді. Әлгі өндірішпектеген қызыл көздер бастарын шайқасты.

— Менің айтарым, — деді Бөкенбай. — Бұдан былай әрі ырғалып, бері ырғалатын уақыт жоқ. Қап тауына жеткенше: «Е, сендер келе жатыр екенсіңдер ғой, үстімізден баса-көктеп өте қойыңдар!» — деп қоғадай иіліп, қамыстай жапырылып, құлдық ұша қояйын деп отырған көршілерді сендер көріп отырмасандар, мен көріп отырғам жоқ. Көк сүңгілерін көкіректеріңе тіреп тұрып алар әлі. Өз жерін жауға алдырып жаурап келе жатқан жалаң иін қазақтарға жып-жылы баспанасын оп-оңай бере салып башқұрттардың бастарына ат тепті ғой деп пе едіңдер? Ормандай орыспен осы күнге дейін тайталасып келе жатқанда, борбайлап босып келе жатқан боз өкпе қазаққа жүрегі шыдамай, оларға не көрініпті? Қашып бара жатып төгетін қанды біз неге осы атамекенімізде ақтық деміміз таусылғанша шайқасып жүріп төкпейміз? Қыршын боздақтарымыздың төгілген қаны мен ата-бабаның әзіз моласын аттай қашқанда, ол

жаққа барып көсегелеріңнің көгере қоятынын қайдан біліп отырсыңдар?

Бөкенбай енді екі құлағына дейін дуылдай қызарып, көзі шатынап, көмейі бітеліп:

— Өз басым осы ата қонысымда мол боп қаламын. Бірақ тірлігімде күн шығыстан босып келе жатқан қазақты көрсем де, мейманасы асып бөсіп келе жатқан ойратты көрсем де, қанжарым сынғанша қарнап, найзам сынғанша шаншып бағам, — деп ашуға тұншықты да, қолын бір сілтеп отыра кетті.

Жұрт тым-тырыс. Қоштап отырғандары да, мошқап отырғандары да белгісіз. «Ау, неге тынып қалдыңдар?» дегендей әлдеқайдан торғайлар шырылдады.

— Қауқарың жетпейтін жаумен жағаласып, қараптан-қарап босқа қырылғанда не бітірді екен? — деді бір-екі күңкілдек дауыс.

«Кәні, бұған жауап беретіндей қайсың бар?» — дегендей Тәуке басын көтеріп алды.

Шеткерірек отырған Әбілқайыр қолындағы қамшысын жұртқа көрсеткісі келгендей, төбесінен асыра бір көтеріп, ортаға тастады.

— Ағайын, қазақ десек бәріміз күйеміз. Бірақ, қазақ тап еліне өкпелесе де, жеріне өкпелей алмас. Басқалар біздің көлкөсір қонысымызға бола көздерін алартып жүр. Осындай ұланғайыр отаныңды тастап барғанда, орналаса кететіндей иен жер бұл заманда табыла қоярма екен өзі? Қашып келеді екен деп, қан төгіспей жерін бере салатын бауырмал ағайын де көрініп тұрған жоқ. Шынында да, біреудің жерін тартып аламыз деп төгетін қанды осы арада неге өз жерімізді қорғап төкпейміз? Біреулер қонтайшыға көне салайық, көнсек болды, бізге де, жерімізге де тиіспейді, ар жағындағы шүршітпен шайқасып кетеді дейді. Жоңғар өріс керек болмаса, қазақтың жеріне қалың ойнап келіп жүр дейсіңдер ме! Көнді екен деп қоя салар олар жоқ. Өз іргесінен тыныш кеткесін, сенің іргеңнің бел арқанын қиып отырған дұшпанға елің керек емес, жерің керек, жаның керек емес, малың керек. Менің айтарым, біз осы жиыннан не де болса, бір тәуекелге бел буып тарауымыз керек. Жан-жағымыз анталаған жау, жау алдында намысты қашанғы қолдан бере береміз!!

— Дұрыс айтасың, жан-жағыңның анталаған жау екені рас. Еркек кіндіктің бәрін жоңғарға қарсы салады екенсің, сонда қалған жағыңа қатыныңды қалқан



қылмақпысың? Сол жоңғармен қан төгісіп жатқанда былайғы дұшпандарың жан-жақтан жапыра кіріп, арттағы еліңді талапайға салса, қайтпексің?

Төбеден қойғандай мына сауал кімді болса да, мүдірткендей еді. Жұрттың бәрі сілтідей тынып қалған. Әбілқайырдың сұп-сұр жүзі одан сайын ызғарлана түсті. Дауыс шыққан жаққа шаншыла қарады.

— Жоқ, жабылмайды. Қаптағайлап қазақты жапырып өткен қалың жау ертең өздерін де тапап өтетінін білмей башқұрт, түрікпен есектің миын жеді ғой деп пе ең. Сен шошыған жоңғардан Бұхара мен Хиуа да шошып отыр. Қайта жан-жақтан найзасын сұқақтатқан көп сұғанақты сескендіргің келсе, осы жолы жоңғармен табан тіресіп шайқас. Құқайдың көкесін жеріңді тастап қашқанда көрерсің. Жол-жөнекей жұрттың бәрі жабыла талағанда қай сағанағыңның қай сайда қалғанын біле алмассың әлі. Менің айтарым, енді ырғалып-жырғалатын жағдай жоқ. Қайта ойланып-толғанғанмен қазақтың қару ұстары шамалыда сексен мыңнан бәрібір аса қоймайды. Шаранасын жарып шыққан бойда бес қаруын асынып шабынып тұрар дайын сарбазды қазақтың қатыны да, ойраттың қатыны да тумады. Сонда не күтіп отырамыз. Енді кідірген сайын жау сұғына түседі де, қазақтың жүні жығыла түседі.

Жас сұлтанның мына сөзіне жұрт қозғалайын деді. Гу-гу көбейді. Ендігі әңгіме басқа жаққа қарай ойысатынын ғай танытты.

— Сонда қолды кім бастап барады?

Бұл жолы сұрақты Тәуке қойды. Гуілдесе бастаған Қарақұм алқабы жым-жырт басыла қалды. Дуадақтай-дуадақтай болып бөліне отырған батырлар қайсымызды атар екен дегендей халыққа қарап қалған. Мынандай қысылтаяң күнде күллі қазақтың қанын мойынына көтеріп алар жүрек жұтқандық қайсысынан шығар екен дегендей жұрт батырларға қарап қалған. Бұндай екі талай іс үстінде салмақты елдің өзіне салатын сары ала шапан сұлтандар мен билер де үнсіз. Тәуке көзін көп қыдыртты. Орынынан Бөкенбай көтерілді.

— Егер үш арыс батасын берсе «Алаш» ұрандының туын мен көтеріп барайын, «Арқар» ұрандының туын Әбілқайыр көтеріп барсын!

Жұрт, қапелімде, не деу керек екенін білмей сілтідей тынып қалды. Сосын алқалы жиынның артқы жақ қатарынан «Дұрыс! Дұрыс!» — деген батылсыздау дауыстар шықты. Ол дауыстар бірте-бірте жиілеп алдыңғы қатарға қарай ойысып келеді. Гуілдеген жапа-тармағай дауыстар дуадақтай-дуадақтай болып отырған батырларға кеп тірелді. Батырлар бір-біріне көздерінің астымен қарап қойды. Мұндайда шақшасын суырып алатын Жәнібек қолын қалтасына апарды. Алақанына насыбай төгіп жатып: «Дұрыс қой!» — деді. Сәл кідіріп барып қалған батырлар да: «Дұрыс қой! Дұрыс!» — деп гүж етісті. Ақсақалдар да бас изесті. Хан үш төбе биге қарады. Үш би бастарын изеп: «Дұрыс!» десті.

Тәуке дауысын кенеді.

— Үш арыстың бас көтерерлері баса көктеп тұрған озбыр дұшпанның алдында намысымызды қолдан бермейміз, табан тіресіп шайқасамыз деп отыр. Қазақтың қолын қандыкөз жауға қарсы Бөкенбай мен Әбілқайыр бастап шығамыз, — деді. Оған үш арыстың құран ұстап сайлаған үш төбе биі қосылып отыр. Ата-бабаның үрдісі үш арыстың тізгін ұстаған азаматтары құран ұстап, ақ боз бие сойып, жас қандарын маңдайына жағып анттасқанды талап етеді. Жиынның шешімі осы ғой!

— Осы! Осы! — деп жұрт орындарынан дүр көтерілді.

Қалған жұртқа қас қағымдай ғана көрінген осы бір сәт Әбілқайырға жылдай ұзақ көрінді.

Жабыр-жұбыр айқайлар, абыр-сабыр жүрістер басталып кетті. Аспаннан түскендей ақ шаңқан боз бие кеп ортаға тұра қалды. Үш арыстың үшеуінен үш батыр шығып боз биенің аяғын буды. Мұқамбетжан қожа құбылаға жүгініп отырып құдай жолы боз биені қабыл қыла көр деп бата оқыды. Жұрт беттерін сипасты. Үш жүздің үш биі маңдайына бір-бір тигізіп берген ай жүзді ақ селебені Бөкенбай қолына алды. Ақ боз биенің алқымына барып: «Біссіміллә!» — деп орып кеп жіберді. Сау ете қалған қызыл қан үш арыстың үш жігіті ұстап тұрған күміс легенге шүмектей жөнелді. Бір тамшысын жерге тамызбай құйып алған ақ боздың қанына жұрт жапа-тармағай қолын малып маңдайларына тигізіп жатыр. Бұдан кейін мынау алқалы жиынның пәтуасы бойынша төгілген қанның бәрі мынау халық қамын қамдаған ақ жолға садақаға шалынған боз биенің

қанындай пәк, боз биенің қанындай қастерлі болмақ! Көп болып келген ортақ ұйғарымның жолында төгілген қанның бәрі пәк, кесілген бастың бәрі шейіт!

Жұрт маңдайларын түгел қандап болғасын үш жүздің игі жақсылары ата дұшпанмен тізе қосып шайқасамыз деп құдай алдында құран ұстап анттасты. Жұрттың бәрі жер тізерлеп, ғазауат соғысқа жеңіс тілеп алақан жайысты.

Әбілқайыр мен Бөкенбай! Әбілқайыр! Бөкенбай! — деген жабыр-жұбыр айқайдан басы айналып бара жатқандай болды.

Сол бір жер қайыстыра шыққан ащы айқай әлі күнге құлағында. Сол бір жабыр-жұбыр үн есіне түскенде әлі күнге миы зеңіп қоя береді. Міне, қазір де зеңіп барады. Сол бір ұлы жиын баяғыда емес, дәл осы қазір болып жатқандай. Сол бір жабыр-жұбыр айқай баяғыда емес, дәл осы қазір шығып жатқандай... Жер-көк түгел жаңғырығып қоя берді.

Апырау, бұған не көрінген? Сары уайымға түсе-түсе, қысыр қиялды қуа-қуа ақылынан алжаса бастағаннан сау ма? Шынында да, құлағына жабыр-жұбыр үн келе ме қалай? Шынында да, жұрт мұның атын атап, бірдеңе деп жапатармағай жабыла айқайлап жатқан сияқты ғой.

Мынау өзі не қылған айқай-ұйқай! Қайдан шығады өзі? Бұл осы қайда отыр?

Төңірекке көз жүгіртіп еді, тұтасып тұрып алған буалдырдың ар жағынан бірдеңелер еміс-еміс бұлдырағандай болды. Ау, мынау өз үйі ғой... Әлекей-күлекей хан ордасы ғой! Иә, солай...

Алақтап жан-жағына қарады. Бопай қайда кеткен? Үйреншікті орыны бос жатыр...

— Хан ием!

Мынау — Бопайдың даусы. Сырттан шығады. Бұл жұртқа не көрінген өзі? Неге осынша у-шу боп жатыр.

— Хан ием, хан ием!

Оқыс шыққан дыбысқа басын көтеріп алып еді, екі босағаны екі иығына іліп кетердей боп аптығып кіріп келе жатқан Мырзатай екен.

Әбілқайыр таң атқалы булықтырып тастаған ауыр ойдан серпіле алмай манаурай қарады.

— Не боп қалды түге?

— Ауыл сыртындағы жалға бес-алты атты көтерілді.

Мырзатай екі иінінен дем алып ентігіп тұр.

Сырттағы жабыр-жұбыр күшейе түсті.

— Әне, ойға құлады.

Хан ауылындағылардың Әбілқайырдан басқалары бірі қалмай тысқа шығыпты. Бәрінің де бейтаныс жолаушыларға ауыздарын ашып қарап қалған сыңайлары бар.

Әбілқайыр сол орынында басын тіктеп қақшиып отыр. Серпіле керілген қасы мен тікірейе қалған шұнақ құлағы ғана сырттан хабар тосып отырғанын сездіргендей. Алақандай ала көзге әлгінде ғана мөлтендеп тұнып тұрған тұнжыраңқы ойлар әлдеқайда жым-жылас жоғалыпты.

Мырзатай сыртқа шығып кеткен-ді. Қауқылдаған дауысы қайта естілді.

— Әне біреулерінің басындағы башқұрт тымақ қой.

Алдарбайлары күні кеше ғана келіп кетпеп пе еді. Күн ара ат құрғатпай шапқылап башқұрттарға соншама не көрінді екен.

— Орталарындағы әнебіреу қазақ емес пе?

Башқұрттардың арасында жалғыз қазақ қайдан жүреді? Қыстыкүнгі үсті-үстіне шапқыншылықтарынан кейін олардың қоралы қол болып жүрмесе, қазақ арасына бүйтіп шағын топпен келе қоюы қиын еді ғой. Жолдағы елдер бұларды қалай аман жібере қойды екен?!

— Ананы қара! Әлгі қазақ далақтап шаба жөнелді. Жалғыз өзі оза шауып келеді!

Жалғыз қазақтың қасындағы серіктерін тастап, шаба жөнелгені несі? Қасындағылар қайтты екен?

— Қасындағылар ілесе шапқан жоқ. Сар желіспен салдырып келеді.

Сонда қалай болғаны? Әлде бұдан сүйінші сұрауға жіберілгендер ме екен? Ендеше, бәрі неге шаппайды? Иә, башқұрттар бөтен ауылға, қазақтың ауылына келе жатып, аттарының басын еркіне қайдан жібере қойсын. Сонда қарқарадай хан ауылына тасырлатып шауып кіретіндей ол не қылған жүрегіне жүн байлаған қазақ? Елшілері болса, қалғандары қайда? Неге жалғыз келеді? Қасындағы башқұрттары несі? Бірақ орыспен екі ортаға қазақ қасына не татар, не башқұрт ертпей жүре ала ма?

— Ойбай-ау, мынаның басындағы өзіміздің шөмекей тымақ қой!

— О тоба...

— Не дейді? Не боп кетті өзі?

Ақ орда шыркөбелек айналып барады. Сырттағы жабыр-жұбыр күшейе түсті.

— Мәс-са-ған! Мынау Рысбай ғой!

Мырзатайдың дауысы бірте-бірте алыстап барады.

Сонда... Тоқта... Рысбайдың сонда... Жалғыз келгені қалай? Сейтқұл мен Құттымбет қайда? Әлде ақ патша оларды аманат қып ұстап қалғаны шын болғаны ма?

Әбілқайырдың ту сырты мұздап қоя берді.

Сүйінші! Сүйінші!

Ойбай-ау, не дейді мынау?! Елшіліктен жалғыз-ақ адам оралса, оған несіне сүйінші сұрайды? Бұл жұртта ес бар ма, түге...

— Сүйінші! Сүйінші, хан-ием!

Мынау өзі кімнің дауысы?

— Сүйінші!

Рысбайдың даусы ғой? Не болған сонда?!

Әбілқайыр сыртқа жүгіре шыққысы келгендей, екі-үш ұмтылып еді, буын-буыны қалтырап, орынынан тұра алмады. Сосын қуанғаны да, ренжігені де белгісіз, қолын бір сілтеп, ту сыртындағы құс жастыққа шалқалай берді.

Құдай берудей-ақ берді ғой!

Патшадан Рысбай оралғалы хан ауылынан ат құрғап көрген емес. Бұрын жан-жағыңа көз тастасаң, жағалай құлазып жататын, жамалдатып өлген түйенің көніндей қабарытып алған қара сұр кеңістік аяқ астынан ажарланып сала берді. Ана тұстан да — ақтылы-құлалы боп шұбап топ шыға келеді, мына тұстан да — ақтылы-құлалы боп шұбар топ шыға келеді. Таңертең де солай, түсте те солай, кешке де солай.

Ауыл қарасына ілігер-ілікпесте аттарынан түсіп, тізгіндерін қарларына іліп ап, хан ордаға қарай жаяу беттейді. Ордаға дауыс жетім жер қалғанда тізіліп тұрған жалаңдаған жас жігіттер қонақтардың жүгенін қолдарынан қағып ап, аттары ауылға шаңы жетпейтіндей оқшау жердегі кермелерге жетелей жөнеледі. Ордаға жүз қадамдай қалғанда самсап тұрған көк найзалы топ меймандардың найзаларын алып қалады. Қырық қадамдай қалғанда иін тірескен өңшен бір төртпақ палуан жігіттер кісілердің түр-түсіне қарап, белгілі билер мен ру басылары болмаса, қалғандарының қанжары мен қылыштарын сыпырып алады. Хан ордаға құрық тастам жерге жеткенде меймандардың кіселеріне

ілінген кішкене қындарындағы сүйек мүжитін сапы пышақпен қолдарындағы қамшыдан басқа қару қалмайды.

Ол екеуін алуға болмайды. Пышағын алғаның — үйіңе төтелеп келген құдайы қонақтың әуелден еншісі бөлінбеген ен қазақтың қай шаңырағынан да тиесілі сыбағалы жілігін алдына қоймаймын дегенің. Қамшысын алғаның — табалдырығымнан аттағасын ауызыңды ашпайсың, көмейіңе құм құйылып кіріп, құм құйылып шығасың, хан алдында датың болса — айтпайсың, дастарқан үстінде дау шықса — араласпайсың дегенің. Өйткені, басына дағарадай қып бөрік киіп, беліне бес қаруын асынып, бет жүздік киімін киіп, бет жүздік атын мініп, азаматпын деп алшаң басып келген еркек кіндіктің мәжіліс үстінде ауызынан бұрын қолының қимылдамағы, алқалы ортаға алдымен қамшысының түспегі шарт. Қамшысын ортаға тастамай қойшы сөйлер, қойманшы сөйлер, ал өзін сыйлайтын ер азамат жағын ашпайды. Қамшысын алғаның — «қадірің жоқ қағырмасың» дегенің. Еркек адамға одан асқан қорлық болар ма! Одан да тымағыңды күлге лақтырып, қатыныңның тіз киімін басыңа орап ап, иығыңа қара ала дорба салып, жайылған сиырдың құйрығын қағып, тезек теріп кеткенің мың бір ғанибет! Қазақ үшін мынау ұланғайыр көк аспанның астында, жеті қат қара жердің үстінде сенің ауылыңнан басқа ауыл, сенің түтініңнен басқа түтін құрып қалғандай, атының басын сенің белдеуіңе бұрып, туралап келген қонақтан қадірлі ешкім болмасқа керек. Ал, төре ауылында, әсіресе хан ауылында қай-қай қазақтың да айырықша тыраштанып бағары белгілі. Өзіңнің кім екеніңді білгің келсе, төренің үйіне түс деген де содан қалған. Хан үстіне пышағың мен қамшыңды тастамай кірсең — қатарда жүргенің. Хан ауылына артыңа тазы ертіп, нөкер ертіп кіре алсаң — ел қатарлы емес, ел үстіндегі қадірлі азамат болғаның.

Ханның қонағын қарашы аттан түсіреді, ағайын-жекжат алдына түсіп жол бастайды, ханзадалар орданың қасынан қол қусырып қарсы алып, есік көтеріп үйге кіргізеді.

Рысбай оралғалы шартараптан ағылып жатқан үлкенді-кішілі меймандарға осы жол-жоралғының бәрі мүлтіксіз істеліп жатты. Төрі мен босағасының арасы ат шаптырым ақ сарайдай хан орда ерте барсаң да, кеш барсаң да тізелерін түйістіріп шалқая жайғасқан жақсы

мен жайсаңға толады да отырады. Ханмен мәжілістес болып шыққан мейман анадай дердегі өзіне арнап тігілген ақ отауға барып, сыбағалы қонақақысын жейді.

Осының бәрін бес саусағындай біліп алған Итжемес көкжиектен қарайған көрінді-ақ, төбесі көкке бір жетіп қалады. Қонақ деген қызыр деп, өз сыбағасын өзі ала келеді деп баяғыда пайғамбарлар айтыпты, қонағы арылмаған үйдің құты арылмайды деп қазір жоқ қарап жүрген қазақ та айтады, дау қуып жүрген қазақ та айтады.

Үйінен қырық қадым ұзап шыққан кісінің бәрі қонақ. Үйінен қырық қадым ұзап шыққан кісінің пақыры да пақыр, батыры да пақыр. Алдында асы, басында қалқасы, астында төсеніші, үстінде жамылғысы болмаса, пақыр болмағанда кім болады. Ендеше, қонақ адамның бәрі пақыр. Пақыр адамның бәріне пәтиха тиесілі. Пәтиха беруден бас тартқан адам кісі емес кісәпір, екі дүниеде де бетінің күйесі бес елі қаныпезер. Жал-жалдың басында шілдің боғындай шашырап отырған қазақтың малы жоғалмас па, басы ауырып, балтыры сыздамас па, ұлы ер жетіп, қызы бой жетпес пе, кәрісі опат боп, нәрестесі қырқынан шықпас па, тіпті басқа шаруасы бәрі таусылса да, көкжиектегі көк сағымға қарап мелшиіп отырғаннан, күлдіреуіш санап, шаңыраққа қарап шалжиып жатқаннан құйымшағы ауырмас па, жамбасы ұйымас па, іші пыспас па — әйтеуір бір ретін тауып жүріп-тұрмақшы ғой! Ендеше, жүріп-тұрған қазақ басқаның қазанына қалайша кіріптар болмайды. Ендеше кіріптар кісі қайтып пақыр болмайды. Ендеше, бір күн атқа тақым салмай үйінде отырса, намазы қаза болғандай тықыршып бітетін қу аяқ қазақтың бәрін пақыр емей патша ғой деп пе ең! Ендеше қазақтың қай-қайсысына да пітір тигендей. Ендеше, басқа кісәпір, басқа қаныпезер болса да, қазақ кісәпір, қазақ қаныпезер бола алмайды, бүгін біреуге сен кісәпірлік қылсаң, ертең саған біреу кісәпірлік қылады. Ендеше, қазақтың қонақжай болмайтын амалы қайсы?!

Оны басқа білмесе де, Итжемес біледі. Әуелде түйе қарап шығып, елден ел асып, жерден жер асып хан қосынынан бір-ақ шыққан Итжемес басқаны білмесе де, қонақжайлықты біледі. Бірақ ханның қонақжайлығын адам көрген емес. Қаз-қатар қазылған жер ошақтарға қаз-қатар асылған тай қазанның қайсысының қақпағын ашып қалсаң да — былқып жатқан семіз жабағы, қалқып

жүрген сары ала май. Тұмсығыңды пейіштің бағына бір сұғып алғандай рақаттанып қаласың. Қатар-қатар тізілген торы сабаның бәрі — аузы-мұрнына шығалықылдап тұрған қысырақтың қымызы. Бір пұшпағына аузыңды төсеп жата кеткің келеді.

Көл боп төгіліп жатқан тамақ. Тау боп үйіліп жатқан тамақ. Соны жан-жақтан анталап кеп, жапа-тармағай жабыла жалмап, ырсылдап-күрсілдеп аттарына әрең мініп, шартарапқа қайтадан шашырап бара жатқан шұбырынды қазақ. Осынша тамақты құла дүзде құландай босып жүрген көп обырдың жемсауына тықпыштап бағу да шамалы кісінің қолынан келе қоймайтын сахилық-ау! Соған қарағанда, хан болу да анау айтқан оңай шаруа бола қоймаса керек.

Осының бәрін өз дәулетіңнен жырып бермек түгілі жалаңдаған табақшы жігіттер аузы-мұрнынан шыққанша, үйгіштеп, төбелеріне ойып ап, төгіп алмайын деп мәймөңдей басып ақ үйлерге қарай апара жатқан сансыз сары ала астауларды көргенде Итжеместің айдалада тұрып, қаралай іші ұлып қоя береді. Итжемеске айтқызсаңыз, шіркін, қазақтың шаншыла толған сары ала табағынан асқан әдемі нәрсені екі дүниеде де таба алмайсыз. Бірақ, сол әдемі нәрсе Итжемеске сол әдемі қалпында бұйырмай тұр ғой! Қазан басына Мырзатай келсе, анадайда түтінге тұмсығын төсеп тұрған оны шақырып алып қол басындай қазыны, солақпандай құйрықты көмейлете асатып жіберетіні бар. Ал, енді әлгі төлеңгіт Бәйбек келсе, онда мынау кең дүние көзді ашып жұмғанша қаран су алып қалқып шыға келеді. «Қонаққа жетпей жатқанда осылар-ақ сұқақтайды да жүреді екен!» — деп көзін сатқан көп итке қосып, бұны да қуып жібереді. Алпыс алты атасына, жетпіс жеті шешесіне адамдық бітпеген, арғы тегі қырық темірдің құрауынан пайда болған қу шұнақ шата неме мынау сап-сары ала мол дүниені о баста қара көрттің пышақтай арқасына қоңын ойдырып, қыл арқанмен шандып байлаулы келгенде қол-аяғындағы шынжыр бұғаумен бірге арқалап әкелгендей қаралай қорып бітеді. Босаған табақтарды да жылан жалағандай жалап-сұқтап, аузына ештеңе тигізбейді. Ондайда Итжемес өзіне ештеңе бұйырмайтынын білсе де, осыншалық әдемі көріністен көз ала алмай, қазан басындағылар мен табақ тасушылардың әр қимылын аңдып аңырайып тұрғаны. Оның көзін қызықтырып,



әлгінде ғана Қаратаудың қара шоқысындай боп үйіліп бара жатқан үйме табақтарды ақ үйлердің айқара ашылған есіктері бірінен соң бірін қылғыта береді, қылғыта береді...

Кейін бұл манағы мол дүниенің қайда сіңіп жоғалғанын білгісі кеп, әр немені бір сұрағыштап табақшалардың мазасын алады. Сонда табақшылар айтады: төсегіне қазы-қарта, жал-жая сап сары ала қылып, ортасына өңшең жүрек, бүйрек салып қоңыр ала қылып, ең үстіне басты жайғастырған төр табақ ханның алдына, төсегін сары ала қып үстіне жамбас пен бас салынған бас табақтар мен сый табақтар сыйлы меймандардың алдына, ал бас пен жамбастың орнына ортан жілік, тоқпан жілік, асық жілік түскен орта табақ пен аяқ табақ олардың шашбауын көтерген жігіт-желеңнің алдына қойылады дейді. Сан жілік пен төс салынған табақ күйеуге, ұлтабар, ішек-қарын, қабырға-омыртқа салынған табақ келін-кепшікке бұйыратын көрінеді. Әйтеуір Итжемес пен ошақ басын күзеткен сімсік көз көп төбеттен басқаның бәріне де табақ жететін түрі бар. Алайда, хан ауылына қонақ келгеніне, өздеріне табақ бұйырмаса да, Итжемес пен иттер де естері қалмай қуанады. Қан-жын, сүйек-саяқ бұйырса да, қарындарына бірдене барады ғой, әйтеуір!

Барғанды қойып, Рысбай келгелі Итжеместің тіпті кекірігі аза бастады. Өйткені, хан бас болып, барлық ақсақалдар жұртқа әуелі құйқа үлестіреді, сосын сарқыт асатады. Дастархан басындағылар солардың лықа толы шеңгеліне кезек-кезек ауызын тосып жүріп-ақ тойып болады. Көп табақ бөксесінен төмен түспеген қалпы кері қайтарылады. Ата дәстүрі ақсақалдардан қайтқан табақты сәлем етіп келіндер алуы керек дейді. Хан ауылының келіндері жұрттың малшылап тастаған табағын қайтсын, ошақ басындағыларға асырады. Ошақ басындағылар ең малшынды табақты мұның ауызына тосады. Сонда осы ауылдың ең жаңа түскен кенже келіні Итжемес боп шыға келеді. Игі жақсылар жас келінге табағын сарқытымды жеп мендей бақытты болсын деп беретін көрінеді. Ханның да, сұлтанның да, бидің де, байдың да сарқытын жегенмен хан болып, сұлтан болып, би болып, бай болып жатқан Итжемес жоқ. Бірақ, кейде түн ортасында іш құрғырының су ішпеген жылқыдай шұрқырап қоя беретінінен құтылды. Келін табақ жесін,

кепшік табақ жесін — қарыны тойса болмай ма! Алдына келгенді көкесіне көрістіріп қақшып бағады.

Әбден іші сыздағасын барып ауыл ішіндегі малайлар жататын қоңыр үйдің оң жағындағы көп жабудың біріне ұзынынан түсіп құлай кетеді. Шалқасынан түсіп шалжия жайғасып алғасын ағыл-тегіл қиялға батады. Шіркін, осындай шірей тойып кеткенде тоғыңды басатын, аздап күшала қосқан, үш-төрт күн асып аюдай ақыртып, көбігі шеңбірек атып тұрған ащы қымыз болар ма еді! Бірер сапты аяғын салып алсаң, жүрегіңнің басында кілкіп тұрған сары ала май қайқы құйрық қара ала төбет көрген шәуілдек күшіктей жымып жөнелер еді. Әйтпесе, мынау жылқының құрт қосқан сары сорпасы кебеже қарыныңды одан сайын кептіре түспесе, тоқ таратпайды, тақырға түскен қақтың суындай көкірегіннің басында лықылдайды да тұрады.

Бірақ, бұған қымыз қайда... Ең болмағанда, саба пісуге де жолатпайды. Пұшпаққа қолы бір жетсе, әрі қарай ретін өзі-ақ келтірер еді! Ондай-ондай пайдалы жерді Бәйбек құсағандар қолдарынан тіріде шығара ма! Бұған сол мал сою, ішек-қарын аршу, қой ұйту, жер-ошақ қазу... Әйтеуір, шикі тамақ болмаса, піскен тамақтың маңайынан жүргізбейді.

Баяғыда ештеңені білмейді екен ғой. Хан ауылына келгелі көрмегені, естімегені жоқ. Хан дастарқанының басында кімді қалай отырғызғанының өзінде гәп бар деседі. Ол дастарқанға іліккендер биліктен де құр қалмайды деседі. Мынау ақ тауды айырып, қара тауды қайырып келгендей қып төбелеріне көтеріп жатқан Рысбайлары күні кеше базарға жылқы айдасатындай ғана абыройы бар көп шауыпкелдің бірі екен. Енді, міне, хан иығына қамқа шапан жауып, келгендерге Петербордың әңгімесін айтқызып, күні-түні қасынан шығармайтын көрінеді. Рысбайдың осы атқа мінгені мінген деседі. Атқа мінгені құрысын, шетіне қол тимеген сары ала табақты өз алдына алып, шетіне ерін тимеген сары қымыз толы сапты аяқты алақанына салып ап, асықпай сіміріп шіреніп отырар бір күннің өзі неге тұрады! Жұлдызы жанған жігіт деп, әне, сол Рысбайды айт!

Күбірлеп жатып көзі ілініп кетеді. Түсінде хан ордасының көк желкесіне дейін тасырлап атпен шауып барып сүйінші сұрап жүреді. Сүйіншіге жылт-жылт еткен қамқа шапан жамылып жүреді. Игі жақсылар тізе

қосысқан алқалы мәслихаттың ортасында отырып жүреді. Сапты аяқ толы сары қымызды қылқытып жұтып жүреді. Қазы, қарта, жал, жая, сыбаға сүйек, сары ала, торы ала шаншыла толған үйме табақ алдына келгенде: «Қазір ет жеп отырғанда қамқа шапанымның жеңіне май тигізіп алмасам жарар еді», — деп уайымдап жүреді.

— Құдай берді ғой! — деп қояды ұйықтап жатып та.

Ала жаздай бір жұртта табан серіппей ошарылып отырып алған ұлан-асыр ауылдың орыны тулақ сүйреткендей қуарып, құлазып қала берді.

Шұбыртпадай шұбатылған шұбар ала көш мизам қонақтап жылт-жылт еткен күзгі шөпті баса көктей жапырып, жаңа бір бағытқа бет алды.

Сүмбіленің туғаны беп-белгілі. Ат құлағының арасынан соққан қарсы лептен инедей шағып алар тікенек ызғар еседі. Көш қозғала жылы көрпенің арасынан тұрғызып ап, түйенің екі жақ бүйіріне төрт құлақ кебежеге әкеп тыққан кішкене балалар иектері иектеріне тимей дірдек қағады. Бірақ, мұндайдағы әдет еткен қыңқыл-сыңқылдарының бәрін ұмытып, ұйқы тығылған сығырайма көздерін бақырайтып ашып алып, мынау тосын көрініске айран-асыр қап таңырқаса қарасады.

Көкжиектің жазда ылғи жанарыңды қажытып бозарытып тұратын кілегей мұнары бүгін жым-жылас. Екі-үш күндікте былпытып бабымен жауған сылбыр жауын шөп басының сіре сілтісін әбден ақжем қып шайып кеткен. Жусан басы қайта құлақтанып, кеше ғана жолбарыстың жонындай сары ала, қоңыр ала боп жолақтанып жататын жұмыр жондардың тағы да көк ніл бояуы көбейе бастапты. Алыс ойпаттар көл бетіндей көлкіп көгеріп көрінеді.

Аспан асты айнадай таза. Таңғы самал ауа көкірегінді шәйдай ашып, тынысыңды кеңейте түскен. Содан ба жал-жалдың басына шұбан шыға бастаған сәңкитіп шаңырақ артқан, малынтып кілем жапқан, тығырықтап текемет қоршаған, теңкитіп кебеже теңдеген мығым басар сары атандар мен сирағы ұзын қара нарлардың, балалардың тақымына бұйырып, қос қапталда шапқылай жарысып шарқ ұрып жүрген селтең құйрық тай-құнандардың аяқ алыстары тіптен ширақ. Көзің түскен нәрсенің бәрінен әлденеге алабұртқан елгезектік

лебі еседі. Тіпті маң басып, мандып болмайтын маңқиған түйелердің жүрісін місе тұтпай, анадай-анадай жерлерге озып барып, құйрықтарын сертитіп тұра қалып, өзге көштердің иттеріне алыстан әуілдеген ор ауыз төбеттер де бір-біріне үре тіл қатпай, күле тіл қататындай.

Әбілқайыр да көңілді. Көшелі көк ала айғырды тайпалта бастырып, қарақұрым нөкері мен қалың көштен көп ұзап шығып кеткен. Көзінің алдындағы көптен бүк түсіп жатып алған көтерем қаяу жоғалып, тып-тығыз құндыз қара мұрты ашық аспаннан күле қараған күн нұрымен ымдасып жылт-жылт етеді. Сұлу жылқының тостағандай төңкерілген күлің-күлің сауырын ойда жоқта бір қыдықтап алғысы келгендей күміс бунақ төрт өрме қамшы оқтын-оқтын көкке қарғып қояды. Қасындағы қалың шоғыр оның бүгінгі қас-қабағын айтпай танып ауыз жаппай қауқылдасып келеді.

— Апырай, күн де тамаша болып тұр екен!

— Іс оңға басарда ылғи осылай ғой!

— Еншалла, бәрі де дегендей болып шығар!

Хан ол әңгімеге араласқан жоқ. Мұртынан күліп үнсіз келеді. Назары сонау көз ұшындағы оқшау төбеде. Маңтөбе десе Маңтөбе. Бір жағынан Ырғыздың табанынан көктемде жайылып, жазға қарай тартылып қалатын біріне-бірі ілесіп, моншақтай тізіліп жататын көп көл — Аман көлдің тұраны, екінші жағынан дөңбек жалдар еңіс тартып, көлбей тоқайласқан дөңгелек ойпат ұштасар жерде қара бас еркек, ақша отау ұйлыға өскен құмақ төбе мама қатынның емшегіндей дөңкиіп, жер түбінен көзге ұрып тұр. Оның төбесіне шықсаң — төңірегіндегінің бәрі құдды алақаныңа салып қойғандай түгел көрінеді. Қапелімде қапы соқтырардай тосқауыл таса, ұры жыра, жымысқы жықпыл — ештеңе жоқ. Қайдан кім келе жатыр — бәрі көз алдында. Күн батыс жақтан жер түбінен Айырқызылдың өркеші бұлаңытып, тұмсығымен жер сүзісе құлап бара жатқан қара қабандай Қабанқұлақ тауы қарауытады. Терістікте Текше десе, текше қыз жинаған жүктей қатталып, тік шың кемер тау мен мұндалайды. Торғай бетте семіз биенің сауырындай жылтылдап, еркек пен селеу аралас өскен Қарақұдық алабы жатыр. Ал, құбыла бетте күміс айшықтай иіліп жылт-жылт еткен Шөміш көлдің сабы мен Ақсуат көлінің бір шынтақ иінінің бір-біріне жалғасқан тұсында жан-жағын қаумалай қоршаған

Талдыкөл, Шөмішкөл, Сасық көл, Ащыкөл, Құттыкөл, Сарыкөл, Сабындыкөлдердің арасынан сиыр тіліндей аралшық құрап Қарақоға жатыр. Қарақоға — хан ордасының талай қонған жері. Төңірегін — тұтасып жатқан су. Одан арғы далиған далаға тек пышақтың жүзіндей кішкене иін арқылы өте аласың. Жарақты жау келсе, қапы қалдырардай жайдақ жатқан ештеңе жоқ. Жері тепсең. Жағалай бал құрақ. Көп көлдің қаз, үйрегі күні-түні қиқулап құлақ құрышыңды қандырады. Су бойы көкке шоршыған сазан, шортабан, табан лақа. Нағыз жыраулардың ауыздарының суы құрып жырлаған: «Балығы тайдай тулаған, бақасы құдай шулаған» жерұйық мекен. Маңтөбе мен Қарақоғаның арасы шоқ-шоқ ши, шоқ-шоқ жыңғыл. Ертең алыстан келген елшіге «мекенім мынау еді» деп қорынбай көрсете алатындай жер. Аанада Рысбай келгесін бірер аптадан соң Петербордан келе жатқан сый қонақтарды шөбі тұяқкешті бола қоймаған шаң-тозаңсыз таза қоныста қарсы алмақшы боп пәлен айтты сабылтып жер қараған. Пәленбай күн ер үстінде жүріп, ақыры, осы араға тоқтаған. Ойы — орыс елшісімен мәмлесі көңілдегідей шығып жатса, мынау домалақ төбенің бауырайының бәрін жер ошаққа толтырып, төбесіне кілем жайып, күллі ұлыстың ауызынан ақ май ағызып, Маңтөбенің атын Майтөбеге аудару, жер түбінен келген шаруасы діттеген жерінен шығып, дені жайылған құрметті қонақпен айлап саят құрып, Аманкөлдiң айдыны толы құсы мен жынысы толы қабанын атқызу.

Енді, міне, сол тоқтамына бүгін өзі риза боп келеді. Көкжиектен шұбарытып шыға келген шұбалаңқы көштердің қайсысының қайда қонатынын ойлап қояды. Хан орда сол Қарақоғаға қонады. Маңтөбенің ығы мен шуағы мол күнгей бауырына, хан ордадан қарасын көріп отыратындай жерге ақ патшаның елшілігі жайғасады. Маңтөбенің өз бауырына сол сый қосыннан басқа ештеңе жолатпайды. Қалған ауылдар айдаладан көзіңді шұқып тұрған айқай төбені шыр айнала қоршап сонау төменге, тегістікке орналасады. Сонда елшілікті тек төбенің ұшар басында күні-түні көз ілмей қарауыл қарап тұратын сақшылар ғана емес, бүкіл ауыл түгел күзетіп отырады.

Өйтпей бола ма!.. Жұрт арасынан не шықпайды дейсің! Қымыздың буы мен қыздырма әңгіменің желіне ылығып, ақ патшаның елшісіне қараулық ойлап жүрер

әулекі біреулер табылып жатса, қапы қалмастай боп абай отырған жөн ғой...

Рысбайдың аман-есен оралғанын сылтауратып хабар білуге келгендерден сыр тартып көріп еді, жан-жағының бәрі құлақтары түрік отырған сыңай танытты. Әзір іш алдыра қоймағанмен, көбі әліптің артын бағулы. Әсіресе, келе жатқан елшінің жөн-жосығын көп сұрайды. Ноғай мырзасы дегенде таңданысып қалды. Әскер адамы екенін Әбілқайыр әдейі айтқызбай қойды. Елшіліктің жай-жапсарын жұрт түгел біліп қоймасын деп, Рысбайға еріп келген башқұрттарды көп кідіртпей кері қайтарды. Қастарына ертіп жіберген қайын атасы Сүйіндік батырға оларды жол-жөнекей ауылдарға соқтырма, ешқайда аялдама деп қайта-қайта ескертіп бақты. Елшілік қашан төбеден түскендей боп сарт ете қалғанша, оның ішінде кімдер бар екенін, қандай адамдар екенін ешкім білмей-ақ қойсын. Келе жатқан елшінің қасында қару асынған суық қол барын естісе, кім біліпті, үрегей жағы үрейі ұшып, бұл төңіректен өкшесін біржола көтеріп, беті ауған жаққа безіп кетер, әулекі жағы қылыштарын қайрап, найзаларын сайлап, жол торып пәле қылар. Ең дұрысы, қыбыр-жыбырсыз отыра алмайтын жұрт арасына: «Ақ патшаның бізге деген пиғылының түзулігі сондай, елші қып қазақшаға судай, өзіміздің мұсылман мырзаны жіберіпті. Жарықтық діндар неме көрінеді. Алты айшылық жол үстінде де бес рет намазын бір де бір рет қаза қылмапты. Ақ патшаның алтын тағының құбыла бетіне жәйнамазын жайып тастап, құранды судырата жөнелгенде діні бөлек патшаның өзі ұйып қалатын көрінеді. Уфаның мешітінде ораза намазымды оқып аттанамын деп, айт пен шекті күтіп қалып қойыпты», — деп қаңқу таратқан.

Қазір жал-жалдың басында айналаға елеңдеп отырған құр құлақ ауылдардың ауыздары жалпылдап айтпай жатқаны жоқ көрінеді. Көбі хан ауылынан құлақтары шалған азғантай естіміштерін көпіртіп айтып, патшаның елшісін Стамбулда оқу тауысқан ғұлама, Мекедегі байтоллаға барып, пайғамбарымның қара тасын сүйген қажы қып дабырлапты.

— Ау, сонда ақ патшанның өзі кім болғаны?

— Көпірдің патшасы көпір болмай кім болушы еді?

— Ендеше, қасында ұстап жүрген хажысы не?

Дағдарып қалған жұртқа аз-мұз кітап ақтаратындар:

— Ақ патшаның қол астында кәпірлер де, мұсылмандар да бар дейді. Сондықтан, ақ патшаны кәпір деу күпірлік. «Патшанды ұлағат тұт», — деп құранда жазылған, — деп көңілдерін бірлеп қояды.

Не де болса, бүкіл ел болып жол қарасқан жағдай бар. Сүйіндікке: «Аузыңды қу шөппен сүрте бермей, айбынды елміз деп бар. Шалқайып та кетпе, еңсеңді көп жыға да берме. Ақ патшаның ақ жолтай елшісіне өзіне лайқатты құрмет көрсетіледі де. Ханның үлкен ұлы бес жүз кісімен бір апталық жерден алдынан шығып тосып тұратынын айт», — деп ескерткен.

Әбілқайырға мұндай батпан құйрық абыройды қия алмай қыстығырылып жүрген іштарлар аз емес екен. Жарты айдан бері жағалай жабағы жығып, ауыздарын майлап жатқан игі жақсылардың бәріне: «Ақ патшаның елшісін ә дегеннен тіксінтіп алмай, келген еліне, жұмсаған билеушісіне лайық қошамет көрсетейік. Алдынан Нұралыға еріп балаларың шықсын. Өздерің ол келгенде менің ордамнан табылыңдар!» — деп қанша қақсағанмен, сол арада олардың қай-қайсысы да: «Сөз бар ма!», «Мақұл!», «Әп, бәрекелде!» — деп қауқылдасқандарымен, былай шығып ап әр қайсысының әр қилы қиялға түскен сыңайлары бар. Көпшілігі сол кеткеннен мол кетті. Өздері де, балалары да қайтып қараларын көрсеткен жоқ. Кейінгі кезде ат ізі тағы да сирейін деді. Ал, айтулы мерзім таяп қалды. Не де болса, шешінген судан тайынбас, ақырына дейін көріп алады. Мұндай тас түйін тәуекелге бел буғалы әлдеқашан... Содан бері ширатылып шиыршық атып келе жатқан жүйкесі құрғыр енді көбі өтіп, азы қалғанда ши шығарып алмаса болғаны. Қазір бұрынғыдай күйіп, піспей жайбарақат жүр. Жайбарақат жүргенмен көңіл шіркін көзіне түскен жыра-жықпылды бір сүзіп шықпаса басы ауыратын аңшының сумақай тазысы сияқты, қай-қайдағы қиыр мен шиырды кезе жөнеледі. Қайта сонысы жақсы. Ол, әйтеуір, көкжиекке «апырай, ә» деп қараған сайын, жүрегіннің басын тікендей шағып алатын тылсым уәйімді, бір сәтке болса да, ұмыттырады ғой. Ондайда Әбілқайыр өзінің қайда отырып, қайда тұрғанын да есінен шығарып алады. Міне, қазір де қасындағы қауқылдасып келе жатқан көп қошаметшінің кімдер екенін ұмытып, құлағына майдай жағып бара жатқан жапыр-жұпыр үнге ғана елітіп келеді. Кім-кім

үшін де мына дүниеде өзінің істемек ойын құптаған тілектес сөздерден жағымды не бар дейсің!

Оны баяғыдағы Қарақұм жиынында қапысыз аңғарған-ды. Сонда бір жыл бойына төбесі көкке жеткендей боп жүрді. Қауқылдасқан дауыстар шықса болды, қасына қарақұрым жұрт жиылса болды, жасөспірім жігіт екі көзінен шоқ шашырап, қапелімде, өзінің жерде тұрғанын жоқ қанат байлап көкке көтеріліп бара жатқанын аңғара алмай қалатын. Табанының астындағы қара жер мен тақымындағы қатқыл ер де ертегілерде ғана айтылатын маңдайы бес елі айырықша бақытты жандарды әлде бір ғажайып елдеріне алып ұшатын самұрық құстың мамық қауырсынына айналып жүре беретін. Ол басына ағыл-тегіл орнай қалған көл-көсір бақыттың желі ме, жоқ әлі дұрыстап көңіл тоқтатып үлгере қоймаған албырт жастықтың шалығы ма — ол арасын әлі өзі де жөндеп білмейді: сол бір күндер есіне түскенде, әліге дейін бір бусанып қалады.

Несін айтасың, ол тұста дәурендеудей-ақ дәурендеп еді-ау! Бөкенбай екеуі Ырғыз өңіріндегі қатқыл таусылып, шоқалақ-шоқалақ құм басталып, ұлы шөл енді-енді күш ала бастайтын жерде аспаннан тас жауғандай оқыр-шоқыр боп қонжиған Жаманшыңның күн батысындағы қара ойдың қақ ортасына ерттеулі қара арғымақтай қақшия байланған жеке шоқының маңына ұлыс-ұлыстан үсті-үстіне құйылып баққан қара нөпір қалың қолдарды көрген сайын бір масаттанып қалатын. Олар мынадай атой шоқыны әдейі таңдап алған-ды. Содан бері «Бөкенбай шоқысы» атанып кеткен бұл нысана биікті бес жағынан бес жота орағыта қоршап жататын-ды. Терістігінде — шөккен інгеннің екі тік өркешіндей Қызыл айыр мен құбылаға қарай өңмеңдей ұмсынған қаражал Қабанқұлақ, шығысында ойқышойқы Жаманшың, құбыла бетінде — едірейе-едірейе қараған Қызылқабак шоқылары, батысында — бұлыңғыр мұнар ортасында көгере қарауытқан Темірастау. Құба қалмақ пен қара қалмақтың арасындағы шұбырынды жол бұл арадан бір қиян. Осынау далиған кең қойнау да не болып, не қойып жатқанын қашан тас төбесінен түскенше ешкім білмейді. Қазақтардың көңілінің құртының неге ауғанын қапелімде жоңғар да, қалмақ та сезе қоймастай. Ал енді шартараптан қыбырлап келе жатқан қарайған болса, жағалай бес қара жалдың көлеңке қуыс-қуысына тығылып ап аңдып



жатқан шолғыншылар мен қарауыл шоқылардың басындағы сақшылардың байқамай қалуы еш мүмкін емес. Көрді-ақ, үстеріндегі жалпылдақ киімдерінің екі жеңін жалп-жалп қағып, оба басынан ұша жөнелген қара құс боп белгі беріп, ойға қарай жүгіре жөнелер-ді. Ол қақ ортадағы Бөкенбай шоқысының басындағы сақшылардың көзіне қалай да түсер еді.

Сол-ақ екен — дабыл берілер-ді. Қара шоқының бауыр-бауырына қаздай тізіліп тұрған қалың дауылпаз мойындарына асып алған көн даңғыраларын дүрсілдетіп сабай жөнелгенде әлгінде ғана бесіннің сары сағымына малынып тыныш жатқан астау ой аяқ астынан тіріліп шыға келер-ді. Жал-жалдың, сай-сайдың таса-тасасына тығылып, дүкен құрып, көрік басып, қорғасын балқытып, оқ-дәрі жасап, қылыш шындап жатқан жұрт, ат ойнақ салысып, семсерлесіп, садақ атысып, найза шаншысып, бұғалық тастасып бәсекелескен көп сарбаз әп-сәтте жым бола қалысып, сақадай сай боп сапқа тұрады. Әлгінде ғана аузына не түссе соны көкіп, насыбай үгіп, шақша қағысып, жағасы жайлау жайбарақат жүрген бос белбеу жігіттер табан астында қабақтарынан қар жауған айбынды күшке айналып шыға келеді. Иықтарындағы көк найзаның сүңгісі, күлдір мамай, жеке ауыз, бір ауыз, қанды ауыз, жезді ауыз, шиті, берен мылтықтардың қап-қара ұңғысы, белдеріндегі көк семсердің жарқылдақ қыны мен кіселері, үстеріндегі жалаңқат, зере, кіреуке көк сауыттары, бастарындағы темір дулығалар мен түйенің қап-қара көнінен жасалған жылтырақ жағылар ашық аспаннан айран-асыр қарап тұрған күннің нұрынан жалт-жұлт етіп, жағалай тізіліскен қара нөпір қалың қолдың көркіне көрік, сұсына сұс қоса түскен. Үш арыстың әскері ру-ру, тайпа-тайпаларымен топ-топ болып, алдарына сардарларын салып сап түзеген. Астарында — ертең қан майданға тебініп кіретін жаугершілік тұлпарлары, жетектерінде — екеуден-үшеуден төсек-орнын, киім-кешегін, жолым үйлері мен баспаналарын артқан жорық аттары. Бәрі де түгін тартсаң, майы шығып жылтылдап тұр. Ереуілге шақырар керней дауысын естігілері келіп елеңдескендей ауыздықтарымен алысып жер тарпып қояды. О жер-бұ жерден әр рудың қыл-құйрық жалаулары желкілдейді. Әр рудың жігіттері қарларына бір өңкей шүберек байлап

алыпты. Ертеңгі аламан-асырдың үстінде бұлар әншейін он екі жілік, бір бас арқалаған жұмыр басты пенде күндеріндегі «пәленшекең», «түгеншекең» аттарынан айрылып, пәлен рудың жігіті, төлен рудың жігіті атанады. Олардың көрсеткен ерлігі мен ездiгiн де осы қарларына байлаған екі елі шүберектеріне қарап аңғарады. Олардың жасаған мәрттігі бүкіл бір рулы елдің намысын қоздырып, нәмәрттігі бүкіл бір рулы елдің сүйегіне сынық салады. Сондықтан да мынау аламан жиынға әр рудың еркек кіндігінің ең сүлейі, қыл құйрықтысының ең дүлділі келген. Әр рулы елдің ісмерлері мен зергерлері де өнерлерін салып бағыпты. Жұрт мұнда қанды майдан қан қасапқа бара жатқандай емес, ас пен тойға келгендей қызылды-жасылды жасанып келіпті.

Қазірден бастап бір жан, бір тәнге айналатын осынау бір ұлы нөпір Әбілқайыр мен Бөкенбайдың қас қабағын қалт жібермей аңдып тұр. Осы бір тіл алғыш мыңдардың сұсы аса түскен сайын екі қолбасшының да төбелері көкке жете түседі.

Олардың өздеріне көңілдері бітіп тұрғанын байқап, көк найзалы қалың қолдың да көздеріндегі жылтып-лып өрши түседі. Бейбіт жүргенде жал-жалдың басына шашырап, әр қайсысы әр жаққа шірене түкіріп, қаралай мардамсып, көкіректері аяқ қаптай болып жүретін бейберекет пәтуасыз тобыр бес қаруын асынып сапқа тұрғанда айбынды елге, асқаралы халыққа айналып шыға келген. Қараптан-қарап көңілің босайды екен. Қазақ деген мынау аспан астын бір өзі толтыратындай болып далиып жатқан сары дала да, сол сары далада бидайдай бытырап бырт-бырт күйсеп жатқан ақтылы қой, көкала жылқы да, сол ақтылы қой, көкала жылқының шетіндегі жар басына жарбия қонған киіз үйлер де емес, міне, тап осы тепсе темір үзетіндей бұла күш, жандарын шүберекке түйген нар тәуекел, бірін бірі айтпай ұғып, көріп, біліп отырған ынтымақ, жан-жаққа басынды алып қашырмай, жұмылған жұдырықтай қып нығыз да сергек ұстар темірдей тәртіп болса керек.

Солай екен... Темірдей тәртіп жоқ жерде көп жұрттың да, тіске ілінер шөп көрінсе, қуалай жүгірген құзғын құрсақ мал да бір екен. Пенденің қызыл өңештің күйтінен аса алмай тұрып адаммын деуге, азаматпын деп алшандап ат мінуге, өңшең қызыл көз тобырдың

басындағы бақ пен сорды қапысыз танып, бірін-бірі кеудеден итермейтіндей болып жанымыз-тәніміз бірге бір құбылыс, бір ұғым, бір жаратылыспыз деп түсінбей тұрып, халықпыз деп кекірейіп кеуде қағуға қақысы жоқ екен. Ал, бүкіл халық боп жұмылғанда қандай қарлы тау іс те ісмер қатынның қолындағы ұршықтай шырқ үйіріліп шыға келеді екен. Әншейінде кез-келген қазақтың үйінде қашанғы қара шоқпар мен дойыр қамшыдан басқа қару табыла бермейтін әдеті. Не балдағынан, не алмасынан кеткен қылыштың жұрнағы табылып жатса, оның өзін де маңдайларына тигізеді. Оны да сонау Бұхара асып барып сатып алады, не керуен тонап тартып алады. Мұндай құр қол халықты қаруландыру оңайға түспейді. Бөкенбай мен Әбілқайыр Қарақұмдағы жиыннан кейін ұлыс-ұлыстан жаубасар жігіттерді ғана емес миясар қарияларды да жинады. Оларға сонау ойдағы Талдысайдың, желкедегі Айырқызылдың жықпыл-жықпылдарының арасынан қос тікті. Талдысай мен Қайыңды Ырғыздың бойындағы ну жыныстың талын отап кестіріп, төбе-төбенің күнге бауырына шаштырып тастады. Қатар-қатар асылған тай қазандарға айыр түйенің өркешін турап, шыжғырып ертіп, ыстық майға әлгі әбден құрап дыңылдап кепкен, қапысыз ысқыланып сүргіленген тал, қайың найза саптарды малып, қашан қара қоңыр тартқанға шейін қапысыз суарады. Сосын қайта кептіреді. Сосын барып тиген жерін насырға шаптыратындай қып зәрге суарылған болат сүңгі қадалады. Ертең жер түбінен туырлықтай ұйысып көрінгенде-ақ, жау зәресін алатын көк найзалар солай жасалады. Миясар қариялардың білмейтіні жоқ. Қараптан-қарап азынап жел тұратын айғыр жалдардың басына шымнан тастан қорғасын айырар, болат құяр қазандықтар жасайды, оған қорытылмаған тастар тастап оны малдың майын, қи-тезек салып, қатты бұта араластырып өртеп қыздырады, былқыған сұйық арнайы тас науалармен сыз ұраларға барып құйылады. Суынған соң оны төске тапап, сапы, селебе, жеке ауыз, қылыш соғады. Жаңа соғылған қаруды қызыл жалынға ұстап шыңдайды, артынан не түрлі зәр қосқан сілті сұйыққа малып суарады. Егер қолыңдағы ақ алмас өткір болсын десең — қойдың өті мен есектің зәрін араластырып, соған суар. Неге салсаң да, кетілмейді, кесіп түседі. Егер ылғи қанға малып алғандай қызарып жүрсін десең — бір мысқал

қызыл тотияйынды көк тотияйынның ертіндісіне араластырып, соған малып алған теріге орап, бір тәулікке сақтап қой: әлгінде ғана қас дұшпаныңның арам көкірегіне сүңгіп шыққандай, күреңітеді де жүреді. Ақ алмасың көрген жұрттың зәре-құтын қарадай қашыратын көкжендет болсын десең — ақ тотияйын мен сарымсақтың сөлін араластырып, соған малынған шүберекке орап, бір күн топыраққа көміп таста. Қолындағы көк алмастан түскен жара жазылмай, бірден арам қаптыратын болсын десең — қажырдың қаны мен сарымсақтың сөліне суар. Қағындыдан тиер қайсар қанжар сол болады. Шын мяскердің қолына түссе, қажетке аспайтын нәрсе болмайды екен. Егер құзғын қарғаның жұмыртқасын отқа өртеп, түскен күліне есектің қанын араластырып, найзаның сүңгісін соған суарсаң, одан түскен жара көзді ашып-жұмғанша қара талақтай қағынып, жаныңды жаһаннамнан бір-ақ шығарады. Көк сүңгі улы ғана болып қоймай, тиген жерін тесіп өтер қайратты да болсын десең, есектің тұяғын өртеп, содан түскен күл араласқан суға суар. Найзаның сүңгісі, қанжар, селебе қылыш суаруға иттің қаны, есектің қаны, адамның зәрі, сарымсақтың сөлі, арыстанның өті, айдаһардың, жыланның уы — бәр-бәрі жарай береді. Ақ алмасты тат баспасын деп райханның жұпар иісті майымен, майға ерткен қалайы тұнбамен, қасқырдың майымен сылайды.

Баяғыда Талдысайдың задығында Бөкенбай екеуінің соңына ерген қалың қол жылан, тасбақа, шаян, қарақұрт аулады, құзғынға тұзақ құрды, тау-тасты кезіп, жебеге қадауға керек болады деп, күшігеннің қойлық жүнін, тасқараның тайлық жүнін терді.

Қалауын тапсаң қар жанады деген осы ғой! Қару-жарақ жасатам десең, мясарлар былайғы жұртқа көзінді сатпай, қазақтың өзінен де табылады екен. Айналасы алты ай жазда үш арыстың салдыр-салақ сарбаздары бес қаруын түгел жаңалап шықты.

Содан бұлар Жаманшыңның түбінде жақсы ырымды бастап, шынтақ қағысып, тебінгі сүзісіп бірге аттанған қазақ қолын ата дұшпанның қақ маңдайына қарай қарсы алып жүрсін. Екі жыл бойына қазақ әскерінің айдарынан жел ессін де тұрсын. Қанша жерде қас дұшпанның құзғын басы түйенің құмалағындай шашырап қалды. Астам жаудың бұрынғыдай емес тауы шағылайын деді. Қанша бай құлға, қанша шал тоқалға жарып қалды. Не

бір сұқсырлардың уыздай ұлпа тақымдары қайқы бас қазақы ердің қасына қажалып жауыр болды. Қазақтың еркек кіндігіне керме қас ойрат сұқсырларының ұнағандары сондай басы қаржас Бұқар боп: «Отының болсын жантақтан, қатының болсын қалмақтан, қосының болсын қазақтан», — деп мақалдайтынды шығарды. Желі оңынан тұрып, абыройы асып тұрған кісі дүниенің басы-көзіне қарай ма! Алдына түскен олжаны оңды-солды шашып бақты. Бірақ, сонысы ақыр аяғында өзіне тауан боп тиді. Қазақтың игі жақсыларының ауызын қисайтам деп жүріп, қайтадан көз қырларына іліге бастады.

Шіркін, ойраттың басына әңгіртаяқ ойнатып баққан сол бір кемдікүнгі дәуренде қазақтан да талай марқасқалар табылып еді-ау! Бұның баяғыда тау ішінде құлжаға таласып танысатын таутағы құрдасы Тайлан әкесі Мәтіге тартқан көзсіз батыр боп шықты. Тайлан бірақ, Мәтідей емес, қапсағай. Аяқ-қолы жеңіл. Әншейінде сүзетін бұқадай көзін алартып, сыздап үндемей діңкеңді құртатын бір тоға жігіттің айқайлап жауға тигенде қимылына көз ілеспейді. Құдайдың бір қиын-қыстау жерлерінде жанары жалт-жұлт жанып, аруақтанып алады. Тауда туып, таста өскен неме, әсіресе, ұрымталды білгіш. Қиядан тиісер қияндарда ылғи сол жүргені. Содан да болар, екі жылдың ішінде Тайлан аты ұмытылып, Таутайлақ атанып кетті. Қазір қазақта Орта жүздегі қанжығалы Бөгенбай, қаракерей Қабанбай, шақшақ Жәнібек, бәсентин Малайсары, Ұлы жүзде Саурық, Райымбек, Кіші жүзде табын Бөкенбай, тама Есет, байбақты Шолан, адай Ақпан, Сабытай, Табылды, Есенқұл, беріш Есболай, Итемген, әлім Киікбай, Жаулыбай сосын осы Тайлан дегенде ішкен астарын жерге қоймайтын кісі жоқ. Оларды өздері сияқты жұмыр басты пенде емес, аспаннан екі аяқтары салбырап түскен жер құдіреттей көреді. Олар туралы шығармаған аңыз лақаптары қалмаған.

Қазақтың қалмақтан пысы асып тұрған сол бір заманда «Арқар» ұранды төренің абыройы да аз болған емес. Орта жүз қолдарын бастаған Сәмеке, Барақ, Қайыптар қысылтаяң күндерде намысты қолдан берген жоқ. Жауға жұдырықтары қатты тиіп, бір-екі аяусыз төмпештеп алған соң, қазекеннің көкірегіне нан пісейін деді. Қай халықтың да қасіретке батқаны бірдей болғанмен, мақтанып-масаттанғаны әр қилы. Қазақтың

бағы жүрсе — кәукілдеген мақтан әңгімесі, гулеген өсегі, кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген кердең жүрісі көбейіп, қараптан-қарап іші жарылып, бұтқа толып болады.

Жоңғардан есе қайтарып, жолдары болған бір-екі жорықтан соң бұрынғыдай исі алаштың жыртысын жыртатын әңгіме күрт азайып, әр ұлыс қай ұрысқа қанша қол қосқанын, қай шайқаста қай батырының қандай ерлік жасағанын айтып, әр қайсысы өзді-өзі оңаша жиналып, оңаша желпінісетінді көбейтті. Аз күндік абыройды қайдағы бір әлжуаз әулет Өсеке тұқымының шөп бас сұлтаны иемденіп кеткеніне іштері тарылатындар да бой көрсете бастады. «Біздің пәленше болмағанда, тап сол арада дәуренінің қалай болғанын көрер едім», — дейтіндер көбейді.

Ондай қаңқу әңгімеге келгенде Жәдік тұқымы әуелден де алдарына жан салмайтын. Тексізден шығып, бағы оза бастаған бала сұлтанды кекеп-мошқағанда аузы-бастары құйын соққан үйдің туырлығындай желпілдеп ала жөнелетін. Ондай әңгімені көбіне көп Барақ бастайды деп есітеді. Сәмеке өз жанынан сөз шығарып қоспаса да, Барақтың әңгімесіне кеңк-кеңк күліп бір жасап қалатын көрінеді. Құдай Бараққа біраз нәрсені берудей-ақ берген. Ер десе ер, шешен десе шешен, айлакер десе айлакер. Мақтанды да, даңғойлықты да, арамзалықты да, күншілдікті де, құдай екең, кетсе соған-ақ кетсін деп үйіп-төгіп бағыпты. Бәрінен де баққұмарлықты аямапты. Өзіне айтқызсаң, аузын қу шөппен сүрткенмен, құдай оны бақтан да көп қыса қоймаған. Білектісі көп ну найманның тізгіні сонымен немере інісі Күшік екеуінде. Найман қолы жаумен шайқастың қай тұсында да көзге түсті. Орта жүзде, әсіресе, қара керей Қабанбай мен қанжығалы Бөгенбайдың ерлігіне ешкім дау айта алмайды. Тек сол екеуінің өзі алып берер абырой талай Барақ, талай Күшік, талай Сәмекекелердің көк желкесін күдірейткендей.

Ал Барақ көкжал деген сайын күнге қақыратындай кекшіе түседі. Астына ылғи жалын тізесіне төгілтіп қара ат мініп, үстіне жалтыраған қара шапан киіп, қара бұйра күйек сақалды жалтырата тарап, соңына бірінен-бірі өткен қара сүлік тазы ертіп, қара жалдың басына қара нөпір қолымен опыр-топыр боп шыға келгенде қазақ ұлыстарының ең кемі бір жыл үзігін тулатар қара дауыл

көтерілгендей болар еді. Кісі мен кісіні, ру мен руды, ұлыс пен ұлысты жармастыра қоюға одан епті ешкім жоқ. Ол өсекті өзгелер құсап пыш-пыштап оңаша айтпайды. Шаршы төрге шығып ап, сары аласы мен қоңыр аласы аралас бас табақты буын бұрқыратып алдына қойып, саңқылдай күліп, сампылдай сөйлеп отырып айтады. Талай төрде талай бағыланның басын мұжып отырып, бұны да жеті атасынан бермен қарай жерден алып, жерден салыпты. «Жарықтық біздің жақсыларымыз да қартайып келеді ғой. Әйтпесе, бір-екі жерде құлық-сұмдығымен ауызға ілікті екен деп, үш арыстың айбынды туын тегінде теке атпаған, теке атпа да, екі атпаған Әбілқайырға ұстатар ма! Жол ана азуы алты қарыс арғынды ұстап отырған Қайыптікі емес пе, жетпіс мың жылқы біткен Сәмекенікі емес пе!» — деп те талай шалқақтапты. Қайып пен Сәмеке әлгіндей бұра тартар бұралқы әңгімеге бірден құлап түскен түрлері бар.

Қазақтың желкөз керегісінің аржағында айтылған желбуаз әңгіме жетпей қалушы ма еді! Аспан астынан ызың аңдып жаланып отырған аш құлақтар мен сүйрен тілдер сумандатқан суық сөздер ұшқан құс, шапқан аң жете алмас алты айшылық қиырларға әп-сәтте-ақ атанақтап жетіп баратын.

Әбілқайыр әлгіндей күйдіргі әңгіменің ешбірін қалт жібермей естіп бақты. Бірақ, ешкімге ештеңе деп тіс жармады. Естігені естіген қалпында көкірегінің басына қонақтап, баяғы Қарақұм жиыны тұсында ұялаған желбірек сезімді жәншіп езе түсті. Бірақ, сол бес қаруы беліндегі қазақтың бәрін соңына ерткен күндері сәл нәрседен алабұртып шыға келетін ала құйын көңілін қай-қайдағы қысыр қиялға бастаса, қазір «қап, бәлем» деп тіс қайратқан тымырсық ызаға тұншықтырып, қайдағы бір ащы ойлардың азабына салады.

«Жұрт не десе, о десін!» — деп шалқаюға тағы болмайды. Қайта күні кеше қолына ту тигенде төмпештеп көзін аша алмай келе жатқан қазақ жұртының алдында талай боз өкпе сұлтанның кемтәуекел, кемпарық сорлылығын бетіне басып берсе, енді олардың сәл ашықса, еңкелеп, сәл тойынса шалқалап қалар пәтуасыздығын әшкерелеп бағуы керек. Ол үшін жұрт өзі туралы не айтса, соған керісінше іс істеуі керек. Қараптан-қарап мардамсып жүрген маңқа немелердің іштерін сүйтіп күйдіруі керек.

Ол жұрттың аузын аңдып бақты. Ел әуелі: «Әбілқайыр кімнің арқасында кім болғанын білмей жүр. Одырандаған он шақты батыры болмаса, шіркіннің шама-шарқын көрер едік», — деп кеу-кеулесті.

Әбілқайыр бұл әңгімені естіп: «Ең алдымен батырлардың көңілін табуым керек екен», — деп түйді. Сұлтан басымен «Алаш» ұрандының туын ұстаған Бөкенбайдың бетіне еш жерде жел боп келіп көрмеепті. Ол басшы да, бұл қосшыдай, не айтса да, құрақ ұшып тұрыпты. Бөкенбай, Есет, Тайландардың алдындағы ізетіне бола Кіші жүз батырлары Әбілқайырға ә дегеннен іштері жылып сала берді. Оның мұндай кішіктігін «Арқар» ұрандылар әуелден сабы төре, қабы қара шаталығынан көрсе, басқа орданың қарашылары: «Пәтшағар, төре екенмін деп төбелерімен аспанға сүйкеніп аласұрып жүрген өзгелеріндей емес, қашан көрсең де, тал жібектей есіліп тұрады-ау... Ол тіл қатқанда өзі балаңның баласынан да кіші сияқтанып кетеді-ау. Іші-бауырыңа еніп бара жатқан мұндай әдепті жігітке оңды-солды айтылып жүрген әңгіме қайбір оңды әңгіме дейсің. Ішің күйсе тұз жаланың кері шығар», — дейтін көрінеді.

Әбілқайыр одан сайын бойын жасырып, бетегеден биік, жусаннан аласа бола түседі.

Мұндай сөздерге не себеп болып жүргені де есінде. Қазақ қолы бірде қалмақтың шет ұлысын шауып, Түркістанның базарын талаудың талапай малына толтырды да жіберді. Әскерінің олжалы оралғанына мәз болған үш арыстың екі езуі екі құлағында.

Мидай жазықтағы жатаған қаланың төбесінен көкке шаншылып бой көтерген көк күмбездің әлде бір жерінен азаншының сарғайып сар тап боп жатқан көл-көсір даланың қиыр-қиырына жететіндей қып күңіренге шырқаған әдемі үні естіледі. Сай-сүйегінді сырқыратар қоңыр әуез жорықтан қайтып желпініп келе жатқан жарақты әскердің де, жүректері жарылып алдарынан шығып тұрған мәз-мәйрам халықтың да құлағына майдай жағып барады. Сол бір салқын саз жұрттың бәрін сабырға шақырғандай. Бұрын биік мұнараның басына телміріп тұрып тыңдағанда жермен ешбір байланысы жоқ сонау тылсым көктің құшағындағы көзге көрінбес ғайып перен періштелердің бұлар ұғынбас тылсым сырындай жұмбақ саз бүгін Әбілқайырдың құлағына өзгеше ыстық естілді. Осы бір



тіршілікте ылғи бағы жанбай жүрген бейбақ баласының маңдайынан сипай отырып мұңмен жұбатқан сорлы ананың гөйгөйіндей шерлі әуез бүгін тұла бойын елжіретіп балқытып бара жатқандай. Маған не болған, бұным не?» — деп ойлады кенет ерінің күміс қасына барып мөлт тамып тұна қалған мөлдір тамшыны көріп. «Ту, мынауым қалай...» Әлде әлгі қуанған да бір, мұңайған да бір дегені осы ма? Бұл мұндай боркемік емес еді ғой. Қаршадайынан қасарыспа еді ғой. Сонау бала күнінен бөтеннің алдында сыр алдырмауға тырысып сазарып өскені қайда? Осал мінезін, олқы қылығын көрсе, онсыз да басынан секіріп кеткілері кеп тұратын өзге бауырларының алдына ылғи нық шегедей нық көрінуші еді ғой. Өздері басқа төре әулетінен қағажу көріп келе жатқан Абдолла сұлтан балалары өз ошағында өздері бірін-бірі мүйіздейтін. Сонда ақтүйебастың астына көп түсетіні осы Әбілқайырдың емшектестері еді. Абдолла сұлтанның қарадан алған әйелінен туған балалардан Өсеке балалары өз қолдарында бәрібір жоқ бақты қызғанып қаралай бүлінетін. Өйткені, Абдолланың төре қызы әйелі біразға дейін бала көтермей шаңырақтан «іңгә» шықпады деп уайымдап жүргенде алған қарашы қызы әйелі оң жаққа келін боп түспей жатып қойдай қоздады. Тұңғышы Тоқтамысты бәйбіше ырым қып етегіне орап ап, өзі емізіп, өз перзенті санап кетті. Ол сол еркелеткеннен ерке қалпында қалып қойды да, бақ-дәулеттің қызығын көрудей көргенмен билікке құлықсыз болды. Ал бұл әулеттің ел көзінің сұғына іліккені — осы Әбілқайыр мен бәйбішенің бұл туған соң екі жыл кейін көтерген құрсағы Жолбарыс еді. Жолбарысы — Жолбарыс десе Жолбарыс. Еңгезердей жалқын сары жігіт ат жалынан тартып мінгесін-ақ кеудесін жықпас, айылын жимас қалпын танытты. Бұл сабырымен көзге түссе, ол өрлігімен көзге түсті. Жұрт не де болса, Өсеке әулетіне келер ендігі абыройды осы екеуінен күтті. Жолбарыс туғасын Әбілқайырдың көрер шетқақпайы көбейе түсті. Оны отырса опақ, тұрса сопақ қылғысы келген тумаластары: «Найсаптың сазарған түрі жаман ғой. Нағыз безбүйректің өзі ғой», — деп қанша мүйіздесе де, бұл бедірейіп тұрып алатын. Сыр бермейтін. Сөйткен Әбілқайыр тек анасымен оңаша қалғанда ғана балалығы ұстап бұлданып бітетін. Оған өкпелеп бір бұлтиса, қанша айналып-толғанса да илікпей қоятын. Анасы

сонда да қасынан кетпейтін. Бұның тікiрейген шашынан сипап:

— Әй, балам-ай, қасарыспа қиқарсың-ау. Бұл мiнезiңмен өз басыңды өзiң тасқа ұрмасан жарар едi-ау, — деп қояды да, көңiлiне қайдағы-жайдағы түсiп гөйгөйлеп ыңырси бастайтын. Анасының сол бiр мұңлық даусы ғана бұның көкiрегiнде тастай түйiлген берiштi жұмсартқандай болатын. Сонда ғана бұл балбырап ұйықтап кететiн. Шала ұйқы қалпы өзiн жас нәрестедей сезiнетiн. Көмейiне бiрдеңе кептелiп, көзiне жас тығылатын. Соны көрсеткiсi келмей, терiс қарап жатып алатын.

Ендi, мiне, бүгiн де алдынан анталай қарап тұрған мәре-сәре Түркiстанды көргенде, мынау манаураған қоңыр сазды естiгенде сол бiр балалық сезiмi қайта оянғандай. Оны да өгей санамай, өз перзентi санайтын адам барын бiлгенде бiр сәт бойын билеп алатын осы осалдығын марқұм анасы өлгелi атымен ұмытып кетiп едi. Бүгiн кеп есiне түскенiне қарағанда мына қарақұрым жұрт бұны «өгейiм» деп емес, «өз перзентiм» деп құшағын ашып тұрған болды-ау.

Әбiлқайыр дүниеге қайта туғандай, самсаған сары қолдың жолын тосып тұрған байтақ шаһарға бiр түрлi емiрене қарады. Оның марқұм анасы тiрiлiп кеп сонау ұлы жиынның ортасында бұны күтiп тұрғандай.

Қожахмет күмбезiнiң маңы ығы-жығы. Қақпаның алды самсаған сары қол. Iште — қақ ортадағы кiсi бойы қол созым тай қазанды шырқ айнала қоршап ап тұрған қол басылар мен ру басылар. Басына қақырадай қып сәлде орап, тұла бойы түгел аққа малынған, ақ сақалды ақ сұр шал михратқа шығып ап әндетiп тұр. Жұрт оның бордан қашап жасағандай аппақ мүсiнiне, тарс жұмық көздерi мен болар-болмас қыбырлаған қаймыжық ерiндерiне қарап мүлгiп қапты.

Жеңiске бата берiлiп, қол жайылды. Сұлтандар мен батырлар ғимараттың төр жағындағы нақыштап тастаған емен есiктен еңкейе кiрiп, шағындау ғана шаршы бөлмеге өттi. Қақ төрдегi биiк тұғырда алтынмен апталған абажа тақ тұр. Тақта алтынға малып алғандай сап-сары ала шапан киiп, есiктен тәжiм етiп кiрген әр кiсiге жеке-жеке басын иiп, қапсағай кәрi шал отыр. Астындағы тағы, үстiндегi шапаны, қақ маңдайындағы көздi ұялта ұшқын шашқан қып-қызыл лағыл тасы бәрi жалтырап, жарқырап тұр. Бiрақ, жүзi сондай сынық,

сондай жабырқау. Бозқырау керік қастың астындағы қысыңқы қой көздерінде де жылт еткен ештеңе жоқ. Тұнжыраңқы. Кеңсірік тұста жапырыла жығылып, қайта көтеріліп, сүйірленбей, екі етегі делдие біткен етті мұрынның астындағы қияқ мұрт пен құп-қу шоқша сақалдың арасынан әзер қылаңытқан солғын еріндері қылп етпей сұлқ жатыр. Шатынаған суық та, күлімдеген жылы да емес осы бір бейжай бет-әлпеттен ашу да, қуаныш та табу қиын. Бәрінің орынын ар жағында не жатқанын аңғартпайтын тылсым сабыр жайлап алғандай.

Хан қасындағы билер сондай жадыраң. Төле қара сұр жүзіне қан жүгіріп күреңітіп апты. Әншейінде сырбаз Қазыбек қазір біреумен қалжыңдасқысы келіп отырғандай құлана жымыып отыр. Заманында Қаражігіт атанған дойыр қара Әйтекенің селтиіп тұратын буырыл мұрты бүгін жылтырай қапты.

Хан мәжілісі өтетін ақ сарайға шақырылған жұрт түгел жиылып болған соң Тәуке сөз бастады. Ауыр науқастан енді бас көтеріп отырған адамдай баяу тіл қатты. Үнінен қажығандық сезілгенмен, сөзі ширақ. Елдің белін бір көтеріп тастаған абыройлы жорыққа алғысын айтты. Бірақ, дұшпанның әлі айылын жимай шабынып тұрғанын, оның тауын біржола шағып, маңдайын біржола қайтару үшін ылғи да осылай бүкіл ел боп қайрат қылып, бірігіп күресудің қажеттігін еске түсірді. Сосын жаудан келген олжаны бөліске салды. Қай ұлыстың алдына қанша мал, қанша тұтқын түсетінін айтты. Жұрт бір-біріне қарап қойды.

Хан енді бұл жорықта айырықша көзге түскендерге сияпа тартылатынын хабарлады. Аты аталғандар алтын тақтың алдына барып, жер тізерлеп тағзым етіп, орындарына кеп отырды. Батырлар мен сұлтандардың құр қол қалып жатқан ешқайсысы жоқ. Елдің ең соңынан жорық басы болған Бөкенбайдың аты аталды. Оған Шу аяғынан өріс, ақ боз ат пен наркескен қылыш сыйланды. Еңгезердей батыр шалт қимылдап барып, хан алдына тізерлеп отыра кетті. Тәуке арқасынан қақты. Бір кезде Әбілқайырға кезек келді. Хан жас сұлтанның тұсау кесер жорықтарының сәтті боп жүргенін айтып, Ырғыз бен Торғай арасынан жаңа өріс, аспаһани қылыш, жаудан түскен бір сұқсырды сыйға ұсынды. Әбілқайыр тақ алдына именшіктей аттап, тізесін бүгіп, ханның

қолына ерінін апара беріп еді, Тәуке иығынан қағып, тұрғызып алып, маңдайынан сүйді.

Қысы-жазы қоңыр салқын қалпынан бір танбайтын ақ сарайдың ішіне аптап кіріп кеткендей болды. Әсіресе, иін тіресіп мізбақпай тұрған жас сұлтандардың құлақтары от боп лаулап барады. Әбілқайырдың да екі беті ду ете қалды. Манадан бергі жым-жырт жұрт гу ете түскендей көрінеді екен.

Ол орнынан тұра бергенде бүйірдегі есік ашылып, ар жағынан әлдене жалт ете қалды. Малынтып шытыра шымылдық жапқан бір бойжеткенді жетелеп төрт-бес әйел көрінді. Қақ ортаға келгесін, маңдайларын алтын таққа беріп жер сүйіп етпеттеп жата-жата кетісті. Хан: «Тұрыңдар!» — деп ишара қылды.

Сол бір сәт әлі есінде. Ақ шытыра сусып түсе қалғанда ішінен шошына қараған қос нәркес көз Әбілқайырды шарпып өтті. Селк ете қалған қыз денесі бірте-бірте бүрісіп бүгіліп бара жатты. Жан-жағынан анталай қараған сұқты жанарларға шыдай алмай, өз-өзінен өртеніп барады. Лүп-лүп еткен алау тамағы, таң қалғаны екені де, шамырқанғаны екені де белгісіз оқыс жарқ ете қалған нәркес көзі, аяғының астында жатқан шытыра жамылғының бір шетінен тас қып ұстап алған сүйрік саусақтары — бәрі-бәрі әлге дейін көз алдында. Болат серіппедей ширығып тұрған жас жігіт өз-өзінен үгітіліп бара жатты. Қызбен қоса өзі де ду қызарып, жан-жағына дұрыстап қарай да алмады. Әйтеуір, алдындағы қалмақ сұқсырына тақта отырған ханнан бастап жұрттың бәрінің көзі тегіс түскенін байқады. Есік жақта әлдекімдер әлдене деп күбірлесіп жатқандай болды. Бұның оң қолында тұрған жас сұлтандар тас бағандай состиып-состиып мелшиеп қапты. Бөкенбайдың бер жағындағы ұзын бойлы тарамыс денелі Жәнібек батыр қыз жаққа мойынын әнтек бұрып, қызыға қарап тұр екен. Әбілқайырдың көкірегін бір ыстық шоқ қарып өтті. Сол арада барып бойын жиып алды.

— Дат, тақсыр!

— Айта ғой датыңды.

— Тақсыр, бұл жорыққа үш арыстың еркек кіндігімен бірге шаптым. Олардың маған риза, риза емесін бір алла біледі, ал мен жұртыма дән ризамын. Мен мына ықласыңызды жұртыммен бірге бөліскім кеп тұр.

Хан билерге қарады. Билер мақұлдай бас изесті.

— Рұқсат! — деді Тәуке.

Әбілқайыр хан ұсынған көк мойнақ семсерді Бөкенбайдың оң қолында тұрған Ұлы жүз Ошақтының бас батыры Саурыққа ұсынды. Сосын орынына қайтып кеп, жоңғар сұқсырының ақ білегінен қолы дір-дір етіп жасқана ұстап, Жәнібек батырға қарай жетеледі.

— Әп, бәрекелде! — деді біреу жұлып алғандай.

Ол Әбілқайырға өз Тәукенің өз аузынан шыққандай боп естілді. Сол-ақ екен ақ сарай толы жұрттың: «Әп, бәрекелді! Жарайсың!» — деп қауқылдаса жөнелгені.

Содан Түркістаннан бас ғимаратының абажа қақпаларынан топан судай лек-лек ақтарылып, ағылып шығып жатқан жұрттың ауызында Әбілқайырдың аты кетіп бара жатты. Қай жағына құлақ тосса да, еститіні: «Бәрекелде, тауып кетті!» Сәл бір желпінген кеу-кеу, сол бір мақтаған қау-қаудың құлағына осы орнағаны орнағандай боп көрінген. Бірақ, көп ұзамай көзі жетті: жақсы атақ, абырой, даңқ жүрген жерде ауыл сыртындағы тасасы мол ұры сай жақтан жел солай аунағанда мүнкіп қоя беретін күңірсек иістей бір қолқанды қабар сасық лақаптар да ілесе жүреді екен.

Әбілқайыр ол лақаптарды естісе де, естімегенсіді. Үндеген жоқ. Үндегенде де бітірері шамалы де. «Қазақ басына іс түсіп, дағдарысқа тап болғанша ақылдысы мен азулысының қадірін білген бе! Тағы да талай күн туар. Сонда көрерміз!» — деп тістенді ол кезде қазіргідей емес, өзіне сенімі кәміл өркөкірек жігіт.

Көп ұзамай ондай да күн туды. Шет ұлыстарын қазаққа шаптырып, қаһарына мінген қалмақ қолы қайтадан жортуылдау бастады. Бұл жолы баяғы бір аз күндік ынтымақтан айырылып, әр қайсысын көкіректеріне нан піскен бір-бір сұлтан билеп отырған әр ұлыс өзінше қайрат қып ештеңе шығара алмады. Жоңғарлар қазақтардың бұдан бір-екі жыл бұрын алып кеткендерін мұрындарынан қайта сығып алды. Іленің ұшар басына қанатын қомдап қонжия қонған жоңғар күшігені Сыбан Раптанның ащы шаңқылы қазақтың талай қара шаңырағын қаралай қақыратып, талай бастың құлақ шекесін қаралай шымырлата бастады.

Тәуке сарайында тағы да кеңес көбейді. Енді төңіректен қол қосысар одақ іздемесек, өз бетімізбен ештеңе шығара алмаймыз деушілер көбейді. Қол қосысар одақ іздегенде де ту сырттарынан туырылып тұрып алған Ресейден басқа ешкім жоқ еді. Көмекейінде

көптен тұрған: «Патшаға елші шаптырсақ қайтеді?» — деген пікірін Тәуке қорғалақтап айта алмады. Өйткені, мына жиынның алдында бұл гәптің төңірегінде бұдан бұрын да бірер рет мықтап тауы шағылған жері бар еді.

Ол кезде орыс казактар тұз алатын көлдері мен сүзіткі салар өзендері мол арқа бетте әр жер, әр жерден қалқитып-қалқитып қарағай үйлер тұрғыза бастаған-ды. Әуелі таңсық құмар қазақтар өзенге жылқы жауып келе жатып, не сортаң көлдерден тұз алып келе жатып, жолдарындағы қарағай қиып, қалқа қалқитып жатқан қаба сақал бейтаныс адамдарды көріп, олардың әрбір қимылына айран-асыр қалып, таңдай қағысумен болды.

Олардың, сірә, қызық емес нәрсесі болсайшы! Еркектерінің ауызына насыбай түсіп кетсе, тезек асап қойғандай түкірініп, қайдағы бір қағазды шиыршықтап орап алып, көзінді жейтін көк түтінін бұйдадай шұбалтып шылым шегетіндері де қызық: қонышы қара сандарына жететін былғары етік киіп ап, белуардан су кешіп жүріп аумағына ауыл сыйғандай тор көз аумен балық сүзетіндері де қызық: бәрінен де қайдағы бір шишаға құйған сылдыраған көк суды жұтып ап, күшала қосқан қысырақ қымызын ішкендей қызара бөртетіндері тіпті қызық. Сүйтіп жүріп, өздері қатыннан салымды. Анадай аршын төс, қаз мойын, ай жүзді ақ балтыр арулар қайдағы бір тер сасыған қара шекпендерден гөрі қамқа тонды хан қасына лайық емес пе! Сабаздардың иықтарына күнте асып, екі шелек суды іліп ап, балапанын ерткен мама қаздай боп байпаңдап өзен бойлап келе жатқандарын айтсайшы. Әкесінің алдына қырық жылқы, үш тоғызын санап салып, ауылындағы шуылдаған қатын-қалашына қоржыны мен қойын-қонышын түгел тонатып, отыз күн ойынын, қырық күн тойын жасап әзер алып, ел жатқасын түннің бір уағында барып бірер ауыз сөзбен зорға жағдай сұрасатын құдай қосқан қосақтарының шүберекпен қымтаулы омырауы мен тақымын өмір бойы бір көре алмай өтетін қазақтардың көздерін қызықтырғылары келгендей көкіректерін дірілдетіп, ақ балтырларын жарқыратып, аяқтарын басып болмайтындарын айтсаңшы! Сондай бұлғақтаған еркетотай ақ борық келіншектердің байының қауғадай сақалына қарамастан бажандап ұрсып жатқандары. Ал, әлгі әрқайсысы бір-бір нар жыққандай қауға сақалдар мауыздай-мауыздай

бастарымен өмір бойы бір ғана ұрғашының етегіне байланып өтеді деседі. Дүниеде ондай да сорақылық болады деп кім ойлаған! Әр елдің заңы басқа, иті қара қасқа деген осы ғой!

Олардың жаяу жарысын қызықтаймын деп жағалбайлы Құмарбайдың сары шілдеде көгала жылқысын сазға байлап жатар салқын жайлауынан айырылып қалатыны өз алдына бір қырғын қызық әңгіме. Сонау Торғайдан бастап Қордайға дейінгі екі аралықты соны естіп, көзінен жас аққанша күлмеген қазақ жоқ шығар!

Құмарбай бірде қой тоғытып келе жатып, орыс қонысындағы тойға кезігеді. Көк суларын ішіп, ақ тер-көк терге түсіп, әбден мәз-мәйрам болған немелерге шер тарқатысайын десе, ермек жоқ. Қырық шақырымнан қарақшы қойып, бәйге шаптыратын су аяқ сәйгүліктерді оларға кім беріпті!

Содан шіркіндерін балақты тізеден асыра түріп тастап, бурадай сандары бұлт-бұлт етіп жаяу жарыссын кеп, қапталдай тізіліп тұрған қатын-балалары кеңірдектері жыртылғанша айқайлап өзеурессін кеп! Мынаны көріп Құмарбай да, оның қасына ерген қара нөпір нөкері де күле-күле ішек-сілелері қатады.

Алты ай жаз бағлан жеп, бас мүжуден басқа, қошқар сүзістіріп, бала күрестіруден басқа ермек таба алмай еріккен байдың көңілі құртқа шауыпты. Мына қызықты өзі ғана көріп қоймай, ауылына да көрсетіп, айран ішіп, ауызы уылып жүрген сарбаздардың сауабын алайын деп, әлгілерді қонаққа шақырыпты. Қауға сақал немелер бір күн ақылдасады, екі күн ақылдасады, бір апта ақылдасады, ақыр аяғында жүрек жұтқан екі-үшеуі арба жегіп, шылымдарын шегіп, Құмарбайдың ақ ордасы қайдасын деп тартып тұрыпты.

Іргесіне кеп салдырлап-күлдірлеп түсіп жатқан бейтаныс меймандарды бай балалары ханзаданы күткендей қол қусырып қарсы алады. Тырайтып тай жығып, шіrentіп саба әкеліп, ақ май-көк май қып ауыз-мұрындарын тығындайды. Түрулі іргенің алдына жатқызып терлерін басқызады. Желі басына апарып, қолдарына құрық беріп, құлын ұстатып тоқтарын тарқатады. Баптарына енді келді-ау деген кезде, жейделерін шешкізіп, балақтарын түргізіп, ауыл сыртындағы айқай жазыққа алып шығады.

Атқа мінген Құмарбайдың соңына ерген атты-жаяулыға қызық керек. Тайлы-таяғы қалмай шұбырады. Шаң көрмеген майса көгалға жеткен соң бай қонақтарына қолқасын айтады. Қонақтары Құмарбайға қоятын шарттарын айтады. Пәтуа: «Біз сізден мал да сұрамаймыз, жан да сұрамаймыз. Әуелі біреуіміз жүгіреміз. Оның шаршап жығылған жеріне сіздер екіншімізді атпен апарып тастайсыздар. Ол сол арадан қашан шаршап жығылған жеріне дейін жүгіре береді. Оның жығылған жерінен үшіншіміз жүгіреміз. Үшеуіміз қанша жерді жүгіріп өтсек, сол жердің бәрін бізге бересіз», — деп байланысады.

«Ақтылы қойым аман, көк ала жылқым аман. Сонда бұлардың қолқа сап тұрғаны құдайдың қара жері ғой. Қара жерді қол бастап барып шауып алмаса, жаяу жүгіріп алып, не бүйірім шығады деп тұр екен!» — деп ойлайды Құмарбай.

— Болсын, — деді басын изеп.

Содан үш қонақ жігіт борбайлап шаба жөнелді. Жер алып қайдан қыра қойсын! Айналасы тай шаптырымдай ғана жерді иеленіп, басында шынжыры бар құлақты қазық қағады. Алақандай ала қағазға әлденелерді шимайлап әкеп, Құмарбайдың бармағын бастырады. Сосын олар сол кеткеннен мол кетіп қараларын көрсетпей қойсын. Іші пысқан бай бір күні оларға баласын шаптырсын. «Аналарға барып айт, тағы да екі-үшеуі кеп, көңілімізді көтерсін! Шіркіндердің, ақ тер-көк тер боп шауып бара жатқанын көріп, бір күліп алайық!» — десін. Олар да: «Болсын!» — дейді. Тағы да келіп, бұрынғы алған жерлерінің үстіне тағы да бір тай шаптырым жер қосып кетсін. Сүйтіп әуелі бай отырған қара жал мен орыс қонысының арасындағы ат шаптырым көгал жазық қолды боп кетеді. Қызыққа құштар Құмарбай тағы бір жалдың басына жылжып қонады. Екі арадағы ең жазық тағы да қауға сақал қара шекпендерге бұйырады. Мынандай тегін қызыққа әбден құнығып алған Құмарбай күнгеиге қарай жылып көше берсін, ол босатқан жер қара борбай қара шекпендерге кете берсін... Күз келсін. Күле-күле күміре бола жаздаған Құмарбай Қарақұмдағы қыстауына біржола көшсін. Ел күзеуге қона Құмарбайдың ауылының балалары бұрынғыдай ақ сүйек ойнамайтын болады, ақ таяқты ат қып мініп жарыспайтын болады. Балақтарын тізеден асыра түріп тастап, екі жұдырықтарымен екі



омырауын соққылап, құйрықтарын бұлтылдатып жүгіріп жарысып ойнайтынды шығарады. Жазда қара шекпендерді жарыстырғаны Құмарбайдың ауылына қыс бойы ішек-сілелерін қатырған әңгіме болады. Жаз шықсын... Қызыққа құштар Құмарбай баяғыдай күле-күле құмарымнан бір шығайын деп, атам заманнан бері ат басын тіреп үйреніп қалған, балдырғаны батпақтай өз жайлауына көшіп келсін... Сүйтсе, былтырғы бірер лашық көбейген. Құлын байлайтын көгалдары айғыз-айғыз жыртылған. Былтыр ауылына кеп жаяу жарысатын немелер қолдарындағы ауыздары үңірейген қос ауыз мылтықты көкірегіне тіреп: «Көшіңді қайтар, егісімізді таптайсың!» — деп едіреңдей кетсін.

Құмарбай қолындағы бес өрме дойыр қамшымен өжеңдеген қара шекпендерді қасқа маңдайларынан бір жосылтайын деп тұрады да, үңірейген қос ауыз мылтықтан қорқып, «Пәлесінен аулақ!» — деп, сазға отырғызып кеткен оларды бір боқтап, сазға отырып қалған өзін бір боқтап, көрші суды жайлайтын қыпшақ құдаларына таман жылжып қонуға мәжбүр болады.

Құмарбайдың өз обалы өзіне! Шынында да, әуелі қойдан қоңыр боп су бойына үй тұрғызып, жалаңаяқ су сүзіп жүрген немелер бірте-бірте көбейейін деді. Жылқы жабатын жайпау кемерді жағалай жыртып тастап, қайдағы бір көк қылтанақтарына бола көшіңнің бұйдасына, атыңның тізгініне жармасып шаңқылдаса кететінді шығарды. Қамшыңнан қаймықпайды, салаңдаған қайқы қылыштарын белдерінен бір тастамайды, үрей ауыз қара мылтықтары да ылғи мойындарында.

Қазекен баяғыдай анадайда ат үстінде тұрып: «Құмырсқадай құнжандасқан тірлігіңнің аузын» — деп кеңк-кеңк күлетінінен қалып барады. Құдайдың қара жерінің де сұрауы бар екенін сезе бастады. Өткел мен суат басындағы орыс қоныстарына қодырандап тиісетінді шығарды. Әуелі егінін тапап, аулаған балықтарын қайтадан суға ағызып жіберіп, қалпақтары ұшып түскенше қарқ-қарқ күліп қайтқанды қанағат қылып жүрді. Артынан реті келген жерде оңаша кезіккен келімсектерді ұстап ап, Хиуа, Бұхар, Самарқанның базарына айдап апарып сатып, жіберетінді шығарды. Артынан іздеп келер жоқшысы жоқ. Бүгін қотыр байталын алсаң, ертең дүркіретіп жылқыңды қуып кететін иә қазақ, иә жоңғар, иә башқұрт емес.

Көріп қалса, айырын ала жүгіртіп, мылтық атып мәре-сәре болады да, көрмей қалса қолға түскен мұндар көзіне көк шыбын үймелеп кете барады.

Бір дәндеп алса, қанағатты білетін қазақ бар ма! Талай қара шоқпар қалқитып үй тұрғызып жатқан орыс қоныстарын көрсе, шауып барып, тапап кетуді әдетке айналдырды. Ол ол ма, орыс шебіндегі отырықшы елдерге қол салуды көбейтті.

Оның үстіне қолға түскен орыс екенін ғана біледі, атасы қайсы, тақтасы қайсы, руы қайсы, тайпасы қайсы, арысы қайсы — қаперінде жоқ, тіпті дүниеде ондай нәрселер барын туғалы-бітті естіп те көрмепті, ағайын-жекжатын сұрасаң, айлап түгілі жылдап жүрсең де, жеткізе қоймайтын жер түбінде боп шығады; арғы іргелі орыстың бұлармен еш шаруасы жоқтай, әу баста-ақ қатын-баласымен ел айналдыра қуып, айдалаға айдап тастағандай, бұлардың тіпті патша екеш патшаларымен де еш шаруасы жоқтай; оны құрдасының қатынындай қып аузы-мұрнынан түк қоймай шабына боқтай жөнелгендерін көргенде «асакет алла, ақ тоба» — деп жағанды ұстайсың. Ендеше, қазақ ертең құнын даулап келетін рулы елі жоғын білсе, ағайын-жекжаты мен патшасының өзіне атымен керексіз екенін білсе, ондай артында сұраушысы жоқ немелерге білгенін істемегенде қайтеді, есек мінген саудагерге сақалдарынан жетектетіп, бес-алты құлаш сары ала мата мен бірер қап астыққа сатады да жібереді.

Сүйтсе, орыстың да сұраушысы болады екен. Оны басқа білмесе де, Тәуке жақсы білетіндей болды. Бір жағынан дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады деп, орыс шебіне қол жүгірте бастаған қазақ сұғанақтары ши шығарып ала ма деп, екінші жағынан Қалданның қаһарлы найзасына қарсы арқа сүйеу бола ма деп, мың да тоқсан тоғызыншы жылы<sup>1</sup> Тобылдағы орыс шонжарына Тәшім батырға бастатып елшілік жібереді. Тәшім батыр орыс саудагерлерін қазақ базарына шақыра барған боп, Тобыл шонжарының арғы көмейін байқауы керек еді. Егер сары ала иық орыс шонжары: «Қап, бәлем, қолыма түстіңдер ме? Сауда дос болғыларың келсе, әуелі ақ патшаға мойын ұсыныңдар!» — деп қодыраңдайтын болса, онда мысықтабандап кері шегініп, «көрмегенім сен болсын» деп, сау басқа сақина салып алмай тұрғанда, аяқ-қолды тартып ала қою керек еді. Егер жылы шырай байқалып жатса, онда орыс

<sup>1</sup> 1680 жыл (Ә.К.)

өкіметінің қабағын одан сайын жылыта түскен жөн еді, не де болса, бағынам деп бас ұрмағанмен қақ маңдайдан жоңғар найзасы өңмендеп тұрғанда, жон арқана орыстың көк семсерін сұқаңдатпауға тырысу мақсаттұғын.

Орыс шонжары Тәшімнің тауын шақпай қайтарды. Сол жылы қабақтың артын суытып алмайын деп, Тәуке бас-аяғы жеті жылдың ішінде Сібірге бес рет елшілік жіберді. Қабай батыр бастаған елшілік Тобыл шонжарына патша сарайына арналған сый-сияпа апарып: «Өткен ереуіл, қалған салауат деп бұрынғы уақытта арамызда болған қателіктің бәрін ұмытайық. Бұдан былай ақылдасып отырып іс қыламыз», — деп шұрқырасып жатқанда, Сары батыр мен Келдей би Жәміш көлінің жанындағы орыс шонжарына барып, Россия мен қазақтардың арасындағы сауда-саттықты күшейту жөнінде мәмле жүргізіп бақты<sup>1</sup>. Қазақтар бұл шаруаға татар, өзбек саудагерлерін делдал қып тартты. Екі келіссөзде де іс оңға басып келе жатыр еді, орыспен одақтасуға қарсы қара шоқпарлардың Ертістің сахара бетіне шығып ап тұз қазып жатқан қара шекпендерді быт-шыт қып талап, тонап әкеткені. Мұндай жағдайда мәмле оңа ма?!

Жәміш көліндегі орыс әкімінің сары ала шатырында Сары мен Келдей екеуден-екеу ұзақ отырып қалғаны. Күте-күте тағаттары таусылар тұста ұлық та көрінсін. Күні кеше ғана мөлтендеп қарайтын момақан көздер шатынап шыға келгені. Қайқы мұрттың бір қиығына пәлен күннен бері ілініп алған емексі күлкі жым-жылас жоғалғаны.

— Бұл қай қылықтарың? Сендердің қай сөздеріне сенуге болады? — десін ұлық, шатырдың есігін серпіп ашып кіріп келсін де.

Мына сөздері манадан бері артқы екі аяғынан қақпанға түскен қасқырдай боп, құйымшақтарын тақылдаған тақтай тесіп, тыпыршып отыра алмай отырған екі елшінің төбелерінен жай түсіргендей болды.

Тас төбелерінен шаншыла төнген шөлмектей суық көк көздерге қапелімде тура қарай алмай бүгежектеп қалысты.

— Тақсыр, қазақ деген Жайық пен Ертістің арасын алып жатқан іргелі халық. Малының саны түгілі жанының санын әлі ешкім жөндеп білмейді. Ондай ызғындай жұрттың ішінде аласы мен құласы болмаушы

<sup>1</sup> 1687 жыл (Ә.К.)

ма еді. Бізді мұнда ондай-ондай сойылы мен шоқпарына ие бола алмай жүрген содырлар емес, ел тізгінін ұстап отырған игі жақсылар, олардың ішінде де, исі алашқа бас ұрғызған алтын тақтың иесі әз Тәуке ханның өзі жібереді. Ақ патшаның қайдағы бір құрық сүйреткен қиық құлақтардың парықсыз қылығына күйіп-піспей, өзі тектес ел ұстар жақсылар жіберген біздің сөзімізге көбірек құлақ асар деп сенеміз. Біздің халқымыз елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан дейді. Ханымыз сізге жаушы емес елші жіберіп отыр. Үй ішінде елші отырғанда сырттағы тентек-телінің ырду-дырдуына назар аудармас болар. Біздің еліміздің ата-бабадан келе жатқан жөн-жоралғысы осылай, — деді күйзеліп отырған Келдей күйіне тіл қатып.

Келдейдің таусыла сөйлегенін көріп ұлықтың күреңітіп алған жүзіне жылт етіп күлкі жүгірді.

— Келдей мырза, біздің естуімізше, сіз бен мына отырған Сары мырза екеуіңіз қазақтар мен орыс патшалығының арасындағы тату-тәттілікке мейлінше күш салып жүрген кісілер көрінесіздер. Рас па?

Тығырыққа тіреліп, жандары мұрындарының ұшына келіп отырған екі би:

— Әлбетте! О не дегеніңіз! — деп қуана бас изесті.

Ұлықтың жүзі қайтадан күреңітті.

— Ендеше, Келдей мырза, өз халқыңыздың орыс патшасына деген көңілінде ала-құлалық бар екенін біліп отырып, біздің кәсіпші адамдарымызды Ертістің қыр бетіне неге шақырдыңыз. Әлде қазақтың қанды балақтарына оңай жемтік тауып бергіңіз келді ме?

Нық отырған екі би мынаны естігенде орындарынан атып тұрды. Манадан бері сабыр сақтап сөзге араласпаған Сары тамағын кенеді.

— Тақсыр, ол тентектерге елші жіберіп отырған Тәуке ханның да, елші боп келіп отырған мына біздің де ешқандай қатысымыз жоқ. Қажет десеңіз, ханымыз алты айшылық жердегі мына оқиғаны әлі естімеген де болар. Естісе, мұндай сорақылықты аяқсыз қалдырмайтыны сөзсіз. Біз оған елші басымызбен кепілдік бере аламыз.

Екі беті шоқтай жанып тұрған қып-қызыл ұлық тағы да күліп жіберді.

— Дұрыс айтасыз. Ойларымыз бір жерден шықты. Тәуке хан орыс шебіне қол салатын тентегі мен телісін тыйып алғанша ақ патша келіссөзді кідірте тұрғанды

дұрыс деп санайды. Әлгі қарақшылар қазақ заңымен жауапқа тартылып, біздің кәсіпқорларымыздың шығыны қайтарылып, барымташылар атқа байлап әкеткен тұтқындарымыз өз үйірімізге қосылғанша, сіздерді осында қалдыруды мақұл деп таптық. Көреген де ақылды ханыңыз орыс патшасының бұлай етпеске амалы жоқ екенін түсінер де, біздің мұндай лажсыз шешімімізді мақұлдар, өзінің мәртебелі елшілерін мынау ыңғайсыз жағдайдан құтқарудың амалын тезірек қамдастырар деп сенеміз. Сондықтан да, қапаланбаңыз. Көп ұзамай бұл әңгімені қайта жалғастыратынымызға біздің жақтың сенімі кәміл. Әрине, сіздер біздің қосынымызда бұрын мұндай тұрмыс құрмағандықтан біраз қолайсыздыққа ұшырайтындарыңыз рас. Бірақ, маған сеніңіз, сіздердің мұндағы жағдайларыңыз әлгі қарақшылар артына өңгеріп әкеткен біздің туысқандарымыздың жағдайына қарағанда әлдеқайда жақсы болатыны сөзсіз.

Ұлық орнынан тұрып, басын кекжитіп шығып кетті. Сол-ақ екен, кенет шатырдың есігінің алдына көк сүңгілері жалаңдап сорайған-сорайған екі сарбаз кеп тұра қалды.

Екі би отырған орындарының лезде-ақ елші қабылдайтын мәмлеханадан абақтыға айнала қалғанын бірден түсініп, бір-біріне бас шайқасты.

Мына хабар дүңкілдеп Түркістанға да жетті. Тәуке: «Қайдағы бір қарақшыларға қарымта қып құдай жолды елшіні ұстап қалу деген дүние жаралып, су аққалы естімеген нәрсеміз еді. Алдияр тақсыр, бұ не қылғаныңыз», — деп Петр патшаға хат жазды. Мәскеудегі Петр патша Түркістандағы Тәукенің бұл сәлемін алды ма, алмады ма, кім білсін, Тобылдан елшілік келді. Елшілік сары ала қағазға қызыл сиямен саудыратып жазылған қысқаша хат әкелді. Онда «Тентек-телімді тиям деп уәде бер» деп талап қойылыпты. Тәуке хатты алды. Керуенді ұстап қалмай кері жөнелтті. Онысы орыс әкімдері ашу үсті қылықтарынан әлі де айныр, елшілерімді өздері-ақ қайтарар деп дәметкен еді. Оның үстіне қалмақ жағының да дігірлеуі көбейген-ді. Мұндай жағдайда қазаққа екі жақтың бірдей қырғи қабақ қарағаны қиын түсетіні рас еді. Ол кезде орыс шебіне шабуылдап жүргендер Тәукенің құрығынан әлдеқашан шығып кеткендертұғын. Ресеймен одақ болу мәселесі сөз болғанда қазақтың игі-жақсылары әдеттегідей екіге

емес, үшке бөлінген-ді. Бір жағы патшамен одақтасуды атымен ауызға алуға қарсы болды. Екінші бір тобы, ол топта Қайып сұлтан да бар, патшадан көмек сұрап қана қоймай, жарым-жартылай бағынамыз деп те дәмелендіру керек десті. Ал, Тәукенің өзі бастаған топ: «Бағынамыз деп азат басымызды құл қылып алмай, ат құйрығын үзісеміз деп, жел жағымызға шығарып алмай, терезесі тең елдерше достық қарым-қатынас орнатайық!» — дегенді жақтады. Ресеймен одақтасуды ұнатпайтындар екі араны шиеленістіре түсуге жанталасып бақты. Мұндай жағдайда, Тәукенің орыс әкімшілігінің үзілді-кесілді талабын орындауға да, орындай алмаймын деп ашып айтуға да жағдайы жоқ еді. Уәде беріп тұрып орындай алмаса, өзінің әлсіздігін сездіріп алады. Орындамаймыз деп ашық айтса, маңдайдан дігірлеген қас дұшпаннан құтыла алмай тұрғанда, желкеден және бір жау тауып алады. Сондықтан да, әккі Тәуке қазақ хандығының шын қауқарының қандай екенін патша сезіп қойғанша, не шік, не бүк түспей, аңысын аңдай тұрғанды мақұл көрді. Бір мың бір жүз он үшінші жылы<sup>1</sup> ол Тобылға Тұманшы мен Қабайды елшілікке жұмсады. Орыс шебін бұзып жүрген бұзақыларға ешқандай қатысы жоғын, егер патша әкімшілігі оларды ұстап алып, жазаға тартса, өз тарапынан ешқандай қарсылық болмайтынын білдірді. Мұндай жауапқа Тобыл әкімшілігі қайдан қанағаттансын! Тәукенің мәймөңке жауабы мазақ әңгімедей көрінді. Абақтыда жатқан қазақ елшісіне жүгірді. Сары әрі іш құса, әрі сүзек шығып, дүние салған-ды. Келдей жалғыз қалған. Оған патша ұлығы барып: «Ханың сені босатып алуға ешқандай әрекет жасамай отыр. Қарақшыларына тыйым сала қоятын түрі көрінбейді. Бұл әңгімеге өзін араласпасаң болмайды», — деді. Келдейдің бүйтіп жыл жарым уақыт абақтыда жатып қалғаны, әсіресе, қайынатасы Түркібидің қабырғасына қатты батты. Орыс шебіне үсті-үстіне шабуылды күшейтті.

Іргесінен дүбір көбейіп, тыныштықтарынан айырылған Тобыл шонжарлары оны күллі қазақ ордасының жасап отырған қысымы деп ұғып, Тәуке ханға елші жіберуге мәжбүр болды. Тұманшы мен Қабай келіп кеткен соң бір жылдан кейін қасына Жолай Шаманай ұлы деген татар тілмашты ертіп екі патша елшісі

<sup>1</sup> 1691 жыл (Ә.К.)

Түркістанға жол тартты. Тәуке ол елшілікті әуелі оңаша әңгімелеспей тұрып, бірден күллі ру басылары бас қосқан алқалы жиынға шақыртты. Ру басылары екі елшіні көргенде бірден жабыла кетті, қашан Келдей босатылғанша Түркістанда ұстап қалуды талап етті.

Ресеймен екі ортадағы қарым-қатынас бұрынғыдан бетер бұзылды. Әсіресе, қазақтардың бір мың бір жүз он бесінші жылы Семіз көл жанында орыс-татар жасағын түп-түгел қырып кеткені Тобыл әкімдерінің арқасына аяздай батайын деді. Келдейді тұтқыннан босатпаса, істің арты насырға шабуға айналғанын ұққан олар Петр патшадан Тәуке ханға елші жіберуге рұқсат алды. Дәл осы кезде, Келдейдің абақтыда жатып жазған хатын алған Тәуке Тобылға қасына Түркістанда аманатқа ұсталып қалған орыс елшілігінің қызметкері Александр Алемасов пен тілмаш Жолай Шаманаевты ертіп Тайқұмыр би Аталық ұлын жөнелтіп еді. Оған: «Келдей елге қайтпайынша, орыс елшісі Неприпасов та қайтарылмайды, бұл талабымыз орындалмаса ат-құйрығын біржола үзісеміз», — деп ашып айту қатаң тапсырылды. Тәукенің ойынша, мұндай үзілді-кесілді талап екі жақты иә біржола ұғыстыруға, иә біржола шығыстыруға тиісті. Айтса айтқандай-ақ, патша Келдейді босатып, ат-шапан айыбын төлеп, еліне риза қып аттандыруға әмір етті. Келдей Тобыл казактары Федор Скибин мен Матвей Трошин деген екі елші Түркістанға барған кезде қайтарылатын болды.

Әдетте қазақ ханына келген патша елшілігінің құрамында бояр әулетінен біреу болушы еді. Бұл жолы Тобыл әкімшілігі істің арты не боп кетеді деп әсіресе сақтық жасап, елшілікті қарапайым казактардан ғана құрды.

Екі мың шақырымдай жол жүріп Түркістанға әбден ит зықылары шығып әзер жеткен елшілік Ақ сарайдың табалдырығынан аттамай жатып қайдан келдімге түсті. Сұп-сұр қабырғалар да, иін тіресе тізіле қалған игі жақсылардың тұнжыраған қабақтары да, хан тағының ту сыртындағы жасауылдардың қолындағы көк найзалар да, есіктің екі босағасындағы сақшылардың қолындағы көз қаратпай жарқылдап тұрған жалаңаш қылыштар да ақпанның ақ қырау таңындай назар шашып бақты. Босағадан имене аттаған екі жат жерлік ханға келген елшілер емес, сотқа келген қылмыскерлер сияқты тақ алдына кеп жүгініп отыра кетісті. Оларға

<sup>1</sup> 1693 жыл (Ә.К.)

дұрыстап көз тастаған ешкім болмады. Оң қанатта өңмеңдей шабынып отырған іркілдек сары кісі күркірей тіл қатты.

— Мыналар өзі қайыршы ма, елші ме!?

Сол-ақ екен манадан бері оқтау жұтқандай кекірейіп үнсіз отырған билер жамыраса жөнелді.

— Иә, десейші... Елші болса, ханға әкелген тарту-таралғысы қайда?

— Ау, бұлардың әлгі ақ патшамен нәсілдес шошақ бөрік төрелері болушы еді ғой...

— Байыр ма еді, бойыр ма еді... Әйтеуір, ақ сүйекпіз деп тұмсықтарын көкке көтеріп кергіп бітетін.

— Дұрыс айтасың. Үш арыстың ноқтасын ұстаған әз Тәукеге кісі құрығындай жапатай киген жапырық өкше қара шекпендерін елшілікке жіберіп, бұл Тобылдың ұлықтарының кеудесіне нан пісейін деген екен!

— Иә, мыналары ашықтан-ашық басыну ғой.

— Тоқтасай, әуелі тілге келейік те!

— Жоқ, тілге келтірмейміз. Аруақты ақ орданың қадірін кетіретін қайдағы бір жалаң аяқтармен мылжыңдасып отырар жағдайымыз жоқ. Бұл ара Түркістанның базары емес, хан ордасы.

— Міне, дұрысы. Тобыл өкіметі астамсыды екен деп келіссөз бастауға рұқсат етпейміз.

Тәуке тостағандай жүзік салған оң қолын көкке көтерді. Жұрт жым болды.

— Баршаныздың да тоқтамдарыңыз осы ма?

— Осы!

— Иә, солай!

Тәуке сарай ішіндегілерге «басқа ойда отырған қайсың бар?» дегендей шетінен бір-бір шаншыла қарап шықты. Жұрт жабыла бас изесті.

Хан бір күрсініп қойып, есік жаққа белгі берді.

Тақ алдында жүгініп отырған екі елшіні екі төлеңгіт кеп тұрғызып ап есікке қарай алып жүрді.

Содан олар қонақ үй екенін де, абақты екенін де айырып болмас биік шым дуалмен қоршалған оңаша жайға әкелініп салынды. Дуал сыртында — найза ұстаған жасауыл. Дуалдың ішкі бетінде — жалаңаш қылыш ұстаған жасауыл. Ауланың төр жағындағы жатаған үйдің есігінің алдында — айбалта ұстаған жасауыл. Әйтеуір, оларды жау алып кететіндей қорғаштап бағыпты.



Күн шығып келе жатқанда екі-үш тас құманға көк шәй құйып, бір жайпақ табаққа тандыр нан салып, алдына ала жапқыш байлап, омырауын ашық тастап, жолақ шапанды малай кіріп кеп, күйек сақалы жылтылдап:

— Мархамат етіңіз! — деп тұрғаны.

Түс ауып бара жатқанда төбесіне үйме табақ күріш көтеріп әлгі малай тағы да жетіп келеді. Тағы да сол — «Мархамат!»

Күн батарда тас құманын тасырлатып тағы да соның қылқиып келіп тұрғаны.

Бүгін де көретіндері сол ылғи — күйек сақал малай, еститіндері сол ылғи — мархамат.

Ертең де көретіндері сол ылғи — күйек сақал малай, еститіндері сол ылғи — мархамат.

Бүрсүгүні де солай, арғы күні де солай.

Наурыз туа әлгіндей жағдайға тап болған елшілік шілде бас-талғанша шым дуалдан әрі аттап көрген жоқ. Шілде басталғанда екі жыл бойы абақтыда отырып, сары ауруға ұшырап, бауыры жидіп, өне бойының бәрі сап-сары боп іріп кеткен Андрей Неприпасов одан арғыға шыдай алмай жат қалада жан тапсырды.

Орыс елшілігінің адамдары бір іске бел буды. Тамақ әкелетін малайдан оны-мұны хабар сұрауды көбейтті. Малай бір күні тамақты алдарына қойып жатып, екі елші Скибин мен Трошинді сыртқа оңаша шақырып әкетті. Сөйтсе, Тәуке өз адамдарынан жасырып Бұқарға дейін ешкім тиіспейтін кепіл қағаз беріп жіберіпті.

Қарашаның бас шамасында елшілік орналасқан оңаша жәй қаңырап бос қалды. Қашқындар Бұхараға барып, одан Жайық пен Еділ асып, Уфаға жетіп, екі жыл дегенде әрең-әрең Тобылға оралды.

Сосын-ақ Ресеймен екі ортада аяқ-із атымен суынған-ды. Бұрынғы бұрынғы ма, жоңғарға Сыбан Раптан қонтайшы болғалы қазақтың қабырғасы қақырап сөгіле бастады. Әсіресе, Талас пен Шу бойындағы ызғындай елді қан соқта жасап қырып, айдарлы мен тұлымдыны он мыңдай айдап әкеткені жанға батты. Қазақтардың тентек жағына да ес кірейін деді. Патшамен келіссөзді қайта бастасақ қайтеді деп қыңқылдай бастады. Тәукенің оған жүзі шыдамады. Солай жүріп-жүріп барып біраздан соң Тобылға елші аттандырып еді, онысы орта жолда ойраттарға қолды боп кетті.

Әккі хан енді қазақтың өз аузын мықтап алуға бел буды. Бірақ, қазақ ұйтқысының күші он жылға жетер-жетпесте қайтадан тоз-тоз боп іри бастады. Аз күндік табысқа мас болған кер ауыз сұлтандар бет-бетімен кекірейіп кетті. Олардың шалқақ басын жалынып-жалпайып жүріп қайтадан иліктіруге қиық көз жоңғар құдайдың құтты күні қиқулай тиісіп мұрша бермей қойды. Оның үстіне жағадан алып жатқан жауға туды өзі көтеріп, аламанды өзі бастап барып бақ сынауға шамасы жете қояр түрі жоқ.

Ал, қаңқасын сүйретіп барады екен делік. Сонда толғай шаншар көк найзаға қолының қуаты жетпей, саудыраған кәрі жілігін майдан даласында шашып алып, кебенек киіп барып, кебін киіп қайтып жүрсе, мына жұрты қара боранда жер тарпып алға түсетін айғырынан айрылған бассыз үйірдей тоз-тоз боп тозып кетпейтініне кім кепіл!

Бақса, қашанғы ит жыртқан қақпыш қара терілігіне басып, кеше ғана көрместей боп жүз шайысып кеткен ала көз жатқа қайтадан елші шаптырып, елпектеп басын иіп, жалынып-жалпаюдан басқа жолы қалмапты. Орыстың әлгі тепсе темір үзетін жас патшасы: «Қап, бәлем, кәрі қақпас, солай ма екен! Шалқайсаң да, шамаңа қарап шалқаймайсың ба? Шалқаям деп, өз ауыз омыртқанды өзің омырып ала жаздаған шығарсың! — деп табалайтын шығар. Табаласа, табаласын... Ақылың жетіп тұрған жерге дәрменің жетпей тұрса, таба болмағанда қайтпексің! Дүниеде арыстан басымен қыңсылаған күшігендерге көш басшы болғаннан артық қорлық бар ма екен? Қарсақтай ғана қауқары бола тұрып, жолбарыспын деп жөнді-жөнсіз жонын күдірейтіп, көрінгенмен шақылдасып тістесіп бағатын тәйтiк жұртқа бас-көз болудан асқан азап бар дейсің бе! Еңкейе салар жерде олар: «Шалқайып бақ!» — деп шаптығады, шалқая-шалқая шатың айырыла жаздап тұрғанда: «Ойбай-ау, қарап отырып өлеміз бе, тіліңнің ебі қайда, бір амалын таппайсың ба?» — деп тапсынады. Басыңның алтын кезінде бақырдың орынына жұмсайды, бақырға айналған кезінде: «Алтынның орынына жүрмейсің, нашарсың, нәмартсың!» — деп дігірлейді.

Ішінен қан жылап тұрса да, көп тобырдың айтқанына көнді. Өзі елші жіберер еді. Өкпелері қара қазандай боп отырған ұлықтардың талақтары тарс айырылып бірден

сырт айналып кетуі мүмкін ғой. Сондықтан орыс шебіне жақын отырған ұлысбектерін пайдаланғысы келді. Оларға ойраттардың қолына түсіп жататын орыс тұтқындарын босатып алып солардан Тобыл әкімдеріне: «Қазақтар енді сіздерге тиіспейді. Мәңгі-бақи тату-тәтті тұрғысы келеді», — деп сәлем айтқызды. Тіпті бірекеуіне ақ патшадан қонтайшыға қарсы соғысқа көмек сұрап жалынып-жалпайтып хат та жазғызды. Бірақ, оның бәріне өзінің еш қатысы жоқтай, әлгі ұлысбектердің өзінен шығып отырғандай қып көрсетіп бақты. Онысы орыс патшасының алдында бетінің шіркеулілігінен ғана емес еді. Ол ақ патша бір кезде өз елшісіне астамдық көрсеткен асау ханды мұқату үшін баяғыдан бері оның айтқандарына құлақ аспай келіп, енді қол астындағылардың қолқасын орындап, қыр көрсетер ме екен деп есеп қылған-ды. Ол есебі оңға басса, сары ала иық орыс сарбаздарын өз әскеріне қосып қонтайшыға қарсы жорыққа аттандырмақ еді. Тіпті мың бір жүз жиырма тоғызыншы жылы Тобылға екі елшісін жібергенде де: «Тәукеден келдік деп жүрмеңдер. Қазақ ордасынан келген елшіміз деңдер. Бірақ, біздің сізге қандай мақсатпен келгенімізден хан да хабардар деңдер», — деп тапсырған. Ондағы ойы — Сібір әкімшілігі елшілікті жылы қабылдап, жақын ыңғай танытып жатса, одан арғы мәмлеге өзі тікелей араласу еді.

Елшілікті сол жылы қыркүйек айында Сібір әкімі Гагарин қабылдады:

— Сібір губерниясынан қазақ ордасына шапқыншылық болмайды. Қол астындағыларға сіздермен тату-тәтті тұруға бұйрық берем, — деп уәде етті.

Тоқтап қалған сауда-саттықты қайта жандандырып, сауда жасай келген қазақтар мен бұхарлықтардан алым-салық алмауға кепілдік берді.

Сол тұста патша әкімдеріне Тәукемен жарысып, Қайып та үсті-үстіне елшілік жөнелтумен болды. Шамасы, оған өзі әдейі бой тасалай тұрып, сыр тартып көру үшін, өз атыңнан елші жібер деп ақыл беріп жүрген Тәуке болса керек. Сонысын малданды ма, жоқ ағасы қартайып келе жатқанда жұрт алдында абырой алып қалғысы келді ме, — Қайып бұл іске бар ынты-шынтын салып бақты.

Әбілқайыр ол тұста Патшамен одақ жасау жәйі сөз болды-ақ, тіл мен жақтан айырылып бұға қалатын. Әз Тәукенің өзі абырой таба алмай жатқан жаманатты іске араласып жыны бар ма! Оның үстіне ылғи шеткері ұлыстарды билеп, шалғайды жайлап, көрші жұрттардың ақ патшаға деген қас-қабағынан да біраз хабардартұғын. Қалмақ тайшылары да, башқұрт тархандары да ол жайында сөз болса, жиралаңдап, қолын бір сілтеп шыға келетін. Оларға айтқызсаң-ақ патшаның да жарылқап жатқаны шамалы.

Әбілқайыр көпке дейін сол пікірмен жүрді. Тәукені қостаса, онсыз да қит етсе, шиге шаншып көз түрткі қып бағатын жас сұлтандардың назарына ілігеді, оларды жақтайын десе, өзінен көп үміт артып, қошамет көрсетіп баққан аға хан мен ел ұстар кәрі билердің жел жағынан шығып қалады. Онсыз да екі оттың ортасындағы әуре-сарсаң басын құр бекерге жаманатқа қалдырғысы келмейді. Ол жылдары қазақтардың орыс шебіне жортуылы тым көбейіп кетіп еді. Әбілқайыр оларға тікелей араласпағанмен, қашқын татарлар мен қарақалпақ қолдарына күш қосып тұрды. Соларға ілесіп сонау Қазанға дейін барып қайтқаны да бар. Ресейдің шын жағдайын да сонда сезді. Сөйтсе, олар Тобыл саудагерлері мен қашқын татарлар айтып жүргендей сорлы мемлекет көрінбеді. Қол астындағы қалмақ пен башқұртты сырт жұрттарға басынтпай тұрғандары да рас сияқты. Енді ол орыс шебінен аяғын тартайын деді.

Сүйтіп жүргенде, сонау Ырғыз бойындағы өз ұлысындағы Әбілқайырға аты ақ сабын боп терлеген шабармен келді. Таң атар-атпаста ауыл шетіне «ой бауырымдап» шауып кірген суыт жүргіншінің әжептарқы айқайынан жұрт бірден аяқтарына мініп, тікесінен тік тұрды.

Ат үстінен домалап түскен шабарманның бар айтқаны:

— Әз Тәуке дүние салды!

Мұны естігенде ел үрпиісіп қалды. Еркек кіндік жалма-жан бес қаруын асынып атқа қонды. Ана жалдың басында да — андыздап келе жатқан бір жұрт. Мына жалдың басында да — андыздап келе жатқан бір жұрт. Бәрінің де мінгені қара. Бәрінің де кигені қара. Бәрінің де ұнжырғасы түсіп кеткен. Бәрінің де жүрісі сылбыр. Әншейінде көкке ойнатып жалақтатып ұстайтын көк

найзаларын, желектерін жерге салбыратып сүйретіп келеді. Бәрінің де бой түзеген бағыты — Түркістан.

Күллі Түркістан азан-қазан. Күллі Түркістан қара жамыл-ған. Күллі Түркістанның беттері ісіп, дауыстары қарлыққан. Күллі Түркістан топыраққа былғанып жер бауырлап жатыр. Көктегі арсыз күннен басқа жадырап, жарқырап тұрған ешкім, ештеңе жоқ.

Қожахмет күмбезі үш арыстың игі жақсыларына лықа толы. Хан мәжілісі өтетін ақ сарайда ақ шымылдың ар жағында жүзін құбылаға қаратып ұзынынан түсіп Тәуке жатыр. Оны исі қазақтың бетке ұстар сұлтандары, билері, батырлары күні-түні мізбақпай күзетіп отыр. Бәрінің де еңсесі түсіп кеткен. Бәрінің де көңілдері қаяу. Бәрінің де өңдері боп-боз. Бәрі де бастарын омырауына алып ойланып қалған. Бір жұрттың бар қадыр-қайратын, ақыл-парасатын арқалап жүрген осы бір азғантай топ ақ шымылдың ар жағында ұзыннан сұлап түскен көш бастарларының мынау қазасынан көп жәйді аңғарып, көп жәйға қанығып отыр.

Өрнегіне зер төккен парсы кілеміне оранып шымылдың ар жағында еңсегей бойлы ер Есімнің немересі, салқам Жәңгірдің бел баласы Тәуке жатыр.

Оның бойындағы бес жүз жылдан бері дүниені дүрліктіріп келе жатқан өктем әулетінің дүлей қаны қазір жойқын жүрісінен жаңылып әншейін бір қызыл іркілдікке айналып ұйый бастады. Ақ жамылып, кебін оранып жатқан мынау меңіреу мүрденің он алтыншы атасы аспан астын түп-түгелімен тізесіне басқысы келген қаһарлы Шыңғыстың өзітұғын. Шыңғыстың тұла бойы тұңғышы Жошы он үш ұл сүйген адам деседі. Оның төртеуі Дұғажиса, Есен, Бөрі, Мұхамбет дүниеден тұқым көрмей өтіпті де, қалған тоғызы — Бату, Шәйбан, Тәуел, Таңғұт, Бұғала, Сұңқар, Жымпай, Тоқа-Темір, Ұдыр әулеттері тарыдай тасып, бидайдай бөр-тіпті. Қазақ ұлыстарындағы хандар — солардың Тоқа-Темірінің ұрпағы көрінеді. Тоқа-Темірден Орын-Темір, Өз-Темір, Баймұр, Баян деген төрт ұл туыпты, қазақ хандары соның Өз-Темірінен тарайды. Өз-Темірдің белінен Қарақыр, Сарша, Абай, Қожа — төрт әулет жаратылған. Соның Қожасынан Садық, Бәдік деген екі ұл болады. Бәдіктен Алтын Орданың басы піспей, бет-бетіне

пышырай бастағанда Ақ Ордадан қалың қолмен аттанып барып, қайтадан қылыштың күші, найзаның ұшымен біріктірмек болатын атақты Орыс хан туады. Орыс хан жеті ұл, бес қыз сүйіпті. Тоқтақия, Құтлықбұғы, Тұғлық, Болат, Құйыршық, Тоқтаболат, Сейдахмет, Сейдалы атты жетеудің қазақ тағын иемденген-дері — Тоқтақия мен Құтлықбұғының ұрпақтары екен. Тоқтақияның Болатынан Керей хан туады.

Сол Керей Жәнібек деген сұлтанмен бірге Дешті Қыпшақты билеп отырған Шәйбан тұқымымен ат құйрығын үзісіп, қол астындағы ұлыстарын Шу бойына апарып, өз алдына қазақ деген ел етпей ме! Керей Тоқтақияның немересі болса, Жәнібек Тоқтақияның туған бауыры Құтлық Бұғының шөбересі еді. Құтлық Бұғыдан Алтын Орданың тағына отырған Құйыршық хан туса, одан әкесінің жолын қуып, тақ мініп, таж киген Барақ хан тумай ма! Ол Мірсейіт, Мірқасым, Әбусейіт дейтін үш ұл сүймей ме! Соның кенжесі Әбусейітті жұрт Жәнібек деп атап кетіпті.

Қазақ жұрты Шу мен Қордай бойына кеп орнығып, өз алдына түтін түтеткесін алғашқы ханы қып Керейді сайлайды. Ол өлгесін баласы Бұрындық бұйда ұстайды. Бұрындықтан кейін таққа Жәнібек отырады. Жәнібек өлгесін ел тізгіні Бұрындықтан қалған Сайхын, Сәнжар-Жаһан, Жаһан-бақтылардың ешқайсысына бұйырмай, біржола Жәнібек әулетіне ауысады.

Жәнібектің баласы тоғыз екен: Жиренше, Махмұт, Жәдік, Қасым, Айтық, Өсеке, Қанбар, Таныш, Жаныш. Сауранды билеп тұрған Жиренше мен Созақты билеп тұрған Махмұт әкелерінің тірі кезінде-ақ Шәйбан әулетімен шайқаста оққа ұшады. Қазақ билігі екі ағасы өліп, қалған әулетке өзі бас болып қалған Жәдікке солай тиеді, әйтпесе, алдындағы екі ағасының біреуі болмаса, біреуі тірі болғанда Жәдіктің де балалары Өсеке балалары құсап, төрге аттап шыға алмай, оң жақ босағада жамбастарын шірітетін еді. Сөйткен Жәдік Шақыбек, Шақпахыт атанатын, кейін ақсақ Темір әулетін Үнді асырып жіберетін Мұхамбет Шәйбанидың қыспағына ұшырайды. Ақыры сол Мұқамбеттің сойылын соғып жүрген Мұсаның ұлы Шегем мырза Жыланды тауының қасында қазақ сұлтаны Жәдік Жәнібек ұлын екі баласымен бірге өлтіріп кетті. Оның

тағына інісі Қасым отырды. Қасымның тұсында қазақтың еңсесі қайтадан көтерілді. Бір жорықта қазақтар екі жүз мың кісіні атқа мінгізіпті деседі. Қасымнан қалған қасқа жол да сол жортуылдардан түскен шығар. Сүйткен Қасым да бұл дүниеден өтіп, сүйегі сонау Жайық бойындағы Сарайшықтың кебір топырағының астында әлдеқашан қурап қалды. Оның орынын баласы Мамаш аз-кем иеленіп, ол да бір жорықта мерт болғасын Жәдік ұлы Таһир таққа отырды. Таһирден кейін тақ мінген Бұйдаш қазақ пен өзбектің бұйдасын қоса ұстады. Бұйдаш өлгесін билік Қасым тұқымына қайтып барды. Үш жүзді үш жүз еткен Ақназар тізгінді сол кезде ұстады. Мағолстаннан бөлінген тайпаларды Ұлы жүз, Сарыарқадан Шуға ауып барған Ақ орданың тайпаларын Орта жүз, Ноғай ордасынан қосылған алшынды Кіші жүз атандырған да сол. Алашты алаш етті дейтін Ақназардың артында Маңғытай, Дінмұхамбет дейтін екі бірдей ұл қалғанмен екеуіне де билік тимей өтті. Тек Дінмұхамбеттің ғана Бұхара, Тамды маңындағы азғантай ұлысқа кемді-күн хан болғаны бар.

Ақназардың бергі заманда қазақ тағы Жәдік балаларының тақымына басыбайлы тиді. Ноғай мырзасы Шегеммен шайқаста екі баласымен бірге шәйіт боп, қазір Хиуадағы Бақырған атада жаны жаннатта жатқан Жәдік сұлтан заманында ұрғашы нәсілінен аса салымды кісі болған сияқты. Перзенттен де кенделік көрмепті. Үлкен ұлдары Таһир мен Бұйдаш әкелеріндей емес қазақ тағының қызығын көрудей-ақ көрді. Бұйдаш сұлтан өз бауырынан өрбіген жиырма төрт сұлтанмен бірге Шағатай ұлысындағы бір шайқаста бір төбенің басында жайрап қалды. Тоғыз жирен атанған сойдауылдай-сойдауылдай тоғыз ұлымен Тұғым сұлтан да туған бауыры Бұдаштың кебін киеді. Жәдік сұлтанның Абайханның туған Шығайы мен Мәлігінен, әсіресе, Шығайынан көп ұрпақ өрбиді. Қазір Бұхара түбіндегі Күміскентте жатқан Шығай сұлтан да әйел жағынан әкесіне дес бере қоймаса керек. Алтынхан бикемнен Сейітқұл мен Ондан, Шағатай тұқымынан алған Жақсыбикемнен Тоқай, Есім, Сабырбек, Бұрындық ханның қызы Дәдем ханымнан Әли, Сұлым, Ыбырайым, Шәйім деген ұл сүйеді. Қазақта мынау Тәуке өліп

жатқан күнге дейінгі жүз елу жыл бойына билік бермей келе жатқан осы тоқпақ жiлік тоғыз ұлдың торпағы. Шығайдың тұла бойы тұңғышы Онданның атағы заманында әкесiнен асып кете жаздапты. Бас сардар Ондан отызға жетер-жетпесiнде жоңғардан қаза тауып, мiне, бүгiн үш арыс қазақ тағы да қара жамылып кеп, қамырыға қоршап тұрған Қожахмет Жасауи ғимаратының астынан мәңгiлiкке жайлы қоныс тауыпты. Оның Өсеке сұлтанның немересi, Болат сұлтанның қызы Алтын ханымнан туған бiр ұлы Шәйхiсләм Тәуекел хан исi қазақтың тiзгiнiн ұстады, екiншi ұлы Оразмұхамбет он үш жасында әкесiнен қалып, он алты жасында Мәскеу патшасының тас сарайынан бiр-ақ шығып, жиырма жасында Қама дарияның бойындағы Керман шаһарына хан болады. Бүгiнде қалың найманның делбесiн ұстап отырған Күшiк пен Барақтың аталары, бiр кезде Ұлы жүздің ноқтасын өз қолдарына ұстаған Тұрсын, Құдаймендi, Көжектер де Ондан сұлтанның кiшi әйелi, Бұрындық ханның немересi Шүйiм ханымның етегiнен өрбiгендер.

Көшпелi бақыт Тәуекел өлгелi Есiм топырағына бiржолата тұрақтайын деген түрi бар. Еңсегей бойлы ер Есiм тақты көзiнiң тiрiсiнде-ақ үлкен ұлы салқам Жәңгiрге бердi. Салқам Жәңгiр билiктi ағасы Сырдақты көрмей, баласы Тәукеге ұстатты. Не де болса, қазақ тағы басы айналған күшiктей тоғыз ұлды Жәнiбектiң екi баласының ғана ауылдарынан шырқ айналып шыға алмай келедi. Бұдан былай да солай бола бере ме, жоқ па — оны мынау қаралы жиынның артынан болатын сайлау көрсетедi. Сондықтан да бүгiн, әсiресе, сұлтандар жағының қабақтары қатуырақ. Олар тек көшбасшыларынан айрылғандарына ғана қабырғасы қайысып отырған жоқ, ертең үш арыстың игi жақсыларының қолындағы уыздай аппақ өре киiзге қайсымыздың жам-басымыз тиер екен деп те отыр. Талайының қаралай тамағы iсiп, қаралай жемсауы күлбiреп отыр. Мынау он жақтағы атылас шымылдыққа қарап емiнiп отырған арқар ұрандылардың арасында iштерiнен ойша әлдеқашан бақилық болған бағзы бабалардың аруақтарын қозғап, баяғыдағы өткен-кеткендердiң қиыр-шиыр, екжей-тегжейлерiн аударыстырып отырған жалғыз тек Әбiлқайыр ғана болмаса керек. Талайлар



көптен бергі кетіп жүрген есеміз осы жолы қайтпас па екен деген есек дәменің соңында еді.

Шынында да, бұл жолы ойланса, ойланғандай еді. Жиренше мен Махмұд ерте қаза тапты. Алтын тақты кезек мініп дәндеген екі әулеттің бірі — Ақназар тұқымы әлдеқашан тыйылып қалды. Ал, Айтық, Өсеке, Қанбар, Таныш, Жаныш — бес әулеттен өрбіген ұрпақтың тақ дегенде әлі күнге иманды ауыздары сылп етіп көрген емес. Таныш пен Жаныш жастай шәйіт болып, өздерінде, дүниеге келуге үлгере алмай кеткен ұрпақтарын да бақ дәметкен, тақ дәметкен көз күйіктен біржола құтқарды. Айтықтың да маңдығаны шамалы. Қасым тұсында бас қолбасшы боп, бас найзаны ұстаған Қанбар сұлтанның тұқымына да қол тізгіні тигенмен, ел тізгіні тимей келеді. Өсекенің бәйбішеден туған Болаты тұқым-тұяғымен ноғайлардың қолынан қырғын тауыпты. Кіші әйелінен туған Бөлкей-Қоянның балалары қазір бір рулы ел. Бірақ, олардың да тасы онша өрге домалап жатқаны шамалы. Кіші ұлдың кіші қатынынан туған томарбастарға қайдағы бақ, қайдағы тақ! Қайта бірде қол басқарып, бірде ұлыс басқарып қатарға қосыла бастағандарының өзі осы Тәукенің тұсында ғана. Әкелері Абдолла сұлтан ұзақ жыл Ұлы жүз тізгінін ұстаса, балалары Жолбарыс пен Әбілқайыр қазіргі екі арыстың ұлысбегі. Өсеке тұқымының өзі өз болғалы шауып шыққан биігі осы-ақ!

Хан тағы жеген ауыз жесін болып, баяғысынша бір әулеттің ғана қанжығасында қала бере ме, жоқ ел ұстарлар мынау жұртының басына жан-жақтан ентелей төніп тұрған көп қиын-қыстауды ескеріп, бұған дейін тәуекелдері тұрмай келе жатқан жаңа бір пәтуаға бел буа ма — ол арасы қақыра оранып қаралы шымылдың аржағында жатқан Тәуке хан қашан қара жердің қойынына біржола түскесін барып белгілі болмақшы.

Мынадай ауыр қазаның үстінде ауызы барып ешкім ештеңе дей алмағанмен, кім-кімнің де түндіктей ұйысқан терең ойда жүрген түрлері байқалады. Әркім ішінен әр қилы тон пішетін сыңайы бар. Біреулері: «Әз Тәукенің өлгенде көрген екеуінің тірлікте қалған жалғызы Болат тұрғанда басқаларға тақ қайда!» — деп кергісе, екінші біреулері: «Болат тым бозымбай. Мынандай алмағайып

заманда тізгінге ие болып жүре алса жарар еді. Дәуде болса, әкесі Сырдақтың да есесі кетіп, тақ тимей сырғақсып келе жатқан кәрі мыстан Қайыптың мұрты осы жолы майланатын шығар. Ағасының көзі жұмылмай жатып, жан-жаққа елші шаптырып, байпаңдауы жаман еді, — деп сәуегейлік айтады. Ал енді бір топ: «Көрерсіңдер бұл жолы билер көптен бері тақ сыбаға бұйырмай, қағажу көріп жүрген Өсеке тұқымын жарылғайды. Тәукенің Әбілқайырды қалмаққа шабар қалың әскердің бас қолбасшысы қылып қойғаны тегіннен тегін ғой деп пе едіңдер, Болат былжыр, Қайып кәрі, Сәмекенің қолбасшысы боп көзге түскені шамалы, Әбілмәмбет әкесінің алдын орап кете алмайды, Тұрсын хан балаларын қалған сұлтандар жақтырмайды. Сонда батыр десең батыр, ақылды десең ақылды, ел-жұртқа жұғымды Әбілқайыр хан болмай кім хан болады?! Ойыңның мықтылығы болмаса, сойылыңның мықтылығынан ел билейтін заман өтті деп әз Тәуке өзі талай айтыпты ғой. Кәрі билер замандастарының сол ақылына құлақ аспас дейсің бе», — деп күпілдеседі.

Жұрт ауызына іліккен үш сұлтанның үшеуінің де жүректері күпті еді. Әсіресе, Қайып қақшаңдап кетті. Тәукенің қарасының тұсында тіптен тыңайып алған. Марқұмды арулауға да, жаназасын шығаруға да, құдайы асына да ешкімді араластырмай өзі басшылық етті. Қарасы өткенше тікесінен тік тұрды. Жетісі өткенше тікесінен тік тұрды. Қырқы өтіп, қырық бірінші күні хан сайлауы басталғанда ғана көзінің алды қалталанып шыға келді.

Әбілқайыр өйтіп битін салған жоқ. Жас сұлтан мынандай ызғындай жұрттың алдында сыр алдырып, боламын деп болмай қалса, шалабын босқа шайқап, азын-аулақ абыройына нұқсан келтіріп аларын білді. Ақырын жүріп, анық басып, аңысын аңдады. «Болдың!» — десе, тасымайтындай, «Бола алмай қалдың!» — десе, жасымайтындай болып жайбарақат жүр. Бірақ, жүріс-тұрысынан, бет-әлпетінен, сөз ләмінен ештеңе аңғартпағанмен жүрегі алқымына тығылып, тынысы бітіп барады. Жұрт ішімді біліп қоймасын дегендей, ешкімге жуымай, алыстан иіліп-бүгіліп қашқақтаумен жүр. Өзіне тақ бұйырмаса да, Жәдік балаларының қырқылдасқанын көрудің өзі оған аз ғанибет емес еді!

Майлы жамбастың кімге аунары белгісіз мынандай алмағайып тұста Жәдік балаларының бірін-бірі енді қайтып көрместей болып, шалқайысып шыға келуі де әбден ықтималтұғын. Олардың ондай тортаң-тосыраңы бұған жақсы. Кім біліпті, екі қарға таласса, ортасында құзғын қарғаға жем түседінің кері келер...

Қожахмет Яасауи ғимаратының муәзінің ащы айқайы көл-көсір көсіліп жатқан қазақ даласының шалғай-шалғайында шашырап жүрген барша шаңырақтың бас көтерерлерін шартараптан өзіне шақырып алды. Ат мініп, бес қаруын түк қалдырмай түгел асынып келген қату топ көкпен таласқан көне ғимараттың маңында ине шаншар жер қалдырмай жыпырласа қалыпты. Ру басылар, билер, батырлар, сұлтандар намазханаға кіріп, жаршылардың жар шашқанын күтіп тұр. Міне, бір бөлмеден жабағы жүннен басылған ені қырық құлаш, ұзындығы қырық құлаш уыздай аппақ, өре киіз көтерісіп әр рудан бір-бір батыр шықты. Олар алшаңдай басып ақ сарайға беттеді.

Жұрт үн-түнсіз. Көкпен таласқан алып күмбездің астында иін тіресіп тұрған жұрт тіл мен жақтан түгел айрылғандай. Әбілқайырдың құлағында әлдене дүрс-дүрс етеді. Лүп-лүп соғып тұрған өзінің жүрегі. Қайып еңгезердей мол денесін алға төсеп шалқайып тұр. Не десеңдер, о деңдер дегендей, басы кекшиіп кеткен. Қалған сұлтандар қыздың баласындай боп жымпия-ижымпия қалысыпты.

— Жамағат!

Оқыс дыбысқа жұрт жалт қарасты. Ақ сарайдың есігі ашылды. Қолына құран ұстап хазірет шықты. Оған еріп үш бас би шықты. Оларға ілесіп Ұлы жүздің тоқсан төрт, орта жүздің алпыс жеті, Кіші жүздің жиырма бес би шықты. Сары ала топ сол қалпымен қатарын бұзбастан ортаға озды. Хазірет михрабқа көтерілді. Сұңқылдаған сазды дауыс келте шықты.

— Үш арыстың игі жақсылары бір ауыздан қазақ жұртының бас ханы қып Тәуке ханның бел перзенті Болат сұлтанды сайлады. Жаңа ханның тұсында да жамағаттың басына бақ орнап, замандары тыныш болсын. Әумин, әлеумет!

— Әумин!

— Әумин! Әумин!

— Әумин... Әумин...

Айлапат күмбездің асты күркіреп қоя берді. Қалың қабырғалар сырттағы халықтың жер қайыстыра айқайлаған дауыстарына тосқауыл бола алмады. Жер-көк түгел шуылдасып кетті.

— Әлеумет! — деді сол дауыстың бәрін баса көктей бір күмбірлеген қоңыр дауыс.

Ақ сарайдан қырық құлаш өре киізді топырласа көтеріп бір топ адам шықты. Өре киіздің үстінде су жаңа оқа шапан киіп, басына шиыршықтап ақ қамқадан сәлде байлап, маңдайына бармақтай ғана лағыл қадап, қасы мен қабағы қаламмен сызғандай қиылып, жәудір көздері жылтылдап, қаймыжық ерінінің бір қиығына күлкі жүгіріп әлжуаз Болаттың ақ құба өңі жарқ ете қалды.

Бүгін тіпті ажарланып кеткен. Жұрт көз ала алмай қарап қапты. Солай біраз мелшиісіп тұрды да, кенет ақ киізге жан-жақтан жармасып, жаңа ханды қақпақыл қыла бастады. Өңмеңдеген көп шуылдақтың ту сыртында қалған Әбілқайыр сыр бермегенсіп, өп-өтірік ілгері ұсынған болды. Бірақ қолы бәрібір жетер емес. Қайып неғып тұр екен деп қарап еді, жұрттың алдыңғы жағында тұрған ол қыңынан сапысын суырып, езуін жиырмаған қалпы ұлтарақ болардай қып бір жапырақ киіз кесіп алды.

Қақпақылдаған өре киіз бірте-бірте сыртқа шығар есікке қарай алыстай берді.

Есік алдындағы қарақұрым жұрт өре киізді көкке серпіп, үстіндегі ханды жерге аударып түсіре жаздады.

— Әлеумет! — деді манағы бір өктем дауыс.

Ақ киіз жерге түсірілді. Қасына сегіз палуан жігіт сары шытыра перделеген балдахан алып келді. Хан сол балдаханға көшті. Перденің арасынан басын сұғып:

— Жамағат, пейілдеріңе көп-көп рақмет! — деді.

Жұртта ес жоқ. Жаңа ғана ханды көтерген өре киізді жан-жақтан жалаңдай созылған ақ кездіктер жалма-жан жырым-жырым турай бастады. Өре киізден тәбәрік жетпегендер хан отырған балдаханға жармасты. Сол екі ортада қайдан шыға келгені белгісіз, қасына күн ойнаған күміс ер салынған ырғай мойын, ақ боз арғымақ көлденеңдеп тұра қалғаны. Көп нөкер қолтығынан демеп, хан атына қонды. Жаңа ғана жарқ-жұрқ етіп бүп-бүтін тұрған балдаханның да күлпаршасы шықты.

Мына халықтың бұл беттерімен Қожахмет ғимаратының қыш тастарын да бір-бірден таратып әкетуден тайынар түрлері көрінбейді. Енді олар хан астындағы ақ боздың құйрық-жалына пышақ ала жүгірді.

— Әлеумет! — деді манағы өктем дауыс тағы да тіл қатып. — Хан талапай!

— Алақай, алақай!

— Хан талапай!

— Алақай, хан талапай!

Аты барлар аттарына қарғып мініп, хан әулетінің көк ала жылқысы мен ақтылы қойы жатқан Қаратауға қарай дүркірей шаба жөнелді. Қаратаудың қойнау-қойнауында жатқан ханның малы жұрттың алдында кетті. Арада екі күн өтпей жатып, жан-жақтан үйір-үйір жылқы, қора-қора қой айдаған түйдек-түйдек шаң көз көрсетпей аспанға айналып тұрып алды. Ол — ұлыс-ұлыстан жаңа ханға келе жатқан тақ байғазы еді.

Сонымен қазақ даласын отыз сегіз жыл билеген әз Тәуке өзінен бұрын да талай игі жақсылардың ең ақырғы мекені болған әйгілі ғимараттың астынан біржола орын тапты. Баласы Болат соңғы бір жарым ғасыр өз әулетіне құт боп келген атамзаманда үндінің бір шебері алтынмен аптап, күміспен күптеп, бұл тарапта қарасы да көрінбейтін, сонау алыс елдердің бірінде өсетін әрі қымбат, әрі берік асыл ағаштан жасаған абажадай қазақ тағына алшиып отырып алды.

Түркістанның екі айдан бері дарбазасын жауып ап, қызығын тарқатып жіберген қым-қуыт базары қайта қызды. Үндіден, Қытайдан, Бұқар мен Самарқаннан, Еділ мен Тобылдан мың-мың түйеге жүк артқан ұзыншұбақ керуендер қайтқан құстай тізіліп үсті-үстіне келе бастады. Ғимараттар мен тапал тамдардың маңдайында қырық күн бойы салбырап тұрған тұлымшақ-тұлымшақ тұл жалаулар жиылып алынды. Қараның тұсында аяғы тиылған діндарлар мен белдеріне тасбақаның жауырынын, жыланның басын, маймылдың құйрығын, тауыстың қауырсынын әлекей-күлекей байлап алып, қолдарына тауық боп шақырып, есек боп ақырып, ешкі боп маңырайтын ылдырмақ-шылдырмақ ұстап жырым балақ, жарық табан бақсы-құшынаштар, жарты ғаламды жалаң аяқ, жалаңбас жаяу аралап келе жатқан жалба-жұлба дәруіштер қайтадан өріп кетті.

Мидай жазықта жарбиып жатып алған жатаған қаланың мың-мың түтіні көк аспанға сылаң қағып қайта көтерілді.

Әбілқайырдың көкірегі құйын ойнаған үйдің туырлығындай алай-түлейтұғын. Түркістаннан сыр бермей шығуын шықты. Қалған сұлтандармен сыр бермей қоштасуын қоштасты, бірақ іші әлем-жәлем болды да тұрды. Жұрты құрғыр қанша пышпыштасқанмен, ақ сарайдағы тұрымтай мәжілісте ешкім бұны аузына ала қоймаған сияқты. Бір шүкір етері — Қайыптың жәйі де сөз болып жарымапты. Бірінің көкірегінде не бұғып тұрғанын екіншісі айтпай біліп отыратын өңшен көріпкел немелер жатқан жыланның құйрығын басқылары келмей, Болаттан өзгелерінің басын ауыртпапты.

Сонда үш арыстың тағдыры өз қолымызда деп сөз ұстап жүргендерге қазақтың қай жөнге шығарын білмей құз қиялы қара аңғарға кеп тіреліп, қамалып тұрған тұмылдырықты көшінің бұйдасын кім ұстаса да, бәрібір болғаны ма? Жоңғардың жаланып тұрысы анау! Жалынып барсаң да, илікпей патшаның кекірейіп отырысы мынау. Осындай жағдайда өткен хан сайлауының алдында бірінен-бірі қиын, бірінен-бірі маңызды асқаралы үш сауал қатар тосылып тұрмап па еді! Қоқандаған қоңтайшының қоқырайған найзасын қобалжымай қағып тастайтындай қолы қуатты кім бар? Шікірейген патша әкімінің кекірейген шалқақ басын иліктіріп, бетін бері қарата алатын көкірегі сылаң, тілі жұмсақ, көзі жылмаң кім бар? Мынандай қысталаң тұста ауызы ала қазақтың басын алды-артына ала қашқызбай бетін оңға, ісін жөнге түзеп, батырымен білек білесіп, ділмарымен тіл безесіп, бойымен көкірек жарыстырып әлек болмай, бәрінің де көңілін тауып жусаннан биік, бетегеден аласа болып жүріп-ақ ақыл асыра алар жүзі жағымды, сөзі жұғымды кім бар?

Ақ сарайға жиылған ауызы дуалылар осы үш сауалдың үшеуіне де бас қатырып жатпапты. Бәрі де тек Тәуке өліп жатқан кезде Тәуке басын қосқан елдің басын шашып алмауды ғана ойлаған. Ол сауалдың да шешімін көп жан қинамай, оңай шешкен.

Баяғы сол Қасымнан қалған қасқа жол, Есімнен қалған ескі жол. Қатынға — аға өлсе, іні мұра, таққа —

әке өлсе, бала мұра. Сонау Шыңғыстан да бұрынғы заманнан келе жатқан тақ өз балаңа емес, ініңе не ағаңа, інің мен ағаң жоқ болса, ағаңның не әкеңнің інісінің баласына бұйыратын жора ұмытылғанына бірталай болған-ды. Ақназар өлгесін-ақ исі алаштың алтын тағы бір ауылдың балалары бірінен соң бірі мініп ойнайтын күл басындағы көк есекке айналып кетті. Баяғы үрдіс бұлжымай сақталатын болса, бұл жолы Қайыптың бағы жанар еді. Баяғы үрдіс бұлжымай сақталатын болса алтын тақ Өсеке әулетіне де талай соғып, талай көшкен болар еді. Не ол үрдіс сақталмайды. Не ақылың мен абыройың таразыға салынбайды. Әйтеуір, сол жеген ауыз жеп қалсын, мінген тақым мініп қалсын. Өнер мен білік сынаспай, тек сынасудан бір халыққа мүйіз шықса, қазаққа шығар еді. Елдің сөзін сөйлейміз дейтіндер мынаның қолынан бастау келеді, мынаның қолынан қостау келеді деп, сарапқа салып, бастарын ауыртып жатпайды, бұрынғы бастап қалғандар бастай берсін, бұрынғы қостап қалғандар қостай берсін деп жалпақ шешейлік құрады. Сосын қазақтың қолынан келетіні де, келмейтіні де баққұмар болмай қайтеді?! Баққұмарлық жүрген жерде бауырмалдық жүруші ме еді! Бауырмалдық жоқ жерде ағайынның ауызы, әрине, ала болады. Ауызы ала елдің талабы өрге басатын ба еді?! Ынтымақтың жолы — баққұмарлықты құрту. Баққұмарлықты құртудың жолы — өнерлі мен өнерсіздің, білікті мен біліксіздің, парықты мен парықсыздың ара-жігін айыра білу. Тізгін біліксіз емес біліктіге, парықсыз емес парықтыға, өнерсізге емес өнерліге бұйырса ғана әділдік аяққа басылмайды, тәртіп тәрк болмайды. Тәртіп пен әділдік жоқ жерде елдің де бағы ашылмайды, ердің де бағы ашылмайды. Ынтымақ жоқ жерде өшпенділік өршиді. Өшпенділік елдің де, ердің де өркенін өсірмейді.

Көрер көзге қиянат, зорлық жасап тұрып: «Ел бірлігі болсын десең, менің соңыма ер, менің айтқанымды тыңда!» — дегеніне кім көнеді?! Алтын бел, күміс құрсақтан жаратылсаң да, сенен өнері асқан, білігі асқан, қайраты асқан біреу ақыры түбіңе жетіп тынады. Бірақ, ол екі ортада қанша қан төгіледі, қанша ғұмыр, қанша білік, қанша өнер зая кетеді. Сонау Шыңғыстың өзі таққа солай келмеп пе еді?! Кешегі Керей мен

Жәнібек те ұрымталдан ұрт қимылдап, берместі тартып алмап па еді?! Керек жерінде жол-жораны да жотасынан басып аттап өтпей, «көп айтса, көндік» деп, «Ләббай! Ләббай!» — бас шұлғумен жүре берсе, он сегіз мың ғалам жаралғалы адамзат тарихында айқайлап атақтары қалған талай сабаздардың тағдыр-талайының қалай боларын кім біліпті...

Ендеше, ел еңсемді көтермеді екен деп, жермен-жексен бола бергеннен пәтуа жоқ. Еңсе көтерем деп едірендеп кетіп, не бастан, не құлақтан айрылып жатқанның да жөні шамалы. Қолына тізгін тимесе де, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтың басы алтын, құйрығы күміс ботаға буаз боз інгендей жапырып оттап, сапырып суламай, тыраңдап аунап, бұртаңдап туламай, өз қадірін өзі біліп, басы озар сағатты күтіп, сабыр сақтап, ақырын жүріп, анық баспағы шарт. Оған өзінен озықтардың ақылдысымен сыпайы, ақымағымен әмпейі жүрмесе, өзінен қалықтардың ақылдысының көңілін суытпай, ақымақтарын маңына жуытпай, әр сөздің астарын, әр қабақтың қатпарын бағып абай жүрмесе болмайды. Әйтпесе, өзінен басқа көкірегі ояу екі аяқты көрсе, бағы асқан бағылан әулеттің билік түгілі тірлікті қимай, көзіне көк шыбын үймелетіп бағатын әдеті бар емес пе! Құдай әу бастан етек бастыға лайық ез қылып жаратпай, көкірегінің көзін ояу, етінің тінін тірі жаратты екен, аман жүрем десең, біреудің есебінен ұтылмайтындай, біреудің ебінен тосылмайтындай боп, өңің түгіл түсіңде өз тізгінің өзін мұқият болмасқа амалың қайсы! Дүниені білік емес билік ұстап тұрған заманда жүріп келе жатқан соқпағының кез келген кедір-бұдырына сүрініп кетпестей су жорға тәсілқой болған лазым. Әйтпесе, тым батыл болам деп көрініп қалып құрисың, не тыс бәсік болам деп көміліп қалып құрисың!

Соны жақсы білетін Әбілқайыр қанша сақтық ойласа да, қапы қалмай қимылдайтын тұсы енді келгенін сезді. Өйткені қазақтың жаңа ханы Болаттың астындағы алтын тақты тек бөксемен ғана басып отыратын мамық бөстектей көретін сыңайы байқалып қалды. Не қалмақ тарапынан, не патша тарапынан қам жеп, әрекет жасайтын түрі көрінбейді. Ең болмаса, жыл сайын ауызы ала қазақты алдына бір жиып, басын түгендеп алуға да



құлқы соға қоймады. Әркім білгенін істеп, бет-бетіне жүр. Қайып неге орыс шебіне жақындап көшіп кетті, Әбілқайыр неге қалмақ пен башқұрттарға жапсарлас шалғай ұлысынан аттап шықпай жатып алды — онда Болаттың шаруасы шамалы. Таң орнынан атып тұрғасын, күн орынынан батып тұрғасын, ордасына дүрсілдетіп ешкім шауып келіп жатпағасын заң орынында, заман орынында екен деп, аспаз сарттың сапты аяқ толтырып әкелген сары балын қақшып салып, қол қусырып қарап отырған жәйі бар. Мықты еменнің тамырынан дәл өзіндей мығым бала емен де балалайды, алып атасының айлапат көлеңкесінен бой асырып шыға алмас, әлжуаз шыбық та балалайды. Болат соның соңғысы болып жүрмесе, не етсін!

Әбілқайыр енді Түркістан жаққа құлақ түруді қойды. Екі көзі де, екі құлағы да көршілес Қайып ұлысында.

Анада Түркістаннан Қайып та, ол да тырсиып аттанған. Қайып та, ол да ұлыстарына кеп тым-тырыс жатып алған. Көпке дейін дымдарын шығармаған. Кейінгі кезде Қайып ептеп қимылдайын деді. Әбілқайырға да керегі сол еді. Мұндай алмағайып заманда көзге көп түсе бергеннің де жым-жылас жоғалып кеткеннің де қауіп-қатері жеткілікті. Жым-жылас бой тасалап жатып алсаң, алдыңда елтең-селтең жүріп тұрғаныңның өзінде есіне зорға алатын ұмытшақ елдің жадынан біржола шығып қаласың. Ал тым көп селтеңдеп кетсең, не жұртты жалықтырып аласың, не өзге өзің секілділердің көз қырына қаласың. Әбілқайыр жауға шауып абырой алар жерде бұғып та қалмады, желкілдеп оза да шаппады. Басқа сұлтандардың қас-қабағын бақты.

Қайыптың тым-тырыс жатып алмай, қайратқа мінгеніне Әбілқайыр қуанбаса, ренжіген жоқ. Қайып қимылдаса, Жәдік тұқымынан тақта отырған екі сұлтанның арасы ырсиып ашыла бермекші. Ал, егер өзі қимылдап, озып алға шыға бастаса, әлгі екеуі ынтымақтасып бірігіп кетеді. Әбілқайырға қазір Жәдік тұқымы сұлтандарының бітіскені емес, кетіскені керек. Ол Қайыпты қолдауға бекінді. Өйткені, екеуінің ұлысы шектес. Екеуінің қол астындағы кейбір рулар өзара

қандас. Оның үстіне, Қайып Болаттай емес жасы жеткен кәрі.

Арада жыл өтіп барады. Таққа отырған Болат ойраттарға да, орыстарға да шөп басын сындырған жоқ. Халық бұған қайран. Қайып соны пайдаланғысы келді. Тәуке өмірінің аяқ тұсында тым суысып кеткен патшамен екі ортадағы қарым-қатынасты қайтадан жандандырмақшы болды. Оның да орайы түсе кетті. Құлан аулап жүріп, қалмақ керуеніне жолықты. Керуеннің соңғы түйесінде арқасы қырдай көртке изеңдеп отыра алмай зықысы шығып бара жатқан еңгезердей сары кісіні көрді. Қайыпқа да керегі сол еді. Қалмақ керуенін қамшының астына алып, әлгі тұтқынды босатып алды. Ол дырдай әскер басы боп шықты. Сорлының көрмегені жоқ екен. Өзін жаудан босатып алып тұрған қазақтардың қолындағы салаңдаған қамшыларын көріп дірдек-дірдек етеді. Қайып оны ауылына апарып бағып-қағып, иінін жаңартып, астына ат мінгізіп қасына Бекболат пен Байдәулет билерді ертіп, Тобылға жіберді. Арада ай өтпей жатып, Тобылдағы Белоусов деген шонжардың Никита деген баласы пәуескесін салдыратып жетіп келгені. Екі ортадағы көптен бергі қатқан тоң жіби алмай жатса керек, елші жігіт Қайып ханға ақ патша әулетінің амандығын орыныңнан тұрып, басындағы бөркіңді алып сұрамадың деп біраз кергіп бағыпты, хан төңірегі жатса жастық, тұрса төсек боп жалынып-жалпайып әзер иліктіріп алыпты.

Жыл өтер-өтпесте Тобылдан тағы бір елшілік тағы келді. Үлкен орданың тағынан қағылып, бағы қисайғандай боп жүрген Қайыптың иығы қайтадан шыға бастады. Жұртпен керенау сөйлесетін көрінеді. Есіл бойының ен базарына баса-көктеп бара алатын болса, Қаратаудың шаңдағына қамалып отырған қалың ұлысын орыс шебіне жақын бос жатқан салқын саз самал жайлауға жайлата алатын болса, ол манаурамағанда кім манаурайды!

Әбілқайыр әлі тым-тырс. Орыс патшасының қақаған қаһарлы қабағының бұлай аяқ астынан жыли қалуының ар жағында не тұрғанын білгісі келді. Тобыл шонжары ғой жоңғар қонтайшыларының қазақ даласына кеулеп кіріп бара жатқанын баяғыдан бері көріп отыр. Ойраттар

басқанын жеріне баса-көктей кіргенді ұнатқанмен өз жеріне өзгелердің қол салғанын ұнатпайтынын басқа білмесе де, Тобыл ұлығы жақсы біледі. Екі-үш жылдықта Қара Ертістің басына қамал тұрғызбақшы боп жолға шыққан орыс жасағын ойраттардың бір түннің ішінде ойрандап кеткенінен қазақтардың да хабары жоқ емес. Ойраттар сол шапқыншылықта басқа елдерден ат басындай алтын беріп жалдап алған ел барлайтын, жер барлайтын бірер оқымыстыны аяқтарын салақтатып, ат көтіне өңгеріп алып кеткен деседі.

Сонда да Тобыл шонжары ойраттарға ештеңе істеген жоқ. Қазақтың ғой ондай-ондай көрсебасарлығына тұлынын тұтып шыға келеді. Қайдағы бір тұз қазған қара шекпендерге бола хан елшісін абақтыда шірітіп өлтіргені баяғы. Ендеше сол астам патша жоңғарға неге мұнша кешірімді?

Әбілқайырдың осыған-ақ басы жетпей қойғаны. Тобылдың татар саудагерлерінің қазақтарды айдап салғанындай, орыстар қауқиған құр кеуде осал халық көрінбейді. Қамшыдан қорықса қорқар. Бірақ қоян жүрек жұрттың сойы секілді емес. Ондай жұрттың елшісі өзі жапан түзде бөтен елде тұрып, ханға қалпағыңды неге алмайсың деп қоқырандай ма! Аз да емес сияқты. Қысы-жазы мұз кетпейтін суық теңізден Ертіске дейін қанатын жайып жатқан халық, шынында да, жұрт айтып жүргендей, ормандай қалың болса болар. Дігірлесе, сол көптігіне сеніп дігірлейтін шығар.

Әбілқайырдың көкірегін көптен мүжіген бұл сұрақтың сауалын жуықта өз ұлысына кеп қонып кеткен қара қалмақтың құба қалмаққа барып<sup>1</sup> қайтып келе жатқан елшісінің аузынан абайсыз шығып қалған жалғыз ауыз сөз шешті. Сонау әрідегі көп шүршіт қозғала бастапты. Бұрын жоңғарға алыстан абай-қоқай жасап қояды екен, қазір қол жиып кеп соғысып жатқан түрлері бар сияқты. Бәсе, кейінгі бір-екі жылда ойрат бұл тараптан аяғын тартқандай болып еді-ау. Тәуке өліп жатқанда да ешбір ұлыстан «жау шапты» хабар шықпаған. Сүйтсе, арғы жағындағы шүршітпен алысып жатыр екен ғой. Қара қалмақтың елшісі аңдаусыз аңғырт сөйлеп қойғанын біліп, жуып-шаймақ боп:

---

<sup>1</sup> Ол кезде қазақтар Еділдегі торғауытты — құба қалмақ, Жоңғариядағы ойраттарды — қара қалмақ дейді екен (Ә.К.)

«Қонтайшының сайып қырандары ши тірсек шүршітті қайдан беттеріне қаратсын. Оң келгенін оңынан, сол келгенін солынан шаншып жайратып тастапты», — деп қойды. Бірақ керуені баяғы бейбіт кездеріндегідей емес жұпынылау көрінді. Керуен жөнеліп кетісімен Әбілқайыр Сейіт пен Әбдіраманға<sup>1</sup> хабар шаптырып, әлгі ашық ауыз немені қарақалпақ ұлыстарынан әрі бір елі аттатпай, қашқын татарлардың қолынан о дүниеге бір-ақ жөнелткізді.

Мына хабар Әбілқайырды көптен толғандырып жүрген сұр сауалға жақсы жауап тауып бергендей. Бақса, патша қонтайшыны бекерден-бекер басына секіртеп жүрмепті. Ар жағында аламаны жер-көкке сыймай шүршіт тұрмаса, жоңғарды бүйтіп масайратып қояр ма еді! Құмырсқадай құжынаған шүршіт ормандай сыңсыған орыстан да көп. Сондықтан да ақ патшаға шүршіттің жоңғарды жеңе алмағаны керек. Аңадағы оқымыстыларынан кім біліпті, әдейі айрылып қалып отырған шығар. Ендеше шүршіттің жолындағы таптырмайтын тосқауыл шақар жоңғарды өзіндей жұртқа есесін жіберіп отырған қайдағы бір босбелбеу қазаққа бола неге маңдайынан шертсін! Олай болса, Тобыл шонжарының елшілері аяқтары салақтап, Қайыптың ауылына қайта-қайта шауып келе беретіндері несі!

«Онда таңданатындай не тұр!» — деп ойлады бір ауық Әбілқайыр. — Патшаға өзіндей қалың шүршітті тойтару үшін шақар да шәлкес жоңғар керек. Найзасы шошаңдап тыныш отыра алмайтын жоңғарды тоқтату үшін күніне қырық төмпеш көріп, тісін қайрап отырар қазақ керек. Үшеуінің бір-бірімен ауыз жаласып, бейбіт отырғаны емес, жағаласып, жағадан ұстасып жатқаны керек, бірақ бірін-бірі жеңе алмай итжығыс күн кешкені керек! Сол үшін де, ақ патша бір-бірімен иттей тістесіп жатқан үш жұрттың ешқашан арасына түспек емес. Алдына келсе, үшеуін де меселдерін жықпай, алдап-сулап шығарып салады...»

Енді, міне, шүршіттің оғы жоңғар мен қазақтың көбесін сөгіп орысқа жеткенше қай заман деп жүргенде, олар келіп жоңғардың іргесін тырналай бастапты.

---

<sup>1</sup> Сол тұста патша қол астына бағынған елдерін тастап, қарақалпақ арасына кіріп паналаған татар, башқұрт ереуілшілерінің жетекшілері (Ә.К.)

Аранын ашқан аш жолбарысты қақ маңдайдан бір қойып жеңе алса, тіптен жақсы, ал жеңе алмаған күнде обып жібергелі келе жатқан обырды тоқты-торым болса да, жол-жөнекей тойынта тұрар екі ортадағы екі жемтік жұрттың жай-жапсарын жақсылап біліп алмай бола ма!

Орыс елшілері, сірә, Қайыптың қашан келсе де, алдарына тісін ырситып алып келетін ор марқасының басы мен бағыланның білем-білем құйрығына қызығып емес, әлгіндей ойлары болып шырқ үйіріліп шықпай жүрген шығар.

Ал, Қайып болса ордасына жирен сақал патша елшісі қол қусырып кіріп келген сайын төбесі көкке әзер жетпей қалатын көрінеді. Орыстан қонтайшыға қарсы жорыққа шығар қол алам деп қуанады дейді. Бірақ, Қайып: «Жоңғарға бірге шабайық», — деп қанша жалынғанмен, сары масадай самсаған сары қолын оп-оңай ертіп жібергісі келіп отырған ақ патша байқалмайды. Тобылдың билеушісі де өңшен қисық көздердің ортасында отырып, талай қырық бұлтақты көріп қалған қиық құлақ неме екен. Не айтсаң да, Бұқардың саудагеріндей: «Құп болады!» — деп басын шұлғып отырғаны. Бірақ онысымен қарқ қылып жатқаны шамалы. Дегенмен Қайып ордасының іргесіне күнара көк пәуеске доғарғандары сырт көзге жаман болып тұрған жоқ. Қайып маңындағылар: «Тәйірі, Бұқардың бөзінің бүршігі көп, етіңе батады. Ал мына орыстың бөзін атылас екен деп қаласың. Денеңе майдай жағады», — деп бөсетін секілді.

Әбілқайыр Қайып ауылындағы бұл әңгіменің бәрін дөң астынан көріп-біліп жатса да қылп етпеді. Өйткені, орыс шонжарының арғы пиғылын анық біліп отырып, таңертең мұсылман, кешке кәпір боп, құдайдың қысқа күнінде қырық құбылып бағатын өз жұртының ауызы қалай қисаярына көзі анық жетпей тұрғанда, ертеден сыр шашып қайтеді.

Шынында да, бұның ойлағаны аумай-төкпей келді де қойды. Қайыптың жіберген елшілеріне Тобыл әкімшілігі: «Келе ғой!» — деп еңкейсе, Қазанның шонжарлары қайдағы-жайдағыны айтып кергитінді шығарыпты. Олар ақ патшаның қол астына өтеміз десеңдер ғана қол үшін береміз, әйтпесе, аулаққа ойнаңдар деп ашық айтыпты. Оны естігесін Қайып қалай тұлданбасын!

Қайыптың ауылының іргесі қайтадан қаңырап бос қалды. Тобыл базарында шалқақтап жүріп қалған, күнара келіп тұратын қауға сақал жатжерлік мейман мен оның қасындағы тілі енді шығып келе жатқан баладай шүлдірлеп бағатын көккөз тілмаштың ұйқы ашар былдырағына әбден құлақтары үйреніп қалған хан ордасы кешегі бір күндерін ойлап өңіректтейтінді шығарыпты. Баяғы бабаларының кәнігі әдетіне басып, ойда жоқта келе қалған орыс керуендерін ұстап жібермей қалатын болды.

Әбілқайыр бәрін көрсе де көрмегенсіп, сырт орай жүріп бақты. Әуелден де патша елшілерінің базарлығынан бүйірі бұлтиып жарымаған неме берсе қолынан, бермесе жолынан дейтін жұртының ата кәсібіне басып, қазақ пен қарақалпақ жортуылшыларына бас болып, оқтын-оқтын орыс шебіне тиіп қайтатынды шығарып жүр. Жолдағы қалмақтар мен башқұрттардың әңгімесін тыңдайды. Сыбан Раптань шүршіттермен мықтап ұстасқан түрі бар сияқты. Кеше ғана емпең қағар патша шонжарының бүгін неге кердең бола қалғанының сыры да сонда секілді. Ата жауларымен арыстандай арпалысып жатқан жоңғарларды көк желкесінде тұрып, қазақтармен сыпсыңдасып, босқа алаң қып не қылсын! Бұл қазақтың нағыз қимылдайтын тұсы екен. Әбілқайыр әуелі өз қабырғасымен кеңесті. Жеке барып жау шауып бітірері шамалы. Оның үстіне өз ұлысы жоңғар шебінен көп алыста. Ал, бұл ойын өзге сұлтандарға айтар еді, олар дұрыс ұқса жақсы, әйтпесе, мынау баяғыда тізгінімізді ұстап дәндеп қалып еді, сонысынан қайта дәмете ме екен деп тіксінтіп алуы да мүмкін ғой. Әліптің артын бағып көруге бел байлады.

Қайыптың ауылы тым-тырыс. Жан-жаққа құлақтарын түріп тың-тыңдайды. Орыс елшілерінің аяқ сиретіп кеткеніне қалған ұлыстар не деп жатыр екен деп елегізеді. Бақас жұрттың мұндайда не дейтіні, сірә, белгілі. Табалап жатыр. Бір қызығы, әлі күнге сырын білдірмей, сыпсың шығармай отырған Әбілқайыр ұлысы ғана.

Әбілқайырдың да бір ойлағаны бар еді. Оны қазір бір қолдаса, қалған ұлыстардан қағажу көріп отырған Қайып қолдайды. Оған да мынау жыртылған жырым-

жырым абыройын қайта бүтіндеп алу үшін осындай бір тосын оқиға керек қой!

Әбілқайыр Қайыптың ауылына аяғы салақтап өзі жетіп барған жоқ. Әуелі кісі салып сыр тартып көрді. Қайып та қаңтарған аттай жан-жағына елеңдеп әзер отыр екен. Құлағын тоса қойыпты. Әбілқайыр сосын асықпай атына мінді. Қасына өз ұлысының бірер игі жақсысын ертті. Сәлем берген боп әдейілеп барды. Хан ауылы құрақ ұшып қарсы алды. Қайып алдынан шығып құшақтасып амандасты. Қолынан сүйрелеп төрге оздырды. Сосын қонақасыдан кейін көзін тарс жұмып ап, қонағының әңгімесін тыңдады. Әбден естір әңгімесін естіп алғасын кірпігі сирей бастаған жібіскі жанарын сығырайтып ашты. Ләмим деместен сынай бір қарап алды. Демек, айтқаны қышыған жерін дәл басқаны. Әйтпесе, сыртқа сесін шығармай, сақал-мұрты селкілдеп ішінен күлер еді, не тізерлес отырған көп бетіне бұрылар еді. Оның бірін де істеген жоқ. Көзін бұдан аудармай шаншылып отыр.

Өз бетімен ештеңе шешпей, ылғи елдің аңысын аңдып әрекет қылатын әккі кісілердің әдеті осы. Аузыңды бағады. Көзіңе үңіледі. Жүзіңді тінтеді. Былайғылардың қасқа маңдайын қақ жарып айғыздап түсетін сай-сай әжім ондайлардың көзінің маңайын ғана торлап алады. Қайыптың да жылтыңдаған кішкене көзі шимай-шимай суыртпақ әжімдердің арасынан торында жатқан қара құрттай боп бағжия қарайды. Бірақ, ондай-ондай қарақұрттан тайсала қояр Әбілқайыр ма! Тап берсе шап берейін деп тас түйін әзір отыр...

Одан бері де он үш жыл өтіпті-ау!

Көсенің иегіндегі жылмағай түзде жыланша ирелеңдеп жіңішке өзен жатты. Былайғы кезде түбіне дейін ап-анық көрініп тұратын мөлдір арна қып-қызыл қан лоқсиды. Ту-ту алыс таулардың басында әлдебір жұмбақ құдірет ел естіп, көз көрмеген бір әлемет жануардың желкесіне қонжия қонып алып, ауыз омыртқаның түбінен алдаспанмен орып кеп жібергендей. Мынау кемерден аса шапшып жатқан қып-қызыл жойқын сол бір бауыздау қандай. Тұнатын түрі көрінбейді. Қойыла түседі, қойыла түседі.

Жер қазып, топырақ үйіп биік бекініс жасап, соның тасасынан бір-біріне ерсілі-қарсылы оқ жаудырысқан екі жақ талай талша мойынды қақшып бақты.

Дарияның арғы беті — ойрат, бергі беті — қазақ. Қазақтың саны отыз мың. Қайып хан екеуі басқа ұрып жүріп санап жиған сары қол. Енді, міне, іннен шыға алмай, түтінге тұншыққан саршұнақтай қараптан-қарап қырылып жатыр. Үш күн бойы табан серіппей оқ жаудырысқанда, бір қадам ілгері аттамай қан-қасапқа ұшырауда. Аруағы аттың жалындағы отыз мың қазақ қолы орға бас сауғалаймын деп, өзінен он есе аз қалмақ қолынан төмпеш көруде.

Шайқас төртінші күнге ұласып барады. Екі ортадағы арнаның бұрынғыдан бетер күреңіте түскені болмаса, басқа өзгеріс жоқ.

Бұның шабарманы бұқпақтап Қайып ханға кетеді. Қайып ханның шабарманы бұқпақтап бұған келеді. Бірақ, бәрібір қанжоса молаймаса азаяр емес.

Пәтуа шайқастан бұрын байласылған-ды. Ертістің ар жағынан қол жүгіртіп отырғызбаған ата дұшпанның сағын дұрыстап сындырып, одан әрі бір қадам жер баспау керектұғын. Тағы да бір қалмақ қырған ат қалдырып, Сайрам ойрандалғалы етекке түсіп кеткен еңсені тағы бір көтеріп алу ғана мақсат етілген-ді. Оған құдайдың өзі сәтін келтіріп тұрғандай еді.

Сыбан Раптан ар жағындағы шүршіттің сары масадай сары қолымен алысып, үлкен жауға алаң боп, желкедегі қазаққа көп қол жібере алмайтындай жағдайға ұшырапты. Мұндай ұрымтал түс енді қайтып келе ме, жоқ па! Осы жолы жоңғардың азғантай қолын із-түссіз жойып жіберсе, бұдан бес жыл бұрынғы бір серпілістен кейін қайтадан бет-бетіне бытырай бастаған қазаққа тағы да бір желік бітері сөзсіз еді. Ендігі жолы бұдан гөрі де көбіреу қолмен мұрынына су жетпей жатқан қонтайшының ту сыртынан дүрсе қоя берсе, кім біліпті, шалқақтаған неме, ең болмаса уақытша бітім сұрап, елші жіберер ме еді, қайтер еді. Өйткені, қара құрттай қаптаған қара қытай келе жатқанда жоңғарға да жан керек шығар. Желкедегі қазақтың тыныштығын қалайтын шығар. Тек сол ниеттерін өз ауыздарынан айтқызса, ол да аз абырой болмас еді. Одан үлкен сойқан қазақтың қолынан қазір бәрібір келмейді. Жоңғарға



мұндай құқайды атақты ханның артында қап, таққа отырған үлкен баласы Болат емес, әрқайсысы бір-бір ұлысқа ғана ие, жолдары кіші Қайып пен Әбілқайыр істесе, үлкен шаңырақтан меселі қайта бастаған ұйытқыма жұрт екеуінің соңынан еріп кетуі де ғажап емес еді.

Бұл ой әуелі Әбілқайырдың басына ана жолы Еділден қайтып келе жатқанда келген-ді. Бірақ, әрі баса-көктеп, басқа шапшыған жоңғар әскеріне, әрі Болатқа бірдей түсетін бұл тұзақты бір өзі құруға жүрегі дуаламады. Оның соңындағылар қанша ержүрек болғанмен аз еді. Қазақтың қалған ну қалыңының аузы әр ұдай. Түтіндері әр жаққа шалқиды. Ендеше сол әр ыңғай көптің ең болмаса бір парасының басын қосып, әлгі ниетін орындап шықса, қазақ алдындағы абыройыма табақтас табылды деп қынжылмай-ақ қояр еді.

Әбілқайырдың аңыс аңдып, алыстан орағытқан сөз ләмін Қайып бірден түсінді. Қара сұр бетін қабарытып тұрған секем бір-ақ серпіліп, мәжілістесінің әңгімесін ден қоя тыңдады. Әуелі сыр бермегісі кеп, мізбақпай тік отырса да, бір кезде сөз ұтыры келгенде, мақұлдап қалай бас изеп қойғанын өзі де аңғармай қалды. Әбілқайыр онысын байқамағансып, қажыңқы қоңыр даусын одан әрі соза түсті. Аузындағы әңгіменің тізгінінен айрылмай, ішінен Қайыптың да жәйін ойлай отырды.

Қайып құптамағанда қайтеді! Тәукеден кейін таққа отырған Болат халық аузына ілігердей ештеңе бітірген жоқ. Жартысы жауда қалған жаралы ел қазір төре бастамақ түгілі теке бастаса да жалтақтамай алға түсетін біреуді іздеп, өре түрегелуге әзір боп жаланып тұр. Осындайда ортадан суырылып, жолын кескестей ме деп жүрген Әбілқайыр: «Қайтеміз», — деп ақыл сұрап, алдына өзі келіп отырса, Қайыптың төбесі көкке жетпегенде, кімнің төбесі көкке жетеді...

үлкен орданы санатқа қоспай, өздерінше қайрат қылған екі хан бір-бірінің алдында мойын оздырысып жатуға тырыспады. Жұртқа ауыздары бір боп көрінгілері келді. Ол кездегі қазақ тек көсем қолбасшысы ғана емес, жік ажыраспас ауыз бірлікті де аңсап отырғанын іштері сезетін-ді. Оны Қайып та құптайтын сияқты. Екеуі бір-бірінің алдында аяқтарының ұшынан басып байпаңдаумен болды. Әсіресе,

Әбілқайыр Қайыптың қасы мен қабағына қарап бақты. Аузынан артық-ауыс бір сөз шықпады. Сонау Қарақұмдағы құрылтайда Бөкенбай батыр ата дұшпанға «арқар» ұрандының туын Әбілқайыр ұстап барсын деп шарт қойғанда, ұрандастарының қанша сыр сақтағанмен де, көңілдеріне зіл алып қалғанын ол байқаған. Білек қосысып, бірге қайрат қылысатын мынау тұста Әбілқайыр аға тұқым Жәдік әулетінің ортан қолдай өкілі Қайыптың алдында жалын жасырып, жабы көрінуге тырысып бақты.

Қайып оған қатты таңғалды. Бірақ, сыр алдырмады. Ол да «өйтсек қайтеді, бүйтсек қайтедіден» бір танбады, Әбілқайыр да «сол дұрыс шығардан» бір жаңылмады.

Аякөз бойына жеткенде, алақандарына түкіріп келген қазақтар жоңғарға дүрсе қоя беріп, ертеден қара кешке шайқас салды. Адам өлігінен ат сүрініп жүре алмайтындай халге жетті. Бірақ, беріле қоятын жау көрінбейді. Қараңғы түсе өзеннің арғы бетіне шегінді. Ет қызуымен қазақтар да суға қойып-қойып кетіп еді, арғы жағаның жай-жапсарын білмейтіндіктен қараңғыдан қаймығып, көп ұзамай кері оралды.

Ертеңінде жау жағы тым-тырс. Қанталай шыққан күн нұрынан қақтай қалқып жатқан жазық дала қаңырап қапты. Қазақтар айран-асыр. Көкжиекке қанша шаншылып қараса да, қаптағайлап шауып келе жатқан қалың жау көрінбейді. Әуелі сілтідей тынып қалысты. Артынан қауқылдай жөнелісті.

— Ау, мына қызынды ұрайындар қайда құрыған?

— Кешегі төмпештен бастарымен қайғы боп безіп кеткені-ау!

— Әй, қайдам...

— Қап, бір қысық көз қалдырмай, қырып тастағанда дұрыс болатын еді.

— Бір түннің ішінде көзге көрінбеске қайтып зытып кетті екен!

— Шынында да, оларды жер жұтты ма, көк жұтты ма?

Аттарын тебініп, өңмеңдесіп өзенге келе бергенде, қайдан шыққаны белгісіз сары масадай сары жебе ызыңдап ала жөнелгені.

— Ойбай, сұмдық-ай!

— Мына қызталақтар қайтеді-ай?

— Інге кіріп кетіп, атып жатқаннан сау ма?

— Әне қара!

Талайлар аттан сыпырылып түсіп қалды.

Қазақтар арғы жағаның топырағы қызарып қалғанын енді байқады. Жоңғарлар ор қазып, топырақ үйіп, бекініс жасап алыпты.

Екі хан кеңес құрды. Қайып айтты: «Қазақтың қаптағайлап шапқанына жоңғарлар әбден сыр мінез болып алған. Бұл жолы да далаңбай шабысқа салсақ, кісіні босқа қырамыз. Одан да табан тіресіп шайқасайық. Олар арғы жағаға барып бекінсе, біздер бергі жағаға бекінейік. Жау қашан қырылып біткенше тырп еткізбей оқтың астында ұстайық. Сонда аттандап шапқан арда қазақты ордада жатып-ақ омақастырамыз деген жоңғарлардың есебінің күлі көкке ұшады. Қашан жандарынан күдер үзіп, тырағайлап қашқанға дейін қозғамайық. Сосын жау өздері-ақ пұшайман боп, бітімшілік іздей бастамас па екен!»

Әбілқайырдың да арғы ойы осыған саятын. Бірақ ол жаудың қашқанын күтпей-ақ, қансырағанын көргесін, орындарынан тұрып, арғы беттегі әлсіз жауды біржолата жаныштап тастауға, шайқасты көпке созбай, тез бітіруге ден қойып тұр еді. Шүршітпен жағаласып жатқан жоңғар бұл жаққа ауыр қол жібермесе де, Ертістен арғы өңкір солардікі, жылымшылатып күш қосып, дінке құртып жүре ме деп қорқып еді.

Екеуден-екеу оңаша мәслихатта ол күманын айтпады. Қайыпты тіксінтіп алам ба деп сескенді. Арғы аңғарымыз бір ғой, ондай-ондай ұсақ-түйекке бола іш суытысып қайтеміз деп ойлады.

Шайқас барысында Қайыптың айтқаны емес, Әбілқайырдың ойлағаны дұрыс боп шықты. Бірақ, ол: «Арам неме жан қиналар сәтті күтіп, арғы ойын ішінде бүгіп қалған болды-ау», — деп күдіктенер деп, тағы да тілін тістеп қалды.

Төртінші күнге айналғанда адам естімеген сұмдық болды.

Сыз жамбас боп орда жата беруге жалыққан қазақтардың кей шебі орындарынан түрегеліп, арғы жаққа көз тастауды көбейтті. Қалмақтардың әбден берекесі кетіпті. Бар күшті қақ маңдайға салып, қос қанатты бос қалдыруға айналыпты. Бірақ, ағын суға,

одан арғы бекініске, айқай сап тап беретін қазақтар бәрібір табылмады.

Түс қайта жау жағы қимылдайын деді. Бекіністің о шетінен бұ шетіне бұқпақтаған жүгіріс көбейді. «Е, бәлем, тықыр таянды ма! Дәу де болса, берілуге, елші салуға не алдыңды түнге салып жөңкіле қашуға әзірленіп жатқан шығарсыңдар», — деп ойлады қазақтар. Сол тырп етпеген қалыптары бесінді күтті. Бесін де ауды. Сол баяғы жым-жырт тыныштық.

Кенет дәл маңдай тұстан ара-арасына елу қадамдай салып бес түйе шыққаны. Әр түйенің соңына бұқпақтап жиырма шақты жау сарбаздары еріпті. Шудалары тізесіне түскен қара буралар су ішуге келе жатқандай бырт-бырт күйсеп маң-маң басады. Арнаға жеткесін суға күмп-күмп қойып кетті. Бір жақтарына көлбей аунап малти бастады. Су бетінде оқ жыландай шаншылып мойындары қылтияды.

Қазақтар аң-таң. Елші деуге көтерген жалауы көрінбейді. Шабуылшы деуге себелеп атып келе жатқан оғы жоқ. Қара буралардың соңына ере шыққандардың бірсыпырасы арғы жағада қалып қойды. Бірсыпырасы мойындары ғана қылтылдап су кешіп келеді.

Бергі жаға қыбырсыз. Тынып қалған. Бастарын жасыруды да ұмытып, арғы жағаға анталай мойын созады. Әбілқайыр «мынау не болар?» — дегендей Қайыпқа кісі шаптырды. Ол: «Аңсын аңдай тұрайық!» — депті.

Буралар бергі жағаға таяп қалды. Ойда жоқта бұлар бұрын-соңды естімеген оқыс гүрсіл естілді. Әуелі қара буралардың өздері бақырды, артынша-ақ қазақ жағы шулап қоя берді. Сол-ақ екен, қара буралардың баладай-баладай қос өркештерінің арасынан көк түтін бұрқ етті. Лап ете қалған қызыл жалынмен жарыса атып шыққан қазандай қара доп зулап келеді.

Қазақтардың бекінісі астан-кестен. О жерде де, бұ жерде де бұрқ-бұрқ аспанға ұшқан қою шаң, қара топырақ. Жан-жаққа от шашырағандай ойбайлап жатқан бір адам. Кейбіреулер белшесінен топыраққа көміліп қалды. Кейбіреулері тырағайлап қаша бастады. Қашқандарға арғы жақтан садақ оғы себелей жауды.

Көзді ашып-жұмғанша бергі жаға бұрқан-талқан болды да қалды. Пәлен күннен бергі мығым бекініс ат

басып кеткен итаяқтай жапырыла қирағаны. Көңілдерге қобалжу енді. Екі хан да абыржиын деді.

Шаруаларын бітірген бес бура байпаңдап кері қайтты. Есеңгіреп қалған қазақтар қолдарында садақ бар екенін де ұмытып кеткендей. Қара буралар ағыс ортасына жеткесін ғана арттарынан әуелі батылсыздау, сәлден соң жиілеңкіреп оқ жауа жөнелді. Екі түйе қиралаңдай аунап суға батты. Түйені тасалап шегініп бара жатқандар дереу бел арқанды қиып жіберді. Әлгінде ғана от құсқан қара пәлелер судың түбіне кетті. Біраз жоңғардың мүрдесі қанды ағыста қалқып бара жатты. Қалғандары арғы жағаға жетіп бекініске тығылып үлгерді.

Сосын-ақ қазақтардың шырқы бұзылды. Гу-гу әңгіме көбейді.

— Жоңғарлардың арасында отпен ойнайтын жирен сақал сиқыршы бар деген әңгіменің рас болғаны ғой.

— Ол неме түйенің өркешінен, аттың тұяғынан от шашыратып, оқ ата алады демеуші ме еді?

— Түйесін жаңа көрмедің бе?! Енді аты да шығатын шығар.

— Ойбай, ол пәленің қолынан келмейтін нәрсе жоқ көрінеді. Қаласа қара суды теріс ағызады дейді.

— Ендеше мына өзен оған сөз болып па! Бір ұрттап құмға төгеді де, қазір-ақ бергі бетке лап қояды десенші.

— Ау, ау... Оны қонтайшы қасынан бір елі шығармайды деп еді. Сонда арғы жағаға оның өзі де келгені ме?

— Қонтайшы жалғыз келмейді, самсаған сары қолын түгел әкелген болды ғой.

— Оны шүршіттер тырп еткізбей ұстап отыр. Қимылдасақ, бір қимылдайтын тұсымыз осы дегендері қайда?

— Мынандай сиқыршыны қолға түсірген қонтайшы шүршітке де бір амал тапқан шығар.

— Ендеше, шүршітке амал тапқан жоңғар қазаққа амал таппайды дейсің бе?

— Айналайын ата-баба-ай, сендерден де кие кеткен екен ғой!

— Қазақтан аруақ ауғалы қай заман...

Қас қарайғанша осы жапыр-жұпыр бір тыйылмады. Күн ұясына батып, төңіректі майлақы мұнар қоршады.

Тымырсық түн орнады. Таң алдында оң қанаттан дүрбелең шықты. Әскердің ту сыртында тасада тұрған қостардан шыңғырған әжептарқы дауыстар естілді. Ерсілі-қарсылы жөңкіліс көбейді. Біріне-бірі соқтығысып қалып жатқан бір адам. Абыр-сабыр.

— Әй, бұл жұртқа не көрінген сонша?

— Жау ту сыртымыздан тап беріпті дейді.

— Қойшы-ей...

— Сонда ол атаңа нәлеттер масаға айналып кеткен бе, арғы беттен бергі бетке ұшып өтпесе, қалай өтіп жүр?

— Итім біліп пе!

— Ендеше, екі өкпенді бірдей қысып, кешегі өрекіп келген жүрегіңді суырып алады десеңші...

— Шұнақ құдайдың не қылғаны-ай бұл...

Таң атқанша бекіністің бәрі қаңырап бос қалды. Қайыптың қосы тұрған оң қанаттағылар алдымен зытыпты. Жау қолына түсіп қала жаздаған Қайып қасында екі адамы бар Әбілқайыр қосына кеп қосылды.

Күн енді шығып келе жатқанда сол қанат та бекіністі тастады.

Жол-жөнекей өліктерге сүрініп, атына зорға жеткен Әбілқайыр үзеңгіге аяғы тие түзге қарай тізгін бұрмай, өзенге қарай шапты. Шығып келе жатқан күннің нұры көзіне шағылысып мазақ еткендей. Нақақ қанға малынып күреңіткен асау арна да бүлк-бүлк күледі. Арғы жағадағы жау бекінісінің қызыл топырағы қоянның жонындай жымпия қалыпты.

Әбілқайыр атын ойнақшытып біраз тұрды. Арғы жағалауға бірдеңе деп айқайлағысы келді. Бір жағынан әлдене жүрегінің басынан лық көтеріліп, тамағына кеп тұрып ап, үні шықпай қалды. Екінші жағынан анадайда артында сұқтана қарап қалған Қайып есіне түсті. Ақ боздың санын аямай бір осып, жапан түзге қарай босып бара жатқан қара тобырдың артынан салды.

Екі хан ләмим деместен тарасты. Ұлыстарына келген соң да тым-тырыс жатып алды. Бір-бірінен сөз аңдыды. Екеуі де көпке дейін тіс жармады.

Бірақ, кім таратқаны белгісіз, ел арасында қаңқу көбейді. Екі хан әлгі шайқастан бірін-бірі көрместей боп қайтыпты десті. Әсіресе, Қайып Әбілқайырға қатты ренжіпті. «Енжар соғысты, әлденеге кібіртіктеп тартыншақтаумен болды» — депті.

Әбілқайыр әліптің артын бақты. Әлгі сөздің Қайыптың өз аузынан шықпағанын іші сезді. Бірақ, шайқасқа қатысқандар түсініксіз жеңілістің түпкі сырын осылай ұққандарын бірден аңғарды.

Оған әуелі ренжіді. «Осы жұртта ми бар ма?» — деп ойлады. Әу бестан өзі түрткі болған шайқасқа неге енжарлық істесін! Барын салды. Бірақ, өзінен жасы үлкен, әрі соңына ерген қолы көп Қайыптың алдын кескестемеді. Әйтпесе, шайқастың екінші, не үшінші күні-ақ тізгінді өз қолына алып алуы мүмкін еді. Жоңғар қазаққа шамалыда көрсете қоймаспыз деген арғы ақырғы амалын істеді. О да қысылғандықтың белгісі. Екі жылдан бері лақабы дүңк-дүңк тарағанмен, әлі де ешқайда пайдалана қоймаған зеңбірегін осы жолы пайдаланды. Жоңғарды оған жеткізбеу керек еді. Бұлардың шешімсіздігі мен сылбырлығынан болды. Енді ел шалқайып кетеді, бітімге келейік деп пұрсат сұрамайды. Қансыраған жауды өкшелеп, қуып, төмпештің астына алатын қауқап бұларда жоқ. Бұл жолы таулары мықтап шағылған қазақтар енді көпке дейін еңсе көтере алмайды. Оған Әбілқайыр қиналмағанда кім қиналады. Қазақтың алдында айдынын аспандатып шығаратын ұрымтал тұс зая кетті. Біреудің көкірегіндегі жібектей есілетін асыл ой екінші біреудің қолына түскенде ит сілікпесі шығып, жүн жұрқаға айналып кететініне осы жолы әбден көзі жетті. Қайып ханның тұсаулы аттай көзкөрім жерден әрі ұзап кете алмайтын тайыздығына ызаланды. Өзінің көкейдегі ниеті көз алдында күйреп бара жатқанын көре тұрып, сабыр сақтап баққан көнтерілігіне күйінді.

Жігерсіз болса бір жөн ғой. Жігері де, ақылы да жетіп тұрып, өз қолын өзі байлап қалған шара-сыздығына ызаланды. «Егер біреумен қосақтасқан ортақ билік емес, дербес билігім болса, бүйтер ме едім» — деп бармағын тістеді.

Сол ыза іші бауырын уша жалап, тақымына ат түскенде оқ өтіне қалай жетіп барғанын өзі де сезбей қалды. Кемерден аса ағып жатқан қызыл су жұрттың босқа төгілген қанындай, өзінің текке өтіп жатқан зая ғұмырындай көрінді. Дарияға барып қойып кеткісі, артындағы азғантай қолмен арғы беттегі бекініске дүрсе қоя бергісі келді. Бірақ қолда жоқ дәрменнің жолында

азғантай болса да емексітіп, жүрек жылытып жүрген әлсіз үмітті біржолата қиғысы келмеді. Басын бір шайқап, атына қамшы басты.

Сол жолы оның көкірегіне бір шемен мықтап байланып еді. Елге келгесін де ай бойы жақ ашпай қойды. Құлағы елдің аузында. Күніне қырық ұйтқыған лақаптың саятыны баяғы сол бір түйін: екі хан тіл табыспады, жер қайысқан қолмен барып, азғантай жаудың ойранын шығаруға Қайыптың өнері жетпеді; Әбілқайыр өзіме бұйырмайтын ішек боғымен піссін деп, шайқасқа бел шешіп кіріспеді.

Ел пікірі бәрі бір соған бекінді. Біразға дейін пұшайман болып жүрген Әбілқайыр күндердің күнінде қараптан-қарап көңілденді. Жұрт Қайыптан біржолата күдер үзгенмен, бұдан әлі күдер үзбегені ғой. Егер әлгі шайқастың билігін түгелімен бұған бергенде, бұлай бітпейтініне олардың да көздері жеткені ғой. Ендеше, Әбілқайырдың атқан оғы көздеген екі нысанасына дөп тимегенмен, лағып босқа кетпепті, әуелде ойда жоқ үшінші нысанаға барып тиіпті; бірақ, о да керек нысана боп шығыпты.

Мынандай төтен ой оның сынған сағын қайта бүтіндеді. Қайтадан қайратына мінді. Қашан жауда кеткен өшті қайтармайынша, өз дегеніне жете алмайтынына, ал осынау кім көрінгеннің қолында кетіп жүрген көп тізгінді бір тізгінге айналдырып, бір мықты қолға ұстатпайынша, қазақ қанша тырбанса да, алдынан сол баяғы Аякөздің ойраны шығатын да отыратындығына көзі мықтап жетті. Сонда оған өзінің көксейтіні бүкіл қазақтың көкейін тескен істей көрінген-ді.

Ол, бірақ қайтсе жүзеге асады? Оны өзі де білмейді. Неде болса Қайыпқа жолаған жоқ.

Сүйтіп жүргенде құлағына пыш-пыш хабар келеді. Тобыл бойынан елшілік келді дейді. Бірақ жүрісі бұрынғы елшіліктерге ұқсамайды дейді. Суыт жүрмей, ауыл тастамай қонып, асықпай аяңмен келеді дейді.

Ол неткен керуен екенін білмек боп алдынан інісі Мамай сұлтанды жібереді. Өзі қарақалпақтарға суыт аттанды. Орыс шекарасына тыным бермей тұрған тентек-телілерді тезге салып қайтуға кеткен болған-сыды.



Сүйтіп өзінің Қайып ханның бір жыл бойына орыс елшісі Федор Жилинді еліне жібермей ұстап отырғанына ешқандай қатынасы жоқ екенін, қайта ақ патшамен татулықта болғысы келетінін білдіргісі келді.

Сары атанның төрт жаңасында орыс<sup>1</sup> елшісі Арыс бойында отырған оның ауылына да жетті. Күн кешкіргесін елшіні ордасына шақырып сөйлесті. Сый қонақ та сырбаз, бұл да сырбаз. Екеуі біраз арбасты. Елші бұның биыл көктемде орыс шебіне барып қайтқанын бетіне салық қыла ма деп еді, ол жайында тіпті әңгіме де болған жоқ. Елшіліктің ертең Түркістанда күтіп отырған Қайып ханға баратынын біліп отыр. Екі орданың арасында жат ауызға сөз тасытқысы келмей сақ сөйледі. Алдағы күзде жоңғарға жорыққа аттанбақпыз деді. Қайып ханды аға тұта сөйледі. «Біз жаспыз ғой ақ патшаның, Қайып ханның қызметіне әрдайым әзір тұрамыз» — деді. Бірақ орыс патшасының қол астына кіретіні жайын әдейі аузына алған жоқ. Қайып ханның көмейін біледі. Оның алдын орап кеткен боп көрінгісі келмеді.

Бұл сүйтіп сыпайылап шығарып салған елшілік Түркістанға барды. Қайып хан: «Қазанның елшісін былтыр қалмақтан қорқып жібере алмадық. Олар Бөген, Арыс, Шаян бойындағы ауылдарымызды түгел қырып кетті. Мұндай аламаншылық тұсында ақ патшаның елшісінің басын қатерге байлағымыз келмей, ел арасы тынышталғанша, өз қасымызда ұстай тұрғымыз келді», — деді. Кейінгі келген елші әлгі әңгімеге сенген болды. Түркістаннан шыққан елшілік Қарнаққа жетпей жатып Сауранды билеп отырған Абылай сұлтанның шабуылына ұшырады. Үш солдатын тұтқындап, қаружарақтарын тонап алды.

Елшіліктің еліне не деп барғанын кім білсін, Әбілқайыр, әйтеуір, орыс патшасының алдында Қайып ханнан гөрі сенімдірек көрінетін болған шығармын деп ойлаған...

Сосын-ақ оның қиялы құртқа шапты да тұрды...

Енді, міне, көптен көңілінде жүрген істің не бүк, не шік түскенін білетін уақыт та онша алыс қалмаған сияқты.

Ол басын көтеріп алды. Маңтөбеге таяп қапты. Көштің алды ойға құлапты. Енді қазір мынау сілтідей

---

<sup>1</sup> 1718 жыл (Ә.К.)

тынып жатқан елсіз алқапқа маңырап-жамырап ел қонады. Анау белуардан келетін күзгі қау шөп ауызға ілігіп кетеді. Сонау мөлдірей тұнып жатқан меруерт көлдер де көп ұзамай сары алаланып лайытып ағатын болады. Анау семіз биенің сауырындай ну жатқан баурайға шаршылап жер ошақ қазылады, алқа қотан үй тігіледі, мама ағаштар керіліп, ат байланады, жан-жақтан шұбырып жұрт ағылады. Мынау жым-жырт өлке абыр-сабыр қимылға, абыр-жабыр Үнге толады. Бірақ, сол абыр-сабырдың арты немен тынады. Ол мұның атын аспандатып шығарар бақ па, жоқ ел алдында жерге қаратып кететін қап тауындай масқара ма... Әлгі шаршылап қазылатын жер ошақтарға мұның айтқаны келіп, атқаны тиіп, айдыны асқандығына жасалатын ұлан-асыр тойдың қазаны асыла ма, жоқ қолынан келмес іске ұмтылып, басын жұтып тынып, қарасының дәмі асыла ма — әлі беймәлім. Не де болса көп қалған жоқ.

— Хан-ием, көз ұшынан шаң көрінеді.

Селк етіп басын көтеріп алды. Шынында да, арқа беттен бір сұйқылт шаң сумаңдап жақындап қапты. Жолдағы көштердің ешқайсысына бұрылмай бұған беттеп келеді. Бұл атының басын іркіп кідірді. Әлгі шаң — екі-үш атты боп шықты.

Сүйіндіктің жіберген шабарманы екен.

Елшілік Уфадан шығыпты.

(Жалғасы 4-томда)

# МАҚАЛАЛАР



## ОЙ МЕН ОҚИҒА

Әбіш Кекілбаевтың басқа өнерлерін сөз етпегеннің өзінде (айталық, сыншылығы мен аудармашылығы, драматургтығы) оны жазушы, прозаик ретінде танымпаз, талғампаз мәдени қауым — кітап оқумен «басараздығы жоқ» жұртшылық әлдеқашан мойындаған. Әбішті қандай прозаик деп дәлелдеп жатудың өзі түсіне білгенге әбестік дер едік. Сонымен сөз жазушының бұрынғы жазғандары туралы емес. Өйткені оның өзі қазақ оқушыларына ғана емес, түрі басқа, тілі бөлек басқа жұрттарға да мәлім болып отыр. Бұған тілектес қана емеспіз, танылғанына әбден қуаныштымыз.

Жазушы соңғы кезде не жазып жүр деген сұрақ оның тілектестерін қатты мазасыздандыратын еді: мұндағы себеп оның талантына сенбегендіктен емес, айтары бар жазушының не жазып жатқандығын алдын-ала білуге деген құштарлықтан еді. Жақсыны «тіміскілеп», іздеп, шарқ ұрып жүріп оқитын адамның өз көңіліндегі қалаулысын іздеуі заңды ғой деп ойлаймыз.

Осындай көңіл-күй әуенінде жүргенде Кекілбаевтың «Шыңырауы» мен «Бәйгеторысы» көпшіліктің көкейінен шықты. Иә, несімен? Оған аз айт, көп айт — тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні — Әбіш өз оқушысын соны сілемді ойлар айта білуімен қуантты. Біз аталмыш дүниелерді жазылуына қарап емес, жаңа қордалы да қолатты ойлар құшағына бөлегені үшін ұмыта алмаймыз. Әбіштің әр сөйлемін, әрбір суреттеуі мен баяндауын қалт жібермей қадалып, қадағалап оқуымыз керек.

Әбіштің «Күй» повесін зиялы қауым философиялық дүние десіп жүр. Мұны неміс тіліне аударылған «Күйге» пікір айтқан неміс әдебиетші-сыншылары да мойындапты. (Біз әрине, баспасөздегі пікірге сүйеніп отырмыз). Рас, сөз — қосып алары жоқ, алалығы да қараулығы да жоқ орынды пікір. Ал, оның кезінде, «Жалын» альманағында жарияланған «Шыңырау» повесі ішкі болмысымен «Күйге» ұқсас шығарма. Ұқсас дегенде біз айтылар ойдың сабақтастығын яғни философиялық жағын айтып отырмыз. «Күйдегі» — бас кейіпкер де өнер адамының зұлмат дүниедегі аянышты тағдырын елестетсе, «Шыңыраудағы» бас кейіпкер де ол жәй құдық қазушы емес, шындығында өнерпаз жанның парықсыз, пәтуасыз ортадағы аяқасты болған, елеусіз қалған, имансыз жансебілдердің мазағына айналған тағдырын көз алдына әкеледі. Еңсеп секілді ерек туған ерлердің жанкешті ездердің қолындағы қуыршаққа айналғанына ішің ашиды. Өмірдегі бәсеке, жалған атақ деген қызылбасты пәлелердің адамды қалай арбайтындығына күйінесің. Құдық — Әбіш үшін сыртқы фон, философиялық символ ретінде алынған. Жазушы екінші планда адамдардың өзегін өртеген, жұлыны мен жүйкесін қызылқұрттай жайлаған дүниеқоңыздықтың, көрсоқырлықтың, қызғаншақтық пен

бәсекеқұмарлықтың себептері мен зауалды зардабын көрсетуді көздеген. Өнері өзінің соры болған Еңсеп секілді адамның талайсыз тағдыры — дүниедегі баянсыздықты, жалғандықты, пәтуасыздықты, өткіншілік пен өкініштілікті еске түсірсе, екінші жағынан өнері өз кезінде бағаланбаған жанның қайғысына, мұңына бір сәт бас игізеді. Пендешілік пен күйбен тіршіліктің күйкі қамы талай ұлыны да кішіні де өзіне табынтқанын, сөйтіп басын жұтып, бағын кескенін Еңсептің өмірі мен өлімі арқылы елестетеміз. Повестің рухы осындай ойларға жетелейді...

Әбіштің «Бәйгеторысы» бір қарағанда қамыттан қалып, тақымға жарамаған, тұяқтан тозған, енді ешкімге керегі жоқ бір кездегі сүліктей сәйгүліктің бүгінгі пұшайман халі туралы сияқты. Ал, үңіле қарасақ, автор не айтқысы келген деген сауалды сауырлай түссек, мысқалдап басталып, батпандаған ойға тап боламыз. Тұғырдан сәл тайып кеткен азаматтың шетқақпай болған тағдырын, яғни өз кезіндегі сұңқылдаған сұңқардың қарқылдаған қарғалардың имансыздығының құрбаны болып кеткендігін әңгімені оқып отырып ойға аласың. «Бәйгеторы»- осынау мазағы да азабы мол, күрделі де күрмеуі мол, итжығысы мен текетіресі тең түсіп жататын өмірдегі әділетсіздікті, немкеттілікті, тасжүректілікті айыптайтын, күні түскенде күйбен қағатын, күйің кетсе сәл сүрініп қалсаң демеудің орнына демінді алғанша тұншықтырып жіберетін екі жүзділер мен «ішінде ит өлігі жатқандардың» жалған моралін әшкерелейтін хикая. Адамды «шені мен шекпеніне» қарап бағалайтын, қызметі мен атағына бола «ағалап», сағалайтын - «бойы бұлғаң, сөзі жылмаң» желбуаз жандардың шын азаматтың қадірін біле бермейтіндігін, керісінше оның басынан сәл бағы тайған күні «сені қайдан көрдім» боп қалай шыға келетінін - Әбіш астарлы жеткізген.

Ал, әлі еш жерде үзіндісі де жарияланбаған, жұртқа беймәлім мына роман Әбіш Кекілбаевтың бұрынғы жазғандарынан сыры да сипаты да мүлде бөлек, жазушының творчестволық тың табысы, өсу, іздену эволюциясының нәтижесі дерлік, өзіндік концепциясы бар дүние. Әбіш мұнда өзінің ойшылдығы мен парасатты суреткерлігін жақсы көрсеткен десек асыра айтқандық емес. Бәлкім дұшпандары үшін біздің бұл сөзіміз ұнамас та, ал бірақ шындығы сол іші күйген адам алдымен өзі оқып көрсін.

Роман бастан-аяқ ойға, толғанысқа толы, кәдуілгі интеллектуалдық дәрежеде шыққан философиялық шығарма. Жазушы өткен заманның оқиғасын арқау еткенімен сол арқылы бүгінгі өмірге, бүгінгі уақыт шындығына, бүгінгі адамдар мінезі мен әрекетіне қатысты кең құлашты философиялық ойлар айта білген. Романдағы Әміршінің монологы яғни ішкі толғанысы арқылы жалпы адамдық характерге тән ішкі драматизмді, қайшылықты, сезімдегі жұмбақтылықты тамаша көрсеткен. Әміршінің дүние, өмір, адам, махаббат пен мансап, жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, парасат пен кесепат, намыс пен абырой, қанағат пен құлқын, тақ пен бақ тағысын тағы басқалар туралы ойы осы заманғы адамдар ойымен, түсінік түйсігімен қойындасып жатыр.

Әбіш бұл романда өзінің суреткерлік екі қасиетін - философиямен терең психолог екендігін бір сөзбен айтқанда жазушылық жоғары интеллектін айрықша дәлелдейді. Бұл сөзді біз оның жеке басына деген интимдік симпатияның еркімен емес, романды оқып отырып рухани айызы қанған, іздегенін тапқан, көкейдегісін көрген оқушының атынан айтып отырмыз.

Роман төрт бөлімнен тұрады, мұнда шым-шытырық оқиға, толып жатқан топырлаған герой жоқ, санаулы ғана адам бар. Олар негізінен Әмірші, оның әйелдері және сарай маңындағылар мен мұнара соққан Жаппар, оның таныстары. Ал үш адамның психологиялық болмысы, жан сезімі, ой әлемі ерекше берілген. Олар Әмірші мен кіші ханша және оған

ғашық болған шебер. Жазушының герой психологиясын ашудағы стильдік тәсілі - монолог пен авторлық баяндауды шебер астастыруы да атап айтарлық, тіпті осының өзі романның жеңіл оқылуына көп әсерін де тигізген. Әбіш Кекілбаев жас жағынан өзі шамаластардың, одан алдыңғы кейінгілердің де арасынан суырылып шыққан үйірімді тілі - иірімді ойы бар жазушы. Сөздік қоры мен лексиконның байлығы, тазалығы жағынан біз оны ерекше бағалайтын едік. Ал, мына романның қай бетін алып оқысаңыз да Әбіш қаламынан туған бейнелі көркем тілдің сиқырлы сырына тәнті боласыз. Ол бар білген әдемі, орамды сөзін қалай болса солай шалапай шашып рәсуа етпей орны мен оңына, ығы мен ыңғайына қарап қамырдан қыл суырғандай шеберлікпен пайдаланады. Бұған мысал теріп, үзінді келтіріп жату артық деп білеміз. Сөз қадірін, тіл құдіретін әрбір жас Әбіштей білсе, пір тұтса айы алдынан, жұлдызы соңынан тумғанмен біраз абыройға ие болар еді.

Ал, енді романға баайланысты екі-үш ескертпеміз бар. Ол негізінен төртінші бөлімге байланысты. Мұның өзі «осылай болса қайтер еді» деген ниетпен туып отыр.

Біріншіден, Әміршінің жорыққа кетіп бара жатып Жаппармен жолығатын сценаға әлі де бір-екі ситуация қосу керек сияқты. «Көп асқанға бір тосқан» дегендей қаһарынан қан шашқан Әміршіні осы жерде моральдық жағынан Жаппар секілді бейкүнә, адал, асқақ сезімді адамның алдында жығу керек еді. Қасиетті адамның қасіретті тағдырға душар болуы - көз бен тілден қоса айырылғанымен Әміршіден биік тұрғандығын, жалғанды жалпағынан басып, жаһанды дүрліктірген Әміршінің сұрқиялығын бетіне басатын бір философиялық эпизод қосқанда романның салмағы арта түсер еді. Әмірші де ет пен сүйектен жаралған ғой, оның өзі аяусыз жазалаған Жаппарды көрген сәттегі өз зұлымдығын іштей мойындататын, бойындағы аюандық сезімнің астарын сөгетін драмалық ситуация қажет-ақ.

Екіншіден, кіші ханшаның кейінгі тағдыры оқушыға беймәлім болып қалады. Біздіңше Жаппардың жазалануын естіген, Әміршінің зұлымдығына әбден көзі жеткен ханша не күйде қалды, өмірі немен тынды деген сұрақ оқушыны сөз жоқ мазалай береді.

Үшіншіден, бұл өзі тарихи роман. Тіпті аңыздың ізімен жазылған деп қарағанның өзінде де нақты тарихи негізі бары талассыз. Сондықтан романның финалында, шартты түрде болса да оқиға қай ғасырда, қай жерде болып еді, Әмірші деп отырғанымыз кім, қай елдің ханы деген сұрақтың бетін ашу керек сияқты. Өйткені кез-келген көркем шығарма мейлі ол фантастикалық, мейлі мифтік дүние болсын историзмді аттап өте алмаса керек. Мезгілі, мекені, ортасы атап көрсетілсе керек-ті.

Сөз соңы: Әбіш Кекілбаевтың бұл романы идеялық мазмұны мен көркемдік түрі терең келісімін тапқан, сөз жоқ, соны шығарма. Халайықтың қалаулы дүниесіне айналатындығы шүбәсіз. Сондай-ақ соңғы жылдарғы қазақ романистикасындағы елеулі жаңалық деп қарауға әбден болады.

сентябрь, 1973 ж.

Марал СҚАҚБАЕВ

## КЕҢ ТЫНЫС

Дарынды жас қаламгер Әбіш Кекілбаевтың жаңа кітабы «Бір уыс топырақты» оқып отырғанда, оның бұрын шыққан «Күй» повесіндегі мына бір деталь ауық-ауық ойыма орала берді.

Сырым дейтін жас геодезист (әлде картограф) қасына бір топ жігіт ертіп, Қақпақтының құлазыған шөліне баратын еді. Ойы — сахараны картаға түсіру. Бірақ ол далиып жатқан қу медиен жапан түзден назар тоқтатып, белгі тастар бұдыр таппай қиналады. Ел мекендемегелі де елу жылдан асқан екен. Ай жарым уақыт бойы дала кезіп, карта бетіне екі-үш қана сөз түртеді. Сондықтан да жолдастары Сырымға: «Бір парақ қағаз алып, күнбатыс шетіне Каспийді белгілеп, қалған жеріне қол тигізбей әппақ күйінде апарып тапсырсаң, Қақпақтының картасы дегенге кім сенбейді. Босқа қаңғығанмен қашып жүрген карақұйрықты белгілемесең, картаның бетіне нені түсіресің?»— деп әзілдейді. Былай қарағанда, жаны бар сөз көрінгенмен, шын мәнінде олай емес екен. Түрікменнің Қособа дейтін ауылынан Құрбан есімді көне көз қарияны тауып, жолбасшы етіп еді, меніреу дала сөйлеп қоя берді: «Әне бір қалың бұйырғынның қақ ортасында қалып, айналасына құмырсқа илеу салған көк тастың аты — «Қанжар жаныған», ал ана бір жалғыз қылауытқан тоқымдай кебірдің аты — «Қол қырылған»...

Байқайсыз ба, өлі дала тіріліп келеді. Мылқау сахараның кез келген бұтасы мен тасының түбінде тарих шөгіп жатқандай. Расында да, анау «Қанжар жанығаннан» бір қанды оқиға сөйлегелі тұр, анау «Қол қырылғаннан» әлде бір ел басына қара жамылдырып, қан жылатқан тағдыр тауқыметі елес бергелі тұр. Кезінде қағаз бетіне жазылмай, ақындардың жырына қосылмай ұмытылған қаншама тарихымыз бар еді, шіркін! Олардан осы секілді жер-су аттарында белгі қалыпты, «бағы жанған» кейбір оқиғалар ғана аңыз боп, тіпті ертегіге айналып ел аузында сақталыпты. Ол әңгімелердің көбісіне халық пешенесіне бірде сор, бірде бақ боп қонып, әлденеше ауысқан ықлым замандар өз таңбасын басып, өзгертіп, тұманға ораса, ғасырлар шымылдығы бетін бүркеп, өшіріп, жоғалтып жіберген. Ең бір ұлы-ұлы оқиғалардың да тек жұқанасын қалдырған. Міне, сол жұқана тарихты, жартылай аңыз, жартылай ертегіге айналған шежірені қоспасынан, жамау-жасқауынан арылтып, өтірік-шынын таразылап, әрлеп-өңдеп бізге қайта ұсынып жүрген Ә. Кекілбаев дәл манағы Құрбан қарияның өзі іспетті. Осынау кішкене әдемі штрих жазушы қаламына тегіннен-тегін ілінбеген шығар. Әбіште шежіреші дана қариялардың мақамы бар.

Кекілбаев — өзі қатарлы қазақ жазушыларының көбіне ұқсамайтын өзгеше дарын. Әдебиетіміздің ойлы жанашыры ретіндегі сыни еңбектерін былай қойғанда, ол оқырман қауымға «Бір шөкім бұлт» және «Дала



балладалары» атты екі кітабы арқылы жақсы таныс. Соңғысындағы «Бәсекеден» өзге екі повесі «Дружба народов» журналында жарияланып, орыс және басқа да совет оқырмандарымен жүздесе, «Күй» повесі «Ұмытылған жылдар балладасы» деген атпен совет прозасының үздік туындыларының бірі ретінде неміс тілінде Берлинде жарық көрді. Сондай-ақ, «Ханша-дария хикаясы» да, «Хатын-гол балладасы» деген атпен осы үстіміздегі жылы тағы да сол неміс тілінде шықпақшы.

Бұл, әрине, кездейсоқтық емес. «Дала балладаларындағы» осы екі повесть жөнінде өзіміздің республикалық баспасөзде де, Одақтың ірі-ірі журнал беттерінде де кезінде жылы-жылы лебіздер айтылған-ды. Солардың ішінде әсіресе, Мұрат Әуезовтың, Л. Терекopianның, В. Лавровтың мақалалары көңіл аударарлық ойлы дүниелер. Демек, Кекілбаев туындыларының одақтық аренаға шыға бастауы заңды құбылыс екен.

Әбіш творчествосы туралы бір-екі ауыз да болса пікір білдірген әлгі сыншы-әдебиетші жолдастардың қай-қайсы болмасын, оны тарихи жанрда жазып жүрген жазушы деп бағалайды. Бұнысы, әрине, дұрыс та. Дегенмен, бір мәселенің басын ашып алуымыз керек. Әбіш көне тақырыпқа қалам тартқанда, біздің ұғымымызда қалыптасқан үйреншікті үлгі бойынша белгілі бір тарихи тұлғаны кейіпкер етіп алып, соның ғұмыр кешкен дәуірі мен ортасын суреттеп жатпайды. Әбіш шығармаларының негізгі фабуласы — халық тағдыры, оның жүздеген жылдар ішіндегі басынан өткерген алуан түрлі тауқыметі, сенімі, түсінігі, намысы, сезімі, елдігі, ерлігі, жақсылығы, ездiгi, кемшілігі, түптеп келгенде, оның тұтас бір дәуірдегі қоғамдақ-рухани өмірі. Біз айтып отырған «тұтас бір дәуір» жүз жылды былай қойып, мың жылға дейін созылуы мүмкін. Мәселен, «Күй» повесіндегі қазақ пен түркімен арасындағы қырқыс (соғыс емес) тек 19 ғасырдың басында, яки ортасында ғана өтіп пе? Жоқ, дәл осындай қарапайым халықтың береке-құтын қашырған, бауырлас жұрттардың өзара қырқысы бізге белгілі сонау 6—8 ғасырдың өзінде-ақ (мүмкін одан да әрі) басталып, жиырмамыншы ғасырдың басына дейін жетті. Немесе, «Ханша дария хикаясындағы» Шыңғыс ханның әлеметі мен «Аңыздың ақырындағы» Алмас ханның қаныпезерлігі жалғыз осы екеуіне ғана тән қылық па, солар өмір сүрген 13, 15 ғасырларға ғана тән жәйттер ме?.. Әбіш творчествосындағы тарихилық нақтылықтан гөрі жинақталған, сомдалған, жалпылыққа көбірек саяды. Бірақ соны талантты жазушы нақты әдеби образ арқылы көрсеткенде, олар халық өмірінің, тарихының бұған дейін түрен ізі түспеген, барланбаған, тың да соны жеке қырлары боп елестейді.

Яғни, ол нақты тарихи деректен, оның шым-шытырық оқиғаларынан гөрі, сол тартысты тудырушы қоғамдық-тарихи себептерге, солардан еріксіз өрістейтін салдарға көбірек ден қояды, көбірек маңыз береді. Бұл тарихи шындық шеңберінен шыға алмай малтықпауына, еркін көсіліп, терең толғануына, өзінің идеялары мен концепциясын алдыңғы кезекке шығаруына үлкен мүмкіндік ашады. Ал Шыңғыс хан, Ақсақ Темір сияқты тарихи тұлғалар жазушының фантазиясы мен қиялы табан тірер негіз ретінде ғана қажет. Әмір Темірді Алмас хан деп атау себебінің бір ұшы сонда жатса керек-ті.

Кекілбаевтың тарихи тақырыпқа жазылған алғашқы шығармаларының бірі — жоғарыда аталған «Ханша-дария хикаясы». Автор бұл повесінде бүкіл әлемге әйгілі қанды қол жаугерші Шыңғыс ханның бейнесін жасауға ұмтылды десек жаңсақтық болар еді, өйткені әдебиет үшін ол образ жаңалық емес, Әбішке дейін де В. Яннан бастап талай жазушының қаламына іліккен. Демек, автор осы образ арқылы жаңа бір ойлар айтқысы келген, сондықтан да өзінен бұрынғылардың ізін шиырламай, тың сюжет пен соны идея ұсынады. Жазушының ойынша қаншама халықты аяусыз қырғынға ұшыратқан, жарты әлемді қанға

бөктірген зұлым хан бұл дүниеден көңілі тасқындап, төбесі көк тіреген күйінде, алқып-шалқып өте беруге тиіс емес, қалай болғанда да тірлігінде бір зауал көруге тиіс. Әділет аңсаған бүкіл тірі көкірек соны тілейді. Бірақ оны іске асырар, қайрат көрсетіп қарсы тұрар күш жер бетінде жоқ сияқты. Мойындағысы келмей, сес көрсеткендердің бәрінің де көзіне құм құйылды. Таңғұт халқы тарих сахнасынан біржола жоғалды: еркек кіндік атаулысы түп-түгел қырғын тауып, әйел біткен монғол сарбаздарының мазағына, күңіне айналдырылды. Халық кегін жоқтар ұл туып қоя ма деп сескенген маңғұлдар тіпті екі қабат әйелдің ішіне де қанжар салып, шаранасын ақтарды.

Хан бәрібір өз зауалынан қашып құтыла алмады: тоят аңсаған қанішерді өз шатыры, өз төсегінде таңғұт елінің аяулы аруы Гүрбелжін сұлу өлімші ғып жарақаттады. Жарақатын жан баласына ашып айта алмаған ұлы хан масқара тірліктен безініп, у ішіп өледі. Тойымсыз, қанағатсыз жанар мәңгіге жұмылды да, дүниенің төрт бұрышынан керуендеп тасылған қисапсыз дәулет артында қала берді. О дүниеге қарғыс пен нәлеттен өзге ештеме арқалап әкеткен жоқ.

Дегенмен бұл, шеберлік тұрғысынан қарағанда, оңайлау түйін еді. Соны сезгендей, автор осы ыңғайлас идеяны «Күй» повесінде қайта көтереді де, бұл жолы мәселені өзгеше шешеді. Жөнейт батырдың тартатын қасіреті мен Шыңғыс басындағы трагедия мәні жағынан бір-біріне тең емес. Шыңғыс азабы акыры өліммен тынатынына қарамастан. Жөнейт батырдың шанырағына төнген қасіреттен көп жеңіл. Мұның мәнісі — тән азабынан гөрі рухани киналыстың ауырлығында ғана деп ұқпау қажет. Мәселе басқада. Шыңғыстыкі жеке адамның трагедиясы да. Жөнейт басындағы — қоғамдық трагедия. Бұл өзі қазақ елі мен оған іргелес отырған өзге бауырлас халықтар арасындағы дауасы түспес індетке айналған заман проблемасы еді. Шығарманың өн бойынан есіп тұрған гуманистік толғаныстар жазушы идеясына тереңдік дарытады да, оны өміршең идеяға, жер бетінен қырғын-шабыс жоғалмайынша өз мәнін жоймайтын парасатты идеяға айналдырады.

«Бір уыс топырақтағы» «Аңыздың ақыры» романы осы екі тарихи повестің жалғасы іспетті. Бұлардағы автор көтерген мәселелердің бір-біріне жақындығы да, ұсынатын ой-идеяларының-бірлігі де, басты кейіпкерлерінің азды-көпті ұқсастығы да соған меңзейді. Сондықтан да біз «Бір уыс топырақ» төңірегіндегі ойларымызды әлгі екі повесімен сабақтастыра отырып білдіреміз.

Әбіш творчествосында біздің қазақ жазушыларынан жиі ұшыраса бермейтін бір ерекше сыпат бар. Ол — әр шығармадағы әртүрлі тақырыптар мен идеялардың тұтасып барып бір жүйе құруы, жазушы концепциясына айналуы. Сол концепция «Күй», «Ханша-дария хикаясы», «Аңыздың ақыры» үшеуіне циклдық сыпат дарытса, «Шыңырау», «Бәйгеторы» повесі автордың жаңағы шығармаларындағы ойын, дүние танымын, өмір құбылыстарына деген көзқарастарын айқындай, толықтыра түседі. Айналып келгенде, Әбіштің біз атаған бес туындысының қай-қайсысында болмасын бір мәселе — адамның қоғамдағы орны мен ролі деген жалғыз проблема қозғалады. Аталмыш шығармаларындағы махаббат, өнер, билік, мансап, данқ, еңбек секілді толып жатқан әртүрлі тақырыптардың бәрі де сол жалғыз проблеманы шешуге қызмет етеді.

Ал осы проблема қоя білушілік, сөз жоқ, көне тарих сабақтарының бүгінгі күн мүддесіне қызмет етуіне мүмкіндік туғызады.

Жазушының біз қарастырып отырған шығармаларында әмсе-ақ қоғамдық сатының екі басында тұрған әлеуметтік екі топ бір-біріне қарсы қойылады. Оның бірі — астында тағы, қолында билігі, қарамағында қалың әскері және солардың күшімен айбындырып билеп отырған бұқарасы бар мемлекет басындағы әміршілер, әйтпесе тым құрғанда, бір ауыл

яки руды билеп-төстеп отырған дәулет иелері (бай немесе батыр) де, екіншісі — солардың қатыгез қылықтары мен қаскөй өзімшілдігінің, жан түршіктірер қаныпезерлігінің құрбаны боп қасірет шегетін, тумысынан дарынды әрі өжет, рухани жағынан алғашқылардан гөрі әлде қайда жоғары тұрған өнер адамдары, халық өкілдері. Әуелгілерге Жөнейт батыр, Шыңғыс хан, Алмас әмірші жатса, соңғы топқа — тұтқын күйші, аталы-балалы мұнарашылар, құдықшы Еңсеп, тағы басқалар жатады.

Әртүрлі шығармалардың әр басқа кейіпкерлері ретінде әрқайсысы өз алдына көркемдік-идеялық жүк арқалап тұрғандығына, шығарма сюжеті мен шешімінің логикасына орай туатын ерекшеліктеріне қарамастан, Жөнейт батыр мен Шыңғыс хан, Алмас әмірші образдары өзара бір-бірімен сабақтас, ыңғайлас, жақын бейнелер. Әсіресе, Шыңғыс пен Алмас бейнелері арасындағы сабақтастық ерекше. Бұлай болуы біржағынан заңды да, өйткені екеуі де бір дәуірдің өкілі, екеуі де аты-шулы әміршілер. Әйтсе де, мәселеге тек осы тұрғыдан қарасақ, жазушының творчестволық ізденісі мен шығармадан шығармаға ауысып, іліктесіп, сабақтасып жататын идея тұтастығы мен стиль бірлігін ескермеген болар едік. Шындығында, автор Шыңғыс хан бейнесін жасау үстінде көп-көп ой жинақтап, бірақ оларын қысқа повестің сюжет ауқымына сиғыза алмай, өзге бір шығармаға ауыстырғандай көрінеді. Сөйтіп, Шыңғысқа қарағанда әлдеқайда күрделі, терең әрі жан-жақты суреттелген, әміршілердің жинақталған бейнесін жасап беруді мақсат еткен тәрізді. Мұнымен «Ханша-дария хикаясындағы» Шыңғыстың аяқталған, толыққанды бейне екенін бекерге шығарғалы отырғанымыз жоқ, әдеби көркем образ ретінде оған ешкім мін таға алмайды. Дегенмен, «Бір ауыс топырақты» оқып шыққан кісінің Шыңғыс бейнесі Алмас әміршінің алғашқы бастамасы екеніне көзі анық жетеді.

Кітап аннотациясында көрсетілгеніндей, «Аңыздың ақыры» романына Ақсақ Темір өмірінің кейбір деректері пайдаланылған. Бірақ Алмас ханды Әмір Темір Көрегеннің дәлме-дәл әдеби портреті деп ұғынбау керек. Автор өз шығармасында Темірдің ел басқару ісіндегі жүргізген кейбір саясаттарын, ордада қолданған шартты ғұрып-кәделерін (ритуалдарын) және сүйікті бәйбішесіне мазар көтерген шеберлерді қанды жазаға ұшыратқан сойқан қылығын ғана елеп-екшеп қажетіне жаратқан. Ал романның негізгі фабуласы түгелдей жазушы фантазиясының нәтижесі.

Алмас хан астындағы тақ та, қолындағы ұшан-теңіз билік пен көл-көсір дәулет те оған әкеден қалған мұра емес. Өзі қатарлы сұлтандар мен батырларды, сосын тақ үстіндегі кіші-гірім хансымақтарды біріне-бірін айдап сап, атыстырып-шабыстырып, бірі әлсіреген тұста екіншісіне аунай кетіп, ананың басын жұтып, іле-шала әлгі жақтасының қыбын тауып көзін құртып, айламен, қулықпен қолға түсірген.

...Ол айырықша ақылды, сұңғыла адам. Мемлекет тізгінін қолына түсіргеннен кейінгі тұтынған саясаты Шыңғыстыкіне ұқсайды. Астындағы тағының баяндылығы үшін қандай зұлымдықтан болса да бас тартпайтын хан үнемі тек қара күшке қатыгездікке иек сүйей бермейді. Ұлан-ғайыр мемлекетті әскер күшімен, өзінің жер жарған айбынымен ғана ұстап тұрудың қиындығын түсінген Алмас не бір зымиян тәсілдерге бейім тұрады. Ең бір қауіпті санап іш жиятын адамдарын кашанда өз қасында ұстап, жорыққа шыққанда да ерте жүреді. Бұл жөнінен ол: «Мергендердің алыста жүргені қауіпті, мерген еместердің қасында жүргені қауіпті» деген оймен Қасар мергенді тұтамап ұстап, жанынан бір елі алыстатпайтын Шыңғыс ханды еске түсіреді.

Әккілігінің үстіне — ол үлкен психолог. Қарапайым жұрт көңілін қалай арбауды, қалайша онай абыройға ие болуды, қай кезде қандай әрекетке иек арту қажеттігін зымияндылықпен пайымдайды. Қан майданда халықтың әлпештеп өсірген жазықсыз ұлдарын аямай қырғынға ұшыра-

тудан тайынбайтын хан бейбіт кездерде «жалбыр тонды қайыршыны» да жосықсыз қанға батырудан аулақ. Онда да халық айбарынан айбынғандықтан емес, өзі үшін көтерем тоқты ғұрлы құны жоқ қайдағы бір қаһарына арзымайтын біреуге бола абырой-атағына дақ түсіріп алғысы келмегендіктен. Қайта керісінше, ыңғайы келе қалған сәттерде қарапайым біреуге қайырым жасаған болып, сол «жақсылығы» арқылы қаншама боздақты қырған қанішер атағын жойып, хан басымен қайырымдылық жасаған, қара қылды қақ жарған «әділетті» хан деген атағын шығаруға тырысады. Осындай ұсақ-қайырыммен-ақ қанжығаға арзан абырой бөктеруге болатынын түсіне білген хан, қанды қылмыстарының ізін қалай бүркеп, қайтіп жасыруды, қайтіп жуып-шаюды да арыдан ойластырады. «Кішкентай көздерге жақсылық істе мейлің, жамандық істе мейлің, жанарының шарасына симайтындай алапат қып істе. Әйтпесе, аз жақсылығыңа бәрібір місе тұтпайды, ал сәл ғана жамандығыңды көрсе жерден алып-жерге салып жазғыра жөнеледі. Біреудің тұмсығын қанатсаң, бар пәлені басыңа үйіп-төгіп бағатын немелер кең әлемді белшеден қанға малып қойсаң: «Бұл не істегенің,— деп нәлет айтпайды,— Апыр-ай, қалай істедің?» деп қайран қалады. Тек тірінде маңайындағылардың бәрін таңғалтумен өт. Өле өлгенше таңғалып өткендер саған өлген соң да таңғалады. Тек оларға әлгі өзгеден естіген естіміштеріне «е, бәсе» деп қойғызатындай ғып, әр жер-әр жерге өз құдыретіңнен жұрнақ қалдырып отырсаң болғаны»,— деп түйеді. Бұл оның бүкіл қан құйлы әрекетін ақтайтын өзіндік байлам түсінігі. Бұл оның бар тіршілігінің мәнін айқындайтын деталь.

Бір ғажабы, осынау уысына қан шеңгелдеген, жер бетіне өз қолымен өлім сеуіп жүрген әмірші де бірауық мынау жалғанның өткіншілігі жайлы, өзінің табиғат заңдары алдындағы дәрменсіздігі жайлы еріксіз толғанады. Ол өзінің де өлім құшағына ертелі-кеш әйтеуір бір құларын, сонда мына күндіз-түні жортып жүріп, самсаған қалың әскер күшімен, көк найзаның ұшымен әзер құрастырған, жарты әлемге жайылып жатқан ұлан-ғайыр мемлекетінің шілдей тозып жоғаларын сезеді. Неге сезбесін, осынау кәрі дарияның бойына орда тіккен жалғыз бұл ма? Бұдан бұрын өткендердің, талай-талай аузымен құс ұшырған мықтылардың артында не қалды? Алмас соның бәрін көріп те, біліп те жүр. Өзіне де дәл сондай тағдыр сыбағасы бұйырмасына кім кепіл? Міне, сондықтанда, адам түгіл тәңірінің өзін жөнді мойындамайтын әмірші бір нәрсенің құдыретіне амалсыз мойын сұнады. Ол — өнер туындыларының мәңгілігі. Сол себепті, жоғарыда келтірілген үзіндідегідей, «жұрнақ қалдыруға» ұмтылады, сол арқылы тірлігінде дүркіреп шыққан даңқының ғұмырын ұзартқысы келеді.

Осы арада бір-біріне қарама-қайшы бір мәселе бой көрсетеді.

Бұл — жалпы үстем тап өкілдеріне, қолында үлкен билігі, тасып-төгіліп жатқан мол дәулеті бар, әлеуметтік сатының жоғары баспалдағындағы адамдарға тән қылық. Олар өнерді дамыту үшін ұмтылмағанмен, өз мүдделері үшін қызмет еткізуге болатынын жақсы түсінеді. Өнер — әміршілер мен әлділердің атақ-даңқын шығаратын құрал деп есептейді. Өнердің озық үлгілеріне таңдай қаға таңырқап, сүйсіне қызықтағанмен, оны тудырушы, жасаушы тұлғаны — талант иелерін елеуден аулақ, тәкаппар сеспен қарайды. Дегенмен, аз күнгі пәни рахатынан гөрі пешенесіне мәңгілік бұйырған шынайы өнерпаздардың болашақ ұрпақтармен тілдесе алатын жасампаз тағдырына қызғанышпен қарауға мәжбүр. Әлділер қашаннан-ақ, шамасы келгенше, ешкіммен де даңқ бөліспеуге тырысатыны мәлім. Орта Азиядағы, бүкіл Шығыстағы ұлы-ұлы сәулетшілердің ең ұлы құрылыстарды салып бітісімен құғын-сүргінге ұшырап, қайғылы қазаға ұшырап жататындары содан.

Кішкене ғана штрихтан-ақ даңққа жерік, атаққұмар Алмас ханның ұсақ пендешілігі де байқалып қалады.

Әбіштің Алмас образын жасаудағы ең бір ұтатын тұсы да осы пендешілікті ашып бере білуі. Егер автор әміршінің жаугершілік жорықтары мен қолбасшылық дарынын, адал жаннан түңіліп, көңілге қорқыныш дарытатын құдіретті айбынын, қанқұмар жыртқыштығын тәптіштеп кетер болса, сөз жоқ, бір жақтылыққа ұрынып, көп нәрсені ұтқызар еді. Керісінше бұл романнан кәдімгі ет пен сүйектен жаралған адамның сезімін, қызғанышын, қасіретін көреміз. Тіпті бірауық ханның махаббат мәселесінен өзге айналысар ісі, шешер проблемасы қалмағандай сезілетіні бар. Көптен арпалысып жүрген қас дұшпанның басын шауып әкеп алдына тастағанда қалай қуанатынына сенетініміз тәрізді, оның пендешілігінен туатын пұшаймандығын көргенде де шын иланамыз. «Тасбақаның боранына» әмірі жүрмейтініне және оған қылыш жұмсап кек қайыра алмайтынына ренжи таусыла қынжылғанын көріп езу тартсақ. Кіші ханша сарайының маңындағы оңаша да тыныш баққа серуендеп барған кезде, таңырқай бір қарап үрке жөнелген аңдарға көзі түсіп, олардың бұдан хан деп емес, адам деп қана шошынғанын, оларға өз әмірі дарымайтынын ойлағанда, «әй, қу кеуде-ай!» деп бас шайқаймыз. Алмас әміршінің араны тым кең, егер қолынан келсе, халық аңызындағы он сегіз мың ғаламға патша болған Сүлеймен пайғамбардың өзіне жетуге тырысар еді. Бұған қарағанда, әмірші бүкіл мына жарық дүниедегінің бәрін — өзім, менің бағыныштыларым және бағынбайтындар деп те үшке ғана бөлетін тәрізді. Сол «бағынбайтындардың» бірі — табиғат құбылыстары, заңдары. Ал өз атының тұяғы жетпеген жерлер әлі көп екеніне онша қиналмайды: әр нәрсенің уақыты бар, кезі келгенде бәрі де мойын сұнатынына сенімі кәміл. Оның жолына кесе көлденең тұратын өлімнен өзге күш жоқ. Бір ғана айбынары — сол. «Самсаған сары қолмен көк желкесіне кеп шатыр тігіп жатып алған ата дұшпандай» таяп қалған кәріліктен сескеніп, көңілінде қобалжу пайда болуы оның кәдімгі адам екендігін, түбі бір уыс топыраққа айналар басы жұмыр пенде екендігін мойындайтын шағы.

Алмас ханның басындағы трагедияның басталар тұсы осы. Ақылды, аңғарғыш, сұңғыла адам ретінде ол бір тұтам тірліктің оңай таусыларын сезеді, бірақ одан тиісті дұрыс қорытынды шығара алмайды. Бақи дүниеден мәңгі орын тебердей-ақ тойымсыз көңілін теткеу ойында жоқ. Қайта қанағатсыз құлқынның «құлақ кесті құлына» айнала түседі.

Әміршінің қол астындағы ұлан-ғайыр мемлекеттің кез келген мүшесі — ол ұлық па, кішік пе, бай ма, жарлы ма, бәрібір, — өкіметін әлдебір өктем күшін, құдіретін, еңселерін езіп бой жаздырмай тұқыртып тұратын әлде бір тылсым ықпалын үнемі түйсінеді. Сол тәуелділікті сезіну жалғанды жалпағынан басып жүрген әміршінің өз басында да бар. Ол да таптық қоғамның, әлеуметтік ортаның қалыптасқан шартты ғұрыптарының тұзағынан құтыла алмаған. Ханның да хандарға лайық жүріс-тұрысы, сөйлеу-күлу мәнері, мойындайтын қағидасы мен тұтынатын принциптері болатыны өз алдына ғой. Соынмен қатар қаншама құдіретті, қаншама қаныпезер болғанмен, гасырлар бойы қалыптасқан адамдық мораль, салт, ғұрып сияқты түсініктерді ескеруге, олармен есептесуге мәжбүр. Мәселен, Кіші ханшаның жатын бөлмесіне қарай өтіп бара жатып, сарайдағы есік күзетшілері мен қызметші әйелдердің көздерінен қаймығып, көңілінде әлде бір қымсыныс пайда болуы соны аңғартқандай.

Деталь логикасынан туатын бір пікірді айта кету ләзім. Біздің осы заманғы көзғараспен бағаласақ, адам баласы тумысынан жамандыққа бейім емес, оның қайырымды яки зұлым боп өсуі қоршаған-өскен ортасына, қалыптасқан қоғамдық идеологияға, соған орай берілетін тәрбиеге байланысты. Демек, қанішер Алмас та сол қанға жерік қоғамның өзі бау-

лап ұшырған тажалы. Дүниені «белшесінен қанға малып» тастағанда да денесі шімірікпейтін әміршінің кейбір шартты ғұрыптарға жалтақтап қарайлайтыны, халық пікірінен аздап та болса именетіні сондықтан. Бұдан сол заманғы үстем тап өкілдерінің моралі анық байқалады: біреудің тұмсығын бұзу — айып, мың сан адамды қан майданға алып шығып қырып тастау — еш күнә емес.

Алмас хан қалыптасқан дәстүрлі салтты құлықты болғандықтан сақтамайды. Қара халыққа қаншама өктем қарап, менмендік танытқанмен, өзінің барлық абыройы мен даңқының құны соның бағалауында, таңырқай дәріптеуінде екенін ұққандықтан, бәрін бір шыбықпен айдап отырып-ақ, пікірімен санаспасқа шарасы жоқ. Пендешіліктен аса алмай, жақсы дақпыртым ғана жайылса деп тілейтін хан ұсақ сүріністерден бойын аулақ ұстауға, болар-болмас нәрседен атақ-абыройына дақ түсіріп, өсек ілестіріп алмауға тырысады. Әйтпесе, адамгершілік принциптеріне кереғар келем-ау деп жүрген ол жоқ.

Сонда қаһарланса бір тарының қауызына сиғызғандай көретін қара халықтың пікірі не үшін қажет? Бір ғана емес, қол астындағы сан тілде сөйлейтін алуан жұрттың ешқайсысын да менсінбей, «немелер» деп атайтын халық пікіріне неліктен жалтақтайды. Мұнарашы жігітті жазалардың адында не себептен көп толқиды? Неліктен жансыздарын қалаға, базар алаңдарына жұмсап, халық аңысын андиды? Осының бәрі Алмас ханның бойындағы теке тірес қарама-қайшылықтың сыпатын танытқандай.

Ол осынау көгілдір аспан аясындағы жарты әлемнің өзінікі екенін, ондағы кез келген жұмыр басты пенде бұның аты естілгенде ішкен асын жерге қойып, аяғынан тік тұрарын біледі. Бірақ сол жарты әлемде қайырылмай сенер, іш ашып сырласар бір жақыны жоқ. Тіпті өз бауырынан өрген ұлдарына да, қойнындағы жарына да шешіліп сыр ақтара алмайды. «Ашса — алақанындағы, жұмса — жұдырығындағы жарты әлемдегі жан біткеннің жаны да, тәні де — бәрі өзінікі, бірақ бәрі жат». Оның бүкіл ұлан-ғайыр патшалықта бұқпантайсыз ашық сөйлесетін екі-ақ адамы бар: оның бірі — қазына бастығы да, екіншісі — Кіші ханшаның төсегін күзетуші кемпір. Бұл енді құдіретті әміршінің басындағы ең үлкен трагедия! «Жарты әлемді билеп тұрып, жалғыз әйелдің жүрегін иелене алмадым-ау» деп кейітін наласы да дәл бұның қасында түк емес. Бұл оның адамзатқа істеген бүкіл зұлматы үшін тартқан ең ауыр жазасы.

Сөйтіп, Әбіштің тарихи үш шығармасындағы билеушілер — Жөнейт, Шыңғыс, Алмас — үшеуінің басына да осылай жылдар бойғы зұлымдықтары мен қанқұйлы әрекеттері үшін зауал күні туады. Күйбен тірлікпен күн өткізетін қарапайым жандар ғана емес, дүниені тітіркенткен ұлы әміршілердің өздері де күні-күнінде сазайын мықтап тұрып тартатын болады деген ойын автор тағы да шегелей түседі. Ол зауал «Ханша-дария хикаясындағыдай» сыртқы бөтен әрекеттің әсерінен тууы шарт емес, Жөнейт пен Алмас әміршіге ұсап, рухани қасірет, моральдық азап-ақ жанын жегідей жеп бітіреді.

Осыған жалғастыра әлгі рухани жүдеудің себебі неден туады деген сауалға жауап іздей кетелік. Кез келген жан ерте ме, кеш пе, әйтеуір түбінде, бұрын өзі байқамай яки мойындамай келген жәйттердің шындығына көзін бір жеткізуге тиіс. Мүмкін, өмірде өзінің жүріп өткен бұралан жолына қайырылып бір қарамай-ақ, шәлкем-шалыс басқан қадамдарының қай кезде қалай қарай бұрып әкеткенін еш пайымдамай-ақ өтетін адамдар бар шығар, бірақ, тегінде, көкірегінде түйсік, саңлауы бар кісі түбі өз арының алдында есеп беруге тиіс. Ол үшін сол бәленбай жылдар бойына қалғып келген сана селт етіп оянардай әлдебір үлкен сілкініс әсер етпек. Осындай психологиялық сәттерді ашуга ұмтылу Әбіштің стиліндегі бір ерекшелік. Бұған үнемі Жөнейттің, Шыңғыстың басындағыдай

қасіретті, қайғылы ситуациялар әсер етпеуі мүмкін. Кіші ханшанын мұнарашы Жаппарды түсінде бір көруі де, әміршіге деген махаббатының әшейін жалған елес екендігіне көзін оп-оңай жеткізеді. Феодалдық заманда хан әулеті семьясында туып, оқшау да онаша, азиялық тәрбие алған, ешкіммен жанасып-араласып көрмеген балаң келіншек нағыз махаббаттың не екенін ұға алмай, табиғи жеңсік сезімді рухани күштарлықпен шатыстырып, алданып келген. Шебердің сүйкімді сұлу пішіні, парасат пен махаббат меймілдеген жасқаншақтау ұяң жанары, қара тастан «жас тамшылатпағаннан өзгенің» бәрін келістірген өнерпаздығы ханым көңіліне, өзі мойындай қоймағанмен, махаббат ұрығын сепкен. Қошамет күтім мен ағыл-тегіл дәулеттен гөрі жастық ғұмырдың айнымас серігі боп табылатын ләззатты құшақ пен махаббат қуанышын аңсаған балаң келіншек түсіндегі осалдығынан соң-ақ, өз сезімінің жалғандығын пайымдайды.

Романдағы мұнарашы шебердің бейнесі де өзінен бұрынырақ жасалған Күйші, Бәйгеторы, Еңсеп образдарының жалғасы. Бұлардың қай-қайсысы болмасын, бірін-бірі толықтырып, ашып, дамытып тұр. Бәрі де ыңғайлас, сабақтас кейіпкерлер — өнер иелері.

Осы жерде оқырман көңілінде «бұл автордың өзін-өзі қайталауға ұрынуы емес пе екен?» деген сауал тууы ықтимал. Біз бұған «жоқ» деп жауап қайтарамыз. Әбіш бір ізді шиырлап жүрген жоқ, өз зердесінде пісіп жетілген идеяны әр қырынан суреттеп, өзконцепциясын дәлелдеп жүр. Бұл жазушының дүние танымының қоғам мен өнерге деген көзқарасының тұтастығының белгісі. Осыған ұқсас мысалды әлем әдебиетінен молынан табуға болады. Ұлы жазушылардың ірі-ірі шығармаларындағы автор көзқарасы мен ойларын, концепциялық негізгі идеяларын жеткізуші кейіпкерлердің көп жағдайда бір-біріне жақын, сабақтас келетіні — қаламгердің өз дүние танымын әр шығармасында-ақ дәлелдеуге тырысатындығынан туған ғой.

Оқырман сондай-ақ: «Автор неліктен әмірші тақылеттес әлеуметтік топқа үнемі өнер иелерін қарсы қояды?» деген заңды сұрақ қоюы және ғажап емес. Ойландыратын, жауап тілейтін сауал.

Біздіңше, оның мәнісі мынада. Әбіш ойшыл жазушы, әрі нәзік талғам иесі болғандықтан, жаңсақ сөйлеп жаңылыс ойлар ұсынбас үшін өз дүние танымын, өмір туралы, ондағы қоғамдық қатынастар туралы көкірегіне түйген пікірлерін сыртқы дүниені қабылдауы, ойланып-толғануы жағынан өзіне бір табан жақындау кейіпкерлер арқылы жеткізуді қалайды. Бұл бір. Екіншіден, халық бұхарасының мүддесі мен тілегін, талабы мен мұратын туғып ұстап, сол үшін жанын құрбан етіп өткен талай-талай трибундардың осы өнер иелерінен шыққандағы бүкіл көне тарихтан белгілі. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген мақалды тудырған халық, қолындағы қылышын ғана медет тұтпай, осындай өнерпаз азаматтарын да сермейтін семсеріне балаған. Үстем тап озбырлығына қарсы күресте олар өздерінің талап-мүдделерін осы идеологтарының шығармалары (өлең-жырлары, күйлері) арқылы жеткізген. Қазақ ақындарының творчествосы соған куә. Расында да, «Күй» повесіндегі: «Адамшылықтың басы аяушылық. Аяушылық жоқ жерде адамшылық та жоқ. Өзің ешкімді аямасаң, өзіңді де ешкім аямайды. Өзің бөтен елге жасанып барсаң, жараланып қайтқаныңа ызаланба! Ол үшін көктегі құдайды да, жердегі жауынды да қарғама, өзіңді өзің қарға! Жат жерде көргеніңе бола өршеленбе, қайта тәубене кел! Адам, адам қалпыңа келсең сонда келесің; әйтпесе, етіне ащы тырнақ, өткір тіс батқан сайын өрелене, өршелене түсетін сен де бір хайуансың. Айуан екенің бар, өзгеден адамшылық күтпе! Өлгеніңе өкінбе, көргеніңе кіжінбе!» — тәрізді күйші көңілінен төгілетін салиқалы сөздерді айту ойлы, парасатты өнер иесіне лайық.

Ал, үшінші себеп тікелей Кекілбаевтың негізгі концепциясынан туындайды. Дәулет пен мансапқа өнерді қарсы қою арқылы автор тағы бір шындыққа — алғашқылардың баянсыздығы мен алдамшылығына, соңғының мәңгілігіне — көз жеткізуді мұрат тұтады, сол арқылы оқырман көңіліне ой тастағысы келеді. Соңғы кітабының «Бір уыс топырақ» аталуы тегін емес. Жер бетіндегі тіршілік иесінің бәрі де түбі бір уыс топыраққа айналып, тек өнер туындылары мен адамзатқа жасалған жақсылықтың ғана тарих жадында сақталып қаларын, болашаққа ұласарын ол үнемі ескертіп отырады.

Біз атаған Әбіш шығармаларының кез келгенінен молынан кезігетін осы секілді көшелі ойлардан адам баласының қоғамдағы орны мен ролі деген мәселе өрістейді. Бұл адам өмірге не үшін келеді? Табиғат заңынан бұлтара алмағандықтан, жер бетіндегі тіршілікті жалғастыру үшін ғана ма? Сонда оның көретіні таусылмас бейнет азабы мен әлділердің қиянаты ма? Келген екенсің, сенің адам деген атыңа лайық іс тындыруың қажет емес пе?! Неге бұл өмір шіркін біресе күлімдеп нұрын төгіп, біресе төбеңе бұлтын үйіреді? Неліктен? Кімге байланысты? Сөз жоқ, негізгі себеп — адамдардың тікелей өзінде, олардың адамшылық қасиетінде. Бірақ бұл пәни дүниеде адамшылықтан гөрі пендешілік басымдау кеп жататыны бар! Әбіш оқырман көңілін, міне, соған аударады, адам баласын кісілікке, мейірбандыққа, адалдыққа шақырады.

«Бәйгеторы» повесі осы тақілеттес ойдан туған. Сәйгүліктік те дарын іспетті табиғаттың дархан сыйы ғой. Бәйгеторының маңдайындағы бағы да, соруы да жүйріктігінде. Сол қасиетінің арқасында кезінде бір атырапқа дүрілдеп атағы жайылды. Неше жыл бойына айналасында ығы-жығы, опыр-топыр қошаметшілер жүрді. Күндіз-түні көзінен таса қылмай, жемшөбін күтіп беріп, бала бақаннан әрі бәйек боп Сейіс жүрді. Бағы тайған бір күні соның бәрі жер жұтқандай-ақ зым-зия жоғалып, өткен күннен көрген түстей бұлдырап тек елес қалды. Жүйрік аттай шапқылап жылдар өтті. Бәйгеторы қартайды, арыды, мүлдем елеусіз... Бұл кәдімгі ұлы Абай айтатын: «Басыңды күн шалса, айналып қасыңнан шықпайтын, төбеңді бұлт алса, іздеп таба алмайтын» көлеңке-достарды еске түсіреді. Әр уақытта-ақ өмірде ұшырасып қап отыратын осы секілді қоңырқай көріністерді жазушы өткір шенейді. Шеней отырып, тіршілік жолындағы әртүрлі себептерден туар кездейсоқ сүріністеріне бола, аяулы азаматтарымыздан, талантты өнер иелерінен жалт бермейік, сырт айналмайық, оның азамат ретінде риясыз сіңірген азды-көпті еңбегі оны өмір бойы қадірлеуге, құрметтеуге татиды деген гуманистік ойға жетелейді.

Жаппар мен Еңсеп — осы ойды одан арман дамыта түсетін, тереңдік дарытатын бейнелер. Өйткені бұл екі образға енді әлеуметтік жүк артылады. Озбырлық пен езіп-жаншу заңды құбылысқа айналған со бір қысталаң заманда қара тасқа тіл бітіретін өнерпаз мұнарашы да, дәл сондай «мұнараны» көкке емес, жер астына қарай өретін құдықшы Еңсеп те өз бойларына біткен дарындарының, таланттарының жемісін жеп, рахатын көрудің орнына, керісінше, азап шегеді, бойларындағы табиғат сыйлаған дархан дарын олардың өз бастарының «дұшпаны» боп шығады.

Әбіштің ойшыл жазушы ретінде көрінетін бір түсі осы. Мұнда әлеуметтік қатынастың әркімнің көзіне іліге бермейтін бүркемеленген бұралаң иірімдері мен философиялық терең пайымдаулар жатыр.

Жоғарыда бір айтып өткеніміздей, бұл ыңғайдағы кейіпкерлер рухани жағынан алғашқыларға қарағанда әлдеқайда жоғары тұр. Мойнын ғана қылтиып тірідей көміп кеткенде де жанына сауға сұрамайтын күйші — ерлігінің үстіне әрі үлкен парасат иесі. Оның Дәулеттің қырқын берер күнгі ойлаған ойлары мен күй тартып отырғандағы толғанысы өзінің тереңдігі мен шыншылдығы жағынан бағалағанда, нағыз кемеңгердің өзіне лайық... Екі көзін ойып қаладан шығара қаңғытып жіберген мұнарашы-



ның Алмас ханның жорыққа аттанып бара жатқан жолында алдынан қарсы ұшырасып, тәкаппар өр кеудесін имей, жанарсыз көзін алысқа қадап мелшиіе, тіп-тік отырып қалуы көп нәрсеге меңзеп тұр. Мұндай адамдардың, рухын сындыру, кеудесін басу, жасыту мүмкін емес. Жаппардың сол тәкаппар отырысы: «Маған істеріңді істеп тындың, енді немен қорқытасың? Өліммен бе? Мен одан сескенбеймін. Сен қаншама айбынды падиша болғаныңмен, мені жеңуің қиын. Мына маңдайын жерге соғып жатқан жұртқа ғаламат көрінгеніңмен, маған әншейін өзімшіл ұсақ пенденің бірісің. Мен сенің ұсақтығыңды көрдім» деп тұрғандай.

Деталь-штрихтарға неғұрлым салмақты жүк артуға тырысатындығы — жазушы шеберлігінің тағы бір өзге қырын танытатын жәйт. Ортөбелік құмырашының бұрынғы жұмбақ өмірі алғашқыда әдейлеп көңіл бұруға татымайтын әшейін жай бір штрихтай көрінуі ықтимал. Оның мәні баласы Жаппардың басына төнген қасіреттен кейін оңай ашылады. Демек, автор мұнарашы шебердің басындағы трагедия кездейсоқтық емес, әділетсіз, қысталаң замандағы өнер иелерінің «үйреншікті» тағдыры деген пікірге жетелейді де, детальға әлеуметтік астар береді.

Немесе, бүкіл романның завязкасы болып табылатын өзегіне күрт түскен алма ше? Ұзаққа созылған шерулі жорықтан қажып қайтқан әміршімен оңаша тілдесудің ретін таба алмаған Ұлы ханша арнайы жіберген бұл жеміс есімізге ертегі-жырлардан оқыған, халық аузындағы аңыз әңгімелерден құлағымызға сіңген тұспалдарды салады. Бүкіл мұсылман шығысына кеңінен тараған бұл әдіс қазақ арасында да жиі қолданылатын-ды. Ертеректегі от ауыз шешендер мен ділмар билер бір-бірін сынағысы келгенде, өз ара арбасқанда, әртүрлі жұмбақ ишараны көп-көп пайдаланғаны белгілі. Міне, осы бір әмбеге аян ескі деректі ұтымды пайдалануы арқасында, жазушы өз шығармасына ұлттық, шығыстық сипатпен қатар, көнелік сипат та дарытады. Ал енді осы қызыл алма шығарманың бүкіл ұзына бойына тартылған қызыл жіп сияқты. Бүкіл шығарма сюжетінің кілті десе де жарасқандай. Алмас әмірші осы алма арқылы бәйбішесінің нені тұспалдағанын табам деп отырып, айналасындағы бүкіл ұлықтары мен әскербасыларын түгелдеп, ойша шолып шығады, сол кезде оның мемлекет басқарудағы қолданып жүрген барлық саясаты қыртыс қалтарысы қалмай ашылады. Өзі жоқта Кіші ханым салдыртқан мұнараның құпия сырын ұғуына да, өз трагедиясын пайымдауына да түрткі болған сол алма. Айналып келгенде, өзегін күрт жеген жұдырықтай қызыл алма романдағы кейіпкерлердің үйреншікті тіршілігінің астаң-кестенін шығарып, түбіне жетіп тынады.

Біз бұл детальға әдейі мән бере сөйлейміз. Өйткені осы күндегі көптеген роман-повестерде осылай детальға жүк арту, сол арқылы шығарма сюжетін ұштап, композициясын ширату жетісе бермейді. Көбіне шығарма сюжетінің қаңқасын құрайтын толып жатқан детальдардың басын біріктіруші «желім» басты кейіпкердің өзі болып келеді де, уақыт пен оқиға тізбегінің ілгері-кейіндігімен (последовательностью) ғана композициялық тұтастық жасалады. Ал Әбішше оқиғаны ситуациялар көмегімен ширату, шығарманың завязкалық кілті болып табылатын детальдан өрбіту әдісі көп ұшыраспайды жұрттың бәріне рецепт ретінде ұсынбағанымызбен, мұнда шынайы шеберліктің үлгісі жатқанын жалтақсыз қайталаймыз.

Әбіш халық тілін терең біледі, тарихи шығармаға лайық көнелік сипат дарытатын архаизм сөздер мен халық даналығының үлгісіндей саналатын афоризмдердің ішкі-сыртқы үйлесімі мен мағналық, ұғымдық аясын да көп зерттеп, мол өнеге алған. Алмас ханның анасының көз жұмар алдында айтқан өсиетін еске түсірейікші: «Балам, сен арманыңа жеттің. Ал мен арманда кетіп барам. Жапан түздегі оқишау әулиенің ағашындай жалғыз тауып ем, сол жалғыз қалпыңда тастап барам. Астында-

ғы тақты кебісіңнен мықты көрме — одан да сыз өтеді. Үстіндегі орданы сауытыңнан мықты көрме — одан да оқ өтеді. Қаптаған қалың әскерінді қалқаныңнан мықты көрме — оған да көз өтеді. Жан-жағындағы әр қатыннан тараған торпағынды айбар тұтпа — оларға да сөз өтеді. Қайбір ыстық-суығынды бір көріп, бір көрпеден өретін әйелің бар. Әр көрпенің астындағы әйел де бір — үйірдегі бие де бір. Сауырындағы сенен гөрі бауырындағы құлыны жақын. Жылқы баласының еркегі тісі қатайған соң, үйірден алдымен атасын шайнайтын. Содан сақ бол. Көп ұлды кім тауып көріпті. Қартайған шағында апанын бөлтіріктеріне алдырып, желдің өтінде қалған кәрі бөрідей әрі-сәрі күйге ұшырамаймын десең, көп баланың бірін тұтын. Көп қатынның бәрінің көңілін табам деп шөре-шөре болмай, қадірінді өткізіп бірін тұтын. Сенің әкең ұлы жалғыз өзің болғасын, ертерек аттан түсіп, билікті саған берді. Ал сенің балаң көп, өз күшіктеріңді өз көзіңше қырлыстырып қоймай, өле-өлшенше ешқайсысына тағынды берме. Тұғырдан түскен соң, балалы қатыныңды сағалама — балаларына арқа сүйеп, басыңның қадірін кетіреді: баласыз әйелді сағала — балалы әйелдеріңнің алдында баласыздығынан қорғалақтап, өзіңді пана тұтып өле-өлгенше сыйлап өтеді».

Бұл Әбіштің халықтың ойлау жүйесін, сөйлеу мәнерін шұқшия зерттеп, жетік меңгергендігінің белгісі. Осыншама нақылды Әбіштің өзі ойлап тауып, өз жанынан шығарды дегенге бірден иланғыңыз келмей халықтың дайын ғибратын малданып отырған жоқ па екен деген күдікке де барасың. Бірақ бұдан әлдеқайда терең де мәнді философиялық толғаныстарын есіңе түсіріп өткесін, іштей разылығыңды айтасың.

Дегенмен, өстіп тілді жақсы біледі деп мақтап отырған жазушымыз кейде олақ құрылған нашар сөйлемдерді де, өз мағнасында қолданылмаған сөздерді де жіберіп алатынын ескерте кетейік. Сондай-ақ, Әбіш көне сөздер мен диалектілік сөздерді қолданғанда, оның текст ішінде түсінікті боп келуін қарастырмайды. Сондықтан да, көптеген сөздер оқырман ойына орнықпайды, демек олардың әдеби тілімізге сіңісіп, тілдік қорымызды байытуы да неғайбіл. Бұл қолдағы дәулетін далаға шашып кеткенмен барабар.

Көңілімізге кемшілік оралғасын, енді осы жерде өзге де кемшіліктер жайлы бір-екі сөз айта кетелік.

Халқымыз «біткен іске сыншы көп» деп тегін айтпаған. Әбіш туындылары туралы да «әттең, анауы алай, мынауы былай екен» дегендей ескертпелерді естірміз. Біреу бір түрлі, екіншісі екінші түрлі пікірді тықпалар. Ол заңды. Не бір ұлы шығармаларда да ұсақ-түйек кемшіліктер ұшыраса береді. Ұлы ғимараттардың алуан түрлі — сынық, бүтін, кетік — кірпіштерден-ақ қаланатыны секілді, әдеби туындыда да сәтті-сәтсіз ұсақ-ұсақ детальдар кездесуі ғажап емес. Кірпіштің кем-кетігін сылақ жасырады, өнердегі кіші-гірім кемшілікті шығарманың жалпы сапасы жуып-шаяды. Дегенмен, кешіріммен қарағанның өзінде жанарың сүріне беретін, «сылақ жасыра алмайтын» кемшіліктер де болады. Мәселен, «Бәйгеторы» повесі көркемдігі жағынан (идеялық мазмұны жағынан емес) «Бір уыс топырақтағы» өзге екі туындыдан сәл төмендеу екенін бүркей алмайсың.

«Аңыздың ақыры» романындағы Алмас әмірші соңғы жорығына аттанып бара жатып, дариядан өтер кезде, саусағындағы қайын атасы сыйлаған жүзігін суға түсіріп алып, әлде бір жаман нышанға жоритыны бар. «Қызыл алма» тәрізді ұтымды детальдың қасында осы бір екінші тұспал артық, әрі жасанды көрінеді екен. Тұспалға үсті-үстіне ұрына берудің қажеті қанша. Екінші бір осындай артық деталь — Алмас әміршінің пірі жайындағы эпизод. Соңғы кезде жарық көрген бірнеше тарихи шығармалардан осы секілді «пірлерді» кезіктіргенім бар еді, соның әсері ме, Алмас ханның жорыққа аттанар алдында бата тілей, пірадарына жолығып қай-

туы маған жасандылау, жасандылау емес-ау, зорлықпен әдейі кіргізілген эпизодтай артық көрінеді. Меніңше, Әбіштің бұл трафареттен аулақ болғаны жөн еді. Дәл осы деталь шын мәнінде ешқандай роль атқарып тұрған жоқ.

Осы тәрізді ұсақ кемшіліктерді іздеген кісі бәлкім тағы да табар, бәлкім таппас, бірақ олар тұтастай алғанда жақсы шығарманың құнын түсіре алмайды. Сондықтан да біз майда-шүйдеге көп көңіл бөлмей, жалпы Кекілбаев қаламына тән бір жәйтке назар жығайық.

Жазушы неліктен әмсе-ақ диалогтан жалтара береді? Диалогтың характер ашудағы, уақиға дамытудағы ролін ол бізден, әрине, кем білмес, ал өз творчествосында оған онша көңіл аудармайтынын тіпті сирек пайдаланатынын сезе қоймауы мүмкін. Біз бұны Әбіштің ескере жүретін кемшілігі ретінде есіне саламыз. Рас, ол кейде диалог орнына кейіпкерлердің әңгіме үстіндегі бет пішінін, өңіндегі құбылысын суреттеп отырып-ақ біраз нәрсенің бетін ашатыны бар. Мәселен, Алмас ханның төсекші кемпірді оңаша шақыртып ап, мұнарашы шебер мен ханым арасын анықтамақ боп қойған сауалдарын, кемпірдің қайтарған жауабын оқырманға диалог түрінде ұсынбай, оңаша үйдегі бұл екеуінің әңгімесі не жайында екенін ғана ескертіп өте шығатыны бар. Автордың осы жердегі позициясын құптаймыз, өйткені хан мен төсек күтуші кемпірдің арасындағы әңгіме қалай өрбитіні былайша да түсінікті. Әрі әміршінің аузына анайы сауал салып, ұсақтатып жіберудің де жөні жоқ. Бұдан өзге тұстардың қай-қайсысында болмасын, диалог өз міндетін толық атқарған болар еді.

Бұның есесіне Әбіш шегініске әуес. «Күй» мен «Ханшадария хикаясы» да «Шыңырау» мен «Бәйгеторы» да осы тәсілмен жазылған

«Аңыздың ақырында» да мол. Бұл егер әрбір шығарманы жеке қарастырсақ, олардың композициялық бітіміне де, оқиғасының даму қарқынына да ешқандай нұқсан келтірмейді, әдемі, жарасымды дәрежеде тұр. Ал біз құсап бүкіл творчествосын тұтас қарастырып отырған кісі назарына жайсыздау шылынады екен. Бұл да есінде жүрер жәйт. Мінім екен деп ескермесін, өзгеше, соны композиция құру үшін ізденсін.

Қорыта келгенде, «Бір ауыс топырақ» өткен жылғы әдеби өміріміздегі елеулі құбылыс. Бұл кітап Әбіш қаламының өсу үстінде екенін, оның суреткер ретіндегі тегеурінді мүмкіндігін тағы да ашып беріп отыр. Біз оған тек: «Шырқау биігің әлі алда, қажымай-талмай соған ұмтыл» деген тілегімізді ғана айтамыз.

Жанғара ДӘДЕБАЕВ

## ШЕШУШІ КЕЗЕҢ ШЕЖІРЕСІ

Халықтың өз бас бостандығы мен тәуелсіздігі үшін жүргізген күресі, осы жолдағы жеңістері мен жеңілістері түрлі ән-жырлардың, күйлердің, тарихи эпостардың тууына негіз болғаны белгілі. Алғаш халық ішіндегі өнер адамдарының творчествосы арқылы көпке тарап, кең танылған бұл сипаттағы үлкен оқиғалар бүгінгі әдебиетіміздің де басты тақырыптық желілерінің біріне айналып отыр. Аталған бағыттағы шығармаларда халық өміріндегі ең бір елеулі, тарихи маңызы жоғары оқиғалар, сыртқы шапқыншыларға қарсы тәуелсіздік үшін күрес, мүдделес ұлттармен өзара достық қарым-қатынастардың қалыптасу, даму жолдары кең көрініс тапты. Әсіресе, Қазақстанның Россияға қосылуының әлеуметтік алғы шарттары мен прогрессивтік мәнін халыққа көркем творчество арқылы жеткізу ісінде айтарлықтай нәтижеге қолымыз жетті. Қазақстанның Россияға қосылуы, орыс және қазақ халықтарының интернационалдық достығы хақында бүгінге дейін ірілі-уақты бірнеше шығармалар жарық көрді. І. Есенберлин, Ә. Әлімжанов, Т. Ахтанов, Қ. Бекхожин, А. Сергеев және С. Сматаев секілді жазушыларымыздың шығармалары бұл тақырыпты едәуір тұсқа дейін тереңдетіп, дамыта түсті. Енді, міне, оқырман қолына осы ірі тарихи оқиға туралы тағы бір роман, дәлірек айтсақ, көп томды үлкен шығарманың бірінші романы тиді.

Белгілі жазушы Ә. Кекілбаевтың тарихи проза саласында бірнеше шығармалар жазғаны, оларды оқырмандардың, сыншылар мен әдебиет зерттеушілердің жылы қабылдағаны көпке мәлім. Қаламгердің «Дала балладалары» кітабына енген тарихи шығармалары одақ көлемінде де жоғары бағаланды. Одан бергі тұста автор «Аңыздың ақыры» атты романын ұсынды. Аталған шығармалардың көркемдік деңгейі, мазмұн тереңдігі автордың жазушылық өнерінің жетілу, кемелдену үстінде екендігін көрсеткен-ді. Ал «Үркер» деп аталатын жаңа романы Әбіш Кекілбаевтың творчествосындағы елеулі кезең болып табылатыны анық.

«Үркер» заман шындығын, адам сырын кеңінен, тереңнен толғайтын кең құлашты күрделі роман қатарына жатады. Ә. Кекілбаев үлкен эпостың осындай күрделі түріне лайықты басты қаһарманды да сәтті таңдаған. Белгілі тарихи дәуір мен тарихи оқиғалардың ең бір өзекті, мәнді сипаттарын, сияси-әлеуметтік барша қыры мен сырын өз ойы, өз сезімінен өткізуге, дәуірдің ең басты оқиғасында бірінші роль атқаруға мәжбүр болған, сол үшін маңындағылардың жаулық, қастандықтарына ұшыраған, қарақан басының қамы мен халық мүддесі дәуір ағымының беталысына қарай ойламаған тұста келісім тауып, өзара жарасып кеткен. Әбілқайыр тұлғасы жазушыға өткен тарих қойнауындағы толып жатқан қоғамдық құбылыстарды қопарып көрсетуге мүміншілік берген. Бұл түр-

ғыдан алғанда, «Үркер» қазақ әдебиетіндегі кеңқұлашты роман дәстүрін жалғастырушы шығарма болып табылады.

Роман Әбілқайыр ханның орыс еліне жіберген өз елшісінен хабар күткен күпті ой, дүдәмал күйін суреттеуден басталады. Елшіден хабар келгенше ханның ойына өткен күндер оқиғаларының нешебір тізбегі келіп, нешебір тізбегі кетеді. Бұл екі ортада оның кенжеден шыққан кішік күйінен бастап, тәж бен таққа дейінгі шытырманды, көп сатылы жолы және қазіргі жай-күйі түгел көрініс берген. Қазақ даласына алғаш аяқ басқан елші Тевкелевтің арғы мен бергіні қатар қозғаған ойлары арқылы да Россия саясатының Орта Азия мен Қазақстанға қатысты кейбір бағыттарының беті ашылды, біраз тарихи шындықтың сыры анықталды.

Жазушы Әбілқайырдың ішкі және сыртқы әрекеттерінің баршасын терең түбінен қозғап, әрбір қимыл-қаракеттің әлеуметтік, психологиялық алғы шарттарын, мотивтерін типтік жағдайға орай мейлінше шыннайы көркемдік формада ашып отырады. Оның үстіне автор Әбілқайыр әрекеттерінің қай-қайсысын да өзара тығыз сабақтастыра, байланыстыра отырып, оның характерінің біртіндеп ашылып, сатылап жетілуін күрделі процесс ретінде суреттеген.

Жалқы жүріп жол бағып, іштен тынып, ой бағып дағдыланып қалған Әбілқайыр қанша бой тасалап, алыс мұратына бопсалап қана көз салғанымен, іске де, сөзге де мығым, ағалық жол басқаныкі болғанымен, ойының саралығы, ісінің даралығы жағынан бұл өзге сұлтандардан әлдеқайда үстем, биік. Ол өзінің осы қасиетін жіті танып, біліп қана қоймайды, сол қасиетін өзгенің де, әсіресе, сөз алса тілінің даруы, іс қылса қолының қаруы асық, тыңдай да, тыңдата да білетін тура билердің, ауыл ақсақалдарының, батырлардың да көзіне көлденең тартып, мойындата біледі. Ә дегенде, ол Мәті би алдында әділ, құралайды көзге атқан мерген деген атқа иеленеді. Одан беріде, жау мергеніне қарсы жалаңаш шығып, жеңіске жеткенде, «мерген», «әділетті» деген қасиеттерінің үстіне «батыр» деген қадірі басым және бір мәнді атақ қосылады. Кейінгі тұстардағы жасаған кейбір әрекеттері де діттеген жерден шығарады оны. Ақырында, мерген десеңіз — мерген, батыр десеңіз — батыр, ақылды десеңіз — ақылды, әділ десеңіз — әділ, сегіз қырлы бір сырлының дәл өзі болып шыға келеді. Олай болса, әрине, хандыққа да, сардарлыққа да сол лайықты.

Әбілқайыр өзінің ірі іс-қимылымен билердің, ру басыларының көзіне шалынып, реті келсе, көңілінде де қалуын мақсат етеді және ол мақсатына жету жолында оңтайлы жол да таба біледі. Өзін ел билігіне араласушы, қол бастаушы беделді тұлғаларға толық танытып алғаннан кейін, Әбілқайыр енді олардың біразын өзіне біртіндеп борыштар, қарыздар етудің жолын қарастырады. Алдына арыз айта келген арғынның бір топ биін Жәнібекке, Жәнібекті өзіне борышты етуі, сол арқылы тұтас арғынды өз қабағына қарату айласы Әбілқайыр ойының осындай бұлтарысты, бұқпасы көп, шиырлы сипатын танытады. Оның бұл тұстағы мақсаты — «Әйтеуір Жәнібек еліне айдарынан жел есіп, риза болып барса болды. Әйтеуір бұдан былай бұның аты аталғанда, елендеп тұрса болды». Міне, Әбілқайыр іргелі мақсатқа қол созғанда, осы секілді әрекеттермен де көп нәрсені ұтуға болатындығын дәл таниды.

Романда Әбілқайырдың өз қоластындағы халық қамын ойлап-толғануы және бұл ой-толғаныстардың оны Россиямен жақындасу туралы тұжырымға алып келуі — бәрі дәлелді, әсерлі суреттеледі. Хан образына аздап жарық сәуле түсіретін де оның осы бағыттағы ойлары мен іс-әрекеттері. Ел тағдырын, халық тыныштығын ойлайтын әміршінің қай-қайсысы да қиын-қыстауда осы жолды таңдаған. Әбілқайыр да осы бағытты қалады. Мұның өзі ханның сыртқы саясаттағы біліктілігі мен алғырлығы-

ның белгісі деуге лайықты. Егер жазушы шығармада Әбілқайыр тек қана өз билігін арттыруды, жауыққан сұлтандарға қарсы күресте Россия патшалығына сүйенуді ойлағандықтан ғана осындай жолды қалады деген көзқарасты басым ұстанар болса, онда хан бейнесі ұсақтап, жүдеу шыққан болар еді. Автор ханның Россия қарамағына енуін тек оның ішкі есебімен ғана емес, хандықты қоршаған елдермен саяси қатынастың бағыт-бағдарымен, соның әсерімен де түсіндіреді. Хан орыс патшалығына арқа сүйеу арқылы сыртқы жауларының шапқыншылық қаупінен ғана құтылып қоймай, сонымен қатар өз ортасында хандық тұғырын нығайта түсуді көздеді. Бұл жерде ханның жеке тілек-мұраттары мен халық мүддесі белгілі дәрежеде қабысып кетеді. Романда Әбілқайыр хан тұлғасына, жаратылысына тән осындай екі жақты фактордың екеуі де көркемдік шешімін орынды тапқан.

Тарихи тақырыпқа жазылған шығарманың көркемдік-идеялық сапасын анықтауда жазушының тарихи нақты деректерді игеруінің мазмұндылығының, суреткерлік қағидасының мәнділігінің алатын орны ерекше. Әсіресе, басқыншы жауға қарсы күресте ерлігімен, жанқияр батырлығымен көзге түскен халық өкілдері, батырлар туралы деректерден пайдаланылу мәнеріндегі шынайылық сырды танытудың маңызы зор.

Қазіргі тарихи романдарда түрліше пайдаланылып жүрген осындай деректердің бірі Сіргелі Елшібек батыр туралы. Ш. Уәлихановтың айтуы бойынша, Абылайдың қалмақтармен бір соғысында қалмақтың қорам мылтықты бір мергені жол бойындағы бір үңгірде бекініп алып, қазақ қолын өткізбей қояды. Небір батырлар қарсы шапқанымен, қалмақ мергені бәрін де атып түсіре береді. Бір кезде Сіргелі Елшібек батыр шығып, бозбауыр сәйгүлігімен ақырын жортып кетеді. Елшібек жау мергенін өлтіріп, қолға жол ашады. Кейін жолдастары мұның мәнісін сұрағанда, Елшібек айтады, «Қалмақ менің астымдағы атымды олжа еткісі келді де, мені өзіне жақын келтіріп атпақ болды. Сөйтіп тұрғанда, мылтығының білтесі жанып кетті. Құлағын басқанда от алмай қалды. Екінші рет тұтатқанша мен оның өзіне шауып үлгірдім», деді. (Ш. Уәлиханов. Таңдамалы шығармалары. Алматы 1958 жыл. 125—126 беттер).

Қазіргі тарихи романдарда Елшібек есімі аталып, оның батырлық істері айтылып жүргенмен, Ш. Уәлиханов жазып қалдырған бұл дерек пайдаланыла бермейтін. І. Есенберлиннің «Көшпенділерінде» Елшібек батырдың бұқарашыл, ерлік істері Сауран бекінісін жоңғар шапқыншыларынан қорғау үстінде суреттеледі, одан әрі қарай осы тарихи адам туралы дәнеңе айтылмайтын. Елшібектің Сауранды қорғауда көрсеткен ерлігі мен Ш. Уәлихановтың дерегін ұштастыра білген жағдайда, батырдың образы толыса, ашыла түскен болар еді. Ал С. Сматаевтың «Елім-ай» романында аталған деректің негізінде жаңа, көркем сурет жасалады. Деректегі көрініс романда мына формада беріледі:

«Мына мергенді жою керек екен,— деп, Елшібек жайбарақат қана насыбайын ерінінің астына тастап жіберді. Шырт түкірді.

Елшібектің астында түгі жылтыраған, жүзіктің көзінен өтердей сұлу бозжирен арғымақ. Аяқтарын секіре басып, орақтай мойнын қайқата иіп, тізгін жұлқиды. Батыр жиренді майда желіске салып, қазіргі қиғаш күннің мұнарлы сәулесінде құйындатып билетеді. Ат тұяғы қиыршық тасты күреп лақтырғандай... Жирен тап бір қанатты құстай бауырлай ұшып, обаға дем арасында жетіп-ақ барды. Алмас қылыш күнге шағылысып жарқ-жүрқ етті. Мерген жалп етіп жер қапты...» («Елім-ай», екінші кітап 395—396 беттер).

Елшібек батырдың осы ерлігіне ұқсас бір оқиға Ә. Кекілбаевтың «Үркер» романында басқа формада беріледі. Бұл жерде жоңғар мергені, қазақ қолын қылтадан атып, қалт еткізбей, кідіртіп қояды. Жоғарыда берілген Ш. Уәлихановтың дерегінің ізімен автор бұл көріністі қалмақ

мергенінің ой тізбегімен жарыстыра, қабаттастыра отырып суреттейді. «Сол екі ортада... қазақтар жағынан бір сылаң күрен атты шықты да, өткелге қарай беттеді. Сүліктей сұлу күрен сауырында күлің-күлің күн нұры ойнап, билей басады... Сол екі ортада күрен мінген қазақтың тақау кеп лақтырған селебесі қақ жүректен қадала кеткені» («Үркер», 94-бет).

Жазушының суреттемесі Ш. Уәлиханов дерегіне өте жақын екені рас. Алайда Ә. Кекілбаев пайдаланып отырған оқиға желісі айнақатесіз осы деудің реті жоқ. Оның үстіне «Үркерде» аталған оқиғаның жалпы сипаты да, оның жүйесі де мүлде басқа.

Болған істің мәнісін сұрағанда С. Сматаев романында Елшібек батыр мынаны айтады: «Мына менің жиреніме қызықпас көз бар ма? Бұдан сұлу ат көрдің бе? Ойрат... мені жақындатып барып, атып тастап, атымды тез олжалағысы келді. Ал, менің ойым бойынша, ол білтесіне от қойып, мені біраз тосып отырады. Оған дейін білтесі күйеленіп, қорамасы дер кезінде от алмайды. Сол кезде, мен де тірі жанмын, оның үстіне жиренім де ұшқыр, бір амалын жасап үлгіремін. Әне солай болды да шықты» («Елім-ай», екінші кітап, 396—397 беттер). «Үркер» романында Әбілқайыр: «Күлің күрендей жануарға қыл жалаулы қалмақ пен қазақтың қызықпай қалуы мүмкін емес қой. Қарсы алдында ойқастай басып келе жатқан сәйгүлікке аузының суы құрып тұрған сұқты көз мергеннің мылтығы суынғанша алдарқата тұрайын, суынғасын қорам мылтықтың пілтесі қапелімде қайтадан от ала қоймайтыны белгілі, ол екі ортада мен де бір амалын табармын деп ойладым,— дейді («Үркер», 94-бет).

Жазушы белгілі тарихи деректі қаз қалпында пайдалануға да, оның пішінін сақтап, мазмұнын өзгертуге не мүлде алып тастауға я, керісінше, мазмұнын алып қалып, оны тіпті жаңа, тың формамен беруге де ерікті. Бірақ бұл тұрғыдағы әрекеттердің қай-қайсысы да автордың ұстанып отырған басты қағидасын жүзеге асыруға қызмет етуі шарт.

С. Сматаев пен Ә. Кекілбаевтың қолданып отырған дерегінің түп төркіні бірдей болғанымен сол деректі игерудегі, іске асырудағы жазушылық мақсат, көркемдік нысана әр басқа. «Елім-ай» романында Елшібек батыр жоғарыдағы оқиғаның тұсында көзге түседі де, одан әрі ешқандай мәнді іске араласпай, эпизодтық кейіпкер ретінде ұмыт болады. Ал «Үркерде» жағдай мүлде басқаша. Ә. Кекілбаев Әбілқайырдың характерін тереңнен ашып толыстыра түсу мақсатымен оның тұсында болған, оның қатар үзеңгілестері я өзі жасады делініп жүрген басты оқиғаларды іріктеп алады да оларға мүлде басқа сипат береді. Кейіпкерінің ой-сезімі мен іс-әрекетін осы оқиғалар тізбегімен жарыстыра суреттеу нәтижесінде, жазушы оның характерінің тереңде жатқан, бүлк етіп қана бүйір тұртіп, іле бүкпесін ішіне алып, тына қалатын, баспалап қана бас көтеретін зымиян құбылуларын мейлінше түбегейлі талдап, тыңғылықты саралауға мүмкіншілік тапқан. Автордың бұл тәсілі кейіпкерге дәйекті өріс, бағыт беріп тұр.

Романның сюжеттік желісін құрайтын оқиғалар алуан түрлі, күрделі әрі мол. Оның үстіне Әбілқайырдың айналасындағы батырлардың әрқайсысының атына байланысты толып жатқан тарихи деректер, аңыздар, жырлар бар. Жазушы оның барлығының басын қосуды, батырлар тұлғасын сомдай түсуді алдына басты да, қосалқы да мақсат етіп қоймаған. Жазушы тарихи оқиғаларды тек тарихи оқиға ретінде ғана баяндап өте шығудан аулақ. Автор бірінші кезекте белгілі тарихи кезең оқиғаларының жүйесін, ағынын емес, солар арқылы кейіпкерлерінің психологиясын, белгілі тарихи тұлға ретіндегі ой-пікір, тілек-нысаналарын, ішкі және сыртқы саясат бағыттарын бағдарлау, таразылау қабілетінің ауқымын танытуды баса қадағалайды. Тарихи оқиғалардың түп негізінде жатқан көкейкесті ой-мұраттардың ерекшелігін, жеке адам мен тарих арасындағы қатынастың саяси-әлеуметтік және психологиялық алғы-

шарттары мен нәтижелерінің сырларын танытуға ерекше көңіл бөледі. Соған орай, тарихи оқиғалармен өзектес, тамырлас алуан сипаттағы саяси-әлеуметтік құбылыстар және қаһармандардың іс-әрекеттерінің түп негізінде жатқан объективтік, субъективтік мотивтар романның тақырыптық-идеялық бітімінің өзегін түзетін басты факторға айналған. Шығарманың тақырыптық-идеялық бітімінің, осылайша саяси-әлеуметтік мазмұн тереңдігімен, кеңдігімен ерекшеленуі және суреттеу жүйесінде эпикалық тәсілден гөрі лирикалық, басқаша айтқанда, психологиялық талдаудың аналитикалық формасының басы болуы жазушы Ә. Кекілбаевтың қазақ әдебиетіне эпикалық болмыс-бітімі бөлек, жаңа бір туындыны алып келгендігін көрсетті.

Автор романына «саяси-психологиялық роман» деп ат береді. Бұл анықтама-терминнің алғашқы сыңары (саяси) шығарманың мазмұнына қатысты, ал екінші сыңары (психологиялық) формасына лайықты таңдалған болу керек. Шығармада негізгі тақырып пен идеяны толықтырып тұрған басқа да көптеген қосалқы тақырып, қосымша идеялар бар. Олардың біразы тұрмыс-салт, әдет-ғұрып сипатындағы оқиғаларға негізделеді, біразы кәсіп, шаруашылық өмір шындықтарынан туындап жатады. Дегенмен солардың бәрі басты бір ғана тақырыптық-идеялық арнада тоғысады да, бөліп-жаруға келмейтін күрделі бірбүтін құбылысқа айналады. Мұның өзі шығарманың жанрлық болмысын айқындай, даралай түскен.

«Үркердің» келіскен көркемдік жаратылысын анықтап тұрған суреткерлік компоненттердің қатарында автордың портрет жасау шеберлігінің алатын орны да ерекше. Автордың бұл орайдағы табыстары Әбілқайырдың портретін жасау тәсілдерінен аңғарылады. Мына штрихтарға көңіл бөлейік: «Мөлт қара сақал-мұрт қыбырсыз. Бозарыңқы дүрдік еріндер бір-біріне жабысып қалғандай...».

Мөлт қара сақал мен бозарыңқы дүрдік еріндер өзінше, өз бетімен қимыл қозғалыс жасап қалатындай әсер қалдырады.

«Тіп-тіке қарайтын дөңгелек жүз, сыз қабақ ақ сұр кісінің бет алды тұнған сабыр. Шығыңқы шықшыт сүйек пен шытыныңқы қабақтар ғана іште жатқан шытырман ойлардан нышан байқатқандай.

Ақ сұр кісі (...) қабағын шытынды...

Ақ сұр кісі (...) сояу кірпіктерін кілгірте жұмып, ойға шомды» («Үркер», 5—6 беттер).

Келтірілген үзінділерде жазушылық суреттеу кейіптеуге ұштасады. Оның үстіне жазушы кейіпкерінің бет жүзіндегі ерекше белгі-нышандарды дүркін-дүркін баса көрсету арқылы оның характеріне тән кейбір психологиялық қасиеттерге бағдар сілтейді де, одан әріде біртіндеп кейіпкердің психологиясын тереңдеп ашуға ойысады. Романда, осылай, кейіпкердің сыртқы келбеті, әрекеті мен ой-сезімі бірбүтін күрделі процесс қалпында беріледі. Психологиялық талдаудың динамикалық (эпикалық) және аналитикалық (лирикалық) формаларын шебер ұластыру нәтижесінде басты қаһарманның характері жан-жақты, толық ашылады.

Романның соңында Әбілқайырдың мынандай ойы беріледі:

«...істің оңға басайын дегені шығар Құдай мынау бейшара жұрттын күнде көлдеткен көз жасын көрейін дегені шығар. Бұл осынша азап, осынша тауқыметті тек бір басының бағы үшін тартып жүр ме? Елі үшін, халқы үшін де өліп-өшіп жүрген жоқ па? Еліне не керек, не қардар екенін бір кісі білсе, осы-ақ білер. Сол білгендігінен де осындай тәуекелге мінбеп пе, еді? Қоянның құйрығындай күнде қыпылықтап отырғаннан обал-сауабынды біреуге артып, тыныш отырғанды жөн көрмеп пе еді?» (581-бет).

Бірінші роман ханның маңдай алдынан әлсіз бозанытып көтеріліп келе жатқан топ үркер жарығындай ел үмітіне, баянды болашаққа бастай-



тын тілегіне талпынған көңілде үміт шырағының маздап жануымен аяқталады.

Саяси-психологиялық роман жазу саясат туралы жазу ғана емес. Ел басында отырған адамның саяси іс-әрекеті терең парасаттылықпен үйлескенде ғана ол өз заманының бірден бір биік мұратының шырақшысы бола алады. Жазушы бас кейіпкерін осы биікке дейін көтеріп суреттеген. Мұның бәрі айналып келгенде, жазушының өз нысанасының мәнділігіне, концепция тереңдігіне байланысты топшыланып, жүзеге асатын нәрсе.

Жазушы өзінің ойлау парасаты мен суреткерлік шеберлігі жоғары деңгейде тоғысқанда ғана, дәуір талабына лайықты келіскен шығарма жасалуы мүмкін, сонда ғана тарихи шындық пен жазушы қиялдауы арасында жарасым орнайды, шығарманың тарихи негізі айқындалып, маңыз-мәні арта түседі. «Үркер» біздіңше, осы санаттағы шығарма болып табылады.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

## ЕЛ ТАРИХЫ, ЕР ТАҒДЫРЫ...

### «Жұлдыз» журналының сұрақтарына жауаптар

1. Соңғы жылдардағы әдеби процесте тарихи тақырыптағы шығармалардың «меншікті салмағы» арта түсті. Бұл — көп ұлтты отандық әдебиетке түгел тән құбылыс. Ол осы заманғы тіршіліктің қай-қай саласындағыдай көркем творчествода да жиі ұшырасып келе жатқан көргеннен көзақы алмай тынбайтын модашылдықтың да, немесе, дүниедегі барша жақсылық пен жамандықты ғылыми-техникалық революцияға апарып тіремесе бастары ауыратын «электрондық экраның» дүмшелері айтып жүргендей, жер бетін әлі асфальт баспаған таза «табиғи қоғамдарды көксеушіліктің де өткінші желік-солығы емес. Оның әлеуметтік төркіні тым тереңде. Социализм халықтарды адамзаттың бүгін таңдағы қоғамдық тіршілігінің басты сипаты болып табылатын таптық күреске араластырып, бүгінгіне разы ұлттық мақтанышқа, ертеңіне сенімі нық рухани оптимизмге, өткеніне жан-жақты үңіліп, терең түсіне алатын кемел тарихи санаға ие етеді. Тарихи сана тек өз дәуіріндегі түбірлі өзгерістерге белсене ат салыса алатын жасампаз халықтарға, күрескер халықтарға ғана тән. Ал, өткенді білуге енжарлық, керісінше, ұлттық дамудың келешегінен біржолата айырылғандықтың, осы заманғы әлеуметтік, мәдени өрлеуден атымен құр қалғандықтың даусыз белгісі болып табылады. Біздің советтік қоғамымыз өзінің жаңа бір кемел биігіне көтерілді. Кемелденген социализм — социализм орнатудың барша әлеуметтік, саяси, экономикалық факторлары сияқты ұлт мәселесінің де ойдағыдай шешілуінің заңды нәтижесі. Кемелденген социализм тұсында қоғамдық қатынастардың барлық түрлері сияқты ұлттар арасындағы қарым-қатынас та өзінің кемел биігіне көтеріледі. Ұлттар арасында байланыстың ең жетілген түрі мәдени ықыластық. Ол ұлттардың экономикалық, саяси, мәдени теңдігі ғылыми идеядан нақты тарихи шындыққа айналғанда ғана шаршысына толып шарықтай дамиды. Адамзат тарихында бұндай шын теңдікті біздің қоғамымыз қатты көксеп отыр. Ол халықтардың ұлттық дамуына бөгет жасау арқылы емес, қайта оған мейлінше кең жол ашып, жан-жақты жағдай жасау арқылы мүмкін болмақшы. Соның арқасында басқаларға шекесінен қарайтын ұлттық эгоизмнен де, өзгелерден өзін кем санап бүгежектей беретін ұлттық нигилизмнен де бірдей таза, өз мүддесін өзгелер мүддесінен жоғары қоймайтын өз тағдырын өзгелер тағдырымен бірге қарастыратын, өз болашағы, өз бүгінгі, өз өткені сияқты өзге халықтардың да болашағын, бүгінін, өткенін бірдей қадірлейтін ең биік гу-

манистік санаға ие болмақшы. Жаңа сипатты ұлттық сана халықтарды өзінің ертеңін бүгінгі дамудың, бүгінін кешегі күрестердің заңды жалғасы деп қарастыратын дәйекті тарихи санаға ие етті. Әлем халықтары өз мәдени жетістіктерін, өз рухани тәжірибелерін өзектестіріп ортақ рухани қазынаны толықтырып жатқан қазіргідей тұста өз тарихи тақырыбымыздың қайта жандануын заңды құбылыс деп танығанымыз жөн. Олай болса, қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыптағы ізденістерде де ешқандай кездейсоқтық сипат жоқ. Оған, бір жағынан, қоғамдық дамудың әлгіндей ішкі заңдылығы әсер етсе, екінші жағынан, дүниежүзілік тарихи тәжірибенің қазіргі күрделі болмысы да аз себепші болып отырған жоқ. «Жаңа геополитизмнің» кейбір тенденциялары біздің ұлттарымыздың болашағына ғана емес, өткеніне де күмәндана қарайды. Біреулері жаны ашығансып халықтар татуластығына нұқсан келтіруге тырысса, екіншілері жекелеген халықтардың өткен тарихын жоққа шығару арқылы өздерінің жер-суға таласқан қисындарын «заңдастыруға» ұмтылады. Мұндай жағдайда өз тарихын тек осы ғасырда ғана терендеп білуге мүмкіндік алған ұлт әдебиеттері қайтып үнсіз отыра алмақшы! Қазақ әдебиетшілерінің осындай салмақты сөз айта алар салихалы тақырыбы — Қазақстанның Россияға қосылуының 250 жылдығы болмақшы. Бұл оқиға тек екі халық тарихында ғана емес, күллі Евразия тарихында, қажет десеңіз, күллі адамзат тарихында айырықша мән беретіндей айтулы оқиға. Біріншіден адамзат қоғамында ұлтаралық қатынастардың қазіргі күрделілігі шындығы әлгі тарихи феноменнің тәжірибелеріне терендеп үңілуді аса қажетті саяси, рухани зәрулікке айналдырып отыр. Екіншіден, бұл оқиғаға қазір бұрынғы отарлаушы мен отарланушының арасындағы антогонизм қалыптастырған сананың емес, жаңа дәуір жағдайындағы жаппай ықпалдасудан туындайтын жаңа сананың көзімен үңілудің түбегейлі сонылығы бар. Үшіншіден, қазіргі тарих ғылымының жаңа жетістіктері алыс ғасырлар оқиғасының нақты деректерін ғана молынан қамтып қоймай, тарихи мән-маңызын да мейлінше байыпты ашуға жағдай жасайды.

Бұл — қазақ әдебиетіне көптен арқау болып келе жатқан тақырып. Әуезовтың «Абай жолын», Мұқановтың «Шоқан Уәлихановын», Мүсіреповтың «Ұлпанын», екі халық арасындағы ежелгі рухани байланыстарды өзек еткен көптеген әңгіме, дастандарды ескерер болсақ, мағынасы жағынан да, қазынасы жағынан да көңіл толтыра алар көрікті кітапхана көз алдымызда тұрары ақиқат!

Аталмыш тақырып кейінгі онжылдықта тағы да мықтап көзге ілікті. Ол Ахтановтың «Ант» драмасында, Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясында, Әлімжановтың «Жаушы», Сматаевтың «Елім-ай» романдарында көрініс тапты. Қазақ даласында пайда болған көшпенді империяның қалыптасуы, күшеюі және күйреуі тарихынан шежіре шертетін «Көшпенділер» трилогиясында, қазақ хандықтарының жоңғар басқыншылығынан тартқан тауқыметтері мен күресі туралы «Жаушы», «Елім-ай» романдарында бұл тақырыпқа да өзіндік енші тиген. Олардың қай-қайсысында да Россияға қосылу оқиғасы орталық тақырып болмаса да, оның тарихи маңызына тиісті баға берілген. «Ант» драмасы аталмыш тақырыпты өзінің жанрлық табиғатына лайықтап, фактологиялық дәлдік пен жан-жақтылыққа сахнаға сиымды мөлшерде ғана ұмтылып, дұрыс шешімдей білген елеулі шығарма болды.

Ал кейінгі жылдардың тарихи романистикасы орыс-қазақ қатынастарын жекелеген эпизодтық оқиғалар ретінде ғана қамтымай, негізгі тақырыпқа, орталық оқиғаға айналдырып, кезең-кезеңге бөліп қарастыра бастады. Мұхтар Мағауин мен Маршал Әбдіхалықовтың жақында ғана жазылып біткен романдары осындай шығармалар санатына жатады. Біріншісі орыс-қазақ қатынастары алғаш желі тарта бастаған XVI ғасыр, кейінгісі бұл байланыс мықтап орын тепкен XIX ғасыр. Меніңше, «Үркер»

де осы үйірден сияқты. Ол Қазақстанның Россияға қосылуы оқиғасының тікелей өзіне бағышталып, ол құбылыстың қандай жағдайда пісіп-жетіліп, қалай жүзеге асқанын екжей-текжейлі зерттей көрсетуді мақсат етеді.

2. Роман жанры өзінің сегіз қырлы, бір сырлы мінезінен өткен заман жайында сыр шерткенде де айнымайды. Оның табиғатына тән жанрлық жіктеулер тарихи роман үшін де бөтендік етпейді. Тарихи романға кісі тағдыры да, белгілі бір оқиға да, халық өмірінің белгілі бір кезеңдегі кең қарымды панорамасы да молынан сиып кете алады. Сондықтан да, өз басым тарихи романды «хроникалық», «танымдық», «өмірбаяндық», революциялық, тіпті, қазіргі батыс әдеби сынында кездесіп жүргендей, материалға зерттеуші оқымыстының логикасы тұрғысынан үңіліп, ғылыми стильде баяндаудан да қашпайтын «профессорлық роман», «роман-зерттеу» деп, ежелгі оқиғаны бүгінгі заман жазушысының ой-толғамдары, жеке бастық әсерлері аясында алып қарастыратын роман-эссе деп жіктеп-жіліктеулің ешқайсысына да қарсы емеспін. Оның бәрі, түптеп келгенде, шығарманың идеялық-көркемдік бітіміне қай қырынан кеп үңілудің тиімді екенін тұспалдайтын шартты нысаналар.

3. Жазушы қай тақырыпқа, қай жанрға бармасын мейлі өзін толғатқан ой-сезімнің әлеуметтік масштабына бағынады. Соған орай өз шығармасының жанрлық — көркемдік-стильдік параметрлерін белгілейді. Жазушының жан-дүниесіндегі әлгіндей ой-сезімді қоғамның, уақыттың рухани зәруліктері туғызады. Мен де тарихи романға кездейсоқ келген жоқпын. Ғылыми және әлеуметтік революциялар тұсында туып ер жеткен қазіргі адамзат тек космосты, планетаны, материяны, адам биологиясын ғана тереңдеп білумен қанағаттанбай, өзі мен өзі тектестердің өткені мен ертеңін де тереңдеп білуге тырысады. Өйткені адамзат болашағы, ең алдымен адамдар мен адамдардың, халықтар мен халықтардың қалай тіл табыса алатынына байланысты. Мұндай жағдайда кім-кімді де: адамдар арасындағы қанаушылықты жою арқылы жаңа жарасымға шақырған кезде халықтар арасындағы жарасым қандай болмақ? Аз бен көптің арасында басыну мен бағынудан басқа қарым-қатынас болуы мүмкін бе? Қоғамдық даму мен экономикалық даму «ұлттық пәтерлерін» тарсынып, халықаралық масштабқа шығып кеткенде ұлттар мен ұлттық мәдениеттің тағдыры қандай болмақ? Олардың осы заманғы тарихи творчествода алатын орыны мен атқаратын қызметі қандай?— деген сауалдар енжар қалдыра алмайтын болса керек. Ол, әсіресе, суреткерлерді тебірентері сөзсіз. Бұл проблемаларды жемісті шешіп жатқан біздің қоғам өкілдері үшін бұл төңіректегі тәжірибелерін ортаға салу тек патриоттық қана емес, үлкен интернационалистік парыз болып табылады. Тарихты терең және дәйекті білу өткеннен тек халықтар арасындағы кикілжіңдерді ғана көріп қоймай, олардың бір-бірімен танысуға, табысуға, мүдделес болуға ұмтылғандарын да аңғара білуге бағзыдан тек бабалардың жеткен жеңістерін ғана іздеп қоймай, олар тартқан тауқыметтердің тарихи астарларына да үңіле білуге, одан бүгінгіге керек қорытындылар шығара білуге, өз халқыңның өзгелерден «артықшылықтары» мен «айырмашылықтарын» ғана көзге шұқуға тырыспай, ең алдымен, оның күллі адамзаттық тарихи дамумен ортақтастығын, күллі адамзаттық рухани ізденістерге қосқан үлесін түсінуге үйретеді. Осы заманғы тарихи романистиканың басты міндеті де осы болса керек.

Осы ретте біздің халқымыздың тарихының да айтары мен аңғартары баршылық. Әуелде мен де «Ақ табан шұбырындының» оқиғасынан өрбитін проблемалар төңірегінде шығарма жазуды мақсат етіп келіп ем. Басқа қаламдастарымның бұл саладағы ізденістерін көргеннен кейін ол проблемаларға өзге қырынан үңілуге тура келді. Бірақ оған өкінбеймін. Қазақстанның Россияға қосылуы тақырыбы — халық тарихын кеңірек

қамтуға, бүгінмен байланыстарын нақтырақ қарастыруға, өз халқыңның күллі адамзаттық тарихи тәжірибеде алатын орыны мен өзіндік саяси творчествосын жан-жақты талдауға мейлінше қолайлы жағдай жасайтын сынай танытты.

5. Қандай шығарма да — белгілі бір суреткердің көркемдік түйсігінде бейнеленген нақты тарихи шындықтың көрінісі. Суреткер қиялындағы шындық пен нақты қоғамдық шындықтың бәр-бәр уақытта бір негативтің екі позитивіндей бір-бірімен дәл келе бермеуі мүмкін. Әдетте көркем шындық пен тарихи шындық арасындағы айырма туралы белгілі әңгімеге осы жағдай түрткі болады. Бірақ аталмыш айырмашылықтың ауытқу мөлшері шығарманың тақырыбы мен жанрына байланысты әр қилы болмақшы. Шығарма неғұрлым таза тарихи жанрда, нақты тарихи оқиға туралы тарихи деректерге сүйеніп жазылған сайын аталмыш айырмашылықтың адымының қысқара түспегі шарт. Ол, әсіресе, өмірлік шындықты, оның үстіне тарихи дамудың өзі сұрыптап берген шындықты мейлінше өз қалпында, мейлінше деректі, мейлінше екжей-текжейлі байыптап көрсетуге мүмкіндігі зор роман жанрында бұлжымас қағидаға айналуға тиісті. Әйтпесе, көркемдік шындық пен суреткер қиялын желеу етіп тарихи деректерді қалауынша құбылтатын баса-көктеушілік бүгінгі оқушыны тарихи шындыққа жақындатудың орынына қашықтата түсері белгілі. Бұл әсіресе қазақ қаламгерлеріне қатты ескеретін мәселе.

Біздің қалың оқырман қауымымыз ұлттық тарихымыздың көп қабаттарынан жеткілікті мөлшерде хабардар емес. Олардың қисындырып айтқан кез-келген әңгімеге сеніп қалуы мүмкін. Сондықтанда қазақ тарихи романы ондай ойдан қиыстырудан неғұрлым алыс тұрса, өзінің ұлттық оқушысының алдындағы парызын солғұрлым адал атқарған болар еді. Тарихи романның міндеті тарихи зерттеудің атқаратын қызметімен үндес. Ол да бағзы ғасырлар оқиғасын қайта тірілтіп, бүгінгі күн тұрғысынан түсіндіру, бірақ бүгінгіше қайта өлшеп, қайта пішу емес. Мәселен ұлттық архитектурамыз болғандығын дәлелдеу үшін Түркістандағы Хожя Ахмет Яссауи күмбезінің кетілген жерін қайтадан қалпына келтіруді місе тұтпай, оның орынына мысыр пирамидалары немесе Нью-Йорк зәулім үйлері тақилеттес жаңа гимарат салып шықсақ, тарихқа да, бүгінгі оқушыға да одан асқан қиянат болмас еді.

5. Көркем шығармашылық — ешқашан еңбек жеңілдетуді мойындамайтын жаңғыз сала. Оның үстіне бағзыны тірілтуден асқан тауқымет болуы мүмкін емес. Ол жолда кездесетін қиыншылықтарды санап шығудың өзі қиын. Бірақ тарихи тақырыпта жазатын жазушылардың альпинистерге тән бір мінезі болса керек. Олар да өзінің жеткізіп болмас нысанасына бір мысқал жақындаған сайын жаны неғұрлым қинала түскенмен, тәуекелі солғұрлым арта түсетін болса қажет.

6. Мені тарихи тақырыпқа итермелейтін оқиға да, адам да емес, бағзыдан бері шешімін тауып болмаған өзекті әлеуметтік проблема.

7. Тарихи материал жасақтауда құжат дерегі де, ел аузындағы әңгіме де, көркем қиял да көп қызмет атқара алады. Бірақ тарихи шындыққа үлкен жауапкершілікпен қарайтын жазушы қиялдан гөрі дерекке көбірек табынары сөзсіз. «Дала балладалары» атты циклға енген «Аңыздың ақыры» романы мен повестерім, негізінен, «белгілі бір көзқарастан туындаған тұжырымға», концепцияға сүйенді. Ал «Үркерде» оған атымен кереқар бағытта іздендім. Онда, мүмкіндігінше, тарихи деректің ала жібін аттамауға, нақты тарихи ситуацияның өз драматизмін әсірелеусіз көрсетуге күш салдым.

8. Қоғамымыз есейген сайын таптық категориясының да мағынасы кеңейе түсті. Қазір шығарманың таптық позициясын кейіпкердің әлеуметтік тегінен емес, суреткер концепциясының әлеуметтік төркінінен іздегеніміз жөн.

9. Көркем шығарманы неғұрлым терең, неғұрлым дәл түсінуге септігі тиетін шартты ұғымдардың бәр-бәрі де белгілі бір қажеттіліктен туған. Сондықтан бұл жайындағы таласты басы артық әңгіме санаймын.

10. Тарихи тақырыпта жазатын жазушы «факіден», «белгілі бір оқиғадан», «шындықтан» неге жүрексінісін! Оған керегінің өзі сол емес пе! Тарих пен әдебиеттің арасында ешқандай айырмашылық болмаса, дүниеде не әдебиет, не тарих қана қалар еді! Көркем әдебиет тарихи тақырыпқа барғанда тарих ғылымына жүгінбей тұра алмайды. Ал тарих ғылымына өткен заманды зерттеу үшін міндетті түрде сол дәуірдің көркем әдебиетіне жүгіну шарт емес. Әрине, ол өз мақсатына жету үшін архивты, археологиялық, этнографиялық материалдарды пайдаланатыны сияқты әдеби ескерткіштерге де иек арта алады. Бірақ өткен заманды зерттеуде әдеби ескерткіш ең басты айғақ бола алмайды. Жалпы романның өмірдің орынын толтыра алмайтыны сияқты тарихи роман да тарих ғылымының орынын толтыра алмайды. Сондықтан да бағзыны «тірілту» де әдебиет тарихтың бәсекелесі емес, одақтасы ғана бола алады.

11. Тарихи шығарманың тілі қай заманның шындығын қандай заманның суреткері айтып отырғанын бірдей жеткізе алатындай күрделі жарасымнан тұрғаны жөн.

12. Бәріміздің тақырыбымыз да қазақ тарихы екені рас, бірақ оған әрқайсымыз әр кезеңінен, әр қырынан келдік. Бұл турасында жоғарыда жеткілікті айтқан сияқтымын.

13. Қазақ әдебиеті халық тарихының терең қойнауларына сүңги бастады. Бұл тенденция одан әрі дами түсері сөзсіз. Қоғамдық дамуымыздың тарихи масштабының ұлғая түсуі, халқымыздың тарихи белсенділігі мен тарихи санасының арта түсуі соған кепіл.

Тарихи тақырып халық өмірінің кезеңдік көріністерін түгел қамтып көрсеткенді қалайды. Бұл тақырыпта шағын әңгімеден гөрі қалың романдардың мол туатыны содан шығар.

14. Әрине. Тарихи тақырыпта жазатын қаламгердің тарихи материал жинақтау мен қорытудағы тәжірибесі барған сайын жетілері даусыз.

15. Бұл сұрақтардың жауабы бұрынғы жауаптарымда қамтылған.

16. «Үркер» — сөз болып отырған саяси оқиға жайындағы бірінші романым. Енді со оқиғалардың одан арғы барысы жайында жаңа роман жазып жүрмін.

17. Аталмыш оқиғалардың қамтыған дәуірі бір кезең болса, ортақ кейіпкерлер мен ортақ оқиғалар неге болмасын! Бірақ мәселе сол оқиғаларды кімнің қай тұрғыдан қамтып қандай тұжырымға келгендігінде, қайсысының суреткерлік концепциясының күрделі тарихи процестің шым-шытырық әлеуметтік шындығын қаншалықты дәл, қаншалықты терең қамти алғандығында. Сосын аталмыш шығармалар бір дәуірді көрсетеді екен деп, ортақ кейіпкерлері мен ортақ оқиғалары бар екен деп, олардың бәрін бір тақырыпқа жатқызу қате. Мәселен, «Жанталаста», «Жаушыда», «Елім-айда» негізгі оқиға — қазақтардың жоңғар басқыншылығына қарсы күресі де, Россия қол астына өту — эпизодтық оқиға. Ал «Үркерде», керісінше, бұл — негізгі тақырып та, жоңғармен соғыс — эпизодтық оқиға. Бұл шығарманың концепциялық негізіне де, структуралық бітіміне де, жанрлық, стильдік шешіміне де шешуші ықпал етері сөзсіз. Ал әр шығармада белгілі бір деректер мен тарихи қайраткерлердің әрқилы шешімделуінің сырына келер болсақ, ол, ең алдымен аталмыш оқиға мен аталмыш кейіпкерді көрсетуге қай автордың қандай жауапкершілікпен, қандай әзірлікпен, қандай мақсатпен келгендігіне байланысты. Өз басым, жоғарыда айтқанымдай, өз тақырыбыма тікелей байланысы бар адамдар мен оқиғаларды, мүмкіндігінше, тарихи деректерге сүйене отырып, толық қамтуға тырыстым. Бұл романда көрсетілген кейіпкерлердің тарихи деректері жоғы — Мәті, Тайлан, Тұяқ, Зердебай,

Ажар, Патшайым, Итжемес, Мария, Цапаев, Костюков. Олар бұхара өкілдерінің айтылмыш оқиғаларға қатынасын көрсету үшін алынды. Ал олардан басқа орталық кейіпкерлер де, эпизодтық кейіпкерлер де көпшілік сахналарында бой көрсететін кейіпкерлер де тарихтағы өз атақ-жөндерімен өзгеріссіз алынды. Олардың қай-қайсысына байланысты қойылар сұрақтар болса, оған келтірер нақты дәлелдерім мен деректерім бар. Оның бәрін тәптіштеп жату мұндай «дөңгелек столды» емес, өз алдына дербес әңгімені қажет етер еді.

а) «Аңыздың ақырының» жазылуына Биби-ханум мешітіне байланысты хикаяның түрткі болғанын әдеби сын орынды айтып жүр. Әмірші образын жасауда Ақсақ Темірдің өзі жазып қалдырыпты-мыс. «Ақсақ Темірдің өмірбаяны», «Ақсақ Темірдің ғибратнамасы» деп аталатын еңбектерде, сарай шежірешілерінің мадақ шығармаларында, сол тұста Самарқандта болған Европа мемлекеттері елшілерінің жазбаларында келтірілген деректердің пайдаланылғаны рас. Бірақ романда нақты Ақсақ Темірдің емес, сол замандағы шығыс деспотының, дәлірек айтқанда, деспотизмнің жиынтық бейнесін жасауды мақсат тұттым.

б) «Үркерді» жазуда көп қиындықтар кездескені рас. Ең алдымен, онда қамтылатын XVIII ғасыр тарихи оқиғалары, жоғарыда айтылғандай, басқа шығармаларға да өзек болды. Сондықтан да, мен өз кітабымды бұл құбылыстың неден бас алып, қалай өрбігені, ақыр аяғында қалай жүзеге асқандығының жәй-жапсарының төңірегіне құруға бел будым. Ал, бұл процесс бірнеше ғасырларға созылған процесс. Оған байланысты оқиғалар мен деректерді бет-бетіне шашыратып алмай, қайткенде бастарын біріктіріп, сомдай көрсетуге болады? Ол үшін осы саяси оқиғаның тартысы мен тауқыметін өз тағдырына тоғыстыра алатындай кесек тұлға іздедім. Бұл ретте қазақтарды сан рет толғандырып келген аталмыш шараны жүзеге асырып тынуға бел байлаған Әбілқайырдан оңтайлы кейіпкер жоқ-ты. Ол — мұндай инициативаның бірден-бір авторы емес-ті. Бұл ниет Ақназар, Тәуекел, Тәуке, Қайыптардың да көкейінде жүрген-ді. Бірақ, сол жолда бел шешіп шыққан Әбілқайыр. Қолдағы азғантай билікпен мұндай асқаралы міндетті жүзеге асыру үшін нар тәуекелмен қоса үлкен саяси талант та керек еді. Ондай кісінің көңіліне тек өзі көріп, өзі куә болған оқиғалардан басқа да талай нәрсе сия алады. Оның бұл кепті өзінен бұрын кигендердің халдерінің қандай болғанынан да, бұл мәселеге көрші хандықтардың қалай қарап жатқанынан да жеткілікті мөлшерде хабардар болары сөзсіз. Оның үстіне, Әбілқайыр бұл оқиғаны жеделдеткен жоңғар-қазақ қақтығысын өз басынан кешті. Ірі саяси, әскери қайраткер ретінде сол тұста қалыптасты. Сүйтіп, сөз болғалы отырған оқиғаның барша қыры мен сырын өз тағдырына сиыстыра алатындай кейіпкер табылды. Бірақ, аталмыш оқиғаның саяси орбитасына тек қазақ даласы ғана ілініп қоймай, көрші Индия, Қытай мемлекеттері мен, қалмақ, жоңғар, башқұрт, қарақалпақ жұрттары, Хиуа, Бұхара хандықтары да ілігетін-ді. Ендеше оның мұндай орасан кең географиялық саяси диапозонын қайткенде толық қамтып, сенімді ашуға болады? Шығармада Тевкелев образы осылай туды. Ол өз дәуіріндегі ең білікті орыс дипломаттарының бірі. Қазақтарға келгенге дейін сыртқы істер коллегиясында қалмақ, жоңғар, парсы мәселелерімен айналысқан, Бекович — Черкасский экспедициясын әзірлеуге атсалысқан, сол тұста Петр патшаның тапсырмасымен Каспий арқылы Индияға барып қайтуға да талаптанған, қазақтардан қайтып барғасын орыс-поляк-болгар-түрік кикілжіндеріне байланысты келіссөздерге қатысқан, өле-өлгенінше қазақ, башқұрт мәселелері жөніндегі ең басты маман саналып өткен бұл кейіпкердің жан-дүниесі арқылы орыс-қазақ ара-қатынасының арғы құпиясын, ха-

лықаралық маңызын, күрделі салдарларын жан-жақты және байыпты көрсетуге жағдай туды деп есептедім.

Шығарманың орталық тақырыбы — саяси оқиға, басты кейіпкерлері — әлгіндей саясат адамдары болғандығы оның жанрлық шешіміне де ықпал етері сөзсіз. Біз саяси романды қол көрдік. Өйткені, ол оқиғаның екжей-текжейін сүйетін роман-хрониканың дерекқұмарлығын да, философиялық романдарға тән әлеуметтік талдау тереңдігін де, өмірбаяндық романға тән кісі тағдырының жай-жапсарын мол қамтуға іш тартуды да, белгілі бір мәселелер төңірегіндегі кең қарымды экскурстарды да жатырқамайды. Ал, психологизм, орынын тауып пайдаланса, қандай романға да артықтық етпейді. Оқиғалардың Әбілқайыр мен Тевкелев көзімен суреттелуі шығарманың баяндаушылық өрмегін субъективтендіріп, эмоциялық сипатын күшейтуге мүмкіндік береді деп ойладық. Шығарманың жанрлық-стильдік шешіміне көп мән бергеніміз — аталмыш оқиғаға байланысты материалды мүмкіндігінше молырақ қамтып, оның деректік қасиетін әлсіретіп алмауға тырысқандығымыз. Саяси роман тарихи деректі әр қырынан зерделеп, жан-жақты талдауға тиімді. Онда нақты дерек өзінің шешуші ықпалынан айырылмайды.

Саяси роман жазу үшін фактологиялық материалдың мейлінше молдығы қажет. «Үркерді» жазу үстінде қазақ тарихына байланысты деректер аз, сондықтан жазушының қиялына кең жол ашылады деген қауесеттің жаңсақтығына көзіміз жетті. Бұл тақырыпта ізденген жазушы ең алдымен совет тарихшыларының еңбектерінен қыруар деректер таба алады. Жақында аяқталған «Қазақ ССР тарихының» бес томдығы, Н. Аполлова, В. Басин, Е. Бекмаханов, М. Вяткин, С. Зиманов, Т. Күлтелев, Ә. Марғұлан, Е. Масанов, А. Нүсіпбеков, А. Рязанов, А. Сабырханов, Г. Сапарғалиев, Б. Сүлейменов, С. Толыбеков, В. Шахматов, Т. Шойынбаев т. б. совет зерттеушілерінің қазақ қоғамының экономикалық, саяси, праволық негіздері мен этнографиясы, тарихы жайлы монографиялық еңбектер халқымыздың өткені жайлы жазатын жазушыға аса құнды фактологиялық та, методологиялық та жол басшы болып табылады. Сөз етіп отырған тақырыпқа байланысты аса құнды материалдарды орыс исторяграфиясынан да мол ұшырастыруға болады. Орыс-қазақ, орыс-ноғай, орыс-жоңғар, орыс-қалмақ, орыс-башқұрт, орыс — Орта Азия хандықтары, орыс-қытай, орыс-Индия ара-қатынастарына байланысты архив деректеріндегі мәліметтерді былай қойғанда, аталмыш оқиғаларға қолма-қол араласқан В. Н. Татищев, П. И. Рычков, Н. П. Рычков, А. И. Тевкелев, Н. И. Неплюев, Унковский жазбалары, революцияға дейінгі қазақ өмірі жайында жазылған А. Алекторов, В. Вельяминов — Зернов, Н. Веселовский, В. Витевский, И. Гейер, Н. Гродеков, А. Добромыслов, М. Красовский, А. Левшин, А. Макшеев, Л. Мейер, П. Паллас, П. Румянцев т. б. авторлардың шығармаларында, башқұрт, қалмақ, қарақалпақ және жоңғар хандығы тарихы жайындағы зерттеулерде біз жазған дәуірдің сан қилы сырларын ашатын материалдар табылады. Біз шығармада қамтылатын өлкелерді аралап, ел аузындағы деректерге көңіл бөлдік.

Оның үстіне, оқиға өткен жерлерді көру үшін Аңырақай, Балқаш, Тараз, Сайрам, Созақ, Торлан, Ырғыз, Торғай, Мұғаджар, Жайық, Сыр бойы, Бұқар, Самарқанд, Ангрен, Уфа, Петербор сапарларына шығып, ел аузындағы деректерді жинадық. Кітап кейіпкерлерінен қалған әулет өкілдерімен кездестік. Бұл сапарларда жолсерік болып, қолғабыс көрсеткен барлық азаматтарға аса ризашылығымды білдіремін. Әсіресе, Ырғыз сапарында ең көмескіленіп кеткен тарих сілемдерін тауып алуға көмектескен Қ. Елеманов, М. Раханов ағаларыма, Аққошқар Байназар, Рамазан ақсақалдарға, жолсеріктерім Аманжол Алдияров інім мен Роза Домбаева қарындасыма айырықша алғыс айтамын.

1981 ж.



## ТҮСІНІКТЕР

**«Аңыздың ақыры».** Алғаш рет «Махаббат мұнарасы» деген атпен «Жұлдыз» журналында 1971 жылы жарияланды, «Жазушы» баспасынан сол жылы шыққан «Бір уыс топырақ», 1982 жылы шыққан «Шыңырау» атты кітаптарына кірді. Орыс тілінде «Простор» (1979) журналында, «Жалын» баспасынан («Конец легенды») шықты. «Известия» баспасынан шыққан «Баллады забытых лет» (1979), «Художественная литература» баспасынан шыққан «Легенды степей» (1982) кітаптарына кірді. Немісшеге аударылып, Берлиннің «Фольк унд велт» баспасынан 1981, 1982 жылдары жеке кітап болып екі қайтара басылды. 1999 жылы Будапешттің «Европа» баспасынан венгр тілінде жарық көрді.

\*\*\*

**«Үркер».** 1981 жылы «Жазушы» баспасынан жеке кітап болып шықты. 1991 жылы «Жалын» баспасынан орыс тілінде «Плеяды — созвездие надежды» деген атпен басылды. 1999 жылы — «Сөздік-словарь» баспасынан екінші рет жарық көрді.

## ТОМ СОҒЫНА берілген мақалаларға түсініктер

*Сағат Әшімбаев. «Ой мен оқиға».* Сыншының 1973 жылы қыркүйек айында Ә. Кекілбаевтың «Бір уыс топырақ» атты кітабы баспаға әзірленіп жатқан кезде қызмет бабында білдірген жазбаша пікірі.

\*\*\*

*Марал Сқақбаев. «Кең тыныс».* «Жұлдыз» журналының 1975 жылғы 4-нөмірінде басылды.

\*\*\*

*Жаңғара Дәдебаев. «Шешуші кезең шежіресі».* Ә. Кекілбаевтың «Жазушы» баспасынан 1981 жылы жарық көрген «Үркер» романы туралы «Жұлдыз» журналының 1982 жылғы 5-нөмірінде жарияланған әдеби сын.

\*\*\*

*Әбіш Кекілбаев. «Ел тарихы, ер тағдыры...».* 1981 жылы «Жұлдыз» журналы ұйымдастырған дөңгелек столдың сұрақтарына жауаптар.

## МАЗМҰНЫ

<b>Аңыздың ақыры (роман)</b> . . . . .	3
<i>Бірінші бөлім</i>	
Қызыл алма . . . . .	5
<i>Екінші бөлім</i>	
Мұнара . . . . .	54
<i>Үшінші бөлім</i>	
Махаббат . . . . .	111
<i>Төртінші бөлім</i>	
Аңыздың ақыры . . . . .	155
<b>Үркер (роман)</b> . . . . .	207
<i>Бірінші бөлім</i>	
Тығырық . . . . .	209
<b>Мақалалар</b>	
<b>Сағат Әшімбаев</b>	
Ой мен оқиға . . . . .	417
<b>Марал Сқақбаев</b>	
Кең тыныс . . . . .	420
<b>Жанғара Дәдебаев</b>	
Шешуші кезең шежіресі . . . . .	432
<b>Әбіш Кекілбайұлы</b>	
Ел тарихы, ер тағдыры . . . . .	438
Түсініктер . . . . .	445
Том соңына . . . . .	446

# **Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ**

**Он екі томдық  
шығармалар жинағы**

**Редакторы  
Г. Мұқышева  
Көркемдеуші редакторы  
Т. Ильяшев  
Тех. редакторы  
А. Мұқышева  
Компьютерде безендірген  
А. Құрманғалиева**

---

Теруге берілген күні 07.09.99. Басуға қол қойылған күні 15.10.99.

Формат 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Шартты баспа табағы 23,5.

Есепке алынатын баспа табағы 28. Таралымы 3000 дана.

Тапсырыс №3040. Бағасы келісімді.

*«Өлке» баспасы:*

480002, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7 үй.

Тел.: 33-22-21, 26-09-13.

Қазақстан Республикасының Мәдениет,  
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің  
Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі,  
480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.







